Бірінші бүкілқазақтық съезд 1917 жылғы 21-26 шілдеде Орынбор қаласында өтті. Оған Ақмола, Семей, Торғай, Орал, Жетісу, Сырдария облыстарының өкілдері қатынасты. Съездге қатысушылар саны аса көп болмағанына қарамастан, оның күн тәртібіне сол кездегі Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси өміріне тікелей қатынасы бар аса маңызды он төрт мәселе енгізілді: Мемлекет билеу түрі, Қазақ облыстарында автономия, Жер мәселесі, Халық милициясы, Земство, Оқу мәселесі, Сот мәселесі, Дін мәселесі, Әйел мәселесі, Депутат дайындау, Мұсылмандар кеңесі, Қазақ саяси партиясы, Жетісу облысының оқиғасы, Съездге қазақтан өкіл жіберу. Халел Досмұхабетовтың төрағалығымен, Ахмет Байтұрсыновтың, Міржақып Дулатовтың және т.б. хатшылығымен өткен бірінші жалпы қазақтық съезд делегаттары осы он төрт мәселенің ішінде өздерінің басты назарын ұлттық автономия, жер, құрылтай съезділе дайындық және қазақтың саяси партиясын құру проблемаларына аударды. Съезде А.Байтұрсынов пен М.Дулатов «автономиялы тәуелсіз қазақ мемлекетін құру» идеясын ұсынды. Ал Ә.Бөкейханов «демократиялық, федеративтік және парламенттік Россия республикасының құрамындағы» қазақтың ұлттық-территориялық автономиясы болуын қолдады. Съезд делегаттары күн тәртібіндегі жер туралы мәселені аса ұқыптылықпен әрі жан-жақты талқыланды.

Қорыты келе XX ғасыр басындағы қазақ зиялылары бүкіл қазақ халқы атынан іс-қимыл жасай отырып, отаршылықтың нәтижесінде елді экономикалық және рухани дағдарыстан шығару жолын іздестірді, қазақ халқының мемлекеттігін қалпына келтіріп, халықты жалпы адамзат құндылықтарымен таныстыруға ұмтылды. Тәуелсіздік жолы қиын кезеңдерден азаттық күрестерден тұрды. Сондықтан да, Қазақстан тарихындағы ұлт зиялыларының тәуелсіздік жолында жүргізген қажымас күресін өз дәрежесінде объективті түрде зерттеу және оны халық санасына дұрыс жеткізу тәуелсіз ел тарихшыларының

алдында тұрған ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Сарай М. Жаңа Түрк мемлекеттерінің тарихы.
2. https://islamansiklopedisi.org.tr
3. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында.
4. Абжанов Х.М., Гуревич Л.Я. Интеллигенция Казахстана: история, теория, современность.
5. Шәукенова З.К. Қазақ философиясы тарихы.

УДК 94(547) «1926/30»:316

ҰЛЫ ИМПЕРИЯНЫҢ ТІЛІ

Абдильдинова Л.Б.
І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

e-mail: abdildinoval@mail.ru

Мақалада Шыңғыс хан және оның ұрпақтарының арасында тараған тілдік қатынастарға қатысты материалдар талданып, ғылыми айналымға енгізілді.
***Тірек сөздер**: Шыңғыс хан, ресми тіл, түркі тілі, көне түркі тілі, қазақ даласы, империя*

В данной статье были проанализированы и включены в научный оборот материалы касающиеся языковых отношений во время провления Чингис хана и его потомков.
***Ключевые слова:** Чингис хан, официальный язык, тюркский язык, древнетюркский язык, казахская степь, империя*

This article analyzes and includes in scientific circulation materials related to language relations during the reign of Genghis Khan and his descendants.
***Key words:** Genghis Khan was the official language, Turkish language, old Turkic language, Kazakh steppe, the Empire*

XII ғасырда жаулаушылық жорықтарымен әлемді дүр сілкіндірген Темучин XXI ғасырда зерттеушілердің өзекті тақырыбына айналды.

Өзінің ерекше көрнекті қасиеттерінің арқасында: майталман әскери стратег, тамаша дипломат және саясаткер, ұшқыр ақыл, адамдар психологиясының білгірі, еркінің қаттылығы, қол астындағыларға қатаңдығы мен жомарттығы – ол, оның құлдары мен немерелері жарты әлемді жеңіп алды, Алыс Шығысты, Орта Азияны және Еуропаны біріктірді. Еуропалықтар үшін ол жабайы, қатыгез шапқыншы, ал Шығыста – Ұлы Моңғол Империясының негізін қалаушы, әскери өнер данышпаны, Ұлы әскери басшы болып көрінеді: Ғ.Ж. Табылдиннің пікірінше, жаңа заман тілімен айтқанда Ежелгі феодалдық Моңғол империясының Генераллисимусы. Адамзат тарихында ең үлкен империя құрушы ретінде танылған Шыңғыс ханның империясы әлі күнге дейін зерттейтін өзекті тақырыптары көп [8].

Бүгінгі күні арғы ата тегіміз деп жүрген сақ, ғұн, скиф халықтарының шын мәнінде кімдер екенін тек солардан қалған бірді-екілі мәдени жұрнақтар мен аздаған тілдік элементтер арқылы танып, біліп жүргеніміз анық. Адам қызығарлық, сонау Америка құрлығының жергілікті көне халықтарының арғы нәсілін анықтауға септігін тигізген екі

нәрсенің бірі – жаңа туған нәрестенің құйрығындағы «періштенің шапалағынан қалатын» көкшіл таңба болса, екіншісі – тіл екен: туыстыққа, дене мүшелеріне, жекелеген бұйым атауларына байланысты сақталған біршама сөздер мен әлгі таңба олардың арғы түбі түркі тектес халықтардан шыққан болса керек деген болжамға әкеліп отыр. Сондықтан да, Шыңғыс хан ордасының тілі оның нәсілін анықтауға ғана емес, ол құрған ұлы мемлекеттің – ұланғайыр империяның – қай халыққа тиесілі екенін анықтауға да тікелей қатысы бар екендігі анық [6].

Өйткені, ол заман мемлекеттік ресми тілді қаулымен белгілеу тәртібі пайда болған XX-XXI ғасырдан мүлдем бөлек еді. Мәселен, арнайы низаммен, яғни жарлықпен емес, табиғи жолмен реттелетін. Осы тұрғыдан қарасақ, бізге жеткен жазбаша деректер Шыңғыс хан империясының мемлекеттік ресми тілі түрік тілі болғанын көрсетеді [1]. Алайда, бұл Қазақстан территориясын келіп мекендеген моңғолдардың жергілікті халықпен араласып, туыстасуының нәтижесінде пайда болған тілдік қатынас. Ең алдымен оның бірден-бір нақты дәлелі – қаған мөрінің тілі. Хан мөрінің тілі – 1-ден, мемлекеттің негізгі (титулды) халқының тілін белгілесе, 2-ден, тақ иесі қай тілде сөйлегенін көрсетсе керек. Мөр Күйік ханның Рим Папасы епископ IV Иннокентийге жазған хатының соңына басылған. Бүгінгі күні интернеттің кіруіне байланысты ол деректердің түпнұсқасын өз көзімізбен көріп, танысуымызға мүмкіндік әбден бар (интернеті жоқ кісі ол хат пен мөрдің мәтінін орыс ғалымы А.Г. Оловинцовтың «Тюрки или монголы. Эпоха Чингисхана» деп аталатын кітабінен көре алады, 154 бетінде берілген немесе электрондық нұсқасынан көруге болады). Хат түрік сөздері араластырылып парсы тілінде жазылғанымен, мөр тілі көне түрік тілінде ойылған. Бұл ғана емес, сол дәуірден біздің заманымызға жеткен басқа да ресми құжаттардың, мәселен хаттардың, әртүрлі дәрежедегі билік өкілі іспетті адамдарға – салық жинаушыларға, жүзбасы, мыңбасы, түменбасы шеніндегі әскери тұлғаларға т.б. мандат есебінде берілетін шендерін, Эрмитаждағы Шыңғыс хандікі деп танылған тасқа ойылып жазылған мәтіннің тілі де көне түрік тілінде жазылған [2]. Бұдан туындайтын ой, әрине, Шыңғыс ханның арғы тегі түрік, қазақ демейміз, бірақ аудармашылары болуы мүмкін екендігін атап өту қажет. Себебі, кейбір журналист, тарихшылар қателесіп, Шыңғыс ханды қазақ деп оқырман халықты жаңылыстырып жүргені рас.

Жоғарыда атап өтілген, Анатолий Оловинцевтің кітабы «Филиппова О.А» баспасында 250 данамен жарық көрді. Кітап XIII-XIV ғасыр аралығындағы монғол империясының тарихын қамтыған, яғни бүгіндегі оның аумағына кірген заманауи Қазақстан, Ресей, Орталық Азия және тағы да басқа елдердің тарихын баяндайды. Шараның ашылуында Анатолий Оловинцов кітабы жайлы қысқаша тоқталып өтіп, жұрт назарына XIII-XXI ғасырларда Шыңғысханның геологиялық шежіресін жасап ұсынды. Бұл шежірені Қазақстанның ғалымдары барлық шет елдерде ғылыми түрде дәлелденген шежіре ретінде пайдаланып келеді. «Оқырмандар бұл кітаптан Шыңғысхан деген кім, оның нағыз келбеті қандай болған, түркі халқының Шыңғысхан империясындағы қалыптасудағы рөлі, жарты әлемді жаулап алған Шыңғысханның әскери жорықтары жайында, Шыңғысханның сол заманда қандай заңдар шығарғаны жайында, сонымен қатар, түріктің алғашқы ақша қағаз түрінде шығарылғанын, монғолдар мен жоңғарлардың шығу тегі жайында, жалпы XIII-XIV ғасырлар аралығындағы монғол империясының тарихын оқып біле алады», – деді кітап авторы. Бұнымен қатар, кітапта XIII-XIV ғасырдағы монғолдардың жазба деректері келтірілген, онда автор тұңғыш рет монғол империясының мемлекеттік тілі түрік тілі деп дәлелдеп отыр. Бұған байланысты ол бірнеше деректермен суреттерді дәлелдеп ұсынды. Анатолий Оловинцов – халықаралық дәрежеде мойындалған «Чингизиды» (2010 г.) атты кітаптың авторы болып табылады [1].

Осы орайда француз тарихшысы Рене Гроузеттің «Дала ұлыстары» атты ірі еңбегінде берілген мына мағлұматтарды атап өту қажет: «Ойраттар Шыңғыс хан тарихының тек шет жұлығында ғана кездеседі», – деген сөзі еріксіз еске түседі (Т.Әбенайұлы «Шыныңа көш, тарих! Шыңғыс хан кім?»). Орыс зерттеушісінің мына бір

сөзіне де көңіл аударайық: «А вот монголом он, безусловно, не был. Речь, конечно, идет о тюрке… Чтобы совершить более-менее масштабные завоевания, нужна не просто «большая орда», а хорошо организованная армия с соответствующим вооружением. Поскольку у монголов не было ровным счетом никаких традиций государственности, они оказались бы решительно неспособны в кратчайшие сроки эту армию создать» (А.Бушков. Неизвестная Азия. «Шыңғысхан. №1 2011 мақаласында).

Осы секілді пікірлерді көптеп келтіруге болады. Ғалымдар тек Шыңғыс хан жаугершілігін ғана ойламайды, сонау ғұн заманындағы оқиғаларды айтпағанда, кейінгі көк түріктерден бері тартып, селжүктер құрған әлемдік империяға дейінгі түріктер тарихын түгел ескереді [2]. Демек, Шыңғыс хан империясын моңғол империясы деудің еш қисыны жоқ. Мемлекет – түріктікі, Шыңғыс ханның нәсілі – түрік. Егер оның нәсілі қазіргі ұғымдағы моңғол болса, онда ол (тым құрмаса) жалайыр арасында өскен моңғол болып шығар еді. Немесе жалайыр Жамұқа (Жамуха) моңғол арасында өскен адам болмақшы. Әйтпесе, бастау бұлақтарда көрсетілгеніндей, Жамұқа мен Темірші (Темужін) қалайша «мұз үстінде асық ойнап» бірге өседі?! Ол заманда бір өзеннің бойында моңғол мен түрік аралас-қоралас отырыпты дегенді елестету қиын-ақ. Мысалға, бұның мүлдем қисынсыздығын «Құпия шежіре» мен «Жамиғ ат-тауарихта» аталған жер-су аттарының қазіргі Жетісу өлкесінде, Іле бойында екенін Т.Әбенайұлының зерттеулері бір дәлелдесе, Б.Нұржекеұлы сол атаулар өзі туып-өскен өлкедегі топонимдер екенін картасын сызып тұрып дәлелдеген болатын. Демек, ол дәуірде моңғолдардың жергілікті халықтың жер-су атауларын өзгертілмегендігін аңғаруға болады. Бұны теріске шығару үшін, жоғарыда аталған екі еңбектің дерегін жоққа шығару керек. Бірақ ол мүмкін емес [7].

Шыңғыс ханның түркі тілін білудің тағы да бір себебі, жақын досы Жамұқаның жалайыр руынан болуы. Жамұқаның қасында жүріп, қыпшақ тілінде сөйлеуі ықтимал.

Бұлай деп неліктен нық сеніммен айтқанымызды нақтылай түсу үшін бастау бұлақтарда аталып, Тілеуберді мен Бексұлтанның зерттеулерінде көрсетілген Іле (Өнен,Онон) атырабындағы топонимдерді осы арада тағы ұсына кетейік: Бұрқан, Түрген, Құлжа, Нарат, Шаты, Шапқы, Текес (Текелік), Шарын (Шарғын), Қарқара, Қапшағай, Отқия (Қызылқия), Көде-Арал (Көту-Арал яғни Аралтөбе), Қорғанақ-Шұбар (Шұбар), Керулен (Керіөлен – Терісаққан), Қара-Зұрық (Қара-жырық), Күйтің, Талқы, Жете, Ілеті, Ма-ғұ-л--с-тан, т.б. Біреу емес, үшеу емес, тіпті бесеу емес, жиырмадан астам атаудың бүгінгі Іле атырабында сол күйі сақталуы – жоққа шығарылуы мүмкін емес дәлел болуымен қатар, ол замандағы халықтың үрім-бұтағы қазір де осы өңірде өмір сүріп жатқанын көрсетсе керек. Тілі де – сол баяғы тіл, халқы да – сол баяғы рулар. Бастау бұлақтарда сақталған деректерді этнолингвистикалық тұрғыдан қарастырсақ, бұған көзіміз жете түседі [3].

Тарихи шындықты айғақтайтын лингвистикалық дәйектердің тағы бір парасы ономастикалық атаулар мен ныспы-есімдер болып табылады. Шыңғыс ханның өз руына және көршілес, туыстас руларына тиесілі жер-су аттары түгелдей түрікше болып келеді, әрі бәрі дерлік қазақ даласында, одан қала берсе, Орталық Азия жерінде болып табылады. Шыңғыс ханның атамекені болған Бұрқан мен Түрген Жәркент жерінде болса, арғы аталары Қайду ханнан бұрынғы тарихи қоныстары Сайрам (Шымкент жақ-та), Талас (Тараз) және Ұлытау, сондай-ақ, Борсық (Арал маңы) өңірлері екен. Олар Өнен бойына, Ілеті немесе Жете жеріне Қайду аталарының бала күнінде келген. Сонымен Қайдудың кейінгі ұрпағы Шыңғыс ханның маңдайына осындағы Нарат, Шаты, Құлжа (бұлар ҚХР жерінде), Бұрқан, Түрген, Қарқара, Шарын (Шарғын-Чэк), Қапшағай (Зерен-Қапшағай), Алатау (Ала-Тағ) өңірінде тартысты да тағдырлы ғұмыр кешу бақыты бұйырады. Ол ғана емес, ұлы қағанның ұлдарына бөліп берген еншілі жерлері де осы өлкеде болатын.

Айталық, Алмалық Іле дәриясының басында болса, Еміл (Өміл) Алакөлге жақын жердегі Еміл өзені бойында екен. Содан арғы Сауырдың күн жақ етегі болып келетін Қобық (ҚХР) та, одан батысқа қарайғы Маңырақ та Шыңғыс хан балаларының (Үкітей мен

Шағатайдың) еншілері болатын. Мұны жоғарыда аталған екі мұсылман автор Рашид ад-Дин мен Ахмет Жувейни де, екі христиан автор Карпини мен Рубрук те растайды. Шыңғыс ханның билік ықпалы Шыңғыстау мен Хантауына, одан Шығысқа қарай Қалжыр мен Қалғұты, Қараталдың жазығы мен Сауырдың теріскей етегіне жетеді. Одан ары Ертіс өзенін өрлей Үліңгір көліне дейін барып, Бұйрық ханды сол арада жояды. Сол жорықтан қайта оралғанда, Марқакөлдің аузындағы Теректі өңірінде Оң хан, Таян хан үшеуі арбасып қалады. Өзіңіз байқап отырғандай, осында аталған жер мен судың аттары түгелдей түрікше, әрі солардың бәрі де бүгінге дейін сол күйінде сақталып келеді. Бір қызығы, сол жерлерде әлі де сол кездегі рулар тұрып жатыр [4].

Шыңғыс хан – Моңғолия тарихындағы ең танымал адам, өз заманының кемеңгер тұлғасы болды. Ол құрған империя ұлы жібек жолының арқасында батыс пен шығысты байланыстырды. Ол өзі басып алған мекендердің аумақтық тұтастығы мен діни еркіндігіне қол сұққан жоқ. Оның тұсында пошталық жүйе енгізіліп, қағаз ақша шығарылды. Ол әлемді басып алған ғана жоқ, өркендетті де.

Дегенмен де, Шыңғыс ханның моңғол және тілі моңғол екенін мойындағанымыз жөн. Шыңғыс ханды қазақ деп жаңылыспаған жөн. Әрине, ұрпақтары қазақ жерінде тұрып, тілі мен ділін ұстанғанымен де, жергілікті халықпен етене араласып, олардың тілі мен ділін, дінін қабылдады. Билік Шыңғыс хан мен оның ұрпақтарында болды, «қазақ» деген атауды да қалыптастырған Шыңғыс ұрпақтары екендігі мәлім.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Тарихшы Анатолий Оловинцовтың «Тюрки или монголы ? эпоха Чингисхана» атты кітабі жарық көрді// https://www.inform.kz/kz/ttarihshy-anatoliy-olovincovtyn-tyurki-ili-mongoly -epoha-chingishana-atty-kitabi-zharyk-kordi_a2407353. – 2011.
2. Шыңғыс хан өмірінің беймәлім беттері// https://abai.kz/post/5408
3. Мұрат Сабыр Алтын орданың тілі – көне қыпшақ тілі https://lenta.inform.kz/kz/professor-murat-sabyr-altyn-ordanyn-tili-kone-kypshak-tili_a3609218
4. Марал Ысқақбай Шыңғыс хан ордасы қай тілде сөйлеген?// https://alashainasy.kz/kazak_tarihy/shyingyis-han-ordasyi-kay-tlde-soylegen-54241/
5. Мұрат Сабыр. Ұлық Ұлыс – Алтын Орда қай тілде сөйлеген?// https://www.astana-akshamy.kz/ulyq-ulys-altyn-orda-qaj-tilde-sojlegen/ - 2020.
6. О.Мұхатова. Алтын Орда тағылымы //https://massaget.kz/layfstayl/bilim/gumanitarly-ylymdar/tarih/40243/. – 2020.
7. М.Ысқақбай. Шыңғыс хан ордасы қай тілде сөйлеген? https:// massaget.kz/layfstayl/bilim/gumanitarly-ylymdar/tarih/40243/ . – 2016.
8. В.Т. Сәбденова. Шыңғыс хан–ұлы қолбасшы және реформатор//https://www.google.com/url?sa

ӘОЖ 338.436

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ КООПЕРАТИВІНІҢ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУ МОДЕЛІ

Абдыкалиева Ж.Ш. аға оқытушы, магистр
І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

E-mail: *zabdykalieva @mail.ru*

Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешені саласындағы экономикалық қатынастар қазіргі кезде экономикалық субъектілердің тиімділігін арттырудың жаңа тәсілдерін

әзірлеуді талап етеді. Бұл, әсіресе, осы саланың айтарлықтай өсуіне қарамастан, экономикалық тұрғыдан тиімсіз болып қалатын шағын бизнеске қатысты. Кооперация осы мәселені шешуге, жеке фермерлердің жағдайын нығайтуға және ауылдағы әлеуметтік шиеленісті ішінара жеңілдетуге арналған. Қазіргі кезде Қазақстандағы бар ауылшаруашылық кооперативтері заманауи нарықтық қатынастарда қажет модельден алыс және олардың тиімділігін бағалауды, ал болашақта өзара әрекеттесу механизмдерін жетілдіруді қажет етеді. Мақалада кооперацияның тиімділігін бағалаудың қолданыстағы әдістері сипатталған, оның негізінде зерттелетін бағыттың ерекшеліктерін, сондай-ақ кооперация түрін ескере отырып бағалау моделін ұсынады. Модель институционалдық және экономикалық тиімділік сияқты аспектілерді, сондай-ақ кооперация мақсаттарына және халықаралық кооперативтік альянс қағидаларына сәйкестігін талдауды қамтиды.

Тірек сөздер: *ауылшаруашылық кооперациясы, тиімділік, институционалдық тиімділік, мүдделі тараптардың тәсілі.*

Экономические отношения в сфере АПК сегодня требуют разработки новых подходов к повышению эффективности хозяйствующих субъектов. Особенно это актуально для малых форм хозяйствования, которые, несмотря на значительный рост в данной сфере, до сих пор остаются малоэффективными с экономической точки зрения. Кооперация призвана решить эту задачу, усилить позиции отдельных фермеров и частично снять социальную напряженность на селе. Существующие сегодня в Казахстане сельскохозяйственные кооперативы далеки от той модели, которая нужна в современных рыночных отношениях, и требуют оценки их эффективности, а в дальнейшем и разработки более эффективных механизмов взаимодействия. В статье описываются существующие методики оценки эффективности кооперации, на основе которых предлагает модель оценки с учетом особенностей исследуемой сферы, а также типа кооперации. Модель включает такие аспекты, как институциональная и экономическая эффективность, а также анализ соответствия кооператива целям кооперации и принципам Международного кооперативного альянса.

Ключевые слова *сельскохозяйственная кооперация, эффективность, институциональная эффективность, стейкхолдерский подход.*

Economic relations in the agro-industrial complex today require the development of new approaches to increasing the efficiency of economic entities. This is especially true for small businesses, which, despite significant growth in this area, still remain ineffective from an economic point of view. The cooperation is designed to solve this problem, strengthen the position of individual farmers and partially relieve social tension in the countryside. Agricultural cooperatives existing today in Kazakhstan are far from the model that is needed in modern market relations, and require an assessment of their effectiveness, and in the future, the development of more effective interaction mechanisms. The article describes the existing methods for assessing the effectiveness of cooperation, on the basis of which it proposes an assessment model, taking into account the characteristics of the studied area, as well as the type of cooperation. The model includes aspects such as institutional and economic efficiency, as well as an analysis of the correspondence of the cooperative to the goals of cooperation and the principles of the International Cooperative Alliance.

Key words: *agricultural cooperation, efficiency, institutional effectiveness, stakeholder approach.*

Агроөнеркәсіптік кешеннің салалары бүгінде қарқынды дамып келеді. Ауылшаруашылық салалары бойынша орташа өсу қарқынын талдау олардың көпшілігінің оң динамикасына ие екенін көрсетеді, ал кейбіреулері өсу қарқыны бойынша өнеркәсіптік

өндірістен едәуір озып тұрғанын көрсетті. Алайда, кейбір сарапшылар атап өткендей, бұл өсім көбінесе мемлекет белсенді түрде қолдайтын ірі агроөнеркәсіптік холдингтердің дамуына байланысты. Дәл осындай холдингтердің пайда болуы өндірістің жоғары қарқынына қол жеткізген кейбір салаларға (құс еті, мал шаруашылығы) қарыз болады.

Шын мәнінде, олар бүгінде жеткізушілерге тәуелділік мәселесін шеше отырып, елді қажетті тамақ өнімдерімен қамтамасыз етеді, соның негізіндегі туындаған проблемалардың бірі - азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Бірақ ауылшаруашылық өндірісінің ұсақ нысандарының (ең алдымен фермерлік, жеке шаруашылық қожалықтары) және олардың бірлестіктерінің өте әлсіз дамуы, бүгінгі таңдағы негізгі мәселені көтереді.

Осы аспектіге Қазақстан Республикасының президенті Қ.К.Тоқаев өзінің 2019 жылғы «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» деген халыққа Жолдауында «Ауылшаруашылығы - бұл біздің басты байлығымыз, бірақ ол толық пайдаланудан алыс.Бүгінгі күні ет өндірісінің көбеюі асыл тұқымды мал проблемасына емес, фермерлерге жемдік дақылдарды өсіруге жердің жетіспеушілігіне байланысты.

Азық-түлікпен қамтамасыз ету 60% -дан аз. Ауыл шаруашылығының өнімділігін арттыру ауылда сапалы өмір сүру үшін тиісті жағдайларды ұйымдастырусыз мүмкін емес», деген болатын [1].

Бүгінде үкімет жыл сайын шағын және орта ауылшаруашылық кәсіпорындарына несие берудің негізінен, жеңілдіктің шарттарын ұсыну арқылы бағдарламалар шеңберінде қолдау көрсететіп келеді[2]. Бұл, шын мәнінде, ауыл шаруашылығын дамытудың басты құралы. Алайда, мұндай бағдарламалар ұзақ жылдар бойы болғанымен, шаруа қожалықтарының белсенді өсуі және қолданыстағы шаруашылықтардың тиімділігінің артуы байқалмайды. Ауылшаруашылық кооперациясын құру мен дамыту арқылы шағын ауылшаруашылық кәсіпорындары дамиды. Көптеген Батыс елдерінде (Италия, Дания, АҚШ және т.б.) ауылшаруашылық кооперациясы бұл, саланың ажырамас және маңызды бөлігі болып табылады. Сонымен қатар, фермерлік шаруашылықты дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасайды.

Ауылшаруашылығында жалпы кооперацияны зерттеуге арналған көптеген еңбектер бар, бірақ бұл зерттеулердің көпшілігі шетелдік авторлар. Бұл таңқаларлық жағдай емес, өйткені Қазақстанда кооперация тұрақты дамымаған және елімізде қазір жаңа кооперативтер дерлік құрылмайды, ал жұмыс жасайтындар толық тиімді емес, өйткені олардың көпшілігі кеңестік колхоздардың мұрагерлері деп айтса да болады. Елдің ауылшаруашылығын дамыту үшін бар және жасалып жатқан бағдарламаларға қарамастан, олардың кейбіреулері кооперацияны ынталандыратын құралдарға ие (мысалы, несиенің көп мөлшерін алу мүмкіндігі), бірақ бұл кооперация үшін жеткіліксіз [3,57б.].

Қазіргі заманғы әдебиеттерде кооператив нысандарының немесе жекелеген субъектілердің ауыл шаруашылығындағы тиімділігін бағалаудың әртүрлі модельдері мен әдістеріне арналған көптеген еңбектер бар. Осы жұмыстардағы талдаулар көрсеткендей, біріншіден, тиімділік критерийелері (экономикалық, техникалық, экологиялық немесе басқа компоненттер) ретінде қарастырылуы керек деген ортақ пікір жоқ. Бұл көп жағдайда тиімділікті өлшеуге арналған шашыраңқы әрекеттер, әрқайсысы ерекше тәсілмен жүргізілетінін көрсетеді. Сонымен қатар, бірдей факторларды бағалау кезінде зерттеушілер әртүрлі әдістер мен индикаторларды қолданады, бұл алынған деректерді салыстыруды қиындатады. Шын мәнінде, осы бағыттағы қолданыстағы жұмыстар бүгінгі таңда белгілі бір аймақ немесе ел үшін қандайда бір заңдылықтарды ашады, ал қолданылатын әдістер әмбебап емес екендігін көрсетеді

Шетелдік әдебиеттер кооперацияның тиімділігінің келесі факторларға тәуелділігін зерттейді: экономиканың қызмет ауқымдылығы (Қытайдағы фермерлік кооперативтер мысалында), қолданылатын стратегия түрі (Грециядағы кооперативті және кооперативті емес нысандарды зерттеуде, өндіріс тиімділігі (зерттелген) Португалиядағы кооперативті

және кооперативті емес шарап зауыттары [4]), техникалық жабдықтау (итальяндықтарды талдауға арналған және эфиопиялық [5] фермерлік кооперативтер) Көбінесе, негізгі критерийлер институционалды болып табылады (трансакциондық шығындарды минимизациялау), бұл ғылыми ортада неоинституционалдық теорияның танымал болуына байланысты түсінікті.

Бүгінде, ғалымдар экономикалық, әлеуметтік, басқарушылық сияқты тиімділік компоненттерін ескере отырып, ауыл шаруашылығы кооперациясының тиімділігін талдауға кешенді тәсілдерді ұсынады. Тиімділікті сипаттайтын экономикалық көрсеткіштердің ішінде еңбек өнімділігін, өндіріс шығындарын үнемдеуді, қаржылық тұрақтылықты, өндірістің рентабельділігін анықтау ұсынылады. Әлеуметтік және басқарушылық тиімділікті кооперативтің бірқатар сапалы сипаттамалары, соның ішінде кооператив мүшелерінің еңбек қызметіне қатысу, кірістерді бөлу жүйесі, әлеуметтік мәселелерді шешу, демократиялық басқару, өзін-өзі басқару, кооперация серіктестерінің жұмысындағы синхрондылық арқылы өлшеу ұсынылады. Ғалымдар ұлттық экономикалық тиімділікті келесі нәтижелерге қол жеткізу арқылы бағалайды: агроөнеркәсіптік кешенді тұрақтандыру, нарықты азық-түлік өнімдерімен қанықтыру және бюджетке жарналарды ұлғайту [6,33б.].

Кооперацияның тиімділігін бағалаудың қолданыстағы әдістерін зерттеу барысында бірнеше негізгі бағыттарды анықтауға мүмкіндік берді.

Кооперация мен мамандандырудың жалпы теориясы тиімділікті бағалау үшін кооперацияны (мамандандыруды) дамытудан экономикалық тиімді әсері коэффициентін қолдануды ұсынады:

$$Э = [(Өқ1 - Өқ 2] - (Штш2 – Штш 1) V2 - Кн ■ Қк + Қп, \quad (1)$$

мұндағы Өқ1, Өқ 2– кооперацияға дейінгі және кейінгі өнімнің өзіндік құны; Штш2, Штш 1 - кооперацияға дейінгі және одан кейінгі өнім бірлігіне тасымалдау шығындары; V2 - кооперациядан кейінгі шығарылым көлемі; Кн - күрделі салымдар тиімділігінің нормативтік коэффициенті; Қк - кооперацияты жүзеге асыруға қажетті қосымша капитал салымдары; Қп - кооперация нәтижесінде алынған қосымша пайда. Осылайша, формуланы кооперацияның кез-келген түрін бағалау үшін пайдалануға болады, дегенмен, формула кооперацияның ауқымы мен мақсаттарына байланысты түзетуді қажет етеді. Сонымен, ауылшаруашылығында кооперацияның нәтижесі өндіріс шығындарының төмендеуінен болады (мысалы, шикізатты бірлесіп тиімдірек сатып алу есебінен), бірақ қатысушылар көлік шығындарынан едәуір үнемдеу ықтималдығы аз (дегенмен өнімді басқа аймақтарға немесе елді мекендерге бірлесіп жеткізгенде). Сондықтан бағалау мақсатына арналған формулаға басқа айнымалыларды (шығын түрлерін) енгізген жөн [7,22б.].


Сондай-ақ кооперацияның тиімділігін түсінуге басқада көзқарастар бар. Ол кооператив қызметінің Халықаралық кооперация альянсы принциптеріне сәйкестігін талдауға негізделген (International Cooperative Alliance). Бұл тәсіл тиімділіктің экономикалық критерийлерін ескермейді және өз қызметінен пайда алу мақсатын көздемейтін кооперацияны талдауда көбірек қолданылады (тек бірлескен қызметтен пайда алудың әртүрлі түрлері - тұтыну кооперациясы). Тұтыну кооперативтері (тұтынушылар қоғамдары) коммерциялық емес ұйымдар болып табылады және бірлескен қызметтен пайда алу мақсатында құрылады [8,60б.]

Нарық жағдайында неғұрлым тиімді ірі өндірушілермен бәсекеге түсуге мәжбүр болған кооперативтер өздерінің негізгі мақсаттарының бірін ресурстарды үнемдеу және негізгі кәсібінің оң рентабельділігіне қол жеткізу деп санайды.

Осыған байланысты, ауыл шаруашылығындағы кооперация тиімділігін бағалау кооперативтердің әр түрлі (өндірістік, тұтынушылық, несиелік) ерекшеліктерін және олардың жұмыс істеуінің қазіргі мақсаттарын түсінумен жүзеге асырылуы керек.

Нарықта қызмет етудің жаңа формаларына көшудің жоғары трансакциялық шығындары фермерлерді кооперативте жұмыс істеуге мәжбүр етеді. Бұл оның тұрақты болуына мүмкіндік береді, бірақ нарықтағы үйлестірудің басқа түрлерімен салыстырғанда оның тиімділігі туралы ештеңе айтпайды. Бұл жағдайда біз экономикадағы трансформацияның үлкен шығындарының мысалымен бетпе-бет келеміз, бұл тиімді формаларға көшуді қиындатады.

Институционалды теория шеңберіндегі зерттеудің тағы бір маңызды бағыты - кооперативтерді нарыққа қатысушылар арасындағы желілік өзара әрекеттестік ретінде зерттеу және тиімділікті өзара тиімділік, желінің тұрақтылығы және желіге қатысушылардың өзара қолдауы сияқты сипаттамалар тұрғысынан бағалау. Желі - бұл көбінесе формальды емес, өндірістік тізбектің әртүрлі кезеңдеріндегі нарық субъектілерінің бірлестігі. Яғни, желінің қатысушылары тәуелсіз нарық субъектілері бола тұра, контрагенттермен нарықтан тыс байланысы бар, олардан тұрақты іскерлік байланыстар, өзара қолдау, қосымша ресурстарға қол жеткізу түрінде бірқатар артықшылықтар алынады, сонымен бірге операцияларды жүзеге асыру құқығын сақтайды. Желілік өзара әрекеттесу теориясы тұрғысынан кооперацияны зерттеу қазіргі кезде өте танымал болды. Сонымен қатар, желінің сенімділігі, өзара қарым-қатынасы сияқты сипаттамаларына ерекше назар аударған жөн, бұл тұрақтылық, тиімділік пен тиімділіктің негізгі шарттары болып табылады. Батыс елдеріндегі кооперация көбінесе ұзақ мерзімді негізде ұсақ шаруа қожалықтары ірі қайта өңдеу кәсіпорындарымен желілік принципке негізделген. Бұл фермерлер үшін нарықтағы үйлестіруді едәуір жеңілдетеді, өйткені бұл олар үшін нарықтың белгісіздік дәрежесін едәуір төмендетеді[9,209б.].



1-сурет. «Жиделі Байсын» компаниясы ЖШС-нің сүт қабылдау пунктімен және «Адал» АӨК» қайта өңдеу кәсіпорнымен өзара әрекеттесуі кезіндегі материалды-қаржылық ағындар сызбасы

Ескерту - зерттеулер негізінде автормен құрастырылған

1-суреттен «Жиделі Байсын» компаниясы ЖШС-нің сүт қабылдау пунктімен және «Адал» АӨК мен қайта өңдеу кәсіпорнымен өзара әрекеттесу сызбасы екі бөліктен тұратынын көруге болады: «МҚК бар АШӨК» блоктары, «салқындатылған шикі сүт» және «сату-сатып алу, шикі сүтті қайта өңдеу» АШӨК ағындарының айналым тізбегін құрайды, ал «Молзавод», «Сүтті сату-сатып алу», «Қайта өңдеу» және «Нарық (сату)» блоктары - қайта өңдеу кәсіпорны ағындарының тізбегін құрайды. Көріп отырғанымыз, АШӨК мен

сүттің ортақ блогы - «Шикі сүтті сату-сатып алу» блогы. Оның көмегімен кәсіпорындардың өзара әрекеттесуі жүреді, бұл, ең алдымен, сүт өнімдері «Адал» АӨК» -да сатылатын өңделген өнімді өндіру үшін шикізат ретінде сатылатындығынан тұрады.

Сонымен, ЖШС бір өнімді болып табылады, яғни ауылшаруашылық өнімінің бірақ түрін өндіреді, бұл өнім өңдеуші кәсіпорынның тауарлы сүт өнімдерінің бір түрін алу үшін шикізат ретінде қолданылатын ауылшаруашылық өнімдерінің тек бір түрін өндіретінін көруге болады. Ағындарды моделдеу әдісіне сәйкес материалдық және қаржылық ағындарының схемасындағы математикалық сипаттамасын береміз, бұл схеманың әр блогында түрленудің өз коэффициенті бар ағындардың түрленуі жүріп жататынын ескереміз, яғни Сату ақша ағымының түрленуі арқылы материалдық ағындар «салқындатылған сүт блогында» пайда болады (өнім бірлігі -салқындатылған сүт өнімін өндірудің ЖШС шығындары). Өнім бірлігін өндіруге арналған АӨК (салқындатылған шикі сүт).

1 суретте келесі белгілер қабылданған:

d1 - сүт өнімдері өндірісі шығындарының өтемақысының ақшалай ағыны;

d2 - өндірілген сүт өнімдерін сатқаннан кейінгі ақшалай ағыны;

d3 - сүт өнімдерін өндіргені үшін өтемақының ақшалай ағыны;

d3 '- шикі сүтті сатып алу шығындарының ақшалай ағыны;

d3 // - шикі сүтті дайын тауарлық өнімге қайта өңдеу шығындарының ақшалай ағыны;

d4 - өңделген өнімді (сатылатын тауарларды) сатудан кейінгі түсімдердің ақшалай ағыны;

M1 - АШК өндірген және сатып алынған салқындатылған сүттің материалдық ағыны (көлемі);

M2 - дайын өнімнің материалдық ағыны (көлемі)

Ағымдағы жағдайда математикалық моделдеуді қолдану арқылы жасалған есептеулер бойынша сүтті алғашқы өңдеу бойынша кооперативті ұйымдастырудың экономикалық бағасы сүт жинау, салқындату және қайта өңдеуге дейін жеткізуді ұйымдастыру, тасымалдау үшін өндірушілердің шығындарын азайту, өндірілген өнімді кепілдендірілген сатуды және жүк тиеу өндірісін қамтамасыз ету мақсатында шағын фермаларды біріктіру арқылы сүт өңдеу кәсіпорындарының шикізат аймақтарының орналасуын оңтайландыру қажеттілігін және аймақтағы сүт зауыттарының қуаттылығын толық іске қосуды көрсетеді [10].

Бүгінгі таңда экономикалық қатынастарға қатысушылар арасындағы өзара әрекеттесуді талдауға мүдделі тараптардың танымал тәсілі. Бұл тәсілге сәйкес, кооператив ішіндегі байланыстарды кәсіпорын (ол жеке ферма немесе тұтасымен кооператив болуы мүмкін) кәсіпорынның азды-көпті тұрақты байланыстары бар барлық мүдделі тараптар арасындағы қатынастардың жиынтығы ретінде қарастыруға болады. Мұндай қатынастар қатысушыларға өздерінің қалған құқықтарын (мүдделі тараптардың қалдық құқықтарын) жүзеге асыруға мүмкіндік болған кезде өзара тиімді болады.

Кәсіпорындардың тиімділігін талдаудағы маңызды орындардың бірі - қаржылық және өндірістік тиімділік көрсеткіштерін талдау. Кооперативтердің тиімділігін бағалау кезінде, бірқатар қаржылық және операциялық коэффициенттерді, соның ішінде бір теңге түсімінің өзіндік құнын, сатудан түсетін түсімнің өсу қарқынын, негізгі қорлардың өсу қарқынын, капиталды өнімділікті, өзіндік айналым құралдарымен қамтамасыз етуді, меншікті капиталдың жалпы капиталдағы үлесін, экономикалық тиімділікті, жалпы рентабельділікті талдау қажет. Бұл индикаторларды таңдау кездейсоқ емес және жоғарыда зерттелген және сипатталған кооперациятың тиімділігін талдау әдістеріне, сондай-ақ кәсіпорындардың жетістігін талдау әдістемесіне негізделген. ішкі факторларға негізделген шағын және орта бизнес (оның ішінде ауылшаруашылық кәсіпорындарында сынақтан өткен) [10,79б.].

Қазақстанда ауыл шаруашылығындағы кооперация әлі дамымағанына қарамастан, болашақта шағын бизнестің тиімділігін арттыруда маңызды рөл атқаруы керек. Сонымен бірге, кооперативтердің өзі экономикалық, әлеуметтік, технологиялық және институционалдық тұрғыдан тиімді болуы керек. Сонымен қатар, кооперация тиімділігінің маңызды критерийлерінің бірі кооперация мақсаттарына сәйкестігі және осы тұрғыдан алғанда, кооперативтің тиімділігін бағалау кезінде, ең алдымен, кооперативтің коммерциялық артықшылықтарды көздейтіндігін немесе ол бірлескен тұтыну мақсатында құрылғанын түсіну қажет.

Осылайша, кооперацияның тиімділігін бағалаудың әртүрлі тәсілдерін талдау нәтижесінде біз кооператив құру туралы мәселені шешу кезеңінде де, кейіннен оның жұмыс жасау процесінде де ескеруге маңызды әр түрлі аспектілерді бейнелейтін модельдер жасауға болатынын көруге болады.

Біріншіден, кооперацияның мақсаты белгіленді. Содан кейін, жоғарыда айтылғандай, кооперация түрі қалаған нәтижеге байланысты анықталады. Мұнда өндірістік кооперация жағдайында негізделген кооперациядан экономикалық тиімді коэффициенті, үнемдеуді анықтау (кооперацияның түріне және мақсатына байланысты әр түрлі). Оң үнемдеу кооперацияның мақсатына белгілі бір деңгейде қол жеткізілгендігін көрсетеді (бұл негізінен өндірістік кооперацияға қатысты). Кооперацияны халықаралық кооперация қағидаттарына сәйкестігін бағалау өте маңызды. Сонымен қатар, бұл қағидалар, біздің ойымызша, ел ішіндегі ішкі басқару мен заңнаманың ерекшеліктеріне сәйкес түзетілген өндірістік және тұтыну кооперативтерімен сәйкес келуі керек.

Екіншіден, кооперацияның мақсаттылығы институционалдық тиімділік тұрғысынан бағалануы керек. Мұндағы өлшем - бұл кооперативтің трансакциялық шығындары. Трансакциялық шығындардан үнемдеуге қол жеткізу қазіргі заманғы экономикада кез келген шаруашылық жүргізуші субъектілер үшін өте маңызды. Кешенді (кооперативті) субъектілерді құру көбінесе трансакциялық шығындарды барынша азайту мақсатын көздейді.

Үшіншіден, өндірістік кооперативтің тиімділігін бағалау кезінде қаржылық нәтижелер көрсеткіштеріне талдау жүргізу қажет. Кооператив коммерциялық кәсіпорын ретінде қолайлы (бірақ жақсы - жоғары) көрсеткіштерді (кірістілік, капитал өнімділігі), капитал құрылымын көрсетіп, негізгі өндірістік көрсеткіштердің (мысалы, кіріс, негізгі қорлар) оң өсу қарқынына ие болуы керек [11, 77-79б.].

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2 қыркүйек, 2019 жыл [Электрондық ресурс], https://sputnik.kz/politics/20190902/11419745/Toqaevtyn-Qazaqstan-khalqyna-zholdauy-tolyq-matin.html

2. Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017 - 2021 жылдарға арналған мемлекеттік Бағдарламасы 19.03.2010 ж. № 957 (15.02.2017 ж. Редакцияланған) [Электронды ресурс] // Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі ОС. - URL: http: //www.https://mgov.kz/document/programmy/178 6.

3.Молдашев А.Б. Агроөнеркәсіптік кешендегі интеграцияны дамыту. - Алматы: ҚазНИИ экономикасы және агроөнеркәсіптік кешенді ұйымдастыру, 2013. - 157 б.

4. Liu, J. Examining Economies of Scale for Farmer Cooperatives in China's Shanxi Province / J. Liu, D. Von Bailey // J. of Rural Coop.- 2013.- No. 2. -33p.

5. Salavou, H. E. Generic Business Strategies in Greece: Private Food Firms versus Agricultural Cooperatives / H. E. Salavou, P. Sergaki // J. of Rural Coop. - 2013. - No. 1. – 47p.

6.Гончаров, В. Производственный потенциал АПК: оценка и проблемы развития [в сельском хозяйстве и пищевой промышленности] / В. Гончаров // Экономист. - 2016. - № 2. – 33с.

7. Тульчеев, В. В. Кооперация и интеграция малых форм хозяйствования -

перспектива развития АПК и общего аграрного рынка ЕАЭС [на примере производства картофеля и овощей] / В. В. Тульчеев, Н. Д. Лукин, Д. Н. Лукин // АПК: экономика, упр. - 2017. - № 7. - 22с.

8. Есполов Т.И., Тиреуов М., Қалиасқаров М.Қ., Сүлейменов Ж.Ж., Керимова У.К., Алексеева М.А. Қазақстан ауылшаруашылық кооперативтерінің үлгілерін құру және енгізу / Әдістемелік нұсқау, Алматы: Айтұмар, 2016. - 60 б.

9. Акимбекова Г.У. Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешеніндегі кооперация мен интеграцияны дамыту // Қаз ӘУ Хабаршысы. - 2006. - № 2 (50). - 209 б.

10. Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданының «Жиделі Байсын» ЖШС мәліметтері, 2019 ж.

11. Николаева, Е. В. Внутренние экономические факторы успешности малых и средних предприятий: // Экон. наука. - 2016.- № 2 (73). – 79с.

УДК 070(091)

ПРОДОЛЖАЕМ И ПРЕУМНОЖАЕМ ГЕРОИЧЕСКИЕ ТРАДИЦИИ ПРЕДКОВ

Абраимов Х. К. к.и.н., ассоцированный профессор, **Есенбек Ж.Б.** доктор философии (PhD)
Жетысуский университет им И.Жансугурова, г Талдыкорган

E-mail: *hosai.abraimov@gmail.com, yessenbek.zhumagali@gmail.com*

В научно-теоретической статье авторы ярко и образно раскрывают историю возникновения и становления казахского государства. Авторы широко используют фактологические материалы.

Авторы опираются на героические традиции предков. Статья легко читается. Она представляет определенный интерес ученым, студентам и простым читателям.

***Ключевые слова**: Чингисхан, Батый, Алтын Орда, Казахстан, батыры.*

Ғылыми-теориялық мақалада авторлар қазақ мемлекетінің пайда болуы мен қалыптасу тарихын айқын және бейнелі түрде зерттейді. Авторлар фактологиялық материалдарды кеңінен қолданады.

Авторлар ата-бабалардың батырлық дәстүрлеріне сүйенеді. Мақала жеңіл оқылады. Мақала ғалымдарға, студенттерге және қарапайым оқырмандарға қызығушылық тудырады.

***Тірек сөздер**: Шыңғыс хан, Батый, Алтын Орда, Қазахстан, батырлар.*

In the scientific and theoretical article, the authors vividly and figuratively reveal the history of the emergence and formation of the Kazakh state. The authors make extensive use of factual materials.

The authors rely on the heroic traditions of their ancestors. The article is easy to read. It is of particular interest to scientists, students and ordinary readers.

***Keywords:** Genghis Khan, Baty, Altyn Orda, Kazakhstan, heros.*

Сегодня повсеместно и даже руководители государства говорят – Казахстану 30 лет. Но фактически нашему государству более 2 тысячи лет. Такое утверждение не голословно, а подтверждаются неоспоримыми фактами. Например,археологические раскопки показывают, что небольшому областному городу Таразу более 2-х тысяч лет. Еще

тысячу лет назад здесь были ирригационные сооружения, существовали порядка 45 бань.

Оппоненты могут сказать, что в то время не было юридически оформленного государства. Если принять во внимание такие рассуждения, все равно нашей Отчизне не 30 лет, а около 500 лет. Ведь еще в 1465 году в урочище реки Чу, на территории ныне Джамбульской области, на всенародном Курылтае представители более ста родов и племен провозгласили создание Казахского ханства на огромной территории Евразии (к слову на территории первого Казахского ханства могло разместиться пять Франций).

Этот экскурс в историю сделан с целью воссоздать правдивую историю нашего государства. То есть показать, что истоки Казахстана уходят корнями в эпоху Великого полководца Чингисхана. История не имеет сослагательного наклонения. Даже по книгам Яна, Калашникова мы видим, что в войсках потрясателя Вселенной воевали предки казахов. К тому же не просто воевали, а занимали ключевые позиции. Так в книгах «Жестокий век», «Чингисхан» ярко описывается полководческий талант главного из нойонов Субудея. Сейчас ученые высказывают предположения, что Субудей из рода Жалаир (правильное произношение Супатай). Более того, мать Чингисхана зовут Оулен,первую и главную жену Темуджина звали Борте. И обе они из рода Коныpат, жили на территории ныне Джезказгана. Там и сейчас живут Коныраты Старшего сына – повелителя народов нынешнего Казахстана звали в русской транскрипции Джучи (Жоши).

Самого Чингисхана (Шынгысхана) при рождении нарекли именем Темуджин (Тамиршин). Сыновей звали Джучи, Угедей, Шагатай, Толу. Есть ли такие имена у монгол. Нет. А у казахов с небольшими изменениями и сегодня нарекают Жошы, Тамиршин, Шагатай.

Кроме того, возникает вопрос, почему, на каком основании, опираясь на какие факты, писатели Калашников и Ян назвали завоевателей половины Вселенной монголами. Мы предполагаем и история в какой то мере подтверждает, что это были наши предки – будущие казахи.

Где подтверждение, что Чингисхан был монголом, где потомки великих воинов. Где их богатства. Монголия сегодня небольшое государство, нет никаких следов величия. Другое дело Казахстан.

Некоторые современные ученые в своих научных трудах делают выводы, что первое Казахское государство образовалось в 1206 году. Именно тогда четыре крупных казахских родов: Кият, Найман, Керейт, Меркит объединились и на всенародном собрании Курылтае, проведенном в долине реки Орхан, на территории современной Монгольской народной республики, провозгласили своим верховным руководителем Темиршина – дав ему имя Шынгысхан.

Каждый волен соглашаться или нет с такими выводами, но доподлинно известно, что письменным сведениям о казахах более тысячи лет. Дабы не быть голословным приведу всемирно известный источник. Так величайшему, красивому и героическому эпосу: «Алпамыс» больше тысячи лет. Следовательно, тогда уже жили казахи. Более того у них была письменность.

Ведь в соответствии с логикой разве можно создать величайшее литературное произведение не имея письменности. Как можно создавать и передавать столь значимые факты из жизни казахов не имея письма. То есть историю казахов и казахского государства необходимо рассматривать как непрерывный процесс. Следует особо отметить, что в данном процессе особую роль играет Шынгысхан.

Исторически доказано, что все казахские ханы были прямыми потомками потрясателя Вселенной. Так его именовали ученые и летописцы аль Фараби, Ибн Сина. По степным законам не чингизид (не торе) не может быть ханом. Из за этого даже великий хромой Темир или железный хромец (Аксак Темир) не стал ханом, а взял титул эмир. Но увы, по казахским обычаям, согласно заветам Великого Кагана простой казах не может

стать ханом. Это еще одно косвенное доказательство, что мы корнями произрастаем от Шынгысхана, и даже до него были казахи, которые имели свое государство.

В 1207-1210 годах к государству Шынгысхана присоединились проживавшие в то время на территории современной Монголии казахские роды Жалаир, Коныpат, Мангыт. До начала похода на Среднюю Азию (1219-1221) Шынгысхан в 1217-1218 годы переселил все вышеперечисленные казахские роды в Северный и Восточный Казахстан с центром на южных склонах гор Улытау.

В 2017-2018 годы к государству Шынгысхана присоединились остальные казахские роды и племена, проживающие на юге, западе и востоке Казахстана, Такие как Уйсинь, Дулат, Албан, Шапырашты, Ошакты, ЫIсты, Алшин, Аргын, Кипчак.

Здесь необходимо отметить, что Шынгысхан при присоединении казахов к своему государству действовал не столько угрозой применения силы, а сколько блестяще проявленной дипломатии, близостью обычаев, образа жизни и даже родства по материнской линии. Он оставил нашим предкам обычаи, традиции соответствующие духу, укладу жизни казахских родов тех времен.

В 1223 году в местечке Коспа (Жамбыльская область) на высшем собрании – Курылтае, Шынгысхан разделил свою огромную империю между четыремя сыновьями от первой жены-конратки Борте. Старшему сыну Джучи хану достался огромный удел от Иртыша до Волги и далее все территории на запад. Кроме того ему достались земли на юге, где проживали казахи. Уже на этом основании можем говорит, что это было первое Казахское государство. Оно было создано еще за два с лишним столетия до ханства Керея и Жанибека.

Правда есть ученые, которые считают началом Казахского ханства период распада Улуса Джучи – Золотой Орды. Не суть важно. На весах истории это всего лишь мгновенье. Дело в другом. К примеру, европейцы считают начало государства с территории и названия. Но у кочевых народов границы, названия имели второстепенное значение. Первичным всегда был состав кочевых родов, образовавших само государство.

Здесь немаловажное значение имеет период распада Улуса Джучи. Однозначно Казахское государство считается правопреемником Улыса Джучи. Ведь в результате распада Золотой Орды были образованы ханства: Крымское, Казанское, Астраханское и Ногайская Орда-Казахское ханство. Мы его называем Казахским, так как в его состав входили все казахские роды. Они составляли 90 процентов всего населения государства и имели намного большую территорию, чем вышеперечисленные ханства. Государства кочевников часто меняли названия. но главным и определяющим являлось неизменность национального состава, неизменность родов его составляющих, которые и определяли основу государства.

Конкретно в состав этого государства вошли многочисленные и воинственные роды: Кият, Найман, Кипчак, Алшын, Аргын, Керейт, Коныpат, Дулат, Албан, Суан, Уйсунь, Шапырашты, Уак, Ошакты, ЫIсты. Они же составляли основу войска Улуса Джучи. И чье же это государство, если не казахское.,.

В какой-то мере казахи тоже имеют все основания говорить, как израильтяне, что мы тоже избранный народ и живем на земле обетованной. Ведь наша страна огромна, она несметно богата, люди в ней объединенные одной идеей, живут в единстве и согласии.

Более ста нации дружно строят процветающее государство, недаром после развала СССР нашу республику называли оазисом мира и согласия. После перестройки по всей СНГ заполыхали военные конфликты, пролилась кровь в Прибалтике, на Кавказе, даже в соседней Кыргизии, но у нас к счастью царили мир и благоденствие.

Недра нашей земли – матушки таят неисчислимые богатства: золото, медь, уран, цинк, свинец, марганец, считай вся таблица Менделеева, к тому же родит она все злаки. Наши великие предки оставили нам огромные и поистине неисчерпаемые богатства. Вообще, нам повезло с предками. Казахи перенесли невиданные невзгоды. Через наши

степи шли полчищаАтилы, Чингисхана, джунгары. Были готовы в любой момент ворваться армии Китая, Руси. Алчными глазами всматривались англичане.

К нашему счастью наша Великая степь родила Великих героев. Как сказочная птица Феникс казахи с гордо поднятой головой вновь и вновь возрождались и становились еще сильнее. В каждый период истории выявлялись новые национальные герои, умнейшие руководители. Мы по праву гордимся основателями и защитниками Отечества.

Такими как ханы Касым, Хакназар, Тауке, Абулхаир, Абылай, Кенесары, герои – батыры Кабанбай, Богенбай, Раимбек, Карасай, Наурызбай, Исатай и Махамбет, генерал Джангир Букейханов и поручик Чокан Валиханов, хан Кенесары Касымов, Амангельды Иманов и Алибий Джангильдин, генерал армии Сагадат Нурмагамбетов и полковник Бауыржан Момышулы.

560 года назад на обломках Золотой орды в урочище реки Чу на всенародном курылтае образовалось самостоятельное казахское ханство – законный правопреемник всех предыдущих государственных образований, существовавших на территории от Алтая до Волги, на бескрайних просторах восточного Дешт-и-Кыпчака.

Исторические источники показывают, что неслучайно, казахское ханство было гегемоном в Центральной Азии, заставляя соседей уважать и считаться с военной мощью и искусными полководцами.

Казахи всегда были умелыми и мужественными воинами, способными стойко переносить тяготы и лишения походного быта, неделями находясь в седлах боевых коней.

Великие наши предки-кочевники любили свободу, их нельзя было подкупить, их нельзя было запугать, ибо всегда они могли укрыться от врага в бесконечных просторах своей страны и внезапно вернуться и отомстить тому, кто посягнул на их любимую Родину.

Нельзя объять необъятное. Невозможно повернуть вспять колесо истории. Нам выпало жить в насыщенное до предела, масштабное время. Почти каждое событие носит исторический, глобальный характер

Как известно, дерево без корней падает, без прошлого нет настоящего. И действительно, ведь Казахстан не возник на ровном месте, сам по себе. Давайте мысленно перенесемся в глубь веков и увидим кипчакские степи, суровых воинов на горячих скакунах.

Наши предки создавали военное искусство, побеждали персов, римлян, калмыков, джунгар. Нам есть с кого брать пример, есть на кого равняться. На протяжении веков они успешно защищали свою землю, соединяли народы, покоряли пространство и время.

Одним из факторов успешного решения грандиозных задач для Республики Казахстан, в т. ч. по строительству военной организации, стало обращение к истории Казахстана, к традициям и делам предков, проживающих издревле на нашей земле, боровшихся за ее независимость и свободу.

История Казахстана с древнейших времен до наших дней стала важным стимулом патриотического и военно-патриотического воспитания новых поколений казахстанцев. В связи с этим к истории Казахстана в целом, его военной истории в частности возник острый общественный интерес. В периодической литературе, газетах и журналах, художественной литературе появляются все больше трудов по различным периодам военной истории Казахстана, по отдельным историческим событиям. Первоочередное внимание конечно же уделено войнам в защиту своего Отечества, биографиям отдельных национальных героев казахской земли.

Быстролетно время, всего лишь тридцать лет назад, в 1990 году казахский народ провозгласил государственный суверенитет своей страны и через год Конституционный Закон Республики Казахстан объявил всему миру о государственной независимости казахского государства. Таким образом, стала реальной многовековая мечта казахского народа – Казахстан стал суверенным независимым государством.

Время летит, мир изменяется, в историческое прошлое ушли тяжелые девяностые годы прошлого столетия, когда наша жизнь кардинально изменилась.

Действительно, семимильными шагами идет к процветанию и благоденствию многонациональный народ независимого Казахстана.

Дерева без корней не бывает. Без прошлого нет настоящего. Поэтому свою историю мы должны знать. Нам есть чем гордиться, есть чему учиться. Мы должны знать, помнить и преумножать героические традиции старшего поколения, на них учить детей, внуков. И сегодня мы можем говорить не только о том, что наш Казахстан берет начало от Алтын Ординского ханства, но и от первого в мире Великого степного государства незабвенного нашего предка Шынгысхана – повелителя Вселенной той исторической эпохи. И наша задача – продолжать и преумножать героические дела наших великих предков. Необходимо поднимать проблемы истории Алтын Ординского и казахского государства на всех уровнях, а историкам эффективно поработать над освещением белых пятен в нашей истории.

ЛИТЕРАТУРА:

1. И. Калашников. Жестокий век. – Москава. – 1978. – с. 1130.
2. В.Г.Ян.Чингисхан. – Азбука. – 2009. – с. 400.
3. Х.К.Абраимов От саков и гунов до казахов.–Кокшетау. –2006г. –с.270.
4. Х.К. Абраимов.,Ж.Б.Есенбек. Вооруженные Силы Республики Казахстан: страницы истории.– Алматы, – Қазақуниверситеті, –2018. – с.174.

ӘОЖ 8

АҚЖАН ӘЛ-МАШАНИ ЖӘНЕ ОНЫҢ ФАРАБИТАНУДАҒЫ РӨЛІ

Айтбай С.З., аға ғылыми қызметкер
«Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-мұражайы» РМҚК, Түркістан облысы

e-mail: aytbay.sabira@mail.ru

Мақалада Әбу Насыр әл-Фараби еңбектерінің зерттелуі туралы жазылған. Фарабитанудың көшбасшысы Ақжан әл-Машани және оның отандық ғылымға қосқан үлесі жөнінде айтылады.

Тірек сөздер: *ғылыми мұра, фарабитану, шығыстанушы, философ, трактат.*

В статье пишется об исследованиях трудов Абу Насра аль-Фараби. Говорится о лидере в познании Фараби Акжан аль-Машани и его вклад в отечественную науку.

Ключевые слова: *научное наследие, фарабизм, востоковед, философ, трактат.*

The article is written about the research works of Abu Nasr al-Farabi. It is said about the leader in the knowledge of Farabi Akzhan al-Mashani and his contribution to the national science.

Key words: *scientific heritage, farabizm, orientalist, philosopher, treatise.*

«Біз өз тарихымызды өзгелер тұрмақ өзімізге де толық таныта алмай келе жатқан халықпыз. Зерттемесек, жазбасақ, жарияламасақ кім не деп таниды» деген тәуелсіз еліміздің тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың сөзі біздерге ой тастайды. Қазір Тәуелсіздіктің арқасында бабалар мұрасымен табысып, танысып жатырмыз. Біздің әдебиетіміз бен мәдениетіміздің, әдет-ғұрпымыздың тарихы тым тереңде жатыр. Қазақ жерінде Отырар, Түркістан, Жент, Сығанақ, Баршынкент, Исфиджаб-Сайрам, Тараз, Баласағұн секілді үлкенді-кішілі мәдени, ғылыми, рухани орталықтар болды. Соның ішінде

тек бір ғана Отырарды сөз етсек, ол әлем мәдениетіне өзіндік үлес қосқан Әбу Насыр әл-Фараби секілді үлкен парасат иесін берді.

Қазақстанда Әбу Насыр әл-Фараби мұраларын аудару, зерттеу, насихаттау жұмыстары мен әрекеттері XX ғасырдың 60-70 жылдарынан басталып, Қазақстан фарабитанудың әлемдегі ең үлкен орталықтарының біріне айналды. Қазақстандық фарабитанудың басында, негізгі ұйытқысы, мұраларын тұңғыш іздеуші, аударушы, мәселені көтеруші ретінде А.Машани есімі аталса, ал 1968 жылы ҚазКСР ҒА Философия және құқық институтында «Әл-Фараби мұраларын зерттейтін шығармашылық топ» құрылды, топты ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, философия ғылымдарының докторы, профессор А.Х. Қасымжанов үйлестірді. [1. 231 б.]

Әбу Насыр әл-Фарабидің өмірі мен энциклопедиялық ғылыми мұрасы, рухани әлемі оның көзі тірі кезінде-ақ сол заман ғалымдарының назарын өзіне аудара бастаған. Фараби өмірден өткеннен кейін бұл зерттеулер бүгінде әлемнің алуан тілде жазатын ғалымдар шығармаларымен толығып, «Фарабитану» атты тұтас бір ғылым саласына айналды. Фарабитануды құрайтын сол мұраны шартты түрде бес топқа жіктеуге болады. Бірінші топқа ортағасырлық араб, парсы ғалымдарының жазбалары кіреді. Екінші топқа фарабитанудың тағы бір үлкен саласын XIX-XX ғғ. Мысыр, Сирия, Ливан, Иран және Ауғанстан ғалымдары толықтырды. Фарабитанудағы үшінші топты батыс авторлары құрайды. Бұл саладағы Фараби мұрасына қызығушылық XV ғасырдан басталады. Ал, төртінші топқа патшалық Ресей және кеңес заманындағы шығыстанушылар жатса, бесіншісіне түркітілдес халықтар ғалымдарының еңбектерін жатқызуға болады.

Қазақстандық фарабитанушылардың отандық фарабитануға қосқан үлесіне тоқталатын болсақ, белгілі фарабитанушылардың бастауымен әл-Фарабидің еңбектері қазақ және орыс тілдерінде жарық көрді. А.Х.Қасымжанов үйлестірген «Философия тарихы және Қазақстандағы қоғамдық-саяси ойлар» бөлімі жанынан құрылған шығармашылық топта И.О.Мұхаммед (Иран), Еуропа тілдерінің маманы Б.Я. Ошерович, шығыс математикасының маманы А.Қ. Көбесов, арабтанушылар А.С. Иванов, К.Х.Таджикова, Н. Караев сынды ғалымдар болды, сонымен қатар мәскеулік арабтанушылар Б.Г. Ғафуров және А.В. Сагадеевпен байланыстар орнатылды. Осы ғылыми шығармашылық топтың арқасында ұлы ғұлама, философ әл-Фарабидің шығармашылығымен, қолжазбаларымен мұқият танысуға зерделі зерттеулер басталып кетті. Өткен ғасырдың соңғы ширегінде А.Ж. Машанов, А.Х. Қасымжанов, М.Б. Бурабаев, Ә.Б. Дербісалиев, Қ.Б. Жарықбаев, Ә. Нысанбаев, Г.Шаймуханбетов, С.Сатыбековалардың еңбектері қазақстандық фарабитану кеңістігін ұлғайта түсті. [2. 142 б.] Алғаш рет әл-Фарабидің «Философиялық трактаттары», «Әлеуметтік-этикалық трактаттары», «Логикалық трактаттары», «Математикалық трактаттары», сондай-ақ «Птоломейдің «Алмагестіне» түсініктеме» атты мирастары қазақ-орыс тілдерінде жарық көрді.

1970 жылдары кеңестік қоғамның академиялық ортасында әл-Фарабидің (870-950) философиялық мұрасына ерекше қызығушылық пайда болды. Бір қарағанда, осы бір асыл мұра Орталық Азиядағы ойшылдың отанында, сондай-ақ, Ресей мен бүкіл Кеңес Одағында зиялылар қауымына енді ғана белгілі бола бастаған немесе ежелден беймәлім сияқты көрінді. Бұл қызығушылық белгілі бір дәрежеде Ресейде білім алған және академиялық шыңдалудан өткен ортаазиялық философтардың өз өңірлерінің зияткерлік келбетін жасауға деген ұмтылысынан туындады. 1970 жылы Алматыда әл-Фарабидің таңдамалы философиялық трактаттары үзінділерінің аудармасы жасалды, одан кейін математика, әлеуметтік-этикалық мәселелер, логика бойынша трактаттарының үзінділері жарыққа шықты. Бұдан әрі кеңестік идеологияның қағидаларына сәйкес жасалған философия тарихына әл- Фарабидің қосқан үлесін қорытуға арналған еңбектер пайда бола бастады.

Қазақстанда әл-Фараби есімі XX ғасырдың 70-жылдары айрықша танымал болды.

Бұл, ең алдымен, әл-Фараби ғұмырнамашыларының IX-X ғасырларда бүгінгі Қазақстанның аумағында орналасқан Фарабты оның отаны деп санауына байланысты еді. Әл-Фараби еңбектерін қазақ-орыс тіліне аудару үшін белсенді жұмыстар жүргізілді. Оның мұрасына арналған көптеген мақалалар мен бірқатар көркем шығармалар жазылды, оның есімімен көшелер мен ғылыми орталықтар аталды. Алайда жетпісінші жылдардан кейін осы ойшылдың мұрасын зерттеу қандай да бір жаңа маңызды жаңашылдыққа әкелген жоқ. Оның үстіне жетпісінші жылдары жасалған еңбектер ат төбеліндей философтар мен шығыстанушыларға ғана түсінікті болды және тарих, философия бойынша жалпы білім беретін курстарға қажетті көлемде енгізілген жоқ. Әл-Фараби мұрасына кеңестік гуманитарлық ғылымның саяси-тәрбиелік аясында алғашқы қатарға оның әлеуметтік көзқарастары шығарылды. Олар негізінен жалпы «әлем бейнесінен» алшақтықпен түсіндірілді.

70-жылдардағы кеңестік ғылымдағы әл-Фараби еңбектеріне қызығушылық біраз жыл өткеннен кейін ғана қайта жанданды. Ал, енді әл-Фарабиді зерттеушілердің басында Ақжан әл-Машани тұрды десек, оның есімін біреу білсе, біреу біле бермейді. Ғылыми орталықтардың сала мамандары, зиялы қауым өкілдері, ғалымдар, студенттер болмаса, жалпы көпшілік қауым, кейінгі жастарымыз жете танымайды. Жалпы қарапайым халыққа ғұламаны таныту үшін тек ғылыми еңбектер жасау жеткіліксіз. Сондықтан да, Ақжан Жақсыбекұлы әл-Машани жайлы жазу, зерделеп-зерттеу арқылы болашақ ұрпаққа дәріптеу мақсатында насихат жұмыстарын ауқымды түрде жүргізу қажет деп санаймыз.

Ақжан Жақсыбекұлы әл-Машани – Әбу Насыр әл-Фарабиді қазақ деп танытқан, алғаш рет Ұлы Бабаның Дамаскідегі қабірін тауып, мінәжат еткен қазақ ғалымы. Ол кіндік Азияда фарабитанудың атасы атанып, әлемдегі екінші ұстазды киелі Отырардан шыққан қыпшақ тумасы екендігін дәлелдеп, он бір ғасырдан соң ұрпағымен қауыштырып, баба мұрасын жан-жақты зерттеп, фарабитанудың көпірін тұрғызды. Әл-Машани Әл-Фараби мен Абайдың арасындағы рухани байланысты ашып, қазақ халқының мыңжылдық мәдени тарихының желісі – «Әл-Фараби және Абай» зерттеуін берген, жер ғылымының жаңа саласы – Геомеханиканың негізін салушы, қазақ фантастика жанрының алғаш қазығын қаққан ғалым.

Ақжан әл-Машани Жақсыбекұлы 1906 жылы 2 қарашада қазіргі Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы Нұркен аулында, бұрын «Жамантайдың Қарақуысы» деген жерде дүниеге келген. Ол - Жер ғылымының жаңа саласы геомеханиканың негізін салушы, әрі отызға тарта ғалымдар тәрбиелеп, оның Қазақстандағы мектебін қалыптастырушысы. Сонымен қатар, ғылыми-көпшілік, фантастикалық тақырыбындағы туындылары мен қазақ әдебиетінде сол жанрдың негізін салушы классигі іспетінде танылады. Әл-Машанидің геомеханика саласындағы зерттеуі, оның 1943 жылы геология-минералогия ғылымының кандидаттық және 1946 жылы докторлық диссертациясын қорғауға негіз болып еді. Ол 1946 жылы жаңадан құрылған Қазақ Ұлттық ғылым академиясының құрылтайшысы, алғашқы мүше корреспондентінің бірі, Қазақ ССР ғылымына еңбек сіңірген қайраткер. Ақжан әл-Машани 300-ден астам ғылыми, әдеби еңбектер, әсіресе, Фарабитану еңбектерін жазды.

Егер әл-Машанидің мамандығы бойынша атқарған қызметіне қоса жарты ғасырға жуық жетекшілік еткен «Маркшейдірлік іс» кафедра жұмысы мен ұстаздығын ескерсек, бір адамға жетіп артылар азаматтық міндет бұл. Осындай жұмыстардың арасынан әл-Фарабиді ашуға, баба мұрасын зерттеуге қажет уақыт пен күш-жігердің көзін табу үшін тек Ақжан Машани болып жаратылу керек еді.

Әл-Фараби еңбегі шетел кітапханаларынан табылып қалар деген үмітпен ол Берлин, Лисабон, Париж, Каир, Мадрид қалаларына хат жолдайды. Мұның алдында Москва, Ленинград кітапханаларынан табылған баба жайлы аздаған мағлұмат пен деректердің ішінде шетелдерден алынған неміс тіліндегі екі, ағылшын және түрік тілдеріндегі бір-бірден табылған әл-Фараби еңбектерінің төрт библиографиялық тізімі шетел кітапханаларынан баба мұрасының көшірмесін сұратып алуға түрткі болады. Сөйтіп,

Ақжан ағаның қолында 1958-60 жылдары әл-Фарабидің оншақты шығармасы және оның еңбегін зерттеушілердің дүниелері болып еді. Осы деректер Ақжан аға Қаныш Сәтбаев атына жазылған анықтама өтініште әл-Фараби мұрасын зерттеу қажеттігінің дәлеліне айналып, президент Қ.Сәтбаевтың «орындалсын» деген бұрыштамасы Машани көңілін тасытқан алғашқы қолдау алған тарихи оқиғаға айналып еді. Сөйтіп, 1943 жылдан соң 1960 жылы қарашаның 15-де ғылым ордасы ғимаратын жаңғыртқан әл-Фараби есімі екінші рет аталған. А. Машанидің XX ғасырдың 1961 жылдың басында-ақ әл-Фарабидің Отырардан шыққан қазақ перзенті екендігін бұлтартпас дәлелдерін ҚР ҰҒА Хабаршысында жариялады. [3. 105-106 б.] Бұған қоса, 1962 жылы А. Машани әл-Фарабидің философия үйренушілерге бағышталған 9 трактатын қазақ тіліне аудартып және суретімен «Білім және еңбек» журналына жариялатып, тұңғыш рет ұрпағымен қауыштырды. [4. 4 б.]

«Әл-Фараби көпірі» жинағындағы ғылыми-танымдық мақалалармен танысқан оқушы дүниежүзілік екінші ұстаз атанған ұлы бабасының ғылыми өсу жолымен жалғастырар көпірді сезінері талассыз. Демек, Ақжан әл-Машани ұлы бабаны ұрпағымен жалғастырар «әл-Фараби көпірі» болып қала бермек. [5. 5-20 б.] Дегенмен де, тілшілерге берген бір сұхбатында профессор Абдраман Шамшиден былай дейді: «2006 жылы ғалым А.Машанидің 100 жылдық тойы ЮНЕСКО-ның айтулы күнтізбесіне енгені туралы және сол мерейтойдың 2007 жылға белгіленген тұрғысындағы алғашқы ақпарат маған жолданды. Алайда бұл жөнінен Қазақстанда ауқымды шаралар жасала қоймады. Соның салдарынан Ақжан Машаниді жұртшылық жете танымайтындай болып ұғылатынын байқадым. Ақжан Машанидің еңбектері тек әл-Фараби емес, тек рухани тақырып емес, ғылыми-техникалық салада да ашқан жаңалықтары, зерттеулері қаншама десеңізші! Тіпті, бүкіл Қазақстанда Ақжан Машани тұлғасына теңесерліктей ұлы ғалымдар кем де кем. Тіпті руханият пен ғылыми техниканы қатар меңгеріп, шет жұртқа дейін танымал болған ондай тұлға жоқ десем сөзім жаңсақ бола қоймас. Машани еңбектері дәл бүгінгі заманда дінтанудың, ғылымтанудың өзегі деп білемін. Солай болса да, абайтану, фарабитану, секілді машанитану пәндері оқу орындарына енгізілмеген еді. Тіпті, Ақжан Машаниға лайықты монументальді ескерткіш те жасалмады. Білім және ғылым министрлігі машанитану оқулықтарын жаздырып, оқу бағдарламаларына енгізетін болса, мұның пайдасы қанша зор екені айтпасақ та түсінікті болар».

Біршама зерттеулерге сүйеніп, пікірлерді қолдай отырып, Ақжан Жақсыбекұлы әл-Машани туралы, оның еңбектері жайында жұртшылыққа танытып, насихаттауды мақсат еттім. Сондай-ақ, көптеген фарабитанушы ғалымдарымыз әл-Фараби еңбектерін тереңнен зерттеп, жарыққа шығаруға өз үлестерін қосуда. Фараби шығармашылығы әлі толықтай зерттеліп бола қойған жоқ. Десек те, қазіргі уақытта оның мұраларын зерттеу жаңа зерттеулік сатыға көтерілді, оны іске асыруға әл-Фараби еңбектерін зерттеудегі ғылыми әдебиеттердің молшылығы және ұлғайған деректемелік қорлар мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Әл-Фараби және заманауи Қазақстан философиясы. - Алматы. -2012. -231 б.

2. Әбу Насыр әл-Фараби (870-950): библиографиялық көрсеткіш.-Алматы. -2012.-142 б.

3. Машанов А. Әл-Фараби еңбектері туралы. //Қазақ ССР Ғылым академиясының хабаршысы. -1961. - №5. -105-106 б.

4. Машанов А. Әбу Насыр әл-Фараби еңбегі алғашқы рет қазақ тілінде. //Білім және еңбек. -1962. -№1. -4 б.

5. Абдраман Ш. Машани А. Әл-Фараби көпірі. -Алматы. -2005. -5-20 б.

ӘОЖ 78.06

ҚАЗАҚТЫҢ ӘНШІЛІК ӨНЕРІ ЖАЙЛЫ АЙТАТЫН БОЛСАҚ

Акхожин С.А.
І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

e-mail: *akhozhins@gmail.com*

Мақалада қазақтың әншілік өнерін, әнге деген сүйіспеншілікті, қазақтың ұлттық қасиетін – ән өнерін насихаттауға және әншілік өнердің бағаларын сіңіруге арналған. Ендеше сол тілімізбен біте қайнасып, ғасырдан ғасыр алмасып жасап келе жатқан халқымыздың төл өнері ол әншілік өнер екені айтылады.
Тірек сөздер: *ән, фольклор, шырқау стилі, ән әуезділігі, орындаушылық шеберлік*

Статья посвящена казахскому певческому искусству, любви к музыке, казахскому национальному характеру - искусству пения и усвоению ценностей певческого искусства. Таким образом, говорится, что исконное искусство нашего народа, веками переплетавшееся с нашим языком - это искусство пения.
Ключевые слова*: музыка, фольклор, вокал, мелодия, исполнительское мастерство*

The article is devoted to the Kazakh singing art, love of music, Kazakh national character - the art of singing and mastering the values of the singing art. Thus, it is said that the original art of our people, intertwined with our language for centuries, is the art of singing.
Key words: *music, folklore, vocals, melody, performing arts*

«Өнер алды қызыл тіл» дейді ғой біздің дана халық. Ендеше сол тілімізбен біте қайнасып, ғасырдан ғасыр алмасып жасап келе жатқан халқымыздың төл өнері ол әншілік өнер. Әу демейтін қазақ жоқ. «Ән айтсаңда жаныңды жеп айт»- деген де біздің қазақ. Ғасырлар қойнауынан біздің заманымызға жетіп отырған қазақтың халық әндері мәдениетіміздің асыл қазынасы.

Әнге деген сүйіспеншілік қазақтың ұлттық қасиеті. Халқымыздың ертеден келе жатқан аңыз әңгімелері көп.Соның бірінде қазақ халқының музыкалық дарындылығының жаратылысын,оның әнге деген көз қарасын, оны терең түсінуін былай деп келтіреді. Ерте заманда аспан әні фжердің бетінде қалықтаған екен. Ол төменірек түскен жерде – халық оны естіп қабылдайды, ал биікке шарықтаған тұстарда – ол елдің халқы оны естімейді және ән айтып үйренбейді.Ал қазақ даласының үстінде құдіретті ән төмен қалықтапты,қазақ халқы оны естіп, түсініп ән салуды үйреніпті дейді.Бұл аңыз Ш.Уәлихановтың аузынан Г.М.Потанин жазып алыпты. [1, 84-87б.]

Қазақтың халқының тарихы мен тұрмысының тамаша білгірі,орыс зерттеушісі әрі саяхатшысы Г.М.Потанин қазақ халқының музыкалық дарындылығына қайран қалып «Маған бүкіл қазақ даласы ән салып тұрғандай болып көрінеді» деген екен.Ал ғасырдың үш ширегінен астам өткен соң өткен ғасырдың 60-шы жылдары, Азия халықтарының музыкасы жөніндегі ірі маман Венгр В.Браташ өзінің тәнтілігін мынадай сөздермен білдірген. «Қазақтар-таңғажайып дарынды халық.Мен олардың әндеріне тәнті болды. Мен егер қазақ халқы Веналықтардан кем емес деп айтсам, қателеспеймін деп ойлаймын. Қазақстан бірге сәтті ұштасқан Азиялық Вена мен Италия ».

Қазақ халық әнін айту мәнері табиғи әуезділігімен, дауысты еркін билеумен ерекшеленеді.Дауыстан қағып алатын әншілер оны ұрпақтан ұрпаққа қабылдап, артындағыларға қалдырып отырады. Мәселен, ұзақ уақыттың бойында қазақ халқының әншілік мәдениетінде тамаша ән шырқаудың эстетикалық орындалуының өзіндік ұлттық

стилі – бельканто дүниеге келді.

Бельканто ән шырқау стилі, орындаушының әнге көзқарасы ретінде,әннің мәтінін композитор мен орындаушының санасында түсінілуі бір ғана итальяндықтардың монополиясы болып табылмайды.Нақты бір халықтың, әлдебір әлеуметтік ортаның өкілі ретінде әншімен бірге өзгере отырып бельканто дәуірдің,мәдениеттің спецификалық нышандарына және көптеген әлеуметтік факторларға бейімделіп, өзіндік сипатқа ие болады.Ондай тұрғыдан белькантоны стиль ретінде біз жаппай – кез келген халықтардың және кез келген дәуірлердің әндерінен байқаймыз.Қазақтың ән айту мәдениетімен жеткілікті таныс болған, қазақ әндерін тамаша орындаушыларды білген және талай рет тыңдаған, Мәскеуде қазақ әншілерінің концерттерінде өнер көрсетіп, қазақ әндерін түснұсқалық тілде шырқаған белгілі әнші, Мәскеу концерваториясының профессоры Анатолий Доливоға халық әні «Ардақты» Әміре Қашаубаевтың орындауында тыңдаудың орайы түскен екен.Ол осы ән орындау әншінің тап бельканто стилін – тамаша ән шырқау стилін талап етеді деп ойлаған.Профессор шабыт билеген әншінің аузыда әннің («Ардақ») кенеттен биік поэзияның туындысына айналғанын, оның іші бекзаттықтан нұрланып сала бергенін, оның әуезді әрі сазды дауысының дыбыс бөлмені кернегенін қатты толғаныспен еске алған. [2, 47-48б.]

Әміре Қашаубаевтың вокалдық өнері елдің шекарасынан тыс аттаған тұңғыш қазақ болғаны да бекер емес.1925 жылдың маусымында Парижде Дүниежүзілік әшекейлік өнер және көркемдік өнеркәсіп көрмесінде ол этнографиялық концертте өнер көрсетті,ал 1927 жылы Майндағы Франкфуртта қазақтың ән өнерін әлемге паш етті.

Әміре Қашаубаев туған жері Семей қаласында көп жылдар бойы тұрған М.О. Әуезовтың Әміре Қашаубаевты тыңдауға, оның әншілік өнерінің жетілуін бағалауға мүмкіндігі болған екен.Өзінің 20-шы-30-шы жылдардағы өнер жөніндегі мақалаларының бірқатарында әншінің шығармашылығына жоғары бағасын берген.Әміре Қашаубаев әншілік мәдениеттің аса жарқын өкілі ретінде халық жадында мәңгілік сақталады.

Әншілік мәдениеттің түрлерін қарастырғанда, біздің орындаушылық дәстүрдің өміршеңдігін бағалауға толық мүмкіндігіміз бар. Әлбетте, дәстүрге сондай өміршең болуға не көмектеседі деген сұрақ туындайды.Оның жауабы тек біреу ғана бола алады-халықтың тілден:қанаттыға айналған эпитеттерден,әсірелі салыстырмалардан көрініс тапқан әншілік өнерге сүйіспеншілігі. Бәрін қосқанда, олар халықтың әншілік өнерге деген эстетикалық көзқарастары болып табылады.Оларды қарастыру да сондай-ақ қазақтың ән өнерінің ерекшеліктерін түсінуге көмектеседі.

Әншінің мәдениет жайында эстетикалық бейнелік сөз нақыстары ұзақ тарихи даму барысында қалыптасты.

Олар адамдардың арасындағы әбден айқын әлеуметтік – экономикалық қатынастардың нәтижесі болып табылады. Эстетикалық көзқарастар-адамның эстетикалық қызметінің болмысы мен мақсаттары туралы,өнердің болмысы мен қоғамдық рөлі,оның нақтылыққа қатынасы туралы, әсемдік туралы, асқақ, қайғылы және күлкілі нәрселер туралы тарихи қалыптасқан идеялар жүйесі; олар қоғамда оның өзіндік айна көрінісі ретінде қоғамдық болмыстан туындайды.Іс жүзіндегі нақтылықтың көркемдік көрінісі ретінде, қазақ халқының бейнелі эстетикалық ойында көптеген ұрпақтың айтулы орындаушыларының тәжірибесі жинақталған және жалпыланған.Өйткені ән халқымыздың бүкіл ғұмырының ұзақ тарихи рухани эволюциясының барысында онымен қатарлас келеді.

Барлық кездерде халық өзінің мірдей нақыстарымен әншілердің дарындылығымен шеберлігін дәрежесіне дөп мінездемелер берген. Мәселен, «ән» деген сөз өте нәзік эстетикалық реңктерді жеткізуге қатысады.Мысалы: ол тамаша әнші; Майталман әнші; одан әншіліктің төресі шығады.

Әншінің зор дауысының сипаты үлкен әнші немесе дауысы зор әнші деген нақыспен айқындалады.Халықтың әншілік өнерге эстетикалық-көзқарасы «Әні бардың-сәні бар» деген нақыста айқын көрініс тапқан.

Халқымыздың сөзінің әсемдігіне, әнінің, ертегінің сөйлемінің құрлысына құлақ салсаңыз, сонда сіз бейнелерден ғажап байлығын, салыстырудың дөптігін, қарапайымдылықты – күшімен арбайтын айқындамалардың сөзжетпес сұлулығын көресіз. Олар халықтың төлтума психологиялық дүниесінің, оның ойлау сипатының, эстетикалық дүниетанымының ұлттық тұңғиықтық түйсігі көрініс тапқан. Халық шығармашылығы өз бойында ғасырдан ғасырға шыңдалған халық эстетикасының принциптерін, халықтың көркемдік талғамын біріктірген.

Халқымыз бейнелі теңемелерді жақсы көреді және бағалайды. Көрнекті әншілерді олар «жарық жұлдыз» деп атайды.

Қазақтың дәстүрлі халықтық ән айту мәнері өз өнерінде баяу-сазды кантиленаның пластикасын импровизациялық-речитативтік икемділікпен, зор эпикалық-эмоционалдық күшпен ұштастырылады, бұл «көмейінен бал тамған әнші» секілді бейнелі теңеу сөз нақысынан көрініс табады.Ондай әншінің бар мұраты – әнінің эмоционалдық сазды эстетикалық түсінілуін ашып көрсету және онда берілген идеялық мазмұнға жету.Орындау тәсілдерін әншіге бір жағынан оның өз вокалдық материалын орындаудың белгілі бір түріне туа біткен бейімділігі, екінші жағынан – халық шығармашылығы туындысының өзінің стилінің негізіне алынған талаптар таңады. [3, 256б.]

Осы ән айту стилінде әншінің тыныс алуына зор талаптар қойылады.Демі зор әншілер, демі ұзақ әншілер мадақталады.Сондықтан жоғарыда келтірілген көмейінен бал тамған әнші бейнелі теңеуі, жұмсақ, барқыт, әуезі бойынша жағымды дауысқа және олар шебер басқаратын зор тынысқа ие жандарды сипаттайды. Ерлер дауыстарынан халық арасында тенорлар, баритондар жиі, сирегірек-бастар кездеседі, әйел дауыстарынан контральто және қоңыр, байсалды регистрде сопрано кездеседі. Халық аузында қоңыр, әдемі дауыс деген нақыстың болуы кездейсоқ емес.Жалпы алғанда, «қоңыр» сөзі қазақтың әншілік мәдениетінің реңктерін айқындауда едәуір кеңінен қолданылады.Мәселен, «қоңыр ән», «қоңыр дауыс», «қоңыр саз», және т.б.

Халық аузында ән әншіден әншіге, ұрпақтан ұрпаққа қалып отыратын ауызекі түрде болғандығының арқасында орнықтылыққа ие болды. Әншілер «дауыстан» жадыға тоқып, бұл орайда айрықша аялаумен сезімталдылық таныта отырып жаттайды. Халық арасында әндердің ертегілердегі дастандардың орасан зор санын жатқа білген әншілер болған. Оның жарқын бір мысалы Құрманбек Жандарбеков. Өткен ғасырлардың 20-шы жылдары, даңқты әнші бір концерттік кеште 110 әнді шықарған екен. Бұл сонымен қатар халық әншісінің даусының төзімділігін де көрсетеді. Өзінің өнерімен, әншілік даусының кәнігілігімен көптеген кәсіпқой халық әншілері көзге түскен.Тілде әншінің дауысының төзімділігі мен таусылмай шыға беретін секілді көрінуі «тамағының қалтасы бар әнші» деген кең тараған эпитеттен көрініс тапты. Теңеулердің қоршаған ортаға байланыстыболғаны жиі кездеседі. Ұлттық ой сананың, шынай қазақша ұғымдар мен эстетикалық түсініктердің іздері «дауысын алты қырдан асырған әнші» деген теңеуден табылады.Үкілі Ыбырай кәсіпқой әнші, күштілігі жағынан ерекше тенордың иесі, ақын Сәкен Сейфуллинге жас шағында оның даусы жеті қырдың сыртынан естілетіндігін айтыпы.

Ән халқымыздың эмоционалдық болмысы, оның әуендік интоноциалдық сыры әркімнің жүрегінде жол табады. Ән адамның жарқын адамгершілік қасиеттерін тәрбиелейді, арман, еш нәрсемен салыстыруға келмейтін шаттық сыйлайды, рухын асқақтатады. Сондықтан, халық мәтелінде «Ақылың болса, ән тыңда» делінген. Халық әнді жоғары бағалаған, сондықтан орындаушылардың ел аузында әнші деген атаққа ие болу оңайға түспейді. Әннің мазмұнының тереңдігін дұрыс жеткізу әншінің көркемдік интеллектімен, оның бейнелерді жасауға қабілетімен, оның орындаушылық шеберлігінің дауысының сырларымен тікелей байланыста болады.Ондай қасиеттері жоқ әншілерге кең таралған сын теңдеулерде мінездеме беріледі, мысалы; «барқыраған дауыс», «ащы дауыс»-деген. [4, 213-214б.]

Халық әншісі үшін ең биік қошемет «күміс көмей, жез таңдай әнші» деген сипаттама

болып табылады.Бұл әншінің – жаратылысынан бірегей дарындылығын, оның дауыс аппаратының сапасын айқындайтын және дауыстың қою, қанық интонацияларын сипаттайтын жұқа эстетикалық баға.Осы бейнелі теңеуде халық дауыста асыл металлдың-дыбыстың қатты денеге жанасқанынан туындайтын (жез таңдай) ерекше жарқылы бар күмістей сыңғырдың болуын бағалайды. Ондай баға белгілі бір дәрежеде вокал өнерінің сапасының жалпы қабылданған айқындамалармен үндеседі.Мәселен ән шырқағанды «бұлбұл» деген теңеу сөзбен бағалаудан шыққан болу керек.

Қазақтың әншілік өнерін Әміре Қашаубаевтан кейін әлемдік аренаға шығарған бірден бір әнші ол Ермек ағамыз Серкебаев. Ермек ағамызда сол консерваторияның түлегі. Кәукен Кенжетаев, Бекен Жылысбаевтармен қатар оқып А.Кургановтан тәлім алған.Ермек ағамыздың Дж.Россинидің «Севиль шаштаразы» операсындағы Фигароның каватинасы әлемдік опералық шығармалардың ішіндегі әншіден асқан шеберлікті талап ететін туындылардың бірі. Ермек ағамыз осы Фигароның каватинасын шебер орындайтыны соншалық әлемнің өнер сүйер, ән сүйер қауымы гастрольдік сапарларында берген концерттерінде риза болып, қол соғып, қайталатып айқызып зор ықылас танытқан. Гастрольдік сапарларының бірінде халық әні «Сұрша қызды» орындайды.Концерт соңында интервью алған журналист сұрақ қойыпты.- «Осы орындаған шығармаңызды кім жазған,қай операдан»- деп.Қазақтың халық әні десе сенбей, «Формасы, құрлымы, халық әніне ұқсамайдығой» дейтін көрінеді. Міне, қазақ әнінің құдіреттілігі.

Ермек ағамызда көп жылдар бойы консерваторияда профессор болып шәкірттер дайындады.Ермек ағамыздан тәлім алған Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткерлер, танымал опера әншілер: Байғали Момбеков, Болат Көкеновты, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткерлері Қайрат Әділовты және ҚР еңбек сіңірген әртісі, майталман опера әншісі болған марқұм Бақытжан Ысқақовты атауға тұрарлық. [5, 134-136б.]

Бибігүл Ахметқызы Төлегенова қазақ әншілік өнерінің эталоны десекте болады. Бибигул апамызды халқымыз бекерге бұлбұл деп айтпаған.Әншілік өнердің асқан шеберлігін меңгерген Бибігул апамыз әлемнің түпкір-түпкірінде гастрольдік сапарлармен болып, қазақ әнін әлемге танытқан әнші. Апамыздың алғашқы ұстазы халық жауының әйелі ретінде сотталып, айдауда Семей қаласында жүрген Г.И.Серебрякова болатын.Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясын 1954 жылы Н.Н.Самышинаның класы бойынша бітіріп шыққан Бибігул апамыз өнердегі еңбек жолын қазақ өнерінің қара шаңырағы Абай атындағы опера және балет театрында бастаған. Опералық партиялармен қатар,концерттік шығармашылықпен де ұзақ жылдар бойы айналысып, еліміздің шалғай ауылдарында болып, ауыл еңбеккерлерімен кездесіп концерттер берген.Көп жылдар бойы жас әншілер даярлап Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясының профессоры болып қызмет еткен.Бибігүл Төлегенованың шәкірттері деп «Сыр бұлбұлы», Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі Қаракөз Ақдәулетованы, «Атырау аруы» ҚР мәдениетінің еңбек сіңірген қайраткері Маржан Төреханованы, белгілі әнші ҚР еңбек сіңірген қайраткері Толқын Забированы атап өткен ләзім. Бибігүл апамыз қазақ әнін әлемнің өнер сүйер, ән сүйер жұршылығына мойындатып жас әншілерімізді халықаралық дәрежеде насихаттау үшін 2001 жылдан бастап Бибігул Төлегеновна атындағы халықаралық әншілер конкурсын өткізіп келеді. Көптеген жас әншілеріміз осы конкурстардан жүлделі орындар иеленіп, қанаттарын қатайтып, өз күштеріне деген сенімдерін молайтып, басқа елдерде өтіп жатқан конкурстардан тайсалмай барып жеңіп қайтып жүргендері жетерлік.

Н.Н.Самышинадан тәлім алған тағы бір қазақтың дарынды, күміс көмей жез таңдай әнші ұлы Қазақстанның халық әртісі, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Нұрғали Нүсіпжанов жайлы атап айқанды жөн санаймын.Нұрғали ағамыздың есімі халық арасына халық әндерімен халық композиторларының және Қазақстан композиторларының әндерін тыңбай нәсихаттаумен белгілі болды. Нұрғали ағамыз айтқан әндер халық арасына тез

тарап, өнер сүйер, ән сүйер қауымының сүйіспеншілігіне бөленді.Надия Абдрахманқызы Шәріпова. Надия Абдрахманқызы өнер сүйер, ән сүйер қауым алдыныда қазақтың маңдайына біткен жарық жұлдыз, күміс көмей, жез таңдай, кербез әуезді лирикалық тенор дауысты ұлы Әлібек Мұсаұлы Дінішев ағамыздың ұстазы ретінде есте қалды. Өз кезегінде Әлібек ағамыздың нағашалылары ағайынды Ришат, Мүсілім Абдулиндер де Қазақстанның бетке ұстар әншілері болатын. Әлібек ағамыздың әнші болып қалыптасуына нағашыларының да ықпалы болғаны қақ. Надия Абдрахманқызы Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясын бітіріп, Мәскеу консерваториясының аспирантурасын орыс халқының ұлы әншілерінің бірі Елена Клементьевна Катульскаяның класынана тәмәмдап, Алматы мемлекеттік консерваториясында өмірінің соңына дейін ұстаздық етті.Қазақ халқының әнші ұл, қыздарын сахнаға тәрбиеледі. Надия Абдрахманқызы ой өрісі жоғары, талғам таразысы бай, терең білімді жан еді. Студент кезімізде Надия Абдрахманқызының қамқорлығын көп көрдік,Надия Абдрахманқызы сол кездері Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясының «Хор және вокал» факультетінің деканы болатын. [6, 235-237б.]

Надия Абдрахманқызынан тәлім алған әншілермен ұстаздар; Қазақстанның халық әртістері Шора Үмбетәлиев ағамыз бен Рахима Жұбатұрова апамыз, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Алма Оспанова апамыз, және ҚР еңбек сіңірген қайтаркерлері мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Майра Мұхамедқызын айтамыз.

Елімізде осы өнердегі ата әжелерімнің жолын қуған талантты жастарымыз көп. Осы жастарымыздың әншілік өнердің сырларын Россия, Германия, Австрия, Италиядан оқып келіп опера театрларымыздың жарық жұлдыздарына айналы жүргендері көңіл қуантады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. А.Жубанов. Соловьи столетий. – Алматы, 2015. [1, 84-87б.]
2. Государственная программа развития образования и науки Республики Казахстан на 2016- 2019 годы / Утверждена Указом Президента РК, г. Астана, 1 марта 2016 г. [2, 47-48б.]
3. Джумакова У., Кетегенова Н. Казахская музыкальная литература (1920-1980). – Алматы, 2014. [3, 256б.]
4. Очерки о композиторах Казахстана. Сост. А.С. Нусупова.- Алматы: «Алматы-Болашак», 2013. [4, 213-214б.]
5. Сарбаева А.М. «Қазақ мәдениетінің ұлы қайраткерлері. IX-XIX ғасырлар. Ғұлама тағылымы»: Оқу – әдістемелік құрал. Көкшетау: «Келешек 2030», 2011ж.; [5, 134-136б.]
6. Абай энциклопедиясы – Алматы, 1995. [6, 235-237б.]

ӘОЖ 347.73

КӘСІПКЕРЛІК ҚЫЗМЕТ СУБЪЕКТІЛЕРІНІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТІН ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖЕТІЛДІРУ БАҒЫТТАРЫ

Амирова Б.К. з.ғ.м.
І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

e-mail: *botaa_1981@mail.ru*

Мақалада Қазақстандағы кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің инновациялық іс-әрекетін құқықтық жетілдіру бағыттары кеңінен қарастырылған. Сондай-ақ, кәсіпкерлік

қызмет нарығының даму келешегіне қатысты саясат талданған. Кәсіпкерлік қызметің инновациялық іс-әрекетінің мемлекеттің дамуына әсері де қарастырылған.

Тірек сөздер: *Қазақстан, кәсіпкерлік, цифрлы технология, ақпарат, құқық, заңнама, жолдау*

В статье подробно описаны направления правового совершенствования инновационной деятельности субъектов предпринимательства в Казахстане. Также анализируется политика в отношении перспектив делового рынка. Также рассматривается влияние инновационной деловой активности на развитие государства.

Ключевые слова: *Казахстан, предпринимательство, цифровые технологии, информация, право, законодательство, послание*

The article describes in detail the directions of legal improvement of innovative activities of business entities in Kazakhstan. It also analyzes the policy regarding the outlook for the business market. The influence of innovative business activity on the development of the state is also considered.

Key words: *Kazakhstan, Entrepreneurship, digital technologies, information, law, legislation, address*

Қазақстанның бірінші жаңғыруы КСРО-ның құрамынан шығып, өз жолымызды дербес мемлекет ретінде бастағанымыздан басталған болатын. Екінші жаңғыру «Қазақстан-2030» стратегиясының қабылдануымен және жаңа елорда - Астананың салынуымен басталды. Үшінші жаңғыру Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласымен жалғасын табуда. Елбасы кез келген жаңғырудың ең алдымен Ұлттық болмысқа, дәстүрдің замана сынынан сүрінбей өткен озығына негізделуін қадап айтып отыр.

Бұл халқымызға рухани жол көрсететін нақты бағдар екеніне күмән жоқ. Нағыз ұлттық жаңғыру тек Қазақстан тәуелсіздікке қол жеткізгенде ғана, Елбасының ұзақ мерзімді стратегиясының негізінде басталды деп айтуға болады.

Қоғамдық сананы жаңғыртуға бағытталып отырған бұл идеяның ұсынылуы уақыт талабы мен ел дамуының тарихи кезеңіне сай, маңызы зор шешім болып отыр. Бұл идеяның үшінші жаңғырудың өзегіне айналуы, елімізге мүлдем жаңаша сипат, тың серпін әкелері анық [1].

Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерлік қызметті құқықтық реттеудің ең күрделі, өзекті және терең ғылыми зерттеуді талап ететін мәселелерінің біріне арналған. Зерттеу нәтижесінде алынған пайымдаулар негізінде кәсіпкерлік заңнаманы жетілдіруге бағытталған ұсыныстар шығарылды, атап айтқанда, шоғырлану элементтерімен кодтандыру арқылы жүйелендіруді жүзеге асыру қажет.

Қазақстан Республикасындағы қолданыстағы заңнамасында кәсіпкерлік қатынастар құқық салаларының толық қатарымен реттелген: азаматтық, әкімшілік, кәсіпкерлік, салықтық, қаржылық және т.б., бұл келіспеушіліктерге, сондай-ақ, сәйкес нормаларды түсіндіруде және пайдалануда қиындықтарға әкеліп соғады.

Кәсіпкерлік заңнама спонтанды, жүйеден тыс өрістеп жатыр. Кәсіпкерлік заңнаманың жүйесіздігінің себебі - еліміздің осы саласында заңнаманы құрудың және дамытудың ғылыми негізделген тұжырымдамасының жоқтығы болып табылады.

Кәсіпкерлік заңнамасын жүйеге келтіру мәселесі сан рет түрлі халықаралық деңгейдегі, республикалық деңгейдегі конференцияларда талқыланған, ғалымдар мен кәсіпкерлердің қатысуымен көптеген дөңгелек үстелдер жүргізілген.

Заңнаманы жүйелендіру, заңдылық пен құқықтық тәртіптің тиісті деңгейімен қамтамасыз ету, сондай-ақ заңнаманың тиімді жүйелендірілуі арасындағы белгілі байланысқа негізделеді. Осы жағдай бойынша заңнаманы жүйелендіру маңызының

мысалын келтіруге болады. Сонымен, егер құқықтың барлық субъектілері осы құқық нормасымен тікелей байланысы бар пайдаланылатын құқық нормасының барлық көздерін білсе, заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету тиімділігі неғұрлым жоғары болады [2].

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының бір бағыты – «Іскер азамат – ел тірегі» деп аталады. Осы бағыт шеңберінде Қазақстандағы кәсіпкерліктің дамуына баса назар аударылуда.

Кәсіпкерлік қызмет түрі қоғамның барлық аясына кең тараған: өндірістік, шаруашылық, коммерциялық, сауда-саттық, аралық, инновациялық, кеңес беру, қызмет көрсету, қаржылық (бағалы қағаздар операциясын қоса) және т.б. аяларды атауға болады.

Кәсіпкерлікті дамыту бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Бұл мәселе кәсіпкерлік қызметтің субъектілерінің дамуы мен өркендеуі бағыттарымен қатар жүреді.

Сондықтан да Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің халыққа үндеуінде кәсіпкерлік қызметті қолдаудың тізбектілік тәртібіне тоқталып өтті. Жолдауда «Еңбек өнімділігінің кешенді артуы аса маңызды міндет болып табылады [3].

Буржуазиялық саяси эканомикада «кәсіпкерлік» түсінігі XVIII ғасырда пайда болды. Кәсіпкерлік – инициативалы шаруашылық қызмет тәуекелмен жасалатын жекеменшік, қарыздық және басқа да құралдар мен мүліктер негізіне пайда табу қызметтері.

Нарық қатынастарының пайда болуы мен дамуы коптеген жағдайларды қажетсінеді, әсіресе қызмет істеу ортасы өте маңызды рөл атқарады. Рыноты экономиканың қызмет ету ортасы белгілі бір факторлардың болуын кездейді. Негізгілері: икемді рынок жүйелерін құру, бәсекелестік пен кәсіпкерлік қызметті дамыту. Кәсіпкерлік нышандары рыноктық қатынастар кезінде ғана емес, қоғам дамуының барлық кезеңдерінде пайда болатын өзіне тән ерекшеліктері бар құбылыс.

Қазақстан Республикасы азаматтық кодексінде кәсіпкерлікке келесідей анықтама береді: «Кәсіпкерлік – меншік түрлеріне қарамастан, азаматтар мен заңды тұлғалардың, тауарларға (жұмысқа, қызметке) сұранымды қанағаттандыру арқылы таза табыс табуға бағытталған, жеке меншікке не мемлекеттік кәсіпорынды шаруашылық басқаруға құқығына (ммелекеттік кәсіпкерлік) негізделген ынталы қызмет. Кәсіпкерлік қызмет кәсіпкердің атынан, оның тәуекел етуімен және мүліктік жауапкершілігімен жүзеге асырылады» [4].

Кәсіпкерлік бұл ерекше экономикалық құбылыс болып табылады. Кәсіпкерлік қызметке талдау жасау оның жалпы экономикалық құрылымы сияқты ұзақ тарихы мен терең тамыры барын көрсетеді. Орта ғасырларда «кәсіперлік» деген термин, одан да бұрын «антрепренер» француз тілінен аударғанда «делдалдық» дегенді білдіреді. Кәсіпкерлік батыстың экономикалық теориясында кең түрде XVIII ғасырдан бастап қарала бастады. Оны атақты ғалымдар Р.Кантилонаның, А.Тюргоның, Ф.Кэненің, А.Смиттің, Ж.Сэйдің есімдерімен байланыстырады. «Кәсіпкер» терминінің атасы белгілі ағылшын экономисі Ричард Кантилон. Ол «кәсіпкер» деп рынок жағдайында әрекет жасаған адамды айтқан.

Кәсіпкерліктің даму тарихына тоқталатын болсақ, алғашқы қауымдық қоғамда қатынастар іскерлік негіздегі бартерлік мәмілелер (тауар-тауар) формасында болған. Осы мәмілелердің табиғи іскерлігі аталған қауымдастықтардың ыдырап, құл иеленушілік қоғамның пайда болуына алып келді.

Құл иеленушілік және феодалдық қоғамдағы кәсіпкерлік құрылуының мақсаты – жаулап алу нәтижесінде экономикалық мазмұнға ие болған нышандар. Алайда, кәсіпкерліктің пайда болуының басты себебі - сауданың пайда болуы және өркендеуі. Орта ғасырда көпестер, саудагерлер, қолөнершілер және миссионерлер алғашқы кәсіпкерлер болган. Осылайша, халықаралық сауданың дамуы өткізу нарықтарында қиыншылық тудыруымен байланысты көпестердің бірігуіне, сөйтіп алғашқы акционерлік қоғамдардың

құрылуына – Ост-Индиямен, Гудзон шығанағымен сауда жасаған ағылшын және голландия компанияларының пайда болуына алып келді. Бұдан кейін акционерлік капитал өнеркәсіпте, банк саласында ары қарай жалғасын тапты [5,57 б.].

Кәсіпкерлік құқықтың тұжырымдамасы XX ғ. басында пайда болған. Сол кездегі тұжырымдама совет одағының заңгер ғылымдарының ойын талқылаған болатын. Мысалы, А.Гойбарх айтқандай, азаматтық құқық - әрқашанда құқықтың бөлігі, ол халық құқығын ұстанған. Егер де жеке құқық пен жұрттын құқығы арасындағы шекара жоғалып, яғни үзіліп кетсе, онда азаматтық құқық жоғалып кететін еді, сондықтан оның орнына шаруашылық құқық ие болатын еді. П.И. Стучканың түсінігі бойынша, азаматтық құқық - өндіріс пен айырбас арасындағы қатынас деп түсінеді. Әрі ол XX ғ. 20 жылдағы «Екісекторлық құқық теориясын» шығарған болатын онда әлеуметтік ұйымдарға әкімшілік – шаруашылық құқығын, жеке тұлғаларға азаматтық құқығын ескерілген. Бірақ көпшілік өркениет – ғылымдарының тұжырымынша, ол теория қате болып саналды.

XX ғасырдың 30 ж. басында бірыңғай шаруашылық құқық пен азаматтық құқық тұжырымдамасы ғылыми тәртіп негізінде қарастырылды. Шаруашылық құқықтың пайда болуы совет экономикасының аралас мінезімен байланысты.

Шаруашылық құқық арасындағы мәселелерді зерттеген құқықтанушылар жаңа экономикалық жағдайларда туған көпшілік және жеке құқық арасындағы ымыраны талдауды көздейді. XX ғасырдың 50 жылдарында шаруашылық құқық тұжырымдамасы туралы пікір – сайыста қайта қарады. Шаруашылық құқықтануда әр түрлі саладағы әлеуметтік құқықтарын реттеуді қарастырады. Әр түрлі отырыстарда совет құқықтанушылары шаруашылық кодексті қабылдау ұсынысты қарастырды. XX ғасырдың 90 жылдарында Ресейде жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға, басқа экономикадан тағы басқаға көшу жүйесі басталды. Сондықтан бұрын тұжырымдамаға өзгеріс еңгізу керек болды.

Бүгінгі уақытта әрбір саланың құқықтарының нормасы бар, ол мемлекеттің саяси-экономикасымен тығыз байланысты. Соның ішінде саясатты анықтайтын норма Ресей құқығының екі саласымен байланысты, ол - әкімшілік және азаматтық. Әкімшілік құқық, қызмет ету мен қатынасты басқаруды реттейді.

Сондықтан мұндай қатынас «тігінен» тұрғызылады. Ал азаматтық құқық мүліктік қатынасты реттейді, сондықтан оларды «көлденен» тұрғызады. Осы салалардың әрқайсысы шаруашылық құқықты реттейді.

Кәсіпкерлік құқық пәніне құқықтық қатынастың екі тобын қарастырамыз:

Біріншісі – кәсіпкерлік ұйымдастырушылық сала мен байланысты, бұнда азаматтардың кәсіпкерлік сала мен айналысу құқығы қарастырылған. Екінші топқа – кәсіпкерлік саланың өзіне байланысты қатынас жатады.

Кәсіпкерлердің негізгі мақсаты – тауарды сату арқылы, мүлікті пайдалану арқылы, қызмет көрсету арқылы көп пайда табу. Мұнда негізгі рөлді атқаратын кәсіпкерлік құқықты азаматтық құқықты реттеу. Кәсіпкер мен тауар өндіруші арасындағы өзара қатынас нарықтық экономикада тауар – ақша қатынасымен реттеледі. Азаматтық құқықтың бір бөлігін көпшілік – құқықтық әдісімен реттейді. Оған орай құнды қағаздар эмиссиясын реттеу құқығы орын алады, тауарларды сатып алу, жұмыс, қызмет көрсету, осының бәрі мемлекеттік келісім-шарт арқылы жасалады. Бүгінгі таңда құқық ғалымдарын таныстыру, кәсіпкерлік саланы реттеуде екі негізгі тұжырымдаманы қарастырады. Манистикалық тұжырымдаманы ұстанушылар профессор Б.С.Мартемьянов, И.В.Дойников, академик В.В.Ловтевтің көзқарасынша, яғни кәсіпкерлік және шаруашылық құқық – өз бетінше құқықтық саланың бірыңғайлық пәні деген. Осы салалар өз күшіне мынадай норманы ығыстырады, яғни кәсіпкерлік қатынас коммерциялық емес қатынаспен және экономиканы мемлекеттік реттеу қатынасын бір-бірімен тығыз байланыстырады. Заманға сай жағдайларда мемлекет пен нарық арасындағы байланысты кәсіпкерлік саланың әдісімен реттеу мүмкін емес. Профессор Е.А.Суханов кәсіпкерлік саланы реттеудің «Дуалистік

тұжырымдамасын» шығарды. «Дуализм» сөзі, жеке құқықтық қатынас пен тауар өндірушілер арасындағы азаматтық құқықты реттеу. Есептеу кезінде қолданбалы мақсаттарды белгілеу әрқашан рұқсат. XX ғ басында атақты орыс өркениетшісі Р.Ф.Шерменевич «тауар құқығы» пәнінен сабақ бергенде, оны өзіндік сала құқығы деп санады, ол тауар құқығына мынандай жауап берді: ол жеке құқықтың нормасы, яғни коммерциялық айналымды реттеу, бірлікті кәсіпкерлердің қарым-қатынасын реттеу деп таңыды. Осыған байланысты ол көпшілік және жеке тауар құқығын бөліп қарастырды. Көпшілік тауарлық құқық – ол мемлекеттік және тұлғалар арасындағы тауарлық қатынасты реттейді [6,45 б.].

Қазақстандағы кәсіпкерлік пен коммерцияқ жағдайына келсек, мұнда бұл салалар тарихи ерте заманда пайда болған. Ежелгі түрік дәуірінде Жетісу қаласы тек аялдау орны ғана емес, сонымен қатар, мұнда сауда және қолөнер орталықтары болған. XIII ғасыр мен XV ғасырдың алғашқы ширегінде Оңтүстік Қазақстан территориясы арқылы сауда қызметінің дамуында маңызды рөл атқарған Батыс-Шығыс халықаралық сауда жолы өткен. XVIII ғасырда қазақтар Орта Азия, Ресей, Қытай, Иран патшалықтарында — мал, жылқы, тері, жүн және аң аулау бұйымдарымен сауда жасаған. Қазақ жерлері арқылы Орта Азиядан Ресейге керуендер жөнелтілген. Орынбор, Тобыл, Семей арқылы сауда жасау өте маңызды болған. XIX ғасырдың алғашқы жартысында тұз табумен айналысу, тау-кен ісі дами бастады. Сонымеи қатар, мыс, қалайы, күміс, тас көмір қазу басталып, балқыту және тері илеу зауыттары ашыла бастады.

XIX ғасырдың екінші жартысында натуралды шаруа шылықтың бөлінуі Қазақстанның Ресей, Орта Азия, Қытаймен сауда қатынастарының жалғасуымен ұласты.

XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы өнеркәсіптің дамуына ресейлік және шетелдік капиталдың келуі де үлкен пайдасын тигізді. Өте кең дамығаны — банк капиталы болды. Сауданың стационарлық жене жәрмеңкелік түрлері етежақсы дамыды. Жөрмеңкелік сауда бүкіл ресейлік сипат ала бастады. Осы кезеңце шет ел капиталының әсері өте маңызды болды. Ақпан және Кдзан төңкерістерінің өсері рыноктық экономикалық байланыстардың өлсіреп жойылуына әкеліп соқты.

Кәсіпкерліктің субъектісіне экономикалық қызметке қатысушы түрлі мүшелер, алдымен жекелеген индивидтер, адамдар жатады. Мұндай кәсіпкердің қызметі өзінің еңбек шығындарына немесе жалдамалы еңбекті қолдануға негізделеді. Соңғы жағдайда кәсіпкер жалдаушы болады. Кәсіпкерлік қызметті бір топ адамдар жүргізуі мүмкін, оларды байланыстырушы – міндетті шарттар мен экономикалық мүдде. Мұндай кәсіпкерліктің түрі – ұжымдық, коллективтік деп аталады. Ұжымдық кәсіпкерліктің субъектісі — әртүрлі ассосациялар: акционерлік қоғамдар, кооперативтер және т.б. жеке-дара кәсіпкерлерге қарағанда кооперативтер немесе партнерлік бірлестіктер ірі көлемдегі мәселелерді шеше отырып, олардың рыноктағы үлесі бар болуымен көрінеді [7,58 б.].

Кәсіпкерлік объектісі – адамның белгілі қызметі. Кәсіпкердің соңғы нәтижесі — өндірілген өнім мен көрсетілген қызмет. Бірақ, ең бастысы әр кәсіпкер осылардың ішіндегі өзіне ең пайдалысын және тиімдісін іске асырады. Міне сондықтан да рыноктық экономикада кәсіпкерлердің басты мақсаты өз пайдасын барынша максималдау және өндіріс шығындарын барынша минималдау болып табылады. Ал кәсіпкердің табысы көбіне оның өз ісін қалай ұйымдастырғанына байланысты. Яғни, кәсіпкер өз ісін бастағанда және оны жалғастырғанда үлкен тәуекелге барады. Ал тәуекелділік кәсіпкерлік қызметпен бірге өмір сүріп отыратын заңды құбылыс.

Сонымен кәсіпкерлік – рыноктағы бәсекеге төтеп беру үшін жаңа мүмкіндіктерді іздеу, жаңа технологияны пайдалану, капиталды жұмсаудың тың салаларын іздеу, ескі ойлау шеңберінен шығу болып табылады.

Демек, нақты өмірде кәсіпкерліктің объектісі – новаторлық, жаңашылдық, ерекше мағынадағы новаторлық өндіріс, айырбас және бөлудің түрлі факторларын комбинациялау. Кәсіпкерлік әр кезде де белгілі бағытта ұйымдастырылады, нақты формалары бар.

Кәсіпкерліктің шаруашылық жүргізу тәсілі ретінде бірнеше жалпы белгілері бар. Оның ішінде негізгісі – шаруашылық субъектілерінің еркіндігі мен тәуелсіздігі. Кәсіпкерлердің еркін қызмет етуі рынок механизмінің әрекетін қамтамасыз ететін тәртіп қалыптастырады. Кәсіпкердің тәуелсіздігі оған экономикалық ресурстарды алуға, осы ресурстардан өз қалауынша қызмет пен тауар өндіру процесін ұйымдастыру және оларды рынокта кәсіпкерді қанағаттандыратындай өткізу болып табылады.

Кез келген кәсіпкерлік іс-әрекеті белгілі бір кәсіпорындардың ұйымдық форма шекарасында жүзеге асады. Форманы таңдау кәсіпкерлердің жеке қызығушылықтар мен мамандығына байланысты болады, бірақ көбінесе объективті жағдайлармен анықталады:

- іс-әрекет саласы;
- қаражаттың көлемімен;
- белгілі бір кәсіпорын артықшылығы;
- нарық жағдайымен.

Кәсіпкерлік алуан түрлі және кешенді ұғым. Мысалы, кәсіпкерлік атқаратын жұмысына байланысты өндірістік, коммерциялық, кеңес беру, қаржылық және т.б. болып бөлінеді. Бұлар бірігіп немесе өз алдына әрекет етуі мүмкін. Олардың әрқайсысының өзіне тән даму ерекшеліктері бар.

Өндірістік кәсіпкерлік – кәсіпкерліктің жетекші түрі ретінде тауарлар мен өнімдерді өндіруді жүзеге асыратын, қызметтер көрсетіліп, белгілі-бір құндылықтар жасалатн кәсіпкерлік түрі. Оған негізінен материалдық, рухани және интеллектуалдық өндіріс құрайтын іскерлік қызметтің түрі жатады. Бұл іскерліктің қоғамдық тұрғыдан алғанда ең қажетті, өте салмақты, күрделі, сондықтан да біршама ауыр түрі.

Өндірістік бизнес - бұл,негізінен алғанда, өнеркәсіптік және ауыл шаруашылық өнімдерін шығару. Кең мағынада өндірістік бизнес – бұл тұтынушыларға қажетті, ақшаға сатуға келетін келесі басқа тауарға айырбастау ниеті бар кез-келген пайдалы өнімді шығару.

Қазақстан кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеу саласындағы заңнаманы үнемі жетілдіріп отырады және осы саладағы табысты реформалар жүргізіліп жатқанын атап өткім келеді. Өткен онжылдықта мемлекет лицензиялау жүйесін жетілдіру, кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау және тағы басқаларда үлкен жұмыс жасады. Бүгінде бірқатар дәйекті реформалар жүргізілді.

Мысалға, қазіргі кезде барлық лицензиялау жүйесін жетілдіру мақсатында 2012-2015 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының лицензиялау жүйесін одан әрі реформалау үшін жаңа Тұжырымдама бекітілді.

Тұжырымдаманың негізгі қағидаты рұқсат беру құжаттарының жіктелуін және оларды қауіп дәрежесіне қарай бөлуді көздейтін интеграцияланған рұқсат беру жүйесін енгізу болып табылады.

Қазіргі уақытта техникалық реттеу мен әкімшілік жүйе қызметін үйлестіруді көздейтін 2020 жылға дейінгі кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеу тұжырымдамасы бекітілді

Мемлекеттік реттеудің ағымдағы бағыттарының бірі кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау болып табылады. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап, Қазақстан кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау саясатын жүргізді, өйткені өткен ғасырдың 90-жылдарынан бастап және қазіргі уақытқа дейін кәсіпкерлікті қолдаудың барлық тұжырымдамалары мен бағдарламалары қабылданды. Қазақстанда тек «Жол картасы 2020», «Инвестор-2020», «Экспортер-2020», «Өнімділік 2020», «Жұмыспен қамту-2020» мемлекеттік бағдарламалары бар. Дағдарыстан кейінгі қалпына келтіру бағдарламалары аясында кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың шамамен 100 құралдары құрылды.

Қазіргі таңда Қазақстанда кәсіпкерлікті құқықтық реттеуді, кәсіпкерлердің құқықтарын қорғауды дамыту және жетілдіруді қарастыратын құрылым құрылды. Бірақ бастысы, біздің ойымызша, ҰКП кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеу мәселелері

бойынша Үкіметтің нақты өкілеттіктерін тапсырды. Мемлекеттік өкілеттіктер мен өкілеттіктер ҰКП құзыреті мен рөлін арттырады. ҰКП құру - Қазақстандағы кәсіпкерлік қызметті құқықтық реттеуді жетілдірудегі үлкен қадам және бұл үдеріске қосымша серпін беру.

Соңғы жылдары бизнес-қоғамдастық өзін-өзі ұйымдастырудың жоғары деңгейін көрсетті - Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы құрылды. Бұл қауымдастық арқылы бизнес-қоғамдастық мемлекеттік саясатты дамытуға белсенді түрде қатысады және осылайша өзін-өзі реттеу сұрауын қалыптастырады.

Ұлттық кәсіпкерлер палатасы, мемлекеттік органдар өзін-өзі реттеу институтын енгізу бойынша заңнамалық бастамаларды қолға алады. Бұл біздің дипломдық жұмыс тақырыбы емес, бірақ ол кәсіпкерлікті құқықтық реттеумен тығыз байланысты.

Біздің ойымызша, Қазақстанда өзін-өзі реттеудің дамуы кәсіпкерлік мәдениетті дамытумен синхронды түрде жүргізілуі тиіс. Өзін-өзі реттейтін ұйымдарды құруды ынталандырудың негізгі факторы - басқаруды өнеркәсіп немесе кәсіби қауымдастық үшін басымдыққа айналатын беделді тәуекелдер. Демек, өзін-өзі реттейтін ұйымдар қызмет көрсету немесе тауарларды өндіру субъектілері саланың немесе кәсіби қоғамдастықтың имиджін қалыптастыруға елеулі қаражат салуға дайын болған жағдайда тиімді болуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының, Украинаның және басқа да елдердің нормативтік-құқықтық актілерінің салыстырмалы-құқықтық зерттеулерін кәсіпкерлік қызметті құқықтық реттеудің жан-жақты зерттеулері негізінде Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызметті құқықтық реттеуді жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік кодексін және Қазақстан Республикасының заңнамасына кейбір өзгерістер мен толықтырулар енгізеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Елбасы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы 12 сәуір
2017 ж. // http://www.akorda.kz
2. Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі № 375-V ҚРЗ.2015 жылғы 29
қазанда қабылданған (19.04.2019 жылға өзерістермен толықтырулармен) // http://adilet.zan.kz
3. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Жаңа онжылдық – жаңа
экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты 29 қаңтар 2010 жылғы халыққа Жолдауы // http://adilet.zan.kz
4. Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі № 268-XIII 1994 жылғы 27-
желтоқсанда қабылданған (02.04.2019 жылға өзерістермен толықтырулармен) // http://adilet.zan.kz
5. Нысанбаев С. Н. Коммерциялық кәсіпкерлік негіздері. Оқу құралы.
/С.Н.Нысанбаев, Ж.Т.Қожамқұлова/ – Алматы: «Қазақ университеті», 2015. - 138 б.
6. Горфинкель В.Я., Курс предпринимательства:Учебник для вузов. – М.: «ФИНАНСЫ»,
2003. – 478 с.
7. Горфинкель В.Я., Поляк Г.Б., Швандар В.А.«Предпринимательство».– М.: «Юнити»,
2011. – 246 с.

УДК 93/94

ХЛОПКООЧИСТИТЕЛЬНАЯ ПРОМЫШЛЕННОСТЬ ТУРКЕСТАНА В КОНЦЕ XIX – НАЧАЛЕ XX В.: ОСНОВНЫЕ ТЕНДЕНЦИИ И ОСОБЕННОСТИ РАЗВИТИЯ

Исследование выполнено за счет гранта Российского научного фонда (проект № 19-18-00180)

Анисимова И.В.к.и.н., доцент , **Челмадинов С.С.**
Алтайский государственный университет (Барнаул, Россия)

e-mail: *iva0410@mail.ru*

В статье проводится анализ развития хлопкоочистительной промышленности Туркестана в конце XIX – начале XX в. Выявлено, что в отрасли присутствовал ряд системных проблем: недостаточное финансирование, отсутствие транспортных коммуникаций, низкий уровень механизации производства, сезонная востребованность. Ограничением для поступательного развития выступал законодательный запрет на привлечение иностранных инвестиций в региональную промышленность. Большинство предприятий хлопкоочистительной отрасли были основаны за счет местного капитала, представляя незначительный интерес для русских торгово-финансовых кругов. Для отрасли был характерен экстенсивный вариант развития. Наблюдалось увеличение числа предприятий, занятых в обработке хлопка, без существенного изменения техники и технологии производства. К началу Первой мировой войны хлопкоочистительная промышленность, требующая широкой модернизации производства, сохраняла безусловное преобладание в промышленной структуре Туркестана.

Ключевые слова: *Российская империя, Туркестан, хлопкоочистительная промышленность, модернизация, буржуазия*

Мақалада XIX ғ. соңы – XX ғ. басындағы Түркістан өңіріндегі мақта тазалау өнеркәсібінің дамуына талдау жасалады. Бұл салада бірнеше жүйелі мәселелердің болғандығы анықталды: қаржыландырудың жетіспеушлігі, көлік коммуникациясының болмауы, өндірістің механикаландыру деңгейінің төмендігі және т.б. Бірінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында мақта тазалау өнеркәсібі жалпы Түркістан өңіріндегі өнеркәсіп құрылымын кең түрде модернизациялау қажеттігі байқалды.

Тірек сөздер: *Ресей империясы, Түркістан, мақта тазалау өнеркәсібі, модернизация, буржуазия*

The article analyzes the development of the cotton gin industry in Turkestan in the late XIX – early XX centuries. It was revealed that there were a number of systemic problems in the industry: insufficient financing, lack of transport links, low level of mechanization of production, seasonal demand. The legislative ban on attracting foreign investment in the regional industry was a restriction for progressive development. Most of the enterprises in the cotton gin industry were founded at the expense of local capital; these enterprises were of little interest to Russian commercial and financial circles. The industry was characterized by extensive development. There was an increase in the number of enterprises engaged in cotton processing, without significant changes in the technique and technology of production. By the beginning of the First World War, the cotton gin industry, which required extensive modernization of production, retained an absolute predominance in the industrial structure of Turkestan.

Key words*: Russian Empire, Turkestan, cotton gin industry, modernization, bourgeoisie.*

Важным сегментом экономики Туркестана во второй половине XIX в. выступало хлопководство и связанная с ним хлопкоочистительная промышленность. Особое внимание к развитию отрасли со стороны имперских властей было обусловлено необходимостью решить проблему зависимости российской экономики и, в частности, хлопчатобумажной промышленности от высококачественного американского хлопка [1, с. 46]. Это приводило к расширению на юге Степного края и в Туркестане посевных площадей под хлопчатник и формированию местной промышленной базы по переработке хлопка. Безусловно, развитие хлопкоочистительной отрасли Туркестана не могли идти в отрыве от общей экономической модернизации региона. Так, определенное влияние на развитие предприятий по очистке и переработке хлопка оказало строительство и расширение сети железных дорог в крае [2, с. 178]. Однако, несмотря на важность отрасли для российской экономики, в хлопкоочистительной промышленности региона присутствовали системные проблемы, которые требовали принятия комплексных мероприятий модернизационной направленности.

Одной из серьезных проблем хлопкоочистительной промышленности региона выступала ее зависимость от иностранных технологий, машин, ресурсов. При этом, согласимся, что преобладание в структуре используемого производственного оборудования иностранных машин и технологий не выступало исключительно характеристикой экономики Туркестана, а являлось важной особенностью отечественной промышленности в целом [3, с. 137]. Так, в хлопковой индустрии Туркестана активно возделывался хлопок американской селекции, на предприятиях по очистке хлопка использовали хлопкоочистительные машины (джины) системы Пратта или Орель, Брауна и Карвера. При этом, механизация хлопкоочистительной отрасли была значительным шагом в процессе ее модернизации. Джины ускоряли очистку и вместе с тем давали хлопковое волокно более или менее свободное от посторонних примесей. Семидесятипильный джин при пневматической подаче был рассчитан на обработку около 9,6 т хлопка-сырца в сутки. В 1890 г. в крае работало 45 хлопкоочистительных заводов, имевших свыше 170 джинов [4, с. 174].

Подчеркивая имеющийся потенциал промышленного развития Туркестана, региональные власти не высоко оценивали уровень развития как хлопководства, так и хлопкоочистительной отрасли. В 1885 г. старшим ревизором департамента неокладных сборов П. Нагаевым был представлен доклад о положении хлопковой промышленности в Туркестанском крае, в котором он отмечал, что «культура хлопка в Туркестанском крае стоит на весьма низкой степени развития» [5, с. 155]. Не менее интересным выглядит и мнение военного губернатора Ферганской области, который в отчете за 1887 г.: «Возделываемый в области туземцами хлопчатник «gossypium herbaceum», по-местному «гуза», дает волокно недостаточно длинное. Кроме того, очистка его ручными джинами – весьма плохая, сортировка – никакая и масса посторонней примеси для увеличения веса; отчего и спрос на этот хлопок значительно уменьшился». При этом, губернатор подчеркивал, что быстро возрастающее в России хлопчатобумажное производство побудило «крупных капиталистов» завести в крае свои хлопковые плантации, устроить хлопковоочистительные заводы и прессы и использовать для посевов американские сорта хлопка. Однако, по мнению регионального начальника «большинство туземцев неохотно принимается за посев американского хлопка, так как уход за ним требует знания, труда, времени и денег» [6, с. 8].

В 1886 г. в Маргелане был открыт первый хлопкоочистительный завод, принадлежащий представителям местного капитала. Как правило, первые заводы были небольшими по производственным мощностям, степень автоматизации на предприятиях отрасли была невысокой, очистка местного хлопка производилась, преимущественно, на ручных станках [7, с. 155]. Так, в Самаркандской области на 16 действующих заводах механическим способом обрабатывалось лишь 38% всего хлопка-сырца [8, с. 221]. Всего в

Туркестанском крае в середине 1892 г. насчитывалось 100 хлопкоочистительных заводов, из которых 17 находились на стадии строительства.

К началу XX столетия все хлопкоочистительные предприятия Туркестана были устроены по одному образцу, имея в своем наличии от 4 до 6 джин и 1–2 пресса. Практически 90% хлопкоочистительных заводов работало на водяных двигателях в силу дешевизны последних. Лишь на некоторых крупных предприятиях стояли паровые двигатели. Несмотря на использование в очистке хлопка машин, процесс автоматизации был частичным и имел ряд недостатков. Так, при обработке хлопка 2–3-го сортов рабочие снимали с джин автоматические питатели и подавали хлопок к пилам вручную. Следующим этапом работы с очищенным хлопком на заводах являлось прессование, которое как правило, производилось вручную с использованием винтовых прессов. В 1899 г. из 93 действующих в Ферганской области заводов только на 11 предприятиях прессование производилось гидравлическими прессами с помощью механических двигателей.

Владельцы предприятий, в большинстве своем из местного населения уделяли мало внимания усовершенствованию производственного цикла. За короткий период работы – с сентября до начала весны, заводчики стремились получить большую выгоду и обработать большее количество хлопка, не уделяя внимания качеству проводимых работ. На предприятиях отсутствовали элементарные меры безопасности. Так, при обследовании хлопокоочистительной отрасли чиновники Ферганского областного правления подчеркивали, что на большинстве заводов области нет приспособлений для быстрой остановки джины. В связи с этим, «для чистки или мелкого исправления одной джины приходится останавливать весь завод, а потому у рабочего естественно является желание сделать исправление на ходу, что и бывает иногда причиной несчастных случаев с рабочими» [9, с. 153]. Большинство местных заводов были оснащены неработающими вытяжными камерами. В период эксплуатации не учитывали пропускные мощности джин, использовали пилы, требующие ремонта или с истекшим сроком службы, что отражалось на качестве очищенного хлопка, а, соответственно, и на его стоимости.

В начале XX в. развернулось институциональное оформление в хлопкоочистительной отрасли региона. В 1906 г. был принят устав Андреевского торгово-промышленного товарищества с начальным капиталом 2 млн руб. В 1907 г. принят устав Туркестанского торгово-промышленного товарищества для очистки хлопка и производства растительных масел с основным капиталом в 600 тыс руб. [10, л. 49–66] В годы Первой мировой войны было учреждено Акционерное общество «Фергана» [11]. Согласимся с мнением ряда исследователей, что проникновение из метрополии капиталистического уклада способствовало зарождению местной промышленности. Сначала в ней по необходимости господствовал капитал метрополии. Именно русские хлопковые фирмы основали первые в Туркестане хлопкоочистительные заводы, которые стали главной отраслью производства в крае [12, с. 32].

Однако, для создания в регионе торгово-промышленных фирм, открытия заводов и привлечения капиталов имелись определенные препятствия. Примером может служить учреждение в 1905 г. Акционерного общества хлопкоочистительных заводов «Хлопок» в г. Бухаре. Еще весной 1900 г. положением Комитета Министров «АО бумажных мануфактур И.К. Познанского в Лодзи» было дано разрешение «приобретать в Туркестанском крае, для устройства хлопкоочистительных заводов, земельные участки, с тем, чтобы пространство таковых участков, приобретенных обществом, не превышало в общей сложности десяти десятин и чтобы служащими и уполномоченными общества в пределах Туркестанского края не могли быть лица, не имеющие по закону, права владения недвижимостью в означенном крае» [13, л. 26]. Спустя несколько лет, учредители «АО бумажных мануфактур…» И.И. Познанский, Я.М. Герц, Г.И. Познанский обратились в министерство финансов с просьбой разрешить им учреждение акционерного общества «Хлопок», с целью «продолжения и развития действий принадлежащих хлопкоочистительных заводов в

Ферганской, Самаркандской и Закаспийской областях и в Бухарском и Хивинском ханствах, а также для устройства , приобретения и эксплуатации таких же заводов в других местностях империи и в Персии» [13, л. 28–32]. Прошение в целом было поддержано Военным министерством и региональными властями в лице Туркестанского генерал-губернатора, но при соблюдении ограничений размеров приобретаемой земли (не свыше 10 десятин). Вторым условием учреждения акционерных обществ в регионе был обязательный выпуск именных акций, с тем чтобы среди владельцев акций и паев не оказались лица, лишенные права иметь любые формы собственности в Туркестане. При выдвижении данного условия власти исходили из ст. 262 Положения об управлении Туркестанского края, которая запрещала приобретение земель и недвижимого имущества иностранцам, лицам нехристианских вероисповеданий, в том числе евреям [14]. В связи с чем, потенциальными акционерами могли быть только русскоподданые, а также уроженцы сопредельных с Туркестанским краем среднеазиатских государств.

Безусловно, данные условия ограничивали возможности привлечения для развития отрасли иностранного капитала. Учредители акционерных обществ в Туркестане, в том числе АО «Хлопок», пытаясь преломить сложившуюся ситуацию, неоднократно обращались в центральные ведомства с просьбами разрешить выпуск акций на предъявителя и расширить круг акционеров. Руководство АО «Хлопок» в обосновании своей просьбы подчеркивало, «что настоящее ходатайство вызывается необходимостью облегчения реализации акций общества (при посредстве иностранных капиталов) в целях скорейшего открытия действий сего предприятия, имеющего весьма серьезное значение не только местное, но и для интересов нашей мануфактурной промышленности» [13, л. 63–64]. При этом, военный министр, выступая на позициях протекционизма, был против привлечения иностранного капитала в экономику региона, который, по его мнению, будет выступать тормозом для развития зарождающейся в крае промышленности и «желательной деятельности наших предпринимателей в данном отношении».

Однако, в 1907 г. после рассмотрения данного вопроса в военном министерстве, чиновники ведомства пришли к заключению, что подобные опасения не имеют реального основания. Подчеркивалось, что для Туркестанского края характерен слабый уровень развития промышленности, что объясняется «вообще недостатком у нас необходимых элементов предприимчивости и почина в насаждении новых и расширении существующих уже производств». В связи с чем, по мнению чиновников, привлечение иностранного капитала будет способствовать росту промышленного производства в регионе, подъему производительности края и улучшению благосостояния населения. Подчеркнем, что несмотря на ограничения, незначительный опыт привлечения иностранного капитала в промышленность в Туркестане имелся, в частности «Акционерному обществу бумагопрядильной, ткацкой и белильной фабрики «Заверце»», Туркестанскому торгово-промышленному товариществу для очистки хлопка и производства растительных масел было разрешено выпустить дополнительные паи на предъявителя.

Конечно, региональные власти и, прежде всего, туркестанский генерал-губернатор, понимали перспективы использования иностранного капитала для развития зарождающейся промышленности региона. Барон А.Б. Вревский, генерал С.М. Духовской, генерал-лейтенант Д.И. Субботин, занимавшие эту должность в разные годы, отмечая «на крайне слабый прилив в Туркестан отечественных капиталов», неоднократно указывали на необходимость облегчения условий поступления иностранных капиталов в край «в целях развития его производительных сил». По мнению региональных властей, российский капитал не охотно вкладывал финансы в развитие края. Например, «даже такое незначительное и весьма несложное предприятие, как проведение нескольких верст конножелезной дороги в Ташкент не могло быть осуществлено русскими капиталистами и концессия была утверждена за бельгийским обществом» [13, л. 64].

К неутешительным выводам о состоянии развития хлопкоочистительной и

перерабатывающей промышленности в Туркестанском крае пришли чиновники ревизии сенатора К.К. Палена. Основной проблемой развития легкой промышленности в регионе, которая отчетливо обозначилась в ходе ревизии, было отсутствие развитых транспортных коммуникаций, не везде были даже грунтовые дороги, необходимо было строительство переправ через реки, остро ощущался недостаток подвижного состава на железных дорогах [15]. Не менее важным обстоятельством, тормозившим промышленное развитие края, были проблемы в первичном секторе экономики. В частности, в Туркестане ежегодно сокращались посевы хлопка, что было обусловлено как природными катаклизмами, так и тяжелым финансовым положением рядовых дехкан.

Однако, несмотря на отмеченные сложности и проблемы которая испытывала промышленность в регионе, развитие отрасли продолжалось. В 1906 г. только в Самаркандской области работало от 24 до 27 хлопкоочистительных заводов суммарной производительностью более 4 млн руб. [16, л. 140–142].

Таблица 1

Объемы производства хлопкоочистительной отрасли в Самаркандской области (1905–1907 гг.) [15]

Год	Кол-во хлопкоочистительных заводов	Число постоянных рабочих (чел.)	Число поденных рабочих (чел.)	Суммарная з/п (руб.)	Переработано сырого материала (хлопка) (пуд.)	Выработано очищенного хлопка (пуд.)	Выработано семян (пуд)	Выработано итого на сумму (руб.)
1905	21	154	238	30690	1072538	314756/ 3142978	728023/ 254123	3397101
1906	24	34	394	34790	1268200	389000/ 4456000	870000/ 225500	4681500
1907	31	59	415	46909	1127460	334430/ 3511515	782150/ 237567	нет данных

Ежегодно увеличивались объемы производства, наблюдался и количественный рост предприятий.




Рис. 1. Количество хлопкоочистительных заводов в Самаркандской области
Рассчитано по: Обзор Самаркандской области за 1905–1907 гг. Самарканд: Самарканд. обл. стат. ком., 1906-1908.

В Сырдарьинской области развитие работа хлопкоочистительных предприятий достигла максимума в 1908 г., когда количество предприятий дошло до 45. Однако, уже к началу Первой мировой войны число хлопкоочистительных заводов варьировалось в пределах 30.




Рис. 2. Количество хлопкоочистительных заводов в Самаркандской области
Рассчитано по: Обзор Сырдарьинской области за 1889–1913 гг. Ташкент: Тип. при канцелярии Туркест. Генерал-губернатора, 1890-1914.

Регионом, где сосредоточилась хлопкоочистительная промышленность стала Ферганская область, где начиная с 1887 г. число предприятий, занятых в данной отрасли неуклонно возрастало. В 1911 г. в области насчитывалось 48 хлопкоочистительных заводов русских фирм и 109 – во главе которых стояли представители местных торгово-финансовых кругов [17, с. 53, табл. XV].




Рис. 3 Количество хлопкоочистительных заводов в Ферганской области
Рассчитано по: Обзор Ферганской области за 1887–1913 гг. Новый Маргелан ; Скобелев: Тип. Ферган. обл. правления, 1888–1914.

Особое место в хлопковой отрасли Ферганской области занимало Товарищество Ярославской Большой мануфактуры, которое занималось как выращиванием хлопка, так и его скупкой, переработкой и поставками на текстильные фабрики Российской империи. Всего Товариществу принадлежало 16 хлопкоочистительных заводов, которые находились не только в Туркестанском генерал-губернаторстве, но и Бухарском эмирате и Хивинском ханствах [18]. К 1915 г. из работающих в Ферганской области 280 промышленных предприятий хлопкоочистительная отрасль насчитывала 180 заводов с объемом переработки до 24 млн пуд хлопка - сырца. Производственный цикл был коротким, заводы работали с сентября по январь – март, общая численность занятых на предприятиях варьировалась в пределах 7 тыс чел. [19, с. 51].

К началу Первой мировой войны в промышленной структуре Туркестана наблюдалось безусловное преобладание отрасли, связанной с переработкой хлопка. Сюда, по данным на 1914 г. относились 201 хлопкоочистительное предприятие и 19 хлопкомаслобойных заводов [17, с. 48–49]. Большинство хлопкоочистительных заводов (около 70%) были основаны с применением местного капитала, однако интерес к отрасли активно в начале XX в. проявляли и представители русских торгово-промышленных кругов, которые к 1911 г. открыли в Туркестане 48 из 157 предприятий отрасли. При этом, модернизация отрасли была крайне низкой, уровень механизации не отвечал потребностям предприятий, привлечение иностранного капитала шло медленно. Сложившаяся ситуация во многом была обусловлена государственной политикой по отношению к краю. Нельзя не согласиться с мнением ряда исследователей о сознательном сохранении за регионом статуса «аграрной окраины» и сдерживании государством развития обрабатывающей промышленности [1, с. 45]. Однако, в целом, становление хлопкоочистительной отрасли было важным этапом формирования промышленной базы региона в конце XIX – начале XX в., наблюдалось вовлечение в экономику местного капитала, формирование региональной буржуазии, что, безусловно, способствовало повышению уровня экономического развития Туркестана.

ЛИТЕРАТУРА:

1.Лысенко Ю.А. Акторы социально-экономической модернизации центральноазиатского региона Российской империи (вторая половина XIX – начало XX в.) // Центральная Азия на перекрестке европейских и азиатских политических интересов: XVIII–XIX вв.: сборник научных трудов международного семинара, Алма-Ата, 19–23 августа 2019 г. – М., 2019.

2. Золоторева В.П. Индустриальное развитие российских регионов во второй половине XIX – начале XX в. // Федерализм. – 2016. – № 4. – С. 175–184.

3. Шевченко, И. К., Развадовская, Ю. В., Марченко, А. А. Текстильная промышленность в России: история и современность // Terra Economicus. – 2019. – № 17(1). – С. 131–149. DOI: 10.23683/2073-6606-2019-17-1-131-149

4. Галстян М. С. Армянская община Русского Туркестана и становление хлопковой отрасли в Средней Азии // Экономическая история. – 2018. – Т. 14. – № 2. – С. 170–178. DOI: 10.15507/2409- 630X.041.014.201802.170-178

5. Вестник финансов, промышленности и торговли. – 1885. – № 42.

6. Обзор Ферганской области за 1887 год. – Новый Маргелан; Скобелев, 1889.

7. Вестник финансов, промышленности и торговли. – 1892. – № 52.

8. Вестник финансов, промышленности и торговли. – 1893. – № 44.

9. Обзор Ферганской области за 1899 год. – Новый Маргелан; Скобелев, 1901.

10. Российский государственный исторический архив. Ф. 1396. Оп. 1. Д. 198.

11. Китанина Т.М. Крупный российский капитал и хлопкообрабатывающая промышленность Средней Азии в начале XX века (акционерное общество «Фергана») // Девятнадцатые Петровские чтения (история, политология, социология, философия,

экономика, культура, образование и право). Материалы всероссийской научной конференции с международным участием. – СПб., 2018. – С. 7–13.

12. Фурсов К.А. Имперская экономическая политика в русском Туркестане и британской Индии: сходства и различия // Восток. – 2010. – № 6. – С. 28–44.

13. РГИА. Ф. 23. Оп. 25. Д. 427.

14. Положение об управлении Туркестанского края. Издание 1892 года. URL: http://www.hrono.ru/dokum/turkestan1892.html

15. РГИА. Ф. 1396. Оп. 1. Д. 211.

16. РГИА. Ф. 1396. Оп. 1. Д. 194.

17. Лаврентьев В. Капитализм в Туркестане: Буржуазная колонизация Средней Азии. – Л., 1930. – 160 с.

18. Мирзаев А. Из истории развития хлопководства в Ферганской долине (в конце XIX – начале XX в.) // Вестник Ярославского государственного унирситета. Серия Гуманитарные науки. – 2014. – № 2 (28). – С. 40-43.

19. Вестник финансов, промышленности и торговли. – 1915. – № 41.

ӘОЖ 94(547) «1926/30»:316

ТАРИХЫМЫЗДЫҢ АЛТЫН ДӘУІРІ – АЛТЫН ОРДА

Асетова А.А., студент
Ғылыми жетекшісі: Абдильдинова Л.А.
І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

e-mail: *Aasetova01@mail.ru*

Мақалада тарихын тереңнен алатын Шыңғыс ханның ұрпақтары жалғастырған ұлыстар мен жүздеген жылдық тарихы бар Алтын Орда мемлекетінің тарихына арналған.

Тірек сөздер: *қазақ тарихы, мемлекет, империя, Бату династиясы, ұлыстар, интеграция*

В статье рассматривается история государства Золотой Орды со сто летней историей которое было создано потомками Чингис хана.

Ключевые слова: *история Казахстана, государство, империя, династии Бату, улусы, интеграция*

The article deals with the history of the Golden Horde state with a hundred-year history, which was created by the descendants of Genghis Khan.

Key words: *history of Kazakhstan, state, Empire, Batu dynasties, uluses, integration*

«Қазақ хандығы - бұл сақтар, ғұндар, үйсіндер, сондай-ақ Ұлы Түрік қағанаты, Дешті-Қыпшақ және Алтын Орда мемлекеттерінің заңды мұрагері»
Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев

Қазақ тарихындағы Алтын Орда кезеңі, анығын айтқанда XIII-XV ғасырлар аралықтары отандық тарихта басқа этносаяси, этномәдени және т.б. бірлестіктер сияқты немесе олардан да жоғары өз орнын әділ алуы тиіс. Өйткені, қазақ халқының тарихындағы өз атауымен аталып, құрылған – Қазақ хандығының пайда болуындағы негізгі алғышарттар дәл осы Жошы Ұлысынан бастау алады. Атап айтқанда саяси стратификациясы мен

институттары, мемлекеттілік дәстүр мен қағидалары, генетикалық қоры, антропологиялық типі, ру-тайпалық, әскери құрылымы, заң мен әдет нормалары, діни қатынастар және т.б. тұстарынан мұрагерлік ізділіктерді көруге болады. Қазақ хандығының саяси құрылымы негізі мен халқының мәдени коды Алтын Ордадан бастау алатынын қазақ халқының ауызша дәстүрі мен фольклорлық жазба деректерді кеңінен зерттеген Ш. Уәлиханов (Валиханов, Т. 1, 1984, 109 б.; Валиханов, Т. 2, 1985, 155 б.) пен М. Тынышбаев (Тынышпаев, 1990,41-45 б.) еңбектерінен көреміз [1].

Алтын Орда - Еуропа мен Азияда болған орта ғасырдағы ірі мемлекеттердің бірі. Оның әскери күші барлық көрші мемлекеттерді үнемі үрейлендіріп отырды. Тіпті алыс елдердің монархтары онымен достық қатынастар орнатуға және оларды бар күштерімен сақтауға тырысты. Ең авантюрист көпестер өзінің астанасына жету үшін үлкен қашықтықтарды жүріп өтті, ол Шығыс пен Батыс арасындағы ең ірі сауда базасы болды. Алтын Орда сол уақыттар үшін ғана емес, сонымен қатар қазіргі көзқарас тұрғысынан алып аумақты алып жатты: шығыста Ертіс өзені мен Алтайдың батыс етегінен және батыста Дунай өзенінің төменгі ағысына дейін, солтүстігінде әйгілі Бұлғардан оңтүстікте Кавказ Дербент шатқалына дейін. Бұл алып мемлекеттің өзі әлі де екі бөлікке бөлінді: негізгі, батыс бөлігі, яғни Алтын Орданың өзі «Алтын Урда, Ақ Урда» (Ақ) Орда, ал қазіргі Қазақстан мен Орта Азияның батыс территорияларын қамтыған шығыс бөлігі деп аталды. Көк (Көк) Орда. Бұл бөліну қыпшақ пен оғыз тайпалық одақтары арасындағы бұрынғы этникалық шекараға негізделген [3, 17 б].

Шыңғыс хан қазіргі Қытай аумағындағы мемлекеттерді, Сібір халықтарын, Жетісуды, Хорезмді түгел бағындырған соң хандықты Бөртеден туған төрт ұлына 1223 жылы Құланбасыда болған құрылтайда бөліп берген. Ең үлкені Жошыға қазіргі Қазақстан аумағы түгелге жуық қараған. Шығысында Алтай, Ертістен, батысында Еділге, оңтүстігінде Жетісу, қазіргі өзбек жерлерінен солтүстігінде Сібірге дейінгі бұрынғы Дешті Қыпшақ аталған ұлы дала енді «Жошы ұлысы» деп аталып, ол біршама уақыт орталық моңғол мемлекетіне бағынышты болды. Шыңғыс хан әскеріндегі түркілер қазіргі қазақ жеріне ханмен бірге жаугершілікпен келсе, енді Дешті Қыпшақтағы бұрыннан отырған түркі тайпаларымен бірігіп, ұлыстың негізгі халқы болды [5, 42 б.]. Жошының шешесі Бөрте қоңырат қызы екені белгілі, ендеше, анасының тілі де түркі болғандықтан ханға мұндағы жұрттың тілі жат болмағаны хақ. Сөйтіп, халқы қазақ сияқты түркі халықтарын құраған рулар, жері түркінікі, тілі түркінікі болған жаңа ел бүгінгі қазаққа еш жаттығы жоқ болатын. Тіпті, ханы моңғол дегенмен оның да шешесі қазақ.

Кейбір деректер Жошының әкесінен бөлініп, дербес мемлекет құруды қалағанын айтады. Алайда, Жошының кезінде оның ұлысы әлі де орталық моңғол империясына бағынышты болған. Жошының өзі қазіргі орталық Қазақстанда қайтыс болып, Жезқазған қаласынан 50 шақырым жерде жерленген. Күмбездеп жасалған мазарының әлі күнге мұрты да қисаймай, Ұлытауда жарқырап тұр. Демек, сол кезде де мыңжылдық құрылыстарды салу өнері қазақ даласында болған (Алтын Орданың соңғы билеушілері Тоқтамыс пен Едіге де қазақтың осы тауында жерленген) [4, 5 б.].

Википедия ашық энциклопедиясы Жошы ұлысы 1224 жылы құрылып, 1266 жылға дейін (42 жыл) ғана Моңғол империясына бағынышты болғанын айтады.

Жошы ұлысын «Алтын Орда» атандырып, атағын аспанға шығарған баласы Бату (Батый). Әкесі өлгеннен кейін хан болған ол 1236-1242 жылдары Батысқа қарай жаугершілік жорықтар жасап, хандықтың аумағын еселей кеңіткен. Еділдің төменгі сағасына Бату Сарай қаласын салдырып, елдің орталығын осында ауыстырған. Қазіргі орыс елі ол кезде бір-біріне бағынбайтын ұсақ князьдіктерге бағынған мемлекеттер. Бату олардың бәрін де өзіне бағындырып, алым-салық салып тұрған. Соның ішінде, орыс жерінің ең жоғарғы – солтүстік-батысындағы А.Невскийдің Новгород князьдігі де бар [2].

20 жылдан артық хан болған Бату өлген соң орнына інісі Берке тұрады. Ислам дінін алғашқы болып қабылдаған хан осы. Ол қалалар, мешіттер салуға көп көңіл аударған. Кеңес

тарихшыларының жазбаларында Алтын Орда тек қанаушылықпен, жаугершілікпен ғана айналысқан ел секілді әсер қалдырады. Шын мәнінде ол кезде де сәулет өнеріне, ғылымға, қала салуға, әдебиетке көп көңіл бөлінген. Өздерінің ақшасын да шығарған. Ең үлкен ақшалары да «теңге» деп аталған. Осы Берке ханның тұсында (1257-1266) Еділ бойында әсем қалалар, мешіттер мен медреселер, керуен-сарайлар көп салынған. Елдің астанасы жаңадан салынып, ол Берке Сарайы атанған. Хан Иран мен Мысырдан оқымыстылар, дін ұстаздарын, ақындар шақырып, халықтың рухани өмірінің дамуына үлкен мән берген. Кейінгі уақыттарда бұрынғы ноғай жерлеріндегі, қазіргі Ресейдің Еділ бойы республикаларында мешіт, медреселердің көп болу тарихы сол уақыттардан бастау алған.

Беркенің орнына хан болған Мөңке Темір (Менгу-Темир) (1266-1280) Алтын Орданы тәуелсіз мемлекет дәрежесіне көтерген. Ол Шағатай ұлысының ханымен мәмілеге келіп, өзара дербестіктерін танитындығы туралы екіжақты келісімге келген.

Сөйтіп, іс жүзіндегі алғашқы Қазақ ордасы 1266 жылы құрылған деп айта аламыз. Өйткені, бұл мемлекеттің негізгі бөлігі қазақ жерінде құрылды, тілі қазақша, діні ислам болатын. Араб тарихшысы Әл-Омари моңғолдардың түркі тайпаларының арасына әбден сіңіп, тілдері қыпшақ (қазақ) болып кеткенін айтады. Кейінгі, Қазақ ордасының хандары да солардың ұрпағы ғой.

Біз секілді татар хандықтары да Алтын Ордадан бөлінген, бірақ қазіргі татарлар Алтын Орданы «біздің мемлекетіміз» деп жеке меншіктегісі келеді. Мәселен, «История татар с древнейших времен. Улус Джучи (Золотая Орда). XIII – середина XVв.» (Казань, 2010 г.) деген кітаптың өн бойынан осындай сарын еседі. Шын мәнінде татар дегеннің өзі қытайдың моңғолды солай атағанынан шыққан ғой. «Китайцы называли монголов «татарами» (тар-тар). Позже это название проникло в Европу и земли, завоеванные монголами стали именоваться «Татарией», дейді Википедия энциклопедиясы». Ал қазіргі татар дегеніңіз булғар деген Волга (өзеннің аты да солардың Булға деген сөзінен алынған) бойындағы түбі көшпелі түркі болғанымен Алтын Орда келгенше отырықшылыққа көшкен халық болатын [5, 51б.].

Әрине, Алтын Орда қазіргі қазаққа да, татарға да, ноғайға да, башқұртқа да, Қап тауындағы түркітілдес халықтарға да, т.б. бәріне ортақ. Өйткені, осы халықтардың бәрі де оның құрамына еніп, толып жатқан жорықтарға да қатысып, әлеуметтік-мәдени өмірде де үлкен жетістіктерге жетті. Сондықтан ол жеке-дара біреуге тиесілі емес, бәрімізге ортақ Отан. Сонымен қатар, оның қатарындағы әрбір халық оны өз Отаным деп айтуға қақы бар. Алайда, осы уақытқа дейін Кеңес одағының қол астындағы түркі халықтары, соның ішінде біз де бармыз, оны моңғолдікі деп өз бойларымызды аулақ салып келдік. Ақын-жазушыларымыз да оны «біздің отанымыз» деп атаудан ресми саясаттың талабынан қорықты. Алтын Орданың жетістігін мақтан тұтқан жалғыз-ақ Мағжан ақын ғана шығар. Ол исі түркі әлемін Шыңғыс хан және оның ұрпақтарымен қоса жырлап, мадақтады. Мысалы: Адамзатта тумайды Шыңғыстай ер,
Данышпан, тұңғиық ой, болат жігер.
Шыңғыстай арыстанның құр аты да
Адамның жүрегіне жігер берер.
Шыңғыстан Шағатай, Үкітай, Жошы, Төле –
Атаға тартып туған бәрі бөрі.
Шыңғыстың қол бастаған екі көзі –
Жолбарыс Сұпытай мен көкжал Жебе...

Міне солай, ұлтымыздың ұлы ақыны ұлысты ұйыстыру, жігерді жанып, намысты қайрау үшін кімді ұлықтау керек екенін сол кезден білген [5, 74 б.].

Алтын Орданың дәуірлеуі Өзбек хан (1312-1342) мен оның баласы Жәнібек ханның (1342-1357) тұсында. Осы кезде ислам мемлекеттік дін болды. Асан қайғы сияқты ойшыл, философ, ақын адамдар мемлекет қайраткері ханның ақылшысы болған.

Өзбек пен Жәнібектің тұсында қала салу, сауда істері қатты дамыған. Орда бір шеті

Мысыр, Үндістан, Қытай, бір шеті Батыс Еуропа елдерімен сауда жасап, керуен жүргізіп тұрған. Оқу, білім, өнер де қатты дамыған. Қазақ Әз Жәнібек дейтін ханымызды тіпті орыс жылнамалары да «мейірімді» деп атаған. Бірақ ол кезде орыстың айтарлықтай ықпалы жоқ, ол Орданың бір ұлысы іспеттес бағыныштылары ғана болатын. Князьдерді тағайындау құқы да Орданың еншісінде еді. Ханның көңілінен шығып, оған берілгендігін іс жүзінде дәлелдеген адамдар ғана князь ретінде тағайындалып, дуанбасы болған.

Бүгінгі күнгі археологиялық қазба жұмыстары осы XIV ғасырда Алтын Орданың Дунай мен Ертістің арасында мәдениеті өз заманында барынша жоғары дамыған 110 қаласының болғанын айтады. Кейбір деректер тіпті олардың саны 150-ге жақындаған дейді.

Жәнібектен кейін Алтын Орда билігі әлсірей түсті. Оны мынадай оқиғалардан байқауымызға болады, оның орнына тұруға тиісті баласы Бердібек қастандықпен өлтіріліп, Бату династиясы аяқталды. Осы, Жәнібек өлген 1359 жылдан 1380 жылға дейінгі 21 жылда Алтын Ордада 25 хан ауысқан. Хан атануға құқы болмаса да бегдербек (ханнан кейінгі екінші лауазым) Мамай да билікке таласып, хандықтың көп бөлігін өз ұлысына қаратып алады. Осының кезінде, Ордаға бағынғысы келмеген орыстармен Куликово (Күлік) даласында болған шайқаста Алтын Орда әскері алғаш рет жеңіліс тапты [6, 23 б.].

Алтын Орданы ыдырап кетуден Шыңғыс ханның ұрпағы саналатын Тоқтамыс алып қалды. Ол алдымен Сырдария бойындағы ұлыстарды бағындырып, артынан Сарайды да басып алды. Мамайды да қуып шығып, оны жеңген Мәскеу князьдігін де қайта шауып, өзіне бағындырды.

Сонымен, Алтын Орда ыдырап, бірнеше хандықтарға бөлініп кетті. XV ғасырда оның орнында Сібір, Өзбек, хандықтары, артынан Ноғай ордасы, одан Қырым, Қазан, Қазақ, т.б. хандықтар құрылды.Ал Ақ Орда мен Көк Ордаға бөліну Алтын Орданың кезіндегі елді батыс пен шығысқа айырған әкімшілік-территориялық бөліністер-тін. Сондықтан оларды жеке хандықтар деп атау күмәнді. Дегенмен, бұларды да жеке хандықтар деп танитын ғалымдар көп.

Қазақ хандығы, бізге бұрын үйреткеніндей, «көшіп жүрген тайпалардан» бір кездері ес жиып, Әбілқайырға өкпелеп, Керей мен Жәнібектің соңынан еріп келіп хандық құрған жоқ. Бұрын іргелі ел болмаса оның бірден хандық құрып, іргелі ел болып кетуі мүмкін емес-ті. Сондықтан Қазақ хандығының тарих сахнасына келуінің өзі Алтын Орданың арқасы екенін ұмытпауымыз керек. Қазақ хандығы – Алтын Орданың тікелей мұрагері. Оның елдік, мемлекеттілік құрылымдарын жетілдіре қолданып, құрылған дербес мемлекет. Сөйтіп, ежелгі түркі қағанаттарынан кейінгі Қазақ мемлекеті тарих сахнасында Алтын Орданың 1266 жылы орталық моңғол империясынан тәуелсіздік алуымен құрылды. Қазақ мемлекетінің түп бастауы Алтын Орданың ыдырауымен 1457 жылы құрылды [6, 27 б.].

Белгілі отандық тарихшылар мен саясаттанушылардың пікірінше Алтын Орда мұраларына жүгіну мемлекет құрушы қазақ халқының айналасында шоғырланған Қазақстан этникалық топтарының біртұтас азаматтық ұлтқа одан әрі интеграциялануына ықпал етеді және қазіргі Қазақстан үшін ең құнды стратегиялық ресурс.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Алтын Орда https://kk.wikipedia.org/wiki/Алтын_Орда. – 2020 толықтырулар.

2.750 жыл бұрын қандай оқиға болды//https://sputnik.kz/spravka /20191229/ 12415050/Altyn-Orda-750.html 09.01.2020).

3. Почекаев Р.Ю. Алтын Орда. Тарих империялық тұрғыда. - SPb.: Ғылым. – 2017. – 206 б.

4. Егемен Қазақстан Жақсыбай САМРАТ «Алтын Орда біздің орда» 12/8 – Алматы: 8 қазан, 2013. – 5б.

5. Арсланов А.М. Ұлыс Жошының (Алтын Орда) сауда-экономикалық қатынастары батыс елдері (XIII-XIV ғасырлардың екінші жартысы): Дисс. жұмыс үшін. үш. Өнер. Cand. ист. Ғылымдар: 07.00.02: / Арсланов Азат Мехаметгалиевич. – Қазан, 2014. – 208 б.

6. Ахинжанов С.М. XIII ғасырдың басында Хорезм және Дешті-Қыпшақ. (біріншісінің орны туралы) Хорезмшах армиясының моңғолдармен шайқастары) / Көшпелі мәдениеттердің өзара әрекеті және ежелгі өркениеттер. - Алма-Ата: Наука. – 1989. – 464 б.

УДК-1/14(075.8)

ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ИДЕЯЛАР МЕН ТҰЖЫРЫМДАМАЛАРДЫҢ АРНАЙЫ ПЕДАГОГИКАДАҒЫ ГУМАНИСТІК БАҒЫТТАРДЫҢ ДАМУЫНА ӘСЕРІ

Ауесханова М.М. магистрант, **Аликенова К.Н.** к.ф.н., доцент
І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті,Талдықорған қ.

e-mail: *aueskhanova.m@mail.ru*

Қазіргі заманның талабы – ерекше қажеттілігі бар балаларды әлеуметтік ортаға бейімдеу болып табылады. Алайда, бүгінде осы мәселедегі басты проблема – қоғамның мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға деген көзқарасы. Осы тенденцияларды тереңірек тануға олардың философиялық түсінігі ықпал етеді. Антика дәуірінен бастау алған пікірлер мен тұжырымдамалар арнайы педагогикадағы гуманистік бағытың қалыптасуы мен дамуын зерттеп, қарастыруға мүмкіндік береді. Нақтырақ айтсақ, арнайы педагогиканың фундаменталды теорияның сәтті дамуы үшін, философиялық мәселелер кешенін дамыту маңызды.

Инклюзивті білім беру бағдарламасының принциптеріне сай, әрбір адам қарым-қатынасқа құқылы және барлық адам бір-біріне қажет. Осыған орай, қоғам тарапынан ерекше білім алуды қажет ететін балаларға деген оң көзқарас бүгінгі күннің маңызды мәселесі болып табылады.

Тірек сөздер:*арнайы білім беру, философия, гуманизм, парадигма, кемтар адам, гуманизация, инклюзия, кемістік, ерекше қажеттілік.*

Адаптация детей с особыми потребностями к социальной среде является современным требованием. Однако главная проблема - это отношение общества к людям с ограниченными возможностями. Философское понимание способствует более глубокому пониманию этих тенденций. Мнения и концепции, начатые с античной эпохи, позволяют изучать и рассматривать становление и развитие гуманистического направления в специальной педагогике. В частности, для успешного развития фундаментальной теории специальной педагогики важна разработка комплекса философских проблем.

Согласно принципам инклюзивного образования, каждый имеет право на общение, и все нужны друг другу. В связи с этим, сегодня актуальным является позитивное отношение общества к детям, нуждающимся в специальном образовании.

Ключевые слова: *специальное образование, философия, гуманизм, парадигма, инвалид, гуманизация, инклюзия, дефект, особые потребности.*

The adaptation of children with special needs to the social environment is a modern requirement. However, the main problem is the attitude of society towards people with disabilities. Philosophical concept contributes to a deeper understanding of these tendencies. Opinions and concepts, begun from the ancient era, allow us to study and consider the formation and development of the humanistic direction in special pedagogy. In particular, for the successful development of the fundamental theory of special pedagogy, it is important to develop a complex of philosophical problems.

According to the principles of inclusive education, everyone has the right to communicate,

and everyone needs each other. In this regard, today the positive attitude of society towards children in need of special education is relevant.

Key words: *special education,philosophy, humanism, paradigm, defect, humanization, inclusion, disabled, special needs.*

Философия педагогика ғылымының негізі болып табылады, себебі, барлық педагогикалық теориялар белгілі бір философиялық тұжырымдамаларға негізделеді. Осыған байланысты, арнайы педагогикадағы гуманистік бағыттардың дамуын зерттей келе, біз философиялық идеялар мен тұжырымдамаларға сүйенеміз.

Жалпы, философия арнайы білім беруге қарағанда алда. Себебі, біріншіден, педагогикалық құбылыстардың дамуын анықтайтын, адамның мәні мен оның әлеуметтік-табиғи болмысының идеологиялық негізі ретінде. Екіншіден, білім беру процесін зерттеудің әмбебап әдістері мен принциптерін қолдануға ұсынатын әдстемелік негіз ретінде. Сондай-ақ, әлеуметтік философия нақты ғылымдарың әртүрлі салаларындағы білімдерді түсіндіру, білім беру модельдері мен түзету педагогикалық тұжырымдамаларының әлеуметтік алғышарттарын анықтау, әлеуметтік қажеттіліктердің динамикасына сәйкес оның парадигмалық дамуының негіздері мен бағыттарын анықтауға мүмкіндік береді.

Философия тарихында дәстүрлі білім берудің проблемалық тобы зерттеліп, ерекше білім алуды қажет ететін балаларды оқытудың әлеуметтік-мәдени факторлары ескерілмей, үзік-үзік қарастырылған. Платон, Аристотель, А.Августина, А.Шопэнгауэр, Ф.Ницше сынды ғұламалардың еңбектерінде кемістік пен дамуында ауытқуы бар адамдар жайлы тек қысқаша жазылған.

Ұлы ғұламалар мен философтар әлеуметтік ортаның даму мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға деген қарым-қатынасын зерттеп, көптеген ой-пікірлерін қалдырған. Және осындай пікірлер мен жазбалардың сол дәуірдің адамдарына тигізген әсерін олардың мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға деген қарым-қатынасынан байқай аламыз.

Х ғасырдан бүгінгі күнге дейінгі қоғамның дамуында ауытқуы бар балаларға деген қоғамның қарым-қатынасы мен көзқарасының дәрежесіне байланысты Н.Н.Малофеев 5-кезеңге бөліп, қарастырған:

Бірінші кезең (Х - 1198) – Батыс Еуропалық өркениетте ерекше білім алуды қажет ететін адамдарға қорқыныш пен жеккөрушілік сезімдері басым болды.

Екінші кезең (XII-XVII) – Даму мүмкіндігі шектеулі балалардың бір бөлігін оқыту мүмкіндігінің бар екені дәлелденеді. 1770 жылы Парижде сөйлеу, есту қабілеті бұзылған балаларға арналған, 1784 жылы көру қабілеті бұзылған балаларға арнайы мектеп ашылған.

Үшінші кезең (XVII-XX) – Сенсорлық бұзылыстары бар балаларды оқытудың мойындалу кезеңі. Осы кезеңде көру, есту, зияты бұзылған балаларды біріктіріп оқытуға арналған арнайы мектептер ашыла бастады.

Төртінші кезең XX – ғ. басынан 70 ж. қарай дамуында ауытқуы бар балалардың барлығын бірдей оқыту қажеттілігі туындады.

Бесінші кезең XX ғ.70ж.аяғы XXI ғ. бөлектенуден кіріктіруге ауысу кезеңі. Осы кезеңде антидискриминациялық заңдастырылған акттер қарастырыла бастады. [1]

Ғылым алғашқы қоғамдағы кемтар адамдардың жайын нақты мәліметтер арқылы дәлелдей алмады. Алайда, олардың сол заманда азығын тауып, қалыпты өмір сүруге дәрменсіз болып, өз ажалымен өлмеген жағдайда, өзгелер өлтіргендігіне дәлел болатын ақпараттар бар.

Алғашында, «патология» немесе «кемістік» жайлы тұжырымдар мен пікірлер адам өмірінің басқа көріністерімен сипатталып, бұрмаланған болатын.

XX ғасырдың басында, дамуында ауытқуы бар адамдарды «емдеуге» болады деген түсінік пайда бола бастаған кезде, ғалымдар түрлі эксперименттік жұмыстар жүргізе бастайды. Алайда, аталған тәжірибе жұмыстарының басым бөілігінің пайдасына қарағанда

зияны көп болды. Электрошок, гидротерапия, қан ағызу сынды тәсілдерден мүмкіндігі шектеулі тұлғалар зардап шекті. Осыған орай, Гераклит: «Ауру денсаулықты жағымды қылып, оны жақсартады, осыған байланысты адам өмірінің мақсаты - «жеңілдеу», қайғы-қасіреттен арылу болып табылады, сол себепті, олар өзі ауырып тұрған адамға ауырсыну тудырып емдейтін шараларға сенімсіздік танытады» - деп пайымдаған.

Платон да өзінің «Тимотей» атты диалогында осы тақырыптарды қозғап, ауруларды емдеу жайлы жазып өткен. Сондай-ақ, Аристотельдің этикалық ілімдерінде ақылсыздық, қатігездік пен бұзылғандық және тағы да басқа ауытқушылықтар жайлы қарастырылып айтылған. Аристотельдің пікірі бойынша: «Бақытты өмір кешу үшін, адамдар осындай қолайсыз жағдайлардан шектелген болуы керек». Сонымен қатар, Аристотель тұрғындардың орналасқан жері, сол жердің ауасы мен суы денсаулыққа сай болуы керек және баланың дұрыс тамақтану мен аурулардың алдын-алу шараларын салауатты өмір түсінігіне жатқызған. Осылайша, Аристотель философиясынан адам дамуындағы ауытқуларды «емдеу» туралы пікірлер өз бастауын алғанын байқаймыз.

Арнайы педагогиканың құрылуының бастапқы кезеңдерінде мүмкіндігі шектеулі жандарға көрсетілетін көмек нәтижесі толығымен жоғары дәрежеде болды деп айтуға келмейді. Мұны Шопенгауэрдің «педагогикалық түзету көмегіне» деген қарсылығымен түсіндіруге болады. Ол «адамның негізі мен мінезін өзгерту немесе түзету мүлдем болмайтын іс» - деп қарастырған. Оған коса Ф.Ницше осы пікірді қолдап, «түзету тәсілдерін табиғатқа қарсы және пайдасыз әрекет» ретінде пайымдады.

Көріп тұрғанымыздай, аталған тақырып аясында философтардың пікірлері екі бағытқа бөлінеді. Антика заманының философтары Плутарх пен Сенеканың еңбектерінде, керісінше, ауру, әлсіздерден құтылу, оларды өлтіру дәстүрі туралы жазылған.

Француз ағартушысы Д.Дидро адамның ақыл-ойы мен адами қасиеттерінің дене құрылысымен тығыз байланыста деп тұжырымдаған. Және де ол математик Н.Саундерсонның өмірлік әрекетіне сүйеніп, көру кемістігі бар баланың сезімдерінің ерекшеліктерін атап көрсеткен.[2]

Ғылымның Ежелгі Грекияда (көбінесе Спартада) бала өлтіру туралы мәліметтерін қарастыратын болсақ, аталған жағдай ерте жаста кемістігі анықталған балаларға қатысты болу ықтималдылығы жоғары. Осы сынды оқиғаларға психикалық кемістігі бар балаларға қарағанда, физикалық кемістігі бар балалар жиі тап болған. Себебі, психикалық кемістігі бар баланың «ерекшелігі» бала есейгенде ғана байқалатын болған. Біздің заманымызға дейінгі IV-V ғ. Спартада орын алған аталмыш оқиғаларды Аристотель, Платон сияқты ғұламалар сипаттаған. [3]

Сонымен қатар, сол заманның адамдары мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды «бақсылар», «шайтандар», «құдайдан жәбір көргендер» деп айып тағып, оларды қоғамнан алшақтатқан. Міне, осындай жан түршігерлік деректер ежелгі замандағы қоғамның мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға деген теріс көзқарасының дәлелі.

Арнайы педагогика мен медицинаның эмпирикалық базаларының кеңеюіне байланысты, «кемістіктердің» себептері, түрлері мен нақты сипаты туралы теориялық білімдерді толықтыру мәселесі туындады. Осыған орай, психофизиологиялық бұзылыстардың философиялық классификациясын әзірлеу беталысы басталған.

Уақыт өте келе, барлығы анықталады, белгісіз дүние зерттеледі. Ф.Бэкон танымның негізі тек тәжірибе екенін айтады. «Адамзат неғұрлым көп жинақтаса, соғұрлым ол шынайы білімге жақын болады. Шынайы білім өздігінен анықталмайды. Білім мен тәжірибенің негізгі міндеттері - адамға өз қызметінде практикалық нәтижелерге қол жеткізуге көмектесу, жаңа өнертабыстарға, экономиканың дамуына, адамның табиғатқа үстемдігіне ықпал ету. Философия жаңа білімнің көшкініне жауап беруі керек», - деген Ф.Бэконның пікірімен арнайы педагогикадағы гуманистік бағыттың пайда болып, дами бастағандығын түсіндіре аламыз. [4]

И. Кант өзінің антропологиялық концепциясында әлсіздік пен жан ауруларының

классификациясын құрастырды. Ол «Адамдардың міндеттерінің бірі – басқаларға деген жақсы қарым-қатынасы, өзгелерге жақсылық жасау, олардың бақыты үшін ат салысу», - деп санады. Дамуында ауытқуы бар балалар мен «ауруларға», әлеуметтік жағдайы төмен адамдарға «мемлекеттік қамқор» жасау қажеттілігін негіздеуде И.Канттың сіңірген еңбегі мол болды.

XX ғасырда мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың көбеюіне қарай олардың білім алуы мен даму мәселелері маңызды рөлге ие бола бастады. Осы мәселелерге қазіргі Батыс философиясының 3 бағыты аса көп көңіл бөлді. Олар: экзистенциализм, психоанализ бен постмодернизм.

Эксистенциализм философиясында (К.Ясперс, А.Камю, Ж.П.Сартр және т.б.) патологиялық көріністерге тұрмыстық мән-мағына берілді, ал осы көріністерден құтылу шынайы өмір сүру ағымымен тікелей байланысты. Адамның шынайы өмір сүру шарты, оның өз бостандығының өзге адамдар бостандығымен сәйкестенуінің негізінде, өзі-өз болып қалыптасуына деген тұжырым айтылған. Аталмыш ой-пікірлер болашақ психотерапиялық емдеу тәжірибесінің дамуына жағымды ықпалын тигізді.

Адлердің «кемтар баланы әлеуметтік тұрғыда жетіспеушілігінің орнын толтыру және әлеуметтік бейімдеуге бағыттау идеясы» арнайы педагогикада маңызды орындардың біріне ие. Адлер кемтарлықты «әлсіздік» деп қана емес, сонымен қатар, белгілі бір «күш» деген пікірді ұстанған.

Постмодернизм бағыты бойынша (М.Фуко, Ж.Делез және т.б.) ақыл мен ақылсыздық және ауру мен патология арасындағы байланыстардың шекараларының жоқтығына ерекше назар аударған. Мұнда, сондай-ақ, медициналық мәтіндерді талдау негізінде клиникалық практикаға берілген көріністерді танудағы қиындық белгіленіп көрсетілген. Постмодернизм идеялары қосымша түрде түзету әрекетінің сыни көздік беталысын негіздейді. Ресейлік философияда арнайы педагогика мәселелеріне жүйелі түрде талдау жасалып, толық ғылыми тәртіптілікпен қарастырылмаған. Бірақ, соған қарамастан, арнайы білім берудің кейбір мәселелері философиялық ағартушылыққа ие болған. Нақты А.Г.Спиркин сананың кейбір ауруларын талдаған, олар «патологиялық субъективтілік», сананың бұзылған қалпы т.б. [2]

Жоғарыда көрсетілген деректерден философтар мен ғұламалардың мүмкіндігі шектеулі тұлғалар туралы ой-пікірлерінің екіге бөлінгенін байқаймыз. Алайда, XII-XVII ғасырлардан бастап адамдардың санасы едәуір өзгеріп, олардың қоршаған ортаға деген көзқарасының өзгергендігін байқай аламыз. Осы кезеңдер көптеген философтардың ерекше білімді қажет ететін тұлғалар жайлы деректері мен пікірлерінен бастау алды және сол арқылы қоғамның «ерекше» жандарға деген көзқарасы өзгере бастады. Оларға тағылған айыптар негізсіз деп танылды, кемістік түрлері зерттеліп, мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды оқыту мен түзету мәселесі қолға алына бастады.

Бұрынғы қоғам мүмкіндігі шектеулі адамдарды «қоғамның толық мүшесі емес» деп жариялап, оларды өз зандарына бағындыру арқылы түзету жұмыстарын жүргізген. Ол кезде ерекше қажеттілігі бар тұлғаларды қоғамға бейімдеу шаралары қарастырылмаған. Ал бүгінде, арнайы педагогиканың басты мақсаттарының бірі – ерекше қажеттіліктері бар балаларды әлеуметтік ортаға бейімдеу болып табылады.

Қазіргі таңда, арнайы педагогиканың жаңа парадигмасы үш негізгі бағытта қалыптасады, олар:

1. Гуманизация, яғни адамшершілікке бас бұру;
2. Фундаментализация – жалпы теориялық негіздерді қайта қарастыру;
3. Интеграция. Бұл бағыт қазіргі уақытта өте өзекті, ол мүмкіндіктері шектеулі балаларды қалыпты балалармен барлық түрде біріктіру жолдарын білдіреді.[5]

Аталған бағыттар ерекше білім алуды қажет ететін балаларға деген гуманды қарым-қатынасты алға қояды. Яғни, әлеуметтік ортаның «ерекше» балаларды бөліп-жармай, өз қатарына қосып, жеке тұлғаның құқықтарын сыйлауына бағытталады.

Аристотельдің ойынша, «Мемлекет тек өмір сүру үшін ғана емес, сонымен қатар, бақытты өмір сүру үшін құрылады». Яғни, мемлекеттің, қоғамның әрбір мүшесі барлығымен тең дәрежеде өз бақыты үшін өмір сүруге, «барлығы сияқты» болуға құқылы және ешқандай факт оларды әлеуметтік ортадан алшақтата алмайтынын білдіреді.[4]

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Малофеев Н.Н. Специальное образование в России и за рубежом.- М. – 1996.
2. Специальная педагогика: уч.пос.для студ.выс.уч.зав./под ред.Н.М.Назаровой.-7-е изд.-М.:изд.центр «Академия», 2007.
3. Замский Х.С. История олигофренопедагогики. -- 2 изд. - М.: Просвещение, 1980. - 398 с.
4. Касабек А., Аликенова К.Н., Современная философия науки: учебное пособие. /– Талдыкорган: ЖГУ. 2016.
5. https://documentsite.net/3352333/

ӘОЖ 378.016

ОТБАСЫНДАҒЫ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ РӨЛІ

Ахмедиева К.Н. аға оқытушы, магистр, **Шеңгелбаева С.Б.** аға оқытушы, магистр
І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

e-mail*: ahmedieva66@mail.ru, abdeeva-s@mail.ru*

Мақалада отбасы мүшелері арасындағы қарым-қатынастың рухани құндылықтарды қалыптастырудағы мәні мен мазмұны қарастырылған.
Тірек сөздер: *отбасы, отбасылық қатынастар, неке, рухани құндылық, ұрпақтар сабақтастығы.*

В статье рассматривается значение и содержание взаимоотношений членов семьи в формировании духовных ценностей.
Ключевые слова: *семья, семейные отношения, брак, духовные ценности, непрерывность поколений.*

The article examines the meaning and content of relationships between family members in the formation of spiritual values.
Key words: *family, family relationships, marriage, spiritual values, continuity of generations*

Отбасы - қоғамның негізі. Өкінішке орай, қазіргі кезде қоғамның негізгі құрылымдық элементі - отбасы өзінің бұрынғы тәрбиелік функциясын жоғалтып, өркениетті әлемнің көп бөлігінде отбасылық заң мен тәртіп бұзылды. Қоғамның болашағы дені сау отбасы құрылымына байланысты.. Отбасы құрылымының беріктігі оның мүшелерінің бірге өмір сүру сапасымен тығыз байланысты. Идеалды отбасылық ортаны қазіргі әлемнің тоқтаусыз шабуылынан қорғау тек мәңгілік экзистенциалдық принциптер мен адами құндылықтарды сақтау арқылы мүмкін болады.

М.С.Бедный зерттеулеріне сәйкес, соңғы жылдары отбасы трансформациясының белгілері барған сайын айқын бола бастады, мысалы, неке санының азаюы, олардың «ескіруі», тіркелмеген неке санының көбеюі (яғни азаматтық), туудың төмендеуі және оның

«қартаюы» (алғашқы балалардың тууы кейінге қалдырылуы), шағын отбасыларының басымдығы, некесіз балалар санының көбеюі және т.б. Некелер санының азаюына және соның салдарынан туу коэффициентінің төмендеуіне тұрғын үймен қамтамасыз етудегі қиындықтар, жұмыс, сондай-ақ әлеуметтік мәселелер және т.с.с. тікелей әсер етеді. Әлеуметтану ғылымдар саласындағы зерттеулерге сәйкес, отбасының физиологиялық және психологиялық денсаулығы олардың жеке тұрғын үйінің қол жетімділігіне байланысты. Бұл жас жігіттер мен бойжеткендердің көпшілігінің жас отбасы ата-анасынан бөлек өмір сүруі керек деп санайтындығымен расталады [1, 98].

Жоғарыда айтылғандар қазіргі жастар арасындағы отбасылық қатынастардың ұйымдаспау белгілерінің дәлелі, деп тұжырымдайды С.И.Голод. Бұл отбасылық борыш сезімдерінің, отбасылық дәстүрлердің және ерлі-зайыптылардың адалдық қатынастарының әлсіреуіне әкеледі. Қазіргі кезде үйленетін жастардың көп жағдайда тәуелсіз отбасылық өмірдің қиындықтарына дайын болмайтындығын ескерте отырып, оларға отбасылық өмірдің қиындықтарына арнайы дайындықты ұйымдастыру қажеттілігін атап өткен жөн. Қазіргі жастар осы тұжырымдаманың жалпы қабылданған түсінігінде некеден бас тартпайды, бірақ олар некелерін уақтылы және ресми түрде тіркеуден бас тартады. Жастардағы осы мәселелердің барлығын педагогогикалық-психологиялық қызметінде шешу үшін неке, отбасы, балалар құндылықтарын насихаттау, неке, отбасы, балалардың тууы мен тәрбиесі мәселелері бойынша әлеуметтік-педагогикалық кеңестер ұйымдастыру және т.б. маңызды. Жастар арасындағы неке, дүниеге баланы әкелу, отбасылық құндылықтарға деген қызығушылықты арттыру елдің әлеуметтік-демографиялық дамуында айтарлықтай нәтиже береді. Отбасы -тек неке тобы ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік институт, яғни, отбасында шоғырланған ерлі-зайыптылар, балалар, сондай-ақ туыстар арасындағы қатынастар жүйесі болып табылады. Әр адамда екі отбасы болады, ол дүниеге келген, сондай-ақ өзі құрған және қазір өмір сүріп жатқан отбасы. Егер қоғамның қалыпты дамуын қаласақ, онда отбасы - үнемі назар аударуды қажет ететін қоғамның бірлігі. Отбасының өмір сүру шарттарының бірі - *отбасылық қатынастар* [2, 113].

Р.Зидердің пайымдауынша, балалардың дүниеге келуі мен тәрбиесі, үйдегі шаруашылықтың жүзеге асырылуы, оның барлық мүшелерінің мүдделерінің қанағаттандырылуы; отбасындағы өзара түсіністік, сыйластық, қолдау, түсіну қарым-қатынастың мәнін анықтайды. Отбасындағы қатынастар қарым-қатынас дәстүріне, қоғамның экономикалық және әлеуметтік жағдайына, ерлі-зайыптылардың үй шаруашылығына, қоғамдық өндіріске қатысуына және отбасы типіне байланысты. Дәстүрлі отбасында әке мен ана жағынан балалар, аталар мен әжелер бірге тұрады. Алайда, қазір балалар көбінесе бір отбасының қарым-қатынасын, жауапкершілік пен ынтымақтастық қатынастарын сақтай отырып, бөлек өмір сүреді. Ескі отбасының моделі бүгінде жоғалып кетті, ал жаңасы әлі жасалған жоқ. Отбасы этимологиялық тұрғыдан «тұқым» - сөзінен шыққан. Отбасы қандас туыстар. Отбасылық мәселелерді зерттейтін көптеген ғалымдар қазіргі заманғы отбасының дағдарысы, әлемнің көптеген елдеріндегі дағдарыс туралы айтады [3, 126].

Отбасылық қатынастар мен құндылықтарға әсер ететін ең үлкен проблема - бұл олардың (қарым-қатынастың) өзін қабылдауы. Әр отбасы мүшесіне шынайы құрмет пен ризашылықтың болуы, өз ризашылықтарын әрдайым сөздермен, қимылдармен немесе әрекеттермен көрсету, отбасы мүшелерінің арасындағы сүйіспеншілік пен байланысты үзбеуге көмектеседі. Отбасылық қатынастардағы екінші үлкен проблема - бір-біріне уақыттың жетіспеушілігі. Тіпті ерлі-зайыптылар да бір-біріне уақыт жетіспеу проблемасына тап болады. Бұл елеулі эмоционалдық проблемаларға, алдау, қақтығыс және ажырасуға әкеледі. Сол себептен, жақындары үшін жеке уақытты құрбан ету үлкен маңызға ие.

Отбасындағы қарым-қатынас барысында «Мен сені сүйемін» деген тіркестің үлкен мәні бар. Сүйіспеншілік туралы сөзбен және іспен сөйлесу, мысалы, үлкен отбасылық түскі

ас дайындау, балаларды ойын-сауық саябағына апару, жұбайына дәмді ас дайындап, романтикалық жәй-күйлерді ұйымдастыру және өзге де іс-шараларды ұйымдастырып, бос уақытты тиімді өткізу қажет. Ата-аналардың өз балаларын дұрыс шешімдер қабылдауға үйретуі өте маңызды. Отбасының негізгі құндылықтарының тізімі, әрине, әр отбасы үшін ерекше болады және шексіз нүктелер мен қосалқы тармақтарды қамтиды. Біздің әрқайсымыз берік және достық қарым-қатынастағы отбасын құрудың негізін нығайтуға көмектесетін отбасылық құндылықтар туралы нақты түсінікке ие болуымыз керек.

Моральдық-этикалық стандарттарды білу сенімділікті арттыруда және әр отбасы мүшелеріне деген сенімділікті, маңыздылық пен қажеттілік сезімдерін арттыруда маңызды рөл атқарады,- деп көрсетеді А.Г.Харчев. Отбасының әрбір мүшесі оларды жақсы көретінін, бағалайтынын және қажет екенін білуі маңызды. Тату-тәтті отбасы ретінде де, бос сәттерін жақындарына арнай отырып, әрбір отбасы мүшелеріне олардың қызметіне кеңістік пен еркіндік берілуі керек. Отбасы - бұл ерекше жағдайсыз, мерекесіз жиналып, бірге уақыт өткізуге болатын орын, бұл кедергіге кездесіп, жолыңыз болмаған кезде де қайтуға болатын, сізді қабылдап, тыңдап, қолдайтын және тығырықтан шығуға кеңес беретін, қауіпсіз орын. Отбасылық мәселелерді шешуге икемділік - бұл бақытқа апаратын жол және жайлылық сезімі. Әр отбасының өз тәртібі, күнделікті тәртібі, құрылымы, ережелері бар [4, 97].

Алайда, тым көп тәртіп пен ережелер қарым-қатынастың нашарлауына және реніштің пайда болуына әкелуі мүмкін. Отбасы мүшелерінде бір-біріне деген құрмет сезімін қалыптастыру маңызды. Отбасында сыйластықты сақтаудың жалғыз әдісі - өзіңді қалай құрметтеу керектігін жеке үлгі арқылы көрсету. Сыйластық пен қорқыныш арасында өте нәзік байланыс шекарасы бар. Басқаны құрметтеу дегеніміз - оның сезімдерін, ойларын, қажеттіліктерін, қалауларын қабылдау. Сыйластық отбасының құндылығы ретінде үйден мектепке, жұмысқа және әлеуметтік байланыс жүзеге асатын басқа да қоғамдық орындарға таралады. Адалдық пен шынайылық отбасы мүшелерінің арасындағы терең байланысты қалыптастырады. Отбасындағы жақындар арасындағы кез-келген іс-әрекетті түсіну және құрметтеу үйрену негізінде адалдыққа тәрбиеленеді. Ренжіткен адамдарды кешіру, қабылдау, босату, әрі қарай жүруге үйрену де аса маңызды. Назар аударуға, сүйіспеншілікке, уақытқа, қарым-қатынасқа, тіпті кейбір материалдық құндылықтарыңызға жомарт болу да отбасылық қарым-қатынасты жақсарту жолы болып табылады.

Отбасындағы қарым-қатынас - бұл бөлек өнер. Ақпаратты, сезімді дұрыс жеткізу - отбасылық қатынастарды қалыптастырудың маңызды элементі. Адамдар өздерінің армандарын, үміттерін, қорқыныштарын, сәттіліктері мен сәтсіздіктерін оңай және ашық түрде білдіре аламын деп ойлаған кезде, неке байланысын нығайтуға ықпал етеді. Қарым-қатынастың жетіспеушілігі кішігірім мәселелердің үлкен мәселелерге ұласуына әкеліп соғады, оның соңы жанжал немесе ажырасумен аяқталады.

Отбасын некемен шатастыруға болмайды. Отбасы - бұл некеге қарағанда күрделі қатынастар жүйесі, өйткені бұл ерлі-зайыптыларды ғана емес, олардың балалары мен басқа туыстарын да біріктіреді.

Отбасыішілік қатынастар жеке (ана мен ұл арасындағы қатынас) және топтық (ата-аналар мен балалар арасындағы немесе көпбалалы отбасыларында ерлі-зайыптылар арасындағы) болуы мүмкін.

Мұнда, біздің ойымызша, мәселені талдау әдістемесіне қатысты түбегейлі мәселе бар: отбасылық дағдарыстың бастауларын ерлі-зайыптылардың тұлғалық сапаларынан, олардың жеке қасиеттерінен, өзі өсіп жатқан әлеуметтік тәрбиенің ажырамас бөлігі және оның ерекшеліктері деп қарастыру қажет.

Т.Н.Жүндібаева отбасындағы тәрбие мәселесін зерттей келе, отбасында баланың дүниеге келуі, оның тәрбиесіне байланысты сол әулеттің күрделі механизмі іске қосылатынын көрсетеді. Отбасындағы, сондай-ақ жақын туыстар арасындағы қарым-қатынас әрдайым рухани және психологиялық мәнге ие болады. Ата-аналардың бір-бірімен,

туыстарымен қарым-қатынасындағы кез-келген ерекшеліктерді балалар саналы және бейсаналық деңгейде сезінеді. Ашықтық немесе оқшаулау, шынайылық немесе жалғандық, жанашырлық немесе немқұрайлылық, жомарттық немесе сараңдық, қайырымдылық немесе салқындық - бәрі балалардың қабылдау таразысына түседі, әр түрлі эмоционалды реңктермен есте сақталады, осылайша, баланың жеке басының қалыптасуына әсер етеді. Әр адамда балалық шақтағы аталары және әжелерімен қарым-қатынастан алған әсерлері туралы естеліктер сақталады. Баланың әлемі бесік жырынсыз, ертегісіз, тағылымды әңгімелерсіз елестетілмейді. Ата-әжелер немерелеріне жас кездері, ойындары, қызметі немесе жұмысы, кездесулері мен қызықты адамдармен қарым-қатынасы туралы әңгімелейді, өмір тәжірибесімен бөліседі, нәтижесінде балаларда ата-аналарын, әжелері мен аталары жайлы мәліметі кеңейеді, байланыстары тереңдейді. Мұндай естелік әңгімелер отбасында ата-бабаларына деген құрмет сезімін сақтап қалады. Үйдің өзі, жиһаздар, олар сатып алған немесе өз қолдарымен жасаған заттары жағымды ахуал туғызып, өзіндік моральдық қорек болып табылады. Осылайша, қарым-қатынас арқылы жеті ұрпақтың барлығы отбасының тереңіне кететін тамырдың негізін құрайды [5, 131].

Ұрпақтар арасындағы байланысты нығайту отбасының рухани негіздерін қалпына келтіруге, ата-аналар мен балалар арасында моральдық және рухани «қашықтық» туындамауына, бір жағынан әке- шешесі, екінші жағынан, олардың ата-аналары арасында бұған жол бермеуге көмектеседі. Табиғаттың өзі аға ұрпаққа болмыстың даналығын түсінуге, кішісі дүниеге келмеген кездің өзінде өмірлік тәжірибе жинауға ықпал етеді. Аға ұрпақ неғұрлым тәжірибелі болса, соғұрлым олар отбасының кішкентай мүшелеріне көбірек жеткізе алады, қорғайды, сақтайды, ең бастысы, олар өз сүйіспеншіліктерімен балалары мен немерелеріне теңдей махаббатты үйретеді. «Аға ұрпақ пен бала ұрпақ» дүниенің пайдасы туралы ойлардан еркін болғандықтан, олардың арасындағы қарым-қатынас шынайы, әрі рухани болады. Егер балалар мұндай қарым-қатынасты жеткілікті деңгейде алмаса, олардың жаны махаббатты, отбасылық жылулықты аз қабылдайды, жақсы ертегідей саналатын балалық шақтың әдемі елесі жоғалып, жақсылық пен зұлымдық жайлы ұғымдары жеткіліксіз болғандықтан, руханилық практицизмге алмасады.

Отбасын нығайтудың маңызды резерві - мектепте отбасылық тәрбиені жетілдіру. Бұл резерв ішінара пайдаланылады. Мектеп бағдарламасында тіпті «Отбасы өмірінің этикасы мен психологиясы» арнайы курсы жетілдіріліп, оқытылуы аса қажет. Ол отбасының рухани негізін құрайтын теориялық білім ғана болғандықтан, бастапқы ұстаным отбасылық қатынастардың жеке аспектілерін емес, отбасының іргелі негіздерінен ақпарат береді. Сондықтан, теория мен отбасындағы рухани байланыс арасындағы бірлік ерлі-зайыптылардың психологиялық білімдерінің, сондай-ақ, отбасындағы рухани құндылықтардың бірі – үйлесімді қарым-қатынастың негіздерін қалайды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Бедный М.С. Семья - здоровье – общество.- М., 2006.

2. Голод С.И. Стабильность семьи: социологический и демографический аспекты.- Л.,2014

3. Зидер Р. Социальная история семьи в Западной и Центральной Европе (конец XVII – XX вв.). – М.: Гуманитарный издательский центр «ВАДОС», 2017. – 303с.

4. Харчев А.Г., Мацковский М.С. Современная семья и ее проблемы. – М., 1997

5. Жүндібаева Т. Отбасы педагогикасы. Алматы: Экономика, 2014. — 312 б.

ӘОЖ 34/341.9

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ШЕТЕЛДІК ИНВЕСТИЦИЯЛАРДЫ ҚОРҒАУ КЕПІЛДІГІ

Ахмет Ғ.Б. з.ғ.м., аға оқытушы
І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

e-mail: *g_akhmet93@mail.ru*

Бұл мақалада инвестициялық құқықты құқықтық реттеудің теориялық және практикалық мәселелерін зерттеуге кешенді көзқарас қарастырылған. Жұмыс инвестициялық құқықтың заңды табиғатын ашып, оның азаматтық-құқықтық міндеттемелер жүйесіндегі орнын анықтайды. Халықаралық инвестициялық құқық субъектісінің мәні мен ерекшеліктері ашылды.

Тірек сөздер: *Инвестициялар, конвенциялар, қаржы институттары, қатысушылар, халықаралық компаниялар, органдар.*

В данном статье предпринят комплексный подход к исследованию теоретических и практических проблем правового регулирования инвестиционного права. В работе выявлена правовая природа инвестиционного права и определено его место в системе гражданских обязательств. Выявлена сущность предмета и особенности субъектного международного инвестиционного права.

Ключевые слова: *Инвестиция, конвенция, финансовые институты, участники, международные компаний, органы.*

This article takes a comprehensive approach to the study of theoretical and practical problems of legal regulation of investment law. The work reveals the legal nature of investment law and defines its place in the system of civil obligations. The essence of the subject and features of subject international investment law are revealed.

Key words: *Investment, convention, financial institutions, participants, international companies, bodies.*

Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы қазақстандық заң қабылданғаннан басталған инвестициялық саясаттың өзгеруі жағдайында (қазір оның құқығы жоқ), шетелдік инвесторларға өз қызметіне қосымша кепілдіктер беру қажет болды. Нәтижесінде Корея Республикасы Президенті жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесінің [1] кеңесшісі және кеңесші органы түрінде болды. Кеңесті күн тәртібін бекіту және Кеңес отырыстарында төрағалық етуді қамтитын оның қызметін басқаратын Қазақстан Республикасының Президенті басқарады. ҚР Премьер-Министрі, ҚР Ұлттық Банкінің төрағасы, ҚР Сыртқы істер министрі, Инвестициялар комитетінің төрағасы және Ведомствоаралық кеңестің төрағасы шетелдік инвесторлардың өтініштерін талқылайды. Халықаралық қаржы институттары, шетелдік компаниялар, кеңестер құрамына аға менеджерлер деңгейіндегі өкілдер немесе олардың танымал оқытушылары кіреді. Осылайша, Директорлар кеңесі Қазақстан Президентін халықаралық ұйымдардан және шетелдік компаниялардан, Директорлар кеңесінің атқарушы директорынан, Deutsche Bank директорлар кеңесінен, Mittal Steel басқарма төрағасынан және компанияның басқарушы директорының бас атқарушы директорынан бекітті. Credit Suisse Group, Samsung корпорациясының президенті, Еуропалық өнеркәсіп қауымдастығының президенті, Chavnano Tansaco корпорациясының барлау және өндіру жөніндегі атқарушы вице-президенті, Еуропалық кеңестің президенті және Mitsubishi International корпорациясы

кеңесінің төрағасы, LUKOIL президенті. Және басқалары. [2]

Шетелдік инвесторлардың өтініштерін уақтылы қарау үшін шетелдік инвесторлардың өтініштерін қарау үшін Ведомствоаралық комиссия құрылды [3], ол Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы консультативтік-кеңесші орган болды. Халықаралық комиссияның негізгі міндеті біздің елдегі инвестициялық ахуалды жақсартуға көмектесу болды, бірақ Беларусь Республикасының 2005 жылғы 15 мамырдағы No467 қаулысына сәйкес бұл комиссия өз қызметін тоқтатты. Tulupar Muni Limited, «Central Asia Cement» ААҚ, Access Energo, ABN Amro Bank Kazakhstan БК, Prussas Muni Limited, Enac Ltd., Tepco және т.б.; Қаржылық тұрақтылық кепілдіктерін әділетсіз пайдалану, қосылған құн салығын төлеу, келісімшарттардың мазмұны, қазақстандық заңнаманы дәл түсіндіру, қызметті лицензиялау және тоқтату. [4]

Шетелдік инвестициялар жөніндегі комиссияның бірінші отырысының ұсыныстары мен ұсыныстарын жүзеге асыру мақсатында ҚР Премьер-Министрінің өкімімен заңнама, салық салу, шетелдік инвесторлардың қызметі және Қазақстанның имиджін көтеру мәселелері бойынша Қазақстанның жұмыс топтарының құрамы бекітілді. Кеңестің іс-шаралар жоспарларын әзірлеу және бекіту [5]. Шетелдік инвесторлар кеңесінің екінші сессиясында бірлескен топтың іс-қимыл жоспары жасалды, содан кейін оны Заң шығару ассамблеясының президенті мақұлдады [6]. Қазақстан Республикасы Президентінің бұйрығымен жұмыс тобының тең төрағасына Шетелдік инвестициялар кеңесінің ұсыныстары мен ұсынымдарын іске асыру бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлеу және бекіту тапсырылды; Орталық және жергілікті әкімшілік органдар серіктестік ынтымақтастық және директорлар кеңесі, шетелдік инвесторлармен, бірлескен кәсіпорындар қауымдастықтарымен және инвестициялық комиссиямен байланыс жоспарын іске асыру жөніндегі орынбасар деңгейінде жіктелуі керек [7].

Шетелдік инвестициялар жөніндегі комиссияның 4-ші отырысында Қазақстандағы шетелдік бизнестің этикасы туралы декларация қабылданды. Қазақстанда жұмыс істейтін ірі бизнес қауымдастықтарымен және шетелдік инвесторлармен ынтымақтастық.

Шетелдік инвесторлар кеңесі біздің елдің инвестициялық саясатының негізгі бағыттарын анықтау процесіне белсенді қатысады. Палата консалтингтік институт мәртебесіне қарамастан, қазіргі инвестициялық процеске әсер ете алады және біздің мемлекеттік инвестицияларымыздың имиджіне оң әсер етеді.

Шетелдік инвестициялар туралы арнайы заңдарды айналып өтудегі уәкілетті органның рөлі ерекше және маңызды. Шетелдік және шетелдік инвесторларға бірегей құқықтық мәртебе беретін жаңа инвестициялық заңның қабылдануымен шетелдік инвестицияларды қорғау және қорғау кепілдіктері мәселесі орынды болып табылады. Осыған байланысты, қандай-да бір дәрежеде инвестициялық заңның шетелдік инвесторлардың қатысуын бақылау сипаттамалары бар екенін атап өту маңызды. Сонымен, «Инвестициялар туралы» заңда егер ол уәкілеттік берген шетел мемлекеті немесе мемлекеттік орган инвесторға Қазақстан Республикасында және осы шет елде салынған инвестицияларға қатысты оған берілген Кепілдік шартына сәйкес ақша төлеуге уәкілеттік берсе, онда бұл оны инвесторға беруге мүмкіндік беретіндігі айқын көрсетілген (аудару) арнайы инвестициялар үшін, содан кейін Қазақстанға. Мұндай құқықтарды беру (талап қою) егер ЕО инвестордың Қазақстан Республикасына инвестиция салатынын және / немесе ол бойынша өз міндеттемелерін орындайтынын мәлімдемеген жағдайда ғана заңды болып саналады (10-бап). Әрине, әңгіме тек шетелдік инвесторлар туралы болып отыр. Сонымен қатар, «Инвестициялар туралы» заңға егер Қазақстан Республикасының Үкіметі ратификациялаған халықаралық шартта басқа ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады деген ұсыныс енгізілген (2-баптың 4-тармағы). Бұл халықаралық келісімдер инвестицияларға, оның ішінде ерекше жеңілдіктер мен кепілдіктерге ие нақты шарттарды белгілейді. Сонымен, шетелдік және ұлттық инвестициялардың заңдарында ешқандай айырмашылық жоқ, ең болмағанда тезірек деп

айту.

Сол кезде Қазақстан Республикасы, егер үкімет инвестор зиянды жеткілікті түрде төлеуге құқылы болған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес келмейтін заң шығарған болса немесе сыбайлас жемқордың іс-әрекеті болса.

Сондай-ақ, егер келісім өзара келісім арқылы жасалмаса, оның инвесторлар мен мемлекеттік органдар арасында тікелей жасалған келісімшарт талаптарына сәйкес келуіне үкіметтің кепілдігі бар.

Бұл кепілдіктер қолданылмайды, егер:

Қоғамда қауіпсіздік, денсаулық пен әлеуметтік тәртіпті қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының заңдарын жетілдіре немесе жетілдіре алатын тауарларды реттеу, импорттау, өндіру және сату шарттары туралы халықаралық келісімдерді жетілдіру.

Инвесторлар мемлекетпен және Қазақстан Республикасының заңдарымен реттелетін салықтар мен бюджетке төленген міндетті төлемдерден кейін алынған кірістерді мемлекеттің қатысуынсыз тоқтатуға құқылы. Сондай-ақ, инвесторлар банктік операцияларды жүзеге асыруға, атап айтқанда Қазақстан Республикасының банктік ережелеріне сәйкес банктік шоттар ашуға және шетелдік, шетелдік және ұлттық валютада депозиттер салуға құқылы.

Қазақстан Республикасының мүше мемлекеттері инвесторлардың қызығушылығын тудыратын ресми хабарламалар немесе ережелер шығаруға құқылы.

Инвесторларға заңды тұлғаны тіркеу туралы, жарғы және инвестициялық қызметке қатысты ақпаратқа қол жетімділіксіз қол жеткізуге рұқсат етіледі және коммерциялық құпияны қамтымайды.

Инвесторлардан мүлікті мемлекет меншігіне алу, реквизициялау сияқты іс-әрекеттерден сақтықпен өндіріп алу кезінде ел Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алуы керек. Егер Қазақстан Республикасы мемлекет меншігіне алу туралы заң шығарса, онда Қазақстан Республикасы инвесторлардың жалпы өсімі үшін өтемақы төлейді. Реквизиция кезінде инвесторға мүліктің нарықтық құнын төлеуге кепілдік беріледі, ол инвесторларға қол жетімді. Қайтарылған мүліктен берілген құнға сот тәртібімен шағым жасалуы мүмкін.

Инвестициялық қолайлы жағдайлар үшін, сондай-ақ қолайлы инвестициялық климат құру үшін мемлекет преференциялар түрінде қолдау көрсетеді. Инвестициялық преференциялар Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес беріледі.

Шынайы артықшылықтарға сәйкес шикізат пен материалдар импорты кезіндегі арнайы баж салығы бойынша ерекшеліктер.

Ғимараттарға, құрылыстарға және көлік құралдарына меншік құқығын беруге және тағы басқаларға толық гранттар ұсынады. Бұл салық ережелерінің тұрақтылығын, сондай-ақ шет мемлекеттерді тартуды қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасында инвестициялық қызмет барысында туындайтын мәселелер бойынша инвесторлардың сұраныстарын қамтитын инвестициялық омбудсмен институты жұмыс істейді. Оларды қалай шешуге болатындығы туралы ұсыныстар беріңіз. Бұл мекеме инвесторларға сотқа дейінгі және соттан тыс мәселелерді шешуге көмектеседі. Қазақстан Республикасындағы инвестициялық қызметке қатысты заңнаманы жетілдіру бойынша әзірленген және жасалған ұсыным маңызды акт болып табылады. Инвесторлар Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Инвестициялар комитеті үшін преференцияларды таңдауға құқылы.

Инвестиция тарту бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің отырысы кезінде экс-премьер-министр Бақытжан Сағынтаев инвестициялық ахуалды одан әрі жақсарту және ел экономикасына тартымды шетелдік инвестициялар көлемін ұлғайту бойынша бірқатар нақты тапсырмалар берді.

Қазіргі уақытта инвесторларға мемлекеттік қолдаудың барлық шаралары қамтамасыз етіліп, жаңа кәсіпорындар ашылуда, олармен бірге жаңа жұмыс орындары

ашылуда. Инвестиция тартудың жаңа стратегияларын әзірлеу.

Инвесторларды және олардың инвестицияларын толық қорғау үшін аймақтарда арнайы депутаттық іс-шаралар ұйымдастырылды, Kazakh Invest құрылды, аймақтық инвестициялық және сервистік орталықтар құрылды. Осылайша, инвесторларды тарту және тиімді жұмыс істеу үшін барлық жағдайлар жасалды.

Инвестициялар министрлігінің мәліметтері бойынша, Қазақстан 264 миллиард доллар тікелей шетелдік инвестиция тартты.

Жеке инвестицияларды тарту туралы ұмытпаңыз. Ол үшін бизнес пен оның кәсіпкерлеріне қолайлы жағдай жасау қажет. Еліміздің аймақтарында инвестициялық форумдар өткізу, нәтижесінде көптеген меморандумдар мен келісімдерге қол қойылды, олар инвестициялық жобаларды іске асыру сапасын жақсарту үшін зерттеуді қажет етеді. Табысты бизнес Қазақстан Республикасы экономикасының одан әрі өсуі мен дамуын қамтамасыз етеді.

Кездесу барысында порталдағы барлық инвесторлардың қызметтерін бейтараптандыру жобасының маңыздылығы айтылды. Бұл Қазақстанда жұмыс істейтін көптеген шетелдік инвесторлардың елде отбасы мүшелерімен бірге болуына байланысты. Осылайша, балаларды тіркеу және мектепке дейінгі мекемелермен, мектептермен, медициналық көмекпен және басқа қызметтермен қамтамасыз ету туралы сұрақтар туындайды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Конвенция о защите прав инвесторов (г. Москва, 28 марта 1997 г.). Ратифицирована РК в соответствии с Законом РК от 30.12.1999 г. № 24-II; вступила в силу 16.05.2000 г.

2. «Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы шетелдік инвесторлар кеңесінің құрамы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 26 қыркүйектегі No 4071 бұйрығы.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Шетелдік инвесторлардың өтініштерін қарау жөніндегі ведомствоаралық комиссия құру туралы» 01.11.1999 жылғы No 1633 қаулысы. (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 17.05.2005 жылғы No 467 қаулысына сәйкес жойылды).

4. Сихимбаева Е.Д. Правовые вопросы улучшения инвестиционного климата в Республике Казахстан. // Субъекты гражданского права: сб. материалов межд. научно-практ. конф. / Отв. ред. М.К. Сулейменов. - Алматы: КазГЮА, 2001. Т. 2. С. 423-424.

5. «Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесінің бірінші отырысының ұсынымдары мен ұсыныстарын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1998 жылғы 26 қарашадағы No 231-р бұйрығы.

6. «Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесі жанындағы бірлескен жұмыс топтарының іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 22 қарашадағы No 95 бұйрығы.

7. «Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесінің екінші отырысының ұсынымдары мен ұсыныстарын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 22 қарашадағы No 95 бұйрығы.

ӘОЖ 94

КӨШПЕНДІЛЕР ТАРИХЫНДАҒЫ ТАҚ МҰРАГЕРЛІГІ ЖӘНЕ АЛТЫН ОРДАНЫҢ БАТЫЙ, ӨЗБЕК ХАНДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТТЕРІ МЕН ТАРИХТА АЛАР ОРНЫ

Әбілбай Ә.Б. бөлім меңгеруші
М.Тынышпаев атындағы Алматы облыстық тарихи-өлкетану музейі, Талдықорған қ.

e-mail: *Aliya_abilbai*

Мақалада көшпенділер әлемінің саяси құрлымдарының жаңаруы және биліктік құрылымының өзгеруі жайлы, сонымен қатар Алтын Орда мемлекетінің көрнекті хандарының басшылық қағидалары қарастырылған.
Тірек сөздер: *билік, Алтын Орда, хан, Батый, Өзбек*

В статье рассматриваются вопросы обновления политической структуры и изменения структуры власти в кочевом мире. Вместе с этим рассмотрены принципы деятельности видных ханов Золотой Орды.
Ключевые слова: *власть, Золотая Орда, хан, Батый, Озбек*

The article deals with the issues of updating the political structure and changing the structure of power in the nomadic world. Along with this, the principles of activity of prominent khans of the Golden Horde are considered.
Key words: *reign, Golden Horde, khan, Batu, Ozbek*

Көшпенділер тарихында орын алған Шыңғыс ханның Ұлы Монғол империясын құрғаннан кейін жаңа саяси жүйе хандық билік пайда болды. Хан – лауазымы, түркі-моңғол халықтарында мемлекет басқарған билік иесі. Зерттеушілер «хан» сөзі семантикалық-тілдік реңкі өзгерген көне түркілердің «қаған» терминінен қалыптасқан деп есептейді. Жазба дерек көздері Орталық Азия халықтары «хан» терминін Түркі қағандығы ыдырағаннан кейінгі кезеңнен қолдана бастағандығын растайды [1, 98-101 бб.].

Мысалы: Иран мен Ауғанстан көшпелі халықтары тайпа көсемдерін Хан деп атады. Сефеви әулеті тұсындағы Иранда Хан аймақ билеушісі, ал салжұқтар мен хорезмшахтар кезінде князьдік лауазым мағынасын берген. Осман сұлтандығында Хан сұлтан лауазымы болды. Қазақ жерінде Қарахан мемлекетінің билеушілері Хан атанды. Кейін қыпшақ, найман, керей, тағы басқалар ұлыстық мемлекеттерді Хандар басқарды. Кез келген адам Хан сайлана алмайтын.

Кезінде Шыңғыс хан (1189, 1206 жылдар сайланған) ел тізгінін ұстау үшін әкесі Есукей баһадүр моңғолдардың соңғы қағандарының бірі Хутул (Құтұл) қағанның туысы деген аңыз тараттырды. Нәтижесінде көпшіліктің қолдауымен Хан сайланды. Көрші елдерге жойқын шабуылдар жасап, әлемдік империя құрды да, Хандық билікті өз ұрпақтарына ғана мұра етіп қалдырды. XIII-XIV ғасырлардағы ұлыстарды, Шыңғыс хан қайтыс болғаннан кейін ыдыраған Моңғол империясының орнына келген көптеген мемлекеттерді оның ұрпақтары басқарып, хан болды. Жаңадан сайланған хан, ең алдымен өзін билік басына көтерген ақсүйектердің мүддесін көздеуі тиіс болды. Оның мемлекеттік институттарды нығайтып, жеке-дара үстемдік құруына жергілікті ақсүйектер қай кезде де мүдделі болған емес. Соған қарамастан көптеген хандар үнемі өз үстемдігін нығайтуға тырысып отырды. Тарихи жазба дерек көздері жаңадан сайланатын ханға, ақсүйектер өз талаптарын қоя білгендігін айғақтайды [2, 28-32 сс.].

Мысалы: Шыңғыс хан империясында елшілік сапармен болып қайтқан П.Карпинидің деректерін өңдеген Симон Сен-Кентиннің жазғандарына қарағанда, тақта отырған үміткердің алдына ханзадалар қылыштарын қойып, оған "Сенің бізге әмір етуіңді біз қалаймыз, өтінеміз әрі бұйырамыз" деген. Содан кейін болашақ хан олардың айтқандарын орындаса, өзіне адал қызмет етуге дайын екендіктерін сұраған. Қатысып отырғандар келісетіндерін, әрқашан дайын екендіктерін мәлімдеген. Сонда үміткер "Менің бұйрығым қылыш болады" дейді. Онымен барлығы келіскен. Содан кейін үміткерді ақ киізге отырғызып: "Жоғары қара да құдайды таны, ал төмен қарасаң өзің отырған киізді көресің. Егер сен өз патшалығыңды жақсы басқарып, жомарт әрі әділ болсаң және әрбір төрені өз деңгейінде сыйласаң, онда даңқты патшалық құрасың…" деген. Яғни, ақсүйектер ханның билігін белгілі бір дәрежеде үнемі шектеуге ұмтылды. Хан көтеру рәсімі аяқталғаннан кейін, жаңа билеуші өз міндеттеріне кіріскен [3, 98-99 сс.].

Түрік-моңғол ұлыстарындағы хан, мемлекеттегі ең жоғарғы билік иесі болды. Хан билігі қоғамдағы тұрақтылықты, тәртіпті қамтамасыз етті. Ортағасырлық дерек көздерінде хан қол астындағы бұқара халық үшін еңбек етуі, ал қарапайым халық оның билігін мойындауы және бұйрықтарын орындауы тиіс екендіктері жазылған. Озық ойлы адамдар мемлекет басқарушыға қойылатын негізгі талаптарды айтып отырған (мысалы: Мұхаммед Хайдар Дулат) [4, 77-78 б.б].

Белгілі шығыстанушы Т.Сұлтанов өз еңбектерінде ханның ең негізгі бес құқығы мен қызметін былайша көрсетеді:

Билік етіп отырған әулет басшысы және мемлекеттегі жоғарғы сюзерен ретінде елдегі барлық аумаққа, ұлысқа тиесілі жерге иелік етті, қарулы жасақпен оны сыртқы жаулардан қорғады. Соғыс жариялау мен бітімге келуге құқылы болды, себебі ол әскер басшысы еді. Шетелдік мемлекеттермен келіссөздер жүргізіп, мемлекеттің сыртқы саясатын айқындап отырды. Өзіне бағынышты адамды өлтіруге немесе тірі қалдыруға құқылы болды, яғни ол мемлекетіндегі Жоғарғы Сот қызметін де атқарды.Заң шығару құқы болды және қол астындағылардың барлығына міндетті бұйрықтар шығарды. Сөйтіп, қоғамдық құрылым мен тәртіпті сақтады [2, 68-69 сс.].

Империя ыдырағаннан кейін Қазақстан территориясы аумағында құрыла бастаған этно – саяси құрылымдардың бірі Алтын Орданың билеген Шыңғыс ханның ұрпақтары арасынан Алтын Орданың негізін қалаушы Батый ханның, Жошы ұлысында «алтын ғасыр» кезеңін қалыптастырған Өзбек ханның қызметтері мен тарихи маңызды рөліне назар аударайық.

Батый хан. Алтын Орданың қалыптасуы.

Бату, Батый, Сайын хан (моңғ. Бат Хан,) (1208-1255) – Алтын Орданың негізін қалаған хан (1227-1255), қолбасшы. Шыңғыс ханның немересі, Жошының екінші ұлы. Шешесі – қоңырат, елші ноянның қызы Кочу хатун. Бату 1227 жылы Жошы өлгеннен кейін Шыңғыс ханның ұйғарымымен әкесінің ұлысына хан болды. 1229 жылы Үгедейді моңғол империясының ұлы ханы сайлаған Қарақорымдағы Құрылтай жиналысына қатысты. 1236-1242 жылдары біріккен ұлы хандық әскерінің Русь пен Шығыс Еуропаға жорығына қолбасшылық етті (қосымша Батудың Русь пен Шығыс Еуропаға жорығы). Жошы ұлысын Ертістен Дунайға дейінгі байтақ өлкені алып жатқан Алтын Орда мемлекетіне айналдырды [5].

1227 жылы 25 тамызда Тангуттарға қарсы 2-ші рет жасаған жорық кезінде ауырып, Шыңғыс хан қайтыс болды. Қайтыс болғаннан кейін балалары мен немерелері соғыс жорықтарын жүргізе берді. 1225 жылы Қарақорымда моңғол ақсүйектерінің құрылтай жиналысы Шығыс Еуропаға жаңа жорық жасауға шешім қабылдады. Моңғол әскерлерін Шыңғыс ханның мұрагер немересі Жошының баласы Батый (Бату) басқаратын болды. Батый атасы Шыңғыс хан сияқты өте қатал және қанқұмар жаулап алушы еді. Батыйдың самсаған әскері 1236 жылы Кама өзені бойындағы Булгарияны, Мардваларды талқандап, 1237-1240 жылдары орыс жеріне келді. Орыс халқы моңғол басқыншыларына ерлікпен

қарсылық көрсетті. Рязань, Москва, Владимир түбінде монғол әскерлерімен кескілескен ұрыстар болды. Орыстың шағын ғана қаласы Козельск тұрғындары жеті апта бойы монғолдарға жан аямай қарсылық көрсетті. Бірақ сан жағынан әлдеқайда көп моңғолдар қаланы басып алып, оны жермен жексен етті. 1239 жылдың басында моңғол әскерлері Еділ өзенінің ту сыртынан Руське қарсы екінші жорыққа аттанды. Қызу ұрыстар жүргізе отырып моңғолдар Переяславль қаласын, одан кейін Чернигов жеріндегі Глух қаласын алды. 1239 жылғы қазан айында олар Чернигов қаласын қоршауға алып, оны өртеп күлге айналдырды [6].

1240 жылдың күзінде Батый әскерлері Киевті қоршады. Киев халқы ұзақ уақыт қаланың сыртында, тіпті моңғолдар қала ішке басып кіргеннен кейін де қарсылығын тоқтатпады. Олар түгелімен дерлік қырғынға ұшырады. Аса бай мәдениет ескерткіштері бар ертеден келе жатқан орыс қаласы тағылықпен талқандалды. Онан соң, моңғол армиясы батыс Европаға үздіксіз ілгерілеп, Польшаны, Германияны, Австрианы, Венгрияны, Чехияны, Молдавияны, т. б. ойрандап, Еділ бойына қайта оралды. Жеті жылдық жорық (1236-1242 жж.) нәтижесінде батыста Днестрге, шығыста Ертіске, Оңтүстікте, Солтүстік Кавказға дейінгі жерлер Батыйдың қол астына кірді. Батый иеліктерінің құрамында Оңтүстік шығыста Солтүстік Хорезм мен Сырдарияның төмен жағындағы жерлер енді. Орыс княздіктері де (Русь) Батыйға тәуелді бодан (вассал) болды. Орыс княздары Алтын ордаға кіріптар екенін мойындап, оның хандарының қолынан «кіняздік құруға жарлық» алады. Алым – салық төлейді, бірақ толық болмаса да дербестігін сақтап қалады [7, 8-12 сс.].

Алтын Орда (1236-1242 жж.). Жеті жылдық жорықтан оралғаннан кейін Батый орталығы төменгі Еділде орналасқан 1242 жылы (1243 ж.) тарихи әдебиетте Алтын Орда деген атқа ие болған зор мемлекет құрды. Алтын Орданың астанасы Сарай-Бату (қазіргі Астрахань маңында) болды, кейінірек астанасы Сарай-Беркеге көшірілді.

Алтын Орда Бату (1227-1255) кезінде жерін кеңейтіп, Ертіс өзенінен Дунай өзеніне дейінгі ұлан-байтақ өңірді қол астына каратты. Сарай-Бату қаласының алтынмен аптап, күміспен күптеген сән-салтанатты хан сарайында төңіректің төрт бұрышынан келген саудагерлер жиналатын сауда алаңы болды. Бату өзіне арнап астана құрып, сарай салдырғанымен, уақыттың көбін ұлан-байтақ қазақ сахарасындағы жайлауларда өткізіп отырды. Алтын Орданың астанасы алғашқы кезде Сарай-Бату қаласында (қазіргі Астрахан каласы маңында) болды. Кейінірек Сарай-Беркеге көшірілді. Бату хан Шығыс Еуропаға жасаған жеті жылдық (1236-1242) жорығынан кейін, Сырдария алабынан Балқаш көліне дейінгі байтақ жерді ағасы Орда-Еженге берді. Бұл Ақ Орда деп аталды. Арал теңізінің солтүстігіндегі жерлерді інісі Шайбаниға берді. Ол Көк Орда деп аталды. Алтын Орда, Ақ Орда, Көк Орданың неге бұлай аталуы туралы XVI ғасырда жазылған Өтеміс қажының «Шыңғыснама» кітабында былай деп жазылған: «Жошы өлгеннен кейін Орда-Ежен мен Бату монғол ұлысын басқару билігіне таласып, шеше алмағаннан кейін атасы Шыңғысханға келеді. Шыңғысхан немерелерінің ойын тыңдап болғаннан кейін үш киіз үй тігуге бұйрық береді. Біріншісі – ақ киізден, алтын босағалы ақ үй – Саинханға (Батуға), екіншісі – күміс босағалы ақ орда – Орда-Еженге, үшіншісі – боз киізден, болат босағалы көк орда – Шайбаниға арналады. Осылайша Шыңғысхан үш немересіне билікті бөліп береді. Алтын Орда – Батуға, Ақ Орда – Орда-Еженге, Көк Орда Жошының бесінші баласы Шайбаниға тиеді» [8, 255-261 сс.].

Алтын Орда хандығы феодалдық мемлекет еді. Алтын Орда мемлекетінде өмір сүрген халықтардың даму дәрежесі әркелкі болды. Орыс жерінің халықтары Еділ алқабындағы отырықшы-егінші шаруашылықпен айналысты. Алтын Орданың қол астындағы түрік тектес халықтар көшпелі мал шаруашылығымен шұғылданды. Түрік тектес тайпалар құрамында қыпшақ, қаңлы, арғын, найман, қоңырат, керей, уақ болды. Алтын Орданың мемлекеттік құрылымы әскери негізде құрылды. Хан барлық қарулы күштердің қолбасшысы саналды. Бектердің құрылтайы мемлекет билігінің бір сатысы

саналды. Шешуші кезеңдерде құрылтай шақырылып, мемлекет тағдырына қатысты, маңызды саяси, әскери мәселелер шешілді.

Алтын Ордаға бағынышты аймақтарды басқару үшін өкіл – әкімдер дарғы бектері мен тамғаш және басқақтар тағайындалды. Олардың басты міндеті жергілікті халықтарды билеп-төстеу, олардан хан қазынасына алым-салық жинау еді. Алтын Орда езгісіне тап болған Орыс жері талан-таражға түсіп, шаруашылығы күйзеліске ұшырады. Алтын Орда мемлекетінде егіншілер мен малшылардан алынатын алым-салықтың екі түрі «қалан» және «қапшуыр» деп аталды. «Қалан» салығы бойынша егіншілер жыл сайын өнімнің оннан бірін салық ретінде қазынаға тапсырды. «Қапшуыр» салығы тәртібі бойынша малшылар жыл сайын мал басына салық төледі. Орыс кінәздері өз дербестігінен айырылып, ханға бағынышты күй кешті. Олар Алтын Ордаға көп сый-сыйпат апарып, ханға сәлем беріп, тәжім етуге тиіс болды. Оларды кінәз ету-етпеу ханның еркінде еді. Хан кінәз қойған адамына ерекше құжат-жарлық берді. Осындай жарлық алған адам ғана кінәз болып есептелді [6, 25-28 бб.].

«Алтын Орда» ұғымы біртекті емес бір жағдайда Алтын Орда деп Батый мен оның Мирасқоры Беркенің жеке иелігіндегі жерлерді, яғни Еділ бойы мен Солтүстік Кавказды айтқан, ал енді бір орайда түгелдей Жошы ұлысы айтылады.

Батый (1227-1255-56 жж.) зор беделге ие болды және моңғол империясын өзінің қолдауымен таққа отырған ұлы хан Мөңкемен (1251-1259 жж.) бірге биледі. Алайда Батый да, оның мирасқорлары да Алтын Орданың тағында біртұтас мемлекетті басқарушылар болмады. Жошы ұлысы үлестерге оның көптеген ұлдарына ыдырады.

Батый хан Шығыс Европаға жасаған жеті жылдық (1236-1242 жж.) жорығынан кейін Арал теңізінің Шығыс Солтүстігі жағындағы жерлерді ағасы Орда – Еженге берді. Бұл Ақ Орда деп аталды. Арал теңізінің солтүстігіндегі жерлерді інісі Шайбанға берді, ол Көк Орда деп аталды. Шайбанға қарасты төрт ру ел: қосшы, найман, бұйрат, қарлық тайпалары еді [5, 27-31 сс.].

Алтын Орда халқы этникалық жағынан біркелкі болған жоқ. Отырықшы аймақтарда Еділ бұлғарлары, қала қыпшақтары, орыстар, армяндар, гректер, ежелгі хазарлар мен алан ұрпақтары, хорезмдіктер тұрды. Далалық өңірді негізінен мал шаруашылығымен айналысқан түркі тілдес қыпшақ, қаңлы, найман, қоңырат, керей, т.б. тайпалар мекендеді. Дешті-Қыпшақ төңірегі мен Еділ бойында қоныс аударған моңғолдар аз болған жоқ. Олар жергілікті түркі тілдес халықтармен сіңісіп кетті.

Алтын Орда өзін билеген хандары: Батый 1242-1256 (1259) жж., Берке 1257-1266 жж., Мөңке-Темір 1266-1280 жж., Туда Мөңке 1280-1287 жж., Төле Бұқа 1287-1291 жж., Тоқты 1291-1312 жж., Өзбек 1312-1342 жж., Жәнібек 1342-1357 жж. тұсында қуатты кемеліне келіп, билігі мейлінше күшейе түсті. Егер Жошы мен Батый моңғолдарға ұлы ханға белгілі бір дәрежеде бағынышты болса, Беркеден бастаған Алтын Орда хандары өздерін тәуелсіз деп есептеді. Берке хан тұсында Алтын Ордаға ене бастаған ислам діні кейін Өзбек хан тұсында үстем дінге айналды.

Алтын Орда хандығы феодалдық мемлекет болды, ол берік мемлекеттік бірлестік болмады. Оның халқы ала-құла, әлеуметтік және мәдени даму дәрежесі әркелкі, экономикалық негізі әлсіз еді. Феодалдық қатынастар дамыған сайын ішкі-сыртқы қатынастар асқына түсті [9]. 1342-1357 жылдары Алтын Орданы билеген Жәнібек хан өлгеннен соң, Шыңғыс тұқымынан тараған билеуші топтар арасында хан тағына таласқан феодалдық қырқыс өріс алып, бір кезде күшейіп дәуірлеген Алтын Орда мемлекетін мүлдем әлсіретті. Оның үстіне Алтын Орда үстемдігі астында езілген қалың бұқара мен тәуелді халықтардың азаттық күресі етек алады. 1380 жылы Куликов даласындағы зор шайқаста Алтын Орданың Мамай бастаған қалың қолын орыс князьдерінің жеңуі Алтын Орданың құлауын тездетті. XIV ғ. аяқ шенінде, яғни 1391-1395 жылдары Ақсақ Темір Алтын Ордаға бас көтертпестей етіп екі рет күйрете соққы берді. Осыдан соң ол бірте-бірте ыдырай бастады. XV ғасырдың басында Тоқтамыс хан мен Едіге бидің өзара таласы Алтын Орданы

одан әрі қажытты. XV ғ бірінші жартысында онан бұлғарлар, казан (1445 жылы) мен Қырым (1449 жылы) бөлініп шықты. XV ғ ортасына қарай Астрахань, Сібір хандықтары, Ноғай Ордасы құрылды. 1480 жылы орыс князьдіктері моңғолдардан толық тәуелсіздік алды. Қорытып айтқанда, езілген халықтардың моңғолдарға қарсы үздіксіз күресі, Алтын Ордаға қараған елдердің ішкі экономикалық байланысының болмауы, олардың арасындағы қайшылықтар мен феодалдық тартыстар, хан тағына таласқан күрестер, сыртқы соғыстар салдарынан, Алтын Орда мемлекеті бірте-бірте ыдырап, ақырында құлады [10, 88-89 бб.].

Өзбек хан билігі кезіндегі Алтын Орданың сыртқы саясаты.

Өзбек ханның Алтын Орда тарихында атқарған қызметі орасан зор, тіпті оның билік еткен кезеңін Жошы ұлысының « алтын ғасыры » деп атауға болады. Ол, ең алдымен, исламды мемлекет дін ретінде бекітті және экономикалық саясат нәтижесінде ақша реформаларын жүргізіп, ірі экономикалық маңызы бар қала орталықтарын дамытты. Сондай-ақ, Еуропа мен Таяу Шығыста сыртқы саясатын аса тиімді жүргізе отырып, Алтын Орданың Батыс пен Шығыстағы саяси-дипломатиялық байланыстарын нығайта түсті. Зерттеушілер бір ауыздан Өзбек хан билігі кезінде Алтын Орда мемлекетінің күш-қуаты артып, дамуының шарықтау шегіне жеткенін мойындайды [11].

Тақырыпқа қарастыру үшін ең алдымен Өзбек ханның Алтын Орда билігіне келуі жөнінде біршама қарастырғанымыз дұрыс. 1281 жылы дүниеге келген Өзбек, Мөңке-Темірдің немересі, ал оның жолы болмаған ұлы Тоғырұлдың ұлы еді. Тоғырұл алғашқы кезде Төле-Бұға ханның және Алғуйдың « кіші » тең билеуші болған, бірақ, кейіннен ол Ноғай мен Тоқта-хан жасаған саяси қастандығы нәтижесінде қаза болған еді. Тоғырұлдың қазасынан кейін он жастағы Өзбек, Өтеміс қажының « Шыңғыс-наме » дерегіне сәйкес, анасы Келін-Байалын әрекеті нәтижесінде Солтүстік Кавказға (Шеркес уәлаяты) аттандырылып, билік үшін ішкі саяси талас-тартыстар біршама бәсеңдегенше сол аймақта паналаған. Ол жөнінде « Шыңғыс-намеде » былайша сипатталған: « Ол [Тоқтаға хан] өзі өлгеннен кейін оның ұлымен [әл-Басармен] хандық үшін таласады деп, өзінің туған-туыстары мен үрім-бұтағын түгел қырып тастайды. Тіпті өзінің інісі Тоғрұлды да өлтірген делінеді. Кейбіреулер Тоғрұл ауырып қайтыс болды дейді. Тоғрұлдың Келін-Байалын атты әйелі болады. Ол өте көрікті болады. Тоғрұл қайтыс болған кезде оның ұлы қалады. Ол Тоқтаға хан ұлы үшін барлық туыстарын қырып жатқанын көрді. Бірнеше кісімен бірге баласын Шеркес уәлаятына асырып жібереді. Атақты Өзбек хан – Алла оған жар болсын – осы бала еді» - дейді. Біршама уақыт өтіп, билік үшін талас-тартыстар тынышталған кезеңде Тоқта-хан өзінің немере інісіне қайтып келуге рұхсат етіп, оны таққа отыратын « Алтын әулеттің » ұрпағы ретінде қараған. Ол жөнінде де Өтеміс қажының « Шыңғыс-наме » дерегінде кеңінен сипатталған. Сондай-ақ, Хафиз-и Абрудың « Жылнамалар жинағы » мәліметіне сәйкес, Тоқта хан өлерінің алдында өзінің немере інісі Өзбекті әскер басшылығына қойғаны сипатталған. Тоқта хан ұлының көзі тірісінде қайтыс болып, оның артынан таққа отыратын мұрагерінің болмағанын араб авторларының (ан-Нувайри, ал-Бирзали. аз-Захаби, Ибн Халдун) мәліметтері де растайды [8, 309-315 сс.].

Өзбектің Алтын Ордада беделді болуының арқасында оның көптеген жақтастары болды. Олардың қатарында аса ықпалды Хорезмдегі ханның билеуші өкілі Құтлұқ-Темір өзінің бауырлары Сарай-Темір және Мұхаммед-қожа, шейх-уль-ислам Имад ад-Дин ал-Маскири сияқты тұлғалар болған еді. Темір-Құтлұқтың қолдау көрсетуінің бір себебі, Өзбектің онымен шеше жағынан да бөле ретінде туыстық байланыстығы бар еді. Ал Хорезмдік шейх-уль-исламның қолдауына діни іскерлігі нәтижесі де байланысты еді, Өзбек жастайынан мұсылман дәстүрінде тәрбиеленгендіктен болар, Алтын Ордалық мұсылмандар оның билікке келуінен үлкен нәтиже күтті. Сондықтан, Өзбек таққа отыру алдында мұсылман жақтастарына Алтын Орданы ислам мемлекетіне айналдыратынына уәде берген еді [12, 55-56 сс.]. Алайда, ол уәдесін тек өзінің билігінің нығайған кезінде, яғни 1320 жылға таман ол өзінің радикалды шешімін қабылдауға толық сенімді болған кезеңде жүзеге асырды. Бірақ бірқатар зерттеушілер Өзбек ханның таққа отырған бірден исламды

мемлекеттік дінге айналдырған дейді. Алайда, шығыс деректері бойынша, оның таққа отырған соң, сегіз жылдан кейін ғана исламды мемлекеттік дін ретінде қабылдаған деп сипатталған. Сонымен қатар, ан-Нувайри мәліметін сәйкес, 1314 ж. Өзбек хан Мысыр сұлтанына жазған хатында Алтын Ордада ислам дінін ұстанбайтын топтардың бар екенін және олармен күресуге мәжбүр екендігін хабарлаған. Шамасы, бұл күрес ислам жақтастарының толық жеңісіне дейін бірнеше жылға созылған [13].

Өзбек хан, Алтын Ордадағы билігін нығайтқан соң, мемлекеттің сыртқы саясатын белсенділікпен жүргізе бастады. Оның сыртқы саясатының ауқымы да үлкен еді, оның негізгі бағыттары ретінде, Құлағулық Иран мемлекеті арасындағы талас-тартыс мәселесін шешу, итальяндық сауда республикалары арасындағы экономикалық мәселелерді шешу, Берке хан кезінде негізі қаланған Мысыр мәмлүк мемлекетімен дипломатиялық қатынастарын жалғастыру болып табылды.

Ең алдымен, Құлағулық Иранмен ұзақ уақыт бойы талас-тартыс обьектісі болған Кавказ территориясын иемденуге деген талабын қою үшін және бұл мәселені бейбіт жолмен шешу мақсатында Үлжайтуға жаңа елшілік аттандырды. Елшілік құрамында Өзбек ханның беделді әмірлері Кек Темір Көреген, Байбаниал және Байбұқа болды. Байқағанымыздай, жаңа хан Алтын Орданың тағына отырған сәттен бастап-ақ, Құлағулық Иран билеушісіне өз талаптарын орындатуға тырысты. Оның себебі ретінде мемлекет құрамына жаңа жерлерді қосу арқылы мемлекетте өз беделін нығайтудың алғашқы қадамы еді. Әрине, Құлағулық Иран билеушілері Өзбек хан бұл қойған талабын орындаудан бас тартты. Өзбек хан өз талабын күшпен орындатудың қиындығы мен Үлжайтудың Алтын Орда ханына бас имейтіндігін жақсы түсінді, осыған байланысты оған қысым көрсетудің қажетсіз екенін түсініп, онымен достық қарым-қатынас орнату мақсатында екінші елшілігін аттандырды. Бұл елшілікті 1314 ж. 11 мамырда Иран билеушісі жылы қарсы алды. Елшілік белгілі бір деңгейде екі мемлекет арасындағы қарым-қатынасты жандандырудың жолын қарастырды. Сонымен қатар, Үлжайту хан да екі мемлекет арасында достық қарым-қатынастың орнағанын қалады. Бірақ, Үлжайту хан Алтын Орда тарапынан шабуыл жасау қаупінен өз әскерінің бір бөлігін Арран аймағында тұрақты түрде ұстап отырған еді. Ол кезде Арран билігі Қазан хан кезінде қаза болған Нуриннің орнына отырған Құсайынның қолында болды. Осы оқиғадан кейін біршама уақыт өткен соң, Үлжайту хан 716 х.ж. рамазан айының 27-де (13 желтоқсан 1316 ж.) қайтыс болды. Құлағулық Иран тағына оның 12 жасар ұлы Абу Сайд (716/1316-736/1335 жж.) отырды. 1316-1317 ж. қысында Өзбек хан Құлағулық Иран территориясын басып алуға асығыстық танытты. Вассафтың мәліметі бойынша, оның мұндай асығыстығының себебі, осы аймақтарда тұратын лезгиндердің Алтын Ордамен тығыз қарым-қатынастары себеп болды [9, 214-218 сс.].

Кеңес тарихшысы А.Н. Насоновтың пікірі бойынша, лезгиндер Алтын Орда билеушісімен құпия түрде одақ жасасқан, сондықтан Дербентті қорғаған Құлағулық Иран әскербасы Тарамтаз, Өзбек хан әскерлерінің жақындағаны жөнінде хабарсыз болған. Сонымен қатар, XIV ғ. араб авторы Ибн Дукмак мәліметіне сәйкес, Абу Саид таққа отырғанға дейін әмір Шопан Өзбек ханға Құлағулық Иран тағын ұсынған дейді. Ал Алтын Орда ханы өзінің белгілі мемлекет қайраткері Құтлұқ-Темірмен кеңесе отырып, одан бас тартқан дейді. Оның себебін Ибн Дукмак былайша түсіндіреді, яғни Шопанның ұсынысын тыңдап болған соң Құтлұқ-Темір Өзбек ханға егер ол ұсынысты қабыл алып, Хорасанға баратын болсаң, онда Солтүстік мемлекетке деген биілігің уысыңнан шығып кетеді және оны басқа біреу иемденеді. Көп жағдайда өзге мемлекетті басқару аса қиынға түседі, сондықтан екеуін де биілігіңді жоғалтып алуың мүмкін деп ақыл-кеңес береді [12, 94-100 сс.]. Осылайша оның Иран тағынан бас тартуының себебі, сол кезеңдегі қалыптасқан жағдайға байланысты Ирандағы моңғол биліктің тұрақсыздығына байланысты болса керек. Бұл оқиға Берке ханның таққа отыруына дейін Борақшын-хатунның Алтын Орда тағына отыруға Құлағуға ұсыныс жасаған оқиғасын еске түсіреді. Бірақ, Шопанның Өзбек ханды Құлағулық Иран тағына отыруға шақырғандығы жөніндегі мәлімет басқа деректермен

сәйкес келмейді. Сондай-ақ, бұдан кейінгі тарихи оқиғалардан әмір Шопанның Алтын Ордаға қарсы әскери қимылдары көрініс тапты. Осы жағдайда Өзбек ханның Құлағулық Иран тағына отыруға деген шақыруы тарихи оқиғалармен де қайшы келеді. Осы оқиғалардан кейін де біршама уақыт Құлағулық Иран мемлекеті ыдырау қарсаңында Өзбек ханның сыртқы саясатының обьектісі ретінде қарастырған. Бірақ, Ирандағы Құлағулықтар билігі күйреген соң, оның территориясында пайда болған мемлекеттер Өзбек ханның ұрпақтарының сыртқы саясатының негізгі бағыттарының бірі болған еді.

Өзбек ханның сыртқы саясатының келесі бағыты, бұрынғы Алтын Орда хандары сияқты итальяндық сауда республикаларымен қарым-қатынасын орнатқан еді. 1320 ж. Қара теңіз аймағының венециандық көпестері Өзбек ханға жүгініп, осы аймақтан тұрақты сауда-саттық факториясын салу үшін жер учаскесі мен сауда жеңілдіктерін беруін өтінді. Алайда, бұған қатысты ханның оң шешімін қабылдауы үшін ұзақ уақыт қажет болды. Өзбек ханның уәзірлері мен заңгерлері қалыптасқан жағдайды меңгеріп, Қара теңіз аймағында осыған дейін Иран ильхандары, Трапезунд императорлары және мемлекеттер тарапынан болған осындай келісімдерін талдауға 12 жыл уақыт кетті [9, 114-118 сс.]. Тек, 1332 ж. осыған сәйкес Өзбек ханның жарлығы венециандық көпестерге беріп, Азакта (Азовта) өз факториялық құрылыстарын салуға құқық берді. Шамасы, Өзбек хан венециандықтарға факториялар салуға иеліктер мен жеңілдіктер беруі, оның өзінің қарсыласы Құлағулық Иранмен экономикалық күресте жеңіліске ұшырамаудың алдын-алу еді. Өйткені, 1306 ж. Құлағулық Иран венециандықтарға сауда жеңілдіктерін беріп, ал 1320 ж. Құлағулық Иранның ең ірі қаласының бірі Тебризде сауда факториясын салуға рұхсат берген еді. Сондай-ақ, Өзбек хан Алтын Орданың Балқан елдеріндегі Тоқта хан кезінде әлсіреген сюзерендік бақылауын қайта қалпына келтіріп, күшейтуге әрекет жасап, бірқатар шаралар қолданды. 1323 ж. хан әскері византиялықтардан Адрианополдегі шайқаста жеңіліс тапқан Болгария патшасы Георгий II Тертерге көмекке барды. Бірақ, Өзбек хан Византия императоры II Андроникпен, ал кейін оның мұрагері және немересі III Андроникке қарсы соғысқан жоқ. Өйткені, Өзбек хан олармен туыстық байланысы (деректерде Байалунхатун атымен белгілі II Андрониктің қызына үйленген еді) бар еді [11].

1330 ж. Өзбек хан әскері Балқанның шеткі аймақтағы билігі үшін күреске қатынасты: 3000 Алтын Ордалық жауынгер біріккен Валахиялық әскербасы I Басараб пен византиялықтарға жақтасып, сербиялық III Стефанға қарсы шықты. Алайда, сербиялық билеуші испан және неміс жалдамалы әскерлерін жалдап, нәтижесінде одақтастар әскерін Вельбуджде талқандап, Өзбек ханның Балқандағы бұрынғы бақылауын қалпына келтіруге деген үмітін сөндірді. Өзбек хан өз тарапынан әлденеше рет өз әскерін Литва мен Польшаға жортуылға аттандырды. 1324 және 1337 жж. Алтын Ордалық жасақтар ханның бұйрығымен Литваға шабуылдар жасап, көптеген адамдарын тұтқынға алды, бірақ бұл әрекеті Киев пен Волынь толық босата алмады. 1337 ж. Польшаға жасаған жорығы Батыс Русь жерлерін қорғау мақсатында емес, Рим папасының Алтын Ордаға қарсы крест жорығына жауап ретінде жасалған еді. Сонымен қатар, Алтын Орда мен Батыс Еуропа арасындағы Өзбек ханның кезінде біршама дипломатиялық қарым-қатынастар жүзеге асты [14, 216-220 бб.]. Тіпті Өзбек ханның мұсылмандықты мемлекеттік дін ретінде жариялауының өзі де, католиктік Еуропамен қарым-қатынастарына әсер еткен жоқ. 1338 жылы 13 шілдедегі папа XXII Иоанның жазған хатында Өзбек ханға католик миссиясына құрметпен қарағанына өз ризашылығын білдіреді. 1339 жылы Өзбек хан папа XII Бенедикттің елшісі францискандық Жан де Мариньолиді қабылдады. Ол Шағатай мемлекеті және Пекин сапарына шықпас бұрын арнайы келіп, керемет сәйгүлікті Өзбек ханға сыйлық ретінде берді [3, 115-122 сс.].

Алтын Орданың сыртқы саясатының келесі бағыты ретінде Мысыр мемлекеті арасында байланыстар Өзбек хан билігі кезінде белсенділікпен жүргізілген. Екі мемлекет арасындағы қарым-қатынастың қарқынды болғаны соншалықты, тіпті Алтын Орданың барлық мешіттерінде сұлтан ал-Малик ан-Насирдің есімін Өзбек ханнан кейін атап, оған құрмет жасаған. Ұзақ жылғы Алтын Орда мен Мысыр арасындағы қарым-қатынас ақыр

соңында туыстық байланыстың орнауына алып келді. Жалпы, Өзбек хан өзге мемлекет билеушілерімен дипломатиялық некелік қатынастар арқылы туыстық одақтасу саясатын ұстанған. Ибн Баттутаның мәліметі бойынша, Өзбек хан әйелдерінің бірі « Константинополь билеушісінің » қызы болған. Сонымен қатар, Өзбек ханның өз қарындастарының бірін орыс княздарының бірі – Мәскеу князі Юрий Даниловичке қалыңдыққа бергені белгілі. Туыстық байланысты орнату жөніндегі ұсыныс жоғарыда айтылғандай, Алтын Орда тарапынан болып, Өзбек хан билігінің бастапқы жылдарында Құтлұқ-Темірдің бастамасымен болғаны белгілі, яғни 1314 жылы Алтын Орда елшісі Мангуш осындай дипломатиялық миссиясын сәтті орындаған. әл-Айни мәліметтері бойынша, елші Өзбек хан мен Құтлұқ-Темірдің хатын сұлтан ал-Малик ан-Насирге бере отырып, «он лично объяснился с султаном о том, что Кутлуг-Тимур указал ему [Мангушу] по части брака и союза» деген. Сұлтан келешектегі мұндай туыстық одақтасуға ризашылықпен құптаған. Осының нәтижесінде екі мемлекет арасында туыстық байланыстар орнаған [6, 49-52 бб.].

Қорытындылай келсек, Өзбек хан кезінде Алтын Орда мемлекеті өзінің дамуының шарықтау шегіне жетті. XIII ғ. 20-30 жж. Жошы ұрпақтары халықаралық аренада орасан зор беделге ие болып, оның вассалдары ханға тікелей тәуелді болып, оның дұшпандары шекаралық аймақтарда қауіп төндіре алмады.

Аталған билеушілер көшпенділр тарихында елеулі орын алағаны сөссіз. Себебі олардың саяси қызметі еліміздің тарихының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Тарихта ұлы адамдар аса маңызды оқиғалар мен өте күрделі бетбұрыс кезеңдерде айқын көрінетіні белгілі. Өйткені олар белгілі бір тарихи дамулардағы ірі өзгерістерге белсене қатынаса отырып, оқиғалардың даму барысының жетегінде кетпейді, керісінше өзгерістердің тез немесе баяу болуына, оқиғалардың объективті даму, өрбу бағытына өзіндік жеке рөлін қосады. Олардың қоғам дамуына қосқан үлесі неғұрлым ауқымды, неғұрлым терең болса, соғұрлым олардың есімі халықтың тарихи санасында өшпестей болып сіңіп, уақыт өте ұрпақтар алдында биікке көтеріле береді. Халқының тарихында мұндай ұлы адамдар өте көп. Дәстүрлі мұрагерлік жүйені жалғастырушылар қазақ қоғамы, Қазақ хандығы тарихында алатын орны ерекше.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1.Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері. Бес томдық. – Алматы: Дайк-Пресс, 2006. – Бес том. – 13-174 бб.

2.Султанов Т.И. Поднятые на белой кошме. Потомки Чингиз-хана. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 276 с.

3.Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан летопись трех тысячилетии. – Алма-Ата: Рауан, 1992. – 185 с.

4.Мұхаммед Хайдар Дулати. Тарих-и Рашиди. – Алматы: Тұран, 2003. – 105-130 бб.

5.Ерофеева И.В. Казахские ханы: личности, традиции и преемственность власти // История Казахстана: Народы и культуры. – Алматы, 2000. – 146 с.

6.Алтын Орданың құрылуынан құлауына дейін [Текст]: мақалалар / ауд., құраст. Н.Қазыбекұлы. – Алматы: Білім, 2010. – 184б.

7.Султанов Т.И. Некоторые замечание о начале казахской государственности // Изв. АН КазССР. Серия общ. наук. – 1971. – №1. – 54 с.

8.Материалы по истории Казахских ханств XY-XYIII веков (Извлечения из персидских и тюркских сочинений). Сост: С.К. Ибрагимов, Н.Н. Мингулов, К.А. Пищулина, В.П. Юдин. – Алмата: Наука, 1969. – 9-653 бб.

9.История Казахстана (с древнейших времен до наших дней). В пяти томах. Том II. – Алматы: Атамұра, 2010. – 624 с.

10.Мыңжан Н. Қазақтың қысқаша тарихы. – Алматы: “Жалын”, 1994

11. http://kaztar.kaznu.kz/

12.История Казахстана в арабских источниках I том сборник материялов отнеосящихся к истории золотой орды.

13.История Казахстана. Курс лекций [Электронный ресурс]: Учебное пособие. – Электронная книга (700Mb). – Алматы: Нұр-Пресс, 2009. – 1 электр. опт. диск.

14.Абусеитова М.Х., Баранова Ю.Г. Письменные источники по истории и культуре Казахстана и Центральной Азии в XIII-XVIII вв. / биобиблиографические обзоры – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 426 с.

ӘОЖ 94(574)

АЛТЫН ОРДА – ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІГІНІҢ БАСТАУЫ

Әлім О.Т. музей меңгерушісі
«*Батыр бабалар» мемориалды музейі.*

e-mail: *batyr_babalar@mail.ru*

Бұл мақалада, Шыңғысханның ұлдарының бірі – Жошыхан ұлысында негізі қалаған алпауыт мемлекет – Алтын Орда қазақ мемлекеттілігінің бастауы болғандығы жайында қарастырылады және Алтын Орда мемлекетінің тарихы және жекелеген батырларының ерлігі музей қабырғасында насихатталуы барысы сөз болады.

Тірек сөздер: *Жошы хан, Алтын Орда, Батый, Әмір Темір, мемлекет, рухани жаңғыру, музей.*

В данной статье рассматривются истоки казахской государственности Золотой орды основанного при династии Жошыхана один из Сыновей Чингизхана, а так же история Золотой Орды и героизм отдельных героев в музее.

Ключевые слова: *Жошы хан, Алтын Орда, Батый, Амир Темир, государство, рухани жанғыру, музей.*

This article tells about the history of the Golden Horde and the propaganda of the heroism of individual heroes in the museum, which tells about the history of the Golden Horde, one of the sons of Genghis Khan - a great state founded by the Zhoshykhan dynasty.

Key words: *Jochi Khan, Altyn Orda, Baty, Amir Temir, state, spiritual revival., museum.*

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өзінің 2019 жылдың 24 тамызында «Ұлы тау-2019» халықаралық туристік форумында сөйлеген сөзінде, Алтын Орданың негізін қалаушы – Жошы ханның есімін міндетті түрде жаңғырту мақсатында айқын міндеттер қойған болатын.

Осы бағытта, Шыңғысханның үлкен ұлы – Жошы хан негізін қалаған Алтын Орда мемлекетінің құрылғанына үстіміздегі 2020 жылы 750 жыл толуына орай, республика көлемінде конференциялар мен түрлі мәдени іс-шаралар өткізіліп келеді.

Осы орайда, Жетісу Мемлекеттік Университеті, «Рухани жаңғыру» ғылыми білім беру орталығымен бірлесе ұйымдастырып отырған бүгінгі «Алтын Орда – қазақ мемлекеттілігінің қайнар бастауы» атты Халықаралық конференциясы ерекше қуантарлық жағдай.

Алтын Орда тарихы мен жекелеген билеушілеріне байланысты әр кезеңде, Отандық және шетелдік тарихшы ғалымдармен қатар, қазақ жазушылары да қалам тербеген болатын. Олардың қатарында, XIX ғ. Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов және Кеңес дәуірі кезінде – Қ. Сәтпаев, Ә. Марғұлан, С. Мұқанов, Ілияс Есенберлин сынды ғалымдар мен жазушылары да

айтарлықтай жазған. Өкінішке орай, Кеңестік кезеңдегі сталиндік цензураның салдарынан, Алтын Орда тарихы мен жекелеген билеушілеріне байланысты жазған зерттеушілер мен жазушыларға түрлі саяси айдарлар тағылып, қудалауға түскен болатын [1].

Еліміз тәуелсіздік алған жылдары Алтын Орда тарихына және оның билеушілері мен астанасы – Сарайшық қаласына байланысты көптеген зерттеу еңбектері [2]. мен мақалалар жарық көріп келеді [3] Сондай-ақ, Алтын Орда билеушісі Тоқтамыс пен Едіге тұсында өмір сүрген Сыпыра жыраудың (XIV ғ.) ауыздан-ауызға таралып, Мұрын жыраудың жырлауымен бүгінге жеткен «Едіге жыры» өзінің құндылығымен ерекшеленеді [4].

Біз, «Алтын Орда – қазақ мемлекеттілігінің бастауы» атты бұл мақаламызда – қазақ даласының ұлан-ғайыр жерін алып жатқан Алтын Орда мемлекетінің негізін құраған халық автохтонды ұлт – қазақ халқы екендігін тарихи деректерге сүйене отырып, баса айтқымыз келеді.

Алдымен, Алтын орда мемлекетінің тарихына аз-кем тоқталып өтсек.

Тарихи деректерге қарағанда, 1219 жылдың қыркүйек айында Шыңғысхан 150 мыңға жуық қалың қолымен Орта Азия мен Қазақстанды бағындыру жолына кіріседі. Ұзақ қарсылықтарға қарамастан 1220 жылы қазақ даласындағы – Отырар, Сығанақ, Ашынас, қалалары мен қатар, 1221 Орта Азияның Үргеніш, Бұқар, Самарқан, Хорезм қалалары толық жаулап алынды. Ары қарай, Шыңғыс әскері – Хорасан, Ауғанстан, мен Солтүстік Үндістан жағын жаулауға бет алады. Сөйтіп, 1219-1224 жылдары Орта Азия мен Қазақстан территориясы Шыңғысхан құрған алып империяның құрамына енген болатын.

Ұлан-ғайыр қазақ даласы Шыңғысханның бәйбішесі – Бөртеден туған үш ұлына бөлініп берілді. Атап айтқанда, Ертістен – батысқа қарай созылған далалық аймақты – үлкен ұлы Жошыға, Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Қазақстан аймағы – Шағатай ұлысына ал, Жетісудың солтүстік-шығыс бөлігі – Үгедей ұлысының иелігіне өтті [2, 77-83 бб].

Жошы өз иелігіне өткен жоғарыда аталған Ертістен – батысқа қарай созылған далалық ұлан-ғайыр аймақты тәуелсіз мемлекет ретінде құруға күш салады. Бірақ, көп ұзамай 1227 жылы Жошы қайтыс болып, мұрагері ретінде оның ұлы Батый таққа отырады.

Осы арада баса айта кететін мәселе деректерде Жошының өлімі жайында түрлі пікірлер айтылады. «... Оның бірі – Жошы аң аулап жүргенде, жараланған құланның айғыры шайнап өлтірді десе, екіншісі аттан құлап, мойны үзіліп өлді дейді. Ал енді бір дерек жеке билікке ұмтылып, әке ырқына көнбей, асаулық танытқан ұлын Шыңғыс өзі арнайы адам жіберіп, бел омыртқасын үздіріп өлтіртті...», – деп келеді [5. 64-65-бб]. Әсіресе, Жошы ханның өліміне байланысты халық арасында кең тараған аңыз түрі ол – Жошыны құланың теуіп өлтіруі деген нұсқасы. Осыған байланысты, әйгілі дәулескер күйші Кетбұғаның «Ақсақ құлан» күйін атап өтуге болады.

Батыйдың кезінде Алтын Орда мемлекетінің территориясы Алтайдан – Шығыс Европаға дейінгі аймақты алып жатқан алып империя ретінде танылы бастады.

Алтын Орданың қалыптасуы және мемлекеттік құрылымы мен жергілікті автохтонды ұлттардың тигізген әсері жайында «...Алтын Орданың құрылуы біртұтас саяси жүйенің құрылуына әкеп соғып, соның шеңберінде сауда, халықаралық байланыстардың дамуы байқалды, сондай-ақ, орталықтандырылған билік илеясы, мемлекеттілік пен фискалдық қызметтің маңызды элементтері таралды. Қазақстан аумағында түрік шонжарларымен туыстасып, саяси биліктің бүкіл міндетін атқарған монғол шонжарлары бірте-бірте ортасына, ең алдымен қыпшақтар ортасына қосылып, сіңісіп кетті. Екі мәдениеттің – монғол және қыпшақ мәдениеттерінің күресінде неғұрлым дамыған қыпшақ мәдениеті үстем болып, соның нәтижесінде қыпшақ дәстүрі – монғол дәстүрінен басым түсті...», – деп көрсетілген [2.7-б].

XIII-XIV ғғ. аралығында өмір сүрген Алтын Орда мемлекеті бірде дамып, бірде түрлі шапқыншылықтар мен билікке деген ішкі талас-тартыстардың әсерінен құлдырауды бастан өткеріп, ақыр аяғында 1391, 1395 жылғы Әмір Темірдің шабуылынан соң құлдырап, бірнеше хандықтарға – Сібір хандығы, Ноғай ордасы, Қазан хандығы, Қырым және

Астрахан хандықтарына бөлініп кеткен болатын.

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың тапсырмасына орай, Жошы хан мен Алтын Орда тарихына байланысты зерттеулер жүргізіп көпшілік қауымға насихаттау жолында музейлер де өз үлесін қосып келеді.

«М. Тынышпаев атындағы Алматы облыстық тарихи-өлкетану музейі» және оған қарасты Алматы облысы аумағындағы филиалдары да музей коллекциясы қорында сақталған Алтын Орда кезеңіне яғни, XIII-XIV ғғ. аралығына жататын артефактілерден көрмелер ұйымдастырып, түрлі тақырыптардағы музейлік дәрістер мен тақырыптық экскурсиялар ұйымдастырып келеді.

Соның ішінде, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2017 жылдың сәуір айында халыққа жолдаған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында, ата-бабаларымыздың болашақ ұрпақ үшін жасаған ерліктерін мәңгі ұмытпай, ұлттық рухты көтеру үшін Алматы облысының Қарасай ауданы, Райымбек ауылдық айағында сыртқы көрінісі киіз үй пішінде салынған «Батыр бабалар» атты мемориалды музейі бой көтеріп, 2017 жылдың қыркүйек айында халық игілігіне пайдалануға берілді.



Батыр бабалар мемориалды музейінің сыртқы архитектуралық көрінісі.

Музейдің жалпы бейіні (профильі) қазақ тарихының көне заманнан – бүгінгі күнге дейінгі тарихи кезеңдерімен қатар, әр жылдары ел басқарған айтулы хандарға және есімі елге танымал билерге сондай-ақ, батырларға арналғандықтан музей коллекциясының басым бөлігі – осы бағыттағы фотоматериалдар мен артефактілерден тұрады.

Музейдің бірінші экспозициялық бөлімінде – ежелгі сақ заманынан бастап – күні бүгінге дейінгі қазақ тарихының кезеңдерін көрсеткен фотоматериалдармен қатар, суретші С.П. Пожарскийдің салған «Сақ-парсы» (б.д.д. 530 ж.) және «Орбұлақ (1643 ж.)», пен «Аңырақай (1729 ж.)» шайқасына арналған көлемді панорама орын алған. Экспозиция төрінде Алтын орда кезеңіне және оның астанасы – Сарайшық қаласына баса мән берілген.

Екінші және үшінші экспозициялық бөлімдері – есімі елге танымал әйгілі хандар мен билерге және батырларға арналған портреттік галереядан тұрады.

Мемориалды музейдің ішімен қоса сырты да сан ғасырлық қазақ тарихынан сыр шертеді. Ғимараттың сыртын айналдыра жаугершілік заманнан қалған аңыз бойынша «үйген тас» қойылған. Яғни, «Үйген тас» аңыз бойынша ертедегі Алтын орда дәуірі кезеңіндегі жаугершілік уақытта – жауға аттанған жауынгерлердің әрқайсысы қолдарына

бір-бір тастан алып, дөңестеу жерге үйіп, соғыстан аман-есен оралған әрбір жауынгер қайтадана үйілген тастың бір-біреуін алып тастап, қаза тапқан адамдардың санын анықтап отырған.

Мақаламызды қорыта келе, Жошы хан негізін қалаған алып империяның қазақ мемлекеттілігінің бастауы болғандығын тарихи және жазба деректермен қатар, сол заманда өмір сүрген жыраулардың ауыздан-ауызға жалғасып, бүгінге жеткен жырлары арқылы Алтын Орда тарихы мен жекелеген билеушілерінің ерлігін насихаттау музей қызметкерлерінің басты парызы.

Осындай ұланғайыр қазақ даласын ақ найзаның ұшымен, білектің күшімен жаудан қорғаған батырларымыздың ерен еңбегін насихаттау біздің міндет.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Жақсылық Сәбитов. Abai.kz ақпараттық порталы. https://abai.kz/post/97622
2. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. Алматы: Атамұра, 2010 2-том, – 640 бет.
3. Б. Қойшыбаев. Тауарих тамшылар. Алматы: «Рух БГ» баспасы, 2017. – 260 б.
4. Қырымның қырық батыры. Қ.Сыдыиықұлы. Алматы, Арыс. 2005. –544 б.
5.Елтұтқа. Ел тарихының әйгілі тұлғалары. Оқу құралы. М.Жолдасбекұлы, Қ.Салғараұлы, А.Сейдімбекұлы. Астана: Күлтегін баспасы, 2001. – 357 б.

УДК 902/908

ИЗ ИСТОРИИ ИЗУЧЕНИЯ АРХЕОЛОГИЧЕСКИХ ПАМЯТНИКОВ ЖЕТЫСУ ВО ВТОРОЙ ПОЛОВИНЕ XIX – НАЧАЛЕ XX ВЕКА

Байгабатова Н.К.[1] к.и.н., и.о. ассоциированного профессора,
Қашағанова Ә.Б.[1] МНС, магистр, **Битлеуова М. К.**[2] преподаватель
Жетысуский университет им. И.Жансугурова[1], г.Талдыкорган
Колледж бизнеса, права и новых технологий[2], г.Талдыкорган

e-mail: *baigabatova_nk@zhgu.kz , k.aliya95@mail.ru*

В статье рассматривается история изучения археологических памятников Жетысу во второй половине XIX–начале XX века. На основе большого круга источников авторы выявили вклад исследователей того времени в изучение целого ряда уникальных археологических объектов древности и средневековья.

Ключевые слова: *археологические памятники, курганы, исследователи, Жетысу, культурное наследие.*

Мақалада XIX ғасырдың екінші жартысы–XX ғасырдың басындағы Жетісудағы археологиялық орындарды зерттеу тарихы қарастырылған. Авторлар көптеген дереккөздерге сүйене отырып, сол дәуірдегі зерттеушілердің ежелгі және орта ғасырлардағы бірқатар ерекше археологиялық орындарды зерттеуге қосқан үлесін анықтады.

Тірек сөздер:*. археологиялық ескерткіштер, қорғандар, зерттеушілер, Жетісу, мәдени мұра.*

The article deals with the history of the study of archaeological sites in Zhetysu in the second half of the 19th - early 20th centuries. The authors based on a wide range of sources, identified the contribution of researchers of that time to the study of a number of unique

archaeological sites of antiquity and the Middle Ages.

Key words: *archaeological sites, burial mounds, researchers, Zhetysu, cultural heritage.*

Первый Президент Республики Казахстан–Елбасы Н.Назарбаев в статье «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» подчеркнул, что одним из главных условий модернизации общественного сознания является сохранение собственного национального культурно-генетического кода, фундаментальная основа которого – патриотизм [1]. Соединяясь с ценностями и нравственными ориентирами, патриотизм приобретает национальную идею. В этой связи патриотизм рассматривается как часть национальной стратегии государства, и одна из его основ закладывается в любви к своей малой родине, родной земле – Туған жер. Главной целью Программы «Туған жер» является воспитание у казахстанцев чувства истинного патриотизма, который выражается в любви и гордости за свою Родину, знании истории и культуры родного края.

В этой связи изучение истории Жетысу, являющегося органической частью истории Казахстана, является актуальным направлением научного знания на современном этапе. На территории региона сосредоточено огромное количество археологических объектов древности и средневековья, вызывающий особый интерес путешественников, краеведов и ученых. Цель данной статьи – проанализировать историю выявления и изучения археологических памятников Жетысу во второй половине XIX–начале XX века.

Во второй половине XIX в. территория Жетысу вошла в состав Российской империи. В 1867 г. здесь была образована Семиречинская область в составе Туркестанского генерал-губернаторства (в 1882-1899 гг. – Степного генерал-губернаторства), с административным центром в г. Верном, основанном у подножия Заилийского Алатау. К концу XIX в. Семиречинская область состояла из шести уездов: Верненского, Джаркентского, Капальского, Лепсинского (быв. Сергиопольского), Пржевальского (быв. Иссык-Кульского) и Пишпекского (быв. Токмакского), т.е. территориально охватывала современные Алматинскую область, часть Восточно-Казахстанской области Республики Казахстан и северные районы Кыргызской Республики.

Благоприятные естественно-географические условия Жетысу, богатого водными ресурсами и растительностью, издавна привлекали людей, которые селились в поймах крупных рек, предгорьях высоких хребтов Жетысуского, Залилийского и Кыргызского Алатау, Узынкары (Кетменя), Кунгейи Терскей-Алатау, пригодных для развития как скотоводства, так и земледелия, где со временем возникли очаги оседлой земледельческой и городской культуры, строитель города и поселения. В степной и пустынной зонах обитали многочисленные кочевые племена, занимавшиеся пастбищным скотоводством. В глубокой древности Жетысу населяли племена саков-тиграхауда (VIII-VI в.в до н.э.), усуней (конец I тыс. до н.э.-первые века н.э.), карлуков (средние века), о чем свидетельствуют многочисленные памятники древних эпох – курганы и могильники, городище и поселения. На территории Илийской долины сохранились остатки средневековых городищ и поселений, многие из которых располагались на Великом Шелковом пути, который проходил через Жетысу, связывая разные страны Восточной и Юго-Восточной Азии с Европой и Сибирью. Среди них историками и археологами по письменным источникам идентифицированы города Ики-Огуз (долина р. Коксу), Тальхиз, или Тальхир (севернее современного г. Талгара), столица карлукских джабугу Каялык (аул Койлык), свидетельствующие о существовании в этом регионе развитой городской культуры [2, С. 153-166].

Если все этапы археологического изучения Жетысу в советский период постсоветские годы достаточно подробно освещены в «Своде памятников истории и культуры» Алматинской области и специальной историографической литературе, то история накопления разнообразных знаний об археологических памятниках этого региона в дореволюционную эпоху представлена в научных изданиях очень поверхностно и

фрагментарно.

До последних лет вне сферы внимания специалистов-археологов и историков оставались многочисленные рукописные материалы по археологии Жетысу середины XIX–начала XX в., сосредоточенные в фондах крупнейших научных библиотек и архивохранилищ СНГ. К ним относится разновременные служебные донесения, рапорты, дневники, тематические записки, очерки и статьи различных чиновников Туркестанского края, проводивших целенаправленную археологическую разведку на территории казахских земель; межведомственная переписка по вопросу изучения и сохранения обнаруженного здесь культурного наследия, оригинальные рисунки, чертежи и фотографии обследованных материальных памятников и каменных плоскостей и наскальными изображениями разных эпох. В досоветских документальных источниках содержится ценнейшая информация о местоположении и былом состоянии древних и средневековых археологических объектов Жетысу, которая имеет большую научно-практическую значимость для современных профессиональных исследователей.

В середине XIX столетия в связи с образованием на территории Жетысу Алатавского округа в составе Семипалатинской области, а позднее – Семиреченской области, территория последней стала более или менее регулярно изучаться военнослужащими различных административных учреждений Туркестанского края. В органах местного управления тогда находилось на службе немало широко образованных людей, которые наряду с выполнением своих прямых обязанностей, связанных с регулированием общественных отношений среди местного населения и хозяйственным освоением края, занимались изучением его истории и культуры. Для некоторых из них историческое краеведение стало делом всей жизни. До сих пор не потеряли актуальность опубликованные ими очерки и статьи в периодических изданиях тех лет, уже давно ставшие библиографической редкостью. Во второй половине XIX – начале XX в.в разные регионы Жетысу направлялись также из центра страны и Сибири специальные научно-исследовательские экспедиции, организованные Петербургской Академией наук, университетами и научными обществами. В опубликованных материалах по истории и географии Жетысу мы находим бесценные сведения о многочисленных «исторических достопримечательностях» и «древностях», встречавшихся на пути следования экспедиционных отрядов – наскальных рисунках, скоплениях разновременных курганов и могильников, остатках древних городов и поселений, ирригационных сооружений и прочих объектах материальной культуры. Первичная информация о местонахождении памятников древности – предания и легенды, связанные с ними, черпалась из уст коренного населения, а позднее и русских переселенцев – казаков, крестьян и исследователей-краеведов из среды местной интеллигенции.

К наиболее ранним публикациям, в которых упоминаются археологические памятники Жетысу, относится заметка сибирского исследователя С.О. Гуляева «О древностях, открываемых в Киргизской степи» (1853), в которой дано краткое описание наскальных изображений в верховьях р. Чу.

В 1855-1857 гг. Семиречье, Центральный Тянь-Шань, озеро Иссык-Куль и Кульджу посетил выдающийся казахский исследователь и путешественник Ч.Ч. Валиханов. По материалам этих поездок им были написаны путевые очерки и записки: «О киргиз-кайсацких могилах (молах) и древностях вообще» (1855), «Дневник поездки на Иссык-Куль», «Западная провинция Китайской империи и г. Кульджа», «Записки о Киргизах» (1856) [3, С. 312].

В 1856-1857 гг. совершил путешествие в Тянь-Шань знаменитый русский путешественник, географ и общественный деятель П.П. Семенов-Тянь-Шаньский (1827-1914). Помимо решения основных экспедиционных задач он не упускал возможности осмотреть древние памятники и по мере возможности обследовать некоторые из них. Лаконичные сведения о памятниках древности Жетысу мы находим в его работе

«Путешествие в Тянь-Шань в 1856-1857 годах», написанной им в конце жизни по дневникам и впервые изданной только в 1946 г. О ламаистском культовом комплексе в долине реки Или он сообщал: «Главной целью нашей экскурсии вниз по Или было урочище Тамгалы-Таш (писаные камни), отстоявшее от Илийска на расстоянии от тридцати пяти верст по течению реки. Действительно, мы нашли в широком ущелье, через которое пробивается здесь река, на высоком утесе огромные буквы тибетской надписи, которую я скопировал, как умел, при помощи художника Кошарова. Надпись оказалась не особенно древней. Она была начертана, по-видимому, в половине XVIII в., во времена джунгарского владычества, когда здесь находились временные кочевья хана Амурсаны, и имели целью обозначить западные пределы Джунгарии» [4, С. 138]. Подлинные рисунки путешествовавшего с ним учителя рисования томской гимназии, художника П.М. Кошарова (1824-1902) ныне храниться в фондах Научного архива Русского географического общества (г. Санкт-Петербург).

Интересные сведения об отдельных археологических объектах долины реки Или и предгорьев Джунгарского Алатау, связанные с ними легенды и предания содержаться в краеведческих статьях и заметках исследователя Н.А. Абрамова (1812-1870). В 1860 году Н.А. Абрамов посетил укрепление Верное – административный центр вновь образованного Алатавского округа, расположенное на берегу реки Малой Алматинки. В небольшом очерке «Алматы или укрепление Верное с его окрестностями» (1867) он сообщил: «Алматы, или укрепление Верное, расположено в живописной, ровной местности у самой подошвы Заилийского Алатау на высоте 2430 английских футов над уровнем моря при выходе из Алатау долины, заросшей яблонями и урюком (абрикосами), дающими очень вкусные плоды. В самих Алматах и окрестности, в бытность мою там, я насчитал до сорока значительных курганов или земляных насыпей, сделанных древними обитавшими там народами. Так, сказали мне, что у подошвы Алатау и около берегов речки также находится много подобных курганов, из них некоторые окружены валом и рвом. Русские, пришедшие в Алматы для основания укрепления, нашли на берегу речки Алматинки оставленные здесь мельничные жернова. При самом выходе из гор р. Талгар есть развалины древнего укрепления. Киргизы относят его ко времени хана Тохтымыша. В окрестностях Верного есть замечательные и уважаемые киргизами старинные могилы: по р. Тургеню – Бохтаба, Кунандык, Курбай; на правой стороне – Урманай, Алекен, Кузенбай; по р. Иссык – на правой стороне Джел-Сеит, Ташмамбет и Сары-Сю; при речки Кутентай – могилы Тельгозы и Аркабаш. В окрестностях Алматов находится много арыков (водопроводов), сделанных древними, обитавшими там народами для орошения полей» [5, С. 258-268].

В 1869 году во время своего пребывания в Жетысу известный художник-баталист В.В. Верещагин (1842-1904) побывал в районе Токмака и сделал зарисовку башни Бурана [6, С. 10]. О следах оседлой культуры Прибалхашья упоминается в статье Г.В. Фишера «Озеро Балхаш и течение р. Или от выселка Илийского до ее устьев» (1884). Руководитель музея Томского университета профессор В.М. Флоринский в статье «Топографические сведения о курганах Семиреченской и Семипалатинской областей» (1898) представил довольно подробный обзор археологических памятников Северо-Восточного Жетысу, основанные на материалах центральных и туркестанских изданий конца XIX в.

Дважды памятники древности Жетысу были предметом обсуждения на всероссийских археологических съездах. На IV съезде в городе Казани (1884 г.) зачитывались записки «О древних памятниках, сохранившихся в Верненском уезде» и «О буддийском памятнике на берегу реки Или, называемом теперь Тамгалы-Тас». Ко времени его проведения была составлена первая археологическая карта и даны краткие сведения к ней по Верненскому, Капальскому и Иссык-Кульскому уездам Семиреченской области. На съезде экспонировались сама карта, а также фотоснимки и рисунки культового комплекса Тамгалытас, выполненные К.А. Ларионовым и К.И. Малишевским [7, С. 11].

Видные российские исследователи А.Ф. Голубев (1832-1866) А.Н. Краснов (1862-

19.12.1914), М.В. Певцов (1943-1902), Л.С. Берг (1876-1950) и другие также не обошли вниманием материальные памятники разных эпох. В их трудах даны более или менее подробные описания современного состояния археологических памятников и сведения об их местонахождении [8].

2 февраля 1859 г. при Министерстве императорского двора была учреждена Императорская Археологическая комиссия – первое российское государственное учреждение, которое непосредственно занималось организацией археологических исследований и охраны памятников истории и культуры на территории всей страны. Комиссия координировала археологические исследования, занималась покупкой памятников страны, случайно найденных местными жителями и извлеченных в ходе археологических раскопок [9, С. 38-39].

Первая экспедиция, организованная Археологической комиссией в Центральную Азию, состоялась в 1867 г. Ее руководителем был петербургский востоковед и археолог П.И. Лерх (1828-1884), направленный в район Северного Приаралья для исследования развалин древнего г. Жанкента. В 1862, 1868-1869 гг. несколько поездок в Жетысу совершил известный востоковед, тюрколог и археолог В.В. Радлов (1837-1918) который описал курганы в долинах рек Чу и Или. С 1885 г. с Комиссией активно сотрудничал краевед Н.Н, Пантусов, а немного позднее – Ф.В. Поярков и А.М. Фетисов, изучавшие археологические памятники Жетысу [10, С. 16].

Таким образом, краткий обзор археологического изучения территории Жетысу во второй половине XIX – начале XX в. показал, что, исследователи того времени Ч.Ч. Валиханов, П.П. Семенов-Тянь-Шаньский, Н.А. Абрамов и др. внесли значительный вклад в выявление и изучение многих объектов культурного наследия региона. По существу они явились первооткрывателями целого ряда уникальных археологических памятников, которые благодаря их публикациям получили в конце XIX в. широкую известность в науке.

ЛИТЕРАТУРА:

1. Назарбаев Н.А. Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания // http://www.akorda.kz/ru/events/akorda_news/press_conferences/ statya-glavy-gosudarstva-vzglyad-v-budushchee-modernizaciya-obshchestvennogo -soznaniya
2. Байпаков К.М. Средневековые города Казахстана на Великом Шелковом пути. – Алматы, 1998. – 216 с.
3. Валиханов Ч.Ч. Дневник поездки на Иссык-Куль // Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. В пяти томах. Т. 1. – Алма-Ата,1984. – С. 312.
4. Семенов-Тян-Шанский П.П. Мемуары. Т. 2. Путешествие в Тянь-Шань в 1856-1857 гг. – М., 1946. – 256 с.
5. Абрамов Н.А. Алматы или укрепление Верное с его окрестностями // Записки Императорского Русского географического общества по общей географии.1867. Т. 1.
6. Масон М.Е., Горячева В.Д. Бурана. История изучения городища и его архитектурных памятников. – Фрунзе, 1985. – С. 10
7. Археологическая карта Казахстана. Реестр. – Алма-Ата, 1960.
8. См.: Голубев А.Ф. Краткий отчет о результатах Иссык-Кульской экспедиции // Вестник Императорского Руского географического общества. Ч. XXVIII. 1860. Отд. 1. С. 183-198; Краснов А.Н. Предварительный отчет о гео-ботанических исследователях в восточном Тянь-Шане и его предгорьях, совершенных летом 1886 г. // Известия Императорского Русского географического общества. Т. 23. 1887; Певцов М.В. Путешествие по Восточному Туркестану, Кун-Луню, северной окраине Тибетского нагорья и Чжунгарии в 1889-м и 1890-м годах. СПб.,1895; Берг Л.С. Предварительный отчет об исследовании озера Балхаш летом 1903 г. // Берг Л. С. Избранные труды. Т. 3. – М., 1960. – С. 65-76.

9. Императорская Археологическая комиссия (1859-1917). К 150-летьтию со дня основания: У истоков отечественной археологии и охраны культурного наследия. СПб., 2009.

10. Археология Жетысу.1857-1912 гг.: Сб. док. и мат-лов / Сост. И.М. Самигулин. – Алматы: «Издательство LEM», 2011. – 664 с.

ӘОЖ 902

В.К.АФАНАСЬЕВТІҢ САРАЙШЫҚ ҚАЛАСЫНДА ЖҮРГІЗГЕН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРІ

Байгалиев Ж.Р. инспектор
«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы, Атырау қ.

e-mail: *baigalievzh@mail.ru*

Мақалада өлкетанушы, тарихшы Вячеслав Константинович Афанасьевтің өлкедегі тарихи орындарға жасаған туристік сапарлары, Сарайшық қаласында жүргізген археологиялық зерттеулері туралы баяндалады.

Тірек сөздер: *Сарайшық, археологиялық зерттеулер және жәдігерлер, туристік жорықтар, музей.*

В статье рассказывается о туристических поездках краеведа Вячеслава Константиновича Афанасьева по историческим местам края, его археологических исследованиях в Сарайшике.

Ключевые слова: *Сарайшык, археологические исследования и экспонаты, туристические походы, музей.*

The article tells about tourist trips of local historian Vyacheslav Konstantinovich Afanasyev to the historical places of the region, his archaeological research in Saraishyk.

Key word*: Saraishyk, archaeological research and exhibits, hiking trips, museum.*

Тарих ғылымында тарихи сана ұғымының мән-мағынасы ерекше, ұлттың сана-сезімін, тарихи жадын қалыптастыратын тәрбие құралы – сол халықтың төл тарихы екендігі анық. Ұлттық құндылықтың негізі тарихи мұрамыздан басталып және жүзеге асырудың басты құралы – өзіміздің тарихымызды, мәдениетімізді білу болып табылады. Осы орайда өлке тарихын зерттеп жас ұрпаққа мол рухани мұраны мирас етіп қалдырған өлкетанушы, тарихшы ғалымдардың қосқал үлесі ұшан-теңіз. Мақаламыз жергілікті өлкетанушы, Вячеслав Константинович Афанасьев жөнінде болмақ.

Өлкетанушы Вячеслав Константинович 1940 жылдың қыркүйек айының екінші жұлдызында Гурьев (қазіргі Атырау) қаласында дүниеге келген. Атырау қаласындағы №12 бастауыш мектепте, Куйбышев атындағы және Абай атындағы мектептерде білім алды.

Көп ұзамай, қалалық комитетінің нұсқауымен оны пионер жетекшісі ретінде Абай мектебіне жіберді, онда ол Пешная, Дамбы және Еркінқалаға алғашқы жорықтар ұйымдастыра бастады, табылған заттар мектеп мұражайында сақталды. Алайда мектеп оқушыларын тек археологиялық зерттеулермен шектелмеді. Сол жылдары Бірінші дүниежүзілік және Азаматтық соғыстарға қатысқандар әлі тірі еді. Гурьев облысының түкпір-түкпірінде ардагерлермен кездесу барлық науқандардың ажырамас бөлігі болды.

Өлкетанушы ортағасырлық Сарайшық қаласы тарихына байланысты көптеген қазба жұмыстарына қатысып, зерттеу жұмыстарын жүргізді. В.К. Афанасьев Сарайшықты көру

үшін алғашқы сапарын 9 сыныпта ұйымдастырған болатын. Бір топ бала жиналып, ұзақ жолға қажет болар деп ойлаған нәрселерді алып жорыққа шықты. Атыраудан 50 шақырым қашықтықта орналасқан ежелгі Сарайшық қаласы орнына жасалған алғашқы экспедициясы еді [1].

Вячеслав Константинович туристік-өлкетану жұмысы бойынша бірнеше әдістемелік құралдар шығарды, олардың қатарына: «Оқушылармен туристік-экскурсиялық жұмыс бойынша жетекші материалдар», «Мектеп мұражайы туралы ереже», «Жас өлкетанушылар - ғылымда» жатқызуға болады. Сарайшық және өзге де археологиялық кешендер туралы өлкетанушының облыстық «Коммунистік еңбек» газетіне бірнеше мақалалары жарық көрді. Атап айтсақ: «Жорық әңгімесі таусылмайды» (20 қыркүйек, 1975 ж), «Сарайшықта мұражай болады» (20 ақпан, 1976 ж), «Жылдар шежіресіне үңіліп» (9 сәуір, 1976), «Ашық кездесу» (13 қаңтар, 1977 ж) «Алғашқы қазба жемісі» (6 тамыз, 1977 ж), «Тарих астарына үңіліп» (26 мамыр, 1979 ж), т.б.

Облыстық балалар экскурсиясы мен туризм станциясы оқушылардың өлкеміздегі тарихи орындарға жорықтар жасауына әрдайым жағдай жасайтын. Қолдаулардың арқасында көне Сарайшық қаласы тарихымен танысып, 1920-жылдары Серов бандылармен ұрыста қаза тапқан қызыл әскерлер А.Л. Егоров пен К.С. Толстовтың зиратына гүл шоқтарын қойған [2]. «Жылдар шежіресіне үңіліп» атты мақаласында жас туристерді Сарайшық орта мектебінің мұғалімі Мұстажап Намазғалиевпен таныстырып, ұстаздың Атырау өңірі жайлы көптеген деректер жинастырып, іздену-зерттеу ісімен айналысуын жоғары бағалайды. Мақаласында оқушылардың Сарайшық қирандыларынан тапқан жәдігерлері туралы мынадай деректер береді: «Бірде оқушы Б. Қожиев сыйымдылығы 50 литр болатын бүтін құмыра тапқаны жайлы ұстазына жақсы хабар жеткізсе, С. Мұхамбетов деген оқушы жазғы демалыс кезінде, ішінде жартылай күйіп жерленген адам сүйегінің қалдықтары бар, қыш ыдыс – оссуарийді тапқан, басқа оқушы балалардың көптеген металл тиындар мен тұрмыстық бұйымдар, сырлы қыш ыдыстар сынықтарын тапқаны жөнінде айтады» [3]. 1979 жылы Сарайшыққа жасаған кезекті сапары барысында жас туристер XIII – XIV ғасырға жататын 6 күміс ақша, қола айна сынығын, т.б. көптеген керамикалық ыдыстардың сынықтарын тапқан [4]. «Алғашқы қазба жұмысы» атты мақаласынан Гурьев педагогикалық институтының тарих факультеті студенттері мен Атырау қаласы мектептерінің жас өлкетанушылары Сарайшыққа археологиялық практикаға келгенін байқауымызға болады. Бірнеше күн бойы жүргізген жұмыстардың нәтижесінде жас археологтар XIV-XV ғасырға жататын бірнеше қыш құмыралар және Жошы тиындарын тауып алғандығы туралы жазылған [5].

Өткен ғасырдың 60-жылдарының басында ол XIII - XVI ғасырлардан бастау алатын ежелгі қоныс Сарайшыққа үнемі саяхаттауға тырысқан. В.К. Афанасьев Ш.Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтымен іскерлік ынтымақтастық орнатады. Қазақ КСР Ғылым академиясы, ондағы белгілі ғалымдар - академик А.Марғұлан, доктор К. Ақышев, археологтар Т.Сенигова және М.Мершчиевпен тығыз қарым-қатынас жасайды. 70-жылдардың аяғынан КСРО ыдырағанға дейін Мәскеу мен Алматы ғалымдарының қатысуымен Сарайшық пен Ақтөбе-Лаэтиде ара-тұра археологиялық зерттеулер жүргізіле бастады. Қазіргі уақытта Афанасьевтің Сарайшықтан, Ақтөбе-Лаэтидан, сондай-ақ Батыс Қазақстанның басқа да жерлерінен табылған бірегей жәдігерлері облыстық музейлердің экспозициясынан орын алған. 1970-жылдардың басында біздің облыста Лев Галкиннің басшылығымен КСРО Ғылым Академиясының Археология институтының Еділ-Орал археологиялық экспедициясы жұмыс істей бастады, экспедицияға В.К. Афанасьев та белсенді қатысады. КСРО ҒА басылымы «Археологические открытие» журналына шыққан мақаласында Л.Л. Галкинмен бірге осы экспедиция жұмысының нәтижелері туралы жазды. 1989 жылдан бастап Вячеслав Константинович Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясының (З.Самашевтың басшылығымен) жұмысына белсенді көмек көрсетіп, Гурьев жасағына жетекшілік етті.

1991 жылы ортағасырлық Ақтөбе-Лаэти қалашығында қазба жұмыстарын жүргізді. Аталған жылы облыстық кәсіподақ жанындағы туристік клубтың жабылуына байланысты «Мирас» деп аталатын жаңа туристік клуб құрды. Өзі қатысқан археологиялық қазба жұмыстары кезінде Сарайшық пен Ақтөбе-Лаэтиден қызыл балшықты, сырлы керамикалық бұйымдар, аң аулау және еңбек құралдары секілді жәдігерлерді тапқан [6].

Ә.Марғұлан атындағы Археология институты қорында В.К. Афанасьевтің Сарайшық қаласында жүргізген археологиялық жұмыстарының «Подъемные материалы с городище Сарайчик (XI-XVI)» атты ғылыми есебінде 1958-1976 жылдары ортағасырлық қаланың мәдени қабаттары құландысынан жиналған керамикалық бұйымдарға сипаттама береді. Аталған ыдыстар мен керамика параметрлерінің шартты белгілері. В.Ф.Генингтің «Археологиялық қазба жұмыстарынан керамиканы статистикалық өңдеу бағдарламасы» атты еңбегі бойынша сұрыпталғанын келтіреді Оның негізінде керамиканың өлшемдері төмендегідей шартты белгілер арқылы беріледі: **Р1** – Ернеуі диаметрі, **Р2 –** Мойнының диаметрі, **Р3 –** Шанағының ең үлкен бөлігінің диаметрі, **Р4 –** Ыдыс түбінің диаметрі, **Р5 –** Жалпы биіктігі, **Р6 –** Мойынның ұзындығы, **Р7 –** Иықтың биіктігі, **Р8 –** Қосалқы бөліктің биіктігі [7, 3 б]

Сарайшық қаласынан табылған бұйымдарды өлкетанушы-ғалым бірнеше топтарға бөліп қарастырады. Олардың бірі сырланған кеселер. Екі қабатты сырланған кесенің бөлігі. Сырты ақ түспен оның үстіне жасыл және көк түстермен суреттер салынған. Мысалы ашық жасыл түсте сырланған ыдыстың бөлігі. Сыртында кесенің түбінен жоғарыға қарай сызықтар сызылған. Өлшемдері Р3 – 218 мм, Р4 – 93 мм, Р5 – 62 мм. Сары түстегі кесе, сыртында қоңыр түспен сызық жүргізілген. Қайта қалпына келтірілген. Р3 – 115 мм, Р4 – 67 мм, Р5 – 52 мм [7, 4 б]. Одан өзге сыртына ешқандай сурет салынбаған кеселер де кездесті. Сырты қара-көк түсте болған қазбадан шыққан бөліктер арқылы толық қалпына келтірілген. Ішкі жағы көк түсте. Ыдыстың көрсеткіштері Р3 – 23 мм, Р4 – 122 мм, Р5 – 75 мм. Сонымен қатар, Сарайшықтан табылған жәдігерлер арасында фаянс және жартылай фаянсты керамикалар кездесті. Фаянс - кеуек құрылымды түсі ақ керамикалық материал. Ол Италиядағы Фаянс өндірілген Фаэнца қаласының атымен аталған. Осы материалмен жасалған бірнеше керамика фрагменттері келтірілген.

Тағамға арналған ыдыстардың, тәрелкелердің сақталғанын байқауға болады. Бұлардан ернеуінен түбіне дейін сақталған жасыл түсті, өрнектелген табақ бөлігі Ыдыс денесінің ең үлкен бөлігінің диаметрі – 100 мм. Кейбір ыдыстардың ішкі жағына суреттер салынған. Шанағының үлкен бөлігінің диаметрі 88 мм болған ыдыстың бір бөлігі. Ішкі бөлігі жасыл түспен сырланған, ал оған қара түспен сурет салынған. Асханалық керамикаларда кездескен. Олар: Қазан - табылған 13 фрагменті арқылы қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізілген. Қазандың ернеуінің төмен бөлігінде 4 жолақ сызықты өрнектер бар. Ернеуінің диаметрі – 530 мм, биіктігі – 270 мм [7, 5-6 б].

- Жарқын түстегі ыдыс ернеуі, иығы және тұтқасымен бірге. Ыдыс иығында айналмалы батырма сызықтар (12 дана) орын алып, ол тұтқаға дейін шектеседі. Тұтқа ернеуден басталады. Р1 – 124 мм, Р3 – 125 мм, Р5 – 90 мм, Р7 – 70 мм [7, 11 б].

Ернеуінде суағары бар орташа көлемді ыдыс, толық сақталған ернеуімен бірге, мойын бөлігі толық сақталған. Ыдыс сыртының түсі ашық Мойын және иық бөлігінде тік кесік-жолақтар байқалады. Бұйымның мойын бөлігінен иығына қарай ауысқан кезде де кейбір сызықтар байқалады. Тұтқасы жоқ. Бірақ жәдігердің жоғары жағында кішігірім бөлігі сақталған. Ыдыстың түсі таң қалдырарлық. Ыдыс ернеуінің диаметрі – 125 мм, түбінің диаметрі – 160 мм, мойнының ұзындығы болса – 10 мм-ге тең.

- Дерлік толық сақталған ернеуінде суағары бар ыдыс. Сонымен бірге ыдыстың мойыны және иықтың бір бөлігі сақталған. Ыдыс иығынан бастап ойық типтегі дөңгелек суреттер орын алған. Мойын бөлігі болса біршама созыңқы келген. Ыдыс ернеуінің диаметрі – 115 мм, ыдыс түбінің диаметрі – 175 мм, мойынының ұзындығы – 120 мм.

Көлемі шағын құмыралар шанағы шар тәрізде келіп, мойындары қысқа, ернеуі мен

шанағын жалғастыратын тік орналастырылған ілмек іспеттес тұтқасы бар ыдыстар болып табылады. Сонымен қатар, мойыны аузына дейін кеңейе түсетін құмыралар да кездеседі. Олардың ернеуінің қимасы дөңестеу болып, шеттері сыртқа қарай шығыңқы болады. Тұтқасы ернеуі мен шанағын біріктіреді. [8, 38 б]

- Құмыра мойыны, тұтқасы және шанағынан бастап иығына дейін. Тұтқасы ернеуінен басталады. Ернеуінен басынан төмендеуде шеңбер пішіндес сызық бар Р1 – 98 мм, Р3 – 153 мм, Р5 - 120 мм, Р6 – 50 мм.

- Қалпына келтірілген құмыра, тек мойын және шанағының бір бөлігі жоқ. Құмыра иығында тұтқаның бір бөлігі байқалады. Ыдыс шанағында дөңгелек сызық бар. Р2 – 75 мм, Р3 – 140 мм, Р5 – 205 мм, Р6 – 30 мм, Р7 – 60 мм, Р8 – 120 мм [7, 14 б].

- Арнайы ыдыстың мойын бөлігі, тығыз ою-өрнектелген. Мойын бөлігі арнайы белдемелер (буртиками) арқылы үш бөлікке бөлінген. Олардың әрбірінде арнайы суреттер салынған [7, 17 б].

Екі тұтқалы амфора. Олардың Сарайшықта бірнеше нұсқалары кездеседі. Біріншісі, шанағы жұмыртқа пішіндес, қысқа әрі тар мойынды және ернеулеріне екі тұтқа бекітілген. Түбінің диаметрі мойынынан үлкен. Ал екінші түрі – шар сияқты шанақтары тым күртиген, бірқанша көлденең ойық жолақтармен бұдырлана әшекейленген, түбі жалпақ, кең, қысқа әрі жіңішке мойынды және ернеуінен асыра орналастырылған тұтқалар бар. Сонымен қатар, қазба барысында мынадай ыдыстар табылды [8, 42-43 б]

- Амфораның мойын бөлігі қос тұтқасымен, ернеуі және екі тұтқасы бүтін. Тұтқаның жоғарғы шеті ыдыс ернеуінен басталып, иыққа тігінен орналасады. Түсі ашық қызыл. Иығынан бастап мойына қарай дөңгелек сызықтар сызылған. Р1 – 70 мм, Р3 – 23 мм, Р5 – 140 мм, Р6 – 60 мм. Тұтқаның биіктігі – 120 мм, тұтқаның жоғары жағының ені – 40 мм болса, төменгі жағы – 50 мм тең [7, 19 б].

Шығыр ыдыстары көлемі 30-50 см аралығында болып, көпшілік жағдайда егіншілікке, мал шаруашылығына пайдаланылған. Олар арнайы доңғалақ шығыр ағашына төменгі жағынан байланып бекітілетін болған. Олардың ауыз қуысы кең, шеттері қалыңдау жасалған. Мойынына қарағанда шанағы кеңдеу келеді. Түбі амфоралардың түбіне ұқсап кетеді [7, 24 б].

Сонымен қатар, құжатта жазылуы бойынша Сарайшықтан бірнеше формадағы сфероконустар табылған. Мысалы, олардан бірі саз балшықтан жасалған, ашық-сұр түсте келген. Беті қалың бедерлі жеміс-жидектер көрінісіндегі ою-өрнектермен безендірілген, өлшемдері Р1-24 мм, Р3-76 мм, Р4-22 мм, Р5-102 мм-ге тең болған ыдыс. Ал майшамдардың болса 13-ке жуығы шыққан. Бірақ тұтастай табылғандары азшылықты құрайды.

Ортағасырлық Сарайшықта қолөнершілік және өркениеттің жоғары деңгейде дамыды. Оған археологиялық қазба орнынан табылған су және жылу құбылары мысал бола алады. Бұл құбырлардың арасында толықтай сақталғаны жоқ. Көпшілігі сынық күйінде қазып алынған болса, ал енді бірде тек белгілі бір бөлігі ғана сақталған. Солардан бірі, сыртына гипс қалдықтары сақталған су құбыры, шамасы ол тас қалауы арасында болған. Құбыр ұзындығы – 420 мм, жіңішке ұшының ішкі диаметрі – 65 мм, кең ұшының қалыңдығы – 80 мм, ал қабырғаның қалыңдығы – 10 мм-ге тең. Келесі бір жәдігер жылу құбыры, ол 11 бөлік арқылы қайта қалпына келтірілген. Ішкі жағы ысталған. Ұзындығы – 360 мм, диаметрі – 48 мм, қабырғаның қалыңдығы – 8 мм [7, 26-28 б].

Алтын Орда тиындарын зерттелу тарихы екі жүз жылдық тарихқа ие. Соның ішінде Сарайшықтағы нумизматикалық зерттеулердің өзіндік ерекшеліктері бар. Жалпы алғанда сол дәуірде Алтын Орда аймағында 25 қалада тиын жасайтын орындар болған. В.К. Афанасьев өзі қатысқан қазба жұмыстары барысында бірнеше Жошы Ұлысы дәуіріне жататын тиындарды тапқан.. Бұл тиындар Ресейдің Санкт-Петербург қаласында орналасқан әлемге әйгілі Эрмитаж музейінің Шығыс бөлмінде өңделіп, сыртындағы жазулар оқылған. Мысалы, тиындардың бірінді алдыңғы жағына «В добрый час, новый нул» деп жазылса, келесі бетіне тік тұрған арыстанның бейнесі бар. Тиындардың жалпы саны 50-ге жетеді.

Олардың 13 өңделген, 37 өңделмеген [7, 33 б].

Вячеслав Афанасьевтің тәлімгерлігімен мыңдаған ұл-қыз өлкетанушылық және туризм сабақтарынан өтті. Өз туып-өскен жерінің патриот азаматы ретінде өлке тарихының құндылықтарын сақтап, жас ұрпаққа оқытып, көптеген шәкірттер тәрбиелеп, олардың өмірде өз жолын тауып кетуі үшін жағдай жасаған. Нәтижесінде олардан ынталы тәрбиешілер, туристік топтардың жетекшілері, туризм нұсқаушылары, талантты мұғалімдер қалыптасты. Оның шәкірттерінің бірі, қарапайым Тимур, өзінің құрдастарымен бірге ежелгі Сарайшық қазба орындарына жиі барып, тіпті XIV ғасырдың ортасында тиын тапқан. Бұл бала кейіннен әлемге әйгілі кинорежиссер Тимур Бекмамбетов болды. Жұмыс жүктемесіне қарамастан, ол әлі күнге дейін білімге және шытырман оқиғаларға деген құштарлығын оятқан мұғалімімен қарым-қатынас жасауға тырысады. Өлкетанушы В.К. Афанасьев биылғы жылы 80 жасқа толды. Осы бір мерейлі күнге арнап Атырау облысында әртүрлі мәдени шаралар ұйымдастырылды.

Қорытынды. В.К. Афанасьевтің өлке тарихының зерттелуіне қосқан үлесі, жазған еңбектері тарихқа қызығатын өскелең жас ұрпаққа тың дерек болып табылады. Өлке тарихын зерттеуге өз үлесін қосқан тұлғаларымыздың өмір жолы мен қызметін дәріптеу, оны әрі қарай жалғастыру біздің парызымыз. Сарайшық қаласын туристік орталыққа айналдыруда осындай өлкетанушы ғалымдардың еңбектері мен зерттеулері маңызды рөл атқарады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. В.К. Афанасьев өмірбаяны (жеке қорынан);
2. «Жорық әңгімесі туралы». Коммунистік еңбек газеті (20 қыркүйек 1975 жыл);
3. «Жылдар шежіресіне үңіліп» Коммунистік еңбек газеті(9 сәуір, 1976);
4. «Тарих астарына үңіліп» Коммунистік еңбек газеті (26 мамыр, 1979 ж);
5. «Алғашқы қазба жемісі» Коммунистік еңбек газеті (6 тамыз, 1977 ж);
6. https://ksors.kz/2018/04/25/vyacheslav-konstantinovich-afanasev/ сайты;
7. Ә.Марғұлан археология институты қорындағы «Подъемного материала с городище Сарайчик /XI-XVI вв/ сданного В.К. Афанасьевым в историко-краеведческий музей г.Гурьева в 1976 году» архив материалы. (Ф-11, О-2, Д-1485)
8. Самашев З., Кузнецова О., Плахов В. «Сарайшықтың қыш бұйымдары». – Алматы, 2008. – 264б

ӘОЖ 140.8

ФИЗИКАДАҒЫ ФУНДАМЕНТАЛДЫ ПАРАДИГМАЛАРДЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Бақытов Д.Ә. магистрант, **Исабаева А.Е.** магистрант
Ғылыми жетекші: Аликенова К.Н. ф.ғ.к., қауымдаст.профессор
І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

e-mail: *bakytov.damir.99@gmail.com, azhar.isabaeva.98@mail.ru*

Мақалада фундаменталды физикалық категориялар негізінде Ю.С.Владимиров ұсынған фундаменталды физикалық парадигмалардың философиялық мағыналары қарастырылады. Білімнің өзара байланысты саласы ретіндегі физиканың философиялық мәселелерінің ерекшелігі іргелі физикалық танымның дамуы барысында айқындалады және қазіргі парадигматикалық білімдерді мағыналы эпистемологиялық түсіндірудің икемділігін талап етеді.

***Тірек сөздер**: физика философиясы, фундаменталды парадигмалар, эпистемология, гравитация, суперструндар.*

В статье рассматриваются философские смыслы фундаментальных физических парадигм, выдвинутых Ю.С. Владимировым на основе базовых физических категорий. Специфика философских проблем физики как смежной области знания раскрывается в ходе развития фундаментального физического познания и требует гибкости содержательной эпистемологической интерпретации современного парадигмального знания.

***Ключевые слова:** философия физики, фундаментальные парадигмы, эпистемология, гравитация, суперструны.*

In the article philosophical ideas of fundamental physic paradigms are under review. They were put forward by Yu.S. Vladimirov on the grounds of basic physic categories. The specific character of philosophical problems in physics as an allied sphere of knowledge is revealed in the course of development of fundamental physic experience and requires flexibility of epistemological interpretation of modern paradigmal knowledge.

***Key words:** philosophy of physics, fundamental paradigms, epistemology, gravitation, superstring*

Қазіргі физика − бұл онтологиялық, эпистемологиялық және әдіснамалық мағыналармен енетін табиғаттың теориялық модельдерінің жүйесі, олардың іске асырылуы философиялық білімнің аясында жүзеге асырылады. Білімнің осы формаларының өзара енуі (физика және философия) физика философиясы немесе физиканың философиялық мәселелері деп аталатын байланысты білім саласын тудырады. Егер физикалық ғылымның өзі физика ғалымдарының теориялық және практикалық тұрғыдан тиімді пайдалану мақсатында табиғат туралы объективті шынайы білімді дамытумен, жүйелеумен және тексерумен байланысты жоғары мамандандырылған қызметі болса, онда физика философиясы, ең алдымен, физикалық білімнің дамуы кезінде туындайтын дүниетанымдық және әдіснамалық мәселелерді зерттейді. XX ғасыр физикасының классиктері − М.Планк, А.Эйнштейн, Н.Бор, В.Гейзенберг, Э.Шредингер, Луи де Бройль, М.Борн, В.Паули және басқалар − физикалық білімнің дамуы кезінде пайда болған фундаменталды философиялық мәселелерді талқылауды табиғи деп санады.

Қазіргі физика көптеген нақты теориялармен, идеялармен, тұжырымдамалармен, мектептермен, парадигмалармен сипатталады. Мұндай плюрализм өте табиғи және шексіз әр түрлі табиғи шындық туралы объективті шынайы білімді іздеу көптеген теориялық модельдердің қалыптасуына әкелуі керек екенін көрсетеді. Әрине, білімнің ең фундаменталды формаларын, яғни бір-біріне азайтылмайтындарды бөліп көрсету қажет. Физикадағы фундаменталды парадигмалар дәл осылай болып табылады.

Парадигматикалық білімнің сипаты әр түрлі, кем дегенде екі деңгейде анықталуы мүмкін: 1) жалпы және дерексіз және 2) анықталған және нақты. Жоғарыда аталған деңгейлердің біріншісіне сәйкесінше классикалық физика, кванттық теория және релятивистік физика парадигмаларын жатқызуға болады. Содан кейін, мысалы, кванттық парадигма іс-әрекетті кванттау, кванттық механикалық қозғалыстың үзілуі, комплементарлық, ықтималды-статистикалық сипаттама, анықталмаушылық және кванттық холизм принциптерінің бірлігімен сипатталады; өз кезегінде релятивистік парадигма салыстырмалылық, кеңістіктік-уақыттық сипаттаманың үздіксіздігі және оның геометризациясы, детерминизм (динамикалық заңдылықтар) және редукционизм принциптерінің бірлігі ретінде ашылады.

Парадигмалық білімнің екінші деңгейін Ю.С.Владимиров негіздеген физикалық парадигмаларды жіктеу туралы мәселенің түбегейлі тұжырымымен суреттеу керек [1]. Физикалық парадигмаларды талдау негізінде ол негізгі физикалық категориялардың

арақатынасы принципіне негізделген: 1) кеңістік − уақыт, 2) бөлшектер (кванттық деңгейде − фермиондар) және 3) өзара әрекеттесетін өріс − тасымалдаушылар (бозондар). Бастапқы бірінші парадигма жоғарыда аталған барлық үш физикалық категорияны тәуелсіз ретінде біріктіруге сәйкес келеді. Басқа парадигмалар кейбір категориялардың "біріншілігін" және басқа категориялардың өнімділігін тану негізінде қалыптасады. Қазіргі заманғы фундаменталды парадигмалардың жіктелуі мен жүйеленуі физикалық білімнің бірлігі және оның философиялық мағынасын анықтау мәселесі тұрғысынан маңызды назар аударуға лайық [1. Б.695-696].

Ю.С.Владимиров негіздеген ғылыми дүниетаным фундаменталды парадигмалардың бүкіл спектрін салыстыруға негізделген. Физиканың қазіргі жағдайын белгілі бір мағынада салыстырмалылық пен кванттық механика қалыптасқан XX ғасырдың басындағы кезеңмен байланыстыруға болады. Осыған байланысты салыстырмалылық теориясында кеңістік пен уақыт ұғымдарын біріктіру негізінде кеңістік − уақыт ұғымы, ал кванттық механикада корпускулярлық − толқындық дуализм ұғымы енгізілгенін еске салуға болады. Физиканың кейінгі дамуы осы екі фундаменталды теорияны біріктіруге тырысумен байланысты фундаменталды қиындықтарды ашты. Шынында да, кванттық физикада олардың классикалық түсінігінде бөлшектер жоқ, сонымен қатар кеңістік-уақыт континуумында өзара әрекеттесудің тасымалдаушысы ретінде үздіксіз өрістер жоқ. Өз кезегінде, жалпы салыстырмалылық теориясында қисық (риман) кеңістік − уақыттың жаңа жалпыланған тұжырымдамасы енгізіледі. Кейіннен пайда болған Калуцы - Клейн теориясы типіндегі көпөлшемді геометриялық модельдерде гравитациялық өрістер ғана емес, сонымен қатар электромагниттік, электрлік және күшті өзара әрекеттесулердің өріс − тасымалдаушылары да геометрияланады [2. Б.67-81].

Әрбір фундаменталды физикалық теорияда пайдаланудың белгілі шекаралары болады, олар дәл осы үрдістерді суреттейтін айқын теория ашылғанда, қатаң және нақты бекітіледі. Мысалы, Ньютонның классикалық механикасы қозғалыс жылдамдығы күн жылдамдығынан төмен болған жағдайда макроскопиялық денелердің қозғалысын дұрыс суреттейді. Ол арнайы салыстырмалық теориясы мен релятивистік механика ашылғаннан кейін анықталды.

Сәйкестілік қағидасы жаңа теорияның құрылуымен, мысалы релятивистік механиканың, ескі, релятивистік емес классикалық механика өз құндылығын жоғалтпайды. Жаңа теория алдыңғы теорияны шекті жағдай ретінде енгізу қажет. Осылайша, классикалық механика кванттік механика мен салыстырмалық теория механикасына шекті жағдай болып табылады. Мұнда физикалық теориялардың сабақтастығын пайымдайтын сәйкестілік қағидасының әрекет етуі көрініс табады. Осы қағиданы алғаш рет Н.Бор 1923ж. қалыптастырған. Жалпы нысанында бұл қағида келесідей қалыптастырылған: құбылыстардың белгілі бір тобы үшін әділеттілігі тәжірибе жүзінде бекітілген теориялар, жаңа теориялардың құрылуымен тасталмайды, келесі құбылыстар саласы үшін өз мағынасын жаңа теория заңдылықтарының шекті көрінісі ретінде сақтайды. Ескі теорияның әділетті болатын салаларындағы жаңа теориялардың қорытындылары осы ескірген теориялардың қорытындыларына айналады.

Сәйкестілік қағидасы, диалектика физикасында абсолютты және салыстырмалы ақиқаттардың арақатынасының нақты көрінісі болып табылады. Әрбір физикалық теория таным деңгейінде салыстырмалы ақиқат болып табылады. Физикалық теориялардың ауысуы- абсолютты ақиқатқа жақындау үрдісі, қоршаған ортаның үздіксіз күрделігі мен әртүрлігінен ешқашан толығымен аяқталмайтын үрдіс. Сонымен қатар, сәйкестілік қағидасы физикалық теориялардың объективті құндылығын көрсетеді. Ескі теориялар белгілі бір дәрежеде табиғаттың объективті заңдылықтарын көрсетуіне байланысты, жаңа теориялар ескі теорияларды жоққа шығармайды.

Н.Бор 1927 ж. қалыптастырған толықтық қағидасы микродүниенің объектілерімен байланыстыруға қажетті болатын, қарама-қайшы көрнекті бейнелердің пайда болу себебін

түсіну талпыныстарынан пайда болды. Мысалы, кванттік объект- бұл толқын да бөлшек те емес. Сондықтан, микрообъектілерді тәжірибеде зерттеу құралдардың екі типін қолдануды қарастырады: біреуі толқынды қасиеттерді зерттеуге мүмкіндік береді, басқасы-корпускулятивті. Осы қасиеттер бір уақытта көрініс табуы бойынша сәйкес келмейді. Бірақ, тең дәрежеде кванттік объектіні сипаттайды, сондықтан бір-біріне қарсы келмейді және бір-бірін толықтырады. [3]

Фундаменталды физикалық парадигмалардың философиялық аспектілері көбінесе олардың өзара толықтырылуымен ғана емес, сонымен қатар олардың кейбіреулері басқаларына балама болатындығымен де алдын-ала анықталған. Сонымен, Фоккер − Фейнманның тікелей аралық өзара әрекеттесу теориясының принциптері мен идеяларын білдіретін және ұзақ әсер ету тұжырымдамасына негізделген парадигмалардың бірі далалық тәсілге балама болып табылады. Әрине, физика-теориялық білім тікелей айқын философиялық мазмұнды қамтымайды. Нақты ғылыми білімнің философиялық мағыналары онтологиялық, логикалық-эпистемологиялық және әдіснамалық аспектілерде ашылады. Сонымен қатар, логикалық-эпистемологиялық аспект парадигматикалық теорияларды және олардың маңызды элементтерін эпистемологиялық негіздеуде, олардың әмбебаптылық дәрежесін және қолдану шекараларын анықтауда ашылады; әдіснамалық аспект әртүрлі парадигматикалық теориялар мен танымның әртүрлі әдістерінің арасындағы байланыс аясында физикалық таным әдіснамасында жүзеге асырылады; онтологиялық аспект табиғи-материалдық жүйелердің мазмұнын анықтау тұрғысынан физика-теориялық зерттеудің негізгі мағынасын қамтиды. Физиканың философиялық мәселелерінің білімнің фундаменталды саласы ретіндегі ерекшелігі фундаменталды физикалық білімнің дамуы барысында ашылады және мағыналы түсіндірудің икемділігін талап етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Владимиров Ю.С. Метафизика. — М.: БИНОМ. Лаборатория знаний, 2002.
2. Князев В.Н. Концепция взаимодействия в современной физике. — М.: Прометей, 1991.
3. А.Қасабек, К.Аликенова Қазіргі ғылым дамуының философиялық ерекшеліктері. – Талдықорған, 2017.- 132-133 бб.

ӘОЖ 930

ВОССТАНИЕ КАЗАХОВ ЖЕТЫСУЙСКОГО КРАЯ, СУДЬБА ВЫЕХАВШИХ ЗА РУБЕЖ (ТУРЦИЯ) ИЗ-ЗА ПОЛИТИКИ ПРЕСЛЕДОВАНИЯ 1929-1933 ГОДОВ

Бейсенбеков М.Б. магистрант
Ғылыми жетекші: Сантаева К.Т т.ғ.к., қауым.профессор (доцент)
І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

e-mail: ***meyram.9797****@mail.ru*

В своей статье автор описал приход к власти Голощекина внутерний политику и его геноцид казахского народа Семиреченском области в XX века 20-30 годах и мнения труды других историков. Голощекин, не сумевший правильно вести кампанию "Малый Казан", стал придерживаться нового, прямого силового направления конфискации, который, используя власть, подвергает ограблению населения и их переселения, миграция за рубеж судьбы наших соотечественников.

Ключевые слова: *геноцид; коллективизация; голод; гнет; Малый Октябрь; Голощекин; Жетысу; повстанцы; восстание; трагедия.*

Автор өз мақаласында Голощекиннің билікке келуін және оның 20-30 жылдардағы Жетісу облысындағы қазақ халқының геноцидін және басқа тарихшылардың еңбектерін сипаттады. "Кіші Қазан" науқанын дұрыс жүргізе алмаған Голощекин тәркілеудің Жаңа, тікелей күштік бағытын ұстана бастады, ол билікті пайдаланып, халықты тонауға және олардың қоныс аударуына, отандастарымыздың тағдырына шетелге қоныс аударуға ұшыратады.

Тірек сөздер: *геноцид; коллективизация; аштық; құдалау; Кіші Қазан; Голощекин; Жетісу; көтерілісшілер; көтеріліс; трагедия.*

In his article the author described the coming to power of Goloshchekin internal politics and his genocide of the Kazakh people in the Semirechensk region in the XX century 20-30 years and the opinions and writings of other historians. Goloshchekin, who failed to properly conduct the campaign "Small October", began to adhere to a new, direct forceful direction of confiscation, which, using the power, exposes the population to robbery.This idea was also an evil direction.

Keywords: *genocid; collectivization; famine; oppression; Small October; Goloshchekin; Zhetysu; the rebels; the rebellion; a tragedy.*

Вооруженные протесты казахских крестьян в 1929-1931 годах были направлены проотив тоталиитарной политики СССР. Жестокое захват национально-освободительног двиижениия карательных войск Советской власти в 1929-1931 годах.

Жестокая политика под непосрественным руководством Ф. Голощекина - коллективизаця. Воевал в талдыкорганском регионе. Этот факт обуслвлен тем, что очаги восстаниия были интенсивнымии в южных и восточных регионах. Баи главный села вместе Кылииевым, Жанбаевым, Сатырбаевым сздали штаб восстания в Аксае перешлии к спасения населения. Эти несправедливые налоги были раскрыты и провергнуты. При этом эффект у оберточной автивности. В связи с тем, что вы не указали, что у вас нет возмоожности обратиться с жалобой на неправомерные действия должостныхх лиц, вы вправе обжаловать их действия в вышестоящие органы.

Эти факты свительствуют о том, что преступлениия советской власти в Казахстане в 20-30-е годы можно поставить наряду с самыми страшными преступлениями, совершенными пртив человечество. В целом политика коллектиивизации «Малый Октябрь», обусловленная уменьшением общего числа казахов, можно считать неврологческим. В то же время органы власти стали завозить кулаков из других регонов СССР в освободившиеся места. Одной из причин этого восстаня явилось преследования местных казахов из мест их проживания, и в родные места, где попадали под рукой, попадалии русские, украинцы, татары, уйггуры. Поэтому постой народ вместе выражал свое недовольство. Пятая часть казахской земли была изъята из использования казахов [1, стр.230].

Всенародный рост в 1929-1931 годах потерпел поражение. Осноная причина этого заключалась в слабом вооружении и недастаточной органиииизации повстанцев. На снижение темпов восстания произошло влияние голода 1930-1931 годов Ослабленные, утомленные, глоодные кочевники не смогли отстаивать свои интересы с оружием в руках. Основной формой протеста стало переселение за пределы Казахстана. Талдыкорганский регион прошел в местности Шубар и в Каратальском районе восстание продолжилось двадцать второй марта в Малайсаре. Здесь народ бежал в Китай ии стал беженцем[3, с. 236].

7 марта 1937 года селе Кызылагаш повстанцы во главе с Мукей Дулатовым Кудайбергеном Байдашаевым окружили красноармейцев из Жаркента 400 человек. Кто-то был слабым и длился четырые суток. А краснооармейцам удалось выиграть, когда на холме пришли пилоты. ОГПУ начал принимать меры к гонщикам.

Голод в 1931-1933 годах привел к превращению населения в беженцев в беду. Сейчас это ситуация, которая никому не скрыта. Сколько исследоований было. Но мы не должны забывать. Наш народ потерял весь мир, имущество, инвентарь и перешел состояние беженцев.

Беженец в Турции указывает, что казахи имеют две категории, в четвертом томе История Казахстана. В Индии, проходящем в Пакистане, казахам дали статус и других тюркских народов «serbest gocmen». Это статус означает свободный мигрант. Только в 1952-1958 годах казахи прибывшие в Турцию, как официально размещенные миигранты, им было предоставлено турецкое гражданство в первые по законам Турции, выделялось жилье и скот. Эти казахи были освобождены для прохождения воинский службы на пять лет. Турецкое правительство разместило прибывших казахов в трех лагерях: Тузла, Серкенджи, Зейтибурну для беженцев в Стамбуле. Здесь трехразовое питание, обучение турецкому чтению, письму и текстильному делу. А многие девушки учили вязанию ковров [2, С. 692].

В результате переписи 2007 года в Турции насчитывается 6 тысяч семей, более 20 тысяч казахов. районе Бурса численность казахов сократилось до 10000 человек. Его главная причина объясняется переселением из Турции в Казахстан 50 семей в год.

В заключени ученный Т. Омарбеков рассказал о своем труде. В архиве нет офиальных документов, свидельсьвующих гибели казахстанских русских или других народов от голода, или о том, что их казахи в некоторых районах срывают различные насекомые, иногда от голода потеряли сознания и съели человеческое мясо [4, с. 205].

В трудах этих исследователей в своих сатьях раскрываются историко-этнографмческие стоороны наших соотечетвенников, живущих в Турции.

В результате переписи 2007 года в Турции насчитывается 6 тысяч семей, более 20 тысяч казахов. районе Бурса численность казахов сократилось до 10000 человек. Его главная причина объясняется переселением из Турции в Казахстан 50 семей в год.

Казахская семьи, прибывшие в Турцию, в соответсвии с внесенной реформой с отношении названий 1934 года, были полезны получить различные фамилии на турецкх фамилий и в некоторых случаях братьях. Потому что, по этой фамилии, они могли бы получить от Анадолы льготное жилье и т.д. В большинстве случаев они выбирают название в зависимости географического или этнического происхождения. Например, из Алтая-Алтай. Некоторые группы казахов, посещавшие Турциию, первоначально не указывали национальность казахов, написали татарский или турецкий.

Молодое поколеник за рубежом мало знает казахский язык. А перед ним еще пятьдесят, а в шестидесятых не завыли язык. Навевное, потому что думаем, что теперь из-за запрашиваемой незнане ззыка. Сред школ, обучающих казахскому языку за рубежом, следует отметить казахские общества в Турции, Великобритании, а во Франции, США отсутвуют общества. Авторы использовали три разных алфавита казахов за рубежом. В Турции латиницы, в Китае арабский, в Казахстане кириллицы [2, С. 690].

В 1929-1931 годах в связи с жесткой политикой массовой коллективизации побег казахов в Китай был широко распространен. В частности, половина жителей Алакольского, Лепсинского, Капалского, Аксуского, Кегена из Райогов Алматинской области погранчного Казахстана с Китаем перевезли Китай. В 1931 году этих границах проживало 505 тысяч человек, казахи 338 тысяч человек [4, стр. 151-153]. В связи с тем, что Алматиинская область граничи с китайской близко расположенем. В то время, как в последнее время соотечественников, вернушхся в страну, многие из них вернулись из Китая. В период получения информации о тех событиях, которые происходят в этой ситуации, зачастную сотрудники, которые работают на хорошей должности у власти, выходят на пенсию, но проходят на пенсию. А большиство казахов, проживающих в среднем, вернутся в страну.

Казахи, живущие в Европе, и мы хотим остановиться на их истории. В 1961 году в соответствии с соглашением об обменене трудовой силой Турцей и Германией, большинство казахов из Турции количесве четырех тысяч составляют казахи из Европы. 15 августа 1973 года был открыт район под названием Казахкент. В этом населенном пункте была открыта первая казахская школа. В тысяча девятьсот восемьдесть шестом году было организовано культурно-просвительское общество «Вакив». Как видно из Тома, высшее образование в Турции очень дорого. Только 10 процент казахской молодежи получают образование. В то время в Турции нет никаких льгот для казахской для казахской молодежи [2, С. 694]. В Омской, Волгоградской областях, где много казахов есть группы «Казахи Омск» и др. То есть с этими группами зеакомяться молодежь [5].

18 ноября 1991 г. в соответвии с рекомендациями Н. Назарбаева и решением Верховного Совета Казахской ССР Кабинет Минстров Республики принял постановление «о порядке и условиях переселения представителей местной национальности, желающих посетить Казахстан из других республик и зарубежних стран и трудиться сельском хозяйстве». Потому что такое решение было вынесено, что Казахстан в это время еще не обладал легальнымии вожможностями для приема оралманов.

Казахстан только 16 декабря 1991 года стал независимой страной. Затем начется углубленная работа, связанная с подготовкой юридическх документов, необходима для проведения межгосударственных соглашениий об определени юридеческой основы приема казахских оралманов из других стран.

Основываясь на пятой части докумельного фильма «Казахи Турции» - путеводителя, мы записывае на буиаге информацию о судьбе казахов, проживающих там. Страрейшшена Бопалай Чалишкан, который живет сейчас живет вТурции, приехал в Турцию возросте 80 лет. Говорят, что мы переехали в Турцию из Пакистана, сюда перехали более 3000 з Пакистана.

Подсчитано, что было 17 тысяч казахов, когда они уезжали из Алтая в Монголиию, затем в Пакиста, а затем в Турцию. Семнадцать человек были похоронены в Пакистане за одинь день. Говорят, что иы жили в дороге двенгадцать лет. Он говорит, что в 1935 году мы взяли на себя фамилю Кереденекен. Беременные женщины были убиты разрывом живота. Китайские и советские власти показали аналогичное оскорбления. Теперь все потомки этого человека имеют свои фермы. Говорят, что там мы хорошо развиваемся [5].

В заключени ученный Т. Омарбеков рассказал о своем труде. В архиве нет офиальных документов, свидельсьвующих гибели казахстанских русских или других народов от голода, или о том, что их казахи в некоторых районах срывают различные насекомые, иногда от голода потеряли сознания и съели человеческое мясо [4, с. 205].

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Махат Д.А.Трагедия казахской интеллигенции.-Алматы:«Сөздік» 2001.-304 с.
2. История Казахстана (с древнейших времен до наших дней). В пяти томах. 4-том.-Алматы: «Атамура», 2010. -752 с.
3. Козыбаев М. Правда о Белых Пятен.-Алматы.1992-272 с.
4. Койгелдиев М., Омарбеков Т.Что говорит история?- Алматы: Ана тілі,1993.-208 с.
5. Сайт новостей Казахстана [Элект.ресурс].–Режим доступа:https://stan.kz/ayvar 330198/?utm_medium=referral&utm_source=lentainform&utm_campaign=stan.kz&utm_term= 1276858&utm_content=8466128

ӘОЖ 373.1: 14.25.05

ҰЛТТЫҚ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Бекбаева М.Ф. докторант
І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

e-mail: *tarmpi_school@mail.ru*

Мақалада, бүгінгі қоғамда оқушының тәрбиесін қалыптастыру мен дамытуды ұлттық рухани құндылықтар арқылы жүзеге асыру керектігі қарастырылады. Оқушыға берілетін ұлттық тәрбиенің өзегі болып табылатын халықтық тәлім-тәрбиелік мұралардың бала тәрбиесінде ерекшелігін сипаттайды және мазмұндарын ашады. Ұлттық рухани тәрбие құндылықтарын оқушы болмысына сіңіруде отбасы және мұғалімдердің рөлі жөнінде пікірлер айтылады.

Тірек сөздер: *тәлім -тәрбиелік мұралар, рухани құндылық, ұлттық тәрбие, ұлттық сезім, ұлттық сана, бастауыш сынып оқушысы*

В статье рассматривается необходимость реализации формирования и развития образования учащихся в современном обществе через национально-духовные ценности. Описываются особенности и раскрывается содержание национального образовательного наследия в воспитании детей, которое составляет стержень национального воспитания учащегося. Высказываются мнения о роли семьи и учителей в воспитании у учащихся ценностей национального духовного образования.

Ключевые слова: *образовательное наследие, духовные ценности, национальное образование, национальные чувства, национальное самосознание, ученик начальной школы*

The article discusses the need to implement the formation and development of education of students in modern society through national and spiritual values. The features are described and the content of the national educational heritage in the upbringing of children, which forms the core of the national upbringing of the student, is revealed. Opinions are expressed about the role of the family and teachers in the upbringing of the values of national spiritual education in students.

Key words: *educational heritage, spiritual values, national education, national feelings, national identity, primary school student*

Еліміздегі қол жеткізген әлеуметтік-экономикалық өзгерістер адам санасындағы күрделі жаңғыру үдерісімен өзара байланыста жүріп жатыр. Бұл жастардың жаһандану үдерісіне кірігуі аясында қарқынды білім беру, ақпараттық және мәдени өзара алмасуға белсенді қатыса алатынын көрсетуі. Дегенмен де, XXI ғасырда білімді саралап, оның өрісін кеңейте түсуді және бұл істі білім беру жүйесі арқылы берілетін тәрбиені де жүзеге асыруды талап етеді. Себебі, қазіргі жаһандану жағдайында шетелдерден біздің алатынымыз бар және алмайтынымыз бар. Алатындарымыз: озық технологиялық жетістіктерін, экономикалық өндірісті ұйымдастыру тәжірибелері мен ғылыми-техникалық мәдениетін қабылдау т.б. салаларға қатысты. Шетелдің немесе Батыстың білімі, ғылымы, техникасы, технологиясы, біздің мемлекетіміздің дамуына аса қажет екені анық. Ал шетелдік немесе Батыстық жүйедегі адамдар арасындағы қарым-қатынастық жүйеге мән беріп еліктеушілікпен оларды ұлттық тілдің ерекшелігіне мән бермей қабылдау рухани құндылықтарымыздан айырылу болып табылады.

Қазіргі жағдайда – әлемдік пандемияда адамдар арасында, қоғамда, жалпы мемлекеттік құрылымда және мемлекеттер арасында өзін сақтап қалу әркеттерін тиімді

ұйымдастыруға бағытталаған шараларды ұйымдастыруда. Бұл адамдар арасындағы сүйіспеншілік пен бауырмашылдықты, ізігілік пен адамгершілікті, қамқорлық пен жақсылық жасауды іске асырудағы сын кезеңдер деп түсінуге болады. Бұл қоғамды ізгілендіру, яғни әлеуметтік қатынастарды ұйымдастырудың тиімді нысандарына қол жеткізуіне байланысты болып отыр [1, 1-2б.]. Ізгілендіру мақсатына жету құралы – зиялылықты қалыптастыруды, сезім, көңіл-күй мәдениетін тәрбиелеуді, өмірлік құндылықтар мен бағдарлардың белгілі бір жүйесін орнықтыруды көздейтін сан қырлы үдеріс – бұл ұлттық рухани құндылықтардың біздің жастардың және жеке адамдар болмысында берік бекуіне байланысты болып табылады. Адамдардың жеке болмысындағы ішкі жандүниесінің таза және жақсылыққа толы болуының бастау бұлағы немесе өзегі ол - ұлттық құндылақтар мен тәлімдік мұраларға толы халықтың тәрбие жолдары. Ал, жақсылық пен ізгілікке толы қазақтың ұлттық құндылықтарын өскелең ұрпаққа жеткізу және оларды жастардың өмірілік жолында қолдану арқылы жеке болмыстарына сіңіріп аға ұрпақтың парызы екендігі анық. Дегенмен осы мәселені арнайы ғылыми-әдістемелік жолменен оқушылардың жас және жеке тұлғалық болмыс ерекшеліктерінің заңдылығын жете білетін мұғалім мамандары өмірлік тәжірибеде жүзеге асырса оның тиімділігі мен қол жеткізу мүмкіндіктері анағұрлым нәтижелі болатындығы анық. Яғни, біз ертеңгі күні өзіміз қалыптастыратын қоғамда өмір сүретін боламыз, сол себепті болашақ мамандарымыз ұлттық рухани құндылықтарды дамытудағы ұстанымдық көзқараста тәрбиеленген, білімді азаматтар деңгейінде даярланғаны қажет.

Қазақтың педагог-әдіскер ғалымдарының бірі - М.Жұмабаев ұлттың сақталып және оның әлемдік кеңістікте өзіндік орынға ие болып, ұлт өкілдерінің бақытты болып өмір сүруі үшін не мәселеге айрықша мән беру керектігі жөнінде өз кезегінде айтып кеткен болатын: «Ұлт бақыты - тәрбиеден мақсұт адамды һәм сол адамның, ұлтынан асса, барлық адамзат дүниесін бақытты қылу. Ұлт мүшесі - әрбір адам бақытты болса, ұлт бақытты, адамзат дүниесінің мүшесі - әрбір ұлт бақытты болса, адамзат дүниесі бақытты», - деп айтқан тәлімдік пәлсапалық ой түйіндеулері еш уақытта өзінің құндылық мәнін жоғалтпайтыны анық [2, 25-28 б.].

Ғалымның жоғарыда баяндап, ұсынған ой түйіндеуін басшылыққа ала отырып болашақ мұғалім мамандарын даярлау ісінде, қазіргі жоғары оқу орындарында көптеген жалпы ғылымилық, әлеуметтік-философиялық; әлеуметтік-мәдени және адамгершіліктік-эстетикалық үдерістердің тоғысуына тап келіп отыр, өйткені қоғамдық өмірдің күрделі талаптарына сәйкес тәрбиенің құндылық сипаттарын қайта анықтау өзекті мәселе ретінде қарастырылуда. Ал оның алғышарты ретінде басты адами-ізгіліктіліктік қырларын ұлттық тәлім-тәрбиелік мұралардағы рухани құндылықтарды дәріптеп, жастарға беру арқылы дамыту, яғни жеке тұлға бойында қайырымдылықты, адалдық, әділдікті, еркіндікті қалыптастыру педагогика ғылымының озық және келешек даму бағытының ұстанымдарының бірі болып табылады. Олар әсіресе, тәрбие тәжірибесінде бүгінгі күні жалпы адамзаттық негізгі құндылықтарды анықтау, бекіту үшін аса қажет. Болашақ мамандарды даярлау барысында негізгі мақсат – шығармашылықпен жұмыс істей алатын, ұлттық тәлім-тәрбиелік мұралардағы құндылықтарды дамыту барысындағы көзқарасы мен сенімдері қалыптасқан тұлғаны қалыптастыру және дамыту.

Қандай заман немесе қандай қоғамдық құрылым болмасын аға ұрпақ өкілдері кейінгі жастарды өмірлік тәжірибеге баулу мен бейімдеуде өз халқының жүріп өткен тарихи жолында қалыптасқын, өмірдің елегінен өтіп өзінің өміршеңдігін дәлелдеп, келешек ұрпақтың саналы азаматы болып қалыптасып, дамуына өз ықаласын жасап, тәрбие барыстарында ерекше мәнге ие болған тәлімдік мұраларды қолданып отырғандығы анық. Бұл ұрпақтардың сабақтастығын сақтау мен өздері өмір сүріп отырған қоғамның бүгін мен ертеңіне үлкен жауапкершілікпен қарау дегенді білдіреді. Ата-бабаларымыз бен аға ұрпақ өкілдерінің өмірлік тәжірибесінде жасап, қалыптастырған мәдени және рухани тәлімдік құндылықтарын өз бойларына сіңіріп және оларды жаңа жағдайға сәйкес іргелі дамытып,

заманмен үйлесімділігін жүзеге асырып отыратындар да осы жастар. Сондықтан оларды өмірге баулу, тәрбиелеу, үйрету мәселесі қай қоғамда болмасын басты міндет болып саналып келген. Осыған орай, біздер ел ертеңі саналатын жас ұрпақ тәрбиесіне тал бесіктен бастап, баса назар аударып, балалардың саналы да ұлтжанды азамат болып, қалыптасып, дамуына ерекше көңіл бөлу керек.

Біздің халқымыздың өмірлік тәжірибесінде, әдеп-ғұрпында, салт-дәстүрінде және жалпы тұрмыс салтында қалыптасқан бала тәрбиесіне байланысты жасалған ұлттық мұрадағы рухани құндылық болып табылатын тәлімдік озық тәжірибелері жетерлік. Ұрпақ тәрбиесінде ұлттық тәлім-тәрбиелік рухани құндылықтарды пайдалану және оларды тәрбиелеудегі қойылатын бұл талаптардың қай-қайсысын алып қарасақ та, бас кезінде балалық шағында қалыптасып, кейіннен ересек жастағы кезеңінде туған халқы үшін өз үлесін қосуда еңбек сүйгіш, төзімді, талапшыл, намысшыл болып өсуіне әсерін тигізген. Мысалы қазақта, «Жеті атасын білген ұл, жеті жұртқа жөн айтар» - деген даналы сөздің өзінде терең пәлсапалық ой мен терең тәлімдігі мен тәрбиелілігі терең түсінік жатыр. Жеті атасының басып өткен өмір жолын жақсы білген адам, өз халқының екі ғасырлық тарихынан хабардар болады екен. Міне осындай ұрпақтан-ұрпаққа жалғасын тауып келе жатқан қазақы салт-дәстүр мен әдеп-ғұрыптар бүгінгі қазақ қоғамының бірлігінің, ынтымағының, ауызбіршілігінің, адамгершілігінің белгісі. Ғасырлар бойы қалыптасқан осындай су түбіндегідей інжу-маржанды рухани құндылықтарымздың кейбірін кешегі кеңестік қоғамдық жүйеде жоғалтып немесе олардың алшақтан мән-мағынасынан жоғалтып алғанымыздың салдары әліде болса қазіргі егемендік мемлекетімізде кері салдарын тигізіп жатқаны анық, бірақ бұл ашты болса да –шындық. Дегенмен де, өткен кезеңдегі жоғалтқанымызды бүгінгі күнде қайтарып, жаңғыртып, ұлттық мұра құндылықтарымызды қазақ қоғамына заман талаптарына үйлесімді пайдаланып жатқанымыз біздерді шабыттандырады. Бұл өз қоғамымыз үшін ұлттық зиялы қауымды қалыптастырып, дамытудағы тәрбие жұмыстарының бір жүйеге келе бастағандығы деп түсінеміз.

Бұл жөнінде қазақтың оқымысты, қоғам қайраткері: М.Шоқай «Ұлттық зиялы» деп жазған мақаласында - «Ұлттық зиялы деп кімдерді атаймыз», - деген сауал төңірегіндегі ой өрбітіп, түсінік-талдауларында: «ұлттық зиялылыр қатарына тек өз халқының саяси, экономикалық және әлеуметтік дамуына қалтықсыз қызмет ете алатын адамдар ғана кіре алады» деп жеке адамның тәрбиесі мен оның игеріп, меңгерген білімі мен өмірлік тәжірибесі өзінің ұлтының мүддесіне қызмет жасауға пайдалана білетін жеке тұлғаны айта келе, жеке мүддеден ұлттық мүддені жоғары қоятын ұлттық санасы жетік бекіген адам ғана – «ұлт зиялысы» бола алады деген ойды тұжырымдайды [3, 76-81б.].

Яғни, ұлттық тәрбие беру арқылы біз тұлғаның болмысында ұлттық сана, сезім, тіл, мүдде, мәдениет, тіл т.б. қалыптастыруға мүмкіндік аламыз. «Ұлттық сананың басты құрылымдық құрамалары - ұлттық сезім. Ұлттық сезімді күшейту ол – ұлттық тілге байланысты. Сонымен бірге оның одан басқа құрамаларына - ұлттық қадір-қасиет, адамның өз ұлтын қадірлеу, сыйлау, құрметтеу өзгелердің алдында оның беделін түсірмеу, ұлт өкілі ретіндегі адамның үнемі өз қадір-қасиетінің болуын ойлап әрекет етуі сияқты сезімдердің жетегінде жүруін көрсетеді. Ұлттық сезімнің келесі бір құрылымы - адамның белгілі бір ұлтқа жататындығын және соған тән мұраларға ие болуын сезінуі болып табылады. Ол әр адамның өзінің белгілі бір ұлттың өкілі екендігін сезінуін көрсетеді. Жеке ұлтқа тәнділікті сезіну белгілі деңгейде оның әрекетіне де әсер етеді. Бұл дүние жүзіндегі бар түрлі ұлт өкілдерінің бәріне тән қасиет. Ұлтқа тәнділікті сезіну Отанға деген сезіммен үндесіп жатады. Келесі бір құрылым – ұлттық мақтаныш сезімі, ол да әлеуметтік психологияда жиі ұшырасатын құбылыстардың бірі. Адам туған елін, жерін оның тұрған географиялық орны және қазба байлықтарын, бай мәдениетін, қызықты тарихын мақтан етіп дәріптейді және ұлы тұлғаларымен және өзінің туған ата-анасымен мақтанып олардың үлгі өмірлерін өнеге етеді.

Сонымен, ұлттық қадір-қасиет, ұлттық мақтаныш, ұлтқа тиістілікті сезіну бәрі қосылып, адамның өз ұлтына деген жағымды көңіл-күй сезімдік қатынасын білдіретін, оның ойы мен әрекетіне ықпал ететін психологиялық күйдің жиынтығын құрайды. Бұл ұлттық психологияның құрамына енетін ұлттық сезім деп аталатын кешеннің құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Қазақтың халықтық тәрбиесі ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын біртұтас, үздіксіз жүріп отыратын үдеріс ретінде жеке тұлғаның ұлт өкілі ретіндегі дамуына ықпал жасаушы рухани құндылық және тамыры тереңге тартылған идеологиялық бағыттағы ұстанымға ие болуы керек. Сонда ғана ұлттық рухани құндылықтарды қазіргі оқушылардың тәлім-тәрбиесін дамытудағы мақсатты және бағдарлы іске асырылады.

Ж.Аймауытов бала тәрбиесіндегі отбасының рөліне ерекше мән беріп: «Баланы бұзуға, яки түзеуге себеп болатын бір шарт жас күнде көрген өнеге. Ол өнеге әке-шешенің тәрбиесі арқылы қалыптасады. Ата-ананың берген тәрбиесі баланың мінезіне, салған ізге байланысты» - деп баланың күнделікті өміріндегі тәрбиесінде адалдықты, қайырымдылықты, қаталдықты, кішіпейілділікті, күйгелектікті, шыншылдықты, өтірікшілікті беретін кім? Ол бірінші ата-ана тәрбиесі және оған ықпал жасаушы әлеуметтік ортасы – жолдастары мен араласатын құрбы, жолдастар әрі мектептегі оқытатын мұғалімі. Баланың бітім, болмысына тәрбие арқылы сіңірген, қалыптастырған мінезді қайта түзету қиындық келтіреді. «Сүтпен сіңген мінез сүйекпен кетеді» деген сөз «ата-ана тәрбиесінің күштілігін көрсетеді...» – деп ғалым-психолог бала мінезінің дұрыс қалыптасуына ең бірінші әке-анасы мен отбасы мүшелерінің ықпалын айта келе әлеуметтік ортадағы әсері күшті мектептегі мұғалімнің рөлі екендігінде басшылыққа ала кетеді [4, 65-73 б].

Егер баланың тәрбиесі дұрыс қалыптаспаған болса онда оны қайта тәрбиелеу мәселесі өте қиындық туғызатынын ескертеді. Яғни, бұнда бала тәрбиесіне ата-анамен бірге мұғалімнің де жауыпкершілікпен келу керектігін негізге алады. Өйткені, бала бастауыш сыныпқа келгенде өзіндік топтық сипатқа енетін – «оқушы» деген атаққа иеленіп, жеке дәрежеге ие болады, ал оған білім беріп, оқытудағы тәрбие негіздерін ғылыми тұрғыдан өмірлік тәжірибемен үйлестіре отырып меңгертуде мұғалімнің атқарар қызметінің ерекше мәнді иеленетінін ескертеді. Өйткені, мұғалім оқушының өмірлік жолындағы екінші ата-анасы ретінде мәнге ие болады. Мәселен, бастауыш сынып оқушылары үшін мұғалімнің педагогикалық үдерісті ұйымдастыру мен өткізу барысындағы әрекеттері мен берген кеңес, айтқан ақылдары мен көрсеткен жолдары оқушы үшін таза, нақты, тура және заңда жол болып табылады. Сондықтан бала тәрбиесінің берік және толық болушы үшінде ата-ана қандай жауапкершілікте болса, мұғалімнің де жауапкершілігі артық болмаса кем болмауы керек екендігін түсінеміз қажет. Ғалым-психолог ата-ана мен мұғалім - оқушыға үлгілі өмірлерін көрсетіп, оларға өнегеліктің иесі болуының қажеттігін жеткізуі тиіс екендігін дәлелдейді.

Қорытындылай келе ой түйіндейтініміз – көп ғасырлық уақыт кезеңдері мен өмірлік тәжірибенің електік сүзбесінен өткен ұлттық мәдениетті беретін рухани құндылықтарға ие бай мұраларымыз бар. Оларды қазіргі бастауыш білім беру кезеңінің педагогикалық үдерісінде оқушылардың ұлттық тәрбиесін қалыптастырып, дамытуда қолдануға болатын тиімді тәлімдік құрал жүзеге асыру және пайдалану – бастауыш сынып оқушыларының ұлттық тәрбиесінің берік және нық болуының өзге ретінде қарастырғанымыз келешек үшін оң нәтижесін береді деген сенімді санаға ұялатады. Бүгінгі күнде ұлттық тәрбие арқылы оқушы тұлғасының рухани құндылықтарын қалыптастыру тұтас педагогикалық үдерісті толығымен қамтиды. Яғни, оқушыға ұлттық құндылықтарды сіңіруші болашақ мұғалімдерде рухани мұра болып табылатын қазақи тәлім-тәрбиені бойына жете сіңірген, ұлттық санасы толық бекіген, мамандыққа сай заманауи ғылымдармен терең таныс және осы саладағы пәндердегі білімдерді жетік меңгерген тұлға болуы тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. «Қазақстан 2020: болашаққа жол» Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы. - Астана, 2019, сәуір -1. (-1-2б.).
2. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Рауан, 1998. – 112 б. (-25-28 б.).
3. Пірәлиев С.Ж., Иманбаева С.Т., Төлеубекова Р.К., Шолпанқұлова Г.К., Нурғалиева Д. Ұлттық тәрбие. Оқу құралы. – Алматы: 2014. - 280 б. (-76-81б.).
4. Аймауытов Ж. Психология. – Алматы: Рауан, 1987, -305 б.(- 65-73 б).

ӘОЖ 796/799

СПОРТТЫҚ ЖАТТЫҒУ КЕЗІНДЕ БҰЛШЫҚ ЕТ ЖҰМЫСЫНАН ПАЙДА БОЛАТЫН ШАРШАҒАНДЫҚТЫҢ ФИЗИОЛОГИЯЛЫҚ МАЗМҰНЫ

Битлеуов Б.[1], Шынжырбаев С.М.[2]
І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті[1], Талдықорған қаласы,
Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы «Ақтоған» орта мектебі[2]

Мақалада спорттық жаттығу кезіндегі бұлшық ет жұмысынан пайда болатын шаршағандықтың физиологиялық мазмұнына талдау жасалған.

Сондай-ақ, шаршағандықтың жасырын фазаларына, шаршаудың механизмдеріне, асыра машықтану, субмаксималды қуатты жұмыста пайда болатын шаршағандыққа сипаттама берілген.

Тірек сөздер: *физиологиялық күй, өткір шаршағандық, шаршағандық, асыра машықтану, жұктеме, зорығу, гипертрофия, спорттық машықтану, машықтану кезендері, орталық жүйке жүйесі.*

В статье анализируется физиологическое содержание утомления,вызванного работой мышц во время спортивной тренировки. Также описаны скрытые фазы утомления, механизмы утомления, перенапряжения,физического утомления, возникающего при субмаксимальной работе.

Ключевые слова: *физиологическое состояние, острая утомляемость, утомляемость, перетренированность, стресс, утомляемость, гипертрофия, спортивная тренировка, этапы тренировки, центральная нервная система*.

The article analyzes the physiological content of fatigue caused by the work of muscles during exercise.

Also described are the latent phases of fatigue, the mechanisms of fatigue, overstrain, fatigue that occurs during submaximal work.

Key words: *physiological state, acute fatigue, fatigue, overtraining, stress, fatigue, hypertrophy, exercises, stages of training, central nervous system.*

Спорттық жаттығу кезіндегі шаршағандық-қызу немесе ұзақ бұлшық ет жұмысының салдарынан организмнің қызметтік қабілеттілігі төмендеуімен білінетін физиологиялық күй. Спортшының шаршағандығы, жай адамдардың шаршағандығымен салыстырғанда күрделі болып байқалатын құбылыс.

Бұндай ерекшелік спортшның шаршауы мен бұрыңғы қалпына қайта келуіндегі процестер ағымындағы әлеуметтік факторлардың ерекше рөлімен байланысты. Шаршаудың биологиялық маңызы - ұзақ немесе қызу бұлшық ет жұмысында организмнің энергия қорларының дер кезінде таусылуынан сақтау болып келеді. Қатты немесе шекті дәрежедегі шаршағандықтың физиологиялық ығысулары организм ішкі ортасының

бұзылуларына алып келеді, ал механизмдері бойынша стресс реакцияларына ұқсайды. Осымен қатар, шегіне жеткізілмей қайталанған шаршаулар, организмнің қызметтік мүмкіндіктерін көтеретін құрал болып келеді[1].

Ақыл ойдан немесе қара жұмыстан шаршау, өткір және созылмалы, жалпы және локальді, жасырын және айқын шаршауларды айырады. Егерде, шартты қысқа мерзімді жұмыс қарқыны адамның дене дайындығына сай келмесе, өткір шаршағандық күй туады. Өткір шаршағандық жүрек жұмысы өнімділігінің төмендеуімен, орталық жүйке жүйесі және эндокриндық жүйелердің бұзылуымен, тер бөлінуінің күшеюімен, тұз бен су балансының бұзылуымен білінеді.

Жұмыс аяқталғаннан соң бұрыңғы қалыпқа келмеу салдарынан созылмалы шаршағандық пайда болады. Созылмалы шаршағандықта жаңа қимыл дағдыларын бойға сіңіру қасиеті жоғалады, организмнің қызметтік қабілеттілігі, ауруларға төтеп бергіштік қасиеті төмендейді.

Көп еттер қатысуымен істелетін дене жұмыстарында жалпы шаршау пайда болады. Жалпы шаршауда орталық жүйке жүйесінің реттеуші қызметі әлсірейді, қимыл мен вегетативтік функциялар үйлесімділігі бұзылады, қимыл қозғалыстарды орындау сапасы төмендейді. Вегетативтік функциялардың бұзылу белгілері - жүктеме ауырлығына сәйкес емес жүрек соғысының жиілеуі, пульстік қысымның төмендеуі, өкпе вентиляциясының азаюы. Субъективті тұрғыдан бұл күш-қуаттың күрт түсуімен, ентігумен, жүректің қағуымен, жұмысты ары қарай жалғастыра алмаумен сезіледі.

Егерде, жеке ет топтары шамадан тыс жүктелсе, локальді шаршау дамиды. Локальді шаршаудың жалпы шаршаудан ерекшелігі орталық аппараттан гөрі, қимыл қозғалыстарды басқаратын жергілікті құрылымдық элементтер жапа шегеді.

Жүйке-бұлшық ет берілуіндегі бұзылулар, атқарушы құралдар қызмет етуден бас тартқаннан бұрын басталады. Синапс алды мембранада ацетилхолин азаяды, соның салдарынан синапстан кейінгі мембранада әрекет потенциалының мөлшері төмендейді. Бұлшық етке берілетін эфференттік жүйке сигналдарының біршамасы өтпей қалады. Нәтижесінде бұлшық еттің жиырылу қызметі нашарлайды.

Шаршағандықтың жасырын фазасында қызметтік қабілеттілік жігермен өтеледі. Бірақ, мұнда жұмыстың үнемділігі төмендейді. Жұмысты ары қарай жасай беру өтелмейтін шаршағандыққа әкеліп соғады. Шаршағандықтың өтелмейтін түрінің басты белгісі - қызметтік қабілеттіліктің төмендеуі, себебі ішкі мүшелер мен қимыл қозғалыс аппараттары қаналады. Бүйрек бездерінің қызметі нашарлайды, тыныс ферменттерінің белсенділігі төмендейді, қарқынды анаэробтық процестер аяғына дейін тотықтанбаған өнімдердің жиналуына әкеледі, қанның сілтілік қоры азаяды. Қызметтік қабілеттілік күрт түскенде, жұмысты жалғастыруға күш пен жігер жетпегенде, спортшы жұмысты жалғастырудан бас тартады[1]..

Шаршаудың механизмдерін терең түсінбей, машықтандыру процесін ұтымды ұйымдастыру қиын. Шаршаудың орталық-жүйкелік теориясының тууы И.М.Сеченовтың есімімен байланысты. Тұтас организмде шаршағандық орталық жүйке жүйесінде пайда болады. Орталық жүйке жүйесіндегі ең оңай зақымдалғыш құрылым - үлкен жарты шар тәрізді мидың жоғары дәрежелі клеткалары.

Жүйке жүйесін және ол арқылы барлық ұлпалар мен мүшелер қорының таусылуынан, соның нәтижесінде организмді өзінің өміршеңдігінен айырылып қалудан сақтайтын универсалды механизм - тежелу.

И.П.Павлов шаршау мен қайта құрылу бір процестің екі жағы екенін көрсеткен. Олардың ара қатынастары тірі құрылымның белсенді күйден енжар күйге ауысуы. Г.В.Фольборт И.П.Павловтың идеяларын дамыта отырып, шаршағандықтың таусылу мен қайта құрылу процестерінің ара қатынастарына байланысты екені туралы көзқарастың принципиалді түрде дұрыс екенін дәлелдеген.

Жұмыс кезінде организмде пайда болған физиологиялық және биохимиялық өзгерістер, атқарушы мүшенің функциялық күйін нашарлатады. Сол кезде олар қайта құрылу процестерін қузайды. Шаршағандық қанша тез пайда болса, қайта құрылулар жылдамдығы сонша жоғары болады. Осы замандағы көзқарас бойынша, энергетикалық материалдардың, солардың ішінде аденозинүшфосфаттың таусылуы, клеткалардың генетикалық аппараттарында құрылымдық із қалдырады. Аденозинүшфосфаттың тапшылығы митохондриялардың белоктық массасының көбеюін қузайды және кері байланыс принципі бойынша, жұмыс барысы және қайта құрылу кезеңінде аденозинүшфосфаттың жасалуын көбейтеді. Нәтижеде, жүктеменің осы түріне бейімделу жоғарылайды. Шектен асқан таусылулар бейімделудің бұзылуына әкеледі[2].

Шаршау жөніндегі осы заманғы концепциялар, жұмысшы мүшелердегі өзгерістер көп құрылымды және мазмұнды деген көзқарастардан қалыптасады. Жұмыстың түріне, қызулығына, ұзақтығына қарай, шаршаудың дамуында жетекші рөл түрлі физиологиялық жүйелерде болуы мүмкін.

Жансезімдік стресспен байланысты қызу жұмыстарда шаршаудың жетекші факторлары болып, гуморальдық реттеу жүйесі келеді. Титықтататын, энергия шығындары шектен асып кететін қызу жұмыстарда, «гипоталамус - гипофиз - бүйрек безі» жүйесі шаршайды. Қысқа мерзімді шапшаң жасалатын бұлшық ет жұмысындағы шаршауда физиологиялық функцияларды реттеуші орталық механизмдер маңызды рөл атқарады. Орталық жүйке жүйесіне бағытталған қуатты проприо- және хеморецептивтік тітіркеністер ағымының нәтижесінде шектен тыс тежелу дамиды. Атқарушы мүшелерге бағытталған шектен тыс жиілікті тітіркеністер, оларды тұғызушы клеткалардың өзін титықтатады. Жұмыстың бірнеше секөнтінен кейін-ақ, жүйке орталықтарының құбылмалылығы төмендейді, нәтижеде жаттығуды орындау жылдамдығы азаяды.

Қарқынды жұмыстың ұзақтығын шектейтін басты фактор ретінде, аралық алмасудың нәтижесінде аденозинүшфосфаттың ресинтезделу жылдамдығының күрт түсуін қарастыруға болады. Қаңқа еттерінде аденозинүшфосфат концентрациясы біршама тұрақты. Оның шығынданuы өтеу процестерін іске қосады, демек, тотықтандырушы ферменттердің белсенділігі артады. Көмірсулар, еркін май қышқылдары, аминқышқылдары митохондрияларда тотықтанады. Мұнда бөлінген энергия аденозинүшфосфаттың ресинтезделуіне жұмсалады немесе креатинфосфаттың макроэргиялық байланыстарында қорға айналады.

Жұмыс кезінде анаэробтық энергия көзіне қарай ауысу тек оның қарқындылығына байланысты емес, сонымен қатар, спортшының машықтығына да байланысты. Машықтық деңгейі қанша төмен болса, энергия алу әдісінің тиімсіз жолына қарай ауысуы сонша тез, өтелмейтін шаршау дамиды. Бұлшық еттердегі сүт қышқылының артығы, тотықтандырғыш циклда энергияны өндіру процестері мен оның фосфагендерге жиналуын бөліп жібереді. Сондықтан, машықтығы төмен спортшы, энергетикалық субстраттары таусылмай тұрғанның өзінде-ақ, жұмыстан едәуір ерте бас тартады. Сүт қышқылы сутек иондарының көзі. Олардың жиырылғыш аппаратта немесе бұлшық еттерде артық болуы, актомиозин көпіршелерінің жасалуына кедергі келтіреді, нәтижеде миофибриллдердің жиырылуы қиындайды[2].

Жоғары қуатты жұмыс басталғаннан 20-30 секундтан кейін энергиямен қамсыз етуге гликолиз қосылады. Гликолиз процесінен жиналған алмасу өнімдері липолизді азайтады, тотықтандыру арқылы фосфорлауды тежейді. Субмаксималды қуатты жұмыста пайда болатын шаршағандықтың басты факторы, бұлшық еттерге жиналған сүт қышқылы немесе лактат.

Үлкен қуатты жұмыстағы шаршағандықтың басты себебі болып ұлпалардағы гипоксия келеді. Сонымен қатар, гликолиз өнімдерінің бара-бара жинақталуы және олардың бұлшық еттердегі аэробтық алмасуға, қимыл қозғалыс функцияларының жүйкелік реттеу процестеріне қанаушы әсер етуі себеп. Үлкен қуатты жұмыста оттекті жоғары

дәрежеде тұтыну барысында гипоксия болуы әдеттен тыс жағдай. Дегенмен, айтылған қуатты жұмыста оттекке сұраныс, тұтыну мөлшерінен едәуір артық болатынымен түсіндіріледі.

Организм энергияның бір бөлігін глюкозаның анаэробтық ыдырауынан - гликолизден алуға мәжбүр болады. Осыған орай сүт қышқылы артық болады.

Шамалы қуатты жұмыста шаршаудың басты себебі - жұмысшы бұлшық еттермен бауырдағы гликогеннің таусылуы. Екінші кезекте - орталық жүйке жүйесінің реттеуші қызметінің бұзылуы.

Аралық алмасу өнімдерінің жиналуы салдарынан пайда болатын ішкі орта химизмінің ығысулары, ең алдымен, ми қыртысы және қыртыс асты орталықтардың жағдайына әсер етеді. Реттеуші механизмдердің бұзылуы тұйыққа тіреледі. Бірінші кезектегі метаболизмдық бұзылулар, орталық жүйке жүйесіндегі реттеуші әсерлердің бұзылуымен ушығады.

Бұлшық ет жұмысының нақты түрлеріндегі шаршағандықтың жеке факторларына сандық баға беру, машықтандыру процестерін басқарудың маңызды элементтері жатады. Тестілеу әдістері мен зерттеу амалдарын дұрыс таңдап алу байланысты жеке жетекші факторды жіктеп алуға болады[2].

Мектеп жасындағы балалардың орталық жүйке жүйесіндегі бірнеше ерекшелік негізінде шаршау тез дамиды. Балаларда ішкі тежелудің әлсіз болуынан ажыратушы және кешігуші процестері тез бұзылады. Мұндайда назар нашарлайды, қимыл қозғалыс әлсірейді, қобалжулар пайда болады, аяғында қорғаныс тежеулері дамып, белсенділік күрт төмендейді.

Балалар ересектерге қарағанда сын жағдайларға ұрынбай, жұмыстан ертерек бас тартады. Балаларды оқытуда сабақтар бірсарынды болмағаны жөн. Белсенді демалыс механизмі бойынша қайта құрылуды жеңілдете алатын, жұмыс түрлерін ауыстырып отыру қажет. Балалардың қызметтік қабілеттілігі бірінші сабақтан соңғы сабаққа, дүйсенбі күннен сенбіге қарай төмендейтіндігін ескере отырып, тәулік режиміне дене және ақыл-ой жұмыстарын, сонымен қатар, оларды белсенді ететін амалдарды ойластыру дұрыс[2].

Асыра машықтану - асыра шаршаудың үдемелі дамуынан туады. Ол негізінен, қимыл және вегетативтік функцияларды реттеуші орталық аппаратқа қатысты, кешенді функционалдық бұзылуымен білінеді. Асыра машықтану белгілері: ұйқының бұзылуы, жүктемеден, күрделі жаттығуларды орындаудан қорқу. Спортшы ашуланшақ, енжар болып, жолдастарымен және бапкермен келіспей, дауласады. Жағдай ушыққан сайын, субъективті арыздар физиологиялық функциялардың обьективті бұзылуымен толығады. Алдымен ішкі мүшелерге және қимыл аппаратына нейро-гуморальдық әсерлер әлсірейді, кейіннен жүрек бұлшық етінде ошақтық және диффузиялық өзгерістер пайда болады. Оның жиырылғыштық қасиеті нашарлайды, дене жүктемелері түскен кезде жүрек тұсында ауырғандық сезім пайда болады.

Асыра машықтанудың ертерек кезеңінде тотықтандыру арқылы фосфорландыру қарқыны төмендейді. Соңғы кезеңдерінде энергия өндірудің гликолиздық механизмдері және аденозинүшфосфаттың ресинтезделуі нашарлайды.

Асыра машықтануда организмде витаминдер алмасуы бұзылады. Қанда, бауырда, бұлшық еттерде «С» витамині азаяды. Энергияның шығыны көп болуы және пластикалық процестердің төмендеуінен дене массасы азаяды. Дене сапалары, әсіресе, төзімділік нашарлайды. Асыра машықтануда спортшы аурушаң болады. Организмнің иммунологиялық қорғаныс қасиеті төмендейді. Сұйықтық ортасының бактерицидтық қасиеті нашарлайды.

Машықтандыру режімін дұрыс ұйымдастыру, жеке ерекшеліктерді ескеру, спорттық жаттығу принциптерін қатаң ұстану асыра машықтанудың алдын алу шараларына жатады. Бұрыңғы қалпына келтіру үшін, спорттық қызметтің алғаш кезеңінде бір-екі апта белсенді демалыс қажет. Осы уақытта жаттықтыратын жүктемелердің көлемін азайту, қарқынды

жаттығулар аралығындағы демалыс үзілістерін ұзарту, жарыс жүктемелерінен босату көзделеді. Асыра машықтанудың соңғы сатысында екі-үш апталық толық демалыс беріліп, үш-төрт апталық белсенді демалысқа ұластырған жөн. Емдеу кездерінде қайта құрылуға көмектесетін дәрілер, биологиялық белсенді заттар, физиотерапия қолданылуы қажет[3].

Қайта қалыпқа келуге демалыс жеткіліксіз болған жағдайда, шамадан тыс және қызу дене жүктемелері, организм тіршілігін қамтамасыз ететін маңызды жүйелердің мезгілінен бұрын тозуына және патологиялардың дамуына, яғни эорығуына әкеледі. Бұлшық ет жұмысы кезінде организмге қойылған талап пен оны қанағаттандыруға бағытталған функционалдық мүмкіндіктер арасындағы сәйкессіздік нәтижесінде зорығу сияқты құбылыс пайда болады.

Зорығу негізінде зат алмасудың және физиологиялық функциялардың нейро-гуморальдық реттеуші механизмдерінің бұзылуы, ішкі орта химизмінің тұрақты өзгерістері, қандағы адреналин және оның аналогтарының көбеюі жатады. Шамадан тыс артық жұмыс тұғызатын гипофиздің адренокортикотроптық қызметінің жасырын жеткіліксіздігі және соның салдарынан қорларының таусылуы, зорығуда ерекше рөл атқарады. Зат алмасудың күрт өзгеруі, калий-натрий балансының бұзылуы, жүрек бұлшық етінде ошақтық және диффузиялық зақымданулар тұғызуы мүмкін.

Өткір зорығудың белгілері едәуір айқын: әлсіздік, бас айналу, лоқсу, ентігу, жүрек қағуы, қан қысымының төмендеуі. Ауыр жағдайларда жүрек жұмысының жеткіліксіздігі, оң жақ қабырға астының ауыруы, бауырдың ұлғаю, естен айырылу байқалады.

Шамадан тыс жүктеме жүрек бұлшық етін энергиямен қамтамасыз ету жеткіліксіздігімен, метаболизмінің бұзылуымен және миокард инфарктының пайда болуымен қауіпті. Ф.З.Меерсон пікірі бойынша, жүрек бұлшық еті белоктарының синтезделуіндегі және энергетикалық қайта құрылуындағы биохимиялық бұзылулар, миокардтың зорығуында жетекші орын алады. Метаболизм бұзылуының ішінде миокардтағы зат алмасу өзгерістері ерекше, өйткені мұндай жағдайда бүкіл организмді қанмен қамтамасыз ету сапасы бұзылады.

Миокардтың нормалы қызметі үшін симпатикалық және парасимпатикалық жүйке жүйелерінің нейрогормондары арасында теңдік болғаны қажет. Бір жағынан, адреналин мен норадреналин арасында, екінші жағынан, ацетилхолинмен қатынастарының өзгерулері, зорығудың тез дамуына апарып соғады. Симпатикалық медиаторлардың көптеп өндірілуі, миокард гипоксиясына әкеліп, жүрек бұлшық етінің некрозын тұғызады. Зорығу салдарынан артериялық қан қысымы тұрақты жоғарылап, жүрек пен бауыр тұсында ауыру сезімі пайда болып, спорттық қабілеттілік төмендеп, жүктемелерге бейімділік нашарлап кетуі мүмкін[4].

Зорығудың тағы бір салдары - жүрек гипертрофиясының патологиялық формасының пайда болуы. Ол дистрофиялық өзгерістермен сипатталады. Гипертрофияның орта және шамалы дәрежесінде, қанмен қамтамасыз ету жүрек массасының ұлғаюына сәйкес жүреді. Алайда, физиологиялық гипертрофияның патологиялық гипертрофияға ауысу шекарасы шартты. Мәселе мынада: жүрек бұлшық етінің жүктемелерден туындаған гиперфункциясы изотониялық жиырылу режімінен болады. Миокардтың систолалық ширығуы және қарыншалардағы қысым бұлшық ет жұмысында шамалы ғана жоғарылайды. Изометриялық жиырылу режіміне қарағанда, изотониялық жиырылу режімінде энергетикалық шығын едәуір төмен.

Жиырылудың изотониялық режімінен изометриялық жиырылу режіміне көшуінің себебі - магистральді және шеткі тамырлар кедергілерінің жоғарылауы болуы мүмкін. Мұндай гемодинамикалық өзгерістер жүрек бұлшық еті гипертрофиясының алдыпатологиялық формаларының дамуына әсер етеді.

Зорығуды емдеудің немесе алдын алудың амалдары оның қанша айқын екеніне байланысты. Ең алдымен жаттығудың көлемі мен қарқындылығын қысқарту қажет. Ауырлау жағдайларда белсенді демалыс режіміне ауысқан дұрыс. Жүрек функциясы дәрі-

дәрмек арқылы қайта қалпына келтіріледі. Қайта қалпына келтіру әрекеттерінің құрамына қарқынды витаминдендірумен қоса балансты тамақтануға ерекше мән беру қажет.

Қорытынды

Спорттық жаттығу кезіндегі шаршағандық – қызу немесе ұзақ әрекеттер салдарынан организмнің қызметтік қабилеттілігі төмендеумен білінетін физиологиялық күй. Ақыл ойдан немесе қара жұмыстан шаршау, өткір және созылмалы, жалпы және локальді, жасырын және айқын шаршауларды айырады. Шаршағандықтың жасырын фазасында қызметтік қабілеттілік жігермен өтеледі. Шаршағандықтың жасырын фазасында қызметтік қабілеттілік жігермен өтеледі.

Жансезімдік стресспен байланысты қызу жұмыстарда шаршаудың жетекші факторлары болып, гуморальдық реттеу жүйесі келеді. Титықтататын, энергия шығындары шектен асып кететін қызу жұмыстарда, «гипоталамус - гипофиз - бүйрек безі» жүйесі шаршайды. Қысқа мерзімді шапшаң жасалатын бұлшық ет жұмысындағы шаршауда физиологиялық функцияларды реттеуші орталық механизмдер маңызды рөл атқарады.

Жоғары қуатты жұмыс басталғаннан 20-30 секундтан кейін энергиямен қамсыз етуге гликолиз қосылады. Гликолиз процесінен жиналған алмасу өнімдері липолизді азайтады, тотықтандыру арқылы фосфорлауды тежейді. Субмаксималды қуатты жұмыста пайда болатын шаршағандықтың басты факторы, бұлшық еттерге жиналған сүт қышқылы немесе лактат.

Үлкен қуатты жұмыстағы шаршағандықтың басты себебі болып ұлпалардағы гипоксия келеді. Сонымен қатар, гликолиз өнімдерінің бара-бара жинақталуы және олардың бұлшық еттердегі аэробтық алмасуға, қимыл қозғалыс функцияларының жүйкелік реттеу процестеріне қанаушы әсер етуі себеп. Үлкен қуатты жұмыста оттекті жоғары дәрежеде тұтыну барысында гипоксия болуы әдеттен тыс жағдай. Дегенмен, айтылған қуатты жұмыста оттекке сұраныс, тұтыну мөлшерінен едәуір артық болатынымен түсіндіріледі.

Организм энергияның бір бөлігін глюкозаның анаэробтық ыдырауынан - гликолизден алуға мәжбүр болады. Осыған орай сүт қышқылы артық болады.

Шамалы қуатты жұмыста шаршаудың басты себебі - жұмысшы бұлшық еттермен бауырдағы гликогеннің таусылуы. Екінші кезекте - орталық жүйке жүйесінің реттеуші қызметінің бұзылуы.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1.Смаил Н.Н. Қимыл-қозғалыс белсенділігінің физиологиялық негіздері.–Алматы, 2008

2. Смаил Н.Н. Спорт физиологиясы. – Талдықорған, 2007

3. Анохин П.К. Очерки по физиологии функциональных систем. М., 1995

4. Фомин Н.А. Физиология человека. М., 1992

5. Филин В.П., Фомин Н.А. Основы юношеского спорта. - М., 1982

6. Фомин Н.А., Филин В.П. На пути к спортивному мастерству. - М., 1986

ӘОЖ 94 (574)

ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНА ҚАТЫСТЫ ЖАЗБА ДЕРЕКТЕРДІ ТОПТАУ ЖӘНЕ ЖІКТЕУ МӘСЕЛЕСІ

Буланов Е.О. т.ғ.к., аға оқытушысы, **Карибжан М.Ә.** магистрант
І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

e-mail: *erzhan_bulanov@mail.ru, madiyar.97@bk.ru*

Мақалада Қазақстанның орта ғасырлық тарихына қатысты жазба деректер тілдік және әулеттік тұрғыда топтастырылады және оларға анықтама беріледі. Сондай-ақ, аталған жазба деректердің ортағасырлық Қазақстан тарихына қатысты маңызы жан-жақты ашып көрсетілді.

Тірек сөздер: *әулет, парсы, шағатай, шайбани, аштархани, сефеви*

В статье сгруппированы и даны определения письменных источниках по средневековой истории Казахстана с лингвистической и династической точек зрения. А также, подробно раскрыто значение этих источники применительно к истории средневекового Казахстана.

Ключевые слова: *династия, персидская, чагатайская, шайбанидская, аштарханская, сефевидская.*

The article groups and defines written data on the medieval history of Kazakhstan from the linguistic and dynastic points of view. Also, the significance of these records in relation to the history of medieval Kazakhstan is revealed in detail.

Key words: *dynasty, Persian, Chagatai, sibenska, astrkhanskaya, Safavid.*

Тарих ғылымының екі саласынсыз қандай да бір тарихи оқиғаны зерттеп, оны танып білу мүмкін емес. Ол тарихнама және деректану ғылымы. Сондықтан, осындай принципті мәселені басшылыққа ала отырып, ортағасырлық Қазақстан тарихына қатысты деректерге талдау жасау және оларды жүйелеу бүгінгі тарих ғылымының өзекті, әрі маңызды мәселелерінің бірі болып табылады.

Сонымен, ортағасырлық Қазақстан тарихына қатысты жазба деректерді негізінен мынадай екі мәселе бойынша, яғни тілдік және әулеттік принциптер бойынша топтауға және жіктеуге болады. Жалпы Қазақстан тарихының ортағасырлар кезеңі YI ғасырдан немесе 551 жылы Түрік қағанатының құрылған кезінен басталып, XYIII ғасырдың бас кезімен, яғни қазақ халқының басына түскен үлкен нәубет «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» оқиғасымен аяқталады. Ал ортағасырлар тарихының өзі үш кезеңге бөлінетіндігі белгілі: 1 кезең – Түркі дәуірі (YI-XII ғғ.); 2 кезең – Моңғол дәуірі (XIII-XIY ғғ.); 3 кезең – Қазақ хандығы дәуірі (XY-XYII ғғ.). Біз осы аталған кезеңдердің ішінде үшінші болып тұрған Қазақ хандығының құрылуы мен хандық дәуірге қатысты жазба деректерді талдауды басшылыққа алып, тілдік және әулеттік принцип тұрғысынан топтап көрсетуді мақсат етіп қоямыз. Мәселеге тікелей тоқталмас бұрын тілдік принцип бойынша топтау мен әулеттік пинцип бойынша жіктеу проблемасына анықтама беріп өтелік.

Жазба деректерді тілдік тұрғыда топтау дегеніміз кейінгі ортағасырлардағы Қазақстан тарихы немесе Қазақ хандығы дәуіріне қатысты тарихи шығармалар немесе тарихи жәдігерлерді қай тілде жазылуына байланысты болып табылады. Нақтылай түсер болсақ, нақ сол кезеңде Қазақстан тарихы туралы көрген-білгендерін, естігендерін қағаз бетіне түсірген алыс-жақын шетелдік оқымыстылардың еңбектері жатады. Оларды былайша топтап, төмендегідей атап көрсетуге болады:

1. Парсы деректемелері;
2. Қытай деректемелері;
3. Түркі деректемелері;
4. Орыс деректемелері;
5. Батыс деректемелер [1].

Бұл аталған тілдік принцип негізінде топтап көрсеткен жазба деректерге қандай тарихи шығармалар жататандығын анықтап кету артық болмайды. Сонымен оны төмендегідей таратып көрсетеміз.

Парсы тілінде жазылған деректемелерге:

1. Ата Мәлік Жувейнидің «Тарихи-и-жаһангушай» («Әлемді бағындырушының тарихы»). 1260 жылы аяқталған шығарма.

2. Рашид ад-Дин «Жами-ат-тауарих». 1310-1311 жылдары аяқталған.

3. Шараф ад-Дин Әли Иазди «Зафар-наме» («Жеңістер кітабы»). XY ғасырдың 30-50 жылдары жазылған.

4.Муин ад-дин Натанзи «Мунтахаб ат-таварих-и Муини». Бұл еңбекті ғылыми айналымға тұңғыш енгізген атақты шығыстанушы, академик В.В. Бартольд болды және зерттеуші көрсетілген тарихи шығармаға «Ескендір анонимі» деген атауды берді. Сонымен бұл жазба деректің түпнұсқалық парсы тіліндегі өз атауы мен оны зерттеген ғалымның берген екінші атауы бар екендігіне көз жеткіздік.

5. М.Х. Дулати «Тарих-и Рашиди» («Рашидтер тарихы»). 1501-1546 жылдары жазылған.

Қытай тілінде жазылған деректемелерге:

1. «Мин ши» («Мин әулетінің тарихы»).

2. «Мин хой яо» («Мин империясының жалпы шолуы»). Аталған екі еңбек 1368-1664 жж. өмір сүрген Мин әулеті тұсында жазылған шығармалар. Қытайдағы Мин әулеті Шыңғыс ханның немересі Құбылай негізін қалаған Юань әулетінің орнына келіп, өз орнын маньчжурларға беріп, яғни олардың орнына Цинь әулеті келген болатын.

Түркі тілінде жазылған деректемелерге:

1. Абдаллах Балхи «Зубдад әл-асар» («Маңызды жылнамалар»). XY ғ. аяғы - XYI ғ. басында жазылып, нақтырақ айтқанда 1514 жылдары аяқталған.

2. Заһир ад-дин Мұхаммед Бабыр «Бабыр-нама». 1526-1530 жж. жазылған.

3. Өтеміс қажы «Шыңғыс-наме». 1515-1525 жж. жазылған.

4. Әбілғазы Баһадүр «Шаджара-йи тюрк» («Түрік шежіресі»). 1650-1664 жж. жазылған.

5. Қадырғали Жалаири «Жами ат-тауарих» («Жылнамалар жинағы»). 1600-1612 жж. жазылған.

Орыс деректемелері:

1. «И быть в Орде замятня велика». XY-XYI ғасырларда жазылған.

2. «Строганов жылнамасы». Жазылған уақыты XYII ғ. ортасы.

3. С. Есиповтың «Сібір жылнамасы». 1680-1687 жж. жазылған.

4. «Ремезов жылнамасы». Жазылған уақыты XYII ғасырдың аяғы - XYIII ғасырдың басына сай келеді.

5. «Үлкен Чертеж кітабы». XYI ғ. ортасында жазылған.

Батыс деректемелеріне:

Гонзалес де Клавихо, Сигизмунд Герберштейн, Антоний Дженкинсон, Иософат Барбаро еңбектері жатып, бұларда айтылған мәліметтер Қазақ хандығының тарихы үшін аса маңызға ие.

Кейінгі ортағасырлардағы Қазақстан тарихына қатысты деректерді әулеттік тұрғыда жіктеу XIY-XYII ғасырлардағы Қахақ хандығының тарихын ғана емес, сонымен қатар оған көршілес бүкіл Орталық Азияның саяси, экономикалық тарихын білуде орасан құнды болып табылады. Яғни, бұндай принцип негізінде жазба деректерді топтау дегеніміз Қазақ

хандығымен тікелей қарым-қатынасқа түскен Шағатай, Темір, Шайбани, Аштархани, Сефевид әулеттері құрған мемлекеттердің билеушілерінің тікелей тапсырмасымен жазылған тарихи шығармалар жатады. Әрине, бұл еңбектер белгілі бір әулет билеушісінің тапсырмасымен жазылғандықтан нақ сол билеушінің, әулеттің, мемлекеттің мүддесіне сай жазылатындығы белгілі. Сондықтан олар қайткен күнде де субъективті тұрғыда болып табылады. Дегенмен, бұндай жасалған тұжырымға қарамастан аталған тарихи шығармалардың мәселеге қатысты тарихи құндылығына, маңыздылығына ешбір дау тудырмайтыны сөзсіз.

Сонымен, ортағасырлардағы жазба деректерді әулеттік тұрғыда жіктеу отандық тарихтың өзекті мәселелерінің бірі болып табылады және оны төмендегідей етіп жіктеп көрсетеміз:

1. Шағатайлық деректер.
2. Темірлік деректер.
3. Шайбанилық деректер.
4. Аштарханилық деректер.
5. Сефевидтік деректер [2].

Атап көрсетілген әулеттік негізде топтастырылған жазба деректерге қандай тарихи шығармалар жататындығын анықтап көрсету мәселені тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Бұлар қазақ хандарымен тікелей саяси, экономикалық, этникалық, мәдени қарым-қатынасқа түскен әр түрлі әулеттер билігінде болған мемлекеттер болатын. Сондықтан әулеттік деректерді төмендегідей етіп таратып өтеміз:

Шағатайлық деректер:

1. М.Х. Дулати «Тарих-и Рашиди» («Рашидтер тарихы»). 1541-1546 жылдары жазылған. Бұл еңбек XIY-XYI ғасырлардың басында Қазақстан аумағы мен көршілес аумақтарда өмір сүрген ірі мемлекеттердің бірі Моғолстан тарихына арнайы арналған. Тарихи шығарма – Қазақ хандығының тарихын зерттеу үшін аса маңызды бастапқы деректеме. Онда тоқсан жыл ішіндегі қазақ хандарының тарихы тым қысқа болғанымен, дәйекті түрде баяндалған.

2. Шах-Махмуд Шорас «Тарих». 1676-1677 жж. жазылған. Бұл шығарма қазақ хандары Бұйдаш, Хақназар, Тәуекел, Есім және оның ұлы Жәңгір кезіндегі XYI-XYII ғасырлардағы қазақ-моғол қатынастарының тарихы жөніндегі түпнұсқа болып табылады.

3. Авторы белгісіз «Тарих-и Қашқар» еңбегі. Шығыс Түркістанда XYII ғасырдың екінші ширегінде жазылған.

4. Ахмет Рази «Хафт Иклим». 1593-1595жж. жазылған.

Темірлік деректер:

1. Шараф ад-Дин әли Йазди «Зафа-наме» («Жеңістер кітабы»). XY ғасырдың 30-50 жылдары жазылған.

2. Муин ад-дин Натанзи «Мунтахаб ат-таварих-и Муини». Бұл еңбекті ғылыми айналымға тұңғыш енгізген атақты шығыстанушы, академик В.В. Бартольд болды және зерттеуші көрсетілген тарихи шығармаға «Ескендір анонимі» деген атауды берді.

3. Ұлықбек «Тарих-и арба улус» («Төрт моңғол ұлысының тарихы»). XY ғ. 30-40 жж. жазылған.

4. З.М. Бабыр «Бабыр-нама». 1526-1530 жж. жазылған.

Шайбанилық деректер:

Аталмыш әулеттің билігі кезінде жазылған тарихи шығармалардың көптігіне және ондағы материалдардың Қазақ хандығының тарихы үшін аса маңызды болып табылуына байланысты оларды үш топқа бөліп қарастыруды дұрыс деп таптық.

1 тобы:

1. «Таварих-и гузида-йи нусрат-нама» («Жеңістер кітабының таңдамалы тарихы»). Авторы: Шайбани ханның өзі болуы керек.

2. Молла Шади «Фатх-наме» («Жеңістер кітабы»).

3. Камал ад-Дин Бинаи «Шайбани-наме» («Шайбани хан туралы дастан»).

4. Р. Исфахани «Михман-наме-йи Бухара» («Бұхар қонағының жазбалары»).

Бұл еңбектердің барлығы 1500-1510 жылдар аралығында Мұхаммед Шайбани ханның тікелей тапсырмасымен жазылған. Бұларда нақ осы уақыттағы қазақ хандары мен шайбанилер арасындағы Сыр өзені бойындағы қалалар үшін жүргізілген соғыстар сипатталады. Бірақ аталған еңбектер арнайы тапсырыс бойынша және қатаң цензурамен жазылғандықтан, негізінен тек бір жақты, яғни шайбаниліктердің мүдесіне негізделіп баяндалып, олардың жеңістері аса мадақталып, әсірелеп айтылады.

2 тобы:

1. Абдаллах Балхи «Зубдад әл-асар» («Маңызды жылнамалар»). XY ғ. аяғы - XYI ғ. басында жазылып, нақтырақ айтқанда 1514 жылдары аяқталған.

2. Масуд ибн Осман Кухистани «Тарих-и Абулхайр-хани». Жазылған уақыты XYI ғасырдың ортасы.

3. Зайн ад-Дин Вассифи «Бадаи әл-вакаи» («Ғажайып оқиғалар»). Бұл еңбек XYI ғасырдың ортасында жазылған.

3 тобы:

1. Хафиз Таныш «Шараф-наме-йи шахи» («Шахтар даңқы кітабы»). Жазылған уақыты XYI ғасырдың соңы. Автор шайбани әулетіне жататын II Абдаллах ханға қызмет етіп, оның қызметін, әскери жорықтарын, Орта Азия мен көршілес өлкелерде болған оқиғаларды егжей-тегжейлі жазып отырған. Әсіресе қазақтардың Сыр өңірі қалалары үшін күресі туралы мәліметтер өте құнды. Сонымен қатар Абдаллах ханның Сарысуға дейінгі қазақ жеріне жасаған жорығын суреттеуден қалалардың, сондай-ақ далалық аумақтың экономикалық жағдайы туралы әр түрлі материал, этногеографиялық деректер алуға болады.

Аштарханилық деректер:

1. Махмуд ибн Уәли «Бахр әл-асрар фи манакиб әл-ахйар» («Өнегелі адамдардың ерліктері жайлы ғаламат құпиялар»). Тарихи шығарма 1640 жылдары жазылған.

2. Ескендір Мунши «Тарих-и аламара-йи Аббаси». Жазылған уақыты XYII ғасырдың ортасы.

Сефевидтік деректер:

1. Мирхонд «Раузат ас-сафа». 1480 – 90 жж. жазылған.

2. Хондемир «Хабиб ас-сйиар». Жазылған уақыты XYI ғасырдың басы.

Атап көрсетілген деректерді, яғни әулеттік негізде топтастырылған шайбанилық деректердің 1-тобына жататын «Таварих-и гузида-йи нусрат-нама» [3], «Фатх-наме» [3, 44-90 бб.], «Шайбани-наме» [3, 91-127 бб.], «Михман-наме-йи Бухара» [4] мен 2-тобына жататын Абдаллах Балхидың «Зубдад әл-асар» [3, 128-134 бб.] еңбектерін және шағатайлық деректерге жататын Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарих-и Рашиди» шығармасында [5] баяндалған оқиғаларды салыстыра отырып, оларға талдау жасау барысында сол кездегі тарихи оқиғалардың бір-бірінен қандай айырмашылығы барын анықтай аламыз. Сол арқылы төл тарихымыздың ақиқатын ашып, шындықты ашуға бір табан жақындай түсеміз.

Әр әулеттің еншісіне жататын жазба деректерді талдау барысында XYI ғасырдың алғашқы онжылдығындағы қазақ-шайбан қарым-қатынастарыны мәселесін объективті ашып көрсетуге ғана қол жеткізіп қоймай, Қазақ хандығының құруға қатысқан хандар мен олардың мұрагерлерінің іс-әрекеттері, жүргізген саясаттары жайында құнды мәліметтер алуға болады. Ал, бұл оқиғаларды тек шайбанилық деректер бойынша қарастыратын болсақ, онда тоқталып отырған мәселеде біржақты кетіп қаламыз.

Сонымен, тарих ғылымында жазба деректердің маңыздылығы мойындалғандығы белгілі. Сол себепті қарастырып отырған мәселенің айрықша құндылығы айқын көрініп отыр. Қандай да бір шығарма және ондағы мәлімет нақ сол шығарма авторының қолымен жазылғандықтан ол субьективті болып келеді. Ал тарихи оқиға ол болып өткен, ол

объективті болып саналады. Сондықтан оны жан-жақты, толыққанды түрде ашу үшін, жоғарыда талдап көрсеткеніміздей бірнеше әулеттің еншісіне жататын тарихи шығармаларды салыстырмалы түрде талдау арқылы шындықты ашуға бір табан жақындай түсеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. Бес томдық. – Алматы: Атамұра, 1998. – 2 том. – 10-31 бб.

2. Юдин В.П. Персидские и тюркские источники по истории казахского народа XY-XYII веков // Юдин В.П. Центральная Азия в XIY-XYIII веках глазами востоковеда. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – С. 21-23.

3. Материалы по истории казахских ханств XV-XVIII вв. (Извлечения из персидских и тюркских сочинений). / Сост.: С.К. Ибрагимов, Н.Н. Мингулов, К.А. Пищулина, В.П. Юдин. – Алма-Ата: Наука, 1969. – С. 9-43.

4. Фазлаллах ибн Рузбихан Исфаһани. Михман наме-йи Бухара (Записки Бухарского гостя). Перевод, предисловие и примечания Р.П. Джалиловой. – М.: Наука, 1976. – 683 с.

5. Мұхаммед Хайдар Дулати. Тарих-и Рашиди. Қазақшаға аударған И. Жеменей. – Алматы: Тұран, 2003. – 671 б.

ӘОЖ 94 (574)

ЖОШЫ ҰЛЫСЫ АУМАҒЫНДА ҚҰРЫЛҒАН АҚ ОРДА МЕМЛЕКЕТІНІҢ АТАУЫ ХАҚЫНДА

Буланов Е.О. т.ғ.к., аға оқытушы, **Турсынова А.С.** магистрант
І. Жансүгіров ат. Жетісу университеті, Талдықорған қ.

e-mail: *erzhan_bulanov@mail.ru, tursynova.aigerim@mail.ru*

Ақ Орда мемлекеті атауының бүгінгі күннің өзінде нақты шешілмеген мәселелердің бірі. Зерттеушілер әр түрлі тұжырымдар мен көзқарастар ұстанып келеді. Бұл мемлекеттің атауына қатысты Ақ Орда, әлде Көк Орда ма деген сұрақтар пайда болады. Бірқатар ғалымдар ұлыстың сол қанатын Ақ Орда екенін айтса, енді бірқатар ғалымдар Көк Орда деп айтады. Сонымен қатар Жүз Орда деп аталғаны жөнінде деректер кездеседі.

Мақаланың негізгі мақсаты – Ақ Орда атауы мәселесіне қатысты әр түрлі деректерді талдау.

Мақала барысында Ақ Орда мемлекеті тарихына қатысты зерттеулерге талдау жасалады. Қазақ хандығы үшін Ақ Орда тарихы маңызды.

Тірек сөздер: *Ақ Орда, Көк Орда, дерек, тарих, мемлекет, билік.*

Название государства Ак-Орды – один из нерешенных в настоящее время проблем. Исследователи придерживаются различных концепций и взглядов. В связи с этим возникли вопросы, касающиеся названия этого государства – Ак-Орда, или Кок-Орда. В то же время, многие ученые твердят, что улус называется – Ак Орда, а некоторые ученые доказывают, что Кок-Орда. Также встречаются данные о названии Жуз-Орды.

Основная цель статьи – анализировать различные данные, касающихся проблемы названия Ак Орды.

В ходе статьи проводится анализ исследований, касающихся истории государства Ак-Орды. Для Казахского ханства важна история Ак-Орды.

Ключевые слова: *Ак-Орда, Кок-Орда, факт, история, государство, власть.*

The name of the state of Ak-Orda is one of the currently unresolved problems. Researchers hold different concepts and views. This raised questions about the name of this state – Ak-Orda, or Kok-Orda. At the same time, many scholars assert that the ulus is called the white Horde, and some scholars have argued that the Kok-Orda. There is also information about the name of the Zhuz Horde.

The main purpose of the article is to analyze various data related to the problem of the name of Ak Orda.

The article analyzes research related to the history of the Ak-Orda state. The history of Ak-Orda is important for the Kazakh khanate.

Keywords: *Ak-Orda, Kok-Orda, fact, history, state, power.*

Ақ Орда хандығы тарих қойнауындағы ұлы да, қастерлі мемлекеттердің бірі. Өзінің аз ғұмыры болса да қазақ тарихында және адамзат тарихының ортағасырлық кезеңіндегі рөлі айрықша болып саналады.

Ақ Орда атауы ғылымда өзекті мәселе. Жалпы адам, мемлекет немесе бір зат болсын, олардың әуелі есімі, атауы болады. Сондықтан қандай ел, халық болмасын олардың тарихи атаулары бар. Әйтсе де бізге осы өзекті мәселелерді зерттемей жауып тастауға болады, дегенмен бұл дұрыс емес. Ертеңгі таңда тарихы жоқ мәңгүрт елге айналамыз. Қандай да ұсақ мәселе болсын, оның барлығы мемлекет, ұлттық тарих, халық үшін маңызды болады. Ғылымда бұл талас өзінің шешуін табуын тілеймін. Өйткені, ол біздің тарихымыз, ал оның бұлыңғыр, қате пікірлерге құрылуы келешек үшін өте қауіпті. Сондықтан бұл мәселе қанша жыл керек болса да, зерттелуі тиіс. Ақиқатқа көз жеткізуіміз басты мақсат етіледі.

Ақ орда мемлекеті туралы «Қазақстан тарихы» атты еңбектің 2-ші томын оқығанда қатты ойланып қалдым, неге десеңіздер, ол жерде бұлай деп жазылады: «Бұл аралықта сол мемлекеттің атауына тоқтала кеткен жөн, өйткені соңғы онжылдықтардағы әдебиетте ол туралы пікірсайыстар жүргізіліп қана қоймай, бұл мемлекеттің тарихи болғанының өзіне де күмән келтіреді» [1, 111-113 бб.]. Мені бұл сөйлемдер қатты тандырды, қанша жыл бойы білетін мемлекеттің тарихына қатысты басқаша көзқарас туғызды. Өйткені осы күнге дейін қанша еңбекті қарастырдым, олардың ішінен Ақ Орда тарихына қатысты көптеген мәліметтерді кездестіруге болады. Сондай-ақ біз қалай ғана бұл мемлекет тарихта болмаған деп айта аламыз. Қанша ғасырлық тарихы бар Ақ Орда мемлекеті бар және оны ешкім жоққа шығара алмайды.

Әсіресе, тарихта бұрмаланған дүниелер көп, шешімі табылмаған сұрақтар қаншама болып табылады. Сондықтан тарихқа қатысты пікір ұсынсаңыздар ең алдымен ақиқаттылығына сүйеніңіздер. Қазір Ақ Орда атауы жоғарыда айтып өткенімдей көп пікірталас туғызады. Ол «Ақ Орда» немесе «Көк Орда» атауына қатысты.

Шынымен бұл мемлекет қалай аталады деген сұрақ туындайды. Бұл сұрақтың жауабы мені қатты қызықтыра түсті, оған қатысты материалды іздеймін деп көптеген еңбектерге жүгіндім. Расымен, шешуі қиын жұмбақ тәрізді екен. Ақ Орда тарихына қатысты негізгі деректер. Му 'ин ад-дин Натанзидің, Қазы Аниид Гаффари Казвинидің, Хайдар Разидің, Әбілғазы Бahадұр хан мен Махмұд, Уәлидің, және тағы басқа авторлар еңбегінен кездестіреміз.

Тақырып бұрыннан бері зерттеліп келеді. Мысалы, В.П. Юдин, В.В. Бартольд, Т.И. Сұлтанов, Қанат Өскенбайдың және тағы басқа тарихшы-ғалымдардың зерттеулерін айтуға болады. Қанша жылдар бойы бұл тақырып зерттеліп келеді, әлі де зерттеледі.

Сонымен, XIV-XV ғасырларда деректемелерде Жайық өзенінен Батыс Сібір ойпатына дейінгі Қазақстан даласының, Сырдарияның төменгі және орта ағысын қоса алғандағы кең байтақ аумағы, яғни Орда-Ежен мен Шайбани ұлыстарының жері Ақ Орда деп түсінілген. Алтын Орда жай ғана «Орда» немесе «Еділ Ордасы» деп аталған орыс

жылнамаларында Жайық өзенінің оңтүстік-шығысындағы далалық аумақ «Көк Орда» немесе «Жайық сырты Ордасы» деген атаумен көрсетілген [2, 141-142 бб.], ал орыс жылнамаларында «Ақ Орда» ұғымы, тіпті, айтылмаған.

Әбілғазы Баһадүр хан «Түрік шежіресі» деген еңбегінде Көк Орда туралы онша нақты жазбай былай дейді: «Айта кетелік, Жошы ханның мекен жайы Дешті Қыпшақта, Көк Орда деп аталатыны елде болған» [3, 272-273 бб.]. Жоғарыда Жошының Ордасы Ертістің сол жағында болғаны айтылады. Автордың айтуынша да, Көк Ордамен осы аумақ сәйкес келеді. Бұдан кейін автор Ақ Орда туралы XIII ғасырда жазады. Соған қарап Ақ Орда мен Көк Орда екеуі жеке мемлекет екенін көруімізге болады.

XV ғасырда Му'ин ад-дин Натанзи өзінің парсы тілінде жазылған «Мунтанаб ат-таварин- и Му'ин» атты еңбегінде (кейде, «Аноним Искандера» деп те аталады) айтылады. Еңбекте Алтын Орда ханы Тохты ханнан кейін(1391-1312) Жошы ұлысы екіге бөлінді делінеді. Сол қанатқа, Ұлытау, Сегізағаш пен Қараталдан Түйсен жерінен Жент мен Баршыкент аймақтары Ноғай ұрпақтарына тиесілі болып, олар Ақ Орда сұлтандары деп аталды. Ал оң қанат, Ібір-Сібір, Русь, Либка, Үкек, Мажар, Бұлғар, Башқұрт, және де Сарай-Берке жерлері Тохты хан ұрпақтарына тиесілі болып, Көк Орда сұлтандары деп аталған еді [4, 242 б.]. Бұл пікірлерді бірқатар авторлар қолданған, олардың ішінде Қазы Ахмед Ғаффари («Нусан-и джаханара», 1564-1565 жылдарда аяқталған), Хайдар Рази («Тарих-и Хайдар», 1618-1619 жылдарда аяқталған), «Тарих-и Шан Уәйіс» және басқа да авторларды айтуға болады. Сонда бұл жерден байқайтынымыз Му'-ин ад-дин Натанзи өз еңбегінде Ақ Орда мен Көк Орда сұлтандары деп жеке бөліп қарастырады. Расымен, бұл мемлекеттер бөлек екеніне тағы бір көзіміз жетеді.

Ал В.П. Юдиннің айтуы бойынша: «Кроме Золотой Орды были Орды Белая, Синяя, Серая, Пегая, Машаева, Муратова, Заяцкая, Перекожская, Крымская, Белогородская, Золиская, Городецкая, Большая, Средняя, Младшая, Орда-Сотня, Ногайская, Казанья, Каракалпакская и другие» [5, 296 б.].

Шыңғыс хан және оның ұрпақтары жайында жазылған «Шыңғыснама» шежіресіндегі аңызда Шыңғыс хан Жошыдан туған немерелери Батый, Ежен, Шайбанды «Ақ Ордаға», «Көк Ордаға», «Боз ордаға» кіргізеді. [6, 92-93 бб.]. Міне, мүмкін осыдан болар Ақ Орда атауын Көк Орда деп атайды. Өйткені Өтеміс қажының жазуы бойынша алтын босағалы Ақ Орда Батыйға, күміс босағалы Көк Орда Орда Еженге, ал болат босағалы Боз Орда Шайбаниге тиесілі болды. Сонда неге атаулары бұлай өзгеріске түсті екен деген сұрақ туындайды.

Өтеміс қажының шығармасын зерттеуші В.П. Юдин анықтамасы, оның ізінше В.В. Бартольд берген баға бойынша осы көрінеу аңыз әңгіме «Ақ Орда» мен «Көк Орда» Жошы ұлысының қай бөлігіне жататыны және олардың қайсысы басты Орда екені туралы анық дерек береді.

Деректемелерде Жошы ұлысының кейіннен орыс деректемелерінде «Алтын Орда» атауын алған бөлігіне «Ақ Орда» атауының қолданылуы іс жүзінде кездеспейді. Жоғарыда айтқанымдай әлі де нақты пікір жоқ. Орыс құжаттарында әуелі суреттеме түрінде «татарлар», сонан соң көбінесе – «мемлекет держава» мағынасында «Орда», сондай-ақ «Ұлы Ұлыс» деп аталған [2, 150-152 бб.]. Ұлы Ұлыс деген бұл атау Қырым жарлықтарында, Тоқтамыстың Ягайлаға хатында айтылады. Ал орыс мәтіндерінде «Белая Орда» деп қате аударылған. Түпнұсқада бұл мемлекет «Ақ Орда» емес, «Ұлы Ұлыс» деп аталады.

Натанзидің өзі бізге белгісіз дереккөздерден алған, кейін ол барлық зерттеушілердің сүйенетін негізгі дерегіне айналады. Сонда ол деректердің тікелей авторы кім, неге ол Алтын Орданы екіге бөліп, бір бөлігі Ақ Орда деп, екіншісін Көк Орда деп атады. Әрине бұл сұрақтың жауабын еш уақытта біле алмаймыз. Дегенмен, бұл автор да деректерге сүйенген шығар. Бұл деректерді көптеген ортағасырлық зерттеушілер мен тарихшылар өз еңбектерінде пайдаланғанын көреміз.

Неге екен Ақ Орда атауы ауызға алғаш рет XIV ғасырдың 40-шы жылдарында

алынғандығы күмән тудырады. Ақ Орда тарихта XIII ғасырда пайда болды, сонда неліктен ол бір жарым жыл ғасырдан соң ауызға алынды деп айтылып жүр. Сонда бұны да тікелей нақты дерек деп айта алмаймыз. Өйткені оған қатысты сұрақтар өте көп. Бұл тек Ақ Орда атауына қатысты жанама деректер деп саналады. Мүмкін, осы деректер үлкен рөл атқаратын шығар, дегенмен басқа мәліметтермен салыстырғанда өзгеше болып келеді.

Махмұд бен Уәлидің «Бахр ал-асрар» еңбегінде Ақ Орданы Жүз Орда деп атайды [7]. Бұл аумақты Алтын Орда ханы Меңгу - Темір Баһадүрге бөліп берілгендігі айтылады. Сонымен қатар Әбілғазының «Түрік шежіресі» еңбегінде Ақ Ордамен бірге Көк Орда атауы да кездеседеі. Жошы ханның ұлы Батыйдың жорықтарын баяндай отырып, хивиндік хан-тарихшы мынадай тұжырымға келеді: Жошы ханның резиденциясы Көк Орда болды, Дешті Қыпшақта орналасқан. Тағы ерекше атап өтуге тиісті жайт «Көк Орда» термині Меңгу-Темір ханның есімімен байланысты.

Түрлі сұрақтар бірінің үстінен бірі туындай түсті. Дегенмен Ақ Орданы Көк Орда деп кейде атауы Өтеміс қажының “Шыңғыснама” еңбегіне байланысты деген пікірге тоқталамыз. Онда Батуға алтын босағалы - Ақ Орда тіктірсе, Орда Еженге - күміс босағалы Көк Орда тіктіреді, ал Шайбаниге - болат босағалы Боз Орда тігеді [6, 125 б.]. Бәлкім, осыған байланысты болар, Ақ Орданы Көк Орда деп атайды. Мүмкін, тарихи алғашқы атауы солайда шығар. Дегенмен, Бату хан Алтын Ордада билік етті. Логикалық тұрғыдан қарасақ, бұл Алтын босағалы дегенге тікелей сәйкес келеді. Орда Еженнің күміс босағалы Ақ Орда, ол Шайбанидің болат босағалы Көк Орда деген атаулары дұрыс сияқты. Өздерінің металдарына да сай келіп тұр. Сондықтан, екеуін бір мемлекет деу қате пікір. Екеуі де өз алдына дербес билік еткен мемлекеттер. Атауларын түстермен байланыстыруда дұрыс шығар. Жоғарыда келтірілген деректер шындық болар.

Ғылымда әлі кунге дейін ғалымдар арасында ортақ пікір жоқ. Мүмкін, болашақта осы жұмбақтың шешуін білетін шығармыз, әлі де Ақ Ордаға қатысты тарихи деректер бар. Қанша уақыт болса да, ол әрі қарай зерттеледі, күндердің бір күнінде ақиқатқа жетерміз деп сенеміз. Әзірге бұл мемлекет тарихта Ақ Орда деп аталады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. Бес томдық. 2-том. – Алматы: Атамұра, 2010. – 111-119 бб.

2. История Казахстана в западных источниках XII-XX вв. – Т. II. (6. Кыпчакское ханство, Джуши и его сыновья, Золотая орда, Белая орда и Улус Шейбани). – Алматы: Санат, 2005. – 141-142 бб.

3. Әбілғазы Бахадүр. Түрік шежіресі / Көне түрік тілінен аударған Б. Әбілқасымов. – Алматы, 1992. – 228 б.

4. Муʻин ад-Дин Натанзи. Мунтахаб ат-таварих-и Муʻини // Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. – Т. II. Извлечения из персидских сочинений, собранные В.Г. Тизенгаузеном и обработанные А.А. Ромаскевичем и С.Л. Волиным. – М. - Л., 1941. – 242 б.

5. Юдин В.П. Орды: Белая, Синяя, Серая, Золотая... // Утемиш-хаджи. Чингиз-наме. – Алматы, 1992. – 296 б.

6. Утемиш-хаджи. Чингиз-наме / Факсимиле, перевод, транскрипция, текстологиеские примечения, исследование В.П.Юдина. Комментарии и указатели М.Х.Абусеитовой. – Алматы, 1992. – 296 б.

7. Махмуд ибн эмир Вали. Бахр ал-асрар фи манакиб ал ахиар // Материалы по истории казахских ханств XV–XVIII вв. (Извлечения из персидских и тюркских сочинений) / Сост. С.К.Ибрагимов и др. – Алма-Ата: Наука, 1969. – 320-368 бб.

УДК 93

ОКАЗАНИЕ КРАСНЫМ КРЕСТОМ И ДРУГИМИ ОБЩЕСТВЕННЫМИ ОРГАНИЗАЦИЯМИ ВРАЧЕБНО-ПРОДОВОЛЬСТВЕННОЙ ПОМОЩИ КРЕСТЬЯНАМ-ПЕРЕСЕЛЕНЦАМ В СТЕПНОМ КРАЕ

Власова А.И. старший преподаватель
Алтайский государственный университет, Россия, Барнаул

В статье на основании широкого круга источников рассматривается помощь, оказываемая Российским обществом Красного Креста и другими общественными организациями крестьянам-переселенцам по пути переселения и на местах их водворения в Акмолинской и Семипалатинской областях Степного края в конце 1890-х – начале 1900 гг. Не смотря на то, что в организации переселения крестьян участвовали различные государственные структуры, такие как МВД, Переселенческое управление, Комитет Сибирской железной дороги, медицинской и продовольственной помощи всегда было недостаточно. Отягощающим фактором положения переселенцев стали неурожайные годы, когда крестьяне не могли найти ни пропитание, ни подработки для того, чтобы обеспечить свое существование. Новые климатические условия, тяжелый переезд создавали для них дополнительные трудности в виде заболеваний, которые нередко превращались в эпидемии. Местных врачей не хватало, поэтому помощь приходилось искать у персонала РОКК. Степной генерал-губернатор не раз выступал с просьбой к Красному кресту откомандировать врачей, сестер милосердия и оказать продовольственную помощь наиболее нуждающимся районам Степного края.

Ключевые слова: *Российское общество Красного креста, Степной край, Акмолинская область, Семипалатинская область, продовольственная помощь, медицинская помощь.*

Мақалада 1890-1900 жж. Дала өлкесінің Ақмола және Семей облыстарына қоныс аударған орыс шаруаларына Ресей Қызыл Крест қоғамының көрсеткен көмектері деректер негізінде қарастырылады. Шаруалардың қоныс аударуын ұйымдастыруға әртүрлі мемелкеттік құрылымдар, яғни ІІМ, Қонысаудару басқармасы, Сібір темір жолы Комитеті қатысқанымен дәрігерлік және азық-түлік бойынша көмектер үнемі жеткіліксіз болғандығы жан-жақты ашып көрсетілді.

Тірек сөздер: *Ресей Қызыл крест қоғамы, Дала өлкесі, Ақмола облысы, Семей облысы, азық-түлік көмегі, дәрігерлік көмек.*

Based on a wide range of sources, the article analyzes Russian Red Cross Society and other social organizationassistance to the peasant-migrates during their relocating and in the place of their establishment in the Akmolinski and Semipalatinski region of Steppe territory at the late 1890s – early 1900s. Despite the fact that different state structures, such as the Ministry of Internal Affairs, the Resettlement Administration, the Committee of the Siberian Railway, participated in organizing the resettlement of peasants, medical and food assistance was always insufficient. An aggravating factor in the situation of the settlers was the lean years, when the peasants could not find either food or part-time jobs in order to ensure their existence. New climatic and difficult travel conditions created additional difficulties for them in the form of diseases, which often turned into epidemics. The number of the local doctors was not enough, so help had to be sought from the Russian Red Cross Society staff. The Steppe Governor-General has repeatedly asked the Red Cross to send doctors, nurses and provide food assistance to the neediest regions of the Steppe Territory.

Key words: *Russian Red Cross Society, Steppe territory, Akmolinskiregion, Semipalatinski region, food assistance, medical assistance*

Деятельность переселенческих пунктов в Российской империи, которые оказывали помощь направляющимся крестьянам за пределы Урала и в Сибирь, активизировалась в 1880-х гг. Начало функционирования таких пунктов связано, прежде всего, с началом переселенческой политики в России. Не смотря на то, что значительные массы крестьян отправились в регионы за пределами Урала и в Сибирь после 1861 г., однако вплоть до начала 1890-х гг. крестьяне не получали достаточной помощи в дороге, кроме денежных выплат. Это было связано с тем, что по пути переселения отсутствовали какие-либо пункты и организации, которые могли предложить врачебную или продовольственную помощь. До начала строительстваСибирской железной дороги крестьянам-переселенцам приходилось ночевать под открытым небом в дождь и зной. В подобных условиях переезжали все: и здоровые мужчины, и дети, и беременные женщины. Из-за плохих условий в дороге переселенцы были изможднены, у них развивались болезни, которые не редко распространялись среди переселенцев, вызывая эпидемии тифа, дифтерита и других инфекционных заболеваний. Переселенцам не редко приходилось голодать и оставаться без чистой питьевой воды. Большое количество переселенцев нуждалось в различных видах помощи, в том числе и неотложной. Обсуждался вопрос, что в обеспечении переселенцев необходима помощь не только государства, но и участие общества желательно [1].

В отечественной историографии фрагментарно рассмотрены проблемы оказания врачебной помощи крестьянам-переселенцам в отдельных регионах Российской империи, в Сибири, и в частности в Степном крае.

Экономист и социолог А.А. Исаев, побывавший в поездке по Сибири в 1891 г., 18 декабря 1894 г. выступил на собрании Общества для вспомоществования нуждающимся переселенцам [2]. В своей речи он отметил, что переселенческое движение с каждым годом набирает свою мощность. Однако А.А. Исаев подчеркнул, что, не смотря на успех переселения, в крестьянской среде возникало немало проблем, с которыми им приходилось сталкиваться в пути. В частности социолог указывал на плохие условия при переселении, отсутствие врачебной и продовольственной помощи крестьянам. Кроме того, его речь содержала отчет о деятельности благотворительного общества, которое содействовало переселенцам (выдавались пособия и безвозвратные ссуды, строились бараки и т.д.)

Одним из выдающихся специалистов в области исследования переселенческой политики и возникших в ее ходе проблем являлся А.А. Кауфман [3]. В своей работе автор уделял значительное внимание проблематике адаптации переселенцев к социально-культурным реалиям мест водворения, изучал развитие хозяйств крестьян, а так же давал различные рекомендации властям с целью улучшения качества жизни переселенцев на новых местах.

В современной историографии одним из выдающихся исследователей в области миграционной политики в Степной край был В.А. Скопа [4]. В своих работах автор рассматривал процесс миграции крестьян в Азиатскую часть Российской империи, анализировал развитие и трансформацию казахского общества в процессе переселения крестьян из Европейской части России, а так же анализировал процесс оказания Переселенческим управлением медико-санитарной помощи переселенцам Семипалатинской области.

О.С. Третьякова в своей работе проанализировала вопросы земской медицины[5]. Она отметила, что до проведения земской реформы окраины Российской империи были лишены структурированной врачебной помощи. Однако после проведения реформы в районах появилось бесплатное медицинское обслуживание, где помощь оказывали квалифицированные врачи, вследствие чего местное население стало пользоваться медицинскими услугами все чаще.

В целом стоить отметить, что в российской историографии вопрос оказания медико-санитарной службы крестьянам-переселенцам по пути следования и на местах водворения в Степном крае рассмотрен очень фрагментарно. Полномасштабные работы отсутствуют. Работы дореволюционных авторов носят источниковый характер и содержат статистическую информацию. Вопросы оказания врачебной и продовольственной помощи общественными организациями, в частности Российским обществом Красного Креста, в российской историографии остаются не рассмотренными. Таким образом, данная статья нацелена на восполнения этого пробела.

При отсутствии масштабной помощи от государства содействие и поддержку крестьянам-переселенцам стали оказывать различные общественные организации. 6 ноября 1890 г. был утвержден устав Общества для помощи нуждающимся переселенцам [6]. Задачей этой организации стало осуществление медицинской помощи, организация приютов и столовых для крестьян. Кроме того, «Оно изложило свою программу деятельности помогать правительству в деле устройства переселения и снабжения переселенцев помощью во время пути, наконец, оно имеет в виду облегчать переселенцам водворения на местах, снабжать их необходимой субсидией, помогать возводить церкви, так как переселенцы из Европейской России чувствуют в этом потребность на новых местах, созидать школы и т.д» [1, с. 241]. Однако, помощи, оказываемой данным Обществом, было не достаточно, сохранялась угроза здоровью переселенцев, что могло привести к распространению эпидемий не только среди крестьян, но и в губерниях и краях Сибири, через которые держали свой путь крестьяне-переселенцы.

После образования Комитета Сибирской железной дороги вопрос с продовольственной и врачебной помощью был частично решен. Благодаря строительству Транссибирской магистрали встал вопрос о развитии инфраструктуры на основных путях переселения крестьян. Стали открываться и развиваться врачебно-продовольственные пункты за Уралом в местах и районах водворения крестьян. Таким образом, во второй половине 1890-х гг. на основных путях движения переселенцев была создана крупная сеть переселенческих врачебно-продовольственных пунктов. По направлению в Акмолинскую область за помощью можно было обратиться в г. Омске, г. Кургане и г. Петропавловске.

Правительство Российской империи не останавливало процесс создания врачебно-продовольственных пунктов даже тогда, когда из-за неурожаев в Сибири в начале 1900-х гг. активность переселенческого движения снижалась.

Однако помощи, оказываемой Комитетом Сибирской железной дороги и Обществом для помощи переселенцам, было недостаточно, поэтому для оказания медицинской и продовольственной помощи было привлечено Российское общество Красного креста. В 1897 г. в некоторых поселениях Акмолинской области были зарегистрированы вспышки эпидемий тифа и цинги, с которыми пришлось бороться врачам и сестрам милосердия от Красного креста. Из-за опасности повторной вспышки инфекционных заболеваний в районах Акмолинской области Комитет железных дорог поднял вопрос о продолжении работы командированных отрядов врачей и медсестер от Красного креста и в дальнейшие годы.

С 1893 г. по 1902 г. в Степной край переселилось около 1,4 млн. человек, в период с 1903 г. по 1907 г. 831 тыс. человек. Большая часть из них нуждалась в квалифицированной врачебной помощи, однако получить ее своевременно представлялось не всегда возможным. Именно поэтому на помощь приходило Общество Красного Креста, осуществляя поставки продуктов и командируя своих врачей и сестер милосердия в районы, где была наиболее сложная эпидемиологическая ситуация. Кроме того, благодаря помощи Комитета Сибирских дорог, Переселенческому управлению и Российскому обществу Красного креста в местах водворения и на пути следования открывались столовые для переселенцев, где они могли получить продовольственную помощь в виду горячей пищи и чистой воды.

В сентябре 1908 г. Степной генерал-губернатор Е.О. Шмит направил телеграмму в главное управление Российского общества Красного креста, где сообщил, что в Акмолинском переселенческом районе наблюдались неблагоприятные условия жизни неприписного населения, особенно в недавно созданных селениях: у большинства таких крестьян отсутствовали запасы хлеба, в силу крайней бедности новоприбывших крестьян средств на его приобретения так же не было, отмечалось плохое общее питание и сырость жилищ, а так же сильная скученность [7]. Губернатор отметил, что в переселенческом районе назревает опасная ситуация возникновения и распространения разного рода заболеваний из-за малой сопротивляемости ослабленного организма крестьян-переселенцев. Таким образом, Шмит видил острую необходимость в оказании временно проживающим различные виды помощи, но главной задачей выделял оказание медицинской помощи переселенцам.

Генерал-губернатор подчеркивал, что штат переселенческих врачей в Акмолинском переселенческом районе ничтожен настолько, что не в силах справится с возложенными на него обязанностями. В свою очередь фельдшерского персонала так же не хватает, фельдшеры едва успевали оказывать помощь на участках и в пунктовых больницах стационарную помощь.

Переселенческое управление было ознакомлено с положением дел в Акмолинском районе, однако не могло расширить ассигнование по врачебно-продовольственному делу, так как бюджет уже был утвержден и не мог быть изменен.

Генерал-губернатор Степного края в своей следующей телеграмме подчеркнул, чтобы исправить ситуацию с оказанием медицинской помощи переселенцам в Акмолинской области необходимо учредить не менее 10-12 фельдшерских поселковых пунктов, иметь на готове эпидемический персонал, состоящий из двух-трех врачей, такого же числа фельдшеров и если окажется возможным, то такого же числа сестер милосердия, командированных от Красного креста.

На питание больных дизентерией переселенцев Семипалатинского района в 1909 г. было отпущено 300 рублей. В 1910 г. в район в виду непрекращающихся эпидемий тифов и цинги переведено 1000 рублей на питание больных переселенцев. Одновременно Семипалатинский губернатор ходатайствовал об ассигновании 3000 р. на питание больных переселенцев Каркаралинского уезда. В Акмолинский район на борьбу с эпидемиями переведено в 1910 г. – 3000 р. В 1909 г. помощь населению Акмолинской области со стороны Красного Креста выразилась в ассигновании в распоряжение Заведующего 10000 руб., и посылке трех врачебно-питательных отрядов [8].

В 1909 г. часть Акмолинской и почти всю Семипалатинскую области постиг неурожая хлебов, вследствие чего преимущественно пострадало молодое неокрепшее население переселенческих районов. Бедственное положение крестьян усиливалось еще и тем обстоятельством, что все пострадавшие местности располагались вдали от Сибирской железной дороги, т.е. в тех местах, где найти заработок представляется невозможным. Свидетельства, полученные из бедственных районов,свидетельствали о крайне тяжелом положении, в котором находились переселенцы [9].

В связи с этой ситуацией в переселенческих селениях Акмолинской области на почве недоедания появились заболеваний, перешедшие в эпидемии. В целях предупреждения дальнейшего развития болезней за совершенным отсутствием на местах запасов овощей и недостаточности средств Степной генерал-губернатор Шмит в январе 1910 г. обратился с просьбой к Российскому обществу Красного креста не отказать в отпуске нуждающемуся населению Акмолинского уезда прессованной капусты, картофеля, свеклы в размере 180 пудов, сушеных фруктов 20 пудов, чесноку 10 пудов, лимонной кислоты 10 кило, сложной хинной настойки 10 кило, настойки кирры 5 кило и ратания 5 кило; населению Атбассарского уезда прессованной капусты 100 пудов, сушеных фруктов 20 пудов; населению Кокчетавского уезда прессованной капусты 100 пудов, свеклы 100 пудов и

чесноку 5 пудов и некоторые препараты, которые необходимы для лечения инфекционных заболеваний, возникших в г. Петропавловске.

4. Касеналин А.Е., Есенов С.Г. Ұлытау өңіріндегі Алтын Орда дәуірі ескерткіштерінде жүргізілген зерттеулер // Сарыарқа және Алтын Орда: уақыт пен кеңістік. – Алматы, 2019. – С. 137-140.

ӘОЖ 323

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫНЫҢ ЖҰМЫСЫН ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

Иманбеков А.М. магистрант
І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

Мақалада Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру процесінде мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін бағалау мәселелері қарастырылады. Қазіргі кезеңдегі мемлекеттік басқару жүйесін жетілдірудің негізгі үрдістері қарастырылады. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін бағалау жүйесін реформалау тәжірибесі талданады.
Тірек сөздер: *бағалау, тиімділік, мемлекеттік органдар*

В статье рассматриваются вопросы оценки эффективности деятельности государственных органов в процессе совершенствования системы государственного управления в Республике Казахстан. Рассматриваются основные тенденции совершенствования системы государственного управления на современном этапе. Анализируется опыт реформирования системы оценки эффективности деятельности государственных органов в Республике Казахстан.
Ключевые слова: *оценка, эффективность, государственные органы*

The article presents an evaluation of the effectiveness of state bodies' activities in the process of improving the system of public administration in the Republic of Kazakhstan. The main trends in improving the system of public administration at the present stage are also under the consideration of this article. The experience of reformation of the evaluation system of the effectiveness of performance of state bodies in the Republic of Kazakhstan is analyzed.
Key words: *evaluation, effectiveness, state bodies*

Қазақстан Республикасында бірнеше жыл қатарымен мемлекеттік басқару құрылымын оңтайландыру мен жетілдіру процестері үздіксіз жүргізіліп келеді. Аталған процестердің негізгі мақсаты Қазақстан дамуының ағымдағы және жоспардағы мәселелерін нәтижелі де тиімді шешетін кәсіби үкімет құру болып табылады. Жоғары нәтижелі қызмет атқаратын қазіргі заманға сай мемлекеттік басқару жүйесі мен мемлекеттік қызмет жұмысын қалыптастыру – бүгінде алдыңғы қатарға шығып отырған негізгі мәселелердің бірі деп саналады. Сонымен қатар, Қазақстандағы экономикалық, әлеуметтік және басқа да реформалардың орындалу барысы, қоғамды демократиялық жолмен дамуы, құқықтық мемлекет ретінде қалыптасуы, жалпы елдің тұрақтылығы мен дамуы мемлекетті басқару тетіктерінің жағдайы мен қызметшілердің кәсібилігіне, олардың еңбек нәтижелігі мен бастамашылдығына, ел таңдаған саяси бағыт бойынша қызмет атқаруына байланысты болады [1].

Дүниежүзілік тәжірибе мемлекетті басқарудың мінсіз құрылымы ешбір елде қалыптаспағанын көрсетеді. Дегенмен, мемлекеттік билік органдарының қызметін жетілдіру әрбір елдің негізгі мақсаттарының бірі болып табылады. Қазақстанда алдағы кезеңде мемлекеттік органдардың тиімділігі мен еңбек нәтижелігін арттыру бағытында нақты жұмыстар атқарылып келеді. Мемлекеттік органдар қызметін нақты бағалайтын жүйе қажеттігі туындап, оның нәтижесінде Қазақстан Республикасы Президентінің бастамасымен 2010 жылғы 19 наурыздағы №954 Жарлығымен «Орталық мемлекеттік органдар мен облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау жүйесі» бекітілді [2].

Қазақстанда жүйені әзірлеуге бірқатар алғышарттар әсер етті:

– мемлекеттік органдардың бюджеттік бағдарламаларды іске асыру тиімділігін бағалау мен олар көрсететін мемлекеттік қызмет сапасы арасында өзара байланыс жоқтығы;

– көрсетілетін мемлекеттік қызмет сапасын бағалау мен бақылау жүйесінің болмауы;

–мемлекеттік қызметшілердің қолданыстағы еңбекке ақы төлеу жүйесінің олар көрсететін қызмет сапасын ынталандыру деңгейінің төмендігі. Осыған орай, бағалау жүйесіне сәйкес, мемлекеттік қызметті реформалаудың негізгі мақсаты болып азаматтық қоғам дамуы мүддесін көздей отырып, мемлекеттілікті нығайту таңдалды.

Мемлекеттік органдардың қызмет тиімділігін бағалайтын аталған жүйе орталық мемлекеттік органдар (министрліктер, комитеттер, агенттіктер және т.б.) мен жергілікті атқарушы органдар қызметінің тиімділігін жетілдіру мен жұмысының нәтижелігін арттыру мақсатында әзірленген құжат болып табылады. Жүйені әзірлеу барысында туындаған мақсаттар:

– мемлекеттік органдар қызметі тиімділігін бағалау кезінде отандық және шетелдік үздік тәжірибелерді қолдана отырып, неғұрлым дәл нысандарды, бағалау тәсілдері мен әдістерін таңдау;

– тиімділікті бағалауға қажетті институционалды және нормативті базаны құру арқылы Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдар жұмысының, қызметінің, еңбегінің тиімділігін бағалаудың жалпы кешенді жүйесін қалыптастыру [3].

Қызметті бағалау жүйесінің басты мақсаты – кез-келген деңгейдегі мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін бағалау мен міндеттер мен қызметтердің жүзеге асырылудағы тиімділік көрсеткіштерін анықтау. Елбасының барлық деңгейдегі мемлекеттік органдардың қызметтері тиімділігіне әр жыл сайын бағалау жүргізу жүйесін бекіту арқылы Қазақстан мемлекеттік басқару саласында сапалы жаңа кезеңге аяқ басты.

Тұтастай алғанда, бүгінгі таңда мемлекеттік басқару құрылымына Бағалау жүйесі ойдағыдай енгізілді деп айтуға болады: мемлекеттік органдар оның қағидаттары мен тетіктерін қабылдады, алғашқы нәтижелері алынды, мемлекеттік аппарат қызметіндегі жүйелік проблемалар анықталды, оларды шешу бойынша жұмыс басталды.



Сурет 1 - Бағалау органдарының жүйесі тиесілі бағалауға уәкілетті мемлекеттік органдар

Ескерту: [3] әдебиет негізінде автормен құрастырылған

Қазіргі уақытта, Бағалау органдарының күрделі жүйесі бар. Әрбір бағыт бойынша екі және одан да көп бағалауға уәкілетті органдар айқындалған. Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі мен Премьер-Министрінің Кеңсесін қоспағанда, бағалауға уәкілетті органдар, сонымен қоса бағаланатын мемлекеттік органдар болып табылады [4].

Бағалау жүйесінің әдіснамалық базасы бағалауға уәкілетті тиісті мемлекеттік органдар бекіткен әрбір көрсетілген бағыттар бойынша бағалау тиімділігінің 6 әдістемесі жоғарыдағыдай (сурет - 1).

Ағымдағы бағалау моделі мемлекеттік органдардан саны көп есептер мен дәлелдейтін ақпаратты жинау қажеттілігіне, қайта тексеру үшін бағаланатын мемлекеттік органдарға баруға байланысты бағалау жүргізудің ұзақ мерзімдерін болжайды. Нәтижесінде өткен жылды бағалаудың жалпы қорытындысын шығару 10 айға дейінгі уақытты алады, бұл оның өзектілігін төмендетеді.

Бұл ретте, есепті ақпарат бағаланатын мемлекеттік органдардан сұратылатындығын, ал бір мемлекеттік органның ақпаратын қайта тексеру үшін 2-3 күн көзделетінін ескере отырып, деректердің дәйектілігін қамтамасыз ету өте күрделі міндет болып табылады.

Қазіргі уақытта мемлекеттік органның сыртқы және ішкі бағалауы қосарлас және өзара байланыссыз іске асырылуда.

Оның үстіне, ішкі бағалау элементтері де өзара байланыссыз және әртүрлі құрылымдық бөлімшелер арқылы жүзеге асырылуы тиіс.

Сатылы институционалдық және әдіснамалық кірігудің болмауы салдарынан қолда бар ресурстар тиімсіз пайдаланылуда, мемлекеттік органдарға артық жүктеме жасалуда.

Бағалау мемлекеттік органдардың ішкі бақылау қызметтері (ІБҚ) жұмысының тиімсіздігін көрсетті. Бақылау міндеттерінен олар қаржы қаражатының пайдаланылуын бақылауды ғана жүзеге асыратындығына қарамастан, олардың қызметі орталық мемлекеттік органдардың 3% және жергілікті мемлекеттік органдардың 1,9% қаржы қаражатын ғана қамтыған [5]. Бұл ретте, ІБҚ іс жүзінде мемлекеттік органдағы Басқару жүйесін бағалау жөніндегі функцияларды орындамай отыр.

Мемлекеттік органды басқару жүйесін және олар айқындайтын саясаттың тиімділігін талдаудың жеткіліксіздігі, халық пен бизнестің кері байланысының нашар болуы.

Қолданыстағы Бағалау жүйесінің моделі негізінен мемлекеттік орган жұмысының белгіленген стандарттарға, қағидаларға, талаптарға сәйкес болмауын анықтауға бағдарлануы тиіс. Стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуді бағалау кезінде тек қана оларға қол жеткізу дәрежесін есептеу нәтижелері ғана келтіріліп, мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізілмеу себептері, оларды белгілеудің дұрыстығы, сондай-ақ оларды іске асыруға бағытталған шаралар талданбайды.

Бағалау жүйесін дамытудың негізгі мақсаты жеке-жеке әрбір мемлекеттік орган, ұлттық холдинг, мемлекет қатысатын компания мен ұйым және тұтастай мемлекеттік басқару жүйесі қызметінің тиімділігін ұдайы арттыруды қамтамасыз ету болып табылады.

Көрсетілген мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешу көзделелуі тиіс:

1) мемлекеттік саясатты әзірлеуге, оны іске асыруға және бақылауға жауапты болып табылмайтын, бағалауға уәкілетті бірыңғай органды айқындау;

2) ішкі бақылау қызметтерін аудит қызметтеріне айналдыру және барлық мемлекеттік органдарда, ұлттық холдингтерде, мемлекет қатысатын компаниялар мен ұйымдарда осындай аудит қызметтерін құру;

3) басқару жүйесінің (барлық ресурстарды пайдалану), мемлекеттік орган қалыптастыратын және іске асыратын саясаттың тиімділігін бағалау бөлігінде талдамалық құрамдасты күшейту жолымен басқарушылық шешімдерді қабылдау үшін уақтылы, сапалы және дәйектілі ақпаратпен қамтамасыз ету.

Мемлекеттік органның өз қызметін ұйымдастыру әдісі идеологиясының өзі өзгеретін болады. Халықтың мұқтаждығына бағдарлану, жұмысының үнемділігі мен

тиімділігі оның басымдығы болмақ.

Бағалау жүйесін мемлекеттік басқарудың барлық деңгейлерінде басқарушылық шешімдер қабылдау үшін объективті де дәйекті ақпарат жеткізушіге айналуы тиіс. Нәтижеге бағдарланған бюджеттендіру әдістерін жетілдіруге жаңа серпін берілетін болуы тиіс.

Қазіргі таңда, Қазақстанда орталықсыздандыру қарқынды жүріп келеді. Барлық бюджеттік және топтастырылған қаржылық есеп, сыртқы қаржы аудитінің нәтижелері, мемлекеттік саясат тиімділігін бағалау қорытындылары, мемлекеттік қызметтің сапасын қоғамдық бағалау нәтижелері, республикалық және жергілікті бюджеттің орындалуы туралы есеп жарияланатып отыруы тиіс. Бағалау межеленген әрбір мақсатқа қол жеткізу үшін пайдаланылған қаржы қаражаты көлемінің, адами ресурстардың, қолданылған технологиялардың және т.б. негізділігін, сондай-ақ оларды пайдалану әдістерінің жеткіліктілігін, өзектілігін және уақтылылығын талдауға мүмкіндік береді.

Қазіргі кезеңдегі мемлекеттік органдарды жетілдірудің стратегиялық міндеттеріне келетін болсақ:

– бүгінгі таңда нарықтық бастама мемлекеттің белсенді де жедел араласуын қажет етеді;

– экономикалық және әлеуметтік салалардағы белсенді саясат мемлекеттің рөлін көтеруді білдіреді. Нәтижесінде – бұл қоғамның қажеттілігіне сәйкес, тиімді заңдар мен нормативті-құқықтық актілерді дайындау және орындау;

– мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін арттыру – Қазақстанның болашағын анықтайтын негізгі фактор. Яғни, бұл – маңызды стратегиялық міндет. Сондықтан, бүгін мемлекеттік қызметшілердің және мемлекеттік органның жалпы жұмысының тиімділігін арттыру керек және тиісінше, мемлекеттік ресурстарды ұтымды қолданған жөн;

– мемлекеттік аппараттың жалпы және оның жекелеген буындарының жұмысының тиімділігін арттыру алдыңғы қатарлы ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды ендіруге жағдай жасауы керек. Мемлекеттік органдар жұмыс нәтижелігін арттырудың халықаралық тәжірибеге жаңадан еніп келе жатқан әдістерінің бірі – АҚШ ғалымдарымен жасалған теңдестірілген көрсеткіш жүйесі. Теңдестірілген көрсеткіштер жүйесін мемлекеттік органдар қызметіне ендіру бір қарағанда жеңіл әрі қарапайым болып көрінгенімен, шын мәнінде үлкен күрделі әрекеттерді талап ететін іс. Әрине, теңдестірілген көрсеткіштер жүйесі мемлекеттік органдардың жұмыс нәтижесін көтеруде, жалпы мемлекеттік басқаруда маңызы жоғары. Теңдестірілген көрсеткіштер жүйесін мемлекеттік органдарда қолдану стратегиялық менеджмент мен ұйым құндылықтарын басқару жаңалықтарына сай келу емес, жоғары нәтижелерге қол жеткізу үшін ойластырылып жасалған таңдау. Теңдестірілген көрсеткіштер жүйесі, бірінші кезекте стратегиялық жоспарлар мен алға қойылған міндеттерді жүзеге асырудың тиімді құралы [6].

Бағалаудың осындай тетігі мемлекеттік органды қажетті ресурстардың көлемін нақты және кәсіби болжауға, оларды ұтымды пайдалануға, мақсатқа қол жеткізу әдістерін салмақтап таңдауға ынталандырады. Іс жүзінде, мемлекеттік орган жұмысы идеологиясының өзі өз қызметін ұйымдастыру тәсілдерін үнемділік пен инновациялылыққа бағдарлау жағына қарай өзгереді.

Сондай-ақ, барлық бағалау бағыттары бойынша Мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін бағалау жөніндегі әдістемелер, стратегиялық, бағдарламалық құжаттарды әзірлеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар және мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін бағалау саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілер жетілдірілуі тиіс.

Жалпы алғанда еліміздегі саяси ахуал мен әлеуметтік-экономикалық өсудің тұрақтылығы, қоғамдық өмір сүрудің демократиялық негіздерін нығайту шаралары, жаһандану жағдайына орай бейімделу мәселелерін ұтымды шешуде және т.б. жағдайлар мемлекетік басқарудың пісіп-жетілген проблемаларын уақытында анықтап, оны одан әрі жетілдіре беруге толыққанды негіз бола алады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Атаманчук Г.В. Государственное управление: организационно- функциональные вопросы. – М., 2000.

2. Байкадамов Б. К., Кусмангалиева Ж. Д., Уакпаев Б. С., Тусупова Л. К. Оценка эффективности деятельности государственных органов. Методическое пособие для неправительственных организаций и независимых экспертов. Астана, 2015. - 75 с.

3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік және жергілікті өзін-өзі басқарудың тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы. – 2018, желтоқсан-1// www. akorda. kz.

4. Эффективное государственное управление: материалы III Акад. симпозиума. – Астана: Акад. гос. Упр. При Президенте РК, 2019. – 101 б.

5. Повышение эффективности деятельности органов государственной власти. – М.: Издательство «Алекс», 2019. –180 с.

6. Мониторинг состояния кадров государственной службы по состоянию на 1 января 2019 года: материалы официального сайта Агентства Республики Казахстан по делам государственной службы и противодействию коррупции [Электронный ресурс]. — Режим доступа: http://kyzmet.gov.kz/ru/pages/monitoring-sostoyaniya-kadrov-gosudarstvennoy-sluzhby-po-sostoyaniyu-na-1-yanvarya-2019-goda (Дата обращения: 21.04.2020).

ӘОЖ 821.512.122'01

АЛТЫН ОРДА ДӘУІР КЕЗЕҢІНДЕГІ ӘДЕБИЕТТІҢ ТУУЫ МЕН ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ АЛҒАШҚЫ ӨЛЕҢ–ЖЫРЛАРДЫҢ КӨРКЕМДІК БОЛМЫСЫ

Имангазинов М.М.ф.ғ.д,, профессор, **Сарсенова Ж.Т.** магистрант
І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

E-mail: *imangazinov_muratbek@mail.ru*

Алтын Орда дәуіріндегі жыршы мен жыраулар поэзиясының тууы мен оның қалыптасу кезеңдері, негізігі өкілдері туралы ғылыми ой-топшылау беріледі.

Тірек сөздер: *Жырау. Жыршы. Сыпыра. Асан қайғы. Қыпшақ. Ноғай*

Научные представления основных представителей жыршы и жырау, о зарождении поэтов Золотой Орды и этапах ее становления.

Ключевые слова: *Жырау. Жыршы. Сыпыра. Асан қайғы. Қыпшақ. Ноғай*

Scientific representations of the main representatives of zhyrshy and zhyrau, about the origin of the poets of the Golden Horde and the stages of its formation.

Key words: *Zhyrau. Singer. Broom. Asan grief. Kipchak. Nogai*

Жыраулық өнер-мәдени-музыкалық құбылыс. Айтулы жыраулар үнемі ел ортасында, халық пен аралас жүреді. Жыраулар типі өте ерте дәуірлерде қалыптаса бастаған. Алғаш бұл қызметі бақсы, балгерлік, шамандар атқарған. Жыраулық өнердің қалыптасуы бірнеше кезеңдерден тұрады. Олар бақсы – шаман – ұзан – жырау – жыршы - термеші тағы басқа. Міне, осы кезеңдерді жеке-жеке игерудің ғылыми таным үшін маңызы зор. Жыраулық поэзияны 3 кезеңге бөліп қарастырдым.

I XIV – XVI ғ.
II XVII ғ.
III XVIII ғ.

Сыпыра жырау Тоқтамыс хан тұсында XIV ғасырда өмір сүрген жырау. Маңғыстау мен Жайық бойын, Сарайшық қаласын мекендеген. Ол – Еділден Донға дейінгі Кубаның кең даласын, Арал теңізі мен Каспий жағасын, Қырым мен Кавказ арасын ен жайлаған қыпшақтар мен ноғай-қазақ ұлыстарының аты аңызға айналған перзенті.

Сыпыра жырауды қазақтың кейінгі ғасырларда өмір сүрген барлық жырауы өзіне ұстаз санайды. Оған мына сөз қозғап, аруақты өнерпаз деп таниды.

Профессор Е.Ысмайылов тек қана қазақ жырлары емес, ноғайлы, қарақалпақ, басқа да Орта Азия халықтарының жырларының авторы да жыраулар мен шайырлар деп дәлелдейді. Сондай-ақ, «Қазақтың да белгілі батырлар жырын ең әуелі Шалгез, Сыпыра, Жиембет сынды жыраулар шығарып таратса керек» - дейді.

Сәбит Мұқанов: «Сыпыра Жырау», Асанқайғы, Бұхар жыраулар XIX ғасырға дейінгі қазақ ақындарының символы, олар хан қасында отырып батырды жырлаумен қатар, сол кездегі мемлекет мәселесін шешуге қатысады» [1, 56 б.], - деп ескертеді.

Е.Байғабылов жарияланған жырау сөзінің бір үзіндісінде ол өзінің алпыстан астам хан көрген қария жырау болғанын хабарлайды:

«Өрлеуге қандай алабың,
Шыңға шықсын талабың.
Алпыс екі хан көрдім,
Несіне оны сұрадың?!
Атқа мінер халі жоқ,
Мінсе түсер әлі жоқ.
Жүз сексен жасаған,
Хәлі осы да Сыпыраның!» [2,98].

С.Сейфуллин жариялаған «Тоқтамыстықтың қоштасу сөзі» - осы Сыпыра жыраудың өз туындысы. Хан атынан айтқан Сыпыраның төл шығармасы. С.Сейфуллин бұл талғауын қысқартып, 46 жолдауын ғана жариялаған. Аталмыш үзінді Тоқтамысқа қараған ноғайлылардың бұрынғы тарихын, шаруға жайлы қонысын, жау айбынар батырларын, сауық-сайранды саотанатын ардақтайды. Хан басына түскен ауыр күн толғанып, Едіге бидің әмірі арнағаны айтылады. Ханның бейқамдығы сыналып, өткен күн өкініштері толғанады.

«Ей, жігіттер шоралар!
Он сан ноғай бүлгенде,
Саназар батыр жауыннан,
Жаралы болып келгенде,
Алаш ата алаш болғанда,
Алаша хан болғанда,
Аязды күнде қалшылдап,
Арасан оты жанғанда,
Бура мұздан тайғанда,
Шықырлаған буыршын,
Бас көтеріп тұрғанда,
Ханнан қайрат кеткенде,
Биге медет жеткенде,
Хан қашып, би қуғанда,
Хан Тоқтамыс қорланып,
«Байтағым» деп зарланып,
Айтып жылай жөнелді...» [3,98].

Бұл жолдарды оқыған адамға Тоқтамыстың өзі айтқан сөз емес, ол туралы басқаның айтқан сөзі көрініп тұрады. Бұдан кейінгі жолдарда да Тоқтамыстың өзін қолдаған Қобыландыдай батырынан айырылғаны, Ноғайлыдай ауыл-жұрттын тастап, бас сауғалаған ауыр жағдайы жырланады.

«Сап – сап жүре, сап жүре,
Сай азамат қосылып,
Жауды жайқай ала алман,
Қара қыпшақ Қобландым,
Сен секілді ерден соң... [4,8]

Сыпыра жырау – хан мен батырлар арасында бітім айтқан дана, ақылгөй, сәуегей адам.

«Ер Тарғын», «Едіге», «Қырымның қырық батыры» жырларында да жырау есімі аталатыны белгілі. Бір ескерерлік жай, Сыпыра жырау түсінігінде Едіге ұнамды адам емес. Ол Едігеге наразы адам. Сондықтан Тоқтамысқа берген ақылында: «Едігені басқа хандыққа өткізбей, қалай да болса Тоқтамыс хан оны өз қармағында ұстауың керек. Егер ол мүлдем көнбесе, амал – айламен қолға түсіріп, шақырып алып басын ал», - дейді. Бұған қарағанда ол Тоқтамыс пен Едіге араларында болған жан-жалдарға бейтарап емес. Жыраудың түсінігі айқын. Жараспас жанжалдың аяғы апатқа соқпай тынбайтынын сезеді. Едіге Темірге қосылса, Тоқтамыс ордасының шаңырағы ортаға түсерін ескертер ақыл айтып, оны сақтыққа шақырады. Бұл тұста жыраудың ұстаған бағыты – Тоқтамыс билеген елдің мүддесі. Не болғанда да ол – Тоқтамыс жағының жоғын жоқтаушы.

Ноғай – қазақ дәуіріне жататын көркем туындының бірі – «Тоқтамыс жыры». Бұл жырды атап отырғанымыз – шығарма қаһармандары тарихта болған адамдар. Негізгі бейне Тоқтамыс 1376-1395 жылдар арасында хандық құрып, Темірланның Едіге бастаған қолының тегеурініне төтеп бере алмай күйреген. Сарай әмірінің бірі Тоқтамысты ауыр ноғай жұртымен, сараймен қоштасуы, қайғылы ханы көрсетілген. Жырдағы ханның тоғыз батыры да тарихта болған адамдар. Әрқайсысы қазақтың белді руларының басшы батырлары. Міне, аталмыш жырда да Сыпыра жырау қатысады. Тоқтамыс көпті көрген дана жырауды алдырып, оның ақылын тыңдайды. Осы жырды алғаш бастырған П.М.Мелиоранский өзінің алғы сөзінде Сыпыра жыраудың қыпшақ даласынан көп хандарды көрген көне ақын иесі, Тоқтамыс Ордасында ол 1393 жылы ең соңғы толғауын айтқан еді деп сендіреді. Бұл мәліметті негізге алсақ Сыпыра – 1213-1393 жылдар арасында өмір сүрген ноғайлы – қазақтардың атақты жырауы.

Қазақ ауыз әдебиетіндегі халықтың салт-дәстүрлеріне орай тұрмыс-салт жырлары айтылатыны белгілі. Сол тұрмыс-салт жырларындағы кейбіреулерінде ғана болмаса, көбіне тотемдік, мифтік ойлау, бақсылық ұғымдары мен діни әдет-ғұрыптар тұрғысында айтылатын өлең-жырлар мол. Бұлар халық арасында анонимдік түрде туып, ел ауызында сақталып келген.

«Бұл жырлар олардың мазмұны мен тақырыбына орай бірнеше түрге бөлуге болады,-дейді Ә. Қоңыратбаев. Олар: а) бақташылық жырлары (төрт түлік мал туралы); ә) діни әдет-ғұрыптар тудырған жырлар (жарапазан, бәдік); б) үйлену жырлары (той бастар, жар-жар, сыңсу, жұбату, беташар); в) ұлыс жырлары; г) бөбек жырлары; д) жаназалау жырлары (естірту, қоштасу, жоқтау) т.б» [7,44].

Классификацияда көрсетілгендей қазақтың тұрмыс-салт жырларындағы халықтардың негізгі кәсібіне орай айтылатын өлең-жырлар байқағанымыздай грек еліндегі өлең-жырлармен өте ұқсас. Ертедегі халықтардың өздерінің кәсіптеріне орай өлең – жыр айтулары тегін болмаса керек-ті. Гректердің негізгі кәсіптері – егін шаруашылығы, жүзім егу, бағалы тастарды өңдеу, металлургия т.б. болса, осы шаруашылыққа орай шығарылған өлең-жырлар халық арасында ара-тұра кездеседі. Өлең-жырларды айтудағы мақсат-істеп жатқан жұмыстарының ауырлығын жеңілдету, қажымау, мезі етер шаруларының оңтайлы әдістерін табу үшін көңілдену үшін айтқан. Мәселен, грек әйелінің бидайды үнтақтау үшін күн ұзақ еңкейіп, үлкен тастарды ырғап отырып айтатын әні былайша келеді:

"…Тарт, диірмен, тарт,
Митилленнің ұлы патшасы Питтак та,
Өз тұсында диірменде ұн тартқан…"

Өлеңдегі Питтак б.д. VI ғасырында Лесбос аралында халықтың қолдауымен революциялық қозғалыс жасап, өкіметті өз қолына алған» [8,44]**.** Осы тұрғыда жазылған әндерге Аристофанның «Бейбітшілік» комедиясында орыс халқының «Ал,соқ!» өлеңіне ұқсас айтылатын әні немесе Плутархтың еңбегіндегі «Жеті данышпанның тойы» бөлімінде Лесбостағы диірменшінің әні, «Құмырашының арандатуы» және т.б. әндер еңбекке, кәсіпке арналған халықтық мұра[9,30].

Ежелгі гректердің аңыздары мен хиқаяларлын ел кезбе әншілер – **аэдтер** шығарып, таратып отырған. Гомер оларды **демиургтар (кәсіпшілер**) деп атаған. Өйткені, олардың қызметтеріне адамдар емші-дәрігер немесе әр шаруаның жайын жақсы білетін шебер есебінде қарап, қажетсінген. Аэдтар бір тайпаның қызметінде тұрып, еңбегі үшін арнайы еңбекақы алып, бай-дәулетті адамдардың үйінде немесе арнайы мерекелерде халық алдына шығып, ән-жыр да айтқан. Әдеби дәстүрде оларды су қараңғы соқыр адамдар есебінде, өздеріне аяқ-қолы сау ел-жұрт сияқты жер жыртып, еңбек ете алмайтын мүгедектер санатында бейнелейді. Кейде аэдтар қатарында ел аралап жүрген, басқа полистер мен алыс елден келген жатжерліктер де кездеседі. Олар өз елінің ән-жырын айтып қана қоймай, жекелей салт-дәстүрлерді де таратып, өзге өнерлерді де көрсеткен. Осы арқылы гректің өлең-жырларының, өнерінің, әдебиеттегі көркемдіктің поэтикалық сыр-сипатының түрленуіне жол салып берді. Грекия жоғарыда айтқанымыздай, көп полисті мемлекет (яғни, жекелей заңы мен салт-дәстүрі бар қала-мемлекет). «Халықтың ең көп негізгі орналасқан жері Балқан түбегі болса да, Эгей теңізінің аралдарында да көп халық орын тепкен және сонда тұратын ел көршілес жатқан Кіші Азияның батыс жағалауы, оңтүстік Италиядағы Сицилия аралдары мен Францияның оңтүстік жағалауы, Испанияның кей жерлері, Африканың солтүстігі мен Қара теңіздің жағасындағы елдермен бірге тұрып, қоян-қолтық араласқан. Мұндай мемлекет шамамен екі мыңдай саналады[9, 16-17].

Қазақтың ежелгі тарихына көңіл қойсақ, Қара теңіз жағалауларында өмір кешкен сақ тайпалары мен ежелгі түркі халықтары болса, сол тұстағы аэдтардың, жыршы-жырауларының араласулары арқылы кей әдеби туындының бір-бірлеріне ауыс-түйіс болып ауысуы да ғажап емес. Қазақ жырларындағы немесе ауызекі сөзде «Барар жерің Балқан тау, ол да біздің барған тау» деген сөздің шығуы тегін болмаса керек. Бұл пікірді қуаттау үшін Тұрсын Жұртбаевтың «Дулыға» атты еңбегіндегі Б.Н.Граковтың «Скифтер» деген еңбегіндегі үзіндіге сүйенеміз:

«Біздің жоғарыда көз жеткізгеніміздей, скифтер мұнда өте ертеде, жыл санауымыздан ілгері II мыңыншы жылдары қоныстана бастаған. Олар бұл араға б.д.д. IX-ғасырда тұрақтаған. Алайда б.д.д. I-ғасырдағы жасалған көптеген заттай айғақтарға қарап отырып, бұдан екі түрлі мәдениетттің үлгісін аңғару қиын. Демек, өзінің мәдени айғақ заттары тұрғысынан алғанда, сол арадағы тайпалардан скифтік қоныстанушылардың онша айырмашылығы болмаған. Ал VII-ғасырдан бастап дала мәдениеті мүлдем басқаша көрінеді. Содан бастап мұқым сайын даланы ішінара жергілікті ғана мәні бар айырмашылықтары байқалатын біртектес және өзінің уақытымен табылған жеріне байланысты тек қана "скиф мәдениеті" деп аталуға тиіс мәдени ескерткіштер алып жатыр. Бұл мұрағаттың түбегейлі орнығып қалуына Қара теңіз жағалауына көшпелі скифтердің 616-жылдан кейін бүтіндей тұрақты қоныстануы тікелей әсер етті. Кемерліктер мен VII-ғасырдың аяғында Аракс – Волга (Еділ – Т.Ж.) өзенінің арғы бетінен ауып келіп, қоныстанған көшпелі және отырықшы скифтердің біртектес мәдениетке ие болуының нәтижесінде, қазба мұрағаттары тұрғысынан алғанда, ешқандай елеулі өзгеріссіз-ақ, бір-бірімен сіңісіп кеткен. Тек VII-ғасырдың аяқ шенінен бері қарай Қара теңіз бен Кавказ бойындағы жазықтарда салтатты жауынгерлердің қабірлері жаппай кезігеді. Жыл қайыруымыздан бұрынғы VII-ғасырдың соңынан бері қарай Қара теңіздің жағалауына мықтап тұрып қоныс тепкен көшпелі скифтер бірте-бірте аса қуатты мемлекет құрып, жағалаудағы грек қалаларынан сауда бұйымдарын елдің түкпіріне қарай жөнелтіп отыратын дәнекерге айналды. Олардың мәдени, тұрмыстық ықпалы батыста Фракияға,

Дунайдың төменгі ағысына, солтүстігінде Молдавия мен Батыс Украинаға - агафрис пен невр тайпаларының бір бөлігі тұратын аймақтарға дейін жетті. III-ғасырдағы сарматтардың баса-көктеп кіруімен скиф мәдениеті де өмір сүруін тоқтатты"[10, 26-27].

Асан Бахти "Шумерлер, скифтер, қазақтар" деген еңбегінде скифтердің Қара теңіз жағалауында тұрған дәуірінде ежелгі гректермен сауда-саттық, мәдени байланыстары жөнінде дерек келтіреді. Онда былый делінген: "Қара теңіз жағалауының далалы аумақтарында сарматтар билеп тұрған, кейінгі кезеңдерде ұқсас аумақты аудандарда қыш жасау кәсібі пайда болды. Оның пайда болуы шамамен б.з II ғасырына байланысты.

Солтүстік Қара теңіз жағалауындағы скифтердің қалалары б.з. Y ғасырында бар болатын деп айтуға болады. Олар тарихи дамудың қызу кезінде кәсіптік және сауда - саттық ретінде пайда болды.

Кайенск қаласы тек металлург қаласы ғана болып қойған жоқ, сауда орталығы да болатын. Археологтар көптеген көне амфораларды, қарамен және қызылмен боялған грек ыдыстарының сынықтарын тапты. Импортты грек ыдыстары б.з.б. IY – II ғасырға қатысты және саудаға байланысты екенін жақсы әрі толық мінездейді."Скифтердің мәдениеті мен сауда байланыстарына келетін болсақ, Солтүстік Қара теңіз жағалауында тұратындары Қара теңіз жағалауындағылармен және Жерорта елдерімен айтарлықтай ерте, мүмкін б.з.б. II ғасырда-ақ белгілі болатын. Б.з.б. YII ғасырда көне антикалық және кішіазиялық өркениетімен скифтер байланыста болған. Урарту мен Ассириядан әкелінген шығыстың заттары Алдыңғы Кавказға және Солтүстік Қара теңіз жағалауына апарылып, скифтер өнеріне әсер етті. Ертедегі скиф қорғанының заттары Алдыңғы Шығыстардың талғамы бойынша жасалған. Әсіресе, скифтердің тарихында гректермен сауда байланысы қызу болған. Скифтердің өздері сауда мақсаттарымен гректерге өздері барған. Геродоттың мәлімдемесі бойынша, гректер скифтердің жерінің түбіне сол мақсатпен сапар шегетін болған. Геродот өзінің "Тарихында", скифтер алыстағы солтүстік-шығысқа шеккен сапарларында, өздерінің іс барыстарында жеті аудармашылар мен жеті тілді қолданады. Барлық грек орталығындағы байланыстар Қара теңіздің грек колониясы арқылы жүзеге асырылды. Бұрынғы кезеңге тән әкелінген заттар, ионикалық қыш ыдыстар оңтүстік Буга сағасына жақын орналасқан сауда бөлімі арқылы Березень аралы арқылы өткен болса керек. Бұл гректердің ертедегі көркем суреттеліп жасалған ыдыстардың үлгісі Шығыс Еуропада кең таралған: орта Днепрдің оңтүстік жағалауы (Болтышка қорғаны) мен сол жақ жағалауында (Бельск қалашығы) Дон мен басқа жерлерде кейіннен әкелінген грек заттарының ассортименттері кеңейеді. Археологтар сурет салынған әртүрлі ыдыстардың құрамын, асханалық және косметикалық заттар тапқан. Солардың ішінде скифтер қолданатын шарап таситын амфоралар көп кездеседі"[11,186-187].

Аэдтардың кәсіби ісінің кейбір құпиялары ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отырған. Аяқ-қолдары сау, ел қатарлы еңбек етіп жүрген адамдар да, осы кәсіппен айналысып, өз напақаларын табатын. Айталық, аэд секілді өмір кешкен, гректердің ішінде аса танымал болған, аузын ашса көмекейі бүлкілдей жөнеліп, өлең-жыр айтатын адамның бірі – құл Эсоп та сол адамдардың қатарына жатады. Көбіне мысал айтып, оны өлеңге айналдырған Эсоп өзінің осы қасиеті арқасында қожайнынан азаттық алған. Рим әдебиетінің мысал жанрының негізін қалаған Федр де осы қатардан орын алады. Спартандық Тиртей, иондықтар Архилох пен Мимнерм, мегарлық Феогнид, эфестік Гиппонакт, лесбостықтар Алкей мен Сапфо және т.б. осы әдеби дәстүрді жалғастырып, өзіндік поэзиялық жол тапқан ақындар.

Өлең өлшемдері, дауыс ырғағы, эпикалық тілдің белгілі бір формасын таңдап алған аэд өзінің өнерін кейінгі ұрпағына аманаттаған. Осы дәстүр атадан балаға ауысып, үнемі даму үстінде, тіпті кемелдену, жаңашыл процестерді басынан өткерген.

Гректер аэдтарды ерекше қадірлеген. Солар арқылы Аполлоның музалары сөйледі-міс, әнші - аэдтар тек сол муза тәңірлері ойнайтын құрал деп қабылдаған. Осы себептен, «Илиада» мен «Одиссея» поэмасының алғашқы жолдарында музалардан Ахиллдың қаһарын немесе көп азап шегіп, ұзақ сапарда жүрген Одиссейдің оқиғасын жырлап бер деп

жалбарынып, өтініш айтады. Содан кейін ғана жырдың басқа сюжеттері айтыла бастайды.

Қазақтың жыршы-жырауларының бойындағы асыл қасиеттері мен туындылары гректің атақты аэд - жыршылары секілді ел алдында үлкен құрметке бөленгенін аңғару қиын емес. Қадым замандардан бастап, қазақ қазақ аталмай тұрып-ақ халық жыраулар мен жыршыларды аса қадар тұтқан. Академик Әлкей Марғұлан: «Жырау ру басы ақсақал, халықтың көкейтесті арманының мұңшысы, жыршысы ретінде өте қажетті тұстарда ғана болмаса, суырып салып жыр тудыра бермеген. Ел құрметіне бөленген жырауларға жұрт болашағына қауіп төніп, қалың бұқара жол таба алмай тығырыққа тығылған екіталай ауыр сағаттарда ғана ақыл салып, кеңес сұрайтын болған. Сонда ғана жыраулар халыққа күш-жігер беріп, осы оқиғаның немен тынарын болжап, тебірене жыр толғайтын болған. Болашақты барлап болжам айту – көреген де білгір жыраулардың поэтикалық өнерінің басыт тәсілі болып саналған, - дейді, өзінің «Қазақ халқының көне поэтикалық мұрсын жасаушылар туралы» деген мақаласында[12,186].

«Жырау – ақпа-төкпе импровизатор, өлең сөзді қару еткен өнер адамы, халықтың қамын ойлайтын парасатты мол елағасы, қысылғанда жол табар ақылшысы, уақыт, оқиға сырын, замана бағыт-бағдарын ақыл таразысына салып сынай, салмақтай білетін, болжағаны болып, айтқаны келетін тапқыр да көреген дана абызы, қисық кеткенді қылышпен емес, сөзбен сілейтіп бұйрық берер әміршісі, бетің бар, жүзің бар демей тура айтар өткір де әділ биі, жөні келгенде жыр мен қаруды бірдей жұмсап, жауға аттанар жауынгер жырауы болған. Жырау ел тағдырын шешер ірі оқиғалар, аса мәнді көкейкесті мәселелер тұсында толғанған. Халық өзгелерден гөрі қайғырғанда деп, қуанғанда қанат бітіріп, ақыл қосатын асыл сөз иесі жырауларды қатты қадірлеген. XY – XYIII ғасырларда өмір сүрген жыраулар мен ақындардың көпшілігі сарай маңында көрінеді. Мұндай сипатты Шығыс, Орта Азия елдері ақындары өмірінен де байқаймыз. «Ресейде XYII ғасырда патша сарайында ертекші, әңгімешілер (сказочниктер) ұстаған»-дейді, академик Д.С. Лихачев[13,16].

«Сөзі өтімді, халыққа беделді мұндай адамдарды ел билеушілердің тірек етпеуі өз маңында ұстамауы мүмкін емес еді»[14,12].

Аэдтерді бойындағы табиғат берген қасиеттерімен қоса, жыршы-жырауға тән шығармашылық талантына орай, әр туындысына мол әдеби эпитеттер мен бейнелеулерді пайдалана отыра, жыр формаларына өз ойларынан түрлі оқиғаларды іріктейді. Осыдан кейін көкірегіне түйген сюжеттерді өз тарапынан өзгеріске ұшыратып, әр әдеби мұраны өзіндік тұрғыдан жаңаша айтады. Аэд дайын жырды айтқаннан гөрі, импровизатор ретінде, яғни қазақ айтысындағы табан асты сөз таба қойып, шебер жеткізуші ролін де ойнайды. Алдын-ала жазылған текстіні жеткізу барысында да, оны мейілінше түрлендіріп, көркемдетіп, жаңалап, өң беріп айтуға да еркі бар.

Гомерлік поэмалардың айтылу мәнері басқаша болуы мүмкін, бірақ зерттеушілердің пікірінше, эпостың жекелеген өлеңдері, халық аузында жүріп, аэдтарды шамамен б.д.д. VII ғ. ауыстырған рапсодтар оның біркелкі жинақталған формасымен айтып жүрген. Рапсодтар көбіне, ақын емес жеткізуші, айтушы ретінде көрінеді. Мәселен, грек тілінде аэд «жырау» деп аударылса, рапсод «өлеңді тігуші, құрастырушы» мағынасын береді.

Ал қазақтың жыраулық поэзиясына келсек, гректің «аэд» пен «рапсодтары» секілді «жырау» мен «жыршы» деп екіге бөлінеді және олардың өзіндік ерекшеліктері мен айырмашылықтары тек заманының, қоғамның, ел өмірінің әрқилылығы ғана.

«Ерте дәуірдегі қазақ әдебиеті» атты Қазақстан Ғылым академиясынан шыққан ұжымдық зерттеу еңбектегі «Жыраулық поэзияның даму ерекшеліктері» деген мақалада: «Қазақтағы жыр мен өлеңнің түр, мазмұн құрылысындағы айырмашылық белгілерін алғаш танып, әңгімелеген кісінің бірі – Құрбанғали Халитұлы. Ол ақын мен жыршының өлеңшілердей емес, өз жанынан шығарып айтатын дарын қасиеті бар деп санап: «Ақындардың бір бөлімін «жыршы» дейді. Бұлар да ақынға тең түседі. Шығармаларында айырмашылық бар. Ақын шығармасын «өлең» дейді, оларының бір жолы төрт немесе одан

да көп сөзден тұрады. Ал, жыр болса одан гөрі қисынға құрылған (қиыннан қиысқан) үш сөзден тұрады. Мысалы, Бұхар жыршының жыры, шығыры (поэзиясы), тез жазылып алынатын Асан атаның мақал сөздері және Абылай хан қайтыс болғандағы Бұхардың көңіл айтуы да жырға жатады. Осы күнге Құдабай ақынның айтып жүргені «өлең» делінеді. Екінші айырмасы: ақындардың өлеңі жай мағыналы болып, ал, жыршылардың сөзі мадақ, насихат мағыналы болып келеді және мысал сипаттас әсерлі болады. Сонымен бірге өлеңнің алғашқы екі жолы түпкі мағынасына сай келе бермей, қисын үшін де алынады. Ал, жырдың барлық жолы арналған тақырыптан ауытқымайды»,- деп жазады[15,36].

«Рас, «жыр», «жыршы» деген ұғымдар әдебиетімізде ерте кезеңдерде-ақ туып қалыптасқан. Бұған өз жанынан шығарып айтуға мүмкіндігі бар әр алуан суырып салма ақындар жатқызылып келген. «Жырау» сөзі де осы ұғыммен терең астасып жатыр. Алайда XIX-ғасыр мен XX-ғасыр басында шығыс сюжетіне байланысты туған қисса, хикая, дастандарды ел ішінде айтып таратушы жаңа бір топ орындаушы – жыршылар пайда болды. Бұлардың көпшілігі суырып салма ақындар емес, тек бұрынғы ақындар жырлаған өз репертуарындағы әр алуан жырларды (хикая, дастандарды) ел ішінде орындап, айтып таратуды дәстүр етті, сондықтан осы топтағы кейінгі орындаушы жыршыларды төкпе ақын-жыршылармен, дарынды ақын-жыраулармен бір қатарға қойып атаудың реті келе бермейді. Әрине, бұл топтың ішінде де некен-саяқ ақындық өнері бар, көне сюжетті өзінше үйлестіріп қайта жырлайтын табиғи дарындылары да болды, алайда біз бұлардың өзінде жіктеп ажырата білуге тиістіміз» делінген «Ерте дәуірдегі қазақ әдебиеті (XY – XYIII ғғ.) деген зерттеу еңбекте[16,90].

Ал Шоқан Уәлиханов «Қазақ халық поэзиясының түрлері жөнінде» деген еңбегінде рапсод жөнінде мынадай пікірде: «Жыр дегеніміз рапсодия. Ал жырламақ деген етістік тақпақтап айту дегенді білдіреді. Барлық далалық жырлар қобыздың сүйемелдеуінде тақпақтап айтылады. Негізінен, жырлардың мазмұны бұрында өткен белгілі халық батырларының өмірі мен қаһармандық іс-әрекеттері болып келеді. Бұл тұста бір назар аударатын жай, шығармадағы батырдың өмірі мен ерліктеріне байланысты оқиға қара сөзбен әңгімеленіп келеді де, ал өлең-жыр жолдары шығарма кейіпкерлері немесе негізгі қаһарман сөйлегенде ғана басталады» – дейді[17,26].

Гректің аэд, рапсод қатарындағы, жалпы ежелгі грек поэзиясының дамуындағы із салған жырау, жыршылар өкілдері көптеп саналады. Гомерден басқа да ақындар «Илиада» мен «Одиссей» жырларының кейбір үзінділерін орындап, сол жырлардың авторы есебінде көрінгенін айту қажет. Олардың шығарған туындыларын ежелгі грек поэзиясында эпикалық «кикл» түріндегі шығармалар қатарына жатқызады. Кикликалық поэмалар деп аталуы, бір поэманың айналасындағы бірнеше сюжеттің әртүрлі айтылып, жекелей шығарма болып бөлініп, таралуында. Яғни, әр аэд пен рапсод поэмалардың әр сюжетін жекелей айтып, соның авторы болып көрінеді. Мысалы, «Ахиллдың қаһары», «Илиаданың қирауы», «Одиссейдің оралуы» және тағы басқа да эпизодтары осы «кикл» түрінде болып, әр айтушының аузында жүрген. Кейін осы мол материалдар жинақтала келе, жеке бір аэд – жырау Гомердің поэмасы болып таралған.

Европаның әлемдік әдебиеттану ғылымында бұл шығарма төңірегінде дау-дамай туып, «Гомерлік мәселенің» туындағаны жөнінде жоғарыда атап өттік. «Грекияның киклдік поэзиясының негізгі өкілдерінің бірі Кипр аралынан шыққан Стасин деген автор «Киприя» деген поэмада «Илиада» поэмасының ішіндегі Троя соғысының басталуы мен оның негізгі себептерін, он жылға тарта ахейліктердің троялықтар арасында болған шайқастың негізгі барысын баяндайтын жайды жырлайды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Мағауин М. Қазақ хандық дәуір әдебиеті. Оқулық.-А.1986.

2. Ежелгі дәуір әдебиеті. Бірінші кітап. Хрестоматия. /Құрас. А.Қыраубаева/ .-А.1991.

3. Келімбетов Н., Канафин Ә.Түркі халықтары әдебиеті. Оқулық хрестоматия.-А., 1996.
4. Айдаров Ғ. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі.-А., 1986.
5. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш //Шығармалары.- А., 1989.
6. Бердібаев Р. Кәусар бұлақ.. Зерттеу.-А., 1989.
7. Геродот. История в девяти книгах.-Л., 1972.
8. Гумилев Л.Н. Древние тюрки. –М.,1993.
9. Гумилев Л.Н. Древняя Русь и Великая степь. М., 1989.
10. Дербісалиев Ә. Қазақ даласының жұлдыздары. –А., 1965.
11. Диваев Ә.Тарту. Зерттеу.-А.,1992.
12. Ескі түркі жазба ескерткіштері туралы зерттеулер.-А.,1983.
13. Жұбанов.А. Ғасырлар пернесі.-А., 1976.
14. Жолдасбеков М. Асыл арналар.-А.,1986.
15. Иолығ Тегин. Күлтегін. /аударған М.Жолдасбеков/ -А.,1986.

УДК 87.324

ФОРМИРОВАНИЕ ФУКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ ЧТЕНИЯ В УСЛОВИЯХ ОБНОВЛЕННОЙ ПРОГРАММЫ ОБУЧЕНИЯ

Калдыкозова С.Е.[1] к.п.н., **Искакова С.А.[2]** учитель, **Дарменова А.[2]** учитель
Южно-Казахстанский государственный педагогический университет[1], г.Шымкент.
Средняя школа № 17 им М.Ю.Лермонтова[2], г Шымкент

e-mail: *sandugash.73@mail.ru*

В данной статье рассматриваются вопросы формирования читательской грамотности на уроках русского языка. В статье описаны методи и приемы, формирующие читательскую грамотность, а также приведены задания, направленные на формирование грамотности чтения.
Ключевые слова: *читательская грамотность, обновленная программа обучения, активные методы.*

Бұл мақалада жаңартылған оқыту бағдарламасы бойынша оқушылардың оқу сауаттылығын дамытудың мәселелері қарастырылған. Сонымен қатар оқушылардың оқу сауаттылығын дамытудың әдістері көрсетілген және жаттығулар берілген.
Тірек сөздер: *оқу сауаттылығы, жаңартылған оқыту бағдарламасы, оқытудың белсенді әдістері.*

This article discusses the formation of reading literacy in the context of the updated training program. The article describes the methods and techniques that form the reading literacy of students.
Keywords: *formation of reading literacy, updated training program, active teaching methods.*

Всемирный экономический форум обозначил 16 видов знаний и умений успешного в 21 веке человека. Это навыки работы в команде, лидерские качества, инициативность, IT-компетентность, финансовая и гражданская грамотность и другие. Развитие этих качеств становится задачей современного учителя. Вхождение Республики Казахстан в мировое

образовательное пространство, обусловившее переход на 12–летнее образование, требует от педагогической общественности нового взгляда на профессиональные задачи и способы их решения. Реформа образования с переходом на 12-летнее образование направлена на формирование функциональной грамотности у учащихся. Термин «функциональная грамотность» был введен в 1957 г. ЮНЕСКО наряду с понятиями «грамотность» и «минимальная грамотность». В терминологическом словаре современного педагога функциональная грамотность трактуется, как умение человека грамотно, квалифицированно функционировать во всех сферах человеческой деятельности. «Функциональная грамотность — способность человека использовать приобретаемые в течение жизни знания для решения широкого диапазона жизненных задач в различных сферах человеческой деятельности, общения и социальных отношений» - пишет ученый-педагог А.А. Леонтьев. Многие педагоги определяют функциональную грамотность как определенный уровень знаний, умений и навыков, обеспечивающих нормальное функционирование личности в системе социальных отношений, который считается минимально необходимым для осуществления жизнедеятельности личности в конкретной культурной среде. [1, 15].

Исследования, проводимые в рамках международных образовательных программ PIRLS и PISA, позволяют определить уровни функциональной грамотности учащихся. Программа PIRLS оценивает читательскую грамотность младшеклассников, их умения понимать и использовать письменную речь. Программа PISA проверяет насколько хорошо уже взрослые ребята умеют применять знания – в том числе размышлять над текстами и использовать их для достижения целей. Результаты исследований в рамках международных программ PIRLS и PISA показывают, что педагоги дают сильные предметные знания, но не учат применять их в реальных жизненных ситуациях. Учащиеся не обладают достаточной способностью понимания и осмысления текстов различного содержания. Уроки русского языка и литературы, являясь одними из ведущих предметов гуманитарного цикла, призваны развивать читательскую грамотность, способность учащегося свободно использовать навыки чтения и письма в целях получения информации из текста (понимания, сжатия, преобразования и т.д.) и в целях передачи такой информации в реальном общении. [2,3]. Функциональная читательская грамотность предполагает владение следующими навыками: поиск информации; понимание прочитанного; работу с полученной информацией (интерпретация, оценка); применение информации для решения своей задачи. Эти умения формируются у нас самого детства, их уровень зависит от дошкольного развития, школьной программы, учителей, родителей и самого человека.

Функциональное чтение ─ это способность человека понимать и использовать письменные тексты, размышлять о них, чтобы достигать своих целей, расширять свои знания и возможности, участвовать в социальной жизни. Большинство ученых-педагогов считают, что читательская грамотность - способность к чтению и пониманию учебных текстов, умение извлекать информацию из текста, интерпретировать и использовать ее при решении учебных, учебно-практических задач и в повседневной жизни. В исследованиях PIRLS читательская грамотность - это «способность понимать и использовать письменную речь во всем разнообразии ее форм для целей, определяемых обществом и/ или ценных для индивида…». В исследованиях PISA - «способность человека понимать и использовать письменные тексты, размышлять о них и заниматься чтением для того, чтобы достигать своих целей, расширять свои знания и возможности, участвовать в социальной жизни».

В исследовании PISA грамотность чтения подразделяется на следующие уровни: поиск в тексте нужной информации по простому критерию (самый низкий уровень); поиск в тексте нужной информации по множественным критериям; поиск в тексте нужной информации, распознавание связи между отрывками информации, работа с известной, но противоречивой информацией; поиск и установление последовательности или комбинации

отрывков, содержащих глубоко скрытую информацию, умение сделать вывод о том, какая информация в тексте необходима для выполнения задания; понимание сложных текстов и их интерпретация, формулирование выводов и гипотез относительно содержания текста. [4, 8]. Чтобы обучить детей осмысленному подходу к текстам, лучше лишний раз продумать стратегии, то есть приемы для полного освоения материала. К таким приемам относятся**:** **п**остановка вопросов к тексту, составление сводной таблицы, представление текста в форме тезисов, представление текста в виде графической схемы, составление плана, комментированное чтение, логическое запоминание. Для осмысления содержания текста на уроках используются следующие приемы: «Чтение с остановками», «Чтение с пометками», «Кластер», «Ромашка Блума», «Толстые и тонкие вопросы», таблицы «Двойной дневник», «Сюжетная таблица», «Таблица-синтез», «Читательский дневник». Для обобщения и систематизация информации в тексте применяются приемы «Кластер», «Денотантный граф», «Интеллект-карта». [5, 14]

Рассмотрим несколько заданий, направленных на формирование грамотности чтения учащихся.

Текст 1

Задание 1. Восстановите текст, расположив его части в правильном порядке.

У многих животных переваривание происходит в пищеварительной системе. У млекопитающих процесс пищеварения начинается в ротовой полости, где пища измельчается зубами и разжижается под влиянием слюны. Пища по пищеводу поступает в желудок, где на неё действует желудочный сок. Из желудка полупереваренная пища попадает в кишечник, где окончательно переваривается под действием кишечных соков. Там же происходит всасывание: питательные вещества поступают в кровь, а с ней разносятся ко всем клеткам организма. Остатки непереваренной пищи продвигаются по кишечнику и удаляются наружу.

Без пищи животные не могут жить. Пища содержит необходимые для их жизни органические вещества. В отличие от растений, которые создают органические вещества из неорганических в процессе фотосинтеза, животные получают их в готовом виде. Дождевой червь питается отмершими корешками растений, опавшими листьями. Заяц поедает траву, кору молодых деревьев и кустарников. Волк нападает на других зверей и питается их мясом.

Животные, которые питаются растениями или их частями, называют растительноядными. Плотоядные животные – хищники (волк, жук-плавунец, божья коровка, кальмар) поедают других животных. Существуют и всеядные животные. Муха, например, питается как растительной, так и животной пищей. Кабан кормится и сочными корнями растений, желудями, и мелкими животными. Некоторые животные поселяются на поверхности или внутри тела других животных и питаются их органическими веществами.

2. Ниже даны варианты названий данного текста. Какой из данных названий наиболее полно раскрывает основную мысль текста?

А. Как питаются животные.

Б. Питание животных.

В. Растительноядные и плотоядные животные.

3. Прочитайте утверждения. Правдивы ли они?

А. Животные, которые питаются растениями или их частями, называют плотоядными.

Б. У млекопитающих процесс пищеварения начинается в желудке.

В. Всеядные животные поселяются на поверхности или внутри тела других животных и питаются их органическими веществами.

Текст 2

Задание 1. Прочитайте сплошной и несплошной текст.

Витамины являются важными веществами для нашего организма, без которых он

не может прожить. Vita с латинского значит "жизнь". Витамины участвуют в кровообращении, дают возможность для нормальной жизнедеятельности сердечно-сосудистой, иммунной и пищеварительной системы. Повышают устойчивость организма к негативному влиянию внешней среды. Витамины участвуют в обмене веществ, но не являются источником энергии, а просто помогают в строительстве организма. На данный момент насчитывается 13 групп витаминов. Обозначаются они латинскими буквами A,B,C,D и другими. Для нормального роста и развития организма, помогает поддержать зрение в норме, защищает наши глаза **витамин А**. Для нормального функционирования нервной системы, нормализации обмена веществ, энергетического обмена нужны в**итамины группы В** - B1,B2,B3. Участвует в обмене веществ, помогает организму расти, способствует устойчивости нашего организма, повышает иммунитет в**итамин С**. Витамин С называется аскорбиновой кислотой. **D** - помогает в формировании костей, **E** - помогает организму оставаться молодым и здоровым, **F** - необходим для сердечно-сосудистой системы.



2. Ответьте на вопросы.

1. Зачем витамины нужны человеку?
2. Где содержатся витамины (в каких овощах и фруктах)?
3. Сколько всего существует групп витаминов?
4. В каких овощах и фруктах содержится витамин С?
5. Перечислите овощи и фрукты, содержащие витамин Е?
6. Какой витамин содержится в рыбе?
7. Какой витамин необходим для улучшения зрения?
8. Какие витамины нужны для обмена веществ?

3. Прочитайте утверждения. Правдивы ли они?

А. Витамин А снижает риск тромбозов
Б. Витамин **D** нужен для укрепления костей.
В. Витамин С нужен для улучшения зрения
D. Витамин Е нужен для укрепления иммунитета

4. Заполните таблицу. Укажите в таблице, какой витамин нужно принимать, для чего он предназначен и в каких продуктах содержится.

Витамин	Витамин предназначен	В каких продуктах содержится

Текст 3

Задание 1. Прочитайте текст.

Конвенция ООН о правах ребёнка — международный правовой документ, определяющий права детей в государствах-участниках. Конвенция о правах ребёнка является первым и основным международно-правовым документом обязательного характера, посвящённым широкому спектру прав ребёнка. Документ состоит из 54 статей, детализирующих индивидуальные права каждого человеческого существа до достижения им 18 лет (если согласно применимым законам совершеннолетие не наступает ранее) на полное развитие своих возможностей в условиях, свободных от голода и нужды, жестокости, эксплуатации и других форм злоупотреблений.

Статья 1. Определение ребенка

До тех пор пока тебе не исполнится 18 лет, ты считаешься ребенком и имеешь все права, которые изложены в этой Конвенции.

Статья 2. Запрещение дискриминации

Ты не должен подвергаться дискриминации по какой-либо причине, включая по причине расы, цвета кожи, пола, языка, религии, убеждений, происхождения, социального или имущественного положения, состояния здоровья и рождения, твоих родителей или законных опекунов или каких-либо иных обстоятельств.

Статья 5. Воспитание в семье и развитие способностей ребенка

Твоя семья несет основную ответственность за твое воспитание так, чтобы по мере того, как ты рос, ты учился правильно пользоваться своими правами. Государство должны уважать это право.

Статья 6. Право на жизнь и развитие

Ты имеешь право жить и развиваться. Государство обязано обеспечить твое выживание и здоровое развитие.

Статья 15. Свобода ассоциаций и мирных собраний

Ты имеешь право встречаться и объединяться в группы с другими детьми, если только это не вредит другим людям.

Статья 16. Личная жизнь, честь и репутация

Ты имеешь право на личную жизнь. Никто не имеет права вредить твоей репутации, а также входить в твой дом и читать твои письма или электронную почту без разрешения. Ты и твоя семья имеют право на защиту от незаконного посягательства на вашу честь и репутацию.

Статья 24. Здоровье и здравоохранение

Ты имеешь право на охрану своего здоровья (например, лекарства, доступ к больницам и квалифицированным медицинским работникам). Ты имеешь право на питьевую воду, питательную еду, чистую экологию и профилактику болезней, чтобы ты оставался здоровым. Богатые страны должны помочь более бедным странам добиться таких стандартов.

Статья 28. Право на образование

Ты имеешь право на образование. В школах должны соблюдаться права ребенка и проявляться уважение к его человеческому достоинству. Начальное образование должно быть обязательным и бесплатным. Богатые страны должны помочь более бедным странам добиться таких стандартов.

2. Ответьте на вопросы.


1. Какие из Статей Конвенции вы бы отметили и почему?

2. Какие из Статей Конвенции вам кажутся лишними и почему?
3. Определите, к какой Статье относится данное выражение «Государство обязано обеспечить твое выживание и здоровое развитие».
4. Объясните, как вы понимаете следующее выражение «Ты не должен подвергаться дискриминации по какой-либо причине».

4. Заполните таблицу.

Цитата	Мои комментарии
До тех пор пока тебе не исполнится 18 лет, ты считаешься ребенком и имеешь все права, которые изложены в этой Конвенции.	
Никто не имеет права вредить твоей репутации, а также входить в твой дом и читать твои письма или электронную почту без разрешения	
Богатые страны должны помочь более бедным странам добиться таких стандартов	

4. Изучите следующий несплошной текст и составьте собственный сплошной текст.



5. Заполните таблицу. Придумайте поправки к Правам детей. Какие Права детей вы бы добавили?

Новые Права детей	Мои комментарии

С целью формирования читательской грамотности на уроках русского языка и литературы необходимо разрабатывать задания в соответствии с заданиями международной программы PISA, формирующие функциональную грамотность чтения. Читательская грамотность действительно расширяет кругозор учащихся, формирует мировоззрение, интерес к осознанному обучению, создает мотивацию для выполнения более сложных заданий. Учащиеся, у которого сформированы навыки функциональной грамотности, умеют пользоваться различными видами чтения (изучающим, просмотровым, ознакомительным). Такие учащиеся способны переходить от одной системы приемов чтения и понимания текста к другой, адекватной данной цели чтения и понимания и данному виду текстов.

ЛИТЕРАТУРА:

1. Гросс И.С. Функциональное чтение и работа с текстом как одно из направлений работы с учащимися // Школьная педагогика, 2018, № 3, С .- 15-17.

2. Концепция внедрения системы критериального оценивания учебных достижений учащихся Автономной организации образования «Назарбаев Интеллектуальные школы» Астана.

3. Национальный план действий по развитию функциональной грамотности школьников на 2012-2016 гг.

4. Основные результаты международного исследования образовательных достижений 15-летних обучающихся Piza. Астана, 2013.

5. Перминова Л.М. Минимальное поле функциональной грамотности (из опыта С.-Петербургской школы) /Педагогика. – 1999. - №2. - С. 26-29.

6. Международная программа PISA. Примеры заданий по чтению, математике, естествознанию. Составители: Ковалева Г.С., к.п.н., Красновский К.А., к.п.н. и др. ИОСО, РАО, 2003.

ӘОЖ 94 (574)

МЫРЗА ХАЙДАР ДУЛАТИ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІ

Калелова Ж.У. магистр, оқытушы
І.Жансүгіров атындағы ЖУ, Талдықорған қ.

e-mail: *Kalelova1991@mail.ru*

Бұл мақалада Қазақстан тарихын жоғарғы оқу орындарында және орта мектептерде оқытуда маңызы зор. Яғни, келешек ұрпақты отансүйгіштікке, ұлтжандылыққа тәрбиелеуде орны айрықша

Тірек сөздер: *жазушы, ғалым, тарихшы, сұлтан, ағаман*

Эта статья важна при преподавании истории Казахстана в вузах и школах. То есть ему отводится особое место в воспитании патриотизма следующего поколения.

Ключевые слова: *писатель, ученый, историк, султан*

This article is important when teaching the history of Kazakhstan in universities and schools. That is, it has a special place in the education of patriotism for the next generation.

Key words: *writer, scientist, historian, sultan*

1999 жыл ЮНЕСКО-ның шешімімен Мырза Мұхаммед Хайдар Дулати жылы болып аталып, 500 жылдық мерейтойы бүкіл дүние жүзі көлемінде аталып өтілгені белгілі. Бұл шешімді – шығыс халықтарының, оның ішінде түркі тілдес халықтардың әлемдік өркениетке үлес қосарлық ұлы мәдениеті, әдебиеті, тарихы, тілі, діні бар деген шындықтың көрінісі және қазақ халқының Мырза Хайдар Дулатидай ұлы бабасына көрсетілген құрметі, сондай-ақ әлемдік өркениеттің төрінен орын беруі десек артық айтқандық емес.

Тарихшы, қолбасшы, мемлекет басқарушы Мырза Хайдар тек қазақ халқына ғана емес, бүкіл Шығыс мәдениеті мен ғылымына өлшеусіз үлес қосқан білімді жан. Оның қаламынан туған «Тарих-и Рашиди» еңбегінде XY-XYI ғасырлардағы Қазақстан, Өзбекстан, Шығыс Түркістан (қазіргі Синь-Цзян, ҚХР), тіпті Ауғанстан, Тибет және Үндістанның кейбір бөліктерін мекендеген халықтардың тарихы жан-жақты баяндалған. Әсіресе, Моғолстан мемлекетінің тарихымен тығыз байланыста болған төрт туыстас түркі

халықтары – қазақтар, қырғыздар, ұйғыр және өзбектердің қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени өмірі туралы баға жетпес құнды мәліметтер бар. Сондықтан да тек қазақ халқы ғана емес, аталған осы ұлттардың қай-қайсысы да Мырза Мұхаммед Хайдар Дулатиді өз ұлтының һәм өз отанының перзенті, төл тарихшысы деп санауына толық құқығы бар.

Өз ғұмырында сан қилы тарихи оқиғалардың күәгері болған Мырза Хайдар – терең таным, биік парасат иесі бола жүріп, өмір, адам мен заман, мемлекет тарихы туралы өшпестей ескерткіш жасады, ұрпақтарына «өлмейтұғын сөз қалдырды». Ұлы тарихшының қалдырған мұрасының біз үшін ең бір негізгісі, төл мемлекетіміздің, яғни Қазақ хандығының құрылу мәселесі болып табылады. Егер Мырза Хайдар жазып қалдырмағанда, кім біледі, біз төл мемлекетіміздің қайнар бастауы қашан қаланғандығын білер ме едік?!

XVI ғасырда өмір сүрген халқымыздың ұлы перзенті, көрнекті мемлекет қайраткері, тарихшы, ойшыл, ақын Мырза Мұхаммед Хайдар Дулатидің (1499–1551) ата-бабалары Моғолстанда өмір сүріп, қызмет етіп, мемлекетте үлкен рөл атқарды. Мырза Мұхаммед Хайдар 1499 жылы Ұратөбеде дүниеге келді. Мырза Хайдар әкесі және нағашы жағынан болсын, ірі шонжарлардан шыққан еді. Әкесі Мұхаммед Хұсейін гураган Дулати (1468–1508) үлкен лауазымды қызметтер атқарды.

А. Дұғлат па, Дулат па, Дулати ме?

Әуелі біз Мырза Хайдардың «Дулат» және «Дулати» деп аталу себептері мен айырмашылықтарына тоқталайық. И. Жеменей: «Бірнеше жылдардан бері түрлі танымдық-ғылыми еңбектерде Мырза Хайдардың лақап есімі «Дулати» деп аталып жүр. Әйтсе де, ғылым әрбір атауды немесе тарихи датаны көрсетіп жазғанда, нақты деректер негізінде болғанын жөн санайды. Себебі, Мырза Хайдар «Тарих-и Рашидиде» бірде-бір рет «Дулат» лақап есімін қолданбаған. Бірақ дулат әмірлері хақында жазғанда олар өзінің тікелей аталары екенін нақты көрсетіп жазғандығынан Мырза Хайдар дулат тайпасынан шыққан тұлға екенін білеміз» [1, 350 б.], – дейді де әрі қарай: «Мырза Хайдарды ең алғаш «Дулат» деп атаған «Мың жылдық тарих» еңбегінің авторлары Ахмет Таттави мен Асеф хан Қазвини болған. Ол дүние XVI ғ. екінші жартысында Үндістанда Акбар патшаның бұйрығымен жазылған. Ал ол жердің [Үндістанның] дәстүрі бойынша адамдарды анығырақ таныстыру үшін шыққан тайпасының атауымен атайтын. Осы авторлардан кейін бүкіл әлемдік тарихнамада Мырза Хайдардың атына «Дулат» қосылды [1, 351б.], – деп уәж ұсынады.

Мырза Хайдар туралы қазақтың ғұлама ғалымы Ш.Уәлиханов: ««Тарих-и Рашиди» түпнұсқасының авторы Хайдар Куркан атымен танымал Мұхаммед Хұсейіннің ұлы Мұхаммед Хайдар. Ол Қашғар ханы Әбдірашидтің уәзірі. Ол хандармен туыстас боп келетін әмір Болатшыдан келе жатқан Дулаттан шыққан. Хандар бұл рудан әйел алатын» [2, 465б.], – деп жазған. «Тарих-и Рашидиден» орыс тіліне үзінділерді аударған В.В. Вельяминов Зернов ол туралы: «Мұхамед Хайдар Шыңғыс хан кезінде аты шыққан, беделі жоғары, ал шағатайлықтар кезінде одан да жоғары көтерілген дулат руына жататын. Бұл ру мүшелері көп уақыт Қашғар, Жаркент, Ақсу және сол төңіректегі басқа да жерлерге әкім болған. Олардың [шағатай] хандарымен тығыз қарым-қатнастары мен некелік байланыстары нығайды, бұған дәлел ретінде көптеген дулаттардың гураган титулын иемденгені» [2, 129-131 бб.], – дейді.

««Дулати» атауы Қазақ-совет энциклопедиясында бірінші рет жазылған. Содан бері ара-тұра қолданылып келе жатыр. Бірақ Қазақ ұлттық энциклопедиясы оны – Мұхаммед Хайдар Дулат қалпына келтірді. Тарихшы ғалымдар Б. Көмеков пен Б. Кәрібаев көпшілікке арналған «Мұхаммед Хайдар Дулат» атты еңбегінде «Дулат» лақап есімін қолданды. [3, 95 б.],

Дулат دولت араб графикасымен жазылғанда харакаттар қойылмағандықтан даулат болып та оқылуы мүмкін. Сол себепті парсы тілділер оны даулат деп емес, өз тілдерінің емлесіне сай دوغلات дуғлат деп жазған. Осы күндері біз де солай жазар болсақ, онда қазақтың ежелгі дулат тайпасының аты бұрмаланар еді. Жұртымыз араб графикасынан латынға,

сонан соң кирил абжадына ауысқан соң, дулатты парсылар сияқты дұғлат деп емес, дулат деп ана тілі емлесіне сай жазу мүмкіндігіне ие болды. Ал Дулати деп жазу оның дулат руына қатысты екендігін айқындай түседі. Мұндай жайт тарихта бар. Мысалы, Мұхаммед әл-Кердери, Абд әл-Ғафур әл-Кердери, Байлақ әл-Қыпшақи, Хасан Әли Жалайыри, Жармұхаммед Наймани, Молла Есжан Қоңыратли, Қадырғали Жалайыри, Молда Мұхаммед Адайи. Сол себепті де Мырза Хайдарды Дұғлат, Дулат деп емес, Дулати деп жазғанымыз жөн деп ойлаймыз.

Сонымен Ташкентте емес, Ұратөбеде дүниеге келген дарабоз тұлғаның толық аты-жөні – Мырза Мұхаммед Хайдар бин Мұхаммед Хұсейін бин Мұхаммед Хайдар. Күні бүгінге дейін барлық кітаптарда айтылып келетініндей ол Ташкент қаласында емес, 1499 жылы Ұратөбеде дүниеге келген. Мұхаммед Хайдардың Кашмир астанасы Сринагарға «Мазарин салатиндегі» - «Сұлтандар зиратындағы» қабырына 3 рет барып, зират эпиграфиясын оқып, дәптерге түсіріп, ана тілімізге аударған шейх Әбсаттар қажы Дербісәлі ол туралы зиратта: «... Мырза Хайдар Ұратөбе қаласында даңқты хижраның 905 (1499) жылы туылды» [4,176 5 б.], – деген жазу барын айтады.

Ол жайлы Мырза Хайдардың өзі «Тарих-и Рашидиде»: «Сұлтан Махмұд хан әкеме...әр түрлі ерекше ілтипат білдіріп, мейірімділікке бөледі... Хан өзінен бір жас үлкен әпкесі Хұб Нигар ханымды менің әкеме ұзатты. Олардың некесі шамамен 809 (1493-1494) жылы Шаш шаһарында қиылды. Некелері қиылған соң ол бүгінде Ұратөбе деген атпен белгілі бұрынғы Усрушана аймағын оған беруге жарлық етті, сол аймақтың айналасының бәрі де сенің билігіңде деп, аттануға рұқсат етті. Бұл аймақты әкем тоғыз жыл бойы биледі... Әкемнің билік жүргізе бастағанына алты жыл өткенде дүниеге мына мен пақыр келіппін» [4, 177 б.], – деп жазады.

Сөйтіп, болашақ ғалым ерте жетім қалды, көп қиындықтарды бастан кешірді. Бұл жылдар тек Мырза Хайдар үшін емес, оның отбасы, туған туысқандарына да аса қиынға соғады.

Осылайша Мырза Хайдар Бабыр патшаға келеді. Бабыр оны өте жылы қабылдаған. Жас Мырза Хайдар біраз уақыт Бабырдың сарайында тұрады.

Осы ретте Дулатитанушы ғалым Ә. Дербісәлінің: «Жетім қалған Мырза Хайдар бірнеше жыл бөлесі Бабырдың қолында тұрды. Бұрын болашақ ғалымды біз екі ағайынды деп білетінбіз. «Тарих-и Рашидиді» оқи келе оның Абдолла мен Мұхаммед шаһ атты інілері және қарындастары болғанын байқаймыз» [4, 178 б.], – деп жазады.

Мырза Хайдар Кабулда жүрген 1510 жылдың желтоқсанында Бабырға Бадахшандағы Мырза ханнан ирандық Шаһ Исмаилдың (1501–1524) Мервте Шайбани ханмен соғысып, оны жеңгені туралы хабар келеді. Осыған орай Бабыр Құндызға аттанады. Жолға шығарда ол Мырзаға: «Жол ауыр, күн суық. Сен қысты Кабулда өткіз, көктем шығып жер аяғы кеңіп, суық қайта бастаған кезде мен жаққа келерсің» – дейді. Бірақ жүрегі алғысқа толы, ризашылығы бой алған Мырза: «Бұл жат өлкеде патшаның игі ниетінің арқасында жетімдік мұңын бастан өткердім. Ал егер патшадан қалып қойсам, жат жерде қаңғудың қасіретін қалай көтермекпін?» [4, 179 б.], – дейді. Мұны естіген Бабыр жас бөлесін өзіммен бірге ала кетуден басқа амалы қалмайды.

1512 жылдың қыркүйегінде Мырза Хайдар Бабыр патшаның рұқсатымен Әндіжанға – нағашысы әрі болашақ жездесі Саид ханның қарамағына келеді. Содан ол өмірінің жартысын соның жанында өткізген. Саид хан (1486–1533) Мырза өмірінде маңызды рөл атқарған.

Мырза Хайдар жеке қабілетінің арқасында, сарайдың жоғары лауазымды және жоғары әскери қызметтерін атқарды. Саид ханнан көп нәрсе үйренді. Мырза ханға келген күннен бастап, қонақ дәрежесіне қарамай қызмет жасай бастайды. Ханның айтқандарын екі етпей орындайтын. Тапсырылмаған істерді де айтқызбай-ақ орындауға тырысатын. Істеген істерін ұқыпты, дер кезінде жасайтын. Бұл Мырзаның ханға деген ризашылығын көрсетеді. Саид хан оны тек жұмсап қана қоймай, Мырза Хайдарға көп нәрсені үйретететін. Соның

ішінде аң аулау, әскер, ел басқару істерін айтуға болады.

Саид хан тұсындағы өмірін Мырза Хайдар: «Осы уақыттан бастап 939 жылдың (1533) зу-л-хидджа айына дейін, яғни марқұм ханның өмірінің соңғы күндеріне дейін әрқашан оның мемлекетінің қажетіне керек адам болдым, әрі оның кеңпейіл хандық шапағатына бөленіп, кешірімділігі мен жомарттығына арқа сүйедім... Егер түн ішінде кеш қалсам, өзінің жататын бөлмесінің бір шетіне маған төсек салғызып, дем алдыратын. Егер той-жиын болса, онда менің басым оның бақыт самалымен тоғысатын. Егер Саид хан атқа мініп, серуенге шығатын болса, мен оның үзеңгілес серігі болдым. Аңға шықса, онда міндетті түрде уақыт тауып, мені аң аулауға үйретететін. Егер аңға бастап шықса, онда бұл іске қызу кірісіп, бұл кәсіпке мені қызықтырып, жанынан қалдырмайтын. Ал оның ұсынысын құптамаған жағдайда, ол бұл іске мәжбүрлемей-ақ міндеттей білетін. Ол маған әр түрлі істер тапсырып, олардың пайдасы жөнінде айтып отыратын» [4, 3 б.], – дейді.

Мырзаға айтылған ханның өсиеттері мен нақыл сөздерінен, сол жерлерде ел билеген патшалар мен хандар, сұлтандар мен әкімдердің ақылды, парасатты, еліне жанашырлығы мол адамдар болғанын көруге болады. Кеңес үкіметі кезінде оларды зұлым, қатыгез, халықты тек тонау мен езу мақсатында билеген деп білетінбіз. Мырза Хайдардың «Тарих-и Рашидиі» ата-бабаларымыздың ондай болмағанын тағы бір дәлелдеп отыр.

М.Х. Дулати жақсы білім алған, өз дәуірінің саяси оқиғаларынан жан-жақты хабардар болды. Ол түркі тілінде «Жахан-наме» деген көлемді дастан жазғанымен, мұсылман тарихнамасына тарихи еңбек «Тарих-и Рашидидің» авторы ретінде енді. Шығарма 1541 – 1546 жылдары Кашмирде ортаазиялық парсы тілінде жазылған.

Мырза Хайдар өз еңбегін моғолдар, атап айтқанда, өз бабалары – дулат әмірлері арасында белгілі ауызша аңыздарға, ұлысбегі қызметін атқарған дулат тайпаларының көсемдерінің қолы жететін ресми мемлекеттік құжаттарға негізделген. Сонымен қатар замандастары мен оқиғаларға қатысушылардың айғақтары маңызды орын алады. Ғалым осы тарихи шығармасын жазуда өзінің ізашарлары: «Жамал ад-Дин Қарши, Жувейни, Рашид-ад-Дин, Хамдаллах Казвини, Абд ар-Раззақ Самарқанди, Шараф ад-Дин Әли Йаздидің және басқа көптеген адамдардың тарихи еңбектерін көптеп пайдаланған» [5, 15 б.].

Кашмир аймағын жаулап алып, көңілі жайланғаннан кейін Мырза Хайдар көптен ойында жүрген «Тарих-и Рашиди» атты еңбегін жазуға кіріседі. Өйткені, 1541 жылдан 1544 жылға дейін ел ішінде алабөтен оқиғалар бола қоймаған-ды. «Тарих-и Рашиди» еңбегін, ол екі дәфтәрге, яғни екі бөлімге бөліп қарастырады. Әуелі екінші бөлімнен бастап жазып, онда негізінен өзі куә болған оқиғаларды қамтиды. Нақты айтқанда бұл бөлімнің хронологиялық шеңбері XY ғасырдың аяғынан 1541-42 жылдарға дейін жеткізген мемуарлар болып табылады. Мырза Хайдар бұл бөлімде өз өмірбаянымен қоса сол дәуірдің көптеген тарихи тұлғалары туралы, әсіресе, Сұлтан Саид ханның іс-әрекетін жан-жақты баяндайды.

Ұлы бабамыз еңбегінің «екінші дәфтәрін» немесе бірінші болып жазған «екінші бөлімін» 1541 жылы бастап, 1543 жылдың сәуір-мамыр айларында аяқтаған.

Ал, «Тарих-и Рашиди» еңбегінің бірінші дәфтәрін (бірінші бөлімін) одан кейін барып жазады. Себебі, алғашқы жазылған екінші дәфтәрдегі айтылған көптеген оқиғалардың түсініксіз болып қалмауы үшін, бірінші дәфтәрді жазып шығуға тура келеді. Екінші дәфтәрде Моғолстан мемлекетінің саяси, этникалық, әлеуметтік, мәдени аспектілері толығымен баяндалып, аталған мемлекетте билік құрған моғолдың Шағатай ұрпақтарынан шыққан хандарының тарихынан тұрады. Яғни дулат әмірі Болатшының 1348 жылы Тоғылық Темірді хан тағына көтерген уақыттан бастап, Әбд ар-Рашид ханның Қашғарияда билік ете бастағанына дейінгі болған оқиғаларды баяндайды. Осы бөлімнің қашан тәмәмдалғаны жайында Мырза Хайдардың өзі дәл мәлімет береді: «Осы «Тарих-и Рашиди» еңбегінің аяқталуы 952 жылдың (хижра жыл санауы) зу-л-хиджа айының соңғы күні», Немесе григорян күнтізбесі бойынша 1546 жылдың 3-ші наурызына тура келеді.

Мырза Хайдар «Тарих-и Рашиди» шығармасын жазу себебін былайша түсіндіреді: «Менің көздеген мақсатым - өзімнің білімділігімді көрсету емес, қайта естеліктерді жаза отырып, моғол хандарының есімдері уақыт беттерінен жоғалып кетпеуін көздедім» [6, 664 б.]. Ал, тарихи туындысының неге «Рашидтер тарихы» («Тарих-и Рашиди») деп аталуының мынадай үш себебін айтады: «біріншісі – Тоғылық Темір ханды ислам дініне кіргізгені үшін, шейх Аршад ад-Диннің құрметіне; екіншісі – Тоғылық Темірдің өзіне, яғни өз халқын дұрыс жол – исламның хақ жолына дұрыс бастаған (рушд) құрметі үшін; және үшіншісі – моғол ханы Әбд ар-Рашид ханның құрметіне орай» [3, 21 б.]. Бұл жерде мынадай мәселеге көңіл аудару керек. Өзінің шәкірті Әбд ар-Рашидтің тарапынан жасалған қаншама әділетсіздік болса да, Мырза Хайдардың оған деген өшпенділіктің отын жүрегінде ұстамағандығы һәм кек сақтамағандығын байқаймыз. Қайта ханның алдында өзінің ақтығын дәлелдегісі келді. Бұның өзі Мырза Хайдардың жүрегінің кеңдігін, байсалдылығын және парасаттылығын көрсетсе керек.

М.Х. Дулати өз шығармасында тек соғыс, атыс-шабыстарды ғана баяндап қоймай, сол кезеңде өмір сүрген жүздеген тарихи тұлғалардың есімдерін атайды. Осы аталған ортағасырлық тұлғалардың адамгершілігін, өнерін, қайраткерлігін суреттей келіп, олардың тарихи оқиғаларға қатысын талдайды. Мысалы, Моғолстанның тұңғыш билеушісі Тоғылық Темірден бастап, соңғы билеушісі Сұлтан Саид ханға дейінгі билік құрған хандарды; Қазақ хандығының негізін қалаған Керей мен Жәнібек, сонымен қатар одан кейінгі билеушілері Бұрындық, Қасым, Мамаш, Тахир хандар; мемлекет қайраткері және ғалым Заһир ад-Дин Мұхаммед Бабыр; атақты ақындар Әлішер Науаи, Абдрахман Жами; сол заманның атақты суретшісі Бехзад және т.б. көптеген тұлғалар.

Екіншіден, Орталық Азиядағы көптеген этникалық топтар мен халықтардың мәдени және саяси тарихын білуде өте құнды материалдар жазылған.

Үшіншіден, археологтар үшін ортағасырлық қалаларды зерттеуде таптырмас дерек көзі ретінде пайдаланады.

Төртіншіден, Мырза Хайдар Тибет, Кашмир және т.б. өзінің жүріп өткен жерлерінің әсем табиғатын, ондағы жануарлар әлеміне дейін жазып қалдырған. Бабамыздың бұл хабарламалары һәм мәліметтері географтар үшін де аса маңызды болып табылады.

Бесіншіден, XY-XYI ғасырларда Шығыстағы барша этностар айқындалып, пассионарлық қабілетімен дараланып шыға бастаған тұста ұлттық мемлекеттердің, оның ішінде Қазақ хандығының тарих сахнасына шығуымен және «қазақ» сөзінің этникалық мәнге ие болғандығы туралы құнды деректер береді.

Бір айта кетер мәселе, ұлы бабамыз өзінен бұрын болған оқиғаларды жазған кезде бір Алладан, одан кейін оқырманнан кешірім сұрап: «Барлығынан қайырымды, барлығынан кешірімді бір Аллаға алғысымды білдіре және өзімнің адасқан жерлерім болса оқырмандарымнан кешірім сұрап, олардың кіналамауын өтініп» [3, 21 б.] отырады. Бұның өзі Мырза Хайдардың тек шындықты жазуға тырысқанын көреміз. Өйткені, тарих тек қана шындықты жазғанда ғана шынайы тарих болмақ. Сөйтіп, XY-XYI ғасырларда Орталық Азияда болған саяси оқиғаларды Мырза Хайдар секілді дәл осылай жүйелі де нақтылы жазған қаламгер кемде-кем-ақ. Ғалым бабамыз құдіреті күшті бір Аллаға сыйына отырып, тек қана шындықты жазуды көздеді.

Қорыта айтсақ, тәуелсіздігін жариялағаннан кейін өткеніне үңіле бастаған еліміздің тарихының өшкенін тауып, қайнар бастауын зерттеп білу қолбасшы, қоғам қайраткері, тарихшы Мырза Мұхаммед Хайдар Дулатисыз мүмкін емес.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Жеменей И. Мырза Хайдар Дулат (1499-1551) тарихшы-қаламгер. (Монография). – Алматы: Зерде, 2007. – 350 б.

2. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. – Алма-Ата, 1985. -Т 4.-460 с.

3. Көмеков Б., Кәрібаев Б. Мұхаммед Хайдар Дулат – тарих, тұлға, уақыт. – Алматы:

Аруна, 2005. – 95 б.

4. Дербісәлиев Ә. Қазақ даласының жұлдыздары. – Алматы: Рауан, 1995. – 176-179 бб.

5. Қазақстан тарихы (Көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық.– Алматы: Ататек, 2010. – 2- том. – 16 б.

6. Мұхаммед Хайдар Дулати. Тарих-и Рашиди. – Алматы: Тұран, 2003. – 664 б.

ӘОЖ: 373.1.02

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР - ТӘРБИЕ НЕГІЗІ

Карибаев Н.А. тәрбиеші
Талдықорған өнеркәсіптік индустрия және жаңа технологиялар колледжі,Талдықорған қ.

Бүгінгі ғаламдану процесінде ұлттық құндылықтарды сақтау мен өзінің бет-бейнесін, ізгі дәстүрлерін сақтау жолындағы күрес ұлттық сананы сақтау күресі екенін түсіне отырып, ұлттық тәрбие деп –жеке тұлғаның ұлттық сана сезімі мен мінез-құлқының ана тілін, ата тарихын, төл мәдениетін және ұлттық салт - дәстүрлерді меңгеруі негізінде қалыптасуы.

Тірек сөздер: *ұлттық құндылық, ұлттық болмыс, тәрбие бастауы.*

Понимая, что борьба за сохранение национального сознания является борьбой за сохранение национальных ценностей и сохранение их личности, добрых традиции в сегодняшнем процессе глобализации, национальным воспитанием является формирование личности на основе родного языка, национального самосознания, истории и традиций родины.

Ключевые слова: *национальные ценности, национальная идентичность, истоки воспитания.*

Understanding that the struggle for the preservation of national consciousness is a struggle for the preservation of national values and the preservation of their personality, good traditions in today's globalization process, national education is the formation of personality based on their native language, national identity, history and traditions of the homeland.

Keywords: *national values, national identity, sources of education.*

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы ел дамуының жарқын үлгісі мен нақты қадамдарын көрсететін келелі ой, салиқалы пікір, батыл шешімдерге құрылған маңызды құжат. Бұл бағдарлама - мазмұны терең, ауқымы өте кең, ұлт руханиятын XXI ғасыр биігіне көтеретін рухани жаңғыру бағдарламасы деуге болады. Елбасының мақаласы маңызды саяси-идеологиялық құжат. Себебі бұл мақалада ұлттық құндылықтарымыз, мемлекеттің ұлттық құрылымы, қазақ елінің тарихи мұралары, оның ішінде рухани жаңғыру мәселесі жан-жақты талданып, таяу жылдарға ауқымды міндеттер қойылып отыр.

Ұлттық болмыс пен бірегейлікті сақтай отырып, сананы жаңғырту және білімділікке ұмтылу -мақаланың өн бойына алтын арқау болып өрілген. Елбасы өз мақаласында қазақ, жалпы қоғамымыз қалай ілгерілеуі керек деген күрделі мәселелердің тұщымды тұжырымын жасап, Қазақстанның үшінші жаңғыруы басталғанын жариялаған болатын.

Қандай халық болмасын өзінің ұлттық болмысын мен халықтық тәлім-тәрбие қазанында қайнап, жетілуі тиіс, яғни ұлттық кодты сақтай білуі тиіс дегенді білдіреді.

Тарихымыз тереңнен тамыр алатын, бабаларымыздан қалған рухани-бай мұраларымызды ұрпақтар бойына сіңіру азаматтық борышымыз.

Ұлттық тәрбие - құндылық бастауы екендігін жаһандану кезеңінде естен шығармай ұрпақ санасына сіңіру - басты міндет санауымыз керек. Бүгінгі ғаламдану процесінде ұлттық құндылықтарды сақтау мен өзінің бет - бейнесін, ізгі дәстүрлерін сақтау жолындағы күрес ұлттық сананы сақтау күресі екенін түсіне отырып, ұлттық тәрбие деп жеке тұлғаның ұлттық сана сезімі мен мінез-құлқының ана тілін, ата тарихын, төл мәдениетін және ұлттық салт - дәстүрлерді меңгеруі негізінде қалыптасуын айтамыз.

Ұлттық құндылықта білім мен тәрбие берудің басым бағыттарының бірі тәрбие жұмыстарының әлеуетін күшейту болып табылады. «Қазақстан - 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында ұлт Көшбасшысы: «Бала тәрбиелеу - болашаққа ең үлкен инвестиция. Біз бұл мәселеге осылай қарап, балалары -мызға жақсы білім беруге ұмтылуымыз керек», - деп көрсеткен болатын.

Халқымыздың тілін, тарихын, ұлттық дәстүрін, ата салтын ұмыта бастаған бүгінгі ұрпақты тәрбиелеуге ат салысу жалпы ұлтымыздың міндеті. Халқымыздың асыл қазынасын тиімді пайдалану, оның салт - дәстүрі мен мәдениетіне құрметпен қарауға үйретуі сөзсіз. Жас ұрпаққа сапалы біліммен бірге саналы тәрбие беру қай кезде де өзектілігін жоғалтқан емес. Қазірде солай. Арғы ата - бабаларымыз жас өренді елін, жерін сүюге үндеп, ұлттық салт - дәстүрмен сусындатуды мұрат тұтқан. Сол рухани үндеу бүгінгі күнге жеткізді.

Тарихқа үңілер болсақ, әрбір халықтың, әрбір ұлттың өз мәдениеті, тұрмыс тіршілігі, салт-санасы, әдет-ғұрпы, дәстүрі, тәрбиелеу тәсілі болатынын білеміз. Халық тәрбиесі - ғасырлар бойы сараланып, сан сыннан өткен, сол халықтың ой - арманымен, тіршілік тынысымен, шаруашылық кәсібімен, ұлттық тәлім-тәрбие дәстүрімен тығыз байланыста туып, өсіп - өркендеп, дамып және ұрпақтан ұрпаққа жалғасып жеткен тарихи және мәдени мұрасы.

Әр халықтың ұрпақ тәрбиелеудегі сан ғасырларға созылған өзіндік тарихи тағылымы, ой - пікір қорытындылар түйіні бар. Ал ол жазу- сызу -дан, оқу құралынан ауыз әдебиетінен, ұлттық өнер тағылымынан, халықтың дәстүрі мен әдет-ғұрпынан, бір сөзбен айтқанда мәдени мұраларынан өзекті орын алып, көрініс береді. Өткеннің бай рухани мұрасын тал бойына дарытқан озық өнегелі дәстүрсіз, ұрпақтар сабақтастығынсыз тарихи процесті елестету мүмкін емес.

Рухани мұрамыз неғұрлым бай болса, алуан арналы болса, өткен мен бүгінгінің мәдени мұралары жарасымды жалғасып жатса, соғұрлым өміріміздің мән мағынасы терең, мақсатымыз айқын, ұлттық идеямыз жоғары, тарихи үлгі өнеге тұтар парасатты ой толғаныстары күшті ұрпақ тәрбиеленуі еш күмән тудырмайды.

Орта мектепте өтілетін пәндер арасында қазақ әдебиетінің алатын орны ерекше. Өйткені, оқушыларға халықтың қоғамдық өмірін, арман -мүддесін танытуда, оларға идеялық - саяси, рухани-адамгершілік, этикалық-эстетикалық т.б. тәрбие беруде, дүниеге көзқарасын, мінезін, жалпы мәдениетін қалыптастыруда көркем әдебиетті қуатты құралдардың бірі ретінде пайдалану - әдебиет пәнінің басты мақсаты болып есептеледі.

Көркем әдебиетті оқуда жас оқырман өзінің шығармашылық ойлау қабілетін дамытып, сол оқыған туындысы негізінде ой - тұжырымдар, дұрыс пайымдаулар, тың қорытындылар жасауға ұмтылады. Сабақ барысында, әдеби шығармаларды ұтымды талдау жұмыстарын жүргізу оқушылардың пәнді оқуға деген ынтасын арттырады. Мектеп қабырғасында оқытылатын барлық пәннің ішінде әдебиет қана адам көңіл - күйінің кестелі суретін танытады.

Әдебиет сабағы жеке тұлғаның рухани әлемін, ойлау қабілетін сана - сезімін, тілін, шығармашылық қабілетін қалыптастыруда мектептік оқу пәндерінің арасында ерекше орын алады деуге болады. Сондықтан, балаға мектеп кезінен көркем шығарманы оқыту, талдатудың маңызы зор.

Негізі, оқушының көбірек уақыты болатын кезі ол, әрине, қысқы және жазғы демалыстар болып есептеледі. Осы орайда, пән мұғалімі бала демалысқа кетпей тұрып күнтізбелік жоспардағы тақырыптарға сәйкес оқуға тиісті барша көркем шығарманы оқуға тапсырма беру қажет.

Қазақтың халық ауыз әдебиеті үлгілерінің қай-қайсысы болса да балаға өмір танытарлық қызмет атқаратыны белгілі. Осы орайда, Мағжан Жұмабаев «Педагогика» атты еңбегінде халық ауыз әдебиеті үлгілерінің баланың психологиясына тигізер ықпалына терең мән береді. Айталық, қазақтың бесік жырының баланың есту сезіміне, ертегілердің - ақыл ойына, мінез-құлқына,тілін, қиялын дамытуға тигізетін әсерін дәлелдей білген. Мәселен, ертегінің бала дамуындағы маңызды туралы: «Жан тұрмысы өркендеу үшін яғни, ойы арқылы кеңейіп, құлқы түзеліп, тілі баюы үшін жас балаға ертегі қымбат нәрсе». Мысалы,балаға «өтірік айтпа» деген құрғақ сөзің желге айтқанмен бірдей. Ал, өтірікші туралы ертегі айтсаң ол басқа», – дейді.

Ал, Жүсіпбек Аймауытұлы «Психология» атты еңбегінде қиялды дамытуға ауыз әдебиеті шығармаларының маңыздылығына баса көңіл бөлген. Ол қиялдың құрастыру қызметі туралы: «Ойдағы нәрселерді құрастырмаймыз, сөйлеуші жануар, алтын балық, алтын алма, сүт, өзен, пері қызы, жалмауыз кемпір жасаймыз. Мұндай құрастырулар көбінесе, ертегілерде, діни кітаптарда кездеседі»,- деп пікір білдіреді.

Қазақ балаларының ұлттық болмысын барынша жан-жақты зерделеген психолог-ғалым бала қиялын дамытудағы ертегі кейіпкерлерінің рөліне назар аударады. Халық ауыз әдебиеті үлгілері балаға мейлінше жақын болғандықтан, сол арқылы бала қоршаған ортаны барлай алады, табиғаттың сиқырлы сырларын сезіне біледі, ұлттықсалт-дәстүр, әдет-ғұрып туралы түсінік алады.

Мұның өзі баланың жеке дара тұлға ретінде дамуына қажетті көркемдік, ізгілік қасиеттерді бойына жинауда халықтың рухани мұрасының құндылығын қуаттайды. Қай жанрын алсақ та ауыз әдебиетінің тәрбиелік-білімдік мүмкіндігі сан алуан. Демек, ауыз әдебиеті үлгілерін жете талдап жеткізу - пән мұғалімінің парызы.

Шәкірттердің оқырмандық қабылдау қабілетін анықтау әдістері әртүрлі болуы мүмкін, ол оқушылардың жас ерекшеліктері мен қандай көлемдегі, қандай мазмұндағы әдеби шығарма екеніне тікелей байланысты болмақ.

Оқушылардың шығармаға деген ынта - ықыласын, қызығушылығын арттыру мақсатында оның кей тарауларының мазмұнын оқытушының өзі айтуы керек. Әсіресе, қызықты эпизодтарын айтса, оқушы қызығып, шығарманы міндетті түрде оқитын болады. Кейде мұғалімнің дұрыс ұйымдастырмауынан шығарманы оқымаған, не шала оқыған, не бас жағын оқып кейінгі кітаптарын оқымаған оқушылар кездеседі.

Осыны ескере отырып, кіріспе сабақта оқытушы барынша тұжырымды, мейлінше жинақы түрде шығармада қозғалатын дәуіртынысы, сонымен орайлас көтерілген мәселелердің ең бастылары, тұтас тарихы, этнографиясы туралы жан-жақты мәлімет беріп, әрбір кейіпкеріне оқушылардыңқатысуы арқылы талдау жасағаны дұрыс.

Көркем шығарманың тілдік ерекшелігін талдаудағы басты мақсат – оқушылардың сөздік қорын байыту. Әдеби тілде сөйлеу үшін ауыз-екі сөйлеу дағдысы болуы жеткіліксіз, оған қоса оқушыда бай сөздік қор болғаны абзал. Ал, сол сөздік қордың баюы көркем шығарманы оқумен келетіні баршаға белгілі.

Адамзат қашанда тәрбиеге мұқтаж. Тәрбие еліміздің, ұлтымыздың бүгіні мен болашағы баянды болу үшін қажет. Сондықтан да алдымен, бүгінгі қоғам келбетімен үндесетін ұлт болашағының бағытын анықтап алу керек.

Әр ұлттың баяғы заманнан келе жатқан тәрбиелеу жүйесінің өзіндік жолы бар. Тәрбие ұлттық табиғи тамырынан кіндік үзсе, тәрбиелік қасиетін жоғалтады. Сондықтан оны рухани тұрғыда ұлт тағдырымен байланыстыра отырып, бүгінгі қоғам келбетімен санаса отырып, алға бастыру қажет.

Рухани тәрбиемен нұрланбаған адам өзінің алған білімін қара басының пайдасына

жұмсап, өз мүддесі үшін адамзатқа апат әкелуі мүмкін. Оның мысалы тарихта аз емес. Тек сол арқылы ғана халқымыздың ғасырлар бойы жинақталған бай рухани мұрасымен жастардың бойына адамгершілік, ізгі қасиеттерді қалыптастырып, сіңіртіп, өзінің Отанына адал азамат етіп тәрбиелеу ата - ана мен ұстаздар қауымына жүктеледі.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру/Егемен Қазақстан 26.04.2017ж
2. Елеукенов Ш. Қазақ әдебиеті тәуелсіздік кезеңінде - Алматы: Алатау, 2006
3 Нұрмұратов С. Рухани құндылықтар әлемі: әлеуметтік-философиялық талдау. – Алматы: ФСИ, 2000. – 180 б.

ӘОЖ 330.3

«ЖАСЫЛ» ЭКОНОМИКАНЫҢ БАСТЫ МІНДЕТІ – ҚОРШАҒАН ОРТАҒА КЕЛЕТІН ЗИЯНДЫ АЗАЙТУ

Касенкызы А. магистр, оқытушы
Рымбек Байсейтов ат. Семей қаржы экономикалық колледжі

Мақалада «Жасыл» экономиканың басты міндеті,қоршаған ортаға зиянды азайту, бұл адам өмірінің ұдайы өндірісіне қажетті табиғи негізді бұзбайтын, биосфераның шаруашылық сыйымдылығы шеңберінде дамитын экономика. Сонымен бірге жасыл экономика халықтың жоғары тұрмыс деңгейі мен табиғи ресурстарды ұтымды пайдаланумен сипатталатын экономика болып табылады. Бұл экономикалық модель 21 ғасырдағы елдердің тұрақты дамуын қамтамасыз ететін маңызды құралдардың бірі ретінде танылып отырғаны жайлы мәлімдейді.

Тірек сөздер: *жасыл экономика, қоршаған орта, заң, табиғи ресурс,нітиже,ел,экономика, сапа.*

Основная задача «зеленой» экономики - уменьшить ущерб окружающей среде, то есть экономика, которая развивается в пределах экономических возможностей биосферы, без ущерба для естественной основы, необходимой для устойчивого производства жизни человека. В то же время зеленая экономика - это экономика, характеризующаяся высоким уровнем жизни и рациональным использованием природных ресурсов. Эта экономическая модель признана одним из важнейших инструментов устойчивого развития в 21 веке.

Ключевые слова: *зеленая экономика, окружающая среда, право, природный ресурс, результат, страна, экономика, качество.*

The main task of the "green" economy is to reduce damage to the environment, that is, an economy that develops within the economic capabilities of the biosphere, without compromising the natural basis necessary for the sustainable production of human life. At the same time, a green economy is an economy characterized by a high standard of living and rational use of natural resources. This economic model is recognized as one of the most important tools for sustainable development in the 21st century.

Key words: *green economy, environment, law, natural resource, result, country, economy, quality.*

«Жасыл» экономиканың басты міндеті – қоршаған ортаға келетін зиянды азайту Қазіргі таңда әлемнің көптеген елдері «жасыл» экономиканы таңдайды. Себебі, балама қуат көзін пайдалану арқылы энергияны үнемдеу күн тәртібіндегі басты мәселеге айналған. 2013

жылы осы бағыттағы жұмыстарды жандандыру мақсатында арнайы тұжырымдама бекітілген еді. Бұл туралы Қазақстан Президенті Н.Назарбаев өзінің «Қазақстан-2050» атты жолдауында кеңінен тоқталып, экономиканың бұл түрінің тиімді екеніне, сондай-ақ, еліміздің экологиялық ахуалының жақсарып, дені сау ұрпақтың өмірге келуіне септігін тигізетініне екпін түсірген-ді. Яғни, «жасыл» экономикаға негізделген бағдарлама жергілікті тұрғындардың, еліміздегі халықтың әлеуметтік тұрмысының жақсаруына да түрткі болмақ. «Жасыл» экономика — жаңа ғасырдың жетістігі. Мұның нәтижесінде табиғи ресурстар да ысырап болмай, тиісті деңгейде пайдаланылады. Себебі, бүгінде қуат көзінің шамадан тыс қолданылуы үнемшілдікті ұмыттырып барады. Жаңа технологияның арқасында бірқатар балама қуат көзі пайда болды. Мәселен, кейбір елдерде жел, күн энергиясының өзінен қуат көзі алынады. Балама қуат көзі — дербес экономиканы қалыптастырады. «Жасыл» экономиканың тиімділігін арттырып, энергия көзін үнемдеуді қамтамасыз етеді. Бұл түйткілдің бәрі 2014 жылы күшіне енген «Жасыл экономика туралы» заңда жан-жақты айтылған. Бұл бойынша баламалы энергия қорын тұтынушы халықаралық ұйымдар арнайы стандарттық жүйеге орай энергия менеджменті жүйесін енгізуге тиісті. Демек, заң табиғи ресурстарды өз орнымен қолданып, инфрақұрылымды дамыту, халықтың тұрмысын арттыру, сондай-ақ, соңғы кезде әлем болып алаңдап отырған су қауіпсіздігі мәселесін шешуді қарастырады. Шын мәнінде, «жасыл» экономика, су мәселесі — ғаламдық түйткіл. Осыдан екі жыл бұрын БҰҰ өзінің тұрақты даму бағдарламасын қабылдаған кезде бүкіл дүниежүзін қауіп-қатерден сақтау, қорғау мәселесіне басымдық берді. Атап айтқанда, әлемде өмір сүріп жатқан халықтың әл-ауқатын жақсартуға байланысты жиырмаға жуық міндет жүктелді. Мұның ішінде біз айтқан жайттардан бөлек, ғаламшарды ұстап тұрған бірқатар басымдықтар бар. Ол — әлгінде ғана айтқан су тапшылығын жою, жер бетіндегі халықтың әлеуметтік тұрмысын арттыру, энергия көзін ұтымды әрі тиімді пайдалану. Яғни, Қазақстан да бұл мәселені БҰҰ қабылдаған қарарлар мен бағдарламадан тыс шеше алмайды. 2016 жылдың басында БҰҰ-ның тұрақты даму ғаламдық мақсаты қабылданды. Әлемдік көшбасшылар тарапынан ғаламшарды сақтауды қамтамасыз ету мен оның халқының әлеуетін арттыруға бағытталған 17 негізгі мақсат айқындалған. Қазақстан жасыл экономика принципін тек елдің ішінде ғана емес, әлемдік деңгейде де жемісті түрде енгізуде. Осы жобаны сәтті жүргізу үшін «Жасыл көпір» серіктестік бағдарламасы қолға алынды. Мұндағы мақсат — экологияны басымдыққа ала отырып, су, жер, сол сияқты табиғи ресурстарды тиімді пайдалану. Яғни, жергілікті халықтың жағдайын ескере отырып, жаңа экологиялық технологияларды енгізуге күш салу. Бүгінде еліміздегі мамандар осы бағдарлама аясында түрлі жобалар ұсынуда. Бұған халықаралық ұйымдарда жұмыс істейтін белгілі мамандар да көмекке келді. Әрине, кез келген жобаның астарында халықтың әл-ауқаты, жергілікті жердің экологиялық ахуалы, қауіпсіздік мәселесі жатыр. Басты назарда — экологиялық технологияларды елдің ішінде енгізу. Осыдан үш жыл бұрын халықаралық деңгейдегі ұйымдар елімізде жасыл экономикаға өту үлгісіне байланысты жобаларға мықтап кірісті. Бұл жобалар халықтың жағдайын жақсартуға, өмір сүру сапасын арттыруға қызмет етуі тиіс. Яғни, тұрғылықты халықтың әл-ауқаты артқан экономикасы бар, қабылданған халықаралық экологиялық міндеттерге байланысты бүгінгі және келер ұрпақтың табиғи ресурстарын ұқыпты әрі шашау шығармай қолдану керек. XXI ғасырдың алға қойған міндеті көп. Кез келген мемлекет қай жағынан да бәсекеге қабілетті болуды мақсат етеді. Ал, бұл жолда дәстүрлі экономиканың шығындарын ескеріп, жасыл экономикаға бет бұру маңызды екені айтпаса да түсінікті. Бір қуаныштысы, еліміздің осы жолды таңдауына мүмкіндігі де, әлеуеті де жетеді. Тіпті, табиғи байлық жағынан да ешқандай мәселе жоқ. БҰҰ Даму бағдарламасының Қазақстандағы тұрақты өкілдігі мамандары еліміздің «жасыл» экономикаға көшуіне толыққанды жағдайы жетеді дегенді айтады. Атап айтқанда, жер көлемінің аумағы, су ресурстары, географиялық орналасу жағынан қолайлы болуы айтулы жобаның жүзеге асуының алғашқы баспалдағы. Сондықтан, елімізде «жасыл» экономикаға

қадам басу саты-саты бойынша жүзеге асуда. Мәселен, 2013-2020 жылдарға арналған бірінші кезеңде инфрақұрылым құру, 2020-2030 жылдарға бекітілген екінші кезеңде жаңартылған қуат технологиясын пайдалану шарасы қарастырылған. Сол сияқты 2030-2050 жылдарға бағытталған келесікезеңде үшінші өнеркәсіп төңкерісіне біртіндеп көшуді жүзеге асыру жүктелген. Мұнымен қоса, тұрғын үйлерге жылы су жеткізуді қамтып, көшеде соңғы еуростандарттағы көліктерді жүргізу, энергия саласына жауапты мамандар даярлайтын арнайы академия ашу жоспарға іліккен. Егер аталған жоба кезең-кезеңімен жүзеге асса, алға қойған мақсатқа жететін күн таяу. Сондықтан, әлемдік тәжірибеге сүйеніп жасалған бағдарламаны да, әлгінде сөз еткен тұжырымдаманы да келешек ұрпақтың қамы деп ұққан жөн. «Жасыл» экономика — жаңашылдыққа ұмтылу.

Біз білетін байырғы дәстүрлі экономика — өндірістік қалдықтарды қайта өңдеу болса, «жасыл» экономика балама қуат көзін өндіріп, үнемшілдікке бастайды. Бірақ, еліміздегі кейбір өнеркәсіп шоғырланған аймақтар бұл талапқа сай ма? «Жасыл» экономика тұжырымдамасындағы міндеттемелерге көз жүгіртсек, Қазақстан 2050 жылдары қатты тұрмыстық қалдықты қайта өңдеуді 50 пайызға жеткізуі тиіс. Ал, бүгінде 6 млн тонна қалдықтың тек 2 пайызы ғана қайта өңдеуден өтеді. Ол үшін кез келген өнеркәсіптік кешен балама қуат көзін шамадан тыс шығын етпейтін көліктер сатып алса құба-құп. Әрине, болашақтың кілті — экологиялық қауіпсіздік пен балама қуат көзін пайдалану деп түсінетін кәсіпорын бұған көңіл бөлетіні сөзсіз. Мәселен, кейбір алпауыт компаниялар бұл үрдіске көшіп те кетті. Осы жолды таңдаған аймақ халқының тұрмыс-тіршілігі мен әл-ауқаты да жақсарады. Неге десеңіз, «жасыл» экономика — мемлекеттің қаржылық әлеуетін арттыруға жол ашады. Бұл әрі жұмыссыздықпен күресті тиімді жүргізіп, екі қолға бір күрек іздегендерге таптырмас мүмкіндік бермек. Яғни, қоғамдық тепе-теңдік сақталған жерде адам мен табиғаттың өзара қатынасы да тұрақты болады. Сондай-ақ, халықтың өмір сүру жасын ұлғайту, кедейлікті төмендету, денсаулық жағдайын жақсарту, балама қуат көзін пайдалану арқылы экологияны сақтау — «жасыл» экономиканың басты міндеті. Қоршаған ортаны сақтау — табиғатты қорғау. Бұл экологияның ластанбауын қамтамасыз етеді. Таза қоғам — адами капиталдың сапасын арттыруға септігін тигізеді. Мұның бәрі дамыған 30 елдің қатарына енуді көздеген еліміздің негізгі мұраты. Айта кету керек, шетелдік сарапшы мамандар да Қазақстанның бұл мақсатқа оңай-ақ қол жеткізетініне сенімді. Біз үнемі ауыз толтырып айтатын еліміздің аумағына бес Франция мемлекеті сыйып кететінін ескерсек, «жасыл» экономика жобасын ойдағыдай жүзеге асыруға әбден болады. Тіпті, бұл арман-жоспарды БҰҰ-ның «РИО+20» дүниежүзілік саммитінде ерекше леппен айтып, «жасыл» экономиканың ғаламдық мәселе екеніне назар аудартқан еді. Біздің мемлекет балама қуат көзін пайдаланып, оның тиімділігін көріп отырған кейбір шетелдің тәжірибесіне сүйеніп, экологиялық стратегияны дамыту жөнінде жоба ұсынды. Еліміздің бұл бастамасын дүйім әлемдік қауымдастық өкілдері қолдап, дегенмен, оны жүзеге асырудың оңай еместігін, сол сияқты кейбір елдер сияқты ЖІӨ-нің 2 пайызын тек қана «жасыл» экономикаға көздеу керектігін тілге тиек етті. Яғни, бұл салаға көптеп инвестиция тартып, салық бойынша белгілі бір жеңілдіктер қарастыру жағы да ескерілуі тиіс. Бір айта кетерлігі, БҰҰ Даму бағдарламасы Еуроодақтың қаржылық көмегі арқылы «Қазақстанды қолдау» жобасын жүзеге асыруды қолға алды. Бұл жобаның құны шамамен 7 миллион еуро тұрады. Соның 3 миллионы көзделген төрт жобаға бөлініп, сәтті түрде іске кірісті. Солардың басы-қасында жүрген маман Гүлжамал Исаева суды, қуат көзін үнемдеу — «жасыл» экономикалық технологияларды дамытуға алып келетінін айтады. Шынында да, бұл жобаның тиімділігі сол, кез келген өңір, елдімекен халқы заманауи мүмкіндіктерді пайдалану арқылы жергілікті тұрғындардың әлеуметтік жағдайын, әлеуетін көтеруге күш салады. Бүгінде бүкіл әлем «жасыл» экономикаға бет бұруда.

Бұл тұрғыда Оңтүстік Корея, Германия көш бастап тұр. Аталған елдер осы жоба аясында белгілі бір табысқа да қол жеткізіп отыр. Демек, алдыңғы қатарлы 30 елдің тізіміне ену үшін шетелдің тәжірибесін тиімді пайдалану керек. Бірінші, «жасыл» экономикаға

алғашқы қадам — қоқыс өңдеуден басталады. Осыған байланысты қырықтан астам қоқыс өңдеуші кешен салу жоспарланды. Елордада испандық технология негізінде іске қосылған зауыт бір жылда 400 мың тонна қоқысты қайта өңдеуге кірісті. Мұның ішінде соңғы кезде нәтижесін көріп жүрген жел арқылы пайда болатын қуат көзі, балама қуат көзін пайдалану арқылы энергия үнемдеу, өндірістік қалдықты қайта өңдеп, пайдаға асыру да бар. Осы жетістіктерді еңсеру үшін бұған дейін қабылданған бағдарламалардың жұмыс істеуін қадағалау маңызды. Сол сияқты оның елімізге әкелетін пайдасына үңілген жөн. «Жасыл» экономиканы енгізу әрі іске асыруда көбінесе Оңтүстік Кореяның тәжірибесі ұтымды екені айтылады. Мұнда осыдан жеті жыл бұрын-ақ, яғни, 2011 жылдан бері «жасыл» экономиканы қолға алуға 60 млрд доллар бөлінді. Нәтижесінде 1,8 миллион адамға жұмыс табылды. Тіпті, бұл елде жыл сайын ЖІӨ-нің 2 пайызы инвестиция ретінде құйылады. Ал, мұның пайдасы шаш-етектен екені айтпаса да белгілі. Біздің мемлекетіміз де Оңтүстік Корея сияқты негізгі үш элементке — өнеркәсіпке инвестиция тарту, тұрмыстық қалдықты қайта өңдеу технологиясын өркендету, сондай-ақ, балама қуат көзін пайдалануға басымдық бергені жөн. Кейбір шетелде қоғамдық орындарда қоқыс тастайтын жәшіктер бөлінген. Біріне — қағаз, екіншісіне пластмасса заттары тасталады. Бұл қалдықты қайта өңдеу ісін жеделдетеді. Дәл осы үрдіс соңғы кезде бізге де келді. Өкінішке қарай, әлі күнге қоғам бұл мәдениетке бой үйрете алмауда. Алайда, «көш жүре түзеледі» демекші, бірте-бірте батыстық мәдениеттің оң тұстарын сіңіру артықтық етпейді. Тіпті, экономикасы қарқынды дамыған Қытай да қатты тұрмыстық қалдықты қайта өңдеу бойынша алдыңғы қатарға кірді. Ол ол ма, Моңғолия да маңызды жобаның өміршең екендігін түсініп, бірқатар нақты жобаларды жасақтауды қолға алды. Демек, әлемнің 200-ге жуық елі бұл жобаға бекер білек сыбанып кіріскен жоқ. Біз «бісміллә» деп, бағдарлама қабылдап жатқанда, жарты ғасыр бұрын тиімділігі мен пайдасын ескерген кейбір мемлекеттер биік мақсаттарды бағындырып үлгерді.

Демек, Қазақстан алдағы уақытта инфрақұрылымды дамытып, электр стансаларын жаңарту керек. Сонымен қатар, автопарктегі қоғамдық көліктерді жаңалап, Еуро-4 стандартын енгізу қажет. «Жасыл» экономикаға көшудің алғашқы тетіктерін осыдан бастау тиіс. Онсыз ауқымды жобаны жүзеге асыру мен оның пайдасын көру құрғақ сөз болып қала бермек-ақ.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Г.Жолдасова"Экономика негіздері",
2. Ә.Ж.Сапарбаев."Экономика негіздері сызбалар және кестелер" www.twirpx.com/file/145712
3. Мәдешев Б.Р. Нарықтық экономикаға кіріспе.
4. www.colibri.ru/extbinfo/pdf/1293.pdf

ӘОЖ 622.211.75

ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Касымова Н.Б.
І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қаласы

e-mail: dano4ka2017@mail.ru

Мақалада бүгінгі күнгі педагогика ғылымының тарихы мен даму қарқыны талқыланған. Педагогика ғылымының өзекті мәселелері қарастырылған.

Тірек сөздер: *педагогика, педагогикалық ғылымдар, философиялық білімдер,*

ғылыми-педагогикалық, жаңа инновациялық технологиялар

В статье обсуждена история и динамика развития современной педагогической науки. Рассмотрены актуальные проблемы педагогической науки.
Ключевые слова: педагогика, педагогические науки, философские знания, научно-педагогические, новые инновационные технологии

The article discusses the history and dynamics of the development of modern pedagogical science. Actual problems of pedagogical science are considered.
Key words: *pedagogy, pedagogical Sciences, philosophical knowledge, scientific and pedagogical, new innovative technologies*

Әрбір ғылымның өзіндік дербес әдіснамасы, зерттеу объектісі бар. Педагогиканың да өзіне тән ғылыми-зерттеу әдістері бар. Бұл әдістерді зерттеуші әрбір педагогикалық құбылыстың ерекшеліктеріне сәйкес қолданылады.

Тарихқа сүйенсек, педагогика басынан бастап балалар тәрбиесі жайындағы ғылым болып қалыптасты. Тәрбие жайындағы белгілі мәліметтер адам баласының тәрбиесіне сүйенеді. Алғашқы қоғамдағы адамдардың тәрбие жөніндегі танымдары, дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары заман ағымына сай бір буыннан екінші буынға ауысып, алмасып отыруы шарт.

Педагогикалық ғылымдар жүйесінде пайда болған жоғарғы оқу орындарының педагогикасы. Жоғарғы мектептерде жастарды оқыту және тәрбиелеу проблемасы жайында ғылыми еңбектер, оқу құралдары шыға бастады. 1969 жылы аспиранттар және жоғары мектеп оқытушылары үшін «Педагогика высшей школы» оқулығы, ал 1972 жылы «Основы вузовской педагогики» оқу құралдары баспадан шығарылып, қолданысқа енгізіле бастады.

Сондай-ақ, педагогика ғылымының басқа ғылымдармен тығыз байланыста. Өйткені, адамды жан-жақты және жарасымды етіп тәрбиелеу проблемасын шешу үшін педагогика басқа ғылымдардың нақты мағлұматтарына сүйенеді.

Біз оқыған педагогика ғылымының негізін қалаған тұлғалардың еңбектері оқылмайтын болды, олардың барлығы қоғамдағы өзгерістер мен инновациялық технологиялармен алмастырылды. Педагогика ғылымын дамытуда үлкен үлес қосқан ірі ғалым-педагог Н.К.Крупская. Ол Ұлы Қазан төңкерісінен кейін А.В.Луначарский, М.Н. Покровский сияқты халық ағарту ісінің белгілі қайраткерлерімен бірге қызмет істей отырып, педагогика ғылымын дамытуда татымды еңбек етті.

Педагогика ғылым ретінде философилық білімдер жүйесінен XII ғасырдың басында бөлектеніп шықты. Ағылшын жаратылыстанушысы және философы Френсис Бэкон 1561-1626 жылы өзінің «Ғылымның қадір-қасиеті жән жетуі» атты трактатын жарыққа шығару арқылы дәлелдеген болатын. Еңбегінде ол ғылымдарды сарапқа сала отырып, олардың арасында педагогиканы ғылыми білімдердің дербес саласы деп бөлектеді. Сондай-ақ, Ян Амос Коменскийдің еңбектері педагогика ғылымының беки түсуіне үлес қосты. Я.А. Коменскийдің әйгілі «Ұлы дидактика» атты еңбегінде балаларды оқытудың негізгі теориялық мәселелері мен оларды ұйымдастырудың жолдары баяндалды және ол өз еңбектерінде балаларға адамгершілік тәрбиесіне өте үлкен мән берді, «Аналар мектебі» атты кітабы отбасы тәрбиесіне байланысты өз көзқарастарын жария еткен болатын.

Сонымен қатар, Дж.Локк, Жан-Жак Руссо, М.Г.Песталоцци, И.Гербарт сияқты тұлғалардың еңбектері педагогика ғылымының дамуына үлкен үлес қосты.

Ал, Педагогика ғылымының дамуына қазақтың белгілі философтары, ағартушы-педагогтары, психологтары айтарлықтай үлес қосты. Олардың ой-пікірлерін қысқаша байымдау, еске түсіру, ғылыми және әдеби еңбектерін жастарға білім беру саласында, әсіресе, өскелең өмір жағдайында кең түрде қолданудың қажет екендігі сөзсіз [1].

Ы.Алтынсарин қазақ жастарының кәсіптік мамандық алуына жол ашты. Торғайда —

қолөнер. Қостанайда — ауыл шаруашылығы училищелері, Ырғызда қазақ қыздарына арнап мектеп-интернат ашылуына зор ықпал жасады. Кейінірек қыздар училищелері өмірге келді.

Қазақ халқының ұлы ойшыл-ақыны Абай Құнанбаевтың (1845-1904 жж.) поэтикалық шығармалары мен «ғаклия» сөздері педагогикалық ой-пікірлерге толы. Табиғаттың санадан тыс, тәуелсіз өмір сүруді, өмір ақиқатын түйсікпен қабылдануы, адамдар жаратылысының бірдей еместігі, ғылымның ақылымен, жан құмарымен алынатындығы, қоғамдық қатынастар тұрғысындағы пікірлері, жастарды халқының әдет-ғұрпы, салт-санасы, дәстүрінен тәлім-тәрбие алуға шақыруы, оның педагогикалық көзқарастарының дүниежүзілік педагогика классиктерінің ой-пікірлерімен терең қабысып жатқандығының айғағы. Абайдың педагогикалық көзқарасындағы басты нысана «Атаның баласы болма, адамның баласы бол… жақсы көпке ортақ, пайдаң «еліңе, халқыңа тисін», деген гуманистік ой-пікірді қуаттау болды [2].

2. Ауэзов М.О. Мысли разных лет / Сост. И.Дюсенбаев, - Алматы, 2002.- 103с.
3. Записки Семипалатинского Западно-Сибирского отделения Русского географического общества - Семипалатинск, 1969. - 98с.
4. Львович Д. А. По казахской степи - Алматы, 2005.- 121с.
5. ЗатаевичА.В. 1000 песен казахского народа - Алматы, 2007,- 231с.
6. Дернова В.П. Песни Абая // Музыкальное творчество Абая.- Алматы, 2004.- 121с.
7. Дернова В.П. Песенное творчество Абая // Современный Казахстан.- Алматы, 1999.- №9.-С.23-27.
8. Ерзакович Б.Г. Вклад Абая Кунанбаева в казахскую музыку.- Алматы, 2012.- 231с.
9. Чумбалова Г.А. Песни Абая // Жизнь и творчество Абая: Сборник статей.- Алматы, 1993.- 117с.
10. Бейсимбиев К.О. О философских взглядах Абая / Жизнь и творчество Абая: Сб. статей, -Алматы, 2011.- С.21-29.
11. Кунанбаев А.Собр. соч. Стихотворения, поэмы, проза. – Алматы, 2010.- 237с.

ӘОЖ 94.100

АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ БАРЫСЫНДА ТИІМДІЛІГІ

Қаратаева Д.Ғ.[1] аға оқытушы, тарих магистрі**, Рахатова К.О.**[2] мұғалім
І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті[1]*, Талдықорған қ.*
Ш. Уалиханов атындағы №10 орта мектеп гимназиясы[2]*, Талдықорған қ.*

e-mail: dkarataeva@bk.rurahatova2020.@mail.ru

Мақалада Ақпараттық технологияларды интернет желісі мен телекоммуникация құралдарын тікелей пайдалануға негізделген білім алудың индивидуалды түрі ретінде қарастырылған. Қашықтан оқыту жүйесінде қолданылатын техникалық құралдары мен технологияларына байланысты талдау жасалған. Сондай-ақ қазіргі уақытта төрт модельге бөлуге болатынын анықталады.

Тірек сөздер: *технология, техника, интернет, онлайн, компьютер, ақпарат.*

В статье рассматривается как индивидуальный вид образования, основанный на непосредственном использовании информационных технологий в сети интернет и средств телекоммуникаций. Проведен анализ технических средств и технологий, применяемых в

системе дистанционного обучения. Также определяется, что в настоящее время можно разделить на четыре модели.

Ключевые слова: *технология, техника, интернет, онлайн, компьютер, информация.*

The article is considered as an individual type of education based on the direct use of information technologies in the Internet and telecommunications. The analysis of technical means and technologies used in the distance learning system is carried out. It also defines what can currently be divided into four models.

Key words: *technology, technology, Internet, online, computer, information.*

Білім бүгіңгі қоғам айнасы. Ұлтты ұлт ететін білімділігі. Жиырма бірінші ғасыр ақпарат ғасыры. Адамзаттың қолы жеткен ең үлкен табыстарының бірі – осы ақпарат көзі. Бүкіл әлем қазіргі таңда ақпараттық жүйе арқылы игі істер мен жұмыстар атқарып жатыр.

Ақпараттық технологияларды яғни компьютер, интернет желісі мен телекоммуникация құралдарын тікелей пайдалануға негізделген білім алудың индивидуалды түрі. Қашықтан оқыту жүйесінде қолданылатын техникалық құралдары мен технологияларына байланысты қазіргі уақытта төрт модельге бөлуге болатынын анықтады.

Қазіргі таңда дүниежүзінде ауқымды желі ақпараттық қоғам болып отыр. Қашықтықтан оқыту технологиясы — білім алушылар мен оқытушылар арасында оқу үрдісі кезінде интерактивті өзара пікір алысу, сұхбаттасу оқу материалдарын білім аушыларға негізгі бөлігін жеткізуді қамтамасыз етуге, тақырыпты меңгеруге, сондай-ақ білім алушылардың берілген тапсырмалар бойынша өз бетімен жұмыс істеулеріне жағдай туғызатын ақпараттық технология болып табылады. Қашықтықтан оқыту телекоммуникациялық және компьютерлік технологияларға негізделген оқыту құралдары мен түрлері, білім беру үрдісінде инновациялық және дәстүрлі үздік әдістер қолданылатын, күндізгі және сырттай білім алу түрі болып табылады [1].

Білім беру жүйесін ақпараттандырудың негізгі бағыты қоғамды дамытудың жоғары тиімділікті технологияларына сүйенген жаңа білім стратегиясына көшу болып табылады. Бүгінгі күнде әлемнің қай түкпірінде болса да, ауқымды желі болғандықтан, өз бетінше білім алуға мүмкіндік беретін, ізденуді қажет ететін ерекше жүйе «қашықтықтан білім алу жүйесі» мүмкін болып отыр. Қашықтықтан білім алу әр адамның өзіндік жеке қажеттілігін ұғынуына, өзіне қажетті білімді іздене отырып үйренуіне мүмкіндік береді. Оның тағы бір ерекшелігі — жас ерекшелігіне қарамастан, жұмыстан немесе оқудан қол үзбей білімді жетілдіру мүмкіндігін береді. Сапалы білім беру қазіргі уақытта ең өзекті мәселе болып табылады. «Білім инемен құдық қазғандай» - деп дана бабамыз айтқандай қазіргі таңдағы ақпараттық технологияны танып білген сайын оның қыр сырының көп екендігіне көз жеткізуге болады. Қазіргі білім саласында қашықтықтан оқу кезінде жаңа әдістер мен технологияларды кеңінен пайдалануды, білім беруді ақпараттандыруды талап етеді. Сабақ – педагогикалық үдеріс. «Сабақ беру – үйреншікті жай шеберлік емес, ол үнемі жаңадан жаңаны табатын өнер» - дейді Ж.Аймауытов. Жаңа технологияларды тиімді қолдану – мұғалім шеберлігіне байланысты.

Сапалы білім беру қазіргі уақытта, білім алушылардың жұмысын ұйымдастыруда жаңа әдістер мен технологияларды кеңінен пайдалануды, білім үрдісінде ақпараттандыруды білу оны тиімді пайдаланудың маңызы зор. Сабақта компьютерлік технологияны тиімді пайдалану арқылы оқушылардың ойлау қабілетін дамытып, өз бетінше жұмыс істеуге дағдыландыру, Exsel программасында мәліметтерді енгізу, формулаларды және функцияларды пайдалану, енгізілген мәлімет арқылы диаграмма құруға машықтандыру, студент пен оқушының өз беттерімен тапсырмаларды орындауы, өз бетімен ақпаратты ізденуі оқушының білім деңгейі мен сапасын көтереді.

Тарих сабағында ақпараттық жүйені пайдалану өте тиімді. Белгілі бір оқиғаны көзімен көріп сол жылғы кезеңді тарихи процесті көз алдына елестете алады.

Елбасымыздың Рухани Жаңғыру аясы бағдарламасыда тарихи тың деректер археологиялық деректермен жанданып жатыр. Рухани жаңғыру дегеніміз-тіл дін тарих ақпаратты қоғамның дамуы деп айтуға болады.

Оқытушы ретінде тарих сабағында ақпараттық технологияның маңыздылығына тоқтала кетсем. Ақпараттық технологияның сабақ барысында тиімділігі өте жоғары. Тарих сабағында интерактивті тақта арқылы оқушының ой өрісін пәнге қызығушылығын дамыту логикасын жетілдіру үшін маңызы ерекше. Оқушы сабақ барысында оқиғаны сурет арқылы, видеолар арқылы, картаны сызу тапсырманы орындау кезінде өте тиімді екендігіне көз жеткіздік. Жұмыс орында құжат тапсыру барысында почталар, сайт арқылы жүргізу өткізу уақытты үнемдейді. Ғаламтор арқылы байланыс жасау жолдары да кеңірек дамыған. Еліміздегі төтенше жағдайға байланысты қышықтықтан оқыту барысында ақпараттық технологияның маңыздылығы айқын көрінді. «Қашықтықтан оқыту» деген ұғымға келер болсақ, қашықтықтан оқыту – адамның білім алуға және ақпарат алуға деген құқықтарын іске асыратын үздіксіз білім беру жүйесі нысандарының бірі болып табылады. Қашықтықтан оқыту барысында онлайн зумм мектеп платформасы арқылы сабақты жүргізудің сан қырлы тиімді тұстарының бар екендігіне көз жеткіздік. Оқушы бір сабақтың өзінде есту көру, тыңдау айтылым, тапсырманы орындау сияқты нәтежелерге қол жеткізе алады. Сабақ тақырыбына сәйкес оқулықтан тыс қосымша материал пайдалану оқушылардың ой-өрісін өсіреді. Қазіргі оқытушы АҚТ төңірегіндегі білімдерді игеріп қана қоймай, сондай-ақ оларды өзінің кәсіби іс-әрекетінде пайдалана алатын маман иесі.

Қашықтықтан оқытудың жергілікті жүйесі белгілі бір білім және жекелеген қала (университет) шеңберінде жұмыс атқарады, оның құрамына тек жоғары оқу орындары ғана емес, мектептер, гимназиялар мен колледждер де кіреді. Сондықтан жұмыс жасаудың алғашқы сатысында зиялылық потенциялын, компьютерлік техниканы ұтымды пайдалана отырып, үздіксіз білім беру принциптерін ойдағыдай іске асыру керек. «Білім инемен құдық қазғандай» - деп дана тұлғаларымыз айтқандай, ақпараттандыру білім мен оны қолдана білудің маңыздылығын бүгінгі қоғам көрсетіп отыр. Ақпаратты тарату немесе қолдану үшін ең бірінші оқытушы сол ақпараттың сабаққа тиімді программасын алып қолдану маңызды.

Ең бірінші қоғамның алға жылжуы жаһандануы білім жүйесімен тығыз байланысты. Білімді ұрпақ ертегі болашақтың жаршысы. Сондықтанда білім беру жүйесі ақпараттық жүйені пайдалануда электронды оқулықтар ең басты маңызды мәселе. Электронды оқулық сондықтанда жүйелі түсінікті мазмұны дәйекті болуы керек. Әрбір мұғалім оқушыға электронды кітап нұсқасын бермей тұрып, ол оқулықтың мазмұны мен жазылуына көңіл бөлуі қажет. Электронды оқулық білім алушы үшін ең маңызды құрал болып табылады.

Электрондық оқулық – ғылыми-педагогикалық құрал. Электрондық оқулықтардың тиімділігі қолжетімділігі:

- теориялық материалды өз бетімен оқып үйренеді, зерттей алады;
- сабақты иллюстрациялық материалдармен жабдықтауға көмектеседі;
- сабақта және сабақтан тыс уақытта өз бетімен жұмыс жасау үшін маңызды.

Сонымен қатар электрондық оқулықпен қатар қашықтықтан оқу ақпарат алу үшін электронды кітапхананың маңызы зор. Қажетті ақпаатты электронды кітапханадан алуға болады. Негізі электронды кітапхана ғылыми ізденіс жұмысы, диплом жұмысы, курстық жұмыс, диссертацияларды жазу кезінде өте тиімді және көптеген ақпарат алу үшін маңызды.

Жиырма бірінші ғасыр жаһандану даму ақпараттық ғасыр болғандықтан қазіргі таңдағы озық технологиялар сан қырлы . Ақпаратты дұрыс тарату дұрыс қолдану маңызды. Ақпаратты қолдану барынша қазіргі таңда халық қоғам үшін де үлкен маңызға ие. Мысалы күнделікті ақша аудару, оқу ақысын төлеу, кезексіз құжат тапсыру алу, мектепке немесе оқу орындарына бармай ақ қажетті құралдарды сайт арқылы электронды почта арқылы жіберу. Оқушы немесе студенттің құжатты қажет жағдайда ақпаратты тез және жылдам алу

барысында уақытты тиімді пайдалану. Оқушы тапсырманы орындап болған соң, оқытушымен хабарласып немесе хат жолдап тапсырманы орындауы. Қазіргі таңда білім жүйесіндегі олимпиадалар қатысуға ақпараттың маңызы зор. Онлайн жүйесі арқылы даму жетілдіру басты маңызға ие болып отыр.

Байланыс жүйесіндегі топтық чаттың да ақпаратты беру үшін маңызы зор. Чатқа сабаққа қатысты тың деректер видеосабақтар слайд аудио жіберу үшін маңызды. Белгілі бір уақыт ішінде интернет жүйесінде барлығына бірдей өткізіледі. Оқушылар немесе студенттер чат арқылы түсінбеген тақырыпты, сұрақтары болса оқытушы кері байланыс жасайды.

Жоғарыда атап өткен қашықтықтан оқыту ақпараттық технологияны сабақта қолданудың маңызды тұстары сабақ барысында жаңартылған бағдарлама бойынша тиімді пайдалану әртүрлі әдіс тәсілдерді қолдану арқылы оқушыға студентерге сапалы білім беруі ең басты міндет. Ақпаратты пайдалану оны білу жеткізе білу басты құндылық.

Еліміз 2030 жылы елу елдің қатырына кіру үшін ақпараттанған сапалы білім жүйесі қалыптасқан мемлекет болуы керек. Ақпаратттың маңызы зор болсада өскелең ұрпақ саналы тәрбиелі білімді болуы қажет. Білім саласы мемлекет үшін ең маңызды сала. Білімсіз мемлекет жаһандануға жол ашылмайды. Сондықтанда озық технологияларды тиімді пайдалану оны мектеп, жоғарғы оқу орны қабырғасында жетілдіру бүгінгі ұстаздардың басты міндеті.

Қазіргі таңдағы білім беру жүйесіндегі жаңа бағдарламалар бойынша оқытушы тек бағыт беруші оқушы өз ойын еркін жеткізіп берілген тапсырмаларды орындай алады. Мысалы слайд арқылы суретті немесе видеодан үзінді көру арқылы жаңа тақырыпты ашса, видео арқылы сабақтың мазмұны мен мақсатын өздігінен аша алады. Ашық және жабық тест алу барысында тиімді. Қазіргі таңда ақпарат көзінің дамуы өте жоғары. Компьютер арқылы дүние жүзілік байланыс ютубатағы видеосабақтар слайтар тапсырмалар жиынтығын меңгеру, оны пайдалану мұғалім шеберлігімен тікелей байланысты. Мұғалім мектептің тірегі жүрегі сондықтанда үнемі ізденуші тәрбиеші ақылшы. Ақпараттың дамуы цифрланған Қазақстанның дамуы. Еліміздің өркендеуі жетістігі, жемісі ақпараттық жүйеге негізделген. Сондықтанда ақпараттық қоғам біздің қоғам. Қорыта айтқанда мемлекеттің тірегі болашағы білімді ақпаратты қоғаммен тығыз байланысты. Ақпаратты қоғам бүгінгі қоғам жетістігі.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Журнал «Информатика и образование», 2006ж.
2. Журнал «Информатика и образование», 2007ж
3. Журнал «Информатика негіздері» 2008
4. Журнал «Мектеп» 2015ж
5. Қазақстан және ТМД елдеіндегі білім беруді ақпараттандырудың IV Халықаралық форумының ғылыми мақалалар
6. Сайт: www.edu.gov.kz

ӘОЖ 94.100

ЕЛ ЕСІНДЕ ҚАЛҒАН АРХЕОЛОГ

ҚаратаеваД.Ғ.[1], аға оқытушы, тарих магистрі, **Туктибаева А.О.[2], мұғалім**
І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті[1], Талдықорған қ.,
28ІТ мектеп-лицейі[2], Талдықорған қ.

e-mail: *dkarataeva@bk.ru, Tuktibaeva83@mail.ru*

Мақалада ұлы тұлғалардың бірі, бірегейі — Бекмұханбет Нұрмұханбетов. Алтын

адамның алғашқы зерттеушісі Бекен атаның бай мұраларын насихаттау, мәдени туризм бағыты бойынша көшпенділер дәуірінен сарқыт болып қалған тарихи ескерткіштеріміз сақталған жерлердің тарихи танымдық зердесін ашу арқылы туған өлкеге деген маңыздылығын көрсету. Ол кісінің ашқан жаңалықтары қазіргі Қазақстан тарихы, біздің Отанымыз рухани жаңару жағдайында тұрған ел үшін тарихымыз терең болғанын, көне ескерткіштердің көп болғандығын анықталады.

Тірек сөздер: *археология, мәдениет, ескерткіш, мұражай, құндылық.*

В статье рассматривается личность и наследие - Бекмуханбета Нурмуханбетова. Изучая богатое наследие Бекен Ата как первого исследователя Золотого Человека, нужно понимать важность культурного туризма для родной земли, раскрывая историческую и познавательную роль мест, где сохранились наши исторические памятники, сохранившиеся от кочевой эпохи. Его открытия показывают, что история современного Казахстана, нашей страны, находящейся в состоянии духовного обновления, имеет глубокую историю и множество древних памятников.

Ключевые слова: *археология, культура, памятник, музей, ценность.*

The article deals with one of the great, unique person - Bekmukhanbet Nurmukhanbetov. Who wanted to advocate of the rich heritage of Beken Ata - the first researcher of the Golden Man, the importance of cultural tourism to the native land by revealing the historical and cognitive memory of the places where our historical monuments have been preserved since the nomadic era. His discoveries reveal that the history of modern country - Kazakhstan is in a state of spiritual renewal, has a deep history and many ancient monuments.

Key words: *archeology, culture, monument, museum, value.*

Біз өз тарихымыз бен мұраларымызды өткенімізді айтып мақтану үшін емес, ертеңгімізді ойлап қам жасау үшін, даму үстіндегі замана талабына жауап бере алатындай алғы шарттардың бәріне ие екенімізге өзімізді де, өзгелерді де сендіре алуымыз үшін зерттеп зерделейміз»- деген Елбасының сөзі халқымыздың тарихи-мәдени мұрасын жинап, сақтауға, зерделеп, жүйелеуге, оларды болашақ ұрпаққа толықтай жеткізуге міндеттейді.

Қазақ елінің тарихы мен мәдениеті жылдар бойы зерттеліп келді, әлі де зерттеле бермек. Ел тарихын жасайтын – халық. Халық есінде елі үшін адал еңбек еткен, Отаны үшін ерлік көрсеткен тұлғалар мәңгілікке сақталынады. Олардың есімдері алтын әріппен тарихта жазылады. Сондай ұлы тұлғалардың бірі, бірегейі — Бекмұханбет Нұрмұханбетов. Ол өзінің адамдық қасиетімен қатар жазған археологиялық зерттеулерінің тереңдігімен ерекшеленеді. Бекмұханбет Нұрмұханбетовті көпшілік Бекен ата дейтін еді. Бекен ата өмір бойы Есіктегі сақ обаларының шырақшысы болып, ұрпақ санасына сақ дәуіріндегі бабалардың рухын сіңіруге өлшеусіз үлес қосты.

Қазіргі қазақ мемлекетінің басты рухани құндылығына айналған «Алтын адамды» ең алғаш қабірден аршып алып, әлемге таныту бағы Кемел Ақышев пен Бекмұханбет Нұрмұханбетовтің маңдайына бұйырғаны тегін болмаса керек. Ол кісінің ашқан жаңалықтары қазіргі Қазақстан тарихы, біздің Отанымыз рухани жаңару жағдайында тұрған ел үшін тарихымыз терең болғанын, көне ескерткіштердің көп болғандығын дәлелдейді.

ХХ ғасырдың басты жаңалықтарының бірі - «Алтын адамды» ашқан Бекен Нұрмұханбетов бар ғұмырын қазақ археологиясына арнады. Қорық-мұражай ашып, ашық аспан астындағы тарихи жәдігерлерді қорғауға алу туралы бастаманы алғаш болып көтерді. Қазба жұмыстарын жүргізудің тың әдіс-тәсілдерін енгізген де Бекен Нұрмұханбетов болатын. Археолог өмірінің соңына дейін өзінің сүйікті кәсібімен айналысып, экспедициялық сапарлардан қалмаған. «Алтын Адамды» киесі мен иесі бекем топырақтан өз қолымен аршып алған Бекен ата – археолог Бекмұхамед Нұрмұханбетовтің қуанышында

шек жоқ. Ол осыған дейін де осы қорғанның тылсым сырлары мен тағдыры мен тарихы тереңде жатқан құпияларын зерттеуге өмірін арнап келе жатқан айтулы ғалым еді. Сонау бір жылдардан бері қорғанның қорғаушысы, зерттеушісі, әр рет келген қонақтарға өзінің білгендері мен көргендерін насихаттап, айтушы – осы қарт. «Бұл жай тас пен топырақтың үйіндісі емес, бұл – киелі де сырлы топырақ, бірегей ғимараттардың бізге жеткен шөгіндісі. Мұндағы әрбір түйір топырақтың өзгеше орны бар. Оны ұрпаққа жеткізу, түсіндіру, өз мәдениетіміздің тым тереңдегі мәніне үңілдіру – біздің міндетіміз. Суреттер мен экрандардан насихаттағаннан гөрі, жас ұрпақты осы жерге ертіп келіп көрсету – анағұрлым маңызды. Біз соған жұмыс істеудеміз», – дейді мұражайдың жетекші ғылыми қызметкері Бекен ата.Саналы ғұмырын осы қорғанның елге насихатталуына сарп еткен ақсақалдың сөзіне бойлап, өзінің бұрынғы және жаңа тарихын білу мен түсіну – әрбір Алаш оғланына серт болуға тиіс. Себебі, сенің өткеніңнің әрбір сәтін қаз-қалпында сақтап отырған осы топырақ. Бәрі ұмытса да, өзінің қойнауында өткен жақсылық пен жамандықты, зұлымдық пен зұлматты топырақ ешқашан ұмытпақ емес. Топырақтың бойында біздің асыл тарихымыз, өнегелі өткеніміз жасырулы. Топырақтың қойнауында тағдырлы тарихымыз бен шерлі болса да шежіреміз көмулі. Ал сақ қорғандары соның бірегей дәлелі. Бекен атаның айтқаны осы. Ол кісі тағы былай дейді: «Бұл жерді шаң басып жатқан заттар қойылатын орын деп емес, оны тірі тарих деп қабылдауға тиіспіз».

Есік маңындағы Алтын адам арнайы ғылыми жұмыс нәтижесінде емес, кездейсоқ табылды. 1969-1970 жылдары Жетісу жерінен табылған «Алтын адам» туралы Қазақстан тарихы сабағынан білеміз. Осы жұмысымды жазу барысында ғаламтор бетінен ютуб желісінен Бекен ата мен Алтын киімді адамның табылуы туралы бейнежазбаларды қарадым. Әр түрлі авторлардың мақалаларын оқыдым.

Есік қаласындағы «Есік» Мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайына сыныппен баруға жол түсті. Мұражайға барғанда алған әсерімді сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Қақпасынан кіргеннен тұнып тұрған тарих. Аталған мұражайға келіп, көне тарихтың құпияларына қанығып, сырына бойлаймын деушілерді ең алдымен кіре беріс дәліздің қабырғасына бекітілген «Қазақстан аумағындағы сақ-скиф дәуірінің ескерткіштері» атты электронды карта қарсы алады. Онда қазақ жеріндегі сол дәуірге тән 155 археологиялық нысандардың орындары көрсетіліп, тізімдері берілген. Келушілер аталмыш картамен танысып болған соң, 145 жәдігерліктері бар екі бірдей экспозициялық зал есігі ашылады. Оның біріншісі – сақтар тарихы мен тұрмыс-тіршілігіне арналған «Сақтардың тарихы мен мәдениеті» залы. Ал, келесі зал «Алтын адам» мен оны тауып, ғылыми айналымға қосқан ғалымдарға арналған. Бұл залда «Алтын адаммен» бірге табылған заттар, сақ ханзадасы табылған обаның сызбасы мен жобасы, әйгілі ғалым – К.Ақышев пен «Алтын адамға» алғаш қолы тиген – Б.Нұрмұханбетов туралы мәліметтер бар. Бекен ата көзі тірісінде қазақ жерінде табылған басқа да алтын киімді адамдарды осы мұражайға жинап, ұлт құндылықтарының бір арнаға тоғысуын қалағанын оқығаным бар. Әр өңірден табылған алтын адам туралы мәліметтер беретін тарихи жәдігерлерді аталмыш музейден көре алдым. Бұл қуанарлық жағдай. Жоғарыда аталған алтын адамдар табылған қорғандардың ішінде осы Жетісу жеріндегі қорған ғана тоналмаған деп тұжырымдады қазақ археологтары. Оған дәлел Алтын киімді адаммен бірге сақ заманынан көптеген мәліметтер беретін археологиялық ескерткіштердің табылуы. Бұл ұлттық құндылықтарды Есік қаласындағы мұражайдан көріп қана қоймай, олардың тарихынан сыр шертетін мәліметтер де алуға болады. Қорық-мұражай қызметкерлері келушілерге түрлі тақырыптағы экскурсиялық қызмет көрсетіп қана қоймай, киелі жердің кепиетін ұқтырып, болашақ жобалармен таныстырады. Әсіресе, мектеп оқушыларына, бұл орындар кезінде әлемге атын шығарған даңқты бабаларымыздың сан ғасырлар қойнауынан бүгінгі ұрпақтарына жетіп отырған аманаты екені, ал аманатқа қиянат жасап, қасиетті жерде қасиетсіз іске жол беріп, қорғандар маңайын ластап, таптап жүруге болмайтыны, аманатқа адал болу керектігі баса айтылады. Бекен ата өмірінің соңғы күніне дейін осы мұражайда қызмет еткен екен.

Саяхат барысында археолог жұмыс істеген кабинетке бас сұқтым. Төрде атаның ақ шапаны ілулі тұр. Музейде өтетін игі шараларда оны үнемі үстінен тастамайтын деп Жазира апай өз сөзінде. Қазба жұмыстарына барғанда арқасына іліп жүретін жол сөмкесі де осында жұмыс орны да атаның казір келіп қайтадан жұмысын жалғастырардай дайын тұрғандай көрінді маған. Енді мұндағы заттардың бәрі құнды жәдігерлердің біріне айналып кеткендей. Бекен ата келешек ұрпаққа сақ заманынан келе жатқан құнды жәдігерлерімізді жинақтап, мәңгіге қалдыруды мақсат еткен екен.

Елбасы « Қандай арманыңыз бар? » -деген сұрағына ата бабамыздан келе жатқан тарихи мәдени мұрамыз аяқ астында тапталмасыншы, осы жер болашақ ұрпағымыздың қадір қасиет тұтар мекені болса екен деген арманын айтқан екен. Археолог атамыздың ғылыми атағы болмаған екен. диссертация жазумен емес, Қазақстан аумағындағы тарихи жәдігерлерді зерттеумен халыққа қолжетімді болу үшін газет беттеріне жүзден аса мақала жариялаған екен. Көктем шығып күн жылына сала, Бекен ата патша қорғандарының қасына киіз үйін тігіп, өзінің жақсы көретін жұмысын жасаған. Мұражай қызметкерлері «Генератор» деп атап кеткен екен. Өмірінің соңғы күндері зерттеу тобымен Рахат қонысының маңында қазба жұмыстарын жүргізуге бармақшы болған екен. Тіпті жол сумкасын да жинап қойған археолог атамыздың жақындары оны тағы бір зерттеу жұмысына кеткендей сезімде екендерін жеткізген.

2016 жылы Есіктегі «Алтын адамды» тауып, бүкіл әлемге танытқан қазақтың белгілі археологы Бекмұханбет Нұрмұханбетов 2016 жылы 12 маусымда 81 жасында дүниеден озды.

Егер Бекен атаның армандар орындалса, одан ешкім ұтылмайды. Қорық маңындағы көріністерді Алтын адам дәуіріндегі кезеңдерге сай етіп жасақтаса, өлке тарихына деген қызығушылық арта түсер еді. Сонда бұл жерге келушілер бір сәт көне тарих қойнауына сүңгіп, сақтармен бірге жүргендей әсерге бөленері сөзсіз.

Біз әлі-ақ әлемге Алтын Рухымызды, кемел келешегімізді паш етеміз. Қазақтың алар асуы әлі алда. Елбасымыздың бастамасымен көтерілген әрбір бастама қазақ тарихын болашақ ұрпақтың біліп қана қоймай, оны мәңгіге ұмытпай, ұлттық құндылықтарымызды дәріптеуге бағытталады. Ендеше бірлігіміз жарасып, ел тарихына құрамдас бөлігі болып табылатын, өлке тарихын зерттеумен айналысайық.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Елбасының „Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру“ мақаласы, // Егемен Қазақстан сәуір, 2016 ж.
2. «Жетісу» энциклопедиясы Алматы, «Арыс», 2004жыл
3. Назарбаев Н.Ә Тарих толқынында Алматы, Атамұра 1994ж
4. Жолдасбайұлы С.Ж « Жетісу тарихы » (XVI – XVIII ғ.ғ)
5. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. Бес том. – А.: Атамұра, 1998. 1 т.
6. «Сен білесің бе?» энциклопедиясы. Алматы қ., Аруна баспасы.
7. Алматы облысы, Жол көрсеткіш, Астана қаласы.
8. Байпаков К.М « Қазақстанның ежелгі қалалары» (балаларэнциклопедиясы) А, «Аруна -Ltd » 2005 жыл
9. Т. Жұмаханов, Б. Жұматев., т.б « Ежелгі Қазақстан », Алматы, 2006жыл
10. Ә. Талқанбаев «Тарихы терең, табиғаты ерен таулы өлкем», «Астана Медиа Пресс», 2013 жыл
11. Құрбанәлі Ж. « Сақ дәуіріне саяхат Есіктен басталады» // Ана тілі газеті, 3-9 сәуір 2014 жыл

Ғаламторда ұсынылатын сайттар:

http://www.tarih-begalinka.kz;
http:// www.e-history.kz;
http://bilimsite.kz/tarih/;

УДК 378.18:372.

СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ КОНЦЕРТМЕЙСТЕРСКОГО МАСТЕРСТВА ПЕДАГОГА ДЕТСКОЙ МУЗЫКАЛЬНОЙ ШКОЛЫ

Митина Н.А., к.п.н.
Детская музыкальная школа им. Н.Тлендиева, г. Талдыкорган,

e-mail: *Mitina111@gmail.com*

В статье рассматривается проблема совершенствования концертмейстерского мастерства педагога детской музыкальной школы. Автор полагает, что структура концертмейстерской работы отражает фактически все виды и стороны повседневной деятельности педагога дополнительного образования в Детской музыкальной школе. Автор статьи указывает на необходимость поднятия уровня концертмейстерского мастерства, активизации интереса к нему. Предлагаются различные формы и методы этой работы. В свою очередь, приобщение педагогов дополнительного образования к овладению концертмейстерским мастерством должно осуществляться последовательно при постепенном усложнении учебных заданий во всех основных областях данного вида деятельности. Автор доказывает, что узкопрофессиональные концертмейстерские умения и навыки связаны с музыкально - художественным кругозором специалиста и его творческой индивидуальностью.

Ключевые слова: *педагог дополнительного образования, концертмейстер, концертмейстерская деятельность, Детская музыкальная школа, концертмейстерские умения и навыки.*

Мақалада балалар музыкалық мектебі мұғалімінің аккомпанисттік шеберлігін арттыру мәселесі талқыланады. Автор концертмейстер жұмысының құрылымы іс жүзінде балалар музыка мектебінің қосымша білім беру мұғалімінің күнделікті қызметінің барлық түрлері мен аспектілерін көрсетеді деп санайды. Мақала авторы концертмейстер шеберлігінің деңгейін көтеру, оған деген қызығушылықты күшейту керектігін көрсетеді. Бұл жұмыстың әртүрлі формалары мен әдістері ұсынылады. Өз кезегінде, қосымша білім беру мұғалімдерін аккомпаниистік шеберлікті игеруге енгізу іс-әрекеттің осы түрінің барлық негізгі бағыттары бойынша оқу тапсырмаларын біртіндеп күрделендірумен дәйекті түрде жүзеге асырылуы керек.

Тірек сөздер: *қосымша білім беру мұғалімі, аккомпанистрист, аккомпанисттік қызмет, балалар музыкалық мектебі, аккомпанист шеберлігі мен дағдылары.*

The article deals with the problem of training a teacher of additional education to work as an accompanist in a children's music school. The author believes that the structure of the concertmaster's work reflects virtually all types and aspects of the daily activities of a teacher of additional education at the Children's Music School. The author of the article points out the need to raise the level of accompanist skill, to intensify interest in it. Various forms and methods of this work are proposed. In turn, the introduction of teachers of additional education to mastering the accompanist skills should be carried out consistently with a gradual complication of educational tasks in all the main areas of this type of activity. The author proves that narrowly professional accompanist skills and abilities are associated with the specialist's musical and artistic horizons and his creative personality.

Key words: *teacher of additional education, accompanist, accompanist activity, Children's music school, accompanist skills.*

В процессе различных видов учебной и внеучебной деятельности педагогу-концертмейстеру детской музыкальной школы приходится исполнять различные произведения, зачастую сложные по технике и по задачам художественного воплощения. От мастерства пианиста-концертмейстера в большой степени зависит успех подготовки учащихся к выступлению. Деятельность в качестве концертмейстера требует от педагога ДМШ высокого музыкально-исполнительского и педагогического мастерства, постоянного самосовершенствования, артистизма, сценической выдержки. Концертмейстерское искусство требует от педагога фортепиано ДМШ высокого музыкального мастерства, художественной культуры и особого призвания. Структура учебного процесса педагога-концертмейстера отражает фактически все виды и стороны повседневной деятельности педагога фортепиано в детской музыкальной школе.

Совершенствование концертмейстерского мастерства осуществляется практически в течение всей профессиональной деятельности педагога-концертмейстера. Педагог-концертмейстер должен отлично читать с листа, транспонировать, аккомпанировать солистам, ансамблям, хоровым коллективам, владеть навыками психологической саморегуляции.

В музыкальной литературе освещались вопросы, связанные с чтением музыки с листа (М.А.Смирнов, В.В.Подольская, Н.А.Крючков), транспонированием и подбором по слуху (О.В.Рафалович, Т.И.Карнаухова). Полезные рекомендации концертмейстерам, работающим с вокалистами, содержатся в статьях Л.Жирова, Т.Чернышовой и др.

Концертмейстерство, как музыкально-творческая деятельность рассматривается в работах М.В.Воротного, Е.И.Кубанцевой, А.П.Люблинского.

Основные компоненты в работе педагога-концертмейстера исследуются Е.В. Гриневой, Е.А.Островской, А.Ф.Григорьевой и др.

Названные выше исследования вносят значительный вклад в музыкальную теорию и практику, обогащая ее важным фактическим материалом. Вместе с тем, следует отметить, что, несмотря на всю актуальность и значимость, проблема совершенствования концертмейстерского мастерства педагога детской музыкальной школы в процессе практической деятельности, не становилась до сих пор предметом специального научно - педагогического изучения.

Подготовка педагога дополнительного образования к концертмейстерской деятельности предусматривает комплексное развитие психолого – педагогических и специальных знаний, умений и навыков, методическую и практическую грамотность специалистов. Узкопрофессиональные концертмейстерские умения и навыки связаны с музыкально - художественным кругозором специалиста и его творческой индивидуальностью. Педагог дополнительного образования в качестве концертмейстера должен уметь сосредотачивать внимание на поиске разнообразия красок в фактуре сопровождения, партитуре, уметь найти в фактуре наиболее важные по звучанию моменты, уметь выделить, где это необходимо, мелодию или бас.

Мастерство педагога - концертмейстера глубоко специфично. Необходим не только огромный артистизм, но и разносторонние музыкально – исполнительские способности (умение играть на инструменте, выразительно петь, уметь сочетать игру с пением, подбирать по слуху, уметь аккомпанировать солисту-вокалисту или инструменталисту и т. д.), а также предполагается доскональное знание детских певческих голосов, хоровых партитур.

Наибольший интерес для нас представляет освещение проблем, связанных с формированием и развитием профессионально значимых концертмейстерских умений и навыков. Важны при этом следующие направления:

1) координация исполнительских действий пианиста – аккомпаниатора с солистом (в частности, умение предвосхищать взятие дыхания и цезуры вокалиста, ритмически – пропорционально поддерживать агогические отклонения при аккомпанировании

инструменталисту и др.);

2) формирование комплекса умений и навыков, необходимых при чтении с листа и транспонировании;

3) умение подбирать музыку по слуху, исполнять вокальное произведение под собственный аккомпанемент, регулировать фортепианное звучание в соответствии с индивидуальными возможностями солиста-вокалиста, инструменталиста, ансамбля, хора и др.

4) деятельность педагога-концертмейстера в условиях дистанционного обучения;

5) развитие умений и навыков психологической саморегуляции.

В этой связи, по мнению Р.Хавкиной – Трахтер, способами и средствами концертмейстерской подготовки являются, с одной стороны, яркость и точность музыкально - слуховых представлений, а с другой - система исполнительских умений и навыков [1].

Считаем, что процесс совершенствования концертмейстерского мастерства педагога ДМШ должен опираться на специфику его профессиональной деятельности.

Роль концертмейстера далеко не второстепенна. Она не исчерпывается функциями гармонической и ритмической поддержки солиста, детского хора, вокальной группы и т.д. Шендерович Е.М. утверждает, что это не просто подыгрывание, а создание вокального или инструментального ансамбля, общей высокохудожественной звуковой картины [2]. Наряду с этим, от педагога - концертмейстера требуется психологический контакт с исполнителями, слияние его индивидуального эмоционально – психологического настроя, с коллективным.

Среди особенностей работы педагога ДМШ в качестве концертмейстера как со школьной песней, так и с солистом так и с детским хором, следует подчеркнуть глубокую связь музыки с текстом. Музыкальная интонация является основой музыкального искусства. Как посредством тех или иных интонаций в человеческой речи передаются и выражаются эмоции человека, так в музыке выражается художественный образ. Неопытный концертмейстер зачастую не представляет себе, что такое музыкальная интонация, его пальцы «равнодушно» перескакивают любые расстояния без отчетливого представления «интонационного события», лежащего в основе любого интервала. Педагог дополнительного образования, имеющий хорошую концертмейстерскую подготовку, не будет на инструменте одинаково интонировать, например, терцию или септиму, а найдет в своей кисти ту упругость и сопротивляемость, которую он ощущает в пении при скачке на большой интервал.

Итак, хорошее владение инструментом - первое качество, которым должен обладать педагог, чем выше его исполнительское мастерство, тем выше его квалификация как концертмейстера. Всякая музыка расчленена дыханием, в связи с этим, концертмейстерская подготовка педагога дополнительного образования предполагает также развитие умения «помогать» школьникам своей игрой распределять дыхание и силу звука на протяжении всего музыкального произведения. «Плохой пианист никогда не сможет стать хорошим аккомпаниатором, впрочем, и не всякий хороший пианист достигнет больших результатов в аккомпанементе, пока не усвоит законы ансамблевых соотношений» [3., с 20].

Особое внимание при совершенствовании концертмейстерского мастерства необходимо уделять качеству звука, поэтому одним из обязательных условий успешности подготовки специалиста является его способность к слуховому самоконтролю. Развитие навыков слухового самоконтроля формируется в процессе чтения с листа, транспонирования, игры в ансамбле, подбора по слуху.

Другим, немало важным качеством, которым должен обладать концертмейстер, является артистизм и умение владеть собой во время сценического выступления. Начинающий концертмейстер имеет небольшой исполнительский опыт и, как правило, во время концертных выступлений очень волнуется. Волнение волнению рознь. Известная

взволнованность «приподнятость» перед выступлением и во время него не только естественна, но и желательна. Но, помимо волнения «подъема» существует и другой вид эстрадного волнения – «волнение - паника». При этом игра лишается управления, исполнителя «несёт» как щепку по волнам, движения его сжимаются, он комкает, мажет, плохо чувствует ансамбль. Разумеется, никакого удовольствия такое исполнение никому не доставляет. Обычный результат такого исполнения - психическая травма, которая может привести будущего учителя музыки к отказу от концертмейстерской деятельности.

В связи с этим, другим немало важным компонентом концертмейстерской подготовки педагога ДМШ является развитие умений и навыков психологической саморегуляции. Они формируются на протяжении длительного времени путем сочетания приобретаемого сценического опыта с целенаправленной работой по личностному самосовершенствованию. Адекватная концертмейстерская подготовка может свести к минимуму все психотравмирующие элементы концертмейстерской деятельности. Педагог ДМШ должен быть достаточно осведомленным в вопросах произвольной психологической саморегуляции, знать основные методы, техники и приемы, иметь ясное представление о возможных результатах их применения. Это, несомненно, повысит эффективность участия учителя в творческом процессе.

Хорошая концертмейстерская подготовка предполагает также понимание педагогом дирижерского жеста, умение сочетать голоса партитуры между собой и с аккомпанементом, умение трехстрочного проигрывания любой школьной песни, умение гармонизовать мелодию в фортепианной фактуре.

Мы считаем, что уровень концертмейстерского мастерства педагога ДМШ значительно повысится, если в учебном процессе будут использоваться современные педагогические технологии в сочетании с современными информационными технологиями.

Особенно актуальной является проблема осуществления педагогом концертмейстерской деятельности в условиях дистанционного обучения. В связи со сложившейся ситуацией в стране, особое значение в настоящее время в системе совершенствования концертмейстерского мастерства педагога ДМШ, приобретает освоение и активное применение им различных дистанционных форм обучения. Работа должна осуществляться по следующим направлениям:

1) подготовка записей аккомпанементов для домашних занятий учащихся;
2) запись аккомпанементов для академических он-лайн прослушиваний и концертов;
3) запись аккомпанементов для участия обучающихся в различных он-лайн конкурсах.

Для успешных занятий в домашних условиях педагог-концертмейстер записывает и отправляет ученику запись аккомпанемента. Учащийся переносит его на электронный носитель и использует для полноценных занятий дома. Для слабых учеников записывается аккомпанемент с мелодической линией, для наиболее продвинутых – без темы. Работа педагога-концертмейстера по всем направлениям осуществляется совместно с педагогом-инструменталистом и родителями. Только в этом случае будут получены эффективные результаты, ибо путь один - это постоянное совершенствование, серьезный творческий подход к работе.

Совершенствование концертмейстерского мастерства педагога ДМШ при дистанционных формах обучения осуществляется с использованием различных информационных технологий. Современный преподаватель-концертмейстер должен уметь работать с новыми средствами обучения, для того чтобы обеспечить одно из главнейших прав ученика – право на качественное музыкальное образование.

Внедрение современных информационных технологий в учебный процесс ДМШ позволяет активизировать процесс обучения повысить темп усвоения материала

учащимися, поднять на более высокий уровень их самостоятельную работу дома. При этом большую роль для повышения качества работы преподавателя-концертмейстера будет играть использование музыкальной программы «Sibelius». Эта программа является одной современных систем нотации, с помощью которой возможно довольно быстро подготовить аккомпанемент. Программа позволяет прослушать произведение, подобрать и гармонизовать мелодию, упростить музыкальную фактуру, транспонировать произведение. Использование данной программы также будет способствовать совершенствованию профессионального мастерства педагога-концертмейстера.

Значительный объем специальных знаний, умений и навыков, необходимых педагогу для успешного осуществления концертмейстерской деятельности в ДМШ, их разнообразие и многопрофильность, требуют последовательности и определенной систематизации. Только в этом случае возможно всестороннее и полноценное совершенствование концертмейстерского мастерства педагога ДМШ, как необходимой составляющей его общей профессиональной компетенции.

ЛИТЕРАТУРА:

1.Хавкина - Трахтер Р. Работа в концертмейстерском классе. - В сб.: Вопросы фортепианной педагогики. Вып. 11. - М.: Музыка, 2016. - с. 134 - 146.

2.Шендерович Е.М. В концертмейстерском классе: Размышления педагога.- М.: Музыка, 2016. - 206 с.

3.Гринева Е.В. Основные компоненты в работе концертмейстера с учащимися инструменталистами в ДШИ // Материалы V Зональной научно-педагогической конференции.- Строитель, 2018.- С.20.

ӘОЖ 821

«АЛАСАПЫРАН» РОМАНЫНДА АЛТЫН ОРДА КЕЗЕҢІНДЕГІ МОРАЛЬДЫҚ ЖӘНЕ МАТЕРИАЛДЫҚ МӘДЕНИЕТТІҢ СУРЕТТЕЛУІ

Мухамадиева С.С. магистрнат
Ғылыми жетекшісі: Сарбасова Қ.Б. ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор (доцент)
І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.

e-mail: *saniua_95@mail.ru*

Біз зерттеу мақаламызда XVI ғасырдағы, яғни Алтын Орда дәуіріндегі ұлттық құндылықтарды көрсететін тілдік бірліктерді моральдық және материалдық деп екі топқа бөлдік. Моральдық мәденитке мақал-мәтелдер мен фразеологиздер, көшпелі халық салт-дәстүрлері мен ойындарын жатқыздық. Ал материалдық мәдениетке әскеи лауазымдар, ұлттық қару-жарақ, киім-кешек, тұрмыстық, зергерлік бұйымдар, тағам атауларын топтастырдық.

Тірек сөздер: *мәдениет, этнографизм, ұлттық киім-кешек, құндылықтар, сал-дәстүр.*

В нашей исследовательской статье языковые единицы, отражающие национальные ценности XVI века, т.е. эпохи Золотой Орды, мы разделили на две группы: моральные и материальные. Мы включили в нравственную культуру пословицы и фразеологизмы, кочевые традиции и игры. Мы сгруппировали военные позиции, национальное оружие, одежду, предметы домашнего обихода, украшения и продукты питания в материальную культуру.

Ключевые слова: *культура, этнография, национальные костюмы, ценности, традиции.*

In our research article, linguistic units reflecting national values of the 16th century, i.e. the era of the Golden Horde, we divided into two groups: moral and material. We have included proverbs and phraseological units, nomadic traditions and games in the moral culture. We have grouped military positions, national weapons, clothing, household items, jewelry and food into a material culture.

Key words: *culture, ethnography, national costumes, values, traditions.*

Биыл Алтын Ордаға – 750 жыл. 750 жыл бұрын құрылған бұл мемлекеттің тарихы, қоғамдық құрылымы, ұлттық салт-дәстүрі түгелге жуық әдеби шығарма мен бірнеше зерделі қаламгердің еңбегімен бүгінгі ұрпаққа кеңінен насихатталып келеді. Міне, сол тарихи тақырыптағы таңдаулы шығармалардың бірі – «Аласапыран» романы. Ал, оның авторы М.Мағауин – тарихи тақырыпты жүйелі түрде әдеби жанрда жазатын санаулы қаламгерлердің бірі. М.Мағауиннің «Аласапыран» тарихи романындағы ұлттық құндылықтарды сипаттайтын тілдік ерекшеліктеріне тоқталып, сөз өнеріндегі жазушы шығармашылығының өзгешелігіне үңілдік. Сондай-ақ, Ноғайлы, Алтын Орда дәуірінен бергі қазақ хандығының тарихын зерттеген М.Мағауиннің суреткерлік шеберлігі шығармада жақсы үйлесімділік тапқан. Романды оқығанда көз алдыңыздан XVI ғасырдағы қазақтың азат даласы, Ібір-Сібірдегі Көшім хандығы, мұнаралы Мәскеудегі орыс патшалығының ісі ретімен тізіліп өтіп жатады. Сонымен қатар, шығарманы оқығанда ойыңа оралатын сан түрлі сұрақтарға жауап та табасың. Хан ордасы, Алаш бегі, ұлыс бегі, сұлтан, батыр, оғлан дегендердің кім екендігін анық аңғартады. Оны оқығанда адам баласының сүйсінерлігі соншама, мол материалды қамтыған кесек шығармадан шұбалаңқылық, не оқиға желісінен селкеулік сезілмейді. Себебі, соның бәрі де бас қаһарман Ораз-Мұхаммед тағдырына қатысты түрде жазылған. Қандай да болмасын көркем туындыны сөз еткенде оның өзінен бұрынғы шығармаларға ұқсастығын емес, қайталанбас ерекшелігін алдымен іздеген абзал. Кейбір шығармалардың жанрлық сипатын талдау мен бағалау қиындық келтіреді. Мұның себебі олардың құрылысы, жалпы бітімі, оқиғалар жүйесі айрықша өзгеліктен туындайды. Осындай шығармалар қатарына М.Мағауиннің «Аласапыран» романын қосуға болады. «Аласапыран» романында он алтыншы ғасырдың аяғы мен он жетінші ғасырдың басында өмір сүрген Ораз-Мұхаммедтің қырық жыл өмірі арқылы қазақ халқының саяси-әлеуметтік ахуалы, ішкі қайшылықтар, сыртқы жаулар, әсіресе, орыс халқының жыртқыштық саясаты, ар, намыс үшін кескілескен ұрыстарда қазақ халқының өз тәуелсіздігін қорғауға қажыр-қайрат таба білгендігі, осы оқиғалар тұсында қол бастаған Мұрат сұлтан, Көшек сұлтан сияқты ұландарын ардақтай жазады. «Аласапыранды» оқып шыққанда жазушы жұртқа белгілі тарихи оқиғалардың хронологиялық ізімен жүріп отырғанын аңғарамыз.

М.Мағауин – өзіндік стиль тапқан сөз шебері. Аталған романнан белгілі алаштанушы ғалым, жазушы Тұрсын Жұртбай өзіне беймәлім 800 сөз, жазушы Нұрқасым Қазыбек 600-ден астам соны сөз, ал этнограф ғалым Ақселеу Сейдімбек 200-дей ескі сөз тапқаны қазақ әдебиетінде үлкен таңданыс тудырды. Суреткер жазушы Ғ.Мүсірепов «Аласапыранды» оқып шығып, «... қанша архивті қопарғанына, қанша қалаларды кезгеніне» таңғалғандығын тамсана айтады. Міне, бұл пікірлер бізге Алтын Орданың 750 жылдағының қарсаңында дәл осы романды зерттеуімізге ой салды.

Жазушы Мұхтар Мағауин «Аласапыранды» қазақ халқының сөз өнеріндегі бекзат кескінді, саф алтындай бағалы, кәусардай тұнық иірімдеріне терең бойлата отырып жазып шықты. Біз зерттеу мақаламызда XVI ғасырдағы, яғни Алтын Орда дәуіріндегі ұлттық құндылықтарды көрсететін тілдік бірліктерді моральдық және материалдық деп екі топқа бөлдік. Моральдық мәденитке мақал-мәтелдер мен фразеологиздер, көшпелі халық салт-

дәстүрлері мен ойындарын жатқыздық. Ал материалдық мәдениетке әскеи лауазымдар, ұлттық қару-жарақ, киім кешек, тұрмыстық, зергерлік бұйымдар, тағам атауларын топтастырдық.

Романдағы ұлттық ойдың көрінісі, санамыздың сәулесі, ұлттығымыздың айнасы, моральдық мәдениетіміздің бет-қаймағы – мақал-мәтелдер, авторлық афоризмдер мен фразеологизмдер. Мұхтар Мағауин қазақ сөз өнерінің інжуі болған мақал-мәтелдерге өзінше түр, сын-сипат береді. Мысалы, *«Екі шыбын сүйкенсе, шыбын өледі екен, екі патша тартысса, ортадағы қара халық күйзеледі екен. Ал екі жұрт тоғысса, телімдегі әлсіз қауым жазаға ұшырамақ (А.735)»* деп жазады.Бұл тұста жазушы «Екі өгіз сүйкенсе, шыбын өледі» деген халық мәтелін дамытып, өз қолданысының сүрлеу жолына сала білген, тыңнан тұнық ой тудырған. Академик ғалым Тұрсын Сыдықов: «М.Мағауин көбіне мақал-мәтелдерді ойдан шығарады... Ондай тақырыпты ашып, шығарма мазмұнын тереңдете түсетін мақалдар тудыру әрекеті басқа тарихи романдарда көп ұшыраса бермейді», - дейді [1, 112 б.]. Тарихи романнан: сұлтан – тізгін, би – ауыздық, батыр – қамшы; қараның қыбын табу – ханның парызы; хан қасында – қараша, ел екеу болса, дау төртеу болады; ісің құрдымға кетсін десең, тізгінді әйелге тапсыр; елдің еркіне жығылу – бектің парызы т.б. мақалдардың шоғырын жиі кездестіруге болады. Бұл – жазушының ойын оқырманға жеткізу мақсатындағы ерекше шеберлігі екені даусыз.

Бұл арада ұлы сыншы В.Г.Белинскийдің мына сөздері дөп келеді: «История представляет нам событие с его лицевой, сценической стороны, не приподнимая завесы с закулисных происшествий, в которых скрываются и возникновение представляемых ею событий и их совершение в сфере ежедневной, прозайческий жизни. Роман отказывается от изложения исторических фактов и берет их только в связы частным событием, составляющим егео содержание, но через это он разоблачает перед нами внутренную сторону, изнанку, так сказать, исторических фактов, вводит нас кабинет и спальню исторического лица, делает нас свидетелями его домашнего быта, его семейных тайн, показывает его нам не только в парадном историческом мундире, но и в халате с кольпаком. Колорит страны и века, их обычай и нравы высказываются в каждой черте исторического романа, хотя и не составляют его цели. И поэтому исторический роман есть как бы точка, в который история, как наука, сливается с искусством, есть дополнение истории, ее другая сторона» [2, 65 с.].

Біз моральдық мәдениетке жатқызған фразеологизмдер романда көбіне баяндауыш қызметін атқарған тәрізді. Атап айтқанда, *Ораз Мұхаммедтің жүрегі суып кетті (А. 185). Талай рет тізеліктен қан кештім, бір-ақ рет жүрегім шайлықты, - деді Бесоба батыр, - ет бауыр жақынның да, қанды көп жолдастың да қазасын көп көрдім, бір-ақ рет қабырғам қайысты (А. 93). Әуелде Құдайдың құлының күнәлі ісіне жаны түршіккен еді, соңынан бұл кінәға өзінің де қатысы барын аңдап, таубаға келді (А.156).* Осы сөйлемдерде «жүрегі суып кетті», «жүрегі шайлығу», «қабырғасы қайысу», «жаны түршігу» деген тұрақты тіркестер барлығы дерлік баяндауыш қызметінде қолданылған. Бірақ бұл романда фразеологиялық тіркестер тек етістіктің қызметін атқарып тұр деген жаңсақ пікір туындамауы керек. *Сыңсып тұтас отырған, арасына ит тұмсығы батпас жері мол, елі бай, көркі бойында, еркі басында... сондай бір ел бар (А.28).* Деген сөйлемде тұрақты тіркес анықтауыштың қызметін атқарып тұр. Десе де, баяндауыштың қызметіндегі фразеологизмдерге қарағанда сирек кездеседі.

Романды жазу бар да, оны осыдан бес-алты ғасыр бұрынғы стиль тезіне салып, ескіні жаңғыртып, өшкенін тірілті табанды еңбек ету, ізденген жанның ғана қолынан келер дүние. Сол дәуір сөзімен тіл қату бұл романға жазушының үлкен дайындықпен келгенің аңғартады. Осы орайда ғалым Р.Сыздық: «Халықының бұдан 3-4 жүз бұрын өткен тарихын көркем сөзде көрсеткің келген екен, бұл ауыр, тым ауыр жүкті мойныңмен көтересің. Міне, жазушы Мағауин осыны жақсы білген. Білген де, тарихи стиль тезіне салынған шығарманың тамаша үлгісін берген» [3, 36 б.] - пікірімен айқындай түседі. Романда

көнерген сөздерді кеңінен қолданған. Мәселен, еру, барақат, жесір, абақ, дәруіш, қотты, нәмәрәт, сәләт, қабила, тәкия, тәштит, сандал, бәсте, пешенек, шәлкес, жаһаттас, мешер, әзелде, құшнаш т.б. *Ораз-Мұхаммед ақ сандал тақтан атып тұрып құран ұстағандай құрметпен қабыл алған (А.59).* Бұл сөйлемде «сандал» тақ мағынасында қолданылып тұр. Сандал сөзінің бірнеше мағынасы бар. Бізде көбіне аяқ киім деген мағынасында қолданылады. Ал сандал – көнерген сөз, ол мәртебесі жоғары адамдар отыратын арқалығы, шынтақ тірейтін жақтауы бар, аса биік емес орындық.

Шын мәнісіне келгенде салт-дәстүр, әдет-ғұрып – қоғамдағы әлеуметтік қарым-қатынасты, адамдардың топтасып өмір сүруін, әр халықтың менталитеті мен мәдениетін, тұрмыстық хал-жағдайынан мағлұмат беретін басты ақпарат көдерінің бірі. Романда үйлену тойына байланысты салт-дәстүрлер, бала дүниеге келерде жасалатын ырымдар, достық, мемлекеттік қарым-қатынастағы дәстүрлер, жоқтау айту т.б. салт-дәстүр түрлері көрініс тапқан. Атап айтқанда, «Құда болу, анда болу саясат шығар, қылыш алмасу – дәстүр», «*Босағадан оң аяғымен аттағанда, күміс теңгеден шашу шашылған. Ошақ иесі – От Ана, бесік пірі – Ұмай Ананың құрметіне қызыл шоққа сұйық май құйылып, түтін түтетілген. Жаңа отауына жар-жарсыз, беташарсыз, тіпті бес етек көйлек, биік сәукелесіз кірген жас келн шымылдық ішінде ұзақ отырмады. Үлкен әже жасаған қасиетті дұғадан соң неке суын ұрттай сала рәсімді бұзған. Бәйбішеге сәлем жасап шығуы керек екен (А.462)»* деген сөйлемдерден жазушының салт-дәстүрлерді бірімен-бірін жымдастырып, сабақтастыра пайдаланғанын байқаймыз.

Сүйек тарату – алыстықты емес, жақындықты уағыздайды екен. Ораз-Мұхаммед көне салттың келісімді жағына көбірек ден қойған (А.25).

... Жармаға түпте тоғыз, алда тіркесе қатарасқан жеті, ең баста екеу – жиыны он сегіз түйе жегілген. Көшірі жоқ. Хан сұлтан ордасын жетектеу – дәстүрге жат (А.38).

Ірі жер марапаттары «зеямет» деп аталды. Олардың иелері – «қарыз алушылар» Сипах жауынгерлері бөлімшелерінің командирлері болды. Тимариоттар мен заимдар фермаларын «Райя» деп аталған мұсылман емес шаруалар жүргізді, Тимариоттар мен заимдар Осман империясының әскери күшінің негізі болды. Уақыт өте келе янычарлар маңызды әскери күшке айналды. Бұл күзетшілер негізінен сұлтанның сарайында тәрбиеленген құлдардан жалданған. Әскери жүйенің күштілігі Осман империясының негізгіі тірегіне айналды. Мұсылмандар үшін түрік сұлтаны жер бетінде Алланың әміршісі болды. Сұлтанның туыстары мен жоғары лауазымды адамдарына үлкен жер телімдері – «хассалар» мен «фрпалықтар» тиесілі болды. Бұл жерлер салықтық иммунитетке ие болды және оларды «мультазим» деп аталған делдалдар басқарды. Алайда, бұл иеліктер мұрагерлік емес еді. Жалпы алғанда, мемлекет меншіктің барлық түрлерін қатаң бақылауға алды. Барлық жерлер мемлекеттік болып саналды және сұлтанның атынан оларды шенеуніктер иеленген [4, 54].

Жердің бір бөлігі жеке меншікте болды – бұл «мүлік». Мұнда салық иммунитеті бар мұсылман дінбасыларының «вакф» жерлері болды. Жерге орналастырудың жоғарыда аталған барлық жүйесі феодалдық сепаратизмді нығайтуға мүмкіндік бермеді. Империяда мұрагерлік жердегі ақсүйектер болмаған. Бұл осы жүйенің артықшылығы болды. Алайда, бұл құрылымда тұлғалық байланыстар жүйесі түрінде әлсіздіктер де болды. Бұл жүйенің ең әлсіз буыны жоғарғы билеушінің өзі – сұлтан болды. Себебі, үлкен ұлға таққа мұрагерлік

құқығын беру туралы нақты ереженің жоқтығы болды. Әулеттік қақтығыс билікке келген сұлтанның бауырларын өлтірудің қатыгез практикасына әкелді. Дәстүр бойынша империяның барлық тұрғындары жоғарғы билеушінің құлдары болды. Кез-келген адамның, сонымен қатар оның туыстарының да өмірі сұлтанға байланысты болды.

Ел үкіметін ұлы уәзір басқарды. Биліктің орталық аппараты үш негізгі жүйеден тұрды – әскери-әкімшілік, қаржылық және сот-діни. XVI ғасырдың өзінде ел губернатор-бейлербейлер басқарған 16 провинцияға бөлінді. Округ санжакбейлері оларға мойынсұнды. II Мехмет сұлтан кезінде Осман империясының «Канун-наме» заңдарының жинағы қабылданды. Мұсылман дінбасылары мен қазылар алқасы салықты төлеуден босатылды. Негізінен түрік емес адамдар – гректер, арабтар, еврейлер, славяндар және басқалар тұрған қаланың бүкіл өміріне қатаң бақылау орнатылды [3, 72].

Орталықтанған империяның алтын ғасыры Сүлеймен бірінші Кануни – Ұлы Сүлейменнің билігі кезінде болды. Алайда, көп ұзамай империя дағдарыс кезеңіне кірді және XIX ғасырдың басында Осман мемлекеті «Еуропаның ауру адамы» деген лақап атпен де аталды. Тимарлардың күйреуі және олардың пайдасыздығы Түркияға арзан американдық күмістердің келуімен күрделене түсті. Райяның көп бөлігі құлдырай бастады. Бірқатар көтерілістер болып өтті. Империяның әскери күшінің әлсіреуі де байқалды. Қазына кірісі азайды. Шұғыл реформалар қажет болды.

Реформаларды XVII ғасырдың екінші жартысынан бастап Ұлы Махмед Кепрюлю уәзір жүргізе бастады. Тимар жүйесін жандандыру арқылы құрылымды нығайту мақсатында реформалар жүргізілді. Бұл сипах жауынгерлерінің жауынгерлік тиімділігінің күшеюіне әкелді. Жалпы, орталық үкіметтің беделі артты. Алайда дағдарыстың себептері жойылған жоқ. XVIII ғасырда дағдарыс одан бетер тереңдей бастады. XVII-XVIII ғасырлар тоғысында Осман империясы соғыстарда бірқатар жеңілістерге ұшырады. Елдің әскери-саяси үстемдігі құлдырауға жақын қалды. Түркиямен болған соғыстардың нәтижесінде еуропалық державалар сауда саласында белгілі бір артықшылықтарға қол жеткізді. Капитуляцияға байланысты Франция, Ұлыбритания, Австрияға бірқатар жеңілдіктер берілді. 1740 жылдан бастап капитуляциялар еуропалықтар үшін біржақты артықшылықтары бар тең емес шарттарға айнала бастады. Империяға шетелдік капитал ене бастады.

Түркияның капиталистік Еуропадан артта қалуы XVIII ғасырдың соңында «Шығыс мәселесінің» пайда болуына алып келді. Осы уақыттан бастап Түркия халықаралық қатынастарда тәуелсіздігін жоғалтты. Осман империясының ірі әскери-саяси бірлестік ретінде сақталуы көбіне Еуропаның жетекші елдеріне тәуелді болды. Әскери-тұтқындық жүйенің шарықтау шегіне жеткені айқын көріне бастады.

Жаңа реформалар Селім III және Махмуд II сұлтандармен байланысты (XVIII ғасырдың аяғы – XIX ғасырдың басы). Махмуд II реформалар барысында европалық стандартқа сай армия құрып, янычарларды алмастырды. Әскер қатарына неміс офицерлері шақырылды. Содан кейін еуропалық үлгіге сәйкес әкімшілік жүйеге және мәдениет саласына өзгерістер енгізілді.

Ішкі дағдарыстың тереңдеуі және еуропалық державалардың қысымы империя билеушілерін «танзимат» - «реформалар» немесе «жеңілдету» деп аталатын радикалды қайта құрулар жүргізуге мәжбүр етті. XIX ғасырдың 40-жылдарының басында жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінде, сот ісін жүргізу, білім беру және экономика саласында өзгерістер енгізілді. Еуропалық модельге сәйкес дәстүрлі жүйені қайта құру басталды. Әр түрлі конфессиялардың өмір сүруі империяның ең күрделі мәселесі болды. Мұсылмандар мен мұсылман еместерді теңестіруге әрекет жасалды. Мұның бәрі елде қарсылық тудырды. Дінбасылар дәстүрлі жүйенің өзгеруі нәтижесінде өз ықпалын жоғалтуға қорықты. 50-60 жылдардағы реформалар мұсылман емес қауымдастықтардың – миллеттердің ресми мәртебесін бекітті. Мемлекеттің негізгі доктринасы «Османшылдық» болып қала берді – барлық субъектілердің ресми теңдігі жағдайында да түріктердің үстемдік етуші позициясы

сақталды [5, 21].

Сот билігі әкімшіліктен бөлінді. Жер, әскери және салық реформалары жүргізілді. Шетелдік капитал үлкен жеңілдіктер алды. 1856 жылы ағылшын-француз-осман банкі құрылды. Жаңа индустрия сәтті дами бастады.

Елдегі оң өзгерістер ұлттық бірегейліктің артуымен қатар жүрді. 1865 жылы конституциялық монархияны құру мақсатында «жаңа Османлы» қоғамы құрылды. 1876 жылы жаппай демонстрациялар Абдул-Азиз режимінің құлдырауына әкелді. Жаңа сұлтан Абдул-Хамид 1876 жылдың аяғында жаңа конституциямен келісті. Конституция азаматтардың негізгі құқықтары мен бостандықтарын жариялады, екі палаталы парламент құрды және сұлтанның билігін біршама шектеді. Алайда, 1878 жылы ақпанда Абдул-Хамид мемлекеттік төңкеріс жасап, Зұлым – тирания деп аталатын деспоттық режим орнатты.

Зұлым империяны қайтадан саяси тұрғыда артқа тартты. Іс жүзінде азаматтардың барлық құқықтары мен бостандықтары жойылды. Саяси реакция кезеңі басталды. Зұлым жүйесі панисламизм доктринасын идеялық тұрғыда нығайтты. Сұлтан халифа барлық мұсылмандардың басшысы болды. Панисламизм – ислам әлемін жаңа жағдайларға бейімдеп, еуропалық отаршылдық шабуылына қарсы шыққан қозғалыс. Абдул Хамид үшін панисламизм жеке билігін күшейту құралына айналды.

Саяси өзгерістерге қарамастан, Осман империясы Батысқа тәуелді бола берді. Экономикалық салада француздар мен британдықтар басым болды. XIX ғасырдың 80-жылдарының соңынан бастап Түркия экономикасындағы жетекші орындар Германияға көшті. Бұның айқын көрінісі немістердің Стамбул-Багдад темір жолын салуы еді. Немістер түрік армиясын реформалауды бастады.

Түркияны еуропаландыру ішкі саясаттағы өзгерістерге әкелді. Біртіндеп жаңа түрік зиялыларының ішінен реформаторлардың ұстанымы күшейді. Жас Османдықтардың орнын жас түрік-иттихадистер алмастырды («Иттихад ве Теракки» ұйымының атымен). Олардың алғашқы ұйымдары 1889 жылы пайда болды. Жас түріктердің құзырлығы XIX ғасырдың басында армия саласында күшейе түсті. 1908 жылдың жазында Македонияда орналасқан әскери бөлімдер сұлтанға қарсы шығып, конституцияны қалпына келтіруді талап етті. 1909 жылы саяси күресте жас түріктердің қолдауымен билікке жаңа сұлтан V Мехмед келді. Әскери революциялық төңкеріс тарихта «Жас түрік төңкерісі» ретінде белгілі [2, 162].

Жас түріктер алдымен әскер құрылымдарында реформа жүргізді. Итихадистер тағы да өздерінің идеологиясы ретінде Османшылдық доктринасын алға тартты. Жас түріктер түрік емес халықтарға қарсы репрессияны бастады. 1914 жылдан бастап барлық билік Энвер, Талат және Жамал бастаған әскери триумвираттың қолында болды. Бұл жас түрік лидерлері бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде елді басқарды. Армян халқының 1915 жылғы геноцидіне кінәлі дәл осы адамдар. 1918 жылы Түркия Германияның одақтасы ретінде капитуляцияға ұшырады. Жас түріктердің күші аяқталды. Осман империясының көптеген провинцияларының тағдыры соғыс кезіндегі Антанта жасырын келісімдерінде анықталды. Түркияның барлық сыртқы жерлері аннексияланды. Осман империясының ыдырауы басталды. Мемлекеттің болашағы туралы сұрақ туындады. Жаңа басшылар Түркияның тәуелсіздігі үшін күресті бастады [6, 41].

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Васильев Л.С. История Востока. – М., 2005 г.

2. Всемирная история. Становление государств Азии. – М. – Минск, «Астрель-Харвет», 2002 г.

3.Всемирная история. От древнего Вавилона до наших дней. – М. – Минск, «Астрель-Харвет», 2007 г.

4.Новая история стран Азии и Африки XVI-XIX вв. Под ред. А.Родригеса. – М., 2004. Часть 1-2.

5. Политические системы и политическая культура Востока/Под ред. А.Воскресенко. – М., «Восток-Запад», 2007 г.

6. Коробков В.С. Материалы к лекциям по истории стран Азии и Африки. – Алматы, «Экономика», 2008 г.

ӘОЖ 541.124

ҰЛТАРАЛЫҚ КЕЛІСІМНІҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МОДЕЛІ

Нұркелді П. магистрант
Ғылыми жетекшісі:Толамисов А.Г. - т.ғ.к., қауымдастырылған профессор (доцент) м.а.
І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

e-mail: *Nurkeldi_perizat@mail.ru*

Ұлтаралық келісім - адамның өнегелі тәрбиелілігінің, жоғары мәдениеттілігінің барлық ұлттар мен ұлыстардың ұлттық және этникалық топтардың мүддесімен ортақтастық деңгейінің көрсеткіші. Біздің республикамыздағы ұлтаралық келісім - ең маңызды жетістіктердің бірі және ұлттық мәселелердің ғылыми шешімінің нәтижесі, қоғамның дамығандығының көрінісі екендігін мақала төңірегінде ашып көрсетемін.

Тірек сөздер: *Ұлтаралық келісім, этникалық топ, демократиялық келісім моделі.*

Межнациональное согласие - показатель нравственного воспитания человека, высокой культуры и уровня солидарности всех наций и этносов в интересах национальных и этнических групп. В статье я объясню, что межнациональное согласие в нашей республике - одно из важнейших достижений и результат научного решения национальных проблем, отражение развития общества.

Ключевые слова: *межнациональное согласие, этнос, модель демократического согласия.*

Interethnic harmony is an indicator of moral education of a person, high culture and the level of solidarity of all nations and ethnic groups in the interests of national and ethnic groups. In the article I will explain that interethnic harmony in our republic is one of the most important achievements and the result of the scientific solution of national problems, a reflection of the development of society.

Key words: *interethnic harmony, ethnos, model of democratic harmony.*

Өзектілігі: Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында: «Қазақстанға ұзақ мерзімді тұрақтылық, бейбітшілік пен келісім қажет» деген болатын. Ұлтаралық келісім біздің тұрақты дамуымыздың кепілі, оған балама жоқ. Келісім – тарихтың сыйы емес, икемді, байыпты саясаттың, ешкімге бұра тартпайтын, шынайы іс-әрекеттің нәтижесі. Өзара сыйластық, төзімділік пен келісімнің үлгісін біздің еліміз көрсете беретініне сенім мол. Әр түрлі этностар араласқан тұста олардың бір-бірімен шендесуі, бәсекелестігі, араздығы бірге жүреді. Олардың қарама-қарсы мүдделерін үйлестіру, бір жерге тоғыстыру үлкен саяси шеберлікті талап етеді.

Ұлтаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық моделі КСРО ыдыраған тұста ұлтаралық жанжалдардың алаңы болады деп болжанған Қазақстан- бүгінде ұлтаралық келісім мен тұрақтылықтың мекені. Қазақ халқының сыйластыққа негізделген тарихи тәжірибесі, мейірімділігі мен төзімділігі, осы құндылықтарға негізделген Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың салиқалы ұлт саясаты еліміздің тұрақты дамуына негіз болып

отыр. Әлемдегі елдердің басым көпшілігі көпұлтты болғандықтан, әр түрлі этностардың басын қосу, мемлекеттің тұтастығын сақтау- оның мәдениеттілігінің басты белгісі. Бүгінде ұлтаралық қатынастарды біржақты түсіну жиі кездесіп, көбіне бұл саланы ұлттардың өзара ынтымақтастығы деп ойлағанмен, бұл мәселенің екінші жағы да бар. Әр түрлі этностар араласқан тұста олардың бір-бірімен шендесуі, бәсекелестігі, араздығы бірге жүреді. Олардың қарама-қарсы мүдделерін үйлестіру, ойларын бір жерге тоғыстыру үлкен саяси шеберлікті талап етеді. Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіздігін алғаннан кейінгі жылдары ел аумағында Қазақстан азаматтығына ие болған этнос өкілдерінің өзара тату-тәтті өмір сүріп, бейбіт өмір сүруінің алғышарты- ел этносаясатын тұрақтыландырып, экономикасын көтеріп, халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту, олардың конституциялық құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз ету, бағалау, талдап зерттеу бүгінгі және келешек Қазақстанның өзекті міндеттерінің біріне айналып отыр.[1,139-б]

Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабының 2 тармағында «Республика қызметінің түбегейлі принциптері: қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылық», - деп атап көрсетілуі де осы ойымызды нықтай түседі. Еліміз жаңа жиырма бірінші ғасырға, жаңа мыңжылдыққа адамзат үшін ең қымбат қазына- ұлтаралық татулықты, конфессияаралық келісімді, өзара түсіністік пен құрмет сезімін, жарастық пен келісімді, қастерлеп сақтай отырып, қадам басты. Қандай да болмасын саяси жүйе халық мүддесінен шықпаса, ондағы тұрып жатқан түрлі ұлттар мен этникалық диаспоралардың мұң-мұқтажын ескермесе, олардың өзара келісіп жұмыс жасауына демократиялық негіз қаламаса, этникалық топтардың өзара тәртіпті де келісімді ұйымдастырылған азаматтық қоғамын жасап бере алмаса, әрине, ол мемлекеттің саяси пәрменсіздігі басым түсіп, өмір сүру қабілетінен айырылатындығы дәлелдеуді қажет етпейтін аксиомаға айналды. Оның дәлелі ретінде XX ғасырдың аяғында КСРО құрамындағы елдерде болған және посткеңестік кеңістіктегі елдерде орын алған (1986 жылы Алматыдағы қазақ жастарының, 1988-91 жылдары Әзірбайжандағы армян мен әжірбайжандардың, 1989 жылы Өзбекстандағы түріктер мен өзбектердің, Абхазиядағы грузиндер мен абхаздықтардың, грузиндер мен осетиндердің, 1990 жылы және 2010 жылы Қырғызстандағы қырғыздар мен өзбектердің және т.б.) этносаяси жанжалдарды айтуға болады.[2, 4-бет] Қазақстан тарихының бір бөлігі- оны мекендейтін халықтардың этностық және мәдени өзара іс-қимылдарының тарихы. Әлемдік тарихта әр түрлі ұлт өкілдерінің бір жерде, бір елде бірлесіп өмір сүруі тың құбылыс емес. Бұл ретте Қазақстанның көп ұлттылығы ғасырларға созылып, уақыттардан жалғасын тауып, сабақтасып келеді. Қазақстанның полиэтникалық қоғамға айналу процесі ұзақ тарихи кезеңдерді қамтиды. Қазақстан тарихында ол кезеңдер үшке бөлінеді. Бірінші кезең Қазақстанның Ресей империясы құрамына кіруімен байланысты. Нәтижесінде қазақтардың көшпенділіктен отырықшылыққа ауысуы арқылы өмір сүру стилі, құндылықты нормативтік жүйесі өзгереді. Осы кезеңде Қазақстанның солтүстік-батыс және солтүстік-шығыс өңірлерін отарлаудың әскери-әкімшілік билігінің нәтижесінде славяндықтардың ареалы пайда болды. Олардың көшін казактар бастап келді. Жайық казак әскерінің құрамында славяндардан басқа башқұрт, түркімен, татар, қалмақ, қарақалпақтар да болды. Екінші кезең Қазақстанның КСРО құрамына енуімен байланысты. Осы кезеңде Қазақстанның саяси, құқықтық, экономикалық, әлеуметтік, мәдени, ғылыми салаларында жаңа бетбұрыстағы алғышарттар құрылып, жаңа интеллектуалдық мүмкіншіліктер пайда болып, полиэтникалық құрамы жылдам қалыптасты.

Оның негізі ретінде КСРО Еңбек және Қорғаныс Кеңесінің 1924 жылғы 17 қазандағы «Отарлау мен көшірудің кезек күттірмес міндеттері туралы» қаулысын айтуға болады. Бұл құжаттың отарлаушылық маңызы КСРО аумағынан Қазақстанға адамдарды көшіріп орналастыру арқылы өңделмеген жерлерді шаруашылық айналымға енгізу еді. Бұл процесс екі бағытта жүзеге асырылды: бірі – халықты ерікті жолмен көшіру, екіншісі – күштеп көшіру. Шын мәнінде, ерікті деген болмады, екі акция да күштеп көшіру арқылы атқарылды. 1940 жылға дейінгі уақытта Қазақстанға 65 мың шаруа отбасы көшіп келді.

Оның ішінде Украинадан - 6478, Белоруссиядан - 2031, Воронеж облысынан - 1142, Курск облысынан - 1415, Рязанск облысынан - 574, Татарстаннан - 917, Чуваш республикасынан - 876, Мордовадан - 591, өзге де өңірлерден - 1068 отбасы көшіп келді. Үшінші кезең Қазақстанның тәуелсіздік алуымен және халықаралық қауымдастықтың субъектісі болуымен байланысты. Бұл кезеңде әрбір этникалық топтың еркін дамуына қол жеткізілді, этникалық ерекшеліктерін қайта түлетуге мүмкіндік туды. Қазіргі таңда Қазақстанда жүз отыз алты этнос өмір сүреді. 2009 жылғы халық санағының қорытындысына сәйкес Қазақстан халқының саны 16402861 адамды құраса, оның ішінде қазақтардың саны – 10989916 (67 %), өзге этникалық топтар мүшелері – 5412945 (33 %).[3, 4-б] Өткенге мұқият қарасақ, Қазақстан Республикасының саяси тұрақтылығын, қоғамдық ішкі қауіпсіздігі мен тыныштығын сақтауды саяси реттеудің басты тетігі ретіндегі елдің ынтымағы мен этносаралық келісімін қамтамасыз ету әрдайым өзекті мәселе.

Саяси институттардың ең жоғарғы сатысынан орын алатын мемлекет өзінің бүкіл әкімшілік жұмысы барысында өз атауына сай төл азаматтарымен қатар басқа да этнос өкілдерінен құралған азаматтардың қамын күйттеп, олардың барлық конституциялық құқықтары мен бостандықтарын, заңды мүдделерін қамтамасыз етуге, олардың өзара тыныш, келісімді де үйлесімді арақатынастарына тиімді әрі қауіпсіз жағдай жасауға, ынтымақты күйттеген этносаяси процестерді ұйымдастыруға қабілетті барлық мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың, әсіресе Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін демократиялық әдіспен қамтамасыз етудің стратегиялық міндетін орындау қажеттілігін зор жауапкершілікпен мойындайды. Ассамблеяны құру идеясы 1992 жылы өткізілген Қазақстанның тәуелсіздігіне арналған 1 этникалық форумда Елбасы Н.Ә.Назарбаевпен ұсынылған болатын. Форумда сөйлеген сөзінде Президентіміз «біздің басты байлығымыз-халықтар достығын қазақстандықтардың бірнеше ұрпағы қалыптастырды. Бұл байлықты талан-таражға салуға, дәстүрлерімізді жоғалтуға біздің құқымыз жоқ. Ол ондаған жылдардың жемісі. Әр халықтың, әр ұлттың үні естіліп тұруы тиіс. Сондықтан форумды тұрақты негізге ауыстыру мақсатында жаңа қоғамдық институт құру қажет» деген болатын.

1995 жылдың 1 наурызында Қазақстан халқы Ассамблеясы консультативтік кеңесші орган ретінде құрылды. Уақыт өте келе оның құқықтық мәртебесі кеңейіп, “Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы” Заң қабылданып, ұйымдық жағынан күшейді. Парламент Мәжілісіне тоғыз депутат сайлауға құқылы болды. Өзінің 17 жылдық тарихында Ассамблея өзінің басым бағыттарын айқындай отырып, Қазақстанда тұратын 130-дан астам ұлт пен ұлыстардың өзара тату-тәтті өмір сүруіне жағдай жасауда, елдегі тұрақтылықты сақтап, дамытуға зор үлес қосып келеді. 17 жылдың ішінде ҚХА елімізде 600 -ден астам ұлттық-мәдени бірлестіктері бар, конституциялық мәртебеге айналған, басқа мемлекеттерге ұлтаралық келісім мен тұрақтылықты нығайтуда үлгі бола алатын қоғамдық институтқа айналды. Президент Н.Ә.Назарбаев өзінің Қазақстан халқы Ассамблеясының XVI-сессиясында сөйлеген сөзінде: «Қазақстан халқының этностық және мәдени саналуандығы мен төлтумалығын сақтауға байланысты жаңа қадамдар іздеген жөн», - деген ұйғарым жасаған еді.[4] Қазақстан бүгін әлемге белгілі дербес мемлекет. Дегенмен, қазақстандық келісімнің негізі – қазақстандық азаматтықты қабылдау әртүрлі жағдайларға байланысты, жеке бастың іштей таңдауымен қатар, амалсыздан тарихи отанына оралуға мүмкіндік болмағандықтан қазақстандық болғандар да бар. Сондықтан азаматтықты таңдау мен адамдардың ішкі көңілі үйлесе бермейді.

Кеңестік менталитеттен арылып, Қазақстан азаматына айналу терең психологиялық бетбұрыс, ол бүгіннен ертеңге өзгере қоятын қадам емес, сондықтан біздегі келісімнің әр түрлі деңгейлері бар.

1. Немқұрайлы, селқос келісім. Бұл келісім ұлттық мүдделерге парықсыздықпен қарауды, талғаусыздықты, кеңестік идеологияның ұлтқа жоғарыдан, селқостықпен жүргізген саясатын жалғастырады, өз ұлтының тағдырына бей-жай қарайды.

2. Мүсіркеушілік келісім. Ұлттық мүдделерге түсінікпен қараған болады, қолдаған сыңай танытады.

3. Көнгіш, жалтақтық келісім. Бұл жоғарыда айтылған ұлттық альтруизм, бір ұлтты екінші ұлтқа икемдеу.

4. Демократиялық келісім. Өзіңді-өзің сыйлау, өзгеге де сыйлату, өзгені де сыйлау. Бұл қиындықтары мол, бірақ ең әділ келісім.

Қазақстан халқы бүгін осы келісімге бейімделуде. Қазақстандық моделді демократиялық келісім моделі деуге болады. Ұлтаралық қатынастардың қазақстандық үлгісі бірнеше негізгі деңгейде жүзеге асырылады: тұжырымдамалық деңгей; саяси-құқықтық (конституциялық) деңгей; институционалдық деңгей және ғылымиәдістемелік деңгей. Тұжырымдамалық деңгей еліміздің ұлтаралық қатынастарындағы тұрақтылықты қамтамасыз етеді және ол: әлеуметтікэкономикалық, мәдени, ождандық, тұрмыстық және басқа да өзара тәуелді, толықтырушы факторларды есепке алу, Қазақстан ұлттарының өз мәдени дамуын еркін қамтамасыз ету және олардың мүдделерін қорғау мен жүзеге асыру принциптеріне сүйенеді. Саяси-құқықтық немесе конституциялық деңгей мемлекеттің ұлтаралық қатынастар саласын реттейтін заңнамалық актілер және ұлттық саясатты жүргізуге қатысты басқа да құжаттардың негізінде жүзеге асырылады.

Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев еліміздегі ұлтараралық қатынасқа байланысты: «Ұлтаралық келісім өте нәзік, кәдімгі адам ағзасының қантамырлары жүйесі. Оның бір жерінде кідіріс болған кезде адам денсаулығын жоғалтады. Мемлекетте де дәл осылай. Біздің жылдағы барлық жетістіктеріміз елдегі осы тұрақтылық пен тыныштықтың арқасында болып отыр. Бұл біздің негізгі ұстанымымыз. Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметі тұрақтылықты, ұлтаралық келісімді қамтамасыз етудің бүкіл тәжрибесі – әлемдік тұрақтылыққа қосылған үлес болуы тиіс. Еліміздегі тыныштық мәселесі – бұл менің жеке мәселем емес. Қазақстанның бүкіл халқының мәселесі, мемлекеттің мәселесі, біздің болашағымыздың мәселесі», - деп жазған еді.

Қазақстандық ұлтаралық келісім моделінде тіл саясатының негізгі ұстанымдары негізделген. Оның мәні – Қазақстанда қазақ, орыс тілдері мен басқа этнос тілдерінің орны мен қызметі нақты айқындалған. Еліміздегі тіл саясаты бойынша бірқатар мемлекеттік құжаттар қабылданып, Конституцияда жарияланған бағыттың жүзеге асырылуына барлық жағдайлар жасалған. Этносаралық келісімнің қазақстандық моделінде мемлекеттік тіл көпұлтты қоғам бірлігінің көрсеткішінде рухани әрі психологиялық тұрғыда маңызды рөл атқарады. Мемлекеттік тілді меңгеру арқылы Қазақ жерінде өмір сүретін барлық этностар өзін тұтас Қазақстан қоғамының құрамдас бір бөлігі болуға рухани тұрғыда дайын екендіктерін, болашағы Қазақстан халқымен етене байланысты екенін көрсетеді. Сол себепті де, болашағын Қазақстан халқымен тығыз байланыстыруға деген ұмтылыстың шынайы рухани дайындығын анықтайтын басқадай нақты әрі айқын көрсеткіштің болуы мүмкін емес. Осылайша, тәуелсіз Қазақстанның іргетасы еліміздің аумағында өмір сүретін барлық этностарға ортақ мәдени және рухани құндылықтармен негізделген.

Ұлтаралық келісімнің құқықтық негізі ретінде Қазақстан Республикасының Ата Заңы танылады. Тіпті Ата Заңның 39-шы Бабы: «ұлтаралық келісімді бұзатын кез-келген әрекет конституциялық емес деп танылады» деп көрсетілген. Сонымен қатар, Негізгі заңның 7 Бап («мемлекет Қазақстан халқының тілдерін дамыту мен оқуға жағдай жасайды») пен 19 Бап («әр азамат өз тілі мен мәдениетін пайдалануға құқылы») пен басқа да «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы», «ҚР тілдері туралы», «Мәдениет туралы», «Тарихи-мәдени мұралары объектілерін қорғау мен пайдалану туралы» заңдар Қазақстандық кез-келген азаматтың өз тілінде білім алу, дамыту мен мәдениетін уағыздауға мүмкіндік береді. Сонымен бірге, Қазақстан ұлттары 2007 жылғы конституциялық реформаның нәтижесінде республиканың жоғарғы заң шығару органына өкілдер жіберу құқығына ие болды.[5, 18-б] Ұлтаралық, дінаралық бірлік мәселесіндегі қазақстандық тәжірибе қазір көптеген елдердің қызығушылығын тудырып отыр. Біздің тәжірибемізбен

Франция, Норвегия, Ұлыбритания, АҚШ, ГФР, Финляндия, Қытай, Испания, Австрия сияқты елдер танысып, зерттеуде. Бұл тек өз елдерінде бірлікті қамтамасыз етуге ерекше ұмтылып отырған мемлекеттердің ғана тізімі. Қазіргі таңда, АҚШ, Ресей, Қытай, Франция, Ұлыбритания секілді өркениетті елдердің және өзгелердің де Қазақстан халқы Ассамблеясы сияқты әлемде баламасы жоқ бірегей қоғамдық институттың жұмыс тәжірибесін зерттеуге ден қоюлары- ұлттық саяси бағытымыздың дұрыс, қолға алған істеріміздің шынайы өмірмен үйлесіп жатқандығының бір көрінісі. Ел ішіндегі татулық пен ұлттар арасындағы достықты насихаттау, оны елге түсіндіру соның негізінде қоғамдық пікірді байсалды қалыптастыру Қазақстанның дамуының негізгі кепілі бола алады. Барлық қазақстандықтар ел ішіндегі тұрақтылық пен ұлттар арасындағы татулықты үзбей насихаттау керек. Қазақстан мемлекеттілігінің нығайуы осыған байланысты. Ұлтаралық келісім - адамның өнегелі тәрбиелілігінің, жоғары мәдениеттілігінің барлық ұлттар мен ұлыстардың ұлттық және этникалық топтардың мүддесімен ортақтастық деңгейінің көрсеткіші. Біздің республикамыздағы ұлтаралық келісім - ең маңызды жетістіктердің бірі және ұлттық мәселелердің ғылыми шешімінің нәтижесі, қоғамның дамығандығының көрінісі.

Осы тұста өзінің тарихында, жалпы, мемлекеттік құрылымдық ғұмырында Қазақстан ерекше ел болып қалыптасқанын айта кеткеніміз абзал. Өзінің тағдыр-талайында, біртұтас бола білудің жауапкершілігін көрсеткен кезеңі ондағы ұлттар мен ұлыстардың үлкен жауапкершілігін көрсетсе керек. Біздің бақытымыз да сол, Қазақстан аз уақыттың ішінде әлемдік қоғамдастықтың алдыңғы қатарлы көшіне қосылды. Еліміздің тарихында қазақ халқының патриотизімі маңызды орынға ие. Өз еліне қызмет етуден көрінетін Отанға деген сүйіспеншілік сезімі қоғам дамуы мен ұрпақтар сабақтастығының маңызды құрамдас бөлігі болған және солай болып қала бермек.

Қорытындылай келгенде, этносаралық қарым-қатынастың қазақстандық үлгісі елімізде саяси тұрақтылық пен бейбітшілігін сақталу жолында көптеген жұмыстар атқарып келеді. Біздің елімізде алуан түрлі этникалық қауымдардың бейбіт қатар өмір сүру нысаны ретіндегі берік, жүздеген жылдардың сынағынан өткен өркениетті дәстүрлер үнқатысуы қалыптасты. Қазақстан ұлтаралық және конфессияаралық келісімнің бірегей моделін табысты жүзеге асыруда. Ол модель толеранттық және стратегиялық мақсаттарды бірлесе орындау қағидаттарына негізделеді. Қазақстан халқына тән толеранттық пен өзара түсінісуі бейбіт өмірдің негізгі шарты екені сөзсіз.

Келісім – тарихтың сыйы емес, икемді, байыпты саясаттың, ешкімге бұра тартпайтын, шынайы іс-әрекеттің нәтижесі. Өзара сыйластық, төзімділік пен келісімнің үлгісін біздің еліміз көрсете беретініне сенім мол.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Онучко.М.Ю. Государственно-конфессиональное отношения: мировой опыт и Казахстан. Алматы. Баспалар үйі. 2010 ж. 139-бет.

2. Алпысбаев.Ж.Т. Қазақстан Республикасында заманауи этносаяси процестердің қалыптасуы мен даму ерекшеліктері. Автореферат. 4-бет. Алматы, 2010 жыл.

3. Алпысбаев.Ж.Т. Қазақстан Республикасында заманауи этносаяси процестердің қалыптасуы мен даму ерекшеліктері. Автореферат. 4-бет. Алматы, 2010 жыл. 12-бет.

4. Назарбаев Н.А. Тәуелсіз Қазақстан – біздің ең қымбат, ең асыл құндылығымыз. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқы Ассамблеясының XVI сессиясында сөйлеген сөзі//Егемен Қазақстан. 2010 жыл, 21 қазан.

5. Арзықұлов А. Ұлтаралық келісімнің қазақстандық үлгісі жне оның қалыптасуының алғышарттары. Қазақстан қоғамы дамуының өзекті мәселелері: мақалалар жинағы//–Алматы: ҚР Президентінің жанындағы ҚСЗИ, 2010. 18-бет. Әбікенов Жарқынбек

ӘОЖ 51

РЕТТІК ҚАТЫНАСҚА ҚАТЫСТЫ ТӨРТ ЕСЕП

Омаров Ж.А., ф-м.ғ.к., қауымдастырылған профессор, **Оқап Г.** магистрант
І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

e-mail*: gulmira.okap@mail.ru*

Бұл ғылыми мақалада чех математигі Л. Беранның «Упорядоченные множества» атты кітапшасынан төрт есеп шығарылған.

Тірек сөздер*: Жиын, реттік қатынас, хассе диаграмма, реттік жиын, рефлексивттік, керісимметриялы, транзитивты.*

Эта научная статья содержит четыре задачи из брошюры чешского математика Л. Берана «Упоротые множества».

Ключевые слова *Множество, пасмдовательние отношения, диаграмма хассе, Упорядоченные множества, рефлсксивность, антисимметригность, транзитивность.*

In this scientific article, the Czech mathematician L. There are four reports from Beran's book, Arranged Multiplicity.

Key words*: Set, ordinal ratio, hasse diagram, ordinal set, reflexive, inverse symmetric, transitive.*

1-Анықтама: Бос емес Ꝑ жиынын ,өзінде анықталған ꝑ бинарлық қатынасы мен реттелген жиын деп аталады және <Ꝑ, ꝑ> реттелген жұбы арқылы белгіленеді, егер ꝑ қатынасы рефлексивті, кері симметриялы және транзитивті болса.

1-Есеп ([1]);15 бет)N_0 теріс емес барлық бүтін сандары үшін

(a.b)$\epsilon\sigma_1$ <=> a $\mid$ b қатынасын берілсін, сонда < N_0. σ_1> реттелген жиын құратынын дәлелдеңдер .

Дәлелдеуі, Жоғарғы анықтамаға сәйкес σ_1 қатынастың рефлексивті , керісимметириялы және транзитивті екенін көрсетейік.

2- Анықтамма m мен n екі саны туралы m соңы n санын бөледі деп аталады және m /n арқлы белгіленеді ,егер k бүтін санын табатып және k.m= n теңдігі орындалса.

1а). σ_1 қатынасы рефлексивты , өйткені кез –келген a ϵN_0 үшін a= 1: α, яғни a $\mid$ a шарты орындалады ,

1ә).σ_1 қатынасы кері симметриялы , себебі a $\mid$ b мен b $\mid$ a шарттарынан, яғни $a.k_1 = b$ мен $b.k_2 = a$ арақатынасынан


$a= b.k_2 = (ak_1).k_2 = a(k_1.k_2)$ шартты алынады. Осыдан ,$k_1.k_2 = 1$,

мұндағы $k_1,k_2 \epsilon N_0$ болғандықтан $k_1 = k_2 =1$. Содан a= b.

1.б). σ_1 транзививті,ө йткені кез- келген a.b.c ϵ N_0 үшін a $\mid$ b мен b $\mid$ c шартарынан яғни $a.k_1 = b$ мен $b.k_2 = c$ арақатынастарының $c= b.k_2 = (ak_1).k_2 =a.(k_1,k_2)=a.k$ алынады, , мұндағы $k= k_1k_2$. Осыдан a $\mid$ c.


Енді 1-есептің нәтижелерін қолдануға мысалдар келтірейік:

1-мысал: $N_1 = \{1,2,3,4,5,6,7,8,9,10\}$ жиында ⋮- бөлу қатынасы анықталсын ,< N_1;⋮> реттелген жиының Хассе диаграмасын сызайық (1- сурет)



1-Сурет

2-мысал: $N_2 = \{1,2,3,5,6,10,15,30\}$ жиынында $\vdots -$бөлу қатынасы берілсін $< N_{2;\vdots} >$ реттелген жиынының Хассе диаграмасын салайық(2-сурет),



2-сурет

2-Есеп ([1]. 15 –бет).Е кейбір кез –келген жиын .$(M,N) \in \sigma_2 <=> M \subseteq N$ және $N \subseteq E$ болсын .Сонда σ_2 қатынасы Е жиының барлық ішкі жиындарын реттейтін дәлелдеңдер.

Дәлелдеуі,


2а). σ_2 қатынасы рефлексивті, яғни $(M,M) \in \sigma_2$.себебі кез –келген $M \subseteq E$ үшін

2ә). σ_2 кері симметриялы , яғни $(M, N) \in \sigma_2$ және $(N,M) \in \sigma_2$ шарттарынан $M \subseteq N$ және $N \subseteq M$ шығады. Енді осы екеуінен $M=N$ екені түсінкті.

2б) . σ_2 транзититы , яғни $(M,N) \in \sigma_2$ мен $(N,K) \in \sigma_2$ шарттарынан $M \subseteq N$ және $N \subseteq K$ шарттары шығады. Осылардың $M \subseteq K$ болатынын түсіну қиын емес .

Осы есептың мағынасын келесі мысал мен көрнекетіп түсіндірейік .

3-мысал: $M_3 = \{1.2.3\}$ жиынының барлық ішкі жиындары $P(M_3) = \{\emptyset, \{1\}, \{2\}, \{3\}, \{1,2\}, \{1,3\}, \{2,3\}, M_3\}$ жиынын құрайтыны түсінікті. Сонда $< P(M_3) \subseteq >$ реттелген жиын және оның Хассе диаграммасы мынандай (3- сурет):



3-сурет

Ескерту; 3 суретегі реттеу қатынасы ⊆- ішкі жиын қатынасы .

3-Есеп ([1].15- бет). R нақты сандар жиынында σ_3 қатынасы былай берілсін: $(a,b)\in \sigma_3 <=> a \le 1$ немесе $b\ge -1$. Сонда σ_3қатынасы рефлексивті , керісимметриялы ,транзитивты,симметрилы бола ма?

Шешуі ; 3а) . σ_3 қатынасы рефлексивты болады,өйткені $a \le 1$ немесе $a \ge -1$, яғни $(a,a) \in \sigma_3$.

3ә).σ_3-кері симетиялы емес мысалы $a = \frac{1}{2}$, b= 0 үшін $(a.b)= (\frac{1}{2}.0) \in \sigma_3$ өйткені $\frac{1}{2} \le 1$ немесе $0\ge -1$, ал $(b.a) = \left(0.\frac{1}{2}\right) \in \sigma_3$ шартыда орындалады, себебі $0\le 1$ немесе $\frac{1}{2} \ge -1$ екені белгілі бірақ $0\ne \frac{1}{2}$.

3б).σ_3_транзитивті емес. Мысалы $a = 2,\ b = 0, c = -2,$ үшін $(a,b) = (2.0) \in \sigma_3$,өйткені $2\le 1$ немесе $0\ge -1$, осында $0\ge -1$ екені белгілі ,ал $(b.c) = (0.-2) \in \sigma_3$. себебі $0\le 1$ немесе -2≥ −1. Осында $0\le 1$ ақиқат болатынын түсінкты . Сонда $(a,c) = (2,-2) \notin \sigma_3$. себебі $2\le 1$ немесе $-2 \ge -1$, яғни бұл екі жағдайдың ешқайсы ақиқат емес.

3в.) ,σ_3_симметриялы емес ,Мысалы $a = -2, b = 2$ үшін $(a,b) = (-2,2) \in \sigma_3$.өйткені -2≤ 1немесе 2≥-1. ал $(b,a) = (2,-2) \notin \sigma_3$ себебі $2\le 1$ немесе $-2 \ge -1$, Бұл екі жағдайдың ешқайсы орындалмайды .

4-Есеп $([1].15-$ бет),$P_1 = [1 + \infty]$ аралғындағы кез –келген a. b нақты сандар үшін $\alpha\sigma_4$в $<=> \frac{a}{a^2+1} \le \frac{b}{b^2+1}$ қатынасы берілсін. Сонда $< P_1, \sigma_4 >$ реттелген жиын болатынын дәлелдеңдер .

Дәлелдеуі .

4а)σ_4- рефлексивті, өйткені кез –келген $a \in P_1$үшін $\frac{a}{a^2+1}$ бөліндісі анықталған және әрине $\frac{a}{a^2+1} \le \frac{a}{a^2+1}$.

4ә). бұл қатынас транзитивті ,себебі $\frac{a}{a^2+1} \le \frac{b}{b^2+1}$ мен $\frac{b}{b^2+1} \le \frac{C}{C^2+1}$теңсіздіктері нен $\frac{a}{b^2+1} \le \frac{c}{c^2+1}$ теңсізігі шығатыны түсінкті .

4б) σ_4қатынасы кері симеттриялы болатынын көрсетеейік . Бір мезгілде $a\sigma_4 b$ мен $b\sigma_4 a$ болсын . Сонда $\frac{a}{a^2+1} \le \frac{b}{b^2+1} \le \frac{a}{a^2+1}$орындалады . Осында $\frac{a}{a^2+1} = \frac{b}{b^2+1}$ тепе- теңдігі алынады. Осы соңғы өрнекті түрлендірейік: $a(b^2 + 1) = b(a^2 + 1)$.С онда ab^2-$ba^2 = b - a$. Сонымен ,$(ab - 1).(b - a) = 0$. Бұл теңдеудің шешімі b-a = 0 ғана болады, себебі $a. b = 1$ шарты орындалмайды ,өйткені $a > 1, b> 1$. Сонымен $a = b$.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Л.Беран, Упорядоченные множества, М. Наука, 1981.
2. Г.Гретцер,Общая теория решеток, М. Мир, 1982.
3. Ж.А.Омаров, Ж Хэзенбай, Хассе диаграммасының математикадағы қолданыстары. Оқу құралы Талдықорған 2019.

УДК 378.14

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ КЕЙС – МЕТОДА НА УРОКАХ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ

Петрова И.С. учитель
ОСШ № 17 им. М.Лермонтова, г. Шымкент

e-mail: *7221959 @mail.ru*

В статье изложен опыт применения кейс- метода как средство изучения английского языка в начальной школе. Целью работы является повышение уровня мотивации к изучению английского языка. Рассматриваются примеры содержания кейсов.

Ключевые слова: *кейс- метод, мотивация, учение, начальная школа.*

Бастауыш сыныпта ағылшын тілі сабақтарында кейс – әдісін қолдану тәжірибесі осы мақала айтылған. Мақсаты ағылшын тілі сабағында оқушылардын қызығушылықтарын арттыру болып табылады. Көптеген мысылдар кейс – әдісіне келтірілген.

Тірек сөздер: *кейс – әдісі, оқу мотивация, бастауыш мектеп.*

This article presents an analysis of the experience of using case- study in primary school as a means of developing motivation to learn English language in primary school.

Key words: *case study, motivation, teaching, junior school teaching.*

В последние годы человечество переживает информационный бум, связанный с доступностью разнообразной информации через сетевые ресурсы. В этой информации необходимо разбираться, иметь навык её критического анализа и приёмов использования разнообразных, подчас противоречащих друг другу сведений, для решения ставящихся жизнью задач. Постоянное расширение информационного поля усложняет выбор и задача учителя в условиях обновления образования научить учащихся находить, анализировать, сортировать нужную информацию и вырабатывать необходимые действия для выбора оптимального решения , возникающих задач.

Кейс –метод позволяет успешно решить эту задачу. Как форма обучения он возник еще в начале прошлого века на базе школы бизнеса Гарвардского университета. Само происхождение термина одни исследователи связывают с английским словом case (портфель, небольшой чемодан), другие – с латинским casus (сложный, запутанный случай). Думается, и те и другие в чем-то правы, поскольку суть метода состоит в том, что учащиеся получают пакет (кейс) заданий, не имеющих точного решения.

Кейс-метод может быть использован на занятиях по иностранному языку, поскольку данный метод комплексный и содержит все виды речевой деятельности: чтение, говорение, письмо, аудирование. У обучающихся появляется реальная возможность общения на иностранном языке в процессе взаимодействия с другими участниками группы и

преподавателем. Успех кейс-метода зависит от трех основных составляющих: качества кейса, подготовленности обучающихся и готовности самого учителя к организации работы с кейсом и ведению дискуссии.

Кейс-метод (Case- study) - метод анализа ситуаций. Суть его в том, что учащимся предлагают осмыслить реальную жизненную ситуацию, описание которой одновременно отражает не только какую-либо практическую проблему, но и актуализирует определенный комплекс знаний, который необходимо усвоить при разрешении данной проблемы. При этом сама проблема не имеет однозначных решений. Достоинством метода являются: Получение навыков решения реальных проблем: аргументировать своё мнение, понимание терминологии, умение оперировать терминами, сопоставлять материалы. Получение навыков работы в команде. Выработка навыков практических обобщений. Выработка навыков вести презентации, аргументировать ответы.

При составлении кейсов необходимо соблюдать следующие требования: Описываемые в кейсе факты и события должны иметь смысл для изучения, что достигается продуманной структурой и содержанием кейса. Конкретная ситуация должна быть ориентирована на учащегося, вести его от факта к проблеме, которую предлагается решить. Описываемые факты и события должны быть в высшей степени достоверны, а следовательно учащиеся должны оказаться в роли участников реальных событий.

Один день из моей жизни. One day from my life. Составить список дел , которые можно выполнять утром, днём, вечером, ночью в будни. Обсудить будет ли распорядок дня другим в выходные дни, на каникулах. В чём разница? Make the list of activities which you can do every day? At weekend? On holidays? What is the difference?

Учащимся можно предложить памятки, в сильных классах ученики сами могут их составить.

Памятки

In the morning	In the afternoon	In the evening	At night

Предложить варианты фраз при аргументации

At weekend I don't do something. At weekend I visit somebody. At weekend I can do something unusual.

Безопасность в доме. Safety around the house. Обсудите в группе: какие опасные вещи могут быть дома и почему они опасны. Discuss: What dangerous things can be around the house? Why are they dangerous?

Памятки

They can burn you….. They can poison you….. They can cut you…..

Здоровая пища. Healthy food. Обсудите в группе :Что такое здоровая пища? Почему она считается полезной? Какие продукты тебе необходимы для приготовления здоровых закусок? Составить меню здорового питания на день. Discuss: What is healthy food? Why is it healthy? What do you need to make healthy snack? Make menu of healthy food.

Памятки

Useful for our skin, teeth, muscles, eyes….I need to make healthy snack some…..

Каникулы моей мечты. My dream holidays. Обсудите в группе где бы вы хотели провести каникулы своей мечты. Discuss in group: Where would you like to spend your dream holidays?

Памятки

My dream holiday is to….. I would like to go on holiday ….

I want to visit…. I want to stay…..because I want to….

Придумай своего собственного робота. Think of your own robot. Учёные во всём мире изобретают роботов, чтобы сделать нашу жизнь легче. Придумайте своего

собственного робота. Обсудите в группе: как его зовут, из чего он изготовлен, как выглядит, что может делать. Scientists all over the world invent robots to make our life easier. Think of your own robot. Discuss: What is robot's name? What is it made of? What does it look like? What can it do?

Памятки

Our robot's name is…. It is made of…. It looks like ….. It can do……

Как вы представляете будущее? How do you imagine our future? Существует много фантастических книг и фильмов, описывающих жизнь человечества в будущем с оптимистическим и пессимистическим прогнозом. А как вы представляете жизнь людей в будущем? There are many fantastic books and films describe human's life in future with optimistic and pessimistic forecast. How do you imagine our future?

Памятки

Will life in the future be better, worse or the same as now?

How will you see your own future? What will happen with you in future?

Это могут быть кейсы в виде ролевых игр, обыгрывающих реальные жизненные ситуации, например, ролевая игра « Водитель – пассажир».

Ролевая игра « Водитель- пассажир.» Цель игры : формирование умения « интегрирование информации» Участники игры: водитель, пассажир. Подготовительная часть игры: распределить роли, каждому участнику выдаётся инструкция , описывающая его роль и заготовки куда пассажиру необходимо добраться. В течении пяти минут учащимся требуется составить диалог между водителем и пассажиром. Каждый ученик должен побывать в роли пассажира и водителя, а неоднократное говорение и прослушивание фраз речевого этикета в сочетании с необходимостью адекватного реагирования на ситуацию создаёт условие для появления спонтанной речи.

Таким образом при использовании кейс- метода в изучении иностранного языка у учащихся : - повышается уровень знания иностранного языка в целом;

- развивается творческое мышление, заставляя думать на языке;

- развиваются умения представить свою работу; умение вести дискуссию: формировать вопросы, аргументировать ответы, что способствует развитию речи;

- совершенствуются навыки чтения на иностранном языке и обработки информации;

- развиваются навыки работы в команде.

Ученики чувствуют себя свободно, потому что создаётся ситуация успеха для каждого и появляется мотив для более активной и целеустремлённой работы на уроке. Л.Н. Толстой писал « Знание только тогда знание, когда оно приобретено усилиями своей мысли, а не памятью.» А учитель должен руководствоваться в своей деятельности китайской мудростью « Я слышу – я забываю, я вижу – я запоминаю, я делаю- я усваиваю.»

ЛИТЕРАТУРА:

1. Кейс – технология как средство развития мотивации к учению у младших школьников. 2017 Шадрина С.Н., Борисова Л.П., Неустроева М.И.

2. Развитие мотивации у младших школьников посредством кейс- технологий. 2016 Неустроева М.И.

3. Дидактические возможности кейс-метода в начальных классах.2017.ТихоновскаяЕ.В.

4. О понятии развивающего обучения. 1986 Давыдов В.В. М.Педагогика

5. Кейс и кейс-метод: общие понятия. Е.И.Михайлова Маркетинг.- 1999.- №1.

ӘОЖ 629.039.58

БИІК ҚАБАТТЫ ҒИМАРАТТАРДАҒЫ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ

Рахымбеков А.Ж., ф-м.ғ.к., профессор, **Ерназаров М.А., Абайханов Б.А., Әскерберіков Ж.Ө., Нурболатов М.,** студенттер
І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

e-mail: *rahim_tal@mail.ru*

Мақалада биік қабатты ғимараттардағы туған өрттен тұрғындарды аман есен сақтап қалып, биіктен жерге жарақатсыз құтқарып түсіру әдістері келтірілген және осы апатты жағдайдың өзекті мәселелері нүсқалған.Негізінде өрттің қазіргі уақытта кеңінен таралып жатқан қауіпті бағыттары көрсетілген.

***Тірек сөздер**: биік, лифт, датчик, ғимарат,түрғындар, ағза, қабат.*

В статье приведены методы спасания жителей от пожаров в высотных зданиях, без травм с высоты на землю и освещены актуальные проблемы этой аварийной ситуации.В принципе, обозначены опасные направления пожара, которые в настоящее время широко распространены.

***Ключевые слова:** высокий, лифт, датчик, здание, тип, организм, этаж.*

The article presents methods of saving residents from fires in high-rise buildings, without injuries from a height to the ground, and highlights the current problems of this emergency situation. In principle, the dangerous fire directions that are currently widespread are indicated.

***Keywords:** high, Elevator, sensor, building, type, organism, floor.*

Кіріспе. Әрбір тұрғын ғимараттағы өрттен қорғаудың негізін және өрт шыққан кездегі іс-әрекетті білуге тиіс. Жоғарғы қабаттағы үйлердің өз ерекшелігі бар: олар түтіндемейтін саты торларымен, түтін шығару қондырғыларымен өртке қарсы каналдармен, өрттен қорғау су құбырымен, автоматты өрт дабылымен және т.б. жабдықталады.Өрт кезінде жоғарғы қабаттарға тез таралатын түтін өте қауіпті. Саты торларынан түтінді аластау үшін арнайы желдеткіштер орнатылады: олар баспалар арқылы дистанцияда қосылып, пәтерлердің кіре берісіне орнатылады немесе өрт датчиктері арқылы автоматты қосылады[1].

Қабаттар мен пәтерлер бойынша түтіннің таралуына есік жақтауындағы нығыздағыш резина кесіндісі мен тығындар кедергі келтіреді (дәліздер есіктері мен саты торларындағы серіппелер). Жоғары температура немесе қатты түтін салдарынан пәтерден шығу мүмкін болмаған жағдайда, алтыншы қабаттан бастап самалдықта орнатылған металл баспалдақтары пайдаланылады.

Нәтижелер және оларды талқылау.

Ғимараттардан адамдарды көшірудің негізгі жолы - түтінденбейтін саты торлары. Сатылардың түтінденбеуі ауада артық қысым жасаумен қамтамасыз етіледі. Мұндай саты торларының тікелей сыртқа шығатын жолы бар. Көп қабатты ғимараттар өрт крандары орнатылған ішкі өрттен қорғау су құбырымен жабдықталады. Олардың орналасуын есте сақтау қажет. Пәтерлер кіре берісінде өрт құлақтандырғышы орнатылады. Олардың іске қосылғандығы туралы дабыл диспетчер пунктіне беріледі.

Пәтерден көшіру кезінде келесі кеңестер ұсынылады:

1. Барлық электр және газ приборларын ажырату;
2. Лифтіні пайдаланбау;
3.Түтінді жерлерден сумен шайылған мақта-дәке таңғыштарын (бөкебай, сүлгі)

пайдалана отыра тыныс ағзаларын қорғау құралдарымен өту;

4. Қатты тұтанған және түтінденген жерлерден өту мүмкін болмаса, самалдыққа шығып, өрт күзетінің көмегін күту; пәтерде қалған сырқаттар мен қарт адамдар балалар туралы өрт күзетіне немесе құтқару қызметіне жедел хабарлау.

Ғимараттар түтінденген кезде мыналарды істеу қажет:

- түтін шығару қондырғысын (түтін люгі, желдеткіш) қосу;

- кіре беріс қатты түтінделген жағдайда жоғарғы және төменгі самалдықты қосатын арнайы сатымен көтерілу немесе көрші кіре берістер пәтерлерінің самалдықтары арқылы кету;

- егер негізгі саты бойынша ғимараттан шығуға қатты түтіннен мүмкін болмаса, түтінденбеген саты торы арқылы түсіруге болады, ал егер жол жоқ болса, есіктегі саңлауды ылғалды шүберекпен қымтап пәтерде отырған дұрыс;

- түтін пәтерге енген жағдайда балконға, самалдыққа шығып, олардың есігін жабу қажет; келген өрттен құтқарушылардың назарын өзіне аударып көмек күту қажет[2].

Лифт кабинасындағы немесе шахтасында алғашқы жану белгілері білінісімен кабинадағы "Шақыру" түймесін басып диспетчерге дереу хабарлау қажет. Егер лифт жүріп бара жатса, оны өзіңіз тоқтатпаңыз тоқтауын күтіңіз. Кабинадан шыққан бойда лифтіні өзге ешкім шақыра алмау үшін есіктің арасына қандай да бір затты қойыңыз. Өрт қызметін шақырыңыз. Егер бұл қауіпті болмаса, өртті сөндіруге тырысыңыз. Мұндай жағдайда кабинаға кірмеңіз, өйткені ол электр сымдарының қызуымен өз бетімен жұмыс істеп кетпеуі үшін, кабинаға кірмеңіз.

Кабинадағы электр өткізгіш кернеуде тұрады сондықтан жану ошағын сумен сөндіруге әрекеттенбеңіз. Бұл үшін тығыз құрғақ матаны, қышқыл немесе ұнтақты өрт сөндіргішті құрғақ құмды пайдаланыңыз. Егер қысқа тұйықталу нәтижесінде лифт қабаттар арасында тоқтаса, айғай шу көтеріңіз. Кабина қабырғасын қағыңыз, көмек шақырыңыз. Қол шатырмен, кілтпен немесе өзге затпен лифт есігін қозғалтып, сыртқа шығуға тырысыңыз. Пневматикалық есіктері бар лифтілерден ішкі есіктерді ашуға, қабаттың сырқы есігінде ролигі бар серіппені басып, ішінен ашуға болады. Лифтерден шыққан кезде шахтаға құламас үшін сақ болыңыз[3].

Лифтіден өз бетінше шығу мүмкін болмаса, көмек келгенге дейін ауыз бен мұрынды орамалмен, жеңмен киім жағасымен жабыңыз. Ұстамдылық пен тыныштықты сақтаңыз. Мектептегі, ауруханадағы, кинотеатрдағы және т.б. болған өртке тап болған кездегі іс-әрекетіңіз:

1. Егер сіз "Өрт! Жанып жатырмыз!",- деген айғай естісеңіз, немесе өзіңіз түтін иісін сезсеңіз, жалынды көрсеңіз, ұстамдылық пен тыныштықты сақтауға тырысыңыз. Жағдайды бағалаңыз, нақты қауіптің жоқтығына көз жеткізіңіз, оның қайдан келетінін анықтаңыз. Байсалды ешбір дабырасыз ғимараттан қауіпсіз жолмен шығып кетіңіз[4].

2. Өрт қызметіне қоңырау шалыңыз.

3. Егер топпен жүруге тура келсе, дүрбелеңшілерді тоқтатыңыз, қатты қорыққанынан қозғала алмай қалғандарға көмектесіңіз, олармен жайлап және түсінікті сөйлесіп, қолдарынан демеңіз.

4. Топпен келе жатып, қолыңызды шынтақтан бүгіңіз және жұдырығыңызды түйіп, оларды бүйіріңізге қысып тіреңіз. Аяқпен тіреп денеңізді артқа шалқайтыңыз және алдағы кеңістікті босата және баяу қозғала отыра күшті арқамен ұстауға тырысыңыз.

5. Түтін көп жиналған жерге бармаңыз.

6. Жоғары қабатқа немесе оңаша орналасқан ғимаратқа барып, құтылуға әрекеттенбеңіз.

7. Егер жағдай қатты түтіндеуден және қатты ыстықтан ғимараттан кете алмайтын болып қалыптасса, өрт сөндірушілер көмегін күтіңіз.

8. Егер өзіңізде күштің жеткілікті екендігін, ал жағдайдың мүлдем қиын екендігін сезінсеңіз перделерді алдын ала қиып, оларды қатты байлаңыз, оларды жылу батериясына

немесе өзге стационарлық құрылғыларға қатты байлап, (терезе жақтауына емес) төмен түсіңіз. Төмен түсу кезінде қолмен сырғанамаңыз.

Балаларды биіктіктен құтқарған кезде арқанмен олар түскен кезде арқан созылмайтындай етіп байлау керек. Баланың қолын қатты ілмекпен қолтыққа дейін байлау қажет, оның байланыстырушы ұшы арқада болуға тиіс, міндетті түрде арқан мен ілмектің беріктігін түйіннің сенімділігін тексеру қажет. Арқанды қандай да бір ауыр затпен түсірген жөн. Ал оның ұшын құтқарушының өзі қатты ұстауға тиіс[5].

Өрт кезіндегі өзін өзі ұстау психологиясы - Көптеген объектілердегі кез келген жазмыш оқиға (өрт, ланкестік, апат) оның ішінде адам көп жиналатын жердегі дүрбелең ашу орын алады. Өкінішке орай, көптеген адамдар қараңғыда өзін өзі сақтау дағдысыннан гөрі үрейге бой алдырады, қатты дабыра болып, бірін-бірі таптап кетеді.

Өрт кезінде қараңғылық белең алады: тек өрт тұтанған кезде жалын қатты жарқырағанмен артынша қалың түтін шығып қараңғылық туғызады.

Тәжірибе көрсеткеніндей, өрт кезіндегі адамдардың жеке және ұжымдық тәртібі көп жағдайда қауіпті сезінуден туындаған қорқынышпен анықталады. Жүйкенің қатты тозуы барлық физикалық мүмкіндікті жұмылдырады: күш қайрат қосылады, бұлшық ет күші өседі, кедергіні жою қабілеті артады.

Түркістан облысыстық Тарихи –мәдени –этнографиялық орталық, Түркістан қ.

e-mail: *Dila777mktu@mail.ru, aiman-89-kz@mail.ru*

Жошы ұлысын жеке дара мемлекет деп жариялаған құрылтай Талас жерінде 1269 жылы өткен. Талас Қазақстан жерінде, қазіргі Жамбыл облысындағы таулы мекен. Негізі Алтын Орда «менікі, сенікі» деп бөлуге келетін тарих емес. Бұл – біздің жалпы мұрамыз.

Ноғайлар, қазақтар, қазандық, сібірлік, қырымдық, польдік-литовтық татарлар, қарақалпақтар, өзбектер және тағы басқалары үшін Алтын Орда – ортақ тарих. Кезінде орыстарға, украиндарға және белорустарға Киевтік Русь қалай ортақ болса, бізге де Алтын Орда сондай. Алтын Орда – бұл біздің жалпы өткен-кеткеніміз және жекешелендіріп алуға немесе «ұлттандыруға» болмайды.

Тірек сөздер: *Жошы ұлысы,мәдениет,жәдігер,зерттеу, насихаттау,эрмитаж.*

Улус Джучи - огромная средневековая империя, которая охватывала большую территорию и множество проживавших на ней народов. Все страны, расположенные на этой территории, так или иначе испытали на себе влияние джучидской государственности. Прежде всего это Казахстан, Россия и ее народы, в меньшей степени Украина, Закавказье и страны Восточной Европы - Венгрия, Болгария и другие. Выяснить, откуда произрастают корни того или иного государства, не так-то и просто. Нам же нужно созидать новое. А спорить о том, у кого больше прав называться наследником, - это уже не наука.

Ключевые слова:*Улус Джучи, культура, экспонат, исследование, пропаганда, эрмитаж*

Ulus Juchi is a huge medieval empire that covered a large territory and many peoples living on it. All countries located on this territory, one way or another, have experienced the influence of the Jochid statehood. First of all, it is Kazakhstan, Russia and its peoples, to a lesser extent Ukraine, Transcaucasia and the countries of Eastern Europe - Hungary, Bulgaria and others. Finding out where the roots of a particular state come from is not so simple. We need to create new things. But to argue about who has more rights to be called an heir is no longer a science.

Key words: *Ulus Jochi, culture, exhibit, research, propaganda, the hermitage*

Алтын Орданың тарихы соның ішінде Жошы Ұлысының мәдениеті көбінесе кең көлемді әскери жорықтар мен моңғол армиясының әсерлі жеңістерінің көлеңкесінде қалып отырды. Жошының ұлдары Бату хан негізін қалап, Берке хан іргесін бекіткен Алтын Орда Мөңке Темірдің билігі тұсында 1269 жылы Талас өзенінің бойында шақырылған Шыңғыс ұрпақтарының құрылтайында бір-бірімен татулықты сақтай отырып, өз ұлыстарында тәуелсіз саясат жүргізуге өзара мәміле жасасып, өз алдына дербес империя екенін толық мойындатуға қол жеткізді. Сонымен қатар, билеуші Жошы әулеті әр түрлі халықтардың басым жағдайында тиімді және тұрақты этносаяси ұйым құра алғаны белгілі. Ұлыстың мемлекет басқару жүйесін ұйымдастырудың ерекше сипаты бірнеше ғасыр бойы көптеген халықтар мекен еткен кең-байтақ кеңістіктерге үстемдік етуге мүмкіндік берді. Жошы ұлысы толықтай еуразиялық мемлекетке айналды. Қазіргі қоғам Жошы ұлысының көптеген мемлекеттік-мәдени жетістіктерін мұра етті. Этникалық топты анықтайтын фактор - бұл рухани мәдениет. Егер дәстүрлі мәдениеттің ерекшеліктері жоғалып кетсе, этнос та,халық та жоғалады.Ұлтты этнос ретінде анықтайтын мәдени құбылыстардың тарихи дамуын қарастырғанда ғана толық түсінуге болады. Соңғы жылдарда тек мәдениеттің тарихына ғана емес, сонымен бірге әсіресе дін, салт–дәстурге деген қызығушылықтар да айтарлықтай өсті. Православие мен исламның жалпы адамзаттық құндылықтарды сақтаудағы, ұлттық мәдениеттер мен халықтың адамгершілік тәрбиесіндегі рөлі туралы байыпты зерттеулер пайда болды. Мәселелерді тереңірек зерттеу мақсатында зерттеушілер әлемдік діндер тарихының алғашқы кезеңдеріне, атап айтқанда, ертедегі Жошы ұлысы мекен еткен қазіргі территорияларды мекендейтін ұлттар арасында таралуының басталуына байланысты мәселелерге назар аудара бастады. Бұл жағдайдың себебін толығырақ көрсету үшін мемлекеттік жүйенің жұмысына назар аудару қажет. Сонымен бірге, мемлекеттік тіл мемлекеттік механизмнің ажырамас бөлігі бола отырып,

Жошы мемлекетінде болған этномәдени және қоғамдық-саяси процестердің өзіндік көрсеткіші болды. Мемлекет басқарудың жаңа құрылымдарын құру жаңа басқарушылық тетіктердің тиімділігін қамтамасыз ету үшін тиісті іс қағаздарын жүргізу қажеттілігін туындатты. Көптеген көшпелілерге тән дәстүрлі басқару жүйесімен қатар, Шыңғысхан әулеті моңғол мемлекеттілігінің қалыптасуы мен даму жағдайларына сәйкес жаңа күш құрылымдарын енгізе алды. Шыңғысхан әулеті өз мемлекетінің қол астында әртүрлі этномәдени орталықтарды біріктірді[2,10-14б]. Жошы ұлысының маңызды аумақтары мұсылман мәдениетіне қарасты болды. Оның қалыптасуының алғашқы кезеңдерінде Жошы ұлысының ресми құжат жазушы қызметкерлері араб графикасын қолданған. Ресми құжаттарды дайындауда ең көп кездесетін қолжазбалар – дивандар болды. Жошы ұлысының жазбаларын дайындау әр түрлі материалдардан жасалған мөрлерінде куфикалық жазу қолданған. Жошы ұлысынң жазбаларын зерттеуіші М.А.Усманов осы хаттың жаңа нұсқасын, Алтын Орда - түркі-куфикалық жазбасы деп атаған. В.В.Григорьев хаттардағы мөрлердің прототипі «Чжуанг» әрпі бар қытайлық төрт бұрышты тамға екенін атап өтті. Моңғол мемлекетінің ірі және көп ұлтты мемлекет ретінде құрылуы оның іс қағаздарын жүргізудегі көп тілділікті анықтады. Бұл факторлар сайып келгенде моңғол тілінің ресми іс қағаздарынан тез арылуына ықпал етті, ресми іс қағаздарындағы түркі тілі ұлыстың дамуының барлық кезеңдерінде кеңінен таралды. Моңғол тілінің қолданылу аясының шектеулі болғанына қарамастан, Жошы ұлысында сақталды және оның көп бөлігі Шыңғыс дәуірінің өкілдерімен байланыс орнату үшін қолданылады. Бүгінгі уақытта Жошы ұлысынң кеңсе құжаттарының жиырмаға жуық латын,итальян және орыс аудармалары белгілі. Парсы дерекнамаларының кешенінің ішінде белгісіз автор «Муизз әл-ансаб фи шажарат саладин могул» (1225) және Ұлықбектің біздің замынымызға дейін сақталып жеткен «Тарих-и араба улус» шығармасының қысқартылған нұсқасы (XV ғасырдың екінші ширегі) «Шаджарат-ат-атрак» шығармаларын атап айытсақ болады. Олар монғол элементтерін, атап айтқанда Жошы хан тұсындағы тарихи және эпикалық дәстүрді қамтитындығымен ерекшеленеді. Жошы мемлекеті мәдениетінінің тарихы түркі мемлекеттерінің тарихымен мүлдем сәйкес келмейді. Бұл тек дәстүрлі халық мәдениеті ғана емес, негізінен мемлекеттілік кезінде пайда болған және дамыған мәдениет. Ұлыс мәдениетінің дамуы - мемлекеттің құрылуына айтарлықтай әсер етген үздіксіз процесс. Бұл дәстүрлі халық мәдениеті ғана емес, негізінен бұл тенгризм, руна әліпбиіне негізделген жазба мәдениеті, түркизм идеологиясы[4,51-57б].

Исламның кең таралуымен тенгреизм идеологиясы ислам дінінің дамуына жол ашты.Этникалық бірлікпен салыстырғанда діни бірлік басты орынға шығады. Бұл идеологияның жазба мәдениетіне әсері ерекше. Тіпті рухани мәдениеттің белгілі бір салаларында жазу, ағарту және ғылымда оның мұсылман мәдениетінің жергілікті нұсқасына айналуын байқауға болады. Мұсылман дініне негізделген жазбаша мәдениет қалыптасады және дамиды. Жошы Орта Азияның, Қырымның, Солтүстік Кавказдың және Болгарияның ежелгі өркениеттерін біріктіреді. Бұл бір мемлекет шеңберіндегі мәдениеттер бір-бірін байытады және мәдениеттің дамуында бұрын-соңды болмаған сапалы өзгерістерге әкеледі. Жошы ұлысындағы түркі тілі ауызекі,әдеби және ресми тіл ғана емес,сонымен қатар халықаралық тілдердің біріне айналды. Рухани мәдениет тарихында ең аз зерттелген уақыт - бұл Жошы ұлысы кезеңінің мәдениеті.

Ұлыста поэзия саласы ортағасырлық әдебиеттің шедеврлеріне айналған туындылар жасағаны белгілі. Осы тұста Мұхаммедияр ақынның және оның шығармаларын айту жеткілікті.Алтын Орда дәстүрлерін, мәдениеті де Жошы иелік еткен территориялар толық қабылдаған жоқ, рухани мәдениеті қиын тарихи жолдан өтті. Оған алғашқы қытай, иран, византиялық, содан кейін мұсылман мәдениеті қатты әсер еткеніне қарамастан,ол ежелгі қалыптасқан дәстүрлерін жоғалтқан жоқ[5,8-9б]. Өз заманына сай жоғары дамыған және бірегей мәдениет Еділ Булгарлары,Қазан татарлары,Еділ-Жайық татарларында көбейіп, сақталып, дамыды. Алтын Орда қалаларын археологиялық қазба жұмыстарының

нәтижесінде Жошы Ұлысы халқының сауда-экономикалық қызметіне қатысты көптеген артефактілер табылды. Оларға саудаға арналған керек-жарақтардың барлық түрлері,таразы және олардың бөлшектері,салмақ тастар, қорғасын тығыздағыштары, импорттық заттар, суармалы кашин мен селадон ыдыстары, шыны ыдыстар, сәулеттік әшекей бөлшектері, асыл зергерлік бұйымдар мен сәнді заттар, жібек және т.б. Дәл осы материалдар зерттеліп отырған мәселенің баяндау көздерінде көрсетілмеген кейбір аспектілерін ашуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, Жошы ұлысының қазба жұмыстары, әсіресе ірі қалалық типтегі елді мекендерінде қолөнер шеберханалары бар «ақсүйектер меншіктері» деп аталатын жерлерді тапты, олардың кейбіреулері, халықаралық саудамен байланысты бай саудагерлерге тиесілі болған. Кейбір қалаларда, сондай-ақ сауда жолдары бойындағы елді мекендерде археологтар ғимараттармен бірге керуен-сарайлардың қирандыларын зерттеді [6,19б]. Археологиялық дереккөздері қазіргі уақытта тарих қойнауында қалған сыртқы сауданы зерттеу үшін өте маңызды. Жошы ұлысының қалыптасуы мен дамуы мемлекеттік жүйесінің белсенді дамуына ықпал етті. Жошының кеңселік мәдениетінің негізін ұйғыр іс басқару жүйесі құрады. Мемлекеттік жүйенің қалыптасуы жағдайлары іс қағаздарының қызметіне қатты әсер етті. Ресми құжаттарды рәсімдеу кезінде «Битікші» ханның канцелерия қызметкері яғни хатшы іс жүргізуді өңдеудің дәстүрлі әдістерін қолданды. Көптеген елдерге тән іс қағаздарын жүргізудің жалпы ережелерімен қатар мұсылмандық Шығыс пен христиандық Батысынан ерекшелейтін ерекше белгілері де бар: қаттылық, нақтылық,сәндік артықшылықтардың болмауы,ұйғыр және араб графикаларын қолдану. Жошы Ұлысының билеушілері ескі іс – қағаз жүргізуде ескі дәстүрлерге адал болды және қоғам өміріндегі ислам дінінің өсіп келе жатқан рөліне қарамастан, олар айтарлықтай өзгерістерге ұшырамады. Осылайша, Жошы ұлысының діни мәдениеті жоғары даму деңгейінде болды және осындай үлкен және қуатты мемлекеттің мемлекеттік жүйесі тиімді жұмысын қамтамасыз ете алды. Жошы ұлысы қалалық мұсылман мәдениетінің ескі орталықтары - Хорезм, Қырым, Солтүстік Кавказ және Булгар да үстемдік еткен. Бір мемлекеттің құрамында бола отырып, олар бір-бірін байытты,нәтижесінде әр түрлі өркениеттерді білдіретін мәдениетте бұрын-соңды болмаған сапалы серпілістер пайда болды. Зерттеушілер Жошы ұлысының мәдениетін синкретикалық және эклектикалық деп сипаттайды. Бұл тілде жапсырмалар (ярлыктар) жазылды, елшілер сөйледі, мемлекет басшыларымен хат алмасты. Ұлыстың канцелериялық мәдениеті жоғары деңгейде дамып, тиімді жұмысты қамтамасыз ете алды [7,44-48б]. Кеңселерде жазба құралдары мен материалдары іс жүргізу қызметінің айнымас атрибуты болып саналады. Қағаз мелекет кеңселерінде ең көп таралған және жалғыз дерлік жазба материалы болды. Кеңсе тауарлары мен негізінен Орталық Азия қамтамасыз еткен. XII ғасырдың екінші жартысынан бастап Батыс Еуропа қағаздары тарала бастайды. Қағаз өңдеу «битикши» хатшының міндеті болды. Алтын Орданың негізгі орталықтарында қағазды өңдеудің кең таралған және танымал әдістерін білген. Қағазбен жұмыс жасауда мөлшері қатаң шектелмеген және көп бөлігі мәтіннің көлеміне және қолжазбасына,каллиграфияға байланысты болды. Көбінесе қағаз өлшемі құжаттың адресатының дәрежесі мен мәртебесіне байланысты болды. Қағаздармен жұмыс жасау түрлі түсті сияларды қолданумен ерекшеленген,бұл хаттың ерекше әсерлі болуы үшін пайдаланылған. Олардың негізгілері қара сия болды, мәтін «хан» сөзі мен басталған. Мұхаммед Хиндушах Нах-чивани өзінің трактатында хатшыға қажетті барлық заттарды тізімдейді. Олардың ішінде сия құтысы бар. Бүгінде Царевский кентінде, Болгарияда, Жошы ұлысының басқа қалаларында оннан астам сия құтылары табылған, Жошы кеңсесінде көбінесе қауырсындар немесе «кальям» яғни қалам жазу құралы ретінде пайдаланылған.

Ұлысты жазбаша мәдениетін сипаттайтын ең маңызды олжа - бұл Волгоград облысының Бахтияровка ауылнан табылған көшірме жасаушының аксессуарлары. Осы жазу құралдарының футляры яғни қабы іс қағаздарын жүргізудің ерекше жағдайларын

нақты көрсетеді. Жазба жұмыстары хан сарайында болсын,соғыс алаңында болсын хатшының құралдарының сақтығы сақталу керек болған. Жазу мәдениетінің жоғары деңгейінің дәлелі Царевский қонысынан табылған қоладан құйылған сия құтысы мен қауырсын. Зерттеуші археолог М.А. Усманов осы артефакттарды талдай отырып, бұл қалам - Шығыс Еуропада металл қалам қолданудың алғашқы фактілерінің бірі екенін айтады, осыған байланысты қаламаны белсенді және жиі қолдану туралы қорытынды жасауға болады. Хан кеңсесінде қамыс қауырсындарымен қатар құс пен сүйек қаламдар қолданылды. Археологиялық материалдар металды әріптерді жазуда қолданылғаны туралы куәландырады. Бітікшінің басқа жазбаша құралдарының қатарына қаламдар мен қауырсындарға арналған арнайы өткір (нейкат) тақтайшаларды атауға болады. Қалам,әдетте қалам салғыш қапшықтарда ерекше ұқыптылық пен сақталған.

Алтын Орданың қолөнершілері «калямница» жасады. Мұндай жазу құралдары, дивандар мен басқа да іс - жүргізу орындарының көптеген хатшыларында болған. Хатшылардың сия құтылары әйнек, металл, керамика және қыштан жасалған бөтелке пішінді бұйымдар,пішіні әсем және әдемі безендірілген. Сия құтылары аз сияны соңына дейін қолданатындай етіп аса ұқыптылықпен жасалған. Кейбір сия құтыларында иесіне сәттілік, бақыт, ұзақ өмір тілейтін жазулар бар. Осындай құтылар Кульбаево-Марас ауылының аумағында, Татарстан Республикасы, Нурлат ауданы табылған.XII ғасырдың аяғы - XIII ғасырдың басында Иранда жасалынған сия құтысы айналдыра үш жолақпен безендірілген. Ішінде жеті шеңбер бар шеңберлер бүкіл ортаңғы жолақ бойымен сызылады. Төменгі және жоғарғы жолдарда «Осының иесіне даңқ, табыс, күш және ұзақ өмір» деген жазу бар. Күміс соққылар хаттар мен сызбаларға қолданылады. Беріктік үшін сия құтысы қорғасыннан жасалған. Осы қорғасын сия құтыларының бірінде Құранның «Фатиха» сүресінің мәтіні жазылған. 1941 жылы Сарайда XIII ғасырға жататын бахшы қабірін қазу кезінде қайың қабығынан жасалған қораптан қайың қабықты кітапша,жез сия құты, сүйек қаламсап табылды. Демек, сүйек қаламымен тек тырнап қана қоймай, сия құтысына батыра тұрып жазуға болған. Осы кезеңде Жошы ұлысында метал қауырсындары пайда бола бастайды. Солардың бірі Сарай-Берке қаласында табылған сия құты мен қаламсап. Бұл төменгі жаққа бағытталған сегіз бұрышты жез таяқша. Оның ұшы жартысында кесілген. Ал Еуропада,тек XVIII ғасырда металл қауырсындарын қолдана бастаған.[3,58-63б]. Ұйғыр әліпбиінің әріптерімен қайың қабығына жазылған XII ғасырдың соңы XIV ғасырдың басында жазылған өлеңі осы күнге дейін сақталған. Ол 1931 жылы Еділдің сол жағалауындағы Саратов облысы, Подгорное ауылының жанындағы ежелгі қабірді қазу кезінде табылған.

Моңғол фольклорының бір үлгісі саналатын бұл поэтикалық шығармада байға қызмет ету үшін Еділ бойына баратын анасымен баласының қоштасуы суреттелген. Анасымен қоштасып жатқан ұлы достарына,туған жеріне,отбасы туралы қайғысына ортақтасады,ал анасы оған алаңдамауды өтінеді. Бұл өлең ежелгі Еділ бойындағы қайыңның қабығына жазудың жалғыз мысалы. Жануарлардың өңделген сүйектерін Жошы ұлысында жазу үшін әдеттегі материал ретінде қолданған. 1961 жылы Сарай әл-Джадид қаласында қираған үйдің астынан бұқаның күрек сүйегі табылды. Онда сиямен екі күлімсіреген тұлғаның бейнесі суреттелген. Жануарлардың күрек сүйегін жазу материалы ретінде пайдалану дәстүрі ежелден Жошы ұлысында сақталған және соңғы уақытқа дейін жеткен[9,32-48б]. Хаттар тамшы тәріздес мөрден басқа өте үлкен шаршы таңбалармен (мөрлермен) мөрленген. Мөр арабтың куфикалық жазуларымен толтырылған. Жазу алаңның оң жақ бұрышынан басталып,сол жағына қарай жазылып,шаршылар қалыптастырады. Мұндай таңбалар түсіне қарай алтын,көк және қызыл түсті деп аталды. Тамға мәтіндерінде Аллаға және оның пайғамбары Мұхаммедке деген сенім туралы діни жазулар бар. Содан кейін билеуші қалай болу керек,оны Алланың қалауымен Мұхаммед пайғамбардың адамдардан жоғары тұру керек,содан кейін ханды дәріптейтін сөздер,оған ізгі тілектер,соңында хан аттары мен әкесінің аттары көрсетілген. Археологиялық

олжалардың ішінде Сарай әл-Джадид қаласынан табылған мөр ерекше назар аударады.Бұл өте ұзын бұйра сабы бар жезден жасалған. Тұтқаның соңында ілуге арналған тесік бар. Сонымен қатар жеке есімдері жазылған қарапайым сақиналар да кең таралды.Олардың кейбіреулері, қарапайым адамдар арасында таралатын жеке іс қағаздары үшін қолданылған. Жошы ұлысынан табылған сақиналардың жартысына жуығы Болгариядан жасалған.Мысалы, Сарай аль-Джадид қаласынан шыққан сардоникс тасты сақинада тас шағылдың айналдыра бойымен жазу түскен. Қара нефритті сақинасында айна бейнесі түрінде «Апасы биік» деген жазу бар,бұл нағыз сақина мөрі. Сарай әл-Джадид және Сарай-Бату қалаларында табылған артефакттардің ішінде сүйек пен тастан жасалған заттар да бар. Олардың кейбіреулеріне «Алла»,«Аллаға деген махаббат» деп жазылған.Бұл жазулар сол кезеңдегі сопылық идеологияға толық сәйкес Алланы мадақтайтын жазулар. Сарай әл-Жадидтің дөңгелек сардоникс рамасында: «Мейірімді және шебер Алланың атымен Алладан келген жеңіс - оның қолындағы сенімділердің жеңісі» деген жазулар бар. Жошы ұлысында шебердің немесе шеберхананың белгісін затқа қою немесе сатып алынған затты иесінің атына белгілеу әдеті жазуға дейін пайда болған, бұл ереже болып бекітіліп,белгілердің атауы мөртаңба мәртебесіне ие болды. Осы мақсатта арнайы белгілер жасалды.

Мысалы, қыш шеберлерінің белгісі: «Аббас пен Жамал». Ол қыш құмыраларға қолданылады, армян құмырашыларының дөңгелек мөрінде «Саркис - Анандтың ұлы» деген жазу бар. Сарай-Батуда табылған қола сақинадан тастардың орнына салынған екі шыны бөліктердің арасында қағаз табылған. Бұл жазулар дұға болатын және зұлым рухтардан құтқарушы қызметін атқарған. Қағазға жазылған бұл тұмарлар Алтын Орда заманында кеңінен таралған болатын, Жошы ұлысында кездесетін сақиналар мен жүзіктерден басқа жазулары бар бірнеше қола және күміс білезіктер табылған.

Мысалы, болгарлар тұрған Самара облысының Сухореченское ауылынан табылған жез білезікте «Даңқ пен бақыт» деген екі сөз ғана сақталған. Шамасы,бұл білезік иесіне арналған тілектерінің үзіндісі. Болгарияның Джукетау қаласын қазу кезінде қазына ішінде тағы бір білезік табылды. Ол алтын сыммен байланысқан және үш жолақты құрайтын төрт байланыстырудан тұрады. Ортаңғы жолақ басқаларға қарағанда сәл кеңірек,араб әріптері жабыстырылған. Кейбір зерттеушілер бұл мағынасыз сәндік әріптердің жиынтығы деп санайды,ал басқалары олардан мағынасын табуға және оқуға тырысуда. Болгариялық қабірден табылған тұмарға ұқсас құйма қола тақтайшасы, үш тік аймақтан тұрады. Бірінші және үшінші аймақтарда араб тілінде: «Даңқ, табыс және күш» деген жазулар бар. Ортаңғы аймақта екі құстың пішіндері көрсетілген,бастары бір-біріне қарама-қарсы орналасқан көгершіндер. Халық ертегілерінде жазылған әндерде шырқалған білезіктер, сақиналар,жүзіктер Жошы мәдениетінң дамуында елеулі із қалдырды.

Атақты түркітанушы Н.Ф.Катановтың пікірінше, олар Жошы мелекетінде кең таралған, сол кездегі адамдардың рухани әлемімен байланысты болған. Бұл сақиналар XII -XIII ғасыр сақиналарына сәйкес келеді. Кейбір зерттеушілер бұл жұмбақ хаттарды әлемнің барлық рәсімдерін білетін Сүлеймен патша ғана түсінді дейді, басқалары Мұса пайғамбар мұны білген деп айтады, ал басқалары Мұхаммед пайғамбар олардың мағынасын түсінді деп сенеді. Зертеушілердің айтуы бойынша олардың мағынасын Аллаһ қана білетін. Мұсылмандар белгілі бір аурудан,түрлі қиыншылықтар мен зұлым рухтардан құтылған хаттар жиынтығының әр нұсқасы белгілі бір қызмет түріне сәттілік әкеледі деп сенді. Сондықтан бұл сақиналар мен жүзіктерде мұқият сақталған. Сақиналар мен білезіктер сияқты айналар ұлыстың рухани өмірінде маңызды рөл атқарды. Айналар ғұндар мен ежелгі түріктердің қолданысында болған. Айнаның бір жағы жылтыратылып,оған шағылысу эффектісі берілген. Екінші жағы әдемі бедерлі өрнектермен,суреттермен безендірілген. Айна бөлігі мен артқы жағындағы өрнектер тырналмауы үшін айна екі жағынан қорғалған. Айналардың дөңгелек пішіні мен шағылыстыруы оларды судың немесе күннің символына айналдырды.Бұл айналардың зұлым рухтардың әсерін көрсететін

қабілетінеие деп сенген. Сондықтан шамандар мен бақсылар дәстүрлерінде басты орынға ие болды. Тұмарлар түріндегі миниатюралық айналарды хазарлар,болгарлар және қыпшақтар иеленген. Ежелгі заманнан бері ұлыстың қыз келіншектері жазулары бар айналарды қолданған. Булгардан табылған,айнаның артқы жағында екі сфинкстің бастары сүреттелген және: «Иесіне мәңгі даңқ пен ұзақ ғұмыр,бақыт пен жарқырау,өрлеу мен мадақтау,гүлдену мен қадір-қасиет,күш пен сәттілік», - делінген. Сарай-Берке қаласынан табылған айна бірдей мөлшердегі алты шеңбермен безендірілген, Олардың әрқайсысында: «Даңқ пен үстемдік және ұзақ ғұмыр»деген жазулары бар. Табылған айналардың тағы біреуінде: «Мәңгілік даңқ,бейбіт өмір, бақытты болашақ,шеберлік және керемет бақыт» деп жазылған. Келесі айнада одан да көп тілектер бар: «Тыныш өмір, ұзақ ғұмыр, бақытты үнемдеу жеңісі өсіп келе жатқан табыс және болашақ өмірдегі бақытты күй (мәңгі болсын)». Барлық жазулар араб графикасында жазылған. Жошы ұлысының материалдық мәдениеті бейнелі түрде «суару ыдыстары мен мозаикалық паннолар мәдениеті» деп аталады[1,25-30б]. Тағы бір таңғажайып ерекшелігі – ұлыстың қалаларында қыштан,фарфордан, саздан,шыныдан,жезден,алтыннан немесе күмістен жасалған араб әріптерімен жазылған ыдыс-аяқтардың кездесуі. Жазулар көбінесе өрнектер арасында жасырылып,басқа өрнектермен тығыз байланысты. Кейбір жағдайларда араб әріптері өрнек ретінде қолданылады.

Сонымен қатар,шыны аяқтарда терең мағынасы бар,поэтикалық өлеңдермен үйлесетін көптеген жазулар бар. Жалпы, ыдыстарды және басқа да тұрмыстық заттарды ізгі тілектермен, түрлі ұрандармен жазылған жазулармен безендіру - ислам әлемінде кең таралған ежелгі дәстүр, ұлыстың мәдениетін толық көрсететін құбылыс болды. Көп жағдайда ыдыстарда Қытай иероглифтері де кездеседі. Көбінесе жазулар трафарет арқылы жасалынған. Пішіні немесе жазуы бірдей бірдей шыны аяқтарды Сарай әл-Джадид қазбаларынан көруге болады. Осыған орай Биляр кентінің маңындағы қазба жұмыстары ерекше қызықты[8,20-26б]. Соңғы жылдары С.И.Валиуллина жетекшілігімен жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде өте қызықты ашылымдар жасалды. Олардың ішіндегі ең қызығы – Жошы ұлысының орталығындағы қазба жұмыстары кезінде табылған пішіндері мен өрнектерінің әсемдігімен таң қалдырған ыдыстар. Үлгілердің ішінде тек бір ғана сөз ырғақты түрде қайталанады - «икбал» (сәттілік) - бұл ұлыс ыдыстарында жиі кездесетін сөз. Жошы ұлысы қалаларында табылған жазулары бар ыдыстар жүздеген данаға жетеді. Тек бір Болгар бекінісінде ол 50 данаға дейін табылды. Өкінішке орай, бұл әдемі ыдыстың бөліктеріғана,ал олардың көпшілігінде тек жеке әріптер ғана сақталған,олар жазылғанның бәрін түсінуге мүмкіндік бермейді. Көптеген металлдан жасалған ыдыстарда мәтіндер сақталған. Бұл, мысалы, жезден жасалған ыдыс, 1889-1890 жж. Болгарияда табылған және қазір Казань Ұлттық Эрмитажында сақтаулы. Ыдыста: «Даңқ пен өркендеу, күш, жоғары мәртебе және әрқашан иесіне сыйлық береді» деп араб графикасымен жазылған. Қола құмыраның қақпағында араб тілінде рельефті жазулар шеңбермен жүргізілген және құс бейнеленген үш медальонмен үш тең бөлікке бөлінген. Онда: «Даңқ пен сәттілік, үстемдік, бақыт, денсаулық, Алланың мейірімі және ұзақ өмір әрқашан бұның иесі» делінген. Сарайда жасалған шар тәрізді құмыра - бұл өнердің өзі олардың пішіндері мен әшекейлерімен, суреттерімен, араб жазуларымен көркемделген. Ол тар жіңішке мойны бар бейнелі аяққа орналастырылған.Құмыра қабырғасының ортасында: «Әлемді жасаушы қай жерде жүрсе де,осы иенің қамқоршысы бола алады» деген жазу бар. Орта ғасырларда, әсіресе Шығыста, әдемі ыдыстарға үлкен көңіл бөлінген. Мәнді жазуы бар әдемі алтын немесе күміс ыдыс өте қымбат болды. Мемлекет басшыларына жіберілген сыйлықтардың ішінде мұндай ыдыстар ең құнды және құрметті болды. Жошы Ұлысы мен Мысыр арасында көптеген сыйлықтармен үнемі алмасу болғаны белгілі факт. Бұл ыдыстар діни рәсімдерде, елшілердің қабылдауында, жаңа отбасылық байланыстар орнатуда, күнәлардан тазару рәсімінде және ант беру кезінде маңызды болды. Көбінесе жақсы тілектер қымбат металдардан жасалған шамдарда қолданылды. Жақсы тілектер жазылған

жазулар ең алдымен білімді адамдарға, ислам әлемінің ғалымдарына арналған. Мысырдан әкелінген, өткен ғасырда Сарай-Берк қаласынан табылған астынғы жағы кесілген мәрмәр шам, конустық пішінді, конустың үстіне кішкентай цилиндр орналастырылған. Жазу екі бөліктен тұрады. Шамның жоғарғы жағында: «жеңіске жететін,құдай қолдап отырған жауынгері және тәртіпті ұйымдастырушысы» деп жазылған. Төменде:«әрдайым үстемдік пен ұлылық» деген сөздер жазылған. Биіктігі 35-38 см болатын әйнек жарықтандырғыштар төмен амфора немесе құмыраға ұқсайды. Оларды төбеге ілуге болады. Шамдардың үштен екісі мойыннан тұрды. Олар көбінесе араб жазуларымен үйлесетін түрлі-түсті ою-өрнектермен,сюжеттік суреттермен безендірілген. Мұндай шамдар байлардың үйлерін безендірілген. Аталмыш шамдар Болгар қонысын қазу кезінде табылды. Шамның фрагменттерінің бірінің жоғарғы жиегі гүлді өрнектермен безендірілген,төменгі суретте әр түрлі аңдар мен құстар бірінен соң бірі көрініп тұр. Жошы ұлысының халқы араб жазуын ата-бабаларынан мұра еткен. Ол мың жылдан астам уақыт қызмет етіп, Жошы ұлысын мекен еткен халықтың ата-бабалары мұсылман әлемінің мәдени құндылықтарына ғана емес, жалпы адамзаттық мәдениетке де жол ашты.

Араб алфавиті кейінгі ғасырлардағы мәдени жетістіктерді таратудың әмбебап құралы болды. Нумизматикалық мәліметтер - бұл біздің тақырыпты зерделеудің өте маңызды көзі, олар Жошы ұлысындағы сауда орталықтарын құруға көмектеседі. Жошы ұлысының сауда айналымында өзінің жеке мемлекеттік ақшаларының болғаны да қазба барысында көптеп табылған[10,15-30б]. Қазақстан тарихы ежлгі артефакттарға өте бай ,бірақ кейбір жағдайларға байланысты бұл мұралар дүние жүзі музей қорларында сақтаулы тұр. Осы тұста осы мұраларды мемлекетіміз тұрғындарына таныстыру мақсатында бірынғай католог құрылса деген ой келеді. Біз бұл мұраларымызды елге қайтара алмаймыз бірақта көпшілікке арнайы альбомдар негізінде таныстырумызға болады. Мұндай тәжірибені бүгінгі таңда әлемдік музейлер қолдануда. Осы мақалада көрсетілген ұлы ұлыс мұраларның барлық дерлігі казань мемлекеттік эрмитажда сақтаулы тұр. Эрмитаж қызметкерлері жыл көлемінде Алтын Орда мұраларына арнап арнайы іш –шаралар , көрмелер ұйымдастырылып тұрады. Қазіргі таңда Жошы ұлысын зерттеп ғылыми мақала,монографиялардың барлығының саны Қазақстан бойынша небәрі төрт дананығана құрайды. Бұл көрсеткіш Жошы ұлысынның зерттеулерінің кенже қалғанының көрсетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Казиев А. Художественное оформление азербайджанской книги XIII–XVII вв. – М., 1977. – С. 276.
2. Значительная часть обнаруженных чернильниц ныне хранятся в Государственном Эрмитаже и выставлена в стационарной экспозиции «Золотая Орда. История и культура» См.: Kramarovsky M. The Golden Horde // Hermitage news. – 2008. – February-march. – № 1.В Западной Европе его также называли calamus.
3. Крамаровский М.Г. Золотая Орда как цивилизация... – С. 202.
4. Усманов М.А. Жалованные акты… – С. 93.
5. Даркевич В.П. Художественный металл Востока. – М., 1978.
6. С.Л.Тихвинский Татаро –монгольские завоеваниев азии и европе
7. Татаро – монголы в Азии и Европы, сборник статей института востоковедения
8. И.Б. Греков Восточная Европа и упадок Золотой Орды
9. М.Х.Абусеитова, Ю.Г.Баранова. Письменные источники по истории и культуре Казахстана

ӘОЖ 373.167.1.

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫ КӘСІБИ ДАЙЫНДАУДАҒЫ ӘДІСТЕМЕЛІК ҚОЛДАУ

Таурбекова А.С.
Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

e-mail: *taurbekova71@mail.ru*

Автор мақалада жаңартылған білім беру бағдарламасындағы ерекшеліктерді салыстыра отырып болашақ мамандарды даярлау жұмыстарын жоспарын ұсынған.
Тірек сөздер: *бәсекеге қабілетті, жаңартылған білім беру бағдарламасы, бағалау, дағдыны қалыптастыру.*

В статье автор рассматриваети предлагает план работы по подготовке будущих специалистов, и дает сравнительный анализ особенностями обновленной образовательной программы.
Ключевые слова: *конкурентоспособность, обновленная образовательная программа, оценивание, формирование навыков.*

In the article, the author considers and presents a work plan for training future specialists, and gives a comparative analysis of the features of the updated educational program.
Key words*: competitiveness, updated educational program, assessment, skills development.*

Қазіргі кезеңдегі ең өзекті мәселенің бірі – бәсекеге қабілетті, еңбек нарығында сұранысқа ие бола алатындай кәсіби мамандар дайындау. Бүгінгі күні жоғарғы оқу орындары әлемдік өркениетке ұмтылып, дүниеге іргелі ел ретінде танылып, білімді, білікті, саналы азаматтар тәрбиелеу міндеті тұр. Бұл міндет білім алушы жастардың шығармашылықтарын арттырып, өздігінен білім алуға және алған білімін іске асыра білуге үйретуді міндеттейді.

Н. Назарбаевтың «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» атты жолдауында сапалы білім беру туралы мәселе ұстаздар қауымына үлкен міндеттер жүктеп отыр және Қазақстанның индустриалды - инновациялық бағытта дамуының негізі болуға тиіс екені көрсетілгендей, жаңа педагогикалық технологияларды қолдану, балалардың білімін бағалаудағы мониторинг мен бақылау – диагностика амалдарын меңгерту, мектепке дейінгі мекемедегі педагогтарға да үлкен міндеттер жүктейді. Заманауи прогрессте мақсатқа жету үшін жас мамандарды үйрете отырып, заман талабына сай болу үшін білімі жоғары, мәдениетті, өзіне деген сенімі мықты, азаматтық айқындамасы орнықты, кәсіптік білім деңгейі жоғары, жаңалыққа жаны құмар, тың шешім таба алатын тәрбиеші болуға дайындау[1].

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту[2].

Қазақстанда оқитындарды сапалы біліммен қамтамасыз етіп, халықаралық рейтингілердегі білім көрсеткішінің жақсаруы мен қазақстандық білім беру жүйесінің тартымдылығын арттыру үшін, ең алдымен, педагог кадрлардың мәртебесін арттыру, олардың бүкіл қызметі бойына мансаптық өсуі, оқытылуы және кәсіби біліктілігін дамытуды қамтамасыз ету, сондай-ақ педагогтердің еңбегін мемлекеттік қолдау мен

ынталандыруды арттыру мәселелеріне үлкен мән беріліп отыр.

Н.А.Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» жолдауындағы жетінші міндет «Адами капитал – жаңғыру негізі» деп көрсетілген, яғни, еліміздің адами капиталын тәрбиелейтін білікті мамандарға баса назар аударылуы [3]. «Бұл – мүлде жаңа бағдарламалар, оқулықтар, стандарттар және кадрлар. Педагогтарды оқыту және олардың біліктілігін арттыру жолдарын қайта қарау керек болады. Еліміздің университеттеріндегі педагогикалық кафедралар мен факультеттерді дамыту қажет» - делінген. Сонымен қатар, білім беру бағдарламаларының негізгі басымдығы өзгерістерге үнемі бейім болу және жаңа білімді меңгеру қабілетін дамыту міндеттері тұр. Келешегімізге уайымдамас үшін біз өскелең ұрпаққа дұрыс тәрбие беріп, сапалы біліммен қаруландыруымыз қажет. Еліміздегі орта білім мазмұны жаңартылып білім беру саласындағы жаңа мазмұндағы бағдарламалар негізінде маман кадрларды дайындау өзекті мәселе.

Жаңартылған оқу бағдарламаларының өзгерістердегі білім берудің мақсаты - кең ауқымды дағдылардың негіздерін меңгерген оқушы тұлғасының үйлесімді қалыптасып дамуына қолайлы білім беру ортасын құру болса, тек пәндік білім мен білікті қалыптастырып қана қоймай, кең ауқымды дағдыларды: білімді функционалдықпен және шығармашылықпен қолдану; сын тұрғысынан ойлау; зерттеу жұмысын жүргізу; ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану; коммуникативті қарым-қатынас тәсілдерін, оның ішінде тілдік дағдыларды пайдалану; топпен және жеке жұмыс жасай білуді оқушы бойына қалыптастыруды көздей отырып жұмыстарды жоспарлау қажет.

Дағды – автоматты түрде жасауға дейін жеткізілген әрекет; көп рет қайталау жолымен қалыптасады. Оқыту процесінде, әсіресе, жалпы оқу дағдыларын, пәнаралық мәндегі, жазу дағдыларын қалыптастыру қажет.

Жоғарыда аталған дағдыларды қалыптастыру ұлы ғұламалардың еңбектерінде көрініс тапқан. Мәселен, Ж.Аймауытұлының «сабаққа қажетті материалды іріктеуде материал тізгенде, тұрмыс пен ғылым айқасып, астасып тізілсін; жұмыстайтын материалдар даяр түрінде емес, балалар тәжірибе қылып, зерттеп, өз бетімен шешкендей, тұрмыс жұмбақ түрінде берілсін; жұмыстау негізінде баланың бұрынғы өз тәжірибесі перне қоры, мағлұматы салынсын; дәл айтқанда, балаға танымал жақын нәрседен басталсын» дегені. Ш.Құдайбердіұлының «Оқытудың ең үздік тәсілі – әңгіме, ол мұғалімнің тәлімгерлік шеннен түсіп, оқушылармен тең дәрежеде ақиқат іздеушіге (оқудағы болса да) айналады. Әңгімелесуде басты мәселелер: Отан, адам бойындағы Руханилық пен Адамгершілік туралы ой толғау керек дегені. Абайдың адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады дегені[4, б.]...

Коммуникативті оқыту ұстанымында берілген тілдік дағдыларды дамыту (тыңдалым айтылым, жазылым, оқылым) Ж.Аймауытұлының «…бала әуелі тәжірибеге талпынып, нәрсемен танысып, сонан кейін сол нәрсе туралы сөйлесін, тыңдасын, жазсын, оқысын, тілге үйренсін деген сөзінен көруге болады.

Бүгінгі күні қолданыста жүрген оқу бағдарламаларының ерекшеліктерінен де бабалар сөздерімен үйлесімділігін тапқанын аңғарамыз. Мысалы, бір білім беру аясындағы және пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру мақсатында «ортақ тақырыптардың» берілуі Ж.Аймауытұлының «Пәлен күнге бір тақырып алынсын, одан артық та, кем болмасын» деп кесіп-пішіп айту ағат. Үйткені барлық тақырыптарды бір қалыпқа соққандай қып жасау мүмкін де, дұрыс та емес. Біздің «жаңа мектепте» бірінші жылға 8 комплекс (тақырып), екінші жылға 7 тақырып алынған деген сөздерінен көруге болады[4, 57б.].

Ал, оқытудың тәрбиелік әлеуетін арттыру, оқушының адамгершілік-рухани қасиеттерін қалыптастыру деген ерекшелігінде Абай шығармаларының, қара сөздеріндегі тақырыбы жағынан айрықша дараланып, адамгершілік мәселесіне назар аудартып, өшпес мұра ретінде жырланғандығы.

Д.Локктың басқаны үйреткен кісі қайталау арқылы меңгерген білімдерін нығайтумен ғана емес, пәнге үңілуге мүмкіндік алумен де өзін-өзі үйретеді. Сондықтан да асқан дарынды И.Форций өзі жайында: не естіп, не оқысам да, соның бәрі тіпті бір айдың ішінде-ақ ойымнан шығып кетеді, ал басқаларға үйреткенімді өзімнің бес саусағымдай соншалық айқын білемін, – дейді екен. Сондықтан ол зор табыстарға жету үшін шәкірттеріне өздеріне шәкірттер тауып, оларға күн сайын өздері үйреніп жатқан нәрселерін үйретіп отыруды кеңес қылады[5, 57б.].

Оқытудағы жүйелі-әрекеттік ұстанымы бойынша оқушының білім алу үдерісіне белсенді қатысуы болып табылады. Табиғаты бойынша оқу үрдерісі ойлаудан тұруы керек және ми құрылымында өзгеріс жасауға жетелеуі тиіс. Ми неғұрлым белсенді жұмыс істеген сайын, оқу үрдісі соғұрлым қарқынды жүзеге асады. Жаңа Зеландиядағы Онленд университетінің профессоры Дж. Хэтти (2014) адам миы ақпаратты өңдеп, оны түсінуге мүмкіндік беретін, ал мұғалімнің тоқтаусыз сөйлеуі миға шамадан тыс аса көп ақпарат «жүктемейтінін» және ол оқушылардың қызығушылығын жоғалтатындығы, сол себептен нәтижесінің төмендейтіндігін айтады. Ал белсенді оқу, керісінше оқушылардың белсенді қызметпен айналысуы арқылы мұғалім берген ақпараттың мәнін ұғынып, алған білімдерін есте сақтай алатындығы. Сонымен қатар оқушылардың оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттарына жету дәрежелерін анықтау үшін Б.Блумның оқу мақсаттары таксономиясына сәйкес бағалау критерийлері ойлау дағдыларының деңгейлері бойынша реттеліп құрастырылады. Бағалау критерийлерін құрастыруда мұғалім ойлау дағдылары деңгейлерін көрсететін етістіктерді қолдана алады. Критериалды бағалау – бұл алдын ала белгіленген өлшем шарттардың нақты жинағының негізінде оқушылардың оқудағы жетістіктерін бағалау. Білім алушылардың оқу үлгерімі олардың сыныптастарының оқу үлгерімімен салыстырмалы түрде бағаланатын нормаға негізделген бағалаудан ерекшеленеді. Критериалды бағалау жүйесі қалыптастырушы және жиынтық бағалаудан тұрады. Жиынтық бағалау – белгілі бір оқу кезеңін (тоқсан, триместр, оқу жылы, орта білім деңгейі), сондай-ақ оқу бағдарламаларындағы балл және баға қойылатын бөлімдер мен ортақ тақырыптарды аяқтаған кезде жүргізілетін бағалаудың түрі. Қалыптастырушы бағалау сабақтың өн бойында жүргізілетін белсенді әрекет. Мұғалім қызметіндегі қалыптастырушы бағалау үрдісі келесі кезеңдердің іске асырылуын талап етеді: бағалауды ұйымдастыру және жоспарлау; бағалау нысандары мен әдістерін таңдау; оқыту және оқу үрдісінің бөлімі ретінде бағалау жүргізу; кері байланыс орнату; бағалау нәтижелерін талдау; қалыптастырушы бағалау нәтижелерінің талдауына сәйкес оқыту мен оқуды түзету. Бағалау жүйесінде пәндерді оқытуда деңгейлік тапсырмалардың қолданылуын қамтамасыз етеді және оған оқушылардың өздері қатысады. М.Жұмабаев бұл жөнінде «Әртүрлі мектеп, сынып оқу тобы үшін оқытудың әртүрлі деңгейлі жағдайын жасап, баланы өз күшіне сендіріп үйрету керек», – деген[4, 57б.].

Бұл бағдарламадағы маңызды ерекшеліктерінің бірі мұғалімге сапалы білім беру үшін қолайлы жағдай жасалған, ондағы оқу үдерісіндегі ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлар, ресурстар дайын түрінде мемлекеттік сайтта (smk.edu.kz) беріледі. Пәндердің мазмұнының спиралді қағидатпен берілуі тақырыптардың тереңдетіліп меңгерілуіне ықпалын тигізеді және оқу үдерісін жақсарту үшін, кері байланыс жасалады. Онда ненің жақсы істелгенін және нені жақсарту қажеттігін анықтауы, сондай-ақ жақсарту үдерісін қалай жүргізу керектігі туралы нұсқаулық беріледі. Ол жөнінде А.Эйнштейннің «Мен еш уақытта өз оқушыларыма еш нәрсе үйретпеймін, тек қана олардың оқуы үшін жағдай жаратамын» – деген. Оқушылардың түсініктемелерге ілесуіне қажетті мүмкіндіктер жалпы оқу үдерісінің бір бөлігі ретінде жоспарланады. Тиімді болуы үшін, кері байланыс ойлау үдерісін тудыруы және оқуды іске асыруы қажет. Оқу үрдісінде қолданылатын ресурстар оқушыларға қолжетімді қарапайым болуы және оқу барысында барлық сезім мүшелері қатысу керек. Ұлы педагог Я.А. Коменский "Алтын ереже" еңбегінде: "Көрінетіннің бәрін көзге, естілетіннің бәрін құлаққа, сезілетіннің бәрін қолға беру керек", – деп көрсеткен. Осы

берілген дайын дүниенің барлығын дұрыс қолдану мұғалімнің кәсіби шеберлігіне тікелей байланысты. Кәсіби шеберлігі ұшталған ұстаз өз тәжірибесін оқушыға сабақ беру кезінде көрсете алады, ал сабақ – үйреншікті жай ғана нәрсе емес, ол жаңадан жаңаны табатын өнер. Ұстаз шеберлігін Ы.Алтынсарин өз өлеңінде былайша береді: «Жай мұғалім хабарлайды, жақсы мұғалім түсіндіреді, керемет мұғалім көрсетеді, ұлы мұғалім шабыттандырады» [6, 57б.].

Жоғары білікті кадрлармен білім беру жүйесін қамтамасыз ету, мемлекеттік қолдауды күшейту және педагог қызметкерлерінің еңбегін ынталандыруда І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінде педагог кадрларды даярлауда көптеген жұмыстар жүргізілуде. Университетте «Біліктілікті арттыру және қосымша білім беру» орталығы құрылды, ЖОО-ның оқу бағдарламаларына жаңартылған білім беруге байланысты түзетулер енгізіліп, педагог кадрларды даярлауға жоғары талап қойылуда. Педагог кадрларды даярлауды және біліктілікті арттыруды жүзеге асыратын білім беруді ұйымдастырудың қашықтықтан оқытуын қамтамасыз ету мақсатында вебинарлар мен семинарлар өткізуді көздейді.

І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің Педагогика және психология факультетінде «Жаңартылған білім беру мазмұны ғылыми-әдістемелік қолдау» зерттеу орталығы құрылған, орталықтың негізгі мақсаты: ЖОО оқытушыларына жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында маман кадрларды дайындауда ғылыми-әдістемелік көмек көрсету.

Орталықта болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлауда жүргізілетін жұмыстар мазмұны қарастырылып оны келесі бағыттар негізінде жүзеге асыруға болады:

1. Ғылыми-зерттеу қызмет:

Мақсаты: қоғам және мемлекеттің қазіргі таңдағы қажеттіліктері бойынша, жаңарталыған білім беру мазмұны бойынша іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді жүргізу;

Міндеттері: ғылыми әрекеттің жаңа бағыттарындағы зерттеулерді, заманауи ақпараттық технологияларды қолданып ғылыми зерттеу әдістемесін жетілдіру, орталық қызметінің бағыттары бойынша ғылыми және сараптамалық баяндамаларды дайындау.

Ғылыми-әдістемелік қызмет:

Мақсаты: Қазіргі таңдағы қоғамның ақпараттану жағдайында білімгерлер тұлғасының дамуына бағытталған оқыту тиімділігін жоғарылату.

Міндеттері: Жаңарталыған білім беру мазмұны өзекті мәселелері бойынша оқыту үрдісін жетілдіру және оңтайландыру; Тәрбиешілер, әдіскерлердің ғылыми топтарымен бірлескен бастауыш білім беру саласындағы мемлекеттік жобаларды, бағдарламаларды, модельдерді жетілдіру; болашақ мамандарды дая білімгерлерінің дамуын психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу мәселесі бойынша бастауыш білім беру салаларының мамандарына көмек ретінде ғылыми-әдістемелік құралдарды дайындау, рецензиялау.

Жаңарталыған білім беру мазмұны мәселелері бойынша ғылыми жұмыстарды баспадан шығару (монографиялар, оқулықтар, оқу құралдары, мақалалар, жинақтар); электронды-анықтамалық құралды даярлау; Бірлескен ғылыми зерттеулердің материалдарын баспадан шығару; Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы ғылыми-зерттеу жұмыстарының жетістіктерін жариялау; Тұлға дамуының алдынғы қатардағы белсенді әдістері мен оқыту-тәрбиелеу технологияларын іздеу;

Білімгерлердің жаңарталыған білім беру мазмұны жайлы әдістемелік жұмыстарлда жеке педагогтардың инновациялық тәжірибесін айқындау, жалпылау, тарату; Авторлық бағдарламаларды, курстарды жетілдіру, оқу-әдістемелік кешендерді өңдеу; Жаңа педагогикалық технологияларды игеруде оқытушылық-профессорлық құрамының әдістемелік деңгейін жоғарылату.

3.Ғылыми сериктестік:

Мақсаты: Халықаралық және шетелдермен халықаралық ынтымақтастық,

Қазақстан ЖОО, облыстық білім беру орталықтары, мекемелермен ғылыми серіктестік орнату, тұлға дамуы мәселесі бойынша бірлескен зерттеулерге қатысу.

Міндеттері: Бастауыш педагогикасы мен әдістемесі мамандығы білімгерлерінің қала, облыс, республика, халықаралық дәрежедегі білікті мамандар арасында ғылыми байланысты ұйымдастыру; Ғылыми-практикалық конференцияларды, басқа ғылыми шараларды ұйымдастыру және басқару; Студенттердің, магистранттардың, докоранттардың және жас мамандардың академиялық ұтқырлығын, машықтану қызметін және ғылыми кадрлардың қайта даярлауын ұйымдастыру.

Сонымен қатар, оқу орнын студенттердің педагогикалық және психологиялық деңгейін көтеруге, оқыту мен тәрбиелеудің ең соңғы жаңа педагогикалық технологияларын зерттеп меңгеруге және оны өзінің кәсіптік жұмысында қолдана білуге, өз білімін көтеруге, шығармашылықпен жұмыс атқаруға ынталандыруға, авторлық бағдарламалар, құралдар, ізденістер жасауға ұмтылдыруға студенттің педагогикалық-кәсіптік оң көзқарастарының және құндылықтарының қалыптасуына жағдай туғызуға, таңдаған мамандықтарына қызығушылықтарын арттыруға бағытталған семинарлар, пән апталықтары, конференциялар және әртүрлі іс-шаралар өткізу.

Бүгінгі студент - ертеңгі маман. Оқыту үрдісін басқарудың педагогикалық-психологиялық мәселелерін анықтауда тәрбиеші мен бала арасындағы қарым-қатынастарды ұйымдастыру тәрбиешінің теориялық білімінің болуы қажет етеді.

Сонымен, университетімізде бастауыш оқыту педагогикасы мен мектепке дейінгі білім беру мен тәрбиелеу әдістемесі мамандығы білімгерлеріне оқу үрдісінің жаңа мазмұны іздестіріліп, оны оқыту әдістемесін игертудің түрлі жолдары қарастырылуда. В.А.Сухомлинский: «Барлығы да балалық шақтан басталады, жас өспірімдердің моральды бет-бейнесі адамның балалық шақта қалай тәрбиеленуіне байланысты» - деп есептейді. Баланың дұрыс тәрбиеленуі үшін оның тәрбиесін жүзеге асыратын тәрбиеші, педагогқа қойылатын талаптар кәсіби құзыреттілігіне сай болуы қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. "Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!" - Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы Астана 2011ж.
2. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Астана 2019 ж.
3. Н.А.Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» жолдауы Астана 2018ж.
4. Жумабаев М. Педагогика Алматы, 1992ж.
5. Қазақсатан Республикасы орта білім мазмұнын жаңарту шеңберңнде педагог кадрлардың біліктілігін арттыру мұғалімге арналған нұсұаулық Астана 2016ж.
6. Меңжанова Ә. Мектепке дейінгі педагогика Алматы 1994ж.

УДК 378.016

ПУТИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ МУЗЫКАЛЬНО-КОМПЬЮТЕРНЫХ ПРОГРАММ НА ЗАНЯТИЯХ ПО ММО

Темирова Ш.Е.[1], магистр пед.наук, **Темиров Е.Ш.[1],** доцент, **Темирова М.Ф.[2],** преподаватель
Жетысуский университет им. И. Жансугурова[1], г. Талдыкорган
Музыкальный колледж им. К. Байсеитова[2], г. Талдыкорган

Данная статья посвящена комплексным методам преподавания, широкого

взаимного использования содержания учебных предметов, постановка единых целей обучения всех дисциплин и их практической слуховой основы, создания благоприятных объективных предпосылок для установления разносторонних и плодотворных межпредметных связей в музыкально-воспитательном процессе.

Ключевые слова:*дети, музыка, музыкальные предметы, компьютерные программы, урок музыки, музыкально-педагогическая подготовка.*

Бұл мақала оқытудың күрделі әдістеріне, оқу пәндерінің мазмұнын өзара кеңінен қолдануға, барлық пәндерді оқытудың ортақ мақсаттарын қоюға және олардың практикалық есту негіздеріне, музыкалық білім беру үдерісінде жан-жақты және жемісті пәнаралық байланыстар орнатудың қолайлы объективті алғышарттарын жасауға арналған.

Тірек сөздер: *балалар, музыка, музыкалық пәндер, компьютерлік бағдарламалар, музыка сабағы, музыкалық-педагогикалық дайындық.*

This article is devoted to complex teaching methods, the wide mutual use of the content of academic subjects, the setting of uniform goals for teaching all disciplines and their practical auditory basis, the creation of favorable objective prerequisites for the establishment of versatile and fruitful interdisciplinary connections in the musical educational process.

Keywords: *children, music, musical subjects, computer programs, music lesson, musical pedagogical training.*

Переход мирового сообщества к качественно иному технологическому укладу, базирующемуся на сетевом развитии производства и управления, на массовом использовании информационно-коммуникативных технологий, определяет новую ступень современной цивилизации.

В числе главных характеристик - усиление роли квалификации, профессионализма и творческих способностей работника, как главных характеристик труда и человеческого потенциала. В мире высокотехнологической, информационно-сетевой экономики материальные ресурсы уступают своё первенство знаниям, интеллекту, информации, инновациям, которые сегодня превращаются в реальные факторы, самостоятельные продукты производства. [1, с. 55]

Согласно концепции непрерывного педагогического образования педагога новой формации Республики Казахстан, разработанной в соответствии с нормативно - правовой базой, действующей в сфере образования Республики Казахстан, Законом Республики Казахстан «Об образовании», Государственной программой развития образования в Республике Казахстан Посланием Президента Республики Казахстан народу Казахстана «Казахстан на пути ускоренной экономической, социальной и политической модернизации», а также с учетом рекомендаций Конвенции по техническому и профессиональному образованию: «…внедрение системы непрерывного педагогического образования требует принятия новых нормативных документов, организационных решений и структурной политики, позволяющих обеспечить переход обучающихся с одной ступени непрерывного педагогического образования к другой.

Информационное обеспечение требует создания единого информационно-педагогического пространства, национального и региональных банков научной и учебно-методической документации, разработки и снабжения организаций образования информационными технологиями и учебно-методическими материалами, соответствующими многоуровневой системе знаний, обеспечение доступа к мировым телекоммуникационным сетям».

Слушание знакомых пьес в новом звучании (оркестровом, с участием экзотических инструментов), где можно провести сравнение различных трактовок, аранжировок одного и того

же произведения, активизируют и обогащают восприятие у слушателей. [2]И чтобы творческие проявления у детей в результате проведенных занятий имели целенаправленный, активный и эмоциональный характер, педагогу необходимо следующее:

а) отбирать такой музыкальный материал (в том числе и из музыкально-компьютерных программ) для урока, который может являться основой формирования конкретных творческих навыков и в то же время отвечать дидактическим требованиям;

б) использовать приемы, методы и формы работы, способствующие созданию на уроке атмосферы творческой активности, заинтересованности и непринужденности;

в) выбирать приемы показа образцов творчества в различных видах музыкальной деятельности учащихся;

г) разрабатывать и ставить серии заданий, способствующих развитию у детей творческих способностей;

д) различным образом импровизировать, включая в импровизации народные кюи;

е) устанавливать наиболее рациональные пути взаимодействия видов деятельности на каждом уроке, исходя из его темы.

Однако, предлагая вниманию школьников (вне зависимости от того, имеют они музыкальную подготовку или нет) музыкальный материал для слушания, важно учитывать объем их слухового внимания. Например, дети 6-7 лет способны внимательно слушать музыку 1-1,5 минуты, учащиеся третьего класса - 3 минуты, четвертого класса могут охватить вниманием музыкальный образ, звучание которого длится 4-5 минут. Подростки и взрослые могут внимательно слушать произведения, звучащие до 15-17 минут.

Воспитательное значение творчества оценивается достаточно высоко. Ценность музыкального творчества студента проявляется, в первую очередь, в самом процессе, ибо он позволяет преподавателю наблюдать за ходом музыкальной мысли обучающихся. Неоценимую роль технических средств в воспитательной работе подчеркивал Г. Нейгауз: "Я считаю, - писал он, - пластинки, грамзаписи, радио и телевидение великолепным современным средством воспитания" [1].

Каждого будущего музыканта, в первую очередь, надо научить слушать музыку. Восприятие музыки так же, как ее исполнение, является творческим процессом. Активное восприятие может перерасти в творчество. Для данного случая можно использовать музыкально-компьютерную программу "MusikProdusor". Здесь имеются в памяти компьютера более 100 известных и популярных мелодий, пьес, оркестровок различных эпох и стилей. Студенты могут видеть на экране дисплея в цветном изображении инструменты, которые исполняют в данный момент мелодию. Можно предложить несколько вариантов творческой работы:

а) менять состав инструментов от традиционных, принятых для исполнения тех или иных мелодий, до получения экзотических звучаний;

б) экспериментировать с интенсивностью звуковых волн в различных вариантах;

в) определять темп исполняемого произведения в зависимости от его характера, творчески экспериментировать с его изменениями;

г) изменять тональность исполняемого отрывка, составить маленький творческий рассказ о том, что происходит в данном случае с мелодией, как меняется ее настроение, характер;

д) экспериментировать с объемностью звучания, передвигая расположение инструментов курсором мышки, располагая их в разных направлениях в составе оркестра;

е) записывать видоизмененные варианты мелодий, находя затем лучший из них, внося их в память компьютера, экспериментировать с данной записью и так далее;

ж) осваивать элементарные пользовательские навыки работы с музыкально-компьютерными программами.

Чем внимательнее и напряженнее ученики вслушиваются в звучания, тем острее переживают услышанную мелодию. Яркое восприятие музыки является одним из

источников творческого отношения к ней.

Музыкальные способности учащихся, их развитие сказывается в эмоциональном отклике на музыку, в слуховом восприятии звуков высотного и ритмичного движения мелодии, в восприятии формы, основных средств выразительности музыкального произведения, в координации между музыкально-слуховыми представлениями и исполнительской техникой.

Для работы в области развития восприятия музыки можно предложить еще одну музыкально-компьютерную программу "PrestoArranger". В этой программе можно предложить подобрать на слух любимую мелодию. Ознакомив с ее звучанием, нужно попросить его определить движение мелодии и мысленно представить себе звучание песенки, а затем, сверяя свои слуховые представления с реальным звучанием мелодии, подобрать ее на фортепиано. Затем предлагается подобрать на клавиатуре компьютера, сравнив при этом звучание.

Развивая восприятие пьес с определенными ритмическими закономерностями, можно продемонстрировать собственным исполнением или при помощи музыкальных компьютерных программ "Lyra" и "Finale" ритмы вальса, полонеза, мазурки и так далее. Темпы этих танцев связаны с их характером. [3, с 124.]Такой анализ музыкальных пьес способствует сознательному слушанию музыки учащимися. Для успешного усвоения лада можно предложить одну и ту же пьесу сыграть на клавиатуре персонального компьютера сначала в мажоре, затем в миноре или придумать музыкальную тему какого-нибудь занимательного рассказа.

Для освоения нотной грамоты можно использовать программу "Lyra", "Cakewalk", "Scorewriter", "PersonalStudio". В этих программах можно наносить выбранную ноту на нотный стан, которая в тот момент, как ее туда выставляют, еще и звучит соответствующей высотой. После записи нот можно перекрутить, как на аудио магнитофон и прослушать то, что получилось. При желании можно внести любые исправления, используя для этого электронную «резинку», как это делается для стирания ненужных карандашных надписей.

Педагог должен по мере усложнения в процессе дальнейшей работы обращать внимание ученика на составные элементы пьесы: мелодию, сопровождение, элементы полифонии, форму и так далее, дополняя их различными деталями мелодии и подробностями, которые имеют определенную часть единого целого.

Важную роль в развитии восприятия музыки студентами играют программные произведения и казахские народные импровизационные жанры. Это наиболее доступные детьми пьесы. На определенную программность могут указать либо стихи, написанные перед нотным текстом, либо картинки из жизни, народа и так далее. Обучающиеся вкладывают в исполнение пьесы настроение, подсказанное его воображением, исполняя ее на клавиатуре компьютера, либо в синтезе «компьютер - традиционный инструмент».

Как один из вариантов такой работы можно предложить учащемуся часть мелодии или сопровождения поручить выполнять одному инструменту, другую часть - другому инструменту или сразу же нескольким инструментам и послушать, что из этого выйдет.

Таким образом, можно получить практические навыки аранжировки и оркестровки пусть небольших пьес. Ценным является то, что студент сразу же слышат конечный результат их авторского замысла: как звучит у разных инструментов, собранных в оркестр по их замыслу, данная пьеса или мелодия.

При этом расширяется круг музыкальных представлений, что направляет внимание ученика не только на содержание музыкального сочинения, но и на форму его воплощения, на то как построены мелодия, аккомпанемент.

Дальнейшее освоение данных музыкальных компьютерных программ дает будущим специалистам возможность играть в паре с компьютерный оркестром. Если это концерт для солирующего инструмента с оркестром или игры просто в ансамбле, он играет первую или вторую партию. Необходимо помнить, что успехов в проблемно-творческом обучении можно достичь лишь при условии четкого соблюдения в работе основных компонентов проблемной

ситуации: необходимость, при которой возникает потребность в новом действии; неизвестное, которое должно бы открытым в возникшей ситуации; возможность выполнения учащимися проблемного задания.

Особая область применения музыкальных компьютерных программ - диагностика. Сопоставление записей на дисках, сделанных в разное время, в разных условиях, позволяет получить наиболее объективное представление о музыкальных способностях, одаренности, способности ученика и на этой основе прогнозировать его дальнейшее продвижение. Данные, полученные в ходе того или иного эксперимента, помогают выявить обобщенность мыслительной деятельности, ее направленность на абстрагирование и обобщение существенного в материале, осознанность мышления, гибкость и устойчивость мыслительной деятельности и его самостоятельность.

Комплексный метод преподавания, широкое взаимное проникновение содержания учебных предметов, единство целей обучения всех дисциплин и их практической слуховой основы создают благоприятные объективные предпосылки для установления разносторонних и плодотворных межпредметных связей в музыкально-воспитательном процессе. Музыкальная литература с первых же уроков использует опыт и знания Детей, приобретенные на уроках сольфеджио и в классе игры на инструменте, устанавливая специфические связи с каждой параллельной дисциплиной.

Материал музыкальной литературы является богатой питательной почвой для гармоничного эстетического развития слуха. Известный педагог и композитор С. Майкапар в своем исследовании утверждал, что наиболее благоприятным для слуха воздействием следует считать восприятие в возможно большем количестве художественно законченной музыки[4, с 154-156].

ЛИТЕРАТУРА:

1. Апраксина О.А. Из истории музыкального воспитания // М., «Просвещение», 1990.
2 Кабалевский Д. Воспитание ума и сердца // М., «Просвещение», 1984.
3. Конюхов Н.И. Словарь-справочник практического психолога // Воронеж, НПО «МОДЭК», 1996.
4. Ражников В. Диалоги о музыкальной педагогике. // М., «ЦАПИ», 1994.

УДК 428.304.2

РЕЛИГИОЗНЫЕ ИСКАНИЯ Ш.КУДАЙБЕРДЫУЛЫ И Л.ТОЛСТОГО КАК ТЕОЛОГИЧЕСКОЕ ОБОСНОВАНИЕ ОЧЕЛОВЕЧИВАНИЯ ЧЕЛОВЕКА

Тойматаев Д.Б. к.ф.н., **Рахипова С.К.** к.ф.н.
Жетысуский государственный университет им. И.Жансугурова, г.Талдыкорган

e-mail: *dauka76@mail.ru., sayra.76@mail.ru*

Бұл мақалада Ш.Құдайбердіұлы мен Л.Толстойдың салыстырмалы түрдегі діни-этикалық ілімдері ұсынылған. Осы күндегі адамды адам қылу мәселесі өзекті мәселелердің бірі екені айдан анық, сондықтан адамды ізгілік тұрғысынан тәрбиелеуді ұмытпаған жөн.

Тірек сөздер: *діни қауіпсіздік, мораль, ар-ұждан, парыз*

В данной статье представлены религиозно-этические воззрения Ш.Кудайбердиева и Л.Толстого. На сегодняшний день проблема очеловечивания человека является одной из актуальных проблем, поэтому надо всегда плмнить о гравственном воспитании личности.

Ключевые слова: *религиозная безопасность, мораль, совесть, долг*

In this report, the author presents the theological justification of the moral ideas of man in the teachings of Sh. Kudayberdyuly and Tolstoy as the core of moral self-identity.

Key words: *religious security, morality, conscience, debt*

Теологическое обоснование очеловечивания человека – это не только религиозное искание, как у Толстого, так и у Шакарима, а ни что иное, как искания этические. Сравнивая Льва Толстого и Шакарима Кудайбердыулы необходимо подчеркнуть трагичность последнего, которая, казалось бы, так сильно контрастирует с гармонией и «полноводностью» толстовского мироощущения. Пускай для большинства это покажется парадоксальным – Шакарим, несомненно, фигура столь же трагичная, как Толстой. Возможно, даже в большей степени, хотя и по-своему. Достаточно вспомнить их боль разрыва между собственными идеями и обстановкой, в котором они жили. Даже поверхностный взгляд на семидесятые годы убеждает, что обращение к религии - явление в ту пору самое необыкновенное, даже расхожее. По принятой схеме общественная жизнь и общественная мысль этого десятилетия «возглавляется» социальными радикалами – с их крайним ответвлением, «Народной волей». Считается само собой разумеющимся, что социальные радикалы – сплошь атеисты. Между тем это явное упрощение.

Впрочем, религиозность некоторых радикалов – лишь слабый отголосок того религиозного напряжения, которые характерны именно для семидесятых годов. Это касается и «народа», который обнаружил значительно большую, чем прежде, склонность к сектантству, к молоканству, штунде и т.д.

В семидесятые годы религиозно-философским творчеством занимается все больше философов, среди них Н.Ф.Федоров, Ф.М.Достоевский, Вл.С. Соловьев, В.А.Пашков. В Казахстане это – М.Жумабаев, Ж.Аймауытов, М.Дулатов, А.Байтурсынов. Ясно, что Толстой и Шакарим не одиноки, что смятение их духа – эпохальная примета. В те времена в России всякая гуманитарная деятельность возводится до уровня религии. Жрецы, в том числе и Лев Толстой, получили как-никак православное воспитание, а православие, как и все монотеистические конфессии, исходит из того, что лишь ему принадлежит Истина. Писательская корпорация сознательно или бессознательно воспринимала себя в качестве псевдоцеркви. Но члены корпорации не признавали верховенства Доброго Пастыря, они были именно жрецы, то есть причетники языческих культов, и поклонялись разным истуканам. Скорее всего Толстой не понимал, что вера и культура – феномены принципиально различные – его душа была бы спокойнее, и он не произнес бы горьких слов: «Люди мне опротивели, и сам себе я опротивел, и я понял, что вера эта – обман». При беседе Толстого с митрополитом Макарием было понятно, что молитвы церкви помогают лишь тем, которые прежде смерти жили так, чтобы по смерти все это могло быть для них полезным. Потому что для отошедших без веры и без общения в таинствах напрасно совершаются ближними дела того благочестия, залога которого они не имели в себе, когда находились здесь. Толстой с полным основанием спрашивает: для чего тогда молитвы, разве бог не разберет, без этих адвокатов, зачем церкви и жертвы? Он понял, что это все всего лишь повод к собиранию копеек.

Шакарим обращается к религии, так как теологическое миропонимание выступает у него как одна из трех истин. Осмысливая это, он пишет:

...Пәнші дейді: «қайда тәңірі? »
Дінші дейді: «менде тұр! »
Екеуі де сөзге нанды,
Таза ақылдан жоқ сұрақ.
Пәнші нанды бес сезімге.
Дінші адасты жолынан. [1].

Здесь диалог ученого и теолога, где ученый вопрошает: где же всевышний? Теолог отвечает, что Он в нем. При таком раскладе ученый поверил в пять своих чувств, а теолог же сбился с пути.

По Шакариму, «причинные истоки всего существующего – в безмерности познания, могущества и искусности творца». Эта мысль сама по себе заслуживает внимания, так как во времена Шакарима в Казахстане не успела еще получить широкого распространения какая-нибудь устойчивая теория сотворения мира, а сознание человека призывало, как и почему возник окружающий мир и какую значимость он имеет. Религиозный вопрос у него, в сравнении с Толстым, тесно связан с наукой. И не только поэтому ответ на этот вопрос должен был непременно ориентировать личность на праведное поведение и добрые дела, добрые не для Бога, а для сотворенного им мира и самого человека. Как подлинному ученому Шакариму свойственно уважение к научной критике и самокритичность. Он всегда принимает углубленный аргумент и признает погрешность, как бы это ни было неприятно. Возможно возражение, что эти черты – просто честность, правдивость, уважение к истине, самокритичность – относятся скорее к диапазону нравственности. Однако, Шакарим Кудайбердыулы доказывает неразрывность науки от нравственности. Нравственные качества ученого – непременное условие результативности его поисков. Уважение казахского философа к истине не имеет ничего общего с идолопоклонством, фетишизацией истины. Истина для него опора и источник дальнейшего познания, и уважение к ней органично сочетается с готовностью в любой момент пересмотреть свое отношение к добытой ранее истине, уточнить, развить ее, если того требуют факты и логика. Наиболее отчетливо необходимость знания выступает в выборе средств реализации нравственных намерений. Пусть человек имеет самые лучшие намерения и, руководствуясь ими, совершает какие-либо действия. Происходит материальный процесс, в котором человек неизбежно воздействует на окружающую среду, на других людей. Процесс этот имеет свои объективные, от воли и желаний человека не зависящие, закономерности. Поэтому незнание объективной связи явлений и результатов действий сводит на нет любые добрые намерения, а порой приводит и к совершенно нежелательным результатам. Если мы признаем, что нравственность без добрых дел пуста, то мы должны также признать, что она пуста без знания, поскольку без знания немыслимы добрые дела. Шакарим материалистический объясняя мир, не отрицал божественного начала мира, подтверждением может являться стихотворение в духе Лукреция «Природы вещей». В этом заключается глубокий смысл, потому как, простого человека времен казахского мыслителя, творившего на стыке двух веков, и отсталый в целом народ невозможно было вывести к высотам цивилизации и культуры прямым путем научного образования. Предполагался другой подход, обусловленный уровнем развития его бытия и сознания. В то же время, движимый гуманистическими идеями, он критиковал догмы шариата, критиковал религиозную косность, фанатизм, осуществляя новые реформы в исламском учении, стремился обратить его во благо казахов и в целом среднеазиатских народов. Он совершает хадж в Мекку не для того, чтобы приобрести звание «хаджи», а чтобы, изучив религиозную философию и собственными глазами увидев святыню мусульман, обрести истину для себя: «...Осы оймен Мекке барғанмын, әртүрлі кітап алғанмын. Ақылға сыймас жалғаным, Алмадым сынай келгенде...». Летом 1879 года Толстой посещает Мекку православных – Киево-Печерскую лавру, посещает прославленного схимника Антония. Ничего там на него не произвело никакого впечатления. Он увидел в Кмеве сплошной обман, чинопочитание, подмену веры предрассудками и суеверием, хотя на большее он не надеялся, так как был настроен скептически. Смотрел пристрастными глазами человека, готового к борьбе, что он называл лжеверой. Увиденное и услышанное в Киеве укрепило его еретическое настроение. В отличие от Шакарима он побывал и в Троице-Сергиевой лавре, где беседовал с наместником лавры Леонидом Кавелиным, встречался в Москве с митрополитом Макарием (Булгаковым) и викарным архиереем Алексием (Лавровым-Платоновым). После

чего больше укрепился в своем убеждении и благодарил Бога за то, что он находится в состоянии борьбы и страдания. Сколько бы раз его не убеждали прочитать православное догматическое богословие, чтобы укрепить его в православной вере, он прежде убеждался в противном. Безусловно, Толстой считал христианство самой главной и истинной религией, потому что в ней сходятся все вероисповедания. И это обстоятельство представляется важным, ибо это зерно будущего единения людей, которые исповедуют разные веры. Приблизившись к пятидесяти годам Лев Толстой, по мнению окружающих, больше стал задумываться о «душе», стал смиреннее и мягче. Он стал чаще ездить в церковь – вставал рано, ездит по праздникам к обедне. Хотя такое подчеркнутое отношение к обрядовой стороне православия, при всей несомненной искренности порывов Толстого, не свидельтствовало о духовном перевороте. В июле 1877 года он побывал в Оптине пустынь, беседовал со старцами - был доволен. Но старцы так и не угадали подноготной Толстого, подспудных и стремительных центробежных течений, на которые они никак не могли повлиять. Нет спокойствия, он переживает жесточайший религиозный кризис. Этот период его религиозных исканий не долго длился. Ревностно исполняя обряды, он «смирял свой разум и подчинял себя тому преданию, присущее всему человечеству». Цель благая и высокая; алчные телесные жертвы, неудобства и лишения должны были послужить нравственному очищению. Но автоматически подчинять себя смирению Толстой был не в состоянии. В нем победило рациональное аналитическое начало, теперь он невольно стал приглядываться к обрядам, языку церкви и с негодованием отбросил всю эту фальш и самообман. Позже вовсе перестал ходить в церковь и стал бестактно высмеивать обряды и церковные службы. В его жизни укрепление духа религиозности обернулось враждой с православной церковью и еретический продолжался до конца своей жизни. «Я хочу понять так, чтобы всякое необъяснимое положение представлялось мне как необходимость разума же, а не как обязательство поверить. Что в учении есть истина, это мне несомненно; но несомненно и то, что в нем есть ложь, и я должен найти истину и ложь и отделить одно от другого» [2], пишет Лев Толстой в своей «Исповеди», где его поддерживает Шакарим: «Истину человек видит и воспринимает не просто глазами, а глазами разума...» [3]. Истина дана человеку не в чувствах, а в разуме, так как только разуму доступна сущность мироздания. Сущность человека - в знании истины. У Шакарима три истины. И эти три истины заключаются в признании беспричинной причины – Создателя, бессмертия души и совести как ее субстанции. Истина открывает человеку новые возможности и позволяет ставить новые цели. Но истина не лежит на поверхности и может быть обнаружена только путем специального анализа. Поиски истины, стремление дойти до нее и руководствоваться ею в своих решениях оказывается важнейшим моментом нравственной позиции. Нравственность отдельного человека включает нравственное сознание и нравственное чувство. Если сознание без чувства холодно и недейственно, то чувство без сознания слепо. Подлинная нравственность личность – это сознательная нравственность, то есть способность человека осознать не только непосредственные мотивы своих действий, стремлений и желаний самих по себе, но также их соотнесенность с некоторой системой понятий о должном и недолжном, добре и зле. У Льва Толстого и Шакарима Кудайбердиева есть определяющая черта нравственности и характеризуется она как безусловная императивность. Пока человек рассуждает, взвешивает, оценивает свой возможный поступок, эта черта нравственного сознания не выявляется. Но вот наступает момент, когда надо действовать. И тогда нравственно воспитанный человек подчиняется глубокому внутреннему импульсу, требованию, которое представляется ему безусловным и которое противостоит любым рационалистическим доводам. И Шакариму и Толстому время велело поступать так, что это будет выгодно для них и в то же время не принесет никакого вреда другим, и время от времени они как будто соглашались со всеми доводами, но в последний момент говорят: «Нет». Вполне очевидно, что здесь в действие вступило то, что называют велением совести. Эта та категория, которая объединяет двух мыслителей. У И.Канта

можно заметить, что человек восхищается двумя вещами: бесконечностью звездного неба и внутренним моральным законом. Первую бесконечность можно познавать, осваивая новые пространства, а вторую он преодолевает сам, подчиняясь голосу совести. Природу совести в предлагаемом контексте хорошо описывает А. Милтс: «Там, в душевной преисподне, находится наше серое равнодушие, наш компромисс между добром и злом. Там увлечения, которые мы путали с любовью. Там слезы страсти и охлаждения, растерянность. Там доверенные нам, но не сохраненные тайны. Там наши привычки, которые мы проклинаем, запутавшись в них, как в паучьей сети. Там наше легковерие и поверхностность, грехи, совершенные в гневе и ненависти. Там бесконечные, часто хаотичные записи в подсознании» [4]. Сердцевина идей Шакарима – духовно-нравственное воспитание подрастающего поколения. Философ не требовал революционных изменений в обществе, он надеялся преобразить человеческую жизнь через облагораживание души и духовных потребностей. Он был убеждён в необходимости нравственного очищения людей для построения нового общества. Задача родителей и педагогов, по мнению Шакарима, - уберечь юные души от дурных влияний. Плохие привычки легко закрепляются и от них трудно избавиться, поэтому с раннего детства надо прививать человеку правила нравственного поведения. Добродетели, напротив, требуют постоянных усилий духа воспитуемых. Отдалённость результатов, несиюминутность отдачи правильного поведения заслоняют от детей значимость моральных заповедей: «Неискушённость, малый жизненный опыт подталкивает молодёжь идти на поводу у чувственных влечений и предпочитать эгоистические желания общественному долгу», - писал Шакарим в философских думах «Сад подснежников». Если с детства не прививать навыки нравственного поведения и не упражнять воспитанников в правильных моральных поступках, позднее ни самые сильные внушения разума, ни требования чести и долга не в силах будут изгнать дурные навыки. Всякий обязан стремиться к достижению идеала, пусть даже и не дойдёт до цели, но находиться на верном пути - залог успеха. Нравственные нормы и правила поведения не должны быть чем-то внешним, они должны стать глубоко личностными качествами растущего человека и только в этом случае выполнят своё назначение. Значит, главная цель нравственного воспитания и самовоспитания, согласно Шакариму, - необходимость формирования в человеке внутренней потребности к активному утверждению в себе высокой морали, духовности, религиозности.

ЛИТЕРАТУРА:

1. Шәкәрім. Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: «Атамұра», 2003. – 118 б.
2. Толстой Л.Н. Исповедь. В чем моя вера? – Ленинград.: Издательство «Художественная литература», Ленинградское отделение, 1991., с 110.
3. Кудайбердиев Ш. Три истины.- Алматы., 1991., с 39.
4. А. Милтс. Совесть // Этическая мысль. Москва., 1990., с. 274-275.

ӘОЖ 94

АЛТЫН ОРДАНЫҢ 750 ЖЫЛДЫҒЫН ТОЙЛАУ ТУРАСЫНДА

Толамисов А.Ғ., т.ғ.к., қауымдастырылған профессор м.а.
І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.

e-mail: *ansarok@mail.ru*

Мақала 2020 жылы Қазақстан Республикасында аталып өтілетін Алтын Орданың 750 жылдық мерейтойының маңыздылығын зерттейді. Мәселенің тарихи аспектілері

көрсетіліп, оның қазақ халқының санасын жаңғыртудағы орны мен маңызы талданады. Автор мақала соңында қорытынды ойын ұсынады.

Тірек сөздер: *Алтын Орда, Қазақстан тарихы, мерейтой, ұлттық сана, Отан тарихы*

Статья исследует значимость 750-летнего юбилея Золотой Орды, отмечаемого в 2020 году в Республике Казахстан. Показаны исторические аспекты проблемы, проанализированы ее место и значение в модернизации сознания казахского народа. Автор в конце статьи представляет свое заключение.

Ключевые слова: *Золотая Орда, история Казахстана, юбилей, национальное самосознание, История Отечества*

The article examines the significance of the 750th anniversary of the Golden Horde, celebrated in 2020 in the Republic of Kazakhstan. The historical aspects of the problem are shown, its place and significance in the modernization of the consciousness of the Kazakh people are analyzed. The author presents his conclusion at the end of the article.

Key words: *Golden Horde, history of Kazakhstan, anniversary, national identity, history of the Fatherland*

Қазақстан Республикасы мемлекеттік тәуелсіздікке ие болғаннан бастап отандық тарих ғылымында елеулі өзгерістер орын алды. Ел тәуелсіздігін баянды ету мақсатында қазақ халқының тарихи жадын жаңғыртып, ұлттық сана-сезімін ояту мәселесі қолға алынды. Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен басталған ұлтты рухани жағынан жаңғырту мәселесі бүгінгі күні де өз маңызын жойған жоқ. Еліміздің өткен тарихын ұлттық ұстаным тұрғысынан зерделеу – жаһандану заманында елдің өзіндік дербестігін және ұлттық бірегейлігін сақтап қалуына ықпал етпек. Сонымен бірге жастарды патриоттық рухта тәрбиелеудің, олардың бойында жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастырудың бірден-бір маңызды факторы болып табылады. Сондықтан да қазіргі кезде отандық тарих ғылымы көптеген мәселелерді кешенді түрде қарастырып, тарихтың түрлі толқынында орын алған оқиғаларға өзіндік тарихи бағасын беру керек.

Оған қоса тәуелсіздік алғаннан кейін отандық тарихымызды жаңа белеске шығару мақсатында мемлекет тарапынан түрлі бағдарламалар ұсынылып келеді. «Мәдени мұра» бағдарламасынан бастап қазақ халқының тарихын зерттеуге бағытталған игі шаралар орын алып келуде. Қазақ халқының археологиялық ескерткіштері, этнографиясы мен мәдениеті, салт-дәстүр ерекшеліктері мен ұлттық құндылықтар жүйесіне арналған бірнеше сериялардан тұратын кітаптар жинақтары жарық көрді. Шет елдердегі сирек қорлар мен мұрағаттардан отандық тарихымызға қатысты дереккөздер табылып, олар арнайы аудармаларымен елімізде жарық көрді.

2016 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарлама-мақаласы аясында аталған бағыттағы жұмыстар қарқыны ерекше артты деуге болады. Халықтың тарихы мен дәстүрін, мәдениеті мен әдебиетін, археологиясы мен этнографиясын сипаттау бойынша түрлі ғылыми-ізденіс жұмыстары атқарылуда. Бұл шаралардың барлығы, әрине, бірінші кезекте қазақ халқының бай мәдениеті мен дәстүрін, терең тарихын насихаттауға арналады.

Ал 2018 жылы қоғамдық-әлеуметтік ғылымдар бойынша ізденіс жұмыстарына ерекше қарқын берген Елбасының «Ұлы Даланың жеті қыры» мақаласы да ерекше тарихи маңызға ие болып келеді. Себебі аталған мақала аясында тарихи сананы жаңғырту көзделді. Осылайша, Н.Ә. Назарбаев өзінің мақаласында негізгі мақсатын айқындайды: «...көтерілген мәселелер жан-жақты ой елегінен өткізіп, терең зерделеуді талап етеді. Сондай-ақ біздің дүниетанымымыздың, халқымыздың өткені мен бүгінінің және болашағының іргелі

негіздеріне тікелей қатысты» [1].

Міне, қазіргі кезде осындай жағдайларда отандық тарих ғылымының дамуы заңдылық болуы шарт. Сондықтан да қазіргі кезде қазақстандық және шетелдік ғалымдар қазақ халқының өткеніне көз салып, «ақтаңдақтарды» ашып көрсетуге, кейбір қалыс қалған мәселелерді қайтадан ой елегінен өткізуге мүмкіндік алды. Бұл да болса тарихымызды мұқият зерделеуге деген серпіліс беретіні анық.

Осы ретте төл тарихымыздың талай беттеріне куә болған Алтын Орда мемлекетінің тарихына қатысты мәселе өз алдына ерекше болып табылады. Қазақ мемлекеттілігінің қайнаркөзі болып саналатын Алтын Орданың саяси-экономикалық, әлеуметтік-мәдени тарихының ерекшеліктері қазіргі отандық және шетелдік ғылыми айналымда өте өзекті мәселелердің біріне жататыны сөзсіз.

Сонымен қатар Алтын Орда мемлекетінің өмір сүру тарихындағы көптеген жәйттер аталған мәселені зерттеу мен оған тарихи баға беру бойынша, бір жағынан, көптеген мүмкіндіктер берсе, екінші жағынан проблеманы күрделендіре түседі. Сол кездегі Еуразия кеңістігіндегі түрлі саяси процестер мен олардың алуан түрлілігі, толассыз болып жатқан этнодемографиялық үрдістер, ішкі-сыртқы саяси күрестер, халықтың мәдени алуан түрлі болуы – бұл мәселелердің барлығы әлі де болса мұқият зерттеу мен объективті көзқарастар мен пайымдауларға мұқтаж екенін жасырмау керек. Ол үшін, әрине, бірінші кезекте аталған мәселелер бойынша кешенді зерттеу жұмыстарын жүргізу қажет екені белгілі. Бұл шара төл тарихымызды түгендеп, «ақтаңдақтардың» орнын толтырып, әлі де болса қайта қарауды қажет ететін проблемалардың шешімдерін табуға септігін тигізері анық.

Сондықтан да, осы орайда, 2020 жылы Қазақстан Республикасында Алтын Орда мемлекетінің 750 жылдық мерейтойын атап өту мемлекеттік шарасы отандық тарихымызды зерттеу мен ұлттық санамызды жаңғырту бойынша өте өзекті екені сөзсіз [2]. Бұл мерейтойды атап өту бірнеше маңызды мақсаттарды орындауға көмектесетіні сөзсіз. Ең алдымен, ол отандық тарихтағы Алтын Ордаға қатысты мәселелерді тереңірек зерттеуге бағытталған түрлі ғылыми-танымдық шаралардың санын арттыруға көмектеседі, ал бұл, өз кезегінде, аталған мәселе бойынша жан-жақты іргелі зерттеу жұмыстарының жарық көруіне септігін тигізеді. Екіншіден, қазақстандықтардың сана-сезімінде рухани жаңғыру серпілісі орын алып, тарихи болмысын түгендеуге мүмкіндік береді. Үшінші әрі басты мақсаттардың бірі – қазақ халқы тарихына қатысты түрлі бұрмалаушылықтарға «жауап» болары сөзсіз. Себебі түрлі тарихи жағдайларға байланысты тарихымыздың көптеген қырлары өзгерістер мен түрлі бұрмалаушылықтарға ұшырағаны анық. Сондықтан да Алтын Орданың 750 жылдығын тойлай отырып, оның қазақ мемлекеттілігінің қайнаркөзі екенін айқындауға негіз ала аламыз.

Жалпы 1937 жылға дейін барлық тарихшылар Қазақ хандығы Алтын Орданың заңды мұрагерлерінің бірі деп мойындаған. Бұл ғылыми тезис барлық ғалымдардың еңбектерінде тікелей немесе жанама түрде келтірілген. Алайда 1937 жылы Б.Д. Греков пен А.Якубовскийдің монографиясы шықты. Бұл монографияда Қазақ хандығының Алтын Орданың мұрагері еместігі туралы тезис алғаш рет жанама түрде аталып өтті. Мемлекеттік саясат шеңберінде бұл идея кеңінен етек алып, тарихи шындықты қалыптастыру процесі бұзыла бастады. Алтын Орданың тарихы қазақтарға қатысы жоқ деп көрсету әрдайым орын алды. Бұл үрдіске қарсы шығып, тікелей болмаса да, жанама түрде қарсылық танытқан жазушы Ілияс Есенберлин болды. Автор 1983 жылы өзінің атақты «Көшпенділер» шығармасында қазақтар Алтын Орданың мұрагері деген ойды астарлап жеткізді.

Ал тәуелсіздік жылдарында еліміздің тарихшылары коммунистік идеология шынжырынан босап, төл тарихымызды тәуелсіз тұрғыдан қарауға тырысты. Отандық ғылыми айналымдағы ғылыми еңбектерден бөлек, шет мемлекеттердің архивтерінде сақталған түрлі материалдарға қол жеткізіп, Алтын Орданы Қазақстан тарихы деңгейінде ғана емес, әлемдік тарих шеңберінде қарастыра бастады. Дүние жүзінің көне архивтері мен кітапханаларының сирек кітаптары бар қорларынан көптеген тың материалдар тауып,

ғылыми айналымға қосты. Сондықтан да бұл мәселенің ауқымы мемлекеттік деңгейге шықты.

Оған қоса, 2014 жылдан 2019 жыл арасында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өз сұқбаттарында Қазақ хандығының Алтын орданың заңды мұрагерлерінің бірі деген тезисті бірнеше рет айтқан еді [3]. Ал 2015 жылы Қазақ хандығының 550 жылдық мерейтойын атап өтуге арналған мерекелік шарада сөйлеген сөзінде Н. Назарбаев: «Қазақ хандығы сақ, ғұн, үйсін, Ұлы түрік қағанаты, Дешті Қыпшақ пен Алтын Орданың заңды мұрагері» деп өз позициясын айқын жеткізген. Ал 2020 жылы 18 ақпанда ҚР Тұңғыш Президентінің Instagram әлеуметтік желісіндегі ресми парақшасында жариялаған жазбасында да қазақ тарихының Алтын Орда тарихымен сабақтастығын атап көрсетті. Бұл жазбада Елбасы: «Біздің ата-бабамыз – ғұндар, одан жақындау келсек – Ұлы Түрік қағанаты. Біздің жеріміз әрқашан сол мемлекеттердің орталығы болған. Сондай-ақ, Алтын Орда мемлекеті бар. Осының барлығын қорытындыласақ біздің тарихымыз екі мың жылға жалғасады» деп айқындаған болатын [4]. Бұның бәрі Алтын Орданың Қазақстан тарихы үшін қаншалықты маңызды екенін көрсететінін байқау қиын емес.

Сондықтан да Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2019 жылы мамырда «Ұлытау – 2019» халықаралық туристік форумында сөйлеген сөзіндегі Алтын Орда туралы айтқан ойлары құптарлық жағдай. Атап айтқанда, Президент Алтын Орданың 750 жылдығын атап өту қажеттілігі мен «Алтын орданың негізін қалаған Жошы ханның есімін ұлықтауды міндетті түрде» қолға алу керек екенін атап көрсеткен. Сонымен қатар Қ.К. Тоқаев «Біз, қазақ халқы, ұлы тарихи тұлғалардың ізбасар ұрпағы екенімізді ешқашан ұмытпауымыз қажет» деген болатын [5]. Бұл ойды қазақ халқының ұлттық санасына берілетін серпіліс, рухани жаңғыруға негіз және тарихтағы түрлі бұрмалаушылықтарға лайықты жауап деп қабылдау абзал сияқты.

Оған қоса, «Ұлық Ұлыс» – Алтын Орданың 750 жылдығына дайындық және оны мерекелеу жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 1059 қаулысы [6] бойынша жоспарланған шаралар кешені Алтын Орда тарихын жан-жақты зерттеу мен оны насихаттау бойынша үлкен мүмкіндіктер туғызатыны сөзсіз. Себебі бұл арнайы заң бойынша Алтын Орда мемлекетінің тарихын зерттеуге байланысты көптеген іргелі шаралар қолға алынуда. Атап айтқанда, ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша «Алтын Орданың Батыс Қазақстандағы ежелгі керуен жолдары және керуен сарайлары: керуен сарайларын зерттеу және деректер базасын құру», «Ресей, Түркия, Иран мен Қытайдың (XIII-XVII ғасырлардағы) тарихи көздеріндегі ортағасырлық Сарайшық қаласы», Алтын Орданың «Сарайшық (XIII - XVI ғасырлардағы) қалашығының цитаделін реконструкциялау үшін археологиялық жұмыстарды жүргізу» және «Еділ-Орал өзенаралық аумағында Алтын Орда кезеңіндегі қалалардың (Сарайшық, Сарай Бату, Сарай Берке үлгісімен) тарихи-географиялық және мәдени мұрасының туристік әлеуеті» ғылыми жобалары жүзеге асырылуда. Бұл жерде айта кететіні – Алтын Орданың 750 жылдығы 2020 жылы бір жыл аталып өтуіне қарамастан, аталған ғылыми жобалар үш жылдық мерзімдерге жоспарланған. Яғни, белгілі бір мақсаттарға жету үшін кешендік сипатта екені белгілі.

Сонымен қатар аталған қаулы бойынша Алтын Орданың тарихына қатысты көптеген ғылыми-практикалық конференциялар ұйымдастырылу мен Алтын Орданың, Жошы хан, Алаша хан және тағы басқа тұлғалардың тарихы туралы ғылыми-танымдық деректі фильмдердің циклін жасау мақсаттары да көзделген. Бұл шаралардың барлығы, сөзсіз, ұлттық сана-сезімді оятып, рухани жаңғыруға септігін тигізері анық.

Сондықтан да 2020 жылы Қазақстанда Алтын Орданың 750 жылдығын тойлау шарасы қарапайым халықтан бастап, академиялық ортадағы зерттеуші-ғалымдар мен мемлекеттік саясаткерлер-идеологтар тарапынан құптарлық жағдай болуға тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Мемлекет басшысының «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы // http://www.akorda.kz/kz/events/memleket-basshysynyn-uly-dalanyn-zheti-kyry-atty-makalasy
2. Алтын орданың 750 жылдығы туризмді дамыту тұрғысында тойланады // https://www.inform.kz/kz/altyn-ordanyn-750-zhyldygy-turizmdi-damytu-turgysynda-toylanady-prezident_a3561609
3. Сәбитов Ж. Алтын орданың ізін Қазақ хандығы жалғастырды // https://e-history.kz/kz/news/show/2094/
4. «Нам следует воспитывать нашу молодежь именно в этом духе»: о важности юбилейного празднования 750-летия Золотой Орды в Казахстане // https://www.caravan.kz/news/nam-sleduet-vospityvat-nashu-molodezh-imenno-v-ehtom-dukhe-o-vazhnosti-yubilejjnogo-prazdnovaniya-750letiya-zolotojj-ordy-v-kazakhstane-611242/
5. Қасым-Жомарт Тоқаев: Тарихы терең Ұлытаудың қадір-қасиетін бағалай білу - баршамызға ортақ парыз // https://www.inform.kz/kz/kasym-zhomart-tokaev-tarihy-teren-ulytaudyn-kadir-kasietin-bagalay-bilu-barshamyzga-ortak-paryz_a3559399
6. «Ұлық Ұлыс» – Алтын Орданың 750 жылдығына дайындық және оны мерекелеу жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы // http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900001059

ӘОЖ 94 (574)

ШЫҒЫС ТҮРКІ ҚАҒАНАТЫНЫҢ БИЛЕУШІЛЕРІ, ОЛАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІ МЕН ЖҮРГІЗГЕН САЯСАТЫ

Толамисов А.Ғ. т.ғ.к., қауымдастырылған профессоры (доцент)
Замзина К.К. магистрант
І. Жансүгіров ат. Жетісу университеті, Талдықорған қ.

e-mail: *ansarok@mail.ru, karlazk@mail.ru*

Мақалада Шығыс Түрік қағанатының тарихы мен билік құрған тарихи тұлғалардың қызметі мен жүргізген саясаты қарастырылады. 603-744 жылдары өмір сүрген бұл мемлекет қытаймен арада үздіксіз соғыс жүргізу барысында өзінің өміршеңдігін көрсетті. Оның басты себебі елді әділ басқарған көреген билеушілер болғандығы тарихи деректер негізінде ашып көрсетілді.

Тірек сөздер: *Орталық Азия, Хорасан, Копетдаг, әулет, түрік, табғаш, сир, ұйғыр*

В статье рассматривается деятельность и политика исторических личностей, внесших вклад в историю формирования Восточно-Тюркского каганата. Данное государство, существовавшее в 603-744 годы и постоянно воюющее с Китаем, показало свою жизнеспособность. Этому способствовало честность и справедливость правителей, подтверждение чему являются исторические источники.

Ключевые слова: *Средняя Азия, Хорасан, Копетдаг, династия, тюрки, табгачи, сиры, уйгуры.*

The article examines the history of the East Turkic khaganate and the activities and policies of the historical figures who ruled. This country, which lived in 603-744, proved its viability during the continuous war with China. Historical evidence suggests that wise rulers were the main reason for this.

Keywords: *Central Asia, Khorasan, Kopetdag, dynasty, Turks, Tabgash, Sir, Uyghur*

Тарих қойнауына көз жүгіртетін болсақ, YI ғасырдың ортасында Алтай тауын мекендеген түрік тайпалары Бумын қағанның басшылығымен Орталық Азияда Түрік қағанатын құрғандығы белгілі. Ал, оның інілері һәм мұрагерлері Мұқан қаған, Істеми қағандар тұсында түріктер шығыста Кореядан бастап, батыста Каспий теңізі мен Амудариярға дейінгі аралықты өз билігіне қаратты. Солтүстікте Байкал көлінен, оңтүстігінде Тибетке дейінгі жерлерді өз иеліктеріне қосты. Сөйтіп, Алдыңғы Азиядағы күшті мемлекет сасанидтер әулеті билігіндегі (III-YII ғғ.) Иран елімен шектесті. Нәтижесінде Y-YI ғасырларда түркі тайпалары мекендеген жерлерге Сасанидтік Иран «Түркістан» атауын берді. Оның көлемі түркі жұртының қоныстануына және түрлі саяси жағдайларға байланысты өзгеріп отырған, ал бүгінгі аумағына шамамен X ғасырдың бастапқы кезеңіне қарай жеткен. Территориясына дәл анықтама беретін болсақ: батысында Орал тауының оңтүстік беткейі, Жайық өзені және Еділдің (Волга) теңізге құяр сағасы, Каспий теңізі; солтүстігінде Ертіс өзені; шығысында Шығыс Түркістанның шығыс шеті; оңтүстігінде Хорасан және Копетдаг (Түркменстанда) тулары аралығына дейінгі аумақты қамтиды. Сонымен, парсы тіліндегі «Түркістан» сөзі «Түркі елі» деген ұғымды білдіреді.

YII-YIII ғасырларда адамзат тарихында әлемді билеген, өзінің үстемдігін құрған және тарих дөңгелегі солардың араласуымен айналып отырған бес мемлекет аталады. Сондай-ақ, аталған державалардың өзіндік ерекшеліктеріне қарай өз атаулары болды. Мәселен солтүстікте «сәйгүліктер империясы» – Түрік қағанаты, шығыста «адамдар империясы» – Қытай, оңтүстікте «пілдер империясы» – Үндістан, батыста «асыл тастар империясы» – Иран мен Византия.

Түрік қағанатының бұлайша аталуы түсінікті, өйткені нақ сол кезде түркілер әскерінің айрықша күш-қуатқа ие болуы атты әскерге байланысты болды. Сондықтан әлемді билеген бес мемлекеттің ішінде осындай атқа ие болғандығы өте әділетті деп атап өтуге тұрады. Ал, қарастырып отырған YII-YIII ғасырларда әлем деп Еуразия материгі мен Африка құрлығының солтүстік аудандарын айтамыз. Себебі, Оңтүстік және Солтүстік Америка құрлығы 1492-93 жылдары Христофор Колумбтың кездейсоқ ашуымен белгілі болса, Австралия құрлығының ашылуы тым кеш мерзімге, яғни XYII-XYIII ғасырларға тиесілі. Африка құрлығының тек солтүстік аудандары деп атап көрсетуіміздің де өзінді себебі бар. Құрлықтың аталған өңірінде ежелгі өркениеттер Карфаген, Египет сияқты елдер ертеден белгілі. Ал аталған елдер орналасқан солтүстік өңірден оңтүстікке қарай жер шарындағы ең ірі шөл – Сахара шөлі кеңінен созылып жатты. Тірі жанның кесіп өту мүмкіншілігі аз шөлдің оңтүстігінде орналасқан аймақ пен оның тұрғындары туралы аталған кезеңде адамзат үшін беймәлім болып келді.

Түркі елі 603 жылы өзара талас-тартыс пен сыртқы күштердің нәтижесінде ыдырап, Батыс және Шығыс Түркі қағанаттарына бөлініп кетті. Мақаламызда негізгі негізгі мәселе Шығыс Түрік қағанаты және ондағы тарихи тұлғалар туралы болғандықтан нақ осы мемлекеттің тарихына қысқаша тоқталып өтеміз. Олардың территориясы Орталық Азия, яғни қазіргі Моңғолия мен Шығыс Түркістан аймағын алып жатты.

YI ғасырдан бастап түркілерге қарсы жаулық пиғыл Қытайдың ең басты саясатына айналды. Олардың негізгі мақсаты – Азияға түгелдей өз билігін орнату еді. Екінші бір жағдай, осы кезде шығыс түріктері ішінен теле (кейіннен тоғыз-оғыз, одан кейінгі уақытта ұйғыр деген атауға ие болған ең ірі түркі тілдес тайпа, яғни қазіргі ұйғырлардың ата-бабалары)тайпалары көтеріліске шығады. Ол Селенгі өзенінен Тянь-Шаньға дейінгі аралықты қамтиды. Тек Шиби (Шибірхан Дұғишад) қаған тұсында (609-619 жж.) Шығыс Түрік қағанаты аз уақытқа шиеленісті бәсеңдетіп, саяси көрегендік таныта білді. Оған Қытайда орын алған азамат соғысы (613-618 жж.) және Суй дәулетінің құлауы, оның орнына Тан әулетінің келуі (618-907 жж.) де оң ықпалын тигізді.

Шиби қағаннан кейін оның інісі Чулохан (619-620 жж.) қаған болады [1, 53 б.]. Шиби қағанның қолдауымен билікті қолына алған табғаштардың байырғы қытайлардан да қауіпті жау екенін көрген Чулохан енді ағасының кезінде жаңылыс басқан қадамын түзеуге

асығыс кіріседі. Ол Лян Ши-ду мен Лю У-чжоуға қолдау көрсете отырып, өзін Суй үйінің қолдаушысы деп жариялайды. Суй императорының әйеліне баспана тауып беріп, тақтан үміткер Ян Чжан-даоның «ван» лауазымын заңды деп таниды. Суй әулетінің жақтастары Түрік қағанына қашып барып, көп ұзамай Шанси провинциясындағы Динсян қаласында эмигранттық үкімет құрады.

Чулохан тұсында ұйғыр, бұғы, тонгра және байырқу тайпалары бірлесіп, яглакар (иологэ) руының бастауымен көтеріліске шығады. Түріктер үшін бұл ауыр жағдай болды. 620 жылы Чулохан 2 мың атты әскерін інісі Бөрішадтың басшылығымен көтерілісті басуға аттандырады. Бірақ алғашқыда жетістіктерге жеткен түріктердің әскері көп ұзамай кері шегінуге мәжбүр болады. Ал Чулоханның өзі 620 жылы кенеттен қайтыс болады.

Билікке Шиби қағанның інісі Ел қаған (Хелли қаған) отырады. Оның тұсында Шығыс Түрік қағандығы қайта күшейеді, бірақ уақытша ғана. Өйткені, осы кезде Қытайда азамат соғысының болуы, сондай-ақ Суй әулетінің құлап, орнына Тан әулетінің келуі оған оңтүстікке жорықтар жасауға мүмкіндік береді. Қытайдағы дағдарысты пайдаланған Ел қаған өз империясын нығайтып қана қоймай, Қытайдың одан әрі әлсіреуі үшін толассыз жорықтар жасайды.

Сонымен, Шиби қағанның інісі, 620-630 жж. билік құрған Ел қаған (Хели) тұсында түріктер Қытайға қарсы 67 мәрте жорық ұйымдастырғанымен, үздіксіз жорықтар Қаған өкіметі мен әскери аристократияның қуатын арттырғанымен, соғыс зардабын шеккен қарапайым көшпелілер болды. Өйткені, үздіксіз соғыстар қалың әскерді қару-жарақпен, атпен, азық-түлікпен және тағы басқа да керек-жарақпен жабдықтауды қажет етті. Сондықтан қаған соғыста түскен олжалар мен табыстарды місе тұтпай, өз халқынан жинайтын әр түрлі салықтар мен төлемдердің мөлшерін өсіріп жібереді. Бұнымен қабаттаса келген аштық та өте ауыр тиіп, халыққа бұл салықтарды төлеу (627-630 жж.) қиынға соқты. Мұндай тығырықтан шығу үшін Ел қаған өзінен бұрынғы билеген ата-бабаларының салған жолынан шығып, дамыған қоғамға тән биліктің жаңа түрлері мен әдістерін пайдаланды. Яғни, оған қытай оқымыстысы Чжао Дэ-ян қызмет етті. Ол ескі дәстүрлі басқару жүйесіне сүйенбей, қызметке қытайлықтар мен соғдылықтарды да алды. Бірақ жатжұрттықтардың билікке келуі халық наразылығын туғызды.

628 жылдан бастап күшейіп алған Тан әулеті көрші халықтарға жорықтарын бастайды. Оғыздар оған қарсы бірден көтеріліске шығады. Ел қағанның бодандары, туған-туыстары, тіпті қарулас серіктеріне дейін қытай императоры болып тұрған табғаш билеушісінің қол астына қашып кете бастайды.

Ел қаған әскері 629 ж. Шаньси провинциясы маңында Қытаймен соғыс кезінде жеңіліске ұшырап, әскері талқандалады, ал өзі тұтқынға түсіп, Чаньань өңіріне жеткізіледі. Сөйтіп, Шығыс Түрік қағанаты 50 жыл бойы тәуелсіздігінен айырылып, Қытайлардың боданына айналды.

«Күлтегін» үлкен ескерткішінде бұл оқиға былайша жырланады:

«Қағандық қағанынан айырылды,
Табғаш халқына бек ұлдары құл болды,
Пәк қыздары күң болды.
Түркі бектері түркі атын тастап,
Табғаш бектерінің табғаш атын ұстап,
Табғаш қағанына бағынды.
Елу жыл күш жігерін жұмсады».

Ал, көне түркі тілдері мен жазуларын зерттеп жүрген филолог Ғұбайдолла Айдаровтың аудармасы бойынша «Күлтегін» ескерткішінің кіші жазу транскрипциясында ол одан ары былайша өрбітіледі: «Алтын, күміс, өнімді, жібекті сонша шексіз беріп жатқан табғаш халқы сөзі тәтті, қазынасы асыл еді. Тәтті сөзін, жұмсақ қазынасын беріп, алыс халықты өзіне жақындатқан еді. Жақын қонған соң олардан жаман қылықты енді үйренген едік» [2, 11-112 бб].

Ел қағаннан кейін оның ең соңғы адал серігі – Ышбара Сүйіншішад (Жанғардың інісі, Ел қағанның ағасы) Қытайға беріледі де, Шығыс Түрік мемлекеті жойылып кетеді. Елінің тағдырына қатты күйзеліп, уайымға берілген Ел қаған 634 жылы көз жұмады.

Шығыс Түрік қағанаты 630 жылы Қытай мемлекетінің қол астына түсіп, өз тәуелсіздігінен айырылды. Түркілер жарты ғасыр бойы Қытайға тәуелділіктің қамытын киюге мәжбүр болды.

Осы елу жыл ішінде талай қаған еркіндікке ұмтылып, көтерілістер жасаса да, ешқайсысы халыққа бостандық алып бере алмады. Солардың бірі – Құтылық (Елтеріс) қаған ғана қағандықтың басын біріктіріп, үлкен күшке айналдырды. Яғни түркілер Құтылықтың басшылығымен Қытайға қарсы азаттық күрестің нәтижесінде өз мемлекеттерін, Екінші Шығыс Түрік қағанатын құрды. Бұл туралы мәселелер келесі бөлімде жан-жақты сөз болады.

Мұқият қарайтын болсақ YII ғасырдың басынан бастап Түркілердің қытаймен қарым-қатынасы шиеленісіп кетті. Өйткені YI ғасырдан бастап түркілерге қарсы пиғыл Қытайдағы ең басты саясатқа, идеологияға айналды. Қытай феодалдары мен чиновниктерінің негізгі мақсаты – Азияға түгелдей өз билігін орнату еді.

Тарих көші бірде тәуелділік қамытын кидіріп, қандай да бір мемлекеттің және халықтың тағдырына өз қиындығын тудырса, бірде тәуелсіздік таңын тудырып, өзіндік дербес даму жолын алып беретін болған. Әлбетте, тәуелсіздік атты қасиетті ұғым ол қажымас күрестің, мұқалмас қайраттың, ерік-жігердің және қан төгуден қашпаған күрестің нәтижесінде берсе керек. Міне, Шығыс түріктердің еншісіне осы тағдырды жазған болатын.

Сонымен, 50 жыл бойы Қытайға тәуелділікте болып (630-680 жж.), 681 жылы көтеріліске шығуы нәтижесінде қайта жанданған Шығыс Түрік қағанаты ғылыми әдебиеттерде Екінші Шығыс Түрік қағандығы деп аталады [1, 55 б.]. Шығыс түріктер өз империяларын, өз мемлекетін қалпына келтіру үшін 679 жылдан бастап қытайларға қарсы көтеріліске шығады. Алғашқыда көтеріліс халықтық сипат алғанымен, кейін ол толығымен басылып-жаншылады. Арада жылға жуық уақыт өткенде жаңа көсемдері бар көтеріліс қайтадан бұрқ ете түседі. Бұл жолы оған қытайша білім алған ақсүйектер жетекшілік етеді.

Сондай көтеріліс басшыларының бірі Құтлық еді. Ол алдымен қытайлардың одақтасы – ұйғырларға шабуыл жасап, олардан көптеген жылқыны айдап кетіп, қарамағындағы көтерілісшілерді міністі атпен қамтамасыз еткен болатын. Сонымен қатар көтеріліске қытайша білім алған адамдар көптеп тартылып, солардың бірі – Тонықөк еді. Ол көтеріліс барысында өте үлкен рөл атқарды.

Құтлық 680 жылы әскерін ұйымдастырып, келесі жылдан бастап белсенді қимыл жасауға көшеді. Түркілердің атты әскерлері тұтқиылдан берілген жойқын соққыларымен Ордостан шығысқа қарайғы Ұлы Қытай қорғанының бойындағы бекіністердің тас-талқанын шығарады. Түріктер бес әскери округті тонап, тек алтыншысында ғана қарсылыққа тап болады. Көтерілісшілер Сарыөзеннен (Хуанхэ) Алтай тауларына ығыстырылады. Дегенмен, қытайлықтар үшін ендігі жерде түріктер алынбас қамалдай көрінді. Сондықтан қытайлықтар оларға қарсы өздерінің көрші одақтастарының күшін, бірінші кезекте ұйғырларды пайдалануға күш салды.

680 жылы шығыс түріктер Құтылықтың (ежелгі түркі жазбалары бойынша Елтеріс-қаған деген атпен белгілі) басшылығымен қытайларға қарсы азаттық үшін, тәуелсіздік үшін қарулы күреске шығып, жеңіске жетеді. Нәтижесінде 50 жылдық үзілістен кейін (630-680 жж. түріктер қытайлардың қол астында болады) Орталық Азияда Екінші Шығыс Түрік қағанаты құрылады. Аталған аймақта көшпелі тайпалар түріктер мен сеяньто арасында жаңа этносаяси бірлестік қалыптасып, ол ежелгі түркі тілінде «түрік сир будун» деген терминологиямен белгілі болды. Тарихшы-ғалым С.Г. Кляшторный екі тайпаның бірге өмір кешкен елу жылдық тарихын былайша суреттейді: «Сирлермен тізе қосып көтеріліске шыққан олар (түріктер) Тан империясының қаһарлы әрі күшті қарсыласына айналды. Елтеріс-қаған мен Тонықөк әскерінің құрамында болған сирлер 648 жылы Өтікен

қойнауында қырғынға ұшыраған өз руластары мен жолдастарының өлімі үшін ұйғырлардан кек алады» [3, 49 б.]. Түріктермен бірлескен сирлер Өтікен қойнауын қайтарып алады және екі тайпаның тағдыры бір-біріне ұқсағанымен, олардың бұдан кейінгі тарихы әр түрлі болды. Өйткені осы оқиғадан кейін билікке келген ашина әулеті VIII ғасырдың ортасына дейін ғана өз мемлекеттерін ұстап тұра алды. Яғни, Екінші Шығыс Түрік қағанатын 744 жылы ұйғырлар талқандап, орнына Ұйғыр қағанаты құрылады. Ұйғырлармен ежелден қас сеяньто (сир) тайпасында дұшпандарына қарсы тұратын күш болмай, еріксіз Шығыс Қазақстан территориясына түпкілікті қоныс аударып, Қимақ конфедерациясының құрамына кіреді.

680 жылы өз мемлекетін құрған Құтлық Қытаймен күресті одан әрі жалғастырады. Халхада Түрік ордасының пайда болуы онда мекендеген тоғыз-оғыздар (ұйғырлар) мен басқа да телестік тайпалардың еркіндігіне қауіп төндіреді. Өйткені, олар Қытайға шын берілген бағыныштылар болатын. Били есімді тоғыз-оғыздардың (ұйғыр) бас қағаны түріктерге қарсы соғыс әрекетін өз қолына алады. Ол Құтлыққа бірлесіп шабуыл жасайық деген ұсынысымен Қытайға және қидандарға елшілерін жібереді. Келісім бойынша оңтүстіктен қытайлар, шығыс жағынан қидандар, солтүстіктен ұйғырлар шабуыл жасауға тиіс болатын [4, 98-99 бб.]. Бірақ Құтлық бұл жоспарды алдын ала біліп қойып, бірінші болып соққы беруді ұйғарды.

Құтлық әскерінің бір бөлігін батысқа, яғни Қазақстан аймағын жаулап алуға жібереді. Тоныкөктің қолбасшылығымен әскерінің тағы бір бөлігін солтүстікке аттандырып, өздерінің шабуылын бастаған тоғыз-оғыздардың (ұйғырлар) алдынан шығуға аттандырады. Екі жақтың әскері Тола өзені маңында кездесіп, ұйғырлардың әскер санының көптігіне қарамастан түріктер оларды талқандайды. Бас қағандары қаза тапқан соң ұйғырлар шығыс түріктердің қағаны Құтлыққа бағынуға мәжбүр болды. Бірақ батыс бағытындағы жорық сәтсіз аяқталады. Өйткені бұл әскер жолда түркештерге тап болып, түріктердің қол басшысы Ашидэ Юань Чжен соғыста қаза табады.

Сонымен, түріктер үшін батысқа жол жоқтығы анықталды. Бірақ солтүстікті қоныстануға мүмкіндіктері бар еді. Сондықтан Құтлық өз ордасын Хангай тауындағы Өтікен қойнауында өз ордасын тікті, сөйтіп Екінші Шығыс Түрік қағанты құрылды [4, 98-99 бб.].

Орхон жазуларында түркілердің құт мекені, қасиетті қонысы Өтікен қойнауы туралы жиі айтылады. Өтікеннің негізгі мазмұны түркілердің ырысты жері, байлығы бақыты, тағдыры дегенге саяды. «Түркі қағаны Өтікен қойнауында отырса, елде мұң жоқ», «қасиетті Өтікен қойнауының халқы ... біресе ілгері шаптың, біресе кері шаптың. Барған жерден не игілік таптың. Қаның судай ақты, сүйегің таудай болып жатты, бек ұлдарың құл болды» ... Осы сөздердің мазмұнына қарағанда Өтікенді көк түріктер «Жерұйық» деп санағаны байқалады. Халық өзінің үміті мен сенімін Өтікен қойнауымен байланысты деп түсінген. Аты аңызға айналған осы жер туралы қазіргі түрік ғалымдарының (Түркия ғалымдары) еңбегінде көңіл аударарлық деректер кездеседі. Зерттеуші Йылмаз Өзтұма Өтікен қойнауын көк түріктердің кіндік жері, табиғаты өмір сүруге жайлы, Орхон және Селенгі өзендерінің арасындағы жер еді деп көрсетеді [5]. Ал «Оғыз-нама» дастанында Өтікен Тянь-Шань таулары мен Орхон аймағындағы киелі өңір деп сипатталады. Махмұд Қашқаридың атақты «Диуан-и лұғат-ат-түрік» атты еңбегінде Өтікен «Татар шөліндегі ұйғырларға жақын бір жердің аты» делінеді. Біз бұл жерде Өтікен қойнауының қай аймақта орналасқанын дәлелдеуді мақсат етпейміз. Қалай болған күнде де Өтікеннің көне түркі заманында халық қиялында үлкейтіліп, барша жақсылықтың рәміз-символы болып саналғаны анық. Қандай халықтың да бейбіт, берекелі өмір кешетін бай да байтақ өлкені іздейтіні дәстүрге айналған нәрсе. Түркі халықтарының дастарында «Оты шүйгін, суы мол», зорлық, зұлымдық дегенді білмейтін жерлер жайында аңыздар аз емес. Солардың Орхон ескерткіштеріндегі Өтікенмен үндестігі кездейсоқ деп қарауға болмайды. Асан Қайғының халыққа жайлы мекен, жақсы қоныс іздеп, жер дүниені шарлауы туралы әпсана мен қазақ халқының Жиделі

Байсынды жер жәннаты деп қиялмен өсіріп, сағынышты арман өлкеге айналдыруында Өтікеннің рухы жатыр десек қателеспейміз.

Деректерге сүйенсек, бұдан кейін Құтлық қаған 47 мәрте жорыққа шығып, өзі тікелей 20 шайқасқа қатысады. «Дұшпанын келісімге мәжбүр етеді, тізеліні бүктіреді, бастыны идіреді». Талай жеңістерге қол жеткізген ол 691 жылы дүниеден өтеді. Таққа енді Қапаған қаған атағын алған оның інісі Мочжо отырады (691-716 жж. билік құрған).

Қапаған бастаған түріктер 694 жылы Қытай шекарасына шапқыншылық жасап, оларға қатты соққы беріп, көптеген тұтқын әкетеді. Келесі жылы Қытайға қарсы қидандар мен татаптар көтеріліске шығады. Қапаған қаған осы жағдайды пайдаланып, император әйелге бұл көтерілісті басып берейін деген ұсыныс айтады. Осындай көмегі үшін император сый ретінде оны хан деп мойындады және Қапағанға әскери шен мен бек деген құрметті атақ берді.

Қапаған қаған қидандардың тас-талқанын шығарып, оларды орманды тау шатқалдарына шашырап кетуге мәжбүр етеді. 697 жылы түріктер солтүстік-шығыс Ордосты жаулап алады. Тонықөк әскері қытайлардың 23 қаласын қиратып, даңқты жеңістерге жетеді. Мұнан кейін түрік қағаны қытай императорына келісімге келуді ұсынып елші жібереді. Бірақ ондай ұсыныс қабылданбай қалып, Қапаған қидан жерінен өз әскерін алып кетеді. Соны пайдаланған қидандар бірігіп, Қытайға әскери жорықтарын қайта бастайды. Ал өздеріне қарсы жіберілген 170 мың адамнан тұратын қытай әскерін талқандап жібереді [15, 57 б.]. Қидандарға қарсы әскери қимылға көмек керек болғандықтан император әйел түрік қағанының барлық талаптарына келісуге мәжбүр болады. Осыдан бастап шығыс түріктер күшейіп, Қытаймен тең дәрежеде саясат ұстанады. Қидандарға келетін болсақ, түріктерден тас-талқан болып жеңілген олардың аман қалғандары түріктерге бағынуға мәжбүр болды. Сөйтіп, 697 жылы қидандардың иелігі болған Маньчжурия Екінші Шығыс Түрік қағанатының құрамына енді.

Қорыта айтқанда, түркі елінің YI-YIII ғасырлардағы қоғамдық-әлеуметтік өмірін, түркі тайпаларының әдет-ғұрпын, наным-сенімін, тілін, әсіресе Түркі қағанатының тарихында айрықша орын алған тарихи тұлғаларды танып-білуде Орхон ескерткіштерінің мәні аса зор. Біз осы бөлімде тек Бумын, Істеми, Шиби (Шибірхан Дұғишад), Чулохан, Ел қаған (Хелли қаған), Құтлық (Елтеріс), Қапаған қағандар мен қаған кеңесшісі Төнықөк сынды ұлы есімдердің өмірлері мен атқарған қызметтеріне ғана тоқтала алдық. Бұлардан басқа да тарихи тұлғалардың есімдері Орхон ескерткіштерінде кездеседі. Олардың барлығына тоқталуды алдымызға мақсат етіп қоймағандықтан, ол мәселені зерттеу объектісінен тыс қалдырдық.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ұлы Дала мемлекеттері. – Алматы: Адамар, 2006. – 42-60 бб.

2. Айдаров Ғ., Сыздықов С. Орхон жырлары – тарихи дерек. – Алматы, 1991.–243 б.

3. Кляшторный С.Г. Древнетюркскиерунические памятники как источник по истории Средней Азии. – М., 1964. – 252 с.

4. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан. Летопись трех тысячелетий. – Алматы: Рауан, 1992. – С. 85-86.

5. Аманжолов К.Р. Түркі халықтарының тарихы. 1-кітап. (Көне дәуірден б.з. IY ғасырына дейінгі кезең). – Алматы: Білім, 2005. – 129-130 бб.

УДК 657

ПУТИ ПОВЫШЕНИЕ ЭФФЕКТИВНОСТИ БУХГАЛТЕРСКОГО УЧЕТА И АУДИТА В УСЛОВИЯХ ЦИФРОВИЗАЦИИ ПРОИЗВОДСТВА

Тулегенова Г. М. магистр, преподаватель
КГКП «Колледж бизнеса и сервиса», г. Семей

В условиях цифровой экономики наиболее ярко проявляется отрицательное влияние этих различий на эффективность вычислительной отрасли. В результате трансформация бухгалтерской сферы становится приоритетом в ситуации, когда информация о каком-либо субъекте экономики является наиболее ценным ресурсом. В статье рассматриваются только четыре области, в которых в первую очередь необходимо обеспечить соответствие между отраслями в бухгалтерской сфере: подход к виртуальным операциям; область применения вероятностных показателей; терминология; информация о полном учете. Также предлагается разработать единую концепцию бухгалтерского учета, аудита и анализа в цифровой экономике (включив интегрированную отчетность в бухгалтерскую сферу). Такая концепция должна основываться на возможностях цифровых технологий, позволяющих быстро связать различные источники информации и процесс BigDate. Цель концепции единого учета состоит в том, чтобы дать возможность как отдельным экономическим субъектам, так и их группам, а также другим.

Ключевые слова:*бухалтерский учет,аудит,процесс,информация,экономика.*

Сандық экономиканың жағдайында осы айырмашылықтардың есептік саланың тиімділігіне теріс әсері айқын көрінеді. Нәтижесінде, бухгалтерлік саланы трансформациялау экономиканың кез-келген субъектісі туралы ақпарат, ең жоғары құнды ресурс болып табылатын жағдайдағы басымдыққа айналады. Мақалада тек төрт сала қарастырылады, онда бірінші кезекте бухгалтерлік саладағы салалар арасындағы сәйкестікті қамтамасыз ету қажет: виртуалды операцияларға көзқарас; ықтималдық көрсеткіштерді қолдану саласы; терминология; толық есеп туралы ақпарат. Сондай-ақ, цифрлы экономикадағы (бухгалтерлік салаға интеграцияланған есеп беруді қосу арқылы) бухгалтерлік есептің, аудиттің және талдаудың бірыңғай тұжырымдамасын әзірлеу ұсынылады. Мұндай тұжырымдама әртүрлі ақпарат көздері мен BigDate процесін тез арада байланыстыруға мүмкіндік беретін сандық технологиялардың мүмкіндіктеріне негізделуі керек. Бірыңғай есеп тұжырымдамасының мақсаты - жеке экономикалық субъектілерге де, олардың топтарына да, сондай-ақ басқа да жаңа құрылымдарға және олардың барлық мүдделі пайдаланушылары үшін өзара әрекеттесу нысандарына қатысты білім (ақпараттық ресурс) жасау. Цифрлық экономикадағы есептік саланы дамытуды қажет ететін үш қағида ұсынылады: ақпараттық қауіпсіздік; бухгалтерлік саладағы экономиканың басқа салаларымен үздіксіз өзара іс-қимыл; білімнің визуализациясы. Бұл үш қағида цифрлық экономикадағы бухгалтерлік саланы дамыту бойынша одан әрі зерттеулер үшін басым бағыттарды құрайды.

Тірек сөздер: *бухгалтерлік есеп, аудит, процесс,ақпарат, экономика.*

In the conditions of the digital economy, the negative impact of these differences on the efficiency of the accounting sphere is particularly pronounced. As a result, the transformation of the accounting sphere becomes a priority in a situation where information, knowledge about any subject of the economy is a resource with the highest value. The article considers only four areas of research, in which it is necessary first of all to achieve consistency between the areas of the accounting sphere: the approach to virtual operations; area of use of probabilistic indicators;

terminology; detail accounting information. It is also proposed to develop a unified concept of accounting, auditing and analysis in a digital economy (with the inclusion of integrated reporting in the accounting area). Such a concept should be based on the capabilities of digital technologies that allow instant communication between different sources of information and process BigDate. The purpose of a single accounting concept is the creation of knowledge (information resource) in relation to both individual economic actors and their groups, as well as other new structures and forms of their cooperation for all interested users. Three principles are proposed on which the development of the accounting sphere in the digital economy should be built: information security; continuous interaction of the accounting sphere with other areas of the economy; visualization of knowledge. These three principles form priority directions for further research on the development of the accounting sphere in the digital economy.

Key words: *accounting, audit, process, information, economics.*

За последние десятилетия мир стремительно движется к экономике нового типа, где основным инструментом ее формирования становятся цифровые технологии.

По прогнозам ведущих мировых экспертов, к 2020 году 25% мировой экономики будет цифровой, и внедрение технологий цифровизации экономики, позволяющих государству, бизнесу и обществу эффективно взаимодействовать, становится все более масштабным и динамичным процессом.

Правительство и государственные органы Казахстана, осознавая важность информатизации общества и развития цифровых технологий в определении долгосрочного экономического роста, принимают активное участие в развитии данной сферы как одного из ключевых направлений государственной политики.

Технический прогресс неудержим, он проникает во все области жизни, изменяет способы общения и организации труда, формы обучения и досуга. Вслед за обычным интернетом с электронной почтой, поисковиками и социальными сетями идет «интернет вещей», который интегрирует в одну сеть не только бытовые приборы, но и автоматические устройства на производстве. Самые заметные изменения происходят в таких отраслях, как торговля, СМИ, развлечения и туризм. Online-биржи, news-порталы, streaming-каналы и платформы по аренде недвижимости уже трансформировали или вообще вытеснили традиционные бизнес-модели. Сейчас перестройка идет в финансовой отрасли. Появляются FinTechs и InsurTechs – инновационные молодые предприятия с современными технологиями в сфере банковского дела и страхования. Они бросают вызов традиционным предприятиям, давно работающим на рынке. Действительно, есть разные определения этого термина. Кто-то считает, что речь идет об электронных товарах и сервисах, производимых электронным бизнесом и электронной коммерцией. Мне ближе более широкое определение – система экономических отношений, основанных на использовании цифровых информационно-коммуникационных технологий.

У цифровой экономики много преимуществ. Она снижает стоимость платежей и открывает новые источники дохода. В онлайне стоимость услуг ниже, чем в традиционной экономике (прежде всего за счет снижения затрат на продвижение), а сами услуги, как государственные, так и коммерческие – доступнее. Кроме того, товары и услуги в цифровом мире могут быстро выйти на глобальный рынок, стать доступными людям в любой точке мира. Предлагаемый продукт может быть практически мгновенно доработан под новые ожидания или потребности потребителя. Цифровая экономика предоставляет гораздо более разнообразный информационный, образовательный, научный, развлекательный контент – быстрее, качественнее и удобнее.

Для роста цифровой экономики необходимо развивать национальный ИТ-сектор, стимулировать создание инновационных технологий, сотрудничать для их развития на международном уровне. Необходимо создавать условия для того, чтобы молодые талантливые специалисты не только прекратили уезжать из страны, но и начали

возвращаться. Необходимо стимулировать инвестиции и предпринимательскую активность в этой отрасли. Все части общества – и государство, и частный сектор, и гражданское общество, и ИТ-сообщество должны участвовать в цифровой экономической деятельности. Важной составляющей также является обеспечение информационной безопасности информационных и инновационных технологий, которая обеспечивает доверие общества к цифровой экономике. Одной из наиболее продвинутых стран с точки зрения цифровой экономики, на мой взгляд, является Сингапур. Прежде всего, за счет значительной вовлеченности правительства в вопросы цифровизации экономики. Информационные технологии активно внедряются во всех отраслях, все государственные услуги переведены в электронный формат, сингапурская система образования активно использует онлайн-обучение и т.д.

Другой яркий пример развитой цифровой экономики – США, которые очень продвинуты с точки зрения благоприятной деловой и инновационной среды и, как следствие, имеют самый развитый ИТ-сектор. Легче поддаются и заметнее влияние в торговле, финансовом секторе, госуправлении. Однако если мы оглянемся вокруг, то все меньше и меньше отраслей остаются незатронутыми цифровыми изменениями. Транспорт, которым мы пользуемся каждый день, сектор ЖКХ, строительство, медицина. Практически все отрасли вовлечены в этот процесс.

На мой взгляд, цифровой можно назвать компанию, которая стремится перенести большинство бизнес-процессов в онлайн. Это управление, контроль и анализ всех основных бизнес-процессов компании онлайн – согласование договоров, бухгалтерский учет, логистические процессы, регистрация сделок, закупки, обучение персонала, мониторинг взаимоотношений с партнерами и клиентами, техническая поддержка и многое другое. Кроме информационных систем необходимо внедрить соответствующую культуру в компании. И это в комплексе делает компанию «цифровой», обеспечивает ее эффективность, продуктивность и потенциал роста бизнеса – остро необходимые сейчас конкурентные преимущества. Мы относим свою компанию к цифровым, однако нам есть еще куда расти в этом направлении. Главное – понять, что переход на новые технологии неотвратим. И от того, как быстро мы поймем необходимость интеграции современных технологий в свою повседневную работу и бизнес-процессы, зависит скорость и успех этой самой перестройки. Компаниям необходимо осознать это как реальность, изменить формат, начать работать так же, как новые цифровые сервисы, обучить персонал работе с новыми технологиями, внедрение которых необходимо для развития бизнеса, ввести поощрение для сотрудников, освоивших новые технологии.

Основная компетенция, которую необходимо развивать, это способность к постоянному обучению, готовность постоянно осваивать новые знания по новым появляющимся технологиям. Это ключевой фактор для успешного профессионального роста в современном цифровом мире.

У нас наблюдается довольно серьезная нехватка квалифицированных кадров в ИКТ-сфере. Эту проблему необходимо решать и на уровне учебных заведений (образовательные курсы в школах и вузах), и на уровне компаний (корпоративное обучение), и на уровне государства (госпрограммы развития образования в области ИКТ).

Неблагоприятная экономическая ситуация влияет на инвестиции компаний в основные средства, и в том числе, в приобретение и внедрение новых технологий. От этого же страдает и рынок венчурных инвестиций – важный элемент цифровой экономики.

Основная задача цифровизации или дигитализации - это повышение производительности труда и максимальная автоматизация всех процессов, что в конечном счете повышает конкурентоспособность продукта. В дальнейшем цифровые решения применяются для создания интегрированных реальных и виртуальных систем и создания новых бизнес-моделей.

ЛИТЕРАТУРА:

1. Цифровая экономика и Индустрия 4.0: новые вызовы: труды научно-практической конференции с международным участием / под ред. А.В. Бабкина. СПб.: Изд-во Политехн. ун-та, 2018. 573 с.

2. Головина Т.А., Полянин А.В., Рудакова О.В. Развитие системы государственного стратегического управления предпринимательскими структурами на базе возможностей новой модели цифровой экономики // Вестник Воронежского государственного университета. Серия: Экономика и управление. 2017.№ 2. С. 13-18.

3. Вертакова Ю.В., Толстых Т.О., Шкарупета Е.В., Дмитриева В.В. Трансформация управленческих систем под воздействием цифровизации экономики: монография. Курск: Изд-во ЮЗГУ, 2017. 156 с.

4. Плотников В.А., Койда С.П. Информационная инфраструктура и ее роль в обеспечении инновационного развития бизнеса // Экономика и управление. 2014. № 1 (99). С. 30-35.

5. Birchler U., BütlerM. Information Economics. N. Y.: Routledge, 2007. 462 p.

6. Цифровизация, промышленный интернет вещей и Индустрия 4.0. [Электронный ресурс]. Режим доступа: https://neftegaz.ru/tech_library/view/5098-Tsifrovizatsiya-promyshlennyj-internet-veschey-i-Industriya-4.0.-Kratko (дата обращения 28.05.2018).

7. Industrial Internet of Things - IioT. [Электронный ресурс]. Режим доступа: http://www.tadviser.ru/ index.

8. Промышленный интернет вещей в России. Исследование TAdviser и ГК "Ростех". [Электронный ресурс]. Режим доступа http://www.tadviser.ru/index.

9. Ситников А. Промышленная Россия 4.0: Перед лицом краха. [Электронный ресурс]. Режим доступа: http://svpressa.ru/economy/article/187584 (дата обращения 28.05.2018).

ӘОЖ 94 (574)

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДАҒЫ ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ ҚАЛАЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Умралинов Б.Б. мұғалім
«Талдықорған қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі
«Оқушылар сарайы», Талдықорған қ.

e-mail: *jan_b.b@mail.ru*

Мақалада Оңтүстік Қазақстан арқылы өтетін Ұлы Жібек жолы бойындағы қалалардың зерттелуі қарастырылады. Зерттелу кезеңі үш кезеңге бөлінді, олар патшалық Ресей, кеңестік және Тәуелсідік алғаннан кейінгі кезеңдер.

Тірек сөздер: *археология, экспедиция, кангюи, оғыз, алаш, патша, қолбасшы.*

В статье исследуются города вдоль Великого шелкового пути, проходящего через южный Казахстан. Период исследования был разделен на три периода: царская Россия, Советский Союз и период после обретения Независимости.

Ключевые слова: *археология, экспедиция, кангюй, огуз, алаш, царь, полководец.*

The article examines cities along The great silk road that passes through southern Kazakhstan. The study period was divided into three periods: tsarist Russia, the Soviet Union, and the post-independence period.

Key words: *archaeology, expedition, Kangyuy, Oguz, Alash, the king, the commander.*

1917 жылы азамат соғысы басталып, Қазақстанның көптеген аймақтарында археологиялық зерттеу жұмысы тоқтайды. Ал кеңес үкіметі кезінде басталған археологиялық жұмыстардан Оңтүстік Қазақстанның кейбір жерлері, оның ішінде Отырар өңірі тыс қалады. Тек қана Ұлы Отан соғысы аяқталғаннан кейін 1946 жылы Қазақ КСР ғылым академиясы құрылғаннан кейін (Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институты), 1947 жылы Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы бұл өңірдің ескерткіштерін зерттеуді қолға алады.

Экспедицияға Ленинградтық ғалым А.Н. Бернштам [56] жетекшілік етті. Экспедиция құрамында Е.И. Агеева, Г.И. Пацевич, Г. Кушаев, С.С. Сорокин, Л.Я. Маловицкая, Г.Г. Бабанская, Н.С. Куликова, Л.Г.У. студенті Ю.А. Заднепровский және Шымкент обл. музейінің қызметкері В.Н. Никонов болды. Бірінші кезеңде негізінен ескерткіштерге барлау жұмыстары жүргізілді (топографиялық сызба, үстіңгі қабат керамикаларын жинастыру).

Экспедицияның зерттеу жұмыстарының бір обьектісі Отырар оазисі болды. Бірінші жылы оазистің Пышақшы, Алтын, Құйрық төбелер, сонымен қатар, Сырдарияның сол жағалауындағы Оқсыз, Артық-ата, Қауған ата және Сумағар төбелер зерттелді. Қалалардың өмір сүру кезеңі скиф-сармат-монғол-темірліктер заманы деп анықталды [57, 135-142 бб.].

Экспедиция жұмысының екінші жылғы қорытындылары маңызды болды. Бұл кезде 11 қорған тобы, 24 қалашық орны анықталып зерттелді. 1948 жылғы жұмыстардың маңыздысы Ақтөбе, Алтын тау, Тарса төбелерге қазба жұмыстары жүргізілді. Қазбадан табылған керамикалар Сырдария бойындағы қалалардың керамикасымен ұқсастығы көп болды. Бұл А.Н. Бернштамға кангюи-қаратау мәдениеті туралы тұжырымдауға мүмкіндік берді [57, 59-99 бб.].

Оңтүстік Қазақстан облысындағы археологиялық зерттеудің сол кезеңдегі басты жетістіктерінің бірі тарихи шолудың жасалуы. Келесі кезеңдерде ОҚАЭ барлау маршруттарынан басқа Құйрық төбе, Көкмардан, Алтын төбе және Бөріжар мазараттарына қазба жұмысы жүргізілді. Атқарылған жұмыстардың нәтижесінде бұл жерлерде б.з. алғашқы ғасырларында отырықшы елді-мекендердің болғанын, олардың санының VIII-X ғ.ғ. азайғанын және XIII-XIV ғ.ғ. тіршіліктің Отырар маңында шоғырланғанын анықтады [58].

1960 ж. Қазақстан жерінде жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстары нәтижесінде «Қазақстанның археологиялық картасы» атты кітап шығарылды (кітап құрастырушылар Е.И. Агеева, К.А. Акишев жауапты редактор, Г.А. Кушаев, А.Г. Максимова, Т.Н. Сенигова) [59].

Жинақта республиканың басқа өңірлерімен бірге Оңтүстік Қазақстан қалалары туралы да толымды мәлімет берілді. Аталған еңбектің отандық тарихнама үшін маңызы өте зор болды. Енді қалалардың немесе басқа кезеңдердің нысандарын зерттеушілер өздеріне қажетті соңғы мағлұматтарды ала алатын еді. Оңтүстіктегі әрбір ескерткіш осы кітапта тұңғыш рет толыққанды тарихымен жазылып шықты. Қалаларды зерттеген экспедициялар, археологтар мерзімдеген уақыт, алынған негізгі материалдар, қалалардың аумағы, шыққан бұйымдар, т.б. проблемалар осы жинақта сол кезде-ақ айтылып кеткен.

Осы жылы (1966 ж.) Отырар өңірінің Мәслихат, Ақтөбе, Сумағар т.б. ескерткіштерінде зерттеу жүргізген Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясының құрамында Б.В. Андриянов пен Б.И. Вайнберг болды. Бұдан кейін Оңтүстік Қазақстанда оғыз қалаларының зерттелуі жаңа кезеңді басынан кешіре бастады. Оған жоғарыда аталған экспедиция көп септігін тигізді. Экспедиция негізін қалаған – С.П. Толстов. Бұл экспедиция Хорезм маңынан басқа Оңтүстік Қызылқұм, Солтүстік Қарақұм, Каспий теңізі маңы мен Арал өңірі, Сырдария төменгі ағысы сынды көптеген тарихи-мәдени аймақтарда, жазираларда көп жұмыстар атқарды. Жұмыстардың нәтижесінде

тарихи дамудың кезеңдері қайта қарастырылды. Әмудария мен Сырдария бойындағы қалалардың сан алуан проблемалары жаңа қырынан ашылды [60]. Ежелгі оғыз қалаларындағы халықтың діни наным-сенімдері, қоныстар мен қалалардың дамуы, жекелеген аудандардағы этноүрдістер, т.б. сауалдар экспедиция мүшелерінің ғылыми ізденістерінде кеңінен өрбітілді [61].

Көптеген қалалардың негізін салуға «Алты Алаштың» перзенттері қатысқан, олардың ішінде ежелден отырықшылық өмір сүрген оғыз тайпалары болған. Олар да Қазақстан аумағындағы көпшілік қалалардың іргетасын қаласқан. Сондықтан оғыздардың қалаларынан деректер келтірейік.

Түркілердің басым көпшілігі отырықшы болып, ежелден тұрақты мекендер мен қалалар салғанын дәлелдеп, отырықшы өркениеттің негізін салғанын айқындайтын ғылымның әдеби бұлақтары жеткілікті. Б.з. V-VIII ғғ. түркі халықтарының этникалық құрамын тұжырымдап айтатын «Алты Алаш» ұғымы пайда болып, оған төмендегі тайпалар кірген: қыпшақ, тоғыз-оғұз, басмыл, қарлұқ, түргеш, отыз-оғұз. «Алты Алаш» сөзі Білге қаған мәтінінің түсініктемесінде былай берілген: «Осы алтауы ғана. Осы алтауы Түркі төрінің (өкіметінің) алтын бағанасы. Бұл алтауы бірлік, ынтымақта болса, қағанат айбарлы, каһарлы. Алтауы араз болса, қағанат әлсіз. Олар түркі қағанатының көк туының астына жиналғанға дейін өз-өзінің қағанаты болған» [62].

Бұл пікірдің негізі бар екенін нақтылайтын Білге қаған мәтінінде мынандай дерек бар: «Алты тақ иегерлері». Осы алты кіші хандықтың ордасын не деп атағанын іздестірдік. Таңқаларлығы соншалық, кіші ордаларды М. Қашқари «алачу» (alacu) деп атапты. XI ғасырға дейін халық арасында қалыптасып, XI ғасырдың басында жазылған хатқа түскен атау. «Alacu» – кіші орда... Бұл тарихи дерек, алты үлкен тайпалар одағы алты кіші хандық құрып тұрған.

Түркілер қағанат орталығын Орда деп атаса, хандықтардың орталығын «алачу» деп атағаны бізге осылайша белгілі болды. Олай болса, байырғы түркілердің осы алты тайпасы кейін «Алты Алаш» атанып, күні бүгінге дейін халық жадында сақталып қалған. Бұл атау Еуразия құрлығындағы ұлы дала көшпелілерінің ұранына айналған, бүкіл бүтін оғұз, қыпшақ, қарлұқ, басмыл, он-оқ түркештердің кейінгі ұрпағы – қазақ халқының ұранына айналған.

«Алты Алаш» сөзінің семантикасы түркілердің аттары аталған алты тайпасының бірлескен ордасы деген пікір шындыққа келетін сияқты. Бұрынғы жарық көрген тарихи, лингвистикалық әдебиеттерде «Алты Алаш» сөзінің келіп шығуына, оның семантикасына әртүрлі пікірлер айтылғанмен, оның ғылыми анықтамасы жеткіліксіз болатын. Енді Орхон ескерткіші мен М. Қашқаридың қалдырған деректерінің шындыққа жақын екенін байқауға болады. Қазақ халқының арасында «Алты Алаш» сөзі жиі қолданылып жүргенімен, оның семантикасы мен пайда болуы туралы түсінік жоқтың қасы, оны әркім өздерінше түсіндіруге ұмтылатын. Сөйтіп, «Алты Алаш» дегенде, барлық қандас, тілдес халықтардың бірлігін түсінеміз. Кейін, түркілердің бірлестігі ыдырап, өзара енші алысып кеткенде, оның ортасында мекендеген қазақтар түркілердің қара шаңырағына ие болып қалған.

XX ғ. қазақтың көрнекті ақыны М. Жұмабаев түркілердің тарихын жетік білген, оның тарихына терең қараған. «Түркістан» атты шығармасында «Алаш» деген сөзді бірнеше жерде келтіріп, ертедегі түркілердің бәрін алаштың ұрпақтары деген, Тұран елі, Амудария, Сырдария алаштардың отаны екеніне айрықша көңіл бөліп, бұл жерде бабаларымыз қоныстары және молалары (бейіттері) сақталғаны, соның куәгері екенін тілге тиек еткен. Міне, Тұран елінің қақ ортасында, етек-жеңін көтермей, «қара шаңырақ» иесі қазақ халқы екенін мақтаныш етеді. Сондықтан да «Алты Аталы алаш» болған кездегі ірі-ірі тарихи оқиғалар қазақ халқының санасында, ауыз әдебиетінде мықты сақталғандықтан, алаш сөзін тұрмыста жиі-жиі қолданады. Енді оның семантикасын білуге қол жеткіздік. ұлы жеңілмейтін құдіретті күш екенін баяндаған. Бұл тұжырым тарихтың барлық кезеңдерінде де өзекті мәселе. Міне, осы Білге қаған кезінде барлық түркі тайпалары бірігіп, «Алты

Алаш» деген канатты ұғымға қол жеткізген болуы тиіс.

Осындай «Алты Алашқа» біріккен тайпалар, Орталық Азияны түгел, Солтүстік Кавказ, Қара теңіздің солтүстік жағасына дейін мекендеген түркілер шетінен көшпелі болмай, отырықшылыққа жарамды жерлерде тұрақты мекендер мен қалалар салған. Олардың ертедегі қоныстарын археологтар жылма-жыл ашып жатыр. Солардың ішінде, өзендер мен көлдердің, теңіздердің алқаптарын жайлаған көп санды оғыз тайпалары.

Жалпы түркілердің өркениетті мәдениетінің зор болуы, ол да болса отырықшы, жартылай отырықшы және көшпелі шаруашылықтардың қосындысының (синтезінің) нәтижесі деген көзқарастамыз. Өте бай, кең-байтақ өлкені (регионды) мекен еткен түркілер, ерте заманнан бастап-ақ, өз Отанының табиғи-жағырафиялық ерекшеліктеріне икемделіп өмір сүрген. Отырықшылыққа жарамды жерлерде тұрақты баспаналар мен қалалар, бекіністер салып, оларды өздерінің заттай, рухани мәдениеттерінің орталығына айналдырған. Жартылай шөлді аймақта отырықшылық, көшпелі тұрмыс кешірген. Шөлейттік жерлерде көшіп-қонып, төрт түлік малды өсірген. Каспий, Арал сияқты теңіздер мен көлдерде, өзендерде балық аулаған. Аталған көп салалы шаруашылықтың түрлерімен айналысушылар өзара, ұдайы қарым-қатынас жасап, өздерінің өнімдерімен, рухани байлығымен алмасып отырған. Осындай кешенді шаруашылықтардың негізінде өркениетті мәдениеттің іргетасын қалап, оны ұдайы дамытқан. Оның үстіне, түркілер шығыстағы көршісі Қытай, оңтүстіктегі Үнді, батыстағы Алдыңғы Азия, Еуропа елдерімен үздіксіз қарым-қатынас жасаған. Міне, осындай жағдайда түркілер өз мәдениетін өркениетті дәрежеге жеткізген. Оның орталығы түркі, қалалары мен отырықшы мекендері болған.

Ертедегі ортағасырда Орталық Азияда тұрақты мекендер мен қалаларды салған түркі тайпаларының бірі – оғыздар. «Оғыздар (араб және парсыша – гүз, ғузз; ежелгі түрікше – оғуз; қазақша – оғыз) – ертедегі ортағасырда Орталық және Орта Азияда өмір сүрген түркі тілдес тайпалар» [63]. Олардың тайпа екенін қазіргі Түркияның ғалымдары да мойындайды: «Оғыз» сөзінің мағынасына қатысты түрлі пікірлер айтылады. «Оғыз» сөзі түркі тілінде сол кезде «тайпа» мағынасына келетін «оқ» сөзіне түрікшедегі «з» көптік жалғауының жалғануы арқылы жасалып (ок+из), «тайпалар» дегенді білдіреді [64].

Ұзақ жылдар бойына тарих ғылымында үстемдік еткен түркілер туралы айтылған евроцентристердің пікірлерінің жалған екенін жазба және археологиялық зерттеулер әшкерелейді. Түркілер ежелден шетінен көшпелі болмаған. Олардың отырықшы мәдениетінің орталықтары болған үлкенді-кішілі қалаларды, тұрақты мекендерді өздері ерте заманнан бастап, Тұран өлкесінде салғандағы аты аңызға айналған, тегі түркі Афрасиабпен байланысты екендігі тарихи деректерде кең көлемдерде суреттелген. Афрасиаб туралы иран, араб, түркі тілдес әдебиеттерде көп жазылған. Атақты шығыстың ұлы ғұламаларының бірі Фирдоусидің «Шаһнамасында» Афрасиаб жан-жақты суреттелген. Шығармада Афрасиаб Тұран (жалпы түрік әлемінің) патшасы (ханы, қағаны) әрі елін парсылардан қорғаушы, қолбасшы болып бейнеленген. Оның әкесі – Бешен (Бошан), ағасы – Перен, балалары – Барысхан, Қарахан, Шиде, Алақ, қызы – Қаз [66]. М. Қашқари «Афрасиаб: Алып, батыр» – деп жазған.

Бізге белгілі деректерге қарағанда, Афрасиаб барлық түркілердің құрметіне бөленген көсемі. Ол Амудариядан солтүстікке қарай созылып жатқан Орталық Азияны түгел басқарған, кеңбайтақ жерді «Афрасиаб әулеті» билеп, қалалар, ордалар салдырған. Оған бағынған елдер – оғыз, қарлұқ, қимақ, беркен, қаңлы, хазар. Міне, Афрасиаб билеп тұрғанда, түркілер бірнеше елдерден, мемлекеттік құрылымдардан құрылған ұлы мемлекет болған» [4, 95 б.].

М. Қашқари «Түрік сөздігі» атты еңбегінде Мауераннахр, Жетісу, Шығыс Түркістан жерлерінде түркілердің, әсіресе, оғыздардың ірі-ірі қалаларының Афрасиаб кезінде салынғанын жазған: Ниса, Мерв, Термез, Самарқанд (Афрасиаб), Бұхара, Соғдақ, Мар, Пайкент, Ферғана, Ахсикет, Ходжент, Өзкент, Ош, Ташкент, Түркістан, Янкент, Қият, Үргеніш, Испиджаб (Сайрам), Манкент, Құмкент, Саудакент, Бабата, Тараз, Құлан, Мерке,

Баласағұн, Аспара, Қарақастек, Алматы, Қойлық, Жаркент, Қашқар және т.б.

Негізі өткен ғасырдың 60-70 жылдары қаланған Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясы әлі күнге дейін осы өңірдегі басты экспедициялардың бірі болып келеді. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін бұл экспедиция мүшелеріне ауыр салмақтар түсіп, жаңаша тарих беттерін түзудегі олардың орны айқындала бастады. Экспедиция ұйымдастырған келелі істер баршылық. Мысалы, 90-жылдардан бастап Оңтүстік Қазақстан қалаларының бірқатарында қазба жұмыстары қайтадан өз жалғасын тапты. Айталық, осы кездері Сырдария мен Арыс өзендері алабындағы Құйрықтөбе, Отырар, Марданкүйік, т.б. қалаларда, Бөріжар қорымында қазба жүріп, жаңа материалдар алынды.

Тәуелсіздік жылдары күнгейдегі қалалардың арасынан әлем жұртшылығының назары Отырарға ауды. Бұған бірнеше мәселелер өз септігін тигізді. Біріншіден, халықаралық жобалар жасалынды, екіншіден, көпшілік қалаларды келешек ұрпаққа жеткізу сынды проблемалар қойылды.

2001 жылдың тамызында Жапон үкіметінің траст қоры ЮНЕСКО арқылы бөлген қаражатқа Қазақстан Үкіметінің арасында келісім шарт түзіліп, Қазақстанда бірінші рет Отырар қалашығында аршылған құрылыстарға ғылыми құжаттау жұмыстары мен консервация жүргізу қолға алынды. Негізгі жұмыс саз кесектен тұрғызылған құрылыстарды консервациялау тәсілдерін іздестіру. Келісімшарт 4 жылға, яғни, 2004 жылға дейін кезең-кезеңімен атқарылуы тиіс болды.

Бірінші: Отырар, Көкмардан, Құйрық, Алтын, Қоңыр төбе ескерткіштерін құжаттау және ғылыми-зерттеу жүргізу. Ғылыми тіркеу мен құжаттауды жүргізу, мәліметтердің компьютерлік базасын жасау.

Екінші: консервация, Отырар төбені болашақ үшін сақтауды қамтамасыз ету, сонымен қатар, Құйрық, Алтын және Көкмардан ескерткіштерін шұғыл қорғау шараларын жүргізу.

Үшінші: Отырар мен оның аймағын консервациялау және сақтаудың мастер-планын жасау.

Төртінші: Оқыту. Ескерткіштерді сақтау мен менеджмент жүргізуге жауапты мамандардың кәсіби және техникалық потенциалын арттыруға септігін тигізу, халықаралық дәрежеде консервация жасау үшін жергілікті мамандарды дайындау, тарту.

Бұл жұмысқа Қазақстан тарапынан Білім және ғылым министрлігі, Мәдениет министрлігі, Ә. Марғұлан атындағы археология институты, Мәдениеттің материалдық ескерткіштерін ғылыми-зерттеу және жобалау институты, Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейі қатысты.

Қалпына келтіру, сақтау жұмысы Отырардағы XIV ғ. моншасында, XIV-XV ғ.ғ. құмырашылар шеберханасында, XIV-XV ғ.ғ. мешітінде, осы мешітке қарама-қарсы салынған құрылысқа, XVII ғ. мешітіне және қорған кесіндісіне жүргізілді. Отырар төбенің үстінен бұрынғы қазба жұмыстарының барысында жиналған бос топырақ үйіндісінің біразы тасылды. Сонымен қатар, Құйрықтөбедегі аршылған құрылыстар мен шұңқырлар көмілді. Әрбір құрылыстар жанынан суағар арықтар қазылды.

Ғылыми құжаттау жұмысы Отырар, Құйрық, Алтын, Қоңыр төбе ескерткіштеріне жүргізілді. Ғылыми жұмыстарға ЮНЕСКО-ның Париждегі үйлестірушісі Франсис Чайлд (Канада), мамандар профессор, доктор Майкл Янсен (Германия), доктор Джон Херд (Англия), доктор Энрико Фодде (Италия), Тарсис Стивенс (Бельгия) және Қазақстан мамандары профессор т.ғ.д. К.М. Байпақов, ММЕҒЗЖИ бас сәулетшісі Е. Хорош, маман В. Чарлин, Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейінің қызметкерлері М. Қожа, С. Ахмет, С. Ақылбек, С. Қалдыбек, Ө. Жұмабай, С. Жұбаниязовтар қатысты. Соңғы уақыттарда Отырар музейінің бірқатар қызметкерлері М. Қожа [67], С. Ахмет [68] ортағасырлық кезеңнің жұмыстарын нәтижелі ете бастады.

2004 жылы Отырар, Құйрықтөбелерде және Талтақай мен Қоңыр төбе зираттарына «Мәдени мұра бағдарламасы» негізінде қазба жұмыстары басталды. Отырар төбедегі қазба

жұмыстары Отырар шахристанының оңтүстік және солтүстік батыс қабырғасындағы қорғандарға жүргізілді. 2005 жылы қазба жұмысы XIV ғ. мешіті мен медресе арасындағы үлкен мәдени қабат үйіндісін аршу және солтүстік-батыс қабырғадағы үлкен шурфты қазу жұмыстары болды.

Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясының 1 отряды Отырар Шахристанының солтүстік-батыс қабырғасындағы 1970-71 жылдары қазылған үлкен шурфты араға 34 жыл салып кең көлемде зерттеп, реставрациялап, ашық аспан астындағы музейге айналдыру жұмысын Ә. Марғұлан атындағы Археология институтының директоры, т.ғ.д., профессор К.М. Байпаковтың жетекшілігімен 2004 жылдың 31 тамызында бастады. Қазба жұмысы 2005 жылы жалғасын тапты.

Барлау жұмыстарының барысында тек археологиялық ескерткіштер ғана емес Қызылқұм ішіндегі көне керуен жолдарының да орнын анықтауға мүмкіндік болды.

Тарихқа шегініс жасасақ, ежелгі мемлекеттер арасындағы ынтымақтастық пен сауда байланысы көне дала жолдары арқылы жалғасып отырғаны белгілі. Тарихи деректерде бұл жолдардың пайда болуы мен аталуы, жүру бағыты әр заманда тарихи оқиғаларға байланысты өзгеріске ұшырап отырғаны туралы айтылады.

Сауда жолына әр кезеңде негізгі зат айналымына қарай «ат» беріліп отырған. Біздің дәуірімізге дейінгі III-II мыңжылдықта Бадақшан тауынан лазурит (көк лағыл), Яркенттен (Жаркент) нефрит (көк минерал) кендерінің шығуына орай керуен жолдары «Лазурит жолы» одан кейін «Нефрит жолы» деп аталды.

Ал біздің дәуірімізге дейінгі I-мыңжылдықтың орта кезінде «дала жолы» жұмыс істеп тұрды. «Ұлы Жібек жолының» шығуы біздің дәуірімізге дейінгі I-мыңжылдық деп есептелінеді. Бұл жолдың Қытайдан шығарылған жібек матаның атыменен аталғаны белгілі. Жібек жолы жолға қойылғаннан кейін, оның жан-жаққа тараған тармақтары жекелеген атқа ие бола бастады.

Орталық Қазақстаннан басталатын «Сарысу жолы» деген тармақ – Отырардан шығып Шавгар, одан Ұлытау арқылы Есіл мен Ертіс өзендерін бойлап кететін. Жібек жолының тағы бір тармағы «Хан жолы»- Тараздан шығып Мойынқұм мен Бетпақдала арқылы Атасу жағасына апаратын.

Орта ғасырда Жібек жолы Отырар арқылы Сырдарияның сол жағалауына өтіп, Қызылқұм арқылы Хорезм мен Үргенішке, одан әрі Кавказға кететін, енді бір жолы Сырды жоғары өрлей Шашқа (Ташкент) апаратын. Біз, Жібек жолының Отырар оазисіндегі Сырдария өзенінің сол жағалауымен Қызылқұм шөлі ішіндегі тармақтарының көне атауларын ел ішіндегі аңыз-әңгімелермен ұштастыра іздестірдік.

Бірінші Боранды жол Ташкент бағыты бойынша Арнасай, Шардараның үстіңгі құм жағымен Балақарақ, Мұрынқарақ тауларының етегін ала Табақбұлақтың үстімен Балтакөлге жақындай түсіп, Сапар көпір тұсынан шығады. Табақбұлақтан жоғары 3 км жердегі (бұл жер Қарақтаудың етегі болып есептелінеді) Мұрынбұлақ бұлағының басында Ташкент, Түркістан, Жызақ және Бұхараға апаратын жолдар қиылысады. Түркістаннан Жызаққа баратын жолда осы бұлақ маңынан өтіп «Боранды жол» деп аталды.

Боранды жол аталу себебі Н. Рудневтің «Заброшенный уголок» атты еңбегінде Әзірет Сұлтанды (Түркістан) қорғаған Боран есімді адамның аты мен атаған. Бұл жолмен осы кезге дейін автокөліктер жүріп келеді. Боранды жол Өгізсайдың сол жағалауымен жүрген. Мұрынбұлақтың қасында қазіргі кезде үлкен зират орны бар.

Екінші жол Жау жолы. Бұл жол Қызылқұм шөлін тік кесіп өтеді. Негізгі бағыты Бұхара, бағыты мен Отырар ауданына қарасты құм ішіндегі ең шеткі Орынбай фермасының үстін басып, әл-Фараби кеңшарына қарасты Босағаның қасынан, Балтакөл кеңшарындағы құм ішіндегі Қызтескеннен өтіп Қызыл Орда қаласының маңынан шығып отырған. Жолдың Жау жолы болып аталуы ел ішіндегі аңыздарға сүйенсек кезінде осы жолмен біздің құм ішіндегі ауылдар мен Сыр өңіріне түркімендер, қоқандықтар жиі-жиі шабуыл жасап отырғандықтан Жау жолы деп аталып кеткен деседі.

Ауыл ақсақалдарының айтуынша Жау жолының бойында көптеген көне мазарлардың орны бар екен.

Үшінші жол Үрме жолы. Жол негізінен Жау жолымен қабаттас көрінеді, бұл жол тіке Сырдария өзенінің Аралға құяр маңынан шығады дейді. Екінші жорамал Үрме жолы, бұл жол Қызылқұм ішіндегі үрме құмдарды басып өткендіктен осылай аталуы мүмкін. Осы жол кей әңгімелерде Жау жолының бір тармағы деп те айтылады. Үрме мен Жау жолымен автокөліктер қатынай береді. Құм ішіндегі осы үш жол туралы әңгімелер осындай, бәлкім бұдан басқа да деректер болса Қызылқұм шөліндегі көне керуен жолдарының жаңа бір тарихы ашылып қалары сөзсіз.

Мақаланы түйіндей келе айтарымыз, еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін жүргізілген зерттеулер ешқандай идеологиялық нұсқауларсыз жүргендігімен ерекшеленеді. Жаңадан ғылыми орталықтар (музейлер, археологиялық кафедралар, т.б.) ашылып, ортағасырлық қалалар тарихнамасына өз үлестерін қосты. Сондай-ақ, бұл кезең бұрынғы экспедициялардың жұмыстарын қорытындылауымен өзгешеленеді.

Сөйтіп, Оңтүстік Қазақстан аймағындағы зерттеулердің бір жарым ғасырдай тарихы бар деуге болады. Мұнда жүргізілген зерттеулер ортағасырлық қалалардың мәдениетінен мол хабар береді. Өлке жерінде орналасқан қалалардың шетелдік қалалармен тығыз байланыстар орнатқандығын археологиялық және жазба ескерткіштері растап отыр. Соңғы жылдары озық технологияларды пайдалана отырып археологтар мол мәліметтер алуда. Бұл болашақта отандық тарихнаманы одан ары дамытуы мүмкін.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Бернштам А.Н. Археологические работы в Южном Казахстане // КСИИМК. – 1947. – Вып. 26. – 131-133 бб.

2. Агеева Е.И. Керамика городов и поселений среднего течения Сыр-Дарьи и Каратау // Известия АН КазССР. – Серия арх. – 1949. – Вып. 2. – 100-118 бб.

3. Бернштам А.Н. Советская археология Средней Азии // КСИИМК. – 1949. – Вып. 28. – 5-17 бб.

4. Толстов С.П. Города гузов // СЭ. – 1964. – № 2. – 45-60 бб.

5. Приаралье в древности и средневековье. – М., 1998. – 301 б.

6. Сартқожа Қ. Орхон мұралары. – Астана, 2003. – 269 б.

7. Қазақ Совет энциклопедиясы (КСЭ). – Алматы, 1976. – 8-том. – 438 б.

8. Ювалы А., Имашова Н. Жалпы түркі тарихы. – Түркістан, 2004. – 349 б.

9. Қазақ Совет энциклопедиясы. – Алматы, 1972. – 1-том. – 600 б.

10. Шәлекенов У.Х. Түріктердің отырықшы өркениеті. – Алматы, 2002. – 248 б.

11. Қожаев М. Отырардағы керамика өндірісі. – Түркістан: Мұра, 1996. – 160 б.

12.Қожа М., Ахмет С. Сырдарияның орта ағысындағы жаңа археологиялық ескерткіштер // Халықаралық Марғұлан оқулары. – Қызыл-Орда, 2001. – 300 б.

ӘОЖ 39.00

ҚАЗАҚТАРДЫҢ МОҢҒОЛИЯҒА ҚОНЫС АУДАРУЫ

Хуанган Ө. магистр
І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

e-mail: *onerbek_86@mail.ru*

Моңғолия мен Қытай елінде тұрып жатқан этникалық қазақтардың саны жалпы шетелдегі қазақтардың санының 2/3 құрайды. Қазақтардың шығысқа қарай жылжуының

басты себебі де бір замандарда ата-бабаларын батысқа ығыстырған ойрат тайпаларының қазіргі әлсіздігін пайдаланып, шұрайлы жайылымдарға ие болу еді.

Тірек сөздер: *Ұланбайтақ, этникалық қазақ, Моңғолия, ұлы көш, ұлттық құндылық.*

Число этнических казахов, проживающих в Монголии и Китае, составляет 2/3 от общего числа казахов за рубежом. Основная причина переселения казахов на восток заключалась в том, чтобы воспользоваться нынешней слабостью ойратских племен, когда-то вытеснивших своих предков на запад, и приобрести плодородные пастбища.

Ключевые слова: *диаспора, этническии казах, Монголия, великая кочеводство, национальные ценности.*

The number of ethnic Kazakhs living in Mongolia and China is 2/3 of the total number of Kazakhs abroad. The main reason for the migration of the Kazakhs to the east was to take advantage of the current weakness of the Oirat tribes, who once ousted their ancestors to the west, and to acquire fertile pastures.

Key words: *Diaspora, ethnic Kazakh, Mongolia, great nomadism, national values.*



Моңғолияны мекендеген қазақтардың тарихы жайлы зерттеуші Асылбек Байтанұлының материалына сүйене отырып ұсынып отырмын. Моңғолия мен Қытай елінде тұрып жатқан этникалық қазақтардың саны жалпы шетелдегі қазақтардың санының 2/3 құрайды. Ұланбайтақ терриортияны иелеген көшпенділер мұрагері – қазақтардың әр тарапқа не үшін шашырап кеткені жайлы мақалалар тізбегінің кезекті жариялымы болып табылады.

Менде Моңғолияда тұрған этникалық қазақтардың ұрпағы болып табыламын, руым Абақ Керей – Көнсадақ болады. Негізінен аталарымыз ол жаққа нақты қай жылы көшіп барғанын білмейді. Атам Кездікбайұлы Әділхан, мен Әділхан Өнербек Қуанғанұлы 1986 жылы Моңғолияда туылған екенмін. 1991 жылы Атамекеніміз Қазақстанға көшіп келіп осында тұрақтап өмір сүрудемін. Ата-анамнан қанша сұрасамда нақты аталарымыздың Моңғолияға қашан көшіп барғаны туралы жүйелі ештеңе айта алмайды. Бұл дегеніміз мамыражай Моңғолиядағы қазақтардың көпшілігінің ой-сана өрелері қарапайым күнделікті күйбең тіршіліктен аспайтынының бір мысалы бола алады. Отан тарихындағы әлі де болса нақтылауды қажет ететін мәселенің бірі – Моңғолия қазақтарының осы мемлекетке қай заманда қоныстанғандығы болып табылады. Бұл жөнінде өткен ғасырдың екінші жартысынан қазіргі күнге дейін отандық, шетелдік тарихшылардың еңбектерінде біршама қарастырылып келеді. Моңғолия қазақтарынан шыққан тарихшы ғалымдар Зардыхан Қинаятұлы, Мініс Әбілтайұлы, Сарай Асқанбайұлы, Ислам Қабышұлы, Құрметхан Мұхамәдиұлының, әдебиеттанушы-зерттеуші ғалымдар мен жазушылар Қабидаш Қалиасқарұлы, Сұлтан Тәукейұлы, Шынай Рахметұлы, Сұраған Рахметұлы, Жүкей Шәңгішбайұлы және т.б. өздерінің ғылыми еңбектерінде тұжырымдауы, әдеби шығармаларына арқау етуі нәтижесінде Моңғолия қазақтары тарихы турасындағы Отандық тарихшылар мен көзі қарақты оқырманның бүгінгі күнгі жалпы түсінігі қалыптасқан деуге болады.



Өз кезегінде «жоғарыда аталған және басқа да зерттеушілер мен ізденушілер Моңғолияға қазақтардың қоныс аударуы жөнінде қандай дереккөздерге сүйенді және ол дереккөздер қай кезеңдерден хабар береді?» деген сұрақ туындайды.

Ең біріншісі – ата-тек шежіресі, әңгіме аңыз, күй аңыз, ерлік жырлары т.б. түрде халықпен бірге жасасып келе жатқан қазақ фольклоры мен кейінгі ғасырларда қалыптасқан жазба әдебиеті. Мұнда айтылатын оқиғалар мен деректерді тұтастай шындық ретінде қабылдамасақ та, ақиқатқа апарар жолдың сорабы ретінде қабылдай отырып, ізденіс жасау, ол үшін әлем және қазақ тарихына қоса қазақ фольклорын, ауызша шежіресіне қоса, орыс моңғол, қытай тілдеріндегі XIX-XX ғғ. материалдармен танысқан, сол тілдерді мүмкіндігінше меңгерген жағдайда ғана шынайы ақиқатқа барынша таяй түсуге мүмкіндік туары анық. Мұндай болмаған жағдайда алдыңғы жаңсақ мағлұматтарды қайталаушылық, өзге жұрттың идеологиялық танымына таңылушылық, әсіре жайдақтық, біржақтылық орын алуы сөзсіз.

Екінші дереккөз –Батыс Моңғолияны зерттеу үшін арнайы жіберген ресейлік ғылыми экспедиция жетекшілерінің, елші консулдарымен саудагерлерінің жазба материалдары негізіндегі архив деректері. Г.Н.Потанин, А.М.Позднеев, Г.Е.Грумм-Гржимайло, И.Н.Майский, П.К.Козлов, В.Д.Сапожников, А.В.Бурдуковт.б. жазбаларында Алтайды мекендейтін халықтар, соның ішінде қазақтар туралы ауқымды құнды материалдар қамтылған.



Үшінші дереккөз – Патшалық Ресей мен Шың империясы арасында жасасқан түрлі шекаралық келісімдер, пактілер. Мұнда Моңғолияға қазақтардың қоныс аударғандығы туралы тікелей айтылмаса да, осы үрдіс қалыптасуына себеп, түрткі болатын шешімдерді ескеру маңызды. Оған дәлел XIX ғасырдан бері қызмет атқарып тұрған атақты Кияхта, Ташанта кедендік өткізу пунктері үлкен маңызға ие. Бұл шекаралық аймақтарда ұлты қазақ қандастарымыз қызмет атқарады.

Төртінші дереккөз – Ц.Жамсаранов, Д.Гонгор т.б. моңғол ғалымдарының еңбектері мен Моңғолия мұрағаттарындағы қазақтарға қатысты XIX ғасырдан бергі түрлі құжаттар.

Ендігі мәселе – аталған дереккөздерде қазақтардың Моңғолия жеріне қоныс аударуы қашаннан басталғандығын айқындау және бұған «Моңғолия мемлекеті», «Батыс Моңғолия», «Ұраңқай жеті қошуны», «Қобда шебі» сияқты саяси-әкімшіліктік құрылымдардың пайда болып қалыптасуы мен өмір сүруінің біршама қатыстылығы.

Моңғолия мемлекеті. 1206 жылы Шыңғыс хан құрған «Моңғол империясы» бірте-бірте ыдырап, шүршіттік Шың империясы Ішкі Моңғолияны 1636 жылы, Сыртқы Моңғолияны (қазіргі Моңғолия) 1692 жылы иеленсе, Батыс Моңғолиядағы Жоңғар (моңғолша – зүүнгар – сол қанат) хандығын 1758 жылы толық күйретіп бодандыққа

ұшыратты. 1911 жылы ғана тәуелсіз Моңғолия мемлекеті қайта жарияланды.

Батыс Моңғолия. Батыс Моңғолия деген тарихи географиялық аумақтың өзі негізінен Жоңғар хандығының байырғы иелігін қамтиды. Оған қазіргі Моңғолияның батыс үш аймағы мен ШҰАР-дыңАлтай аймағы кіреді. Қазақтардың шығысқа қарай жылжуының басты себебі де бір замандарда ата-бабаларын батысқа ығыстырған ойрат тайпаларының қазіргі әлсіздігін пайдаланып, шұрайлы жайылымдарға ие болу еді. Бұл миссияны толығымен орындаған қазақтар енді Алтайдың теріскей бетін игеруді XIX ғасырдың 60-жылдары бастады. Мұның да өзіндік тарихи, саяси, әлеуметтік, табиғи себептері болды. Шың империясы үшін көшпенді халықтардың өзіне қарасты аумақтың қай жеріне көшкені емес, салықты қалай төлеп тұрғандығы маңызды болса керек.

Ұраңқай жеті қошуны. Қошуын – Цин билігі тұсындағы әкімшілік бөлінісі болатын. Батыс Моңғолияны ежелден мекендеген ұраңқай тайпасының жеті руы Алтай тауының теріскейі мен күңгейін, яғни қазіргі Моңғолияның Қобда, Баян-Өлгий аймағы мен ШҰАР-дың Алтай аймағын мекендеді.

Қобда шебі. Шың империясының Батыс Моңғолияны басқару үшін құрған саяси-әкімшілікпровинциясы. Бұған жоғарыда аталған Ұраңқай жеті, дөрбеттің 16, захчинның 3, торғауыттың 3, баят, өлет, мыңғыт т.б. қошуындарымен бірге қазақ қошуындары да қарады[1, 68-б].

Қазақтардың Моңғолияға қоныс аударуы деген ұғымның өзі 1911 жылға дейін дербес мемлекеттің шекарасынан өткендігін емес, Шың империясының бір өлкесінен келесі өлкесіне орын ауыстыру дегенді білдіреді. Осы тұрғыдан алғанда жеті қошуын ұраңқаймен қазақтардыңараласа қоныстануы XYIII ғасырдың екінші жартысынан басталады. XX ғасырда жазылған кейбір әдеби шығармалардағыдай,қазақтардың Қобда бетке өткен соң ғана «моңғол руларымен достаса бастауы» солтүстікке қарай қанат жаюы тұрғысында болмаса, басқа жағдайда шындыққа жанаспайды.

Қазақтардың қазіргі Моңғолия жеріне жаппай қоныстануы жөніндегі тарихи мәліметтің ең бастылары Г.Н.Потаниннің 1876-жылы: «Олар (керейлер) біздің Қобдаға келуімізден 6-7 жыл бұрын Алтай жотасының күңгей бетінде еді, бұрын біз сонда кездестірген Көбеш ауылы қазір осында (Қобда бетіне) көшіп келген екен»[2,-32-б.] деген дерегі мен 1924 жылы шақырылған Моңғолияның мемлекеттік бірінші Ұлы Құрылтайына қатысқан Дәуітбай Тауданбекұлының сөйлеген сөзі: «Біздің қазақтар мұңғұл жеріне аяқ басқалы міне, 60 жыл. Ал мұңғұлдың қарамағына енгелі 14 жыл болды»[1,95-б.]. Демек қазақтар бұл өлкеге 1864-1870 жылдары жаппай қоныстанған. Бұдан өзге Мәсәли Салданбайұлы, Мыса Рахымбайұлы және т.б. шежіреші қарттардан ауызша, жазбаша жеткен деректер де осы межеге саяды. Өзіне қарасты елді бастап алғаш Жылқышы Ақтайұлы бастаған шеруші, Көбеш Айтбайұлы бастаған жәнтекей рулары қоныс аударған еді және біз мақаламыздың басында атап өткен бірінші дереккөз бойынша бұл меже әлдеқайда ерте кезеңдерге жетелейтінін көреміз және осы тұрғыда қазақтардың Моңғолияға қоныс аударуын еріксіз (зорлықпен) қоныс аудару, жеке мақсатпен қоныс аудару, саналы түрде жаппай қоныс аудару деп үш түрлі аспектіде қарастырған жөн деп білеміз.

Бірінші топқа – 1830 жылы дөрбеттің Сайн ноянының шапқыншылығына ұшырап Алтайдың күңгей бетінен қазіргі Увс аймағының Тариалан сұмыны жеріне, хотондар арасына әкелінген қазақтар жатады. Бұлардың саны 200 шамалы ғана болғандықтан, ұлттық бет-бейнесі сақталмай, хотындарға сіңіп кетсе керек. Еріксіз қоныс аударушылар қатарына 1916-1963 жылдар арасында Қазақстан, Ресей, Қытайдағы түрлі зұлматтар мен саяси науқандардан бас сауғалап келген қазақтарды да жатқызуға болады. Бұлардың сан-мөлшері тым көп емес.

Екінші топқа – 1864 жылдан көп бұрын-ақ Қобда бетіне тұрмыс тауқыметімен жеке басы, бірлі-екілі отбасымен қоныс аударып, өлет, торғауыт байларына жалданыпегін салып, мал бағып күн көрген қазақтар жатады. Мұндай қазақтар тым көп емес және олар жайында ауызекі аңыз әңгімеде айтылып келгенімен, ресми деректер арқылы дәйектелмеген.

Ежелден Қобда қаласы маңына келіп орналасып бау-бақша өсірумен, сауда-саттықпен шұғылданған қазақтанған сарттарды (жергілікті халық тілінде – чантуу) да осы топқа жатқызуымызға болады.

Үшінші топқа – ұраңқай-қазақ рубасылары арасындағы келісім арқылы тұтастай ауыл-аймақ, руымен келіп қоныстанған қазақтар. Бұл көшті бастаушылар арасында жоғарыдағы екі тұлғамен қатар Әбілмәмбет ханның немересі Қожамжар төре Сәменұлының есімі ерекше аталады.

Біздіңше, 1840 жылдардың өзінде Алтайдың Қобда бетіне қазақтарқыстай бастаған. Бұған дейін де көп жылдар бойы күңгей беттің қазақтары Қобда бетте мал отарлатып, жайлап жүрсе керек. «Сақсай сұмынының Дайын өлкесінде Бошекең (Бозтай) сайы, Ағай (Ақтай) сайы, Кәріатаң жайлауы (Ырысбай)… бар»[3,17-б.]. Мұндағы Ақтай, Бозтай, Ырысбайлар шеруші руының батыры Көбегеннің балалары, тарихи тұлғалар.«Би, батыр, балуан Ақтай Көбегенұлы 1793 жылы Алтайдың Көксу деген жерінде туған. 1856-жылы Буыршын ауданының Шұңқыр деген жерінде 63 жасында қайтыс болған»[4, 262-б.]. Сонымен қатар Ақтай Көбегенұлы мен жәнтекей байы Шәку Есілбайұлының Ойғыр басына дейін (Ресей-Моңғолия шекарасы) жер жағдайын шалғаны аңыз болып айтылады.

Ал 1867 жылы қоян жылы Қобдадағы жергілікті әкімшілікпен келісім жасауға Жылқышы, Көбеш, Қожамжарлардың баруын – біржолата қоныстану үшін жасалған шешуші қадам деп бағалаймыз.

Өзге де бірнеше дереккөздерге саятын болсақ, 2014 жылы қазақтардың Қобда бетіне жаппай қоныс аударғанына 150 жыл толды. Ал Қобдадағы ресми билікке жоғарыдағы үш тұлғаның баруынан есептегенде 2017 жылы осы межеге толады. Қылаң Қанжығалыұлы бастаған ел ағаларының Да-күреге (қазіргі Ұланбатыр) барып өздеріне қарасты жердіБогда ханға ресми түрде бекіттіріп Моңғолия азаматтығына өткеніне биыл 102 жыл толып отыр, 2017 жылы 105 жыл болады.Бұл – бұдан ары қарай қалай айтса да қазақтардың осы өлкенің автохтонды тұрғыны ретінде мойындалатынын білдіретін сан. Түркінің түп бесігі, ежелгі Найман хандығының күл төккен жері Алтайдың теріскейіне ойрат тайпаларымен, шүршіт-қытаймен бірде малын бере бітісіп, бірде жанын бере шекісе жүріп орнықан бүгінгі Қобда беті мен Шүй қазақтарының әрекетін атажұрттан жарыла көше жырақтау емес, қала берді қазақтың, асса күллі түркінің ұпайын түгендеген рухани ерліктің сипаты ретінде қарастыру дұрыс болмақ. Себебі, қазіргі Моңғолия БАҚ-тарында қазақтарды XX ғасырда қаңғырып келген босқындар ретінде көрсетуге тырысу байқалумен қатар, қайсыбір Отандық ақпарат көздерінде патша немесе кеңес үкіметінен зорлық көргендіктен ауып кеткен қашқындар ретінде жалпылама сипаттайтындығы қылаң беріп жатады. Қылаң берген емес-ау, қарапайым қазақ не моңғол солай түсінеді де. «Қазақ тарихында қазақ ұялатын ештеңе жоқ» дейтін Н.Ә.Назарбаевтың сөзі бар. Ендеше, біртұтас қазақ тарихының заңды бөлшегі Моңғолия қазақтары тарихында да өз ұлтының ар-намысына дақ түсіретіндей ешбір оқиғаның болмағандығы және бұдан былай да болмайтыны ақиқат. Өйткені ұлт руханиятының үштағаны – тілі мен салт-дәстүрін, дінін сақтап, сыйлаған халықтың тарихи жадысы қалғымақ емес.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қинаятұлы З. Жылаған жылдар шежіресі. – Алматы: «Мерей», 1995. – 298 бет.

2. Қабышұлы И. Монғолия қазақтарының тарихы. – Өлгий: «Баспа өндірісі», 1980. - 242 бет

3. Шәңгішбайұлы Ж. XX ғасырдағы Моңғолия қазақтары. – Улаанбатар. «Сорхон Цагаан», 2008. – 320 бет

4. Бақат руының шежіресі (жинақ). – Үрімжі: «Ұлттар баспасы», 2014. – 403 бет

5. Сұлтанов Қ. Толғақты ой, толымды тұжырым. // «Егемен Қазақстан» 2003 жылғы 25 ақпан.

Baq.kz

ӘОЖ-1/14(075.8)

АҚПАРАТТЫҚ ҚОҒАМ ФИЛОСОФИЯСЫ

Шаяхмет Э.Р. магистрант**, Аликенова К.Н.** ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор
І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қаласы

e-mail: *Elvira-1707@bk.ru, k-alikenova@mail.ru*

Осы мақалада мәдениеттің қазіргі ақпараттық кеңістігіндегі философияның рөлі мен орны талқыланады. Цифрлық ортаның қалыптасуымен адамдардың дәстүрлі өмір салты мен формалары өзгеруде. Қазіргі философия адамның ойлауының жаңа тәсілдерін қалыптастыруы, адамдардың мінез-құлқына, олардың құндылықтарына әсер етуі керек. Философия цифрлық дәуірде дерексіз ой өрісі ретінде дамуға қуатты серпін алды. Мақалада заманауи білім мен оның кемшіліктері (оффлайн және онлайн) туралы айтылады.

Тірек сөздер: *ақпарат, ақпараттық қоғам, білім, ақпараттық технологиялар, мәдениет.*

В данной статье осмыслены роль и место философии в современном информационном пространстве культуры. С формированием цифровой среды меняются традиционный уклад и формы жизни людей. Современная философия должна формировать новые способы мышления, оказывать влияние на поведение людей, их ценности. Философия как область абстрактной мысли обретает в цифровую эпоху мощный импульс развития. В статье рассмотрено современное обучение, его недостатки и недочеты (оффлайн и онлайн).

Ключевые слова: *информация, информационное общество, образование, информационные технологии, культура.*

This article discusses the role and place of philosophy in the modern information space of culture. With the formation of the digital environment, the traditional way and forms of people's life are changing. Modern philosophy should form new ways of thinking, influence the behavior of people, their values. Philosophy as a field of abstract thought is gaining a powerful impetus for development in the digital age. The article discusses modern education, its shortcomings (offline and online).

Key words*: information, the information society, education, information technology, culture.*

Бүгінгі таңда бұқаралық қарым-қатынас құралдарының дамуы, соның ішінде компьютерлердің кеңінен таралып қолданыста болуы, ғаламдық ақпараттық байланыстың құрылуы, заманауи технологияда әлеуметтік желілердің пайда болуы секілді факторлар адамзат өмірін, адамның әлеуметтік болмысын түбегейлі өзгертті және ақпараттық қоғамды философиялық білім шеңберінде түсінуді талап етеді. Біз ақпараттанған қоғамда өмір сүріп жатқанымыз айдан анық, демек, XXI ғасырды «Ақпарат ғасыры» деп те атасақ болады. Біздің қоғамымыз дамудың жаңа сатысы – ақпараттық қоғамға аяқ басты [1].

Көптеген ғалымдар «ақпараттық қоғам» тұжырымдамасын зерттеу барысында туындаған мәселелерді шешу үшін екі маңызды аспектке назар аударған жөн деп есептейді. Бірінші аспект – тұжырымдаманың өзі қоғамдық дамудың қазіргі кезеңін және оның мүмкін болатын нұсқаларын бағалау критерийлерін қамтитын ақпараттық қоғам болса, екінші аспектіге – осы қоғамның негізгі де маңызды ресурсы ретінде ақпаратты басқару мәселесін жатқызады. «Ақпараттық қоғам» терминін алғаш рет Токио университетінің профессоры

Ю.Хаяши қазіргі қоғамымыздағы білім мен ғылымның дамып келе жатқан рөліне баса назар аудару керектігін Жапония үкіметіне берген есебінде айтқан болатын. Кейіннен бұл идея Жапония үкіметінің қоғам мен адамзатты ақпараттандыруды дамыту туралы бағдарламаларында жалғасын тапты. Алайда, ақпараттың жетіспеушілігіне байланысты қоғамның қаншалықты ақпараттандырылғаны, ақпараттың қоғамға қаншалықты қол жетімді екені әлі белгісіз [2].

«Ақпараттық қоғам» ұғымын алғашқылардың бірі болып американдық әлеуметтанушы Даниэль Белл «Келе жатқан постиндустриалды қоғам» еңбегінде ақпараттың маңыздылығын айта отырып қолданған болатын. Ғылыми техникалық үрдіс дамыған сайын білім мен ақпарат адамның өмірлік белсенділігінің барлық салаларына еніп, бір қорға айналатынына Д.Белл сенімді болды. 1980-жылдары әлемдік қоғамдастықтың ақпараттық, телекоммуникативтік, компьютерлік технологиялар жүйесіне қызығушылығының артуы кезеңінде Д.Белл «постиндустриализм» ұғымын «білім» және «ақпарат» ұғымдарымен алмастырды. Д.Белл ақпараттық қоғамды «постиндустриалды» қоғам деп түсінеді. Постиндустриалды қоғам жоғарғы дәрежеде ұйымдастырылған, дамыған заманауи қызмет көрсету саласы бар міндетті түрде индустриалды қоғамды ауыстыратын қабілеттері болуы керек. Адамзаттың даму тарихында еңбектің үш түрін Д.Белл анықтаған болатын. Еңбектің үш түрі: біріншісі – «өндіруші», екіншісі – «мануфактура», үшінші – «ақпараттық». Өндіруші еңбек индустрияға дейінгі қоғамға тән, мануфактура – өнеркәсіптік, ал ақпараттық еңбек постиндустриалды қоғамға тән. Еңбектің жаңа түрі алдыңғысына қарағанда прогрессивті де өнімді болып келетіндіктен, тауар өндірісі өскен сайын қоғам мүшелерінің ауқаты өсіп, дамығаны байқалды. Еңбекті автоматтандыру мұғалімдер мен ғалымдар, дәрігерлер, тағы басқа мамандықтардың қызмет аясын кеңейтіп, қатысушылар санын азайтады. Қазіргі қоғамда ақпараттың құндылығын бағалау және коммуникациялық технологияларды дамыту секілді үрдістер болып жатыр. Д.Белл үшін ақпараттық қоғам дегеніміз ақпарат бүкіл әлеуметтік жүйенің өзгеру көзіне айналатын «білім қоғамы». Осы ой «Future Shock» еңбегінде 1970 жылы жарияланған болатын. Э.Тоффлер өз еңбегінде білімді «прогресстің отыны» деп атаған болатын. Яғни білімнің өсуі мен дамуының артында белсенді өзгерістер жатқаны анық [3].

Ақпараттық қоғам тұжырымдамасы көптеген ғалымдардың зерттеу нысанына айналды. Ақпараттық қоғам тұжырымдамасын Дж.Гелбрайт, А.Минк, М.Постер, Э.Тоффлер, С.Нора секілді ғалымдардың зерттеулерінен байқауға болады. «Ақпараттық қоғам» термині И.Масуданың 1983 жылы «Ақпарат» атты еңбегінде жарияланғаннан кейін ғылыми ортада қоғам нақты орнықты десек болады. Ал ақпарат ұғымын ғылыми айналымға 1928 жылы Р.Хартли енгізді [4].

Ақпараттың неліктен қазіргі қоғамымыздың басты мәселесіне айналғанын Ф.Бэкон былай деп жауап айтқан болатын: «Кім ақпаратқа ие болса – сол әлемді бағындырады». Қазіргі таңда ақпарат көлемі 5-6 есе өсті. Осындай кең ауқымды ақпаратты бір баста сақтай отырып, белгілі бір шектеулі мерзімде өңдеу мүмкін емес болғандықтан, ақпаратты сақтау тәсілдері пайда бола бастады және соған адамзаттың жылдам бейімделіп, әрекет ету қабілеті қалыптасты. Ең маңыздысы ақпаратты игеру және оның қолжетімділігін қамтамасыз ету керек [5].

Ақпаратты қабылдаудың маңызды аспектісі келесілерді бағалауда анық көрінеді:

- ақпарат көзі;
- ақпараттың мазмұны;
- ақпаратты ұсыну тәсілі.

Бүгінде ақпарат нарығымыздың толыққанды қатысушысына, яғни тауарға айналды. Ақпарат бүкіл жүйені қозғайтын әлеуметтік және экономикалық дамудың, саяси қатынастардың негізгі де маңызды факторына айналды. Ақпаратқа ие болу арқылы кез келген иемденуші тұлға әлеуметтік жүйеде белгілі бір орынды ұстанады. Әлеуметтік болжамдар құруда және экономикалық жоспарлауда ақпараттық бағдарламалар мен

телекоммуникациялық жүйелердің, цифрлік технологиялар мен бұқаралық ақпарат құралдарының, жарнама мен насихат жүргізудің экономикалық өндірісті дамытудың жасырын мәні бар. Ақпараттық қоғам тұжырымдамасы қоғамдық өмірдің жаңа әлеуметтік-философиялық көзқарасын ұсынады. Ол адамзаттың экономикалық, саяси, мәдени-эстетикалық және моральдық-этикалық дамуындағы белгілі бір тарихи кезеңді көрсетеді. Тарихтың кез келген кезеңдер мен дәуірлерге бөлінуі өте шартты болғанымен, бұл тәсіл белгілі бір мағынаға ие. Яғни, адамзат қоғамының қатынастары мен байланыстарындағы, адамдардың ойлау тәсілдеріндегі, сонымен қатар олардың мінез-құлқындағы болып жатқан өзгерістерді бейнелейді [6].

Ғылыми-техникалық прогресс жетістіктерінің арқасында ақпараттық қоғамда маңызды рөлді ақпаратты тарататын технологиялық құралдар атқарады. Оларға ақпараттың неғұрлым кеңінен тарататын құралдар - спутниктерді, телекоммуникацияларды, кабельдік жүйелерді жатқызамыз. Бүгінгі таңда ғаламдық нарықта белсенді түрде дамып келе жатқан, ақпаратты иемдене отырып, молынан тарататын ақпараттық нарықтың ең танымал корпорациялары – «Apple», «Digital Equipment», «Microsoft» [7].

Заманауи ғаламның ең басты стратегиялық мәселесі ақпаратты игеру болып табылады. Теледидар, бұқаралық ақпарат құралдары, ғаламтор қазіргі замандағы күнделікті адам өмірінің ажырамас бөлігіне айналды. Кез келген үйде ақпараттық-коммуникациялық технология құралдары адамдарды дәуіріміздің жаңа стандарттарына бейімдейді, әр түрлі жасанды түрде көптеген насихаттар жүргізеді. Адам әлемге ең үлкен ақпарат агенттіктерінің көзімен қарайды, алайда адамдарға әлем қиын мәселелердің қайнар көзі ретінде ақпарат ұсынады. Бұған дәлел ретінде жаңалықтарды айтатын бағдарламалардағы ақпараттарды: өрт, су тасқыны, апаттар, автомобиль апаттары, қатыгездікке толы әскери қақтығыстарды жатқызамыз. Алайда ақпарат біздің әлеміміздің қандай жан-жақты екенін де көрсетеді. Ақпараттың жан-жақты болуы сонша, оның кеңею қабілеті адамның мүмкіндіктерін арттырды. Ұялы телефон, теледидар, компьютер, гаджеттер адамның ажырамас атрибуттарына айналды. Өміріміздің сапасы ғылым мен техниканың жетістіктерін пайдалану қабілетіне тікелей байланысты. Адамзат ақпарат технологиялары арқылы әлемдегі сан түрлі оқиғалардың куәгеріне айналды, ол енді қоршаған ортасында болып жатқан оқиғаларға бей-жай қарай алмайды, көрген оқиғалары үшін өзін жауапты сезіне бастады. Коммуникативтік желілер қазіргі уақытта ақпарат алмасуды жеделдетіп қана қоймай, сонымен қатар адамға өзінің білімін қашықтықтан жақсартуға мүмкіндік берді, электронды түрде қарым-қатынас орнатуға жағдай жасады. «Ақпараттық қоғамның» қандай тұжырымдамасын қарастырсақ та, кілт сөз болып «ақпарат» болып қалады [8].

«Ақпараттық қоғам» дегеніміз – кітап, мақала, білім беру бағдарламалары секілді әр түрлі бұқаралық ақпарат құралдарына жазылған теориялық білім мен кодталған білім жетекші рөл атқаратын қоғам. Бұл білім инновациялық технологиялардың қайнар көзі болып табылады. Теорияның рөлі өте үлкен болып табылады, себебі қарапайым технологияларды жөндеудің өзіне теорияны білу өте керек. Бұл білім практикалық білімге ғана айналып қоймай, саясат пен экономиканы да басқарады. Телекоммуникациялар мен технологиялардың сандық және сапалық дамуы, электронды кітапханалар, қол жетімді кітапхана қорлары «білімділер қоғамын» қалыптастыруға ықпал етеді, бірақ осы технологиялардың қол жетімділігі мен материалдық әл-ауқатына байланысты әлеуметтік топтар арасында алшақтық пайда болады. Қазақстан Республикасы үшін ақпараттың инфрақұрылымын дамыту, байланыс сапасы мен телекоммуникация желісін жақсарту, жаңа цифрлық технологияларды енгізу, ақпаратты өңдеудің цифрлық әдістерін қолдану – бүгінгі қажеттіліктердің бірі [9].

Ақпарат ғасырында философия маңызды рөл атқарады. Ол ойлаудың жаңа тәсілдерін жасайды, адамдардың мінез-құлқына және олардың құндылық қатынастарына әсер етеді, жеке тұлғаны рухани-адамгершілікке тәрбиелеу үдерісін ынталандырады, ақыл-ой мен парасатты танымның қоғамдық өмірдегі маңыздылығын негіздейді.

Интернет-технологиялар, телекоммуникациялар, теледидар, радио және жарнама арқылы ақпарат беру тәсілі біздің күнделікті өмірімізді ұйымдастыруды өзгертті, демек, оның сапасы да айтарлықтай өзгерді.

Жоғарыда айтылғандардың жарқын мысалы - 2020 жылы «Covid-19» вирусының пайда болуымен жарияланған ғаламдық пандемияға байланысты оқушылар мен студенттерге қашықтықтан білім беру. Оқушылардың білімді игеру сапасы төмендеді. Бұл көптеген факторларға байланысты: компьютерлік сауатсыздық, ресурстардың жетіспеушілігі, ата-аналардың жұмысбастылығы, көптеген ата-аналар мұғалімдердің тапсырмаларын орындай алмайды, берілген ақпаратты балаларына толық жеткізе алмайды. Мұғалімдер пайдаланатын платформалар оқушыларға әрдайым қол жетімді бола бермейді, бұл да оқу сапасын төмендетеді. Жалпы онлайн оқытуға қарағанда, оффлайн оқыту білім алушылар үшін, әсіресе бастауыш сыныптарға әлдеқайда қолайлы.

Қорытындылайтын болсақ, ақпараттық қоғам ұғымын ешкім жоққа шығармайды, демек осы ұғым ары қарай зерттеуді қажет етеді. Заманауи қоғамда ақпарат маңызды рөл атқарады. Қазіргі заманда ақпарат пен ақпараттық технологиялардың маңыздылығының артып келетінін өз еңбектерінде Д.Белл, Дж.Гелбрайт, М.Постер, Э.Тоффлер, Дж.Бодриллард баяндаған болатын. Ақпараттық қоғамның дамуын объективті қажеттіліктерін білдіретін әлеуметтік қозғалыс түрі ретінде философиялық тұрғыдан түсіндіру оның ақпараттық-коммуникациялық кезеңінің қалыптасуын түсінуімен байланысты. Қазіргі ақпараттық қоғамның ерекшелігі – рухани және интеллектуалды әлеуеттің барлық жиынтығын, ең алдымен, философия, әлеуметтік-экономикалық негіздер, моральдық-саяси, діни-адамгершілік, халықаралық көзқарастар сияқты бағыттар бойынша барынша толық бейнеленетіндігінде.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Егемен Қазақстан газеті, 25 қазан, 2015. https://qamshy.kz/article/7550-aqparattyq-tekhnologiyalar-bugin-dgane-ertenh
2. Белл Д. Грядущее постиндустриальное общество. Опыт социального прогнозирования. М.: Academia, 2004. 956 с.
3. Тоффлер Э. Футурошок / пер. с англ. СПб.: Лань, 1997. 464с.
4. Белл Д. Социальные рамки информационного общества // Новая технократическая волна на Западе. М.: Прогресс, 1986. С. 330-342.; Masuda Y. The Information Society as Postindustrial Society. Wash.: World Future Soc., 1983, p.29.
5. Моисеев Н.Н. Универсум. Информация. Общество. М.: Устойчивый мир, 2001, 200 с.
6. Колин К.К. Природа информации и философские основы информатики // Открытое образование. 2005. №2. С. 43-46.
7. Әлікенова К.Н. Ғылым тарихы мен философиясы: оқу құралы. /– Талдықорған: ЖМУ. 2012. 149-156 бет.
8. Ristovska S. Strategic Witnessing in an Age of Video Activism / Dublin, Ireland / 28 July, 2013.
9. http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900001055 Инфрақұрылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы

УДК 378.02.
ГРНТИ 14.35.07.

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМІНІҢ КӘСІБИ ДАЯРЛЫҒЫ

Шыныбаев С.Т. докторант
І.Жансүгіров ат. Жетісу мемлекеттік университеті.Талдықорған қ.

e-mail: *tarmpi_school@mail.ru*

Мақалада, жоғары педагогикалық білім берудегі түбегейлі өзгерістер жаңа типті маманның дайындығымен байланысты мәселелер қарастырылады. Болашық мұғалім мамандарын даярлауда қоғамның құқықтық-психологиялық жаңа әлеуметтік құндылықты бейімділіктерді, ғылым дамуындағы осы заманғы тенденцияларды, білім беру жүйесінің әлемдік және отандық тәжірибесін ескере отырып құрылуы мен жұмыс істеуін көрсететін құбылыс ретінде баяндайды. Сондай-ақ, мұғалім мамандарын дайындаудың теориялық бағыттағы құрылымдық құрамалының мазмұнын ашып талдаулар жасалады.

Тірек сөздер: *Жоғары оқу орны, болашық мұғалім мамандары, құзыреттілік, кәсіби біліктілік, мұғалім тұлғасы.*

В статье рассматриваются вопросы, связанные с коренными изменениями в высшем педагогическом образовании и подготовкой специалистов нового типа. Будущее описывает подготовку учителей как явление, отражающее новые правовые и психологические ценности общества, современные тенденции развития науки, создания и функционирования системы образования с учетом мирового и отечественного опыта. Также анализируется содержание структурной составляющей теоретического направления подготовки учителей.

Ключевые слова: *Университет, будущие учителя, компетенции, профессиональная квалификация, личность учителя.*

The article discusses issues related to fundamental changes in higher pedagogical education and training of specialists of a new type. The future describes teacher training as a phenomenon that reflects new legal and psychological values of society, modern trends in the development of science, the creation and functioning of the education system, taking into account world and domestic experience. The content of the structural component of the theoretical direction of teacher training is also analyzed.

Key words: *University, future teachers, competencies, professional qualifications, teacher personality.*

Мұғалім мамандарды дайындау жүйесіне қатысты ЖОО жүйесінде бетбұрысты, ірі құрылымдық өзгерістерге алып келді. Бұндай білім беру парадигмасы егер ЖОО-нын қайта құру жалпы білім беретін мектепте өтіп жатқан өзгерістерді ескермесе, онда іске аса алмайды. Жалпы білім беретін мектептің жұмысындағы өзгерістер, қоғамның басқа әлеуметтік бейімділіктері, келешек дамудың отандық жоғары мектептің отандық және шетелдік білім беру тәжірибесінде білім беру саласындағы маманға жаңа талаптар қойды: ол жалпы мәдениеттілік пен кәсіби және мамандыққа бағытталған пәндік құзыреттіліктердің өзара тығыз байланыстығы орын алғандықтан жоғары деңгейін игерген білім болуы керектігін, үздіксіз білім алуға субъективті дайын болуы, жеке дамуға және өзін-өзі кәсіби жетілдіруге, заманауи мектепте педагогикалық қызметтің шығармашыл

сипатына дайын болуы керек. Басқаша айтқанда, қоғам мен мектеп жаңа типті маман-педагогті керек етеді. Дәл осы мәселе ғана педагогикалық білім берудегі реформалардың негізін құрайды. Баламаларды іздеу мүлде жүргізілмеді деп айтуға болмайды. Бірақ іске асырылған зерттеулер ішінара нәтижелерге ғана тәрбиелеудің дәстүрлі емес формаларын пайдалану, мазмұнын кейбір құрылымдық құрамаларының жаңаруы, ең жаңа техникалық құралдарды педагогикалық үдерісте пайдалану, жұмыстың белсенді түрлері мен әдістерін қолдану - жаңашыл педагогтердің тәрбиесін зерттеуге және оны толықтыруға алып келді. Ол өз негізінде ЖОО-да ғылыми әдістемелік тұрғыдан талдау және жетілдіруді талап етеді яғни, өзгерістерге ұшырауы заңдылық.

Қазіргі заманғы жағдайларда педагогикалық білім берудің жаңа құндылықтарға, қызмет критерийлеріне, мамандық бейнесі мен мәдениетке қайта бейімдеу қажеттілігі анық болды.

Педагогтің жаңа типі туралы айта отырып, бұл жаңа психология мен жаңа идеология адамы екенін атап өтуіміз қажет.

Қазіргі жағдайларда жаңа типті маман - педагогті дайындау, бәрінен де бұрын, жекетұлғалық бастаудың босатылуымен бірге жүреді. «Жекетұлғалық бастау» деген ұғым білім берудегі қатынастардың мынадай жүйесін қарастырады, мұнда әлеуметтік жағдайлармен де атауланып, берілген жекетұлғаның өзіндік қатынастарын анықтаушы жақтары болып шығады, рухани байланыстардың қалыптасуына әсер етеді, ұрпақтардың рухани өмірінде байланыстырушы арқау болады. Бұл тенденция өзін жоғары педагогикалық білім беру жүйесінде де көрсетті, белгілі кезеңдерде өзгерген әлеуметтік жағдайлар талаптарда жекетұлғалық бастаудың керексіз, міндетті емес, қажетсіз болғанын анықтады. Педагогикалық білім берудің мазмұнында идеялар көрініс тапты, бірақ оларды өмірге әкелген жекетұлға, оның бүтіндігі, жасампаздығы және нәтижелері бөлшектенген болып шықты.

Э.Б.Абдуллиннің ұстанымы бойынша, осы заманғы жоғары педагогикалық білім берудегі жекетұлғалық таңғаларлық қабілетінің ерекше типінің: оқытудың оқытуға бейімділігі қалыптасуымен байланысты [1].

Осындай бейімделу өзін оқу саласында да кәсіби қасиеттерінің қалыптасуында да, қарым-қатынаста да, қатынастар мәдениетін іске асыруда да жекетұлғалық құнды нұсқауларды қалыптастыруда да және басқаларда көруге болады. Көріп отырғанымыздай, біршама қарама-қайшылықтар күрделілігі және кәсіби таңдау байланысында мәселелердің күрделі жинағы пайда болады. Бір жағынан, бұл студенттік субмәдениеттің ерекшеліктері, ал екінші жағынан – ақыры пайда болған еркін өзінөзі тану мүмкіндігі. Мұнда жасаған таңдауы үшін жауапкершілікті талап ететін жекетұлғаға арналған жаңа жәйт өмірге келеді, ал дәстүрлі мәселелерді баламалы көруге сүйену рефлексия белгілі деңгейімен, таңдау мәдениетімен және қызметпен шартталады.

Осы заманғы педагог дайындығында жекетұлғалық бастау мәселесі этникалық және аймақтық ерекшеліктермен байланысқан тағы бір аспекті бар [2,3,4]. Өйткені аталған мәселе өзінің, бір жағынан ұлтаралық, этносаралық қарым-қатынас мәдениетінің нақты формасында көрінеді. ЖОО-лар өмірі, олардың қызметінің мазмұны осы жалпы әлеуметтік мәселелерден бөлектенген, бұл әсіресе, көп этносты аймақтар үшін маңызды. Білім беру, әрине, этникалық ұлттар арасындағы шиеленістерді болдырмау мен шешудің кепілі бола алмайды, бірақ адамдардың өркениетті санасының қалыптасуына әсер етуге қабілетті. Этностардың даму ерекшеліктерін, мәдениетін, дәстүрлерін білуге негізделген білім беру арқылы этносты адам жаратылысының құнды факторы ретінде жекетұлғалық сезінуді дамытуға және мінез-құлықтың жекебасы таңдауын білім беру жүйесіндегі педагогтердің міндеті болып табылады.

Педагогикалық әдебиетте (Н.В.Кузьмина, А.Ф.Лазурский және басқалар мұғалімдер мінездемесі мен типтік топтамасын жасау әрекеттері бірнеше рет қолға алынды. Жекетұлғаны қарастыруда жүйелі ыңғай идеясына сүйене отырып, (К.А.Абулханова-

Славская, Б.Г. Ананьев, А.Г.Асмолов, А.Н:Леонтьев, және басқалар) [5,6,7,8], біз оның негізінде жаңа типті педагог-маманның жекетұлғасының мінездемесіндегі мазмұнды құрылымдық құрамаларын көрсетуді мүмкін деп есептедік.

1. Педагог – бұл мәдениет әлемінде өзін-өзі анықтауға қабілетті еркін жекетұлға, оған өзінің саналылығының жоғары деңгейі, жеке бас адамгершілігі сезімі, өзін-өзі тәрбиелеу, басқалардың пікірін сыйлаумен бірге, пікірлер тәуелсіздігі, рухани құндылықтар әлемінде бейімділікке және тұрақты және анық, белгілі шешімдер қабылдауға қабілеттілік, өз өмірлік қызметін, мінез-құлқын және өзінөзі дамыту тәсілдерінің мазмұнын еркін таңдауды іске асыруға, өз істеріне жауап беру қажеттілігі тән.

2. Педагог – бұл барлық тәрбие және бәрінен де бұрын адамға сүйіспеншілікпен және ізгі жүрекпен қарайтын, жанашырлыққа, мұқтаж болғандарға көмек көрсетуге қабілетті, әрбір адам өмірінің құндылығы мен қайталанбастығын түсінетін, олардың ұлтына, діни сеніміне, қоғамдағы жағдайына, жекетұлғалық қасиеттерге қарамастан барлық адамдарға шыдамдылық пен ақпейілділік көрсете білетін ізгілікті жекетұлға.

3. Педагог – бұл биік рухани қажеттіліктерді игерген, таным мен өзінөзі тануға, рефлексияға, сұлулыққа қажеттілігін қосқанда балалармен, табиғатпен, шығармашылық қарым-қатынас жасау, өз ішкі әлемінің автономиясымен ерекшеленетін, өмірдің мәнін, бақыттың, идеалдық мәнін іздеуге қажеттілікті сезінетін рухани бай жекетұлға.

4. Педагог – бұл диалектикалық ойлаушы, ескішілдікті қолдамайтын, қол жеткізген нәтижелерін місе тұтпайтын, тіпті егер олар нағыз тәжірибе талаптарына жауап береді, өмірлік қызметтің барлық салаларында шығармашылық көрсететін шығармашыл жекетұлға.

Аталған құрылымдық құрамалар танымдық /когнитивті/ мінездемелер жүйесімен толықтырылады, олардың қатарына біз: бүтіндік, адам мен қоғам, олардың байланыстары туралы, құрылымды түсініктерді; әлемнің және әлем өнерінің жаратылысты- ғылыми көрінісінің мәдени-тарихи және мәдениеттану негіздері туралы; сонымен бірге оқушылар жасына қарай олардың дамуы мен қалыптасу тәсілдері туралы; оқушылар жасына қарай қызмет тәсілдері мен білімдерді беруді қамтамасыз ететін ойлауды жасайтын оқыту-оқудың процестерін ұйымдастыру әдістемесі туралы; балалардың жекетұлғасын және басқаларды дамуына ықпал ететін, балалар өмірінің кеңістігін ұйымдастыру әдістемесі мен технологиясы туралы;

Ең соңында, жаңа типті маманды дайындау оның кәсіби қызметінің мазмұны мен құрылымының жүйелі талдауы негізінде іске асуы тиіс. Осы заманғы педагогикалық қызметтің тереңдетілген талдауы әлі енді қолға алынады, бірақ мұнда Н.В.Кузьмина, В.А. Сластин, В.С.Ильиннің [2,3,9], және басқалардың ілімдік еңбектерінде жасалған осындай ыңғайларды сақтау маңызды.

Біз әлеуметтік мәнді қасиеттердің бүкіл жүйесі және педагог-маманның кәсіби-жекетұлғалық қасиеттерінің дамығандығы мен пісіп-жетілгендігінің интегральді көрсеткіштері жекетұлғалық-шығармашыл қызметте білімдер, қызығушылықтар, нанымдар, тәсілдер, мінез-құлық нормалары, қызмет әдістері, әлеуметтік сезімдердің, қажеттіліктердің нәтижесі ретінде іске асатын мәдениет болуы керек. Кеңейтілген түрінде ол төмендегідей болып берілуі тиіс:

- танымдық қызмет үдерісінде дамитын және жасалатын жекетұлғаның дүниетанымы мен тілдің шеберлігін құрайтын білімдер мен қызығушылықтар жүйесі (танымдық және интеллектуальді белсенділіктен көрініс табады);
- жекетұлға мәдениетінің аксиологиялық қызметі, рефлексия және өзін-өзі тану барысында қызығушылықтар, өмірлік артықшылықтар, құндылықты бейімділіктер базасында жасалатын, дүниетанымдық деңгейін құрастыратын нанымдар жүйесі (жекетұлғаның идеялық қалпында көрініс табады);
- тәжірибені іске асыру мен жинақтау үдерісінде құрылымдар мен әлеуметтік қажеттіліктер базасында қалыптасатын тәжірибелік қызмет деңгейін құрайтын дағдылар

мен олардың негізінде дамыған қабілеттіліктер жүйесі (жемісті қызметте көрініс табады);

- өзін тәрбиелеу мен сөйлесудің әртүрлі формалары арқылы мінез-құлық принциптері мен мәдени үлгілер базасында қалыптасатын жекетұлға әлеуметтік мінез-құлқының іске асуы деңгейін құрайтын қызметті меңгеру тәсілдерін және мінез-құлықтың жеке нормалар жүйесі (жекетұлғаның шығармашыл белсенділігі мен мінез-құлықта көрініс табады);

- жекетұлға мінез-құлқы мен қызметтік уайымдаулар үдерістері құрамында қалыптасатын эмоциональді мәдениет деңгейін жасайтын әлеуметтік сезімдер жүйесі (эмоциональді белсенділікте іске асады);

- талдауға, өзін талдауға, жетілуге және өзін жетілдіруге қажеттіліктер жүйесі (өзіндік рефлексияда іске асырылады).

Жаңа типті маман-педагогтің мінездемесінде тағы бір қасиетті ескеру керек - Адам, Отан, Әлем, Сұлулық, Таным сияқты құндылықтарды жекетұлғалық ойлы меңгерудің негізінде – мәдениетті трансляциялауға дайындық. Осындай көзқараспен келісе отырып, құндылықты бейімділіктің, білімді меңгеру іргелілігі, мәдениетті трансляциялаудың әдістерін әмбебаптандыру, уақыт талабын шарттайтын маман-педагогтың дайындығының жаңа сапасының көрсеткіші.

Жоғарыда айтылғандар бізге маман-педагогтердің үш тобын бөліп көрсетуге конструктивті жақындауға мүмкіндік береді:

1. функцияларының шектеулі ауқымын және жұмыстың аналитикалық әдістерімен көбінесе аз көп салалы маман (негізінен репродуктивті қызметке дайын);
2. кешенді сипатты білімдері мен тәсілдері бар және көбінесе жұмыстың аналитикалық-синтетикалық әдістерімен көп салалы маман (репродуктивті – жемісті қызметке дайын);
3. білімдері де, тәсілдері де жан-жақты дайындығымен және көбінесе синтез әдісін пайдаланатын бейінді байланыстыру маман (шығармашылық қызметке дайын).

Қарастырылған бейімді мамандар дайындығы егер білім беру жүйесінде және оқытудың технологияларында елеулі өзгерістер жүретін болса ғана мүмкін. Бәрінен бұрын, ең озық және үміт күттіретін ретінде педагогтер дайындығының көп деңгейлі жүйесі туралы сөз Абдуллина Г.Т., Ахметова Г.К және басқалары өз ойланын білдіргенді [10,11]. Оның негізіне маманның жекетұлғалық-бейімделуші дайыныдығы идеясы қойылған. Оны біз жаңа типті маман дайындығының тиімді жасы және педагогикалық мектеп дамуының перспективалық бағыты ретінде қарастырамыз. Көпдеңгейлі жоғары педагогикалық білім беру жүйесінде жаңа білім беру парадигмасы – білім беру үздіксіздігі шынайы іске асқан.

Мамандар дайындығының көпдеңгейлі жүйесіне өту мативтері түрінде мыналарды ажыратуға болады:

- маман-педагогтерді кәсіби білім берудің алуан түрлі деңгейлері базасында ең қысқа цикл ішінде дайындауды талап ететін экономикалық және әлеуметтік мәдениетті жәйттер ерекшелігі;
- алынатын педагогикалық білімнің мазмұны мен деңгейін бірнеше рет таңдауды біріктіретін, жеке білім беру траекториялардың тұрғызылған мүмкіндіктеріне бейімделген үйренушілердің жеке сұраныстарын қанағаттандыру;
- дербес педагогикалық қызметін жалпы білім беретін мектеп типіне құруға қабілетті және оқытатын пәнін оқушыларды дамыту құралы түрінде пайдаланылатын педагогке тапсырыс беретін жалпы білім беретін мектеп қажеттіліктері;
- аймақтың жалпы білім беретін торап өзбетінше дамытуға және нақты мамандарға «тапсырыс портфелін» қалыптастыруға мүмкіндік беретін басқарушы құрылымдарды аймақтандыру мен орталықтандыру;
- педагогикалық процесті ұйымдастыру жағдайлары мен тәсілдерді, формулаларды анықтауға дербестікті қамтамасыз ететін ЖОО-ны демократияландыру процесі;
- жаңа типті маман дайындығының халықаралық тәжірибесін есепке алуды талап

ететін халықаралық білім беру кеңісітігіне Қазақстанның кіруі;

Таубаева Ш.Т., Сайлыбаев Б. пікірі бойынша [12,13] білім берудің кез-келген жүйесі тек егер, ол шынымен жемісті болса ғана, өмір сүруге құқылы. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, білім берудің көпдеңгейлі жүйесі дәл осындай болып табылады, өйткені: жекетұлғаның барынша дамуы үшін объективті жағдайлар жасауға; индивидте субъективті дайындалғандықты және өзін жетілдіруге үнемі қажеттілікті қалыптастыруға; әрбір жекетұлғаның әлеуметтік қорғалғандығын қамтамасыз етуге; жоғары білімді мамандардың санын көтеруге; ЖОО-дағы білімділік және машықтану дайындығының бүкіл кезеңі бойында мамандандыруды іске асыруға; оқытудың жекешелендірілуін және дифференцияландыру, мазмұнының ізгіліктенуін қамтамасыз етуге; тәжірибе қажеттіліктеріне тез жауап беру; студенттредің оқу қызметінің формалары мен құрылымын түрлендіруге; бақылау жүйесін дамытуға және т.с.с. мүмкіндік береді.

Білім беру құрылымы қажеттілікпен өзгерту оның мазмұнының жаңаруына алып келеді. Ол жаңару білімдердің интеграция, генерализация, формализация, ілімдер функцияларының күшейтілуінде, тәжірибе мен ілім арасындағы өзарабайланысты күшейту, және де оның әдістемесі мен әлеуметтік құндылықтарын ғылымның өзіндік сезінуін ерекше назарын білдіретін көтеру негізінде іске асырылуы керек.

Педагогикалық білім беру мазмұны жаңаруының айтылған жолдарын іске асыру оқу жоспарлары мен бағдарламаларының терең түзетілуін қалайды.

Мазмұнның жүйелі жаңаруының тетіктерінің бірі элективті білім беру болып табылады. Отандық жоғары мектеп тарихында элективті пәндер мен олардың циклдері алғаш рет іргелі, ізгілікті және кәсіби білімдер блогына маманның көпдеңгейлі дайындығына өтуге байланысты енгізілген. Элективтердің болуы жоо-да оқытудың формалары мен бағыттарын, бағдарламадан тыс дәрістер, оқытушыларды таңдаумен академиялық еркіндіктер көрінісі болып табылады.

Қорытындылай келе, жоғары педагогикалық білім берудің мазмұнын жаңарту туралы айтқанда, тағы бір жағдайды ескеру керек- жоғары деңгейдегі бағдарламалар дифференциялауға және базалық деңгейдегі бағдарламаларды унификациялауға сүйене отырып, іргелілікке, гумандыққа және кәсібилендіруге қол жеткізуге болады. Егер іргелілік оқу процесіне жоғары деңгейлі ортақтық ілімін енгізуді қарастырса, онда осыған байланысты педагогикалық жоолардың іргелі дайындығының сапасы мен көлемі әлемдік үлгілерге әлі де сәйкес келмейді, мұнда тек іргелі ғана маманның біліктілігі мен жұмылғандығының негізі болып табылады. Осының арқасында, ол өзіндік білім алуды табысты жүзеге асыруға, саналы түрде өз педагогикалық қызметін қайта құруға, білім беру саласында қызмет көрсетуден қоғамның қойған талаптарына жауап беруге мүмкіндік алады. Одан басқа білім беру іргелілігі маман дайындығын екілей басып озу шын алғы шарттарын жасайды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Абдуллин Э.Б. Метологический анализ проблем музыкальной педагогики в системе высшего образования. М. Прометей, 1990, 186 стр.

2. Кузмина Н.В Методы исследования педагогической деятельности. М, Педагогика, 1970, 114 стр.

3.Кузмина Н.В. Системный подход в педагогическомисследовании// Методология педагогических исследовании. М: НИИ ОП, 1980, с-105-108.

4. Лазурский А.Ф. Класификация личностей Л.Госиздат, 1924, 290 стр.

5. Абулханова-Славская К.А. Деятельность и психология личности. М, Наука, 1980, 335 стр.

6.Ананьев Б.Г. Избранные психологические труды: В 2-х т. М.Педагогика 1980, 156-159 стр.

7.Асмолов А.Г. Психология личности. М.МГУ, 1980,367 стр.

8.Леонтьев А.А. Педогогическое общение. М.Знание, 1979, 46 ст.

9.Сластин В.А, Ильин В.С. Перестройка высшего педагогического образования и формирование социально активности учителя. М. МГПИ 1987, 11-15 стр.

10.Абдуллина Г.Т. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің технологиялық даярлығы мазмұнын жобалаудың педагогикалық негіздері: филос. докт (PhD) ... дис. - Түркістан, 2013.-167 б.

11.Ахметова Г.К Образовательный идеал в теории и практике подготовки педагогических кадров. – Алматы: Қазақ университеті, 2000. – 124 с.

12.Таубаева Ш.Т. Педагогиканың философиясы және әдіснамасы: оқулық. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 360 б.

13.Сайлыбаев Б. Үздіксіз кәсіби-педагогикалық білім беру жүйесінде мұғалімдер даярлауды сабақтастықпен басқарудың ғылыми негіздері: пед ғыл. док. ...дис. - Түркістан, 2010. – 312 б.

ӘОЖ 81

ҰЛТТЫҚ КОД - ТІЛЕК-БАТА СӨЗДЕРДІҢ ҚАТЫСЫМДЫҚ СИПАТЫ

Шыныбекова А.С., ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор (доцент),
Жұмағали Қ. магистр, аға оқытушы
І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

e-mail: *aizhan1574@mail.ru ,khanysha.zhumagali@mail.ru*

Сөйлеу этикетін қолдану саласы қатынас үшін белгілі бір жағдаяттарда сөйлеу әдебінің нақты формаларын ұжым мүшелерінің қолдануына негізделген. Бір-біріне қарама-қарсы қойылған қандай да бір узустағы тыйым салу мен рұқсат ету, сөзсіз, осы қайшылықтардың мәдени құндылықтары тұрғысынан қатысты ғана беріледі. Жағдаятқа сәйкес емес сөйлеу этикеті формаларын қолдану қатынастың микроклиматының бұзылуына әкеліп соғады. Сөйлеу этикеті – кез-келген ұлттық мәдениеттің маңызды элементі болып саналады.

Тірек сөздер: *сөйлеу этикеті, қарым-қатынас,ұлттық код, тілек-бата, қазақ мәдениеті, мәдени құндылықтар .*

Область применения речевого этикета основана на использовании членами коллектива конкретных форм речевой этики в определенных ситуациях для общения. Запрет и разрешение в каком-либо узусе, противоположном друг другу, безусловно, дается только в отношении культурных ценностей этих противоречий. Применение не соответствующих ситуативных форм речевого этикета приводит к нарушению микроклимата общения. Речевой этикет является важным элементом любой национальной культуры.

Ключевые слова: *речевой этикет, общение, национальный код, пожелание-благословение, казахская культура, культурные ценности .*

The scope of application of speech etiquette is based on the use by members of the team of specific forms of speech etiquette in certain situations for communication. Prohibitions and permits in any usus, which are opposed to each other, are undoubtedly granted only in relation to the cultural values of these contradictions. The use of inappropriate forms of speech etiquette leads to a violation of the microclimate of communication. Speech etiquette is considered an important element of any national culture.

Key words: *speech etiquette, communication, national code, wish-blessing, Kazakh culture, cultural values.*

Бүгінде ұлтымыздың ұлттық құндылықтарын, ғасырдан ғасырға жеткен ұлттық байлығымызды зерделеу, қадірлеу, келер ұрпаққа мінсіз жеткізу - ұлы мақсат, міндетке айналды. Ұлттық байлығымыз, Ұлттық код – ана тілімізді ардақтау заманымыздың басты мәселесіне айналған. Кез-келген әдеби шығармалар көздеріндегі тұнып тұрған сөз байлығымызды, орасан зор сөздік қорды жас ұрпаққа жеткізу, ашып көрсету суреткерлердің көркем шығармалары , ондағы тілдік тұлғаларды таныту арқылы мүмкін, өйткені тіл әлеуметсіз өмір сүре алмайды.Бұл жағдай көркем әдебиет тілінің ішінде, әсіресе, драма тіліне де қатысты. Өйткені, драматургия тікелей әлеуметке бағытталатын, тілдік норманы толық қамтитын жанр.

Тілді антропо-бағдарланған зерттеудің маңызды кезеңдерінің бірі оны прагмалингвистикаға сәйкес зерттеу болды, қоғамның ғылыми санасы құрылымдық-формализацияланған тәсілдердің шектеулерін жеңіп, символдық жүйелердің аудармашысының, сөйлейтін және білетін адамның сөйлеу-ойлау және танымдық-танымдық іс-әрекеті процесінде рөлін түсінуге келді. Мәдени-тілдік жүйелерді зерттеудің негізін қалаған белгілердің жалпы теориясында тіл үш өлшемді: мазмұнды (семантикалық), формальды (құрылымдық) және функционалды (прагматикалық) ескере отырып, өзінің толық сипаттамасын алатындығы белгілі. Маңызды объектінің ақпараттық кеңістігін өлшеудің негізгі параметрлерін ұсына отырып, мазмұны, құрылымы мен қызметі тілді зерттеудің негізгі парадигмаларының қалыптасуын ғана емес, сонымен бірге оның өмір сүру саласын да анықтайды.

Семиотика, онда тіл әлемді бейнелейтін және құрастыратын белгі жүйесі ретінде қарастырылады, тілдің дамуы мен өмір сүруінің анықтайтын параметрлерін код-белгі жүйесі ретінде, ал адамның этномәдени аудармашы, осы жүйенің тасымалдаушысы және пайдаланушысы ретінде анықтайды және зерттейді. Белгілер теориясында ұлттық детерминистік қоғамның танымдық-мәдени кеңістігінде ақпаратты жинақтайтын және тарататын тіл кодтың функциясын сөйлеудің өзара әрекеттесуінің әртүрлі деңгейлеріндегі генеративті-түсіндіру процесінде шартты белгілер жүйесі ретінде алады. Белгі жүйесі ретінде Тіл ұлттың мәдени коды ретінде мәдениеттің өміршеңдігін, оның қалыптасуы мен жұмыс істеуін қамтамасыз етеді, оның ұлттық ерекшелігінің өмір сүруінің және сақталуының кепілі болып табылады, адамдардың тарихи қалыптасқан қоғамдастығының тілдік санасының олардың этноязыктық және ұлттық-мәдени бірегейлігі негізінде қалыптасуына ықпал етеді.

Осылайша, тіл категориялары мен процестерін оның кез-келген деңгейінде оның ұлттық-мәдени детерминизмін, әлеуметтік этникалық және геосаяси жағдайын ескерместен зерттеу жеткілікті сенімді және өкілдік деп санауға болмайды деп болжауға болады. Олардың мақсаты-әлемнің қазақ тіліндегі бейнесінің лингвомәдени компонентін қалыптастыру тетіктерін анықтауға және ұлттың мәдени кодының тілдік өкілдерін жүйелі сипаттауға бағытталған әр түрлі жанрдағы қазақ тіліндегі мәтіндерді жан-жақты талдау.

Кең әлеуметтік контекстегі сөйлеу коммуникациясының мәселелерін зерттейтін лингвистикалық прагматика өткен ғасырдың соңғы үштен бірінде лингвистикалық құбылыстарды талдаудағы дәстүрлі жүйелік-құрылымдық көзқарасқа қарағанда «іс-әрекеттегі тіл», «жағдайдағы тіл» зерттеулеріне сәйкес тіл білімінің саласы ретінде қалыптасты; оның негізгі постулаты - тіл фактілерін қызмет позициясынан зерттеуді қолға алып отыр. С.Моррис атап өткендей, прагматика коммуниканттарға олардың қарым-қатынас процесінде ықпал ету үшін тілді қолдануға қатысты болады [1]. Прагматиканың пайда болуы сөйлеу әрекетін зерттеумен, сөйлеу механизмдерін талдаумен, сөйлеудің әлеуметтік жақтарымен байланысты. Сонымен қатар, ол сөйлеушінің жеке басына және әрбір сөйлеушінің коммуникация процесіне енгізетін субъективті принципіне бағытталған.

Лингвопрагматиканың алғашқы тұжырымдамаларының пәнаралық сипаты оның «адам және тіл» мәселесінің дамуына қызығушылығын тек лингвистикалық, психолингвистикалық және социолингвистикалық емес, сонымен қатар әлеуметтік-тарихи, ұлттық-мәдени, этнографиялық және басқа факторларға анықтайды. Егер сөйлемді жіберушінің вербалды және вербалды емес тәсілдерді таңдауын анықтайтын сөйлеу әрекетінің негізгі буыны болса, онда бөлу дегеніміз коммуникация үшін қажет, өйткені айтылымдардың көмегімен адресат адресатқа әсер етеді, бөлу әсеріне ұмтылады.

Әдетте, сөйлеудің екі жақты әрекеті үшін минималды контекст-бұл "қарапайым өзара әрекеттесу" немесе интерактивті блокты құрайтын іс-әрекеттермен алмасудың бірыңғай актісі. Интерактивті блоктың әр бөлігі қарым-қатынасқа қатысушылардың бірінің жеке әрекеті болып табылады және бұл қозғалыс сөйлеу әрекетінің әрекеті бола алады. Бұл әсіресе драмалық шығарма жағдайында өте маңызды.

Драматургияны талдау арқылы, драмалық кейіпкерлер тілі арқылы лингвистикалық тұлғаның үлгісін алуға болады, олардың сөйлесімдері, сөйлеу актілері осындай талдау, зерттеулер үшін маңызды материал бола алады.

Коммуникативті-прагматикалық жағдайды талдау қарым-қатынастың сыртқы жағдайларын талдауды қамтиды: қарым-қатынастың орны мен орындары (олар әдетте пьесада экспозицияда немесе автордың ескертулерінде, кейде кейіпкердің дауысты ішкі сөйлеуінде, «сөйлеуді« шетке »деп атайды) беріледі), сөйлеу тақырыбы мен мақсаты , сөздік қатынасқа қатысушылардың әлеуметтік, этникалық және жеке ерекшеліктері; коммуниканттар арасындағы рөл және жеке қатынастар. Рөлдік қатынастар - бұл ұғымдарға қатысты жалпы термин: сөйлеу тәртібі, рөлдік күтулер, өзара түсіністік факторы. Сөйлеу әрекеті оның әлеуметтік детерминанттары тұрғысынан неғұрлым жалпы әлеуметтік жүйенің аясында қарастырылады. Вербалды коммуникация коммуниканттардың бірлескен қызметін реттеуге және үйлестіруге бағытталған әлеуметтік өзара әрекеттен және вербалды коммуникациядан тұрады. Ауызша коммуникация процесінде коммуниканттар бір уақытта әлеуметтік рөлдердің тасымалдаушысы ретінде де, жеке тұлға ретінде де әрекет етеді. Қоғамның әрбір мүшесі әлеуметтену процесінде қоғам мәдениетін игере отырып, табысты қарым-қатынасты жүзеге асыру үшін осы қоғамда қабылданған тілдік нормаларды, сөйлеу этикетін меңгереді.

Прагматикалық мазмұн (оның ішінде көркем шығарма) лингвистикалық құралдардың көмегімен жүзеге асырылады - мағыналық және синтаксистік, сонымен қатар автордың ескертулерінің көмегімен пьесада сипатталған ым-ишара, мимика, қалып және т.б. Осыған байланысты көркем мәтін макрокоммуникативті әрекеттің мысалы болып табылады, оның прагматикалық заряды басқа - гносеологиялық, микро-лингвистикалық, психологиялық - қасиеттермен байланысты органикалық белгілердің бірі болып саналады.

Көркем мәтіннің коммуникативті және прагматикалық аспектісі туралы айта отырып, көркем шығарманың мақсаты әрдайым нақты ақпаратты жеткізу ғана емес, сонымен бірге адресаттың ойына, сезімі мен эмоциясына әсер ету екенін ескеру қажет. Коммуникативті-прагматикалық аспект тілдік және сөйлеу құбылыстарының коммуникативтік және прагматикалық компоненттеріне де назар аударуды қажет етеді. Коммуникативті аспект тұтасымен қарым-қатынасты білдіреді, ал прагматикалық аспект сөйлеушімен, оның адресатымен, қарым-қатынас жағдайымен, тиісті бірліктерді қолданудың таңдауы мен мәнмәтінімен байланысты, белгілі бір сөйлеу әрекеттеріне әлеуметтік рұқсаттармен және тыйымдармен байланысты екендігін атап өту маңызды. Сонымен бірге, коммуникативті тәсіл тілдік бірліктердің қарым-қатынаста, яғни өмірлік мәселелерді шешу үшін ойлармен (және сезімдермен) алмасу процесінде серіктестердің коммуникативтік өзара әрекеттесуінде көрінетін қасиеттерін ашатындығы атап өтіледі. Мұнда халықаралық, әлеуметтік және басқа таза коммуникативті мағыналар өзекті болып табылады. Прагматикалық тәсіл тілдік бірліктердің маңызды компонентін ескеруді көздейді, бұл ең алдымен тілді коммуникация құралы ретінде қолданатын және

коммуникация жағдайын, сонымен қатар адресаттың әлеуметтік ерекшеліктерін ескере отырып өз таңдауын жасайтын жеке адаммен байланысты.

Сөйлесім әрекетінде сұхбаттасушыға белгілі бір ойларды, сезімдерді, мінез-құлықты ояту үшін оның әсер етуі үшін тілдік құралдарды саналы, мақсатты түрде таңдаумен байланысты аспект; прагматика сонымен қатар өзін сөйлеушінің өзін-өзі көрсету ниетінде, өз ойын, сезімін, мотивін жақсы білдіруге немесе жасыруға, бүркемелеуге деген ұмтылыста ашады, бұл сөйлеушінің әңгімелесушіге ықпал ету мақсатын да көрсетеді. Прагматика дегеніміз - лингвистикалық жұмыс пен қолданудың коммуникативтік жағын кең, табанды және дәйекті түрде түсіндіретін лингвистикалық теорияның саласы. Сонымен, біз прагматика байытылған контекстегі сөйлемді немесе айтылымды түсіндіру мәселелерімен айналысады деп айта аламыз, оған бұрынғы келісілген мәтін, қатынасқа қатысушылардың сенімдері мен үміттері, олардың қарым-қатынастары, өзара міндеттемелері, қолда бар білімнің жиынтығы және т.б.

Коммуникативті жағдайларда сөйлеушілердің тілді қолдануының бірыңғай принципі және сөйлеушілердің прагматикалық құзыреттілігі ретінде алға тарта отырып, прагматика риторика мен стилистика, коммуникативті синтаксис, сөйлеу мен сөйлеу әрекетінің теориясы мен типологиясы, коммуникация теориясы мен функционалдық стильдері, әлеуметтік лингвистика, психолингвистика, дискурс теориясы және т.с.с., олармен прагматиканың зерттеу қызығушылықтарының қиылысатын кең аймақтары бар. Сонымен, прагматика адамның тілде бекітілген лингвистикалық белгілерге қатынасына, сондай-ақ адресаттың сөйлеу әрекеттерінде қойылған мақсаттарға жетуіне көмектесетін мәтіндік айтылымдар жасау үшін ең қолайлы бірліктерді таңдауға бағытталған. Бұл үш бөлімді бөлуді Р.Карнап қолдады, ол былай деп жазды: «Егер зерттеуде сөйлеушіге немесе жалпы тілмен айтқанда, сол тілді қолданушыға нақты сілтеме жасалса, онда бұл прагматика саласына жатады. Егер біз оны қолданушылардан абстрактілі болсақ тіл және тек таңбаларды және олардың белгілерін талдайды.

Барша қауымның салт-дәстүрі, эстетикалық талғамы, әдеп нормалары уақыт бойынша өзгеріп отырған тарихи құбылыс. Олар тілде көрінеді және сөйлеу әдебінің арнайы ережелері ретінде сөйлеу этикетін анықтайды. Адам қатынасының әлеуметтік детерминациясы сөйлесім әр уақытта қайтадан пайда болады дегенді білдірмейді; олар «әлеуметтік мұраның» тәсілі ретінде мәдени дәстүр механизмі арқылы ұрпақтан-ұрпаққа беріледі». Мысалы, қонақ күту, оны қарсы алу, дастархан басындағы әңгіме тақырыбы, тамақ беру (сыйлы қонаққа берілетін ас түрлері) тағы басқа дәстүрлі этикеттер. «Этикеттік белгілердің саны шексіз, ол консерватизм мен тұрақтылық белгісіне қарамастан, қоғаммен бірге дамиды, біреуінің орнына біреуі келіп қосылып жатады»[2, 7].

Когнитивтік лингвомәдениеттанудың ең қызықты тақырыптарының бірі-тілдік менталитетті зерттеу, яғни ішкі және сыртқы әлемді қалай қабылдайтынымызды және құрылымдайтынымызды тілдік өзектендіру. Бұл зерттеулер біздің саналы және бейсаналықтың құпияларын ашуға, ана тілінің психикалық және психологиялық ерекшеліктерін анықтауға, олардың рухани әлеміне енуге көмектеседі. Бұл тарауда біз тілдік менталитеттің мадақтауда қалай көрінетінін және оны жазушылар белгілі бір әдеби образдар жасау үшін қалай қолданатынын қарастырамыз.

Көркем мәтінді құру барысында автор үш негізгі мәселені шешеді: сюжетті дамыту, образдар жасау, оқырманды өзінің әлем бейнесімен таныстыру. Сонымен қатар, олардың соңғысы және, мүмкін, ең бастысы, көбінесе Жаратушыны өз жұмысын бастауға мәжбүр етеді, көбінесе кейіпкерлердің кейіпкерлерін, олардың әлемге деген көзқарасын ашу арқылы жүзеге асырылады. Көркем мәтіннің мәдени және танымдық ерекшелігі-мәтіннің монологиялық және диалогтық фрагменттерінде ауызша өрнегін таба отырып, оның семантикалық және бейнелі мазмұнының күрделі архитектурасы. Когнитивті және прагматикалық лингвомәдениеттану тұрғысынан мәтіннің диалогтық үзінділерін талдау өте қызықты, онда автор кейіпкерлерінің аузымен әлемнің әртүрлі кейіпкерлері мен түрлі

суреттерін жасайды және олар арқылы әлемді қабылдау тұжырымдамасын, құндылықтар, бағалау және мағыналар шкаласын жанама түрде жаңартады. Бұл "автор — әдеби образ — оқырман" полилогиясы өте маңызды экспрессивті және әсерлі лингвистикалық-мәдени ақпаратқа ие және кейіпкерлердің кейіпкерлерін ашуға да, автордың позициясын түсінуге де ауызша код жасайды.

Ауызекі қатысым немесе тілдік қатынас адамдардың қоғамдағы әдебін қалыптастыратын маңызды поцесс болса, тіл олардың объективті дүниетанымының деңгейін көрсетеді. Осы тұста, Л.П.Якубинский сипаттаған әңгіме тақырыбына қатысты, тұрмысқа байланысты, әдеттегі қатысым жағдаяттарында жиі қайталанатын типтік фразалар біздің санамызда дайын тұрады. Мәселен, Қал-жағдайыңыз қалай? – Шүкір, жақсы; Мерекеңізбен, мейрамыңыз құтты болсын! – Рахмет; Нәрестенің бауы берік болсын! – Айтқаныңыз келсінІ секілді жалпылама типтік фразалар стереотиптердің нақты тобын, тұрақты сөйлеу формулаларын құрай отырып, адамдар арасындағы қарым-қатынастың орнауына қызмет етеді. Коммуниканттар осы формулалардың көмегімен ынтымақтастықтың белгілі ережелеріне сүйенетін жоғары мәдени деңгейлі, сәтті қатысым қалыптастырады. Бұл тұрақты формулалар сөйлеу этикеті бірліктерінің микрожүйесін құрайды. Сөйлеу этикетін нақты тілдік құбылыс деп жүйелеп зерттеуге арналған еңбектердің бары сөзсіз. Қазақстандық ғалымдар мен зерттеушілер де бұл мәселені назардан тыс қалдырған емес.

Эмоциялық пен бағалауыштық қызмет диалог арқылы емес, монолог арқылы жүзеге асады. Осы орайда тілек-батаның әсер туғызушы қызметі де бүтіндей мәтін ретінде прагматикалық аспектіні құрастырады. Мысалы:

Е, құдайым оңдасын,
Қыдыр келіп қолдасын.
Бас аман, мал түгел болып,
Береке бірлік орнасын!

Қазақтың дүниетанымындағы бата сөздер ежелден келе жатқан ұлы мұра, ұлттық құндылық. Бата сөздерде сан ғасырлардағы халықтың арман, тілегі, келешегі жатыр. Барша бата сөздерде бата берушінің эмоциялық көңіл-күйі, жақсылыққа итермелеген әрекеттері бар. Бар ықыласымен, шын ниетімен еліне, ұрпағына жан ашыған батагөйлердің жүректен шыққан жанды сөзінде суггестиялық сипат басым болады. «Баталардың прагматикалық бағыты риза болу, сүйіну, көңіл білдіру, ықылас таныпу, қуану сияқты көңіл күйлермен ұштасып жатса, қарғыстарда табалау, сөгіс білдіру, жақтырмау, мұқату сезімдері қабат келіп жатады. Мұндай эмоцияға толы сөздедің адам психикасына әсері мол» [3,85].

Келтірілген мысалдардан байқағанымыздай, кез-келген қазақ тілінде сөйлеуші бұл жауаптардың түпкі семантикалық пресуппозиясын айқындай алады. Қазақ сөйлеу тіліне тән импликатуралар арқылы адресат стимулдың иллокуциясын қалай қабылдағанын, яғни, стимул бойындағы реактивті тапсырмамен келісетінін не келіспейтінін, болмаса оны растайтынын не қарсы келетінін көрсетеді. Мұндай жауаптар стимул интенциясымен ұтымды үйлесіп, коммуниканттар арасында түсіністік орнатуға қызмет етеді. Өйткені олар тыңдаушы санасында түбегейлі орнығады. Осындай тілде бар дайын жауаптар қандай сөйлеу жағдаятында жұмсалса да, өздерінің иллокутивті қызметін орындайды. Мысалы төмендегі стимул-репликаларға бағытталатын дайын жауаптардың ерекше түрлері бар:

Армысыз, әз аға! Асыл аға!
Бар бол, немен жүрсің, жарқыным?-11 бет. ҚП.
Жолдарың болсын!
Айтсын.-33 бет. ҚП.

Ассалаумағалайкум, Балта аға! Келдіңдер ме кешікпей..

Балта. Ақанбысың, әліксалам... Аманбысың жарқыным (Құшақтасып амандасады). 130 бет ҚП.

Амансың ба Қарауылдың қалың елі!
Хош келдің ардакеріміз!
Хош келдің Ақан жан!-154. ҚП.

Көбеймісің, жарқыным? Аз ауыл Тобықтың не күйде? Елің, ерің аман ба, ұлдарым?
Ел тыныш, ер аман, баба!-8 бет.ҚП.
Тойың құтты болсын, шалым!
Айтсын, шырағым.-148 бет .ҚП.
Күйлі, қуаттымысыңдар, шешелерім!
Шүкір, қарағым...181 бет.ҚП.
Тәуір, тыйышсыз ба, шешей?

Құдай ісі, ақыры қайырлы болсын! Қалғандарыңа ұмыр берсін! 8 бет.С.Ж.
Ал, қарақтарым, таныса отырайық, қай баласыңдар? Жол болсын!
Әли болсын! Төменгі елге бара жатыр ек.

Жолдан әдейі бұрылып, марқұмның орнына құран оқып шығайық деп келдік. 9 бет.С.Ж.
Есенсің бе, қарағым!
Амансыз ба.-84 бет.С.Ж.

Қалай, ақсақал? Немереңіз үйлену тойына шақырту билетін жіберем дегелі көңіл күйіңіз жақсарды-ау деймін?
Жақсардым ғой. Мына кісі кім?- 37 бет. С.Ж.

Бата берушінің тілек сөздерін, осындай сөйлесімдерді бұрыннан білетіні, оны қабылдауға дайын екендігі айқын. Бата беріледі дегенде адресат оны әрдайым қабылдауға дайын тұратыны да заңды құбылыс. «Қазақ баталары халық дүниетанымына сай негізделген рухани байытушы мәтін болғандықтан, бата деп аталғаннан-ақ не айтылатыны және қалай айтылатыны нақты болмаса да әр қазақтың ұғымында бата мәтіннің прагматикалық формасы қалыптасады. «Бата» атауынан-ақ жақсылықтың нышаны елес беріп, жүрекке жылылық ұялатады» [385].

Тілек-бата туралы С.Негимов «Ақ бата» (1992), М.Еламжанов «Баталар» (1998), Қ.Ысқақов «Ақ бата» (2000), Н.Уәлиұлы «Бата-тілектер» (2003) өз еңбектерінде талдап айтқан. З.Б. Үмбеталина, Г.Смағұлова, С.Төлекова, С.Кенжеахметұлы, Н.Өсерұлы және т.б. этнограф ғалымдар осы бата, тілек сөздер турасында зерделеп, өз тұжырымдарын айтқан болатын.

«Бата-тілек айту жағдайындағы сөйлеу актісінде суггестор суггерендтен басым түсе отырып, белгілі бір мақсатқа сай әрекет етеді. Суггестиялау арқылы прагматикаилық дәрежеге жету қатысымға қатысушылардың коммуникативтік жағдаятты психологиялық қабылдай алумен қатар, олардың арасында өзара түсінушілік, коммуникативті және лингвистикалық құзіреті мен тілдік қатынас ұғымдарын ұға алатын қазақ ұл өкілі болуы қажет. Бұл тілек-батаның әрекет уақытында пайда болатын сөйлеу түрі емес, ситуация кезінде тек дайын түрде қолданысқа түсетін сөйлеу түрі екендігін танытады»[3,41].

Халықтың ауыз әдебиетінде, көркем шығармаларында жиі кездесетін бұл сөйлесімнің дайын формасы монолог түрінде беріледі, мұнда адресаттың адресантқа деген ыстық ықыласы, ізгілікке итермелеген әрекеттері сөйлеумен беріледі. Мұнда көтеріңкі күй басым, өйткені жүректен шыққан сөзді жүрекке жеткізу үшін сезім қажет. Сондықтан да бата беру кезеңіндегі психологиялық жағдайды ғалым А. Ж.Машимбаева бірнеше топқа бөліп қарастырған. «Олар:

а) бата беруге дайындық. Мұнда батагөй жалпы ортамен коммуикативтік қатынасқа түсіп, ықпал күшін арттыру үшін ең алдымен адамның ойлау қабілетінің жылдамдығы жоғары болу қажет;

ә) сөйлесімді қалыптастыру. Бата беру үшін әртүрлі әдіспен қатесіз, дәл мағынада, анық етіп, керекті батаға тән тіркестерді қолдану қажет;

б) батаның тұтастықта сыртқа шығуы. Сөздің дыбыстық жағынан анық болып,

интонация бірліктері арқылы ойлаудың сөйлеуге айналуы, бата беру сәтіндегі ортаны ұйытуы немесе эмоцияға берілуі;

в) батаның қабылдануы;

г) түсінісу. Бұл жағдай батагөйде вербалды, бата алушыда бейвербалды көрініс табады. Негізгі мақсаты бата алушының ойына кей жағдайда әсер етуі» [3].

Қазақ халқында аса сыйлы ауыл ақсақалдары, ардақты аналар даналық ойларын, тілектерін осы айрықша сөйлеу дәстүрі болып саналатын бата арқылы жеткізіп отырған. «Бата – біреуге алғыс бергенде айтылатын сөз. Батаны ақсақал адамдар айтады. Батагөй шалдар – басы бар табақты тартуға алып келгенде, жеп болғанда бата қылады» деп айтқан болатын А.Байтұрсынов өз еңбегінде. Яғни батаны тек жоғары интеллект иесі, данышпан, дана адам ғана айта алған. Екі адресанттың да әлеуметтік мәртебелері жоғары кейіпкерлер. Келтірілген мысалда даланың батыл да батыр ұлы Кебекке Абыз бабаның берген батасы:

Кебек. Бағымды ашсын, батаңды бер, әз аға... Ақбас құндыз алдымды ашсын, бата бер.

Абыз.
Адалдан бер, ақтан бер!
Бәлекетін жатқа бер,
Ер маңдайын баққа бер!
Абырой асар жаққа бер!
Қара түндей қазаны
Қас ойлаған жаққа бер!
Сөнбес күндей шат көңіл
Жазығы жоқ жасқа бер!
Адал жолды аққа бер
Мерейі асқан өренім
Кебек сынды таққа бер!-12-13 бет. ҚП:

Байқап отырғанымыздай, бата атауының өзінен-ақ прагматикалық құбылысты байқаймыз. Өйткені бата қарым-қатынастың түрлі бағыттары айқындайды.

Қарастырылған мысалдарда сөйлеушінің статусы, қызметтік дәрежесі –жоғары болғанымен, адами қатынас бойынша одан да жоғары есептелетін қатынас бар, ол қатынас дана мен әлеуметттік қарым-қатынас, осы жағдайды алсақ, адресант пен адресат. Сөйлесімнің басынан бастап аяғына дейін сыпайылық принциптері сақталынған, сөйлеу этикетінің элементтері қолданылған. Бұл құбылыс адресаттардың жоғары интеллектуалдық дәрежесін де, статустық дәрежесін де байқатады. Және де бата айтылатын сөйлесімде сөйлеу конвенциясының шынайылық белгісі де сақталынған, яғни сөйлеуші тыңдаушысының іс-әрекетіне, әдеп-мінездеріне, әдеп ережесінің нормасына сәйкес келмейтін – жағымпаздану мақсатында емес, өмірде бар шынайы фактілерді констатациялай отырып, коммуникативтік шынайы интенциялық дәрежеде берген. Мұнда біз қолданылған тілдік құралдар арқылы бата айтып отырған адресанттың ғана емес, автордың да образын байқаймыз. Бата, тілек сөздерді коммуникативтік сәтті қатынас деп бағалауға болады. Сөйлеуші баға бере отырып, өзінің субьективтік ойына ғана емес, жақсы, жаман туралы қоғамда қабылданған түсініктерге де сүйенетінін айтып өткен дұрыс. Референттік жағдаятқа қатыспайтын адамның тәртібі бағаланатын сөйлесімдер де қарастырылатын мысалдар бар. Бұл – қатынастың канондық емес жағдаятында қолданылған тілек, бата сөйлесімдері.

Мұндай жалпыланған сентенциядағы сөйлесімдерді тілек сөзге жатқызуға болмайды, өйткені мұнда тыйым салу мен бұйырудың белгілері бар. Қатынастың симметриялық жағдаятында автордың образы өзінің коммуникативтік мақсатын ашық тауып, тура баға, әсіресе, негативиі баға беру де кездеседі. Тілек, бата сөздер секіді сөйлесімдік актілерінде зерттеушілер адресаттардың бірнеше түрлерін: жалғыз, ұжымдық, бұқаралық және квзиадресатты бөліп алған. Бұл аталған адресаттардың барлығы бұл

сөйлесімдерде кездесе бермейді. Тікелей қатынас жасау шартында иерархия бойынша автордан төмен, бірақ жоғары емес жалғыз адресаттың болуы үнемі кездесетін құбылыс. Ұжымдық адресат та тікелей қатынас кезінде жиі ұшырасады, алайда аталған мысалдардае көріп отырғанымыздай, мұндай сөйлесімдердің мазмұны мен формасына белгілі бір шектеулер болады.

Ғасырдан ғасырға берілген - бата сөздер мен тілек сөздер мәдени мұра ретінде жалғасып келе жатқан ұлттық құндылығымыз. Қазақ әрқашан өз әдет-ғұрпын, дәстүрін берік ұстанған халық. Бата-тілек жас ұрпақты тәрбиелеу құралы ретінде ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатыны сөзсіз. Ұлтымыз ежелден бері сөздің құдіретті күшіне деген мызғымас сеніммен өмір сүріп келеді. Осы нанымнан «бата алу» рәсімі - бата пайда болған. Ежелден бері адамдар адал және әділ адамның мейірімді және шынайы тілектерінің арқасында өз мақсаттарыңыз бен тілектеріңізге қол жеткізе аласыз деп сенген. Және олар ең құрметті және құрметті ақсақалдан бата алуды абырой деп санаған.

Қоғамның әрбір мүшесі әлеуметтену процесінде мәдениетті игере отырып, табысты қарым-қатынасты жүзеге асыру үшін осы қоғамда қабылданған тілдік нормаларды да меңгереді. Бата сөздер адресанттарға жақсы ой салады, санасына игі істерді жасауға шақырады. Эмоциялық көтеріңкі көңіл күймен айтылған сөйлесімдер астарында әрекетке итермелеу, жақсылыққа жетелеу де бар. Бата тілек сөздерде ұрпағын ізгілікке шақырған, жақсылыққа итермелеген прагматикалық сипатының маңызы зор.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Формановская Н.И. Речевой этикет и культура общения. М.: Высшая школа, 2002.-456 с.
2. Киселева Л.А. Вопросы теории речевого воздействия. Л., 1978.
3. Клюев Е.В. Речевя коммуникация. – М.,Рипол Класик,2002. - 316 с.
4. Машимбаева А.Ж.. Тілек-бата сөздерінің суггестиясы мен прагматикасы. Алматы, 2009. -124 б.
5. Уахатов Б. Қазақтың халық өлеңдері. Алматы: Ғылым, 1974. 285 б.
6. Смағұлова Г. Мәтін лингвистикасы: Оқу құралы. Алматы.: Қазақ университеті, 2002. 112б.
7. Болғанбаев Ә.. Қазақ тіліндегі алғыс және қарғыс мәнді тұрақты тіркестер. Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясы мәселелері. Алматы, 1960, 233 бет.

ӘОЖ 94 (574)

ҚАЗАҚ ЭТНОГЕНЕЗІНІҢ АЛТЫН ОРДАЛЫҚ КЕЗЕҢІНЕ СИПАТТАМА

Кәрібаев Б.Б. т.ғ.д., профессор
ҚР ҰҒА академигі, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ.

E-mail: *kaztar@kaznu.kz*

Мақалада XIII-XY ғғ. Шығыс Дешті қыпшақ аумағында қазақ этногенезі үдерістері мәселелері қарастырылады. Сондай-ақ, бұл үдеріске Алтын Орда мемлекетінің ықпалы жан-жақты ашып көрсетілді.

Тірек сөздер: *Алтын Орда, Ақ Орда, этногенез, әмір, бек, қазақ, көшпелі өзбек*

В статье рассматриваются проблемы процесса этногенеза казахов Восточного Дешт-и кипчакского региона. Также глубоко анализируется всестороннее, всеобъемляющее влияние Золотой Орды на эти процессы.

Ключевые слова: *Золотая Орда, Белая Орда, этногенез, эмир, бек, казах, кочевой узбек.*

XIII-XV centuries. The problems of Kazakh ethnogenesis processes in the territory of eastern Deshti Kipchak are considered. In addition, the influence of the Golden Horde State on this process is fully revealed.

Key words: *Altyn Orda, Ak Orda, ethnogenesis, Amir, Bek, Kazakh, nomadic Uzbek*

Еліміздің тарих ғылымында қазақ этногенезінің басталуы кем дегенде қола дәуірінен басталады деген ғылыми тұжырым берік орныққан. Сол қола дәуірінен қазақ этносының тарих төріне көтеріліп, көршілес елдерге танымал болған XV ғасырға дейінгі үш мың жылдық тарихи дәуір – қазақ этносының қалыптасу жолы делінеді де, ол өз ішінде ірі-ірі бірнеше кезеңдерге бөлінеді. Олар – қола дәуіріндегі этникалық кезең, скиф-сақ дәуіріндегі, ғүн-үйсін дәуіріндегі, түрік дәуіріндегі, оғыз-қыпшақ дәуіріндегі және Алтын Орда мен Ақ Орда дәуірлеріндегі этникалық кезеңдер деп аталады. Соңғы кезең уақыт жағынан алғанда XIII ғасырдың басы мен XV ғасырдың ортасы аралықтарын қамтиды.

Этникалық үдерістердің даму барысы өз кезеңіндегі тарихи даму барысымен тікелей байланысты және оны жалпы тарихи дамудан бөліп қарау мүмкін емес. Тарихи дамулардағы барлық факторлар этникалық үдерістерге өз ықпалдарын тигізіп отырады. Кей жағдайларда оның дамуына қолайлы жағдайлар жасаса, кейде оны уақытша болса да тежейді. Бірақ үдерісті тоқтата алмайды. XIII ғасыр басындағы моңғол жаулап алуы қазақ тарихында жаңа бір дәуірді – Алтын Орда дәуірін қалыптастырды. Осы дәуірдің алғашқы кезеңіндегі Жошы Ұлысында, одан кейінгі Алтын Ордада болған барлық тарихи жағдайлар этникалық үдерістерге де өз әсерін тигізеді. Алтын Орда хандарының жергілікті тұрғындарға қатысты жүргізген саясаты, тіл мен дін, дәстүр, шаруашылық және тағы басқа көптеген факторлар әр түрлі дәрежеде біз қарастырып отырған мәселеге ықпал етеді. Бұлардың әрқайсысы жеке талдауды, қарастыруды қажет етеді. Сол себепті де біз бұл жұмысымызда көрсетілген мәселелердің бәрін қарастырмай, тек осы дәуірдегі, яғни қазақ халқының қалыптасу кезеңіндегі Алтын Орда дәуірінде жүзеге асқан қыпшақтану үдерісінің барысына тоқталмақшымыз.

Алтын Орда дәуіріндегі этникалық дамулардың ең басты көрінісіне, оның заңды қорытындысына - моңғолдық этноэлементтердің қыпшақтануы процесінің жүруі мен оның аяқталуы жатады. Хандар саясаты, шаруашылықтың дамуы, қыпшақ тілі мен ислам дінінің ықпалдары, мәдениеттің дамуы секілді факторлар қыпшақтану үдерісіне қолайлы жағдайлар жасайды. Осы үдерістің нәтижесінде Алтын Орда аумағында жаңа этноқауымдастық дүниеге келеді. Ол этноқауымдастықтың «өзбек» деп аталғандығын жазба дерек мәліметтері дәлелдейді.

Дешті Қыпшақ аумағында XIV-XV ғасырлардағы болған этносаяси дамулар барысы өзбек этноқауымдастығынан «көшпелі өзбектер» атты этнобірлестікті дүниеге келгенін көрсетсе, ал одан өз кезегінде XV ғасырдың ортасында жеке халық ретінде қазақ этносы бөлініп шығады. Қазақ этносының тарих мінберіне көтерілуі Қазақстан аумағындағы бірнеше мың жылға созылған этногенездің өз мәресіне жеткендігін көрсетеді. Осыған байланысты біз төменде қазақ халқының этногенезіндегі соңғы кезеңге, яғни алтынордалық кезеңге тоқталып, оның негізгі бағыттарына сипаттамалар беруді мақсат етіп отырмыз.

Алтын Орда тарихында Өзбек ханның билігі тұсы (1312-1341) саяси тарих тұрғысынан алып қарағанда бір орталыққа бағындырылған мемлекеттік жүйенің құрылуымен, Жошы Ұлысы – Алтын Орданың орта ғасырлардағы ірі мемлекетке айналуымен ерекшеленсе, ал этникалық даму тұрғысынан қарағанда, XIV ғасырдың алғашқы жартысы мен ортасы, жалпы этногенез барысындағы кезекті бір этникалық кезеңнің аяқталып, жаңа этникалық кезеңнің басталғандығын көрсетеді. Жошы Ұлысы

құрылған тұста оның аумағындағы жергілікті қыпшақтар тайпалары және жаулап алу барысында Моңғолия аумағынан қоныс аударған түрік тілдес, моңғол тектес тайпалар Дешті Қыпшақтың этникалық келбеті мен бет-бейнесіне біршама өзгерістер әкеледі. Бірақта қыпшақтану үдерісі сырттан енген этноэлементтерді бір ғасырдан астам уақыт бойы бойына сіңіріп, этникалық негізі қыпшақтық болған жаңа этноқауымдастықты дүниеге келтіреді. Ол этноқауымдастық – «өзбек» деген атауға ие.

Алдымен, өзбек сөзінің түп-төркіні мен мәніне тоқталсақ. Атаудың «өз» және «бек» деген қос сөзден құралып тұрғандығы және ол екеуінің де түрік сөзі екендігі ешкімге дау тудырмайды. Г. Вамбери «өзбек» сөзінің тікелей мағынасын «дербес», «өзіне-өзі қожайын» деп аударады [1, 2 б.]. «Бұл сөз ежелгі венгерлерде дәреже немесе атақ мағынасында қолданылады. Және ол 1150 жылға жататын құжаттарда кездеседі», - деп түсініктеме береді Г. Вамбери [1, 2 б.]. Соған қарап біз, өзбек сөзінің түп-төркіні түріктік және әлеуметтік мәні болып, ал мағынасы бойынша өз дербестігін белгілі бір дәрежеде сақтаған, әлеуметтік жіктелістің жоғарғы деңгейіндегі адамдарға қатысты қолданылған деп есептейміз. Біздің ойымызша, бұл – өзбек сөзінің ең алғашқы мәні мен мағынасы.

Өзбек сөзінің келесі мәні мен мағынасы оның ер адамға берілетін есім екендігін білдіреді. Жазба деректерден Алтын Орда ханы Өзбекке дейін де, одан кейін де Өзбек есімді кісі есімдерін кездестіреміз. Ибн ал-Асир, Ан-Нисави, Рашид ад-дин еңбектерінде 1210-1225 жылдары Әзірбайжан атабегі Өзбек ибн Мұхаммед, 1197-1198 жылғы Балх қаласының билеушісі Узбех, Мұхаммед Хорезмшахтың қолбасшыларының бірі Өзбек (Өзбектай), Жошының немересі, Мингкадардың ұлы – Өзбек атты есімдер жиі ұшырасады [2, 368 б.; 377 б.; 390 б.; 3, 69 б.; 4, 85 б.; 5, 159 б.; 169 б.; 6, 76 б.; 7, 144 б.].

Ал XV-XVI ғасырларда өмір сүрген белгілі тарихи тұлғалар арасында да Өзбек есімді кісі есімдері кездеседі [8, 41 б.; 9, 248 б.]. Кез келген атау белгілі бір ұғымды білдірсе, ұғымның өзі объектілердің ішкі және сыртқы қасиеттерінен тұрады. Ұғымды қалыптастыратын қасиеттердің бірі немесе бірнешеуі өзгерсе, жойылса, онда ұғым да өзгеріске ұшырап, мәні мен мазмұнға әсер етеді, ал атау сақталынып қала беруі мүмкін. Біз осындай мән мен мазмұндағы өзгерістерді Өзбек атауынан байқаймыз. Оның алғашқы әлеуметтік мәні өзгеріп, кісі есімін білдіретін мәнге ауысса, Алтын Орда ханы Өзбектің жүргізген саясатына, оның жеке басындағы қасиеттеріне байланысты, Алтын Орданың рухани өмірінде ол жүргізген түбегейлі өзгерістерге байланысты Өзбек есімі басқа мәнге, жинақтаушы саяси-этникалық мәнге ауыса бастайды.

Өзбек ханның Алтын Ордадағы 30 жылдық билігі тұсында ірі-ірі, терең мәні бар бірнеше түбегейлі өзгерістер жүзеге асырылады. Оның біріншісіне – мемлекетті басқару жүйесінің реттеліп, бір орталықтан басқарылатын құрылымның пайда болуы жатады. Өзбек ханның саясатына қорытынды берген М.Г. Сафаргалиев ол туралы: «Өзбек хан тұсында мемлекеттік басқарудың орталықтануына байланысты жергілікті жерлердегі билік органдары да ретке келтіріледі. Алғашында Алтын Орданың қалыптасуы кезеңінде биліктің орталықсызданuы жүрді, мемлекетті Батыйдың інілері бөліп алып, әрбір ұлысты басқарған адам өздерін жартылай мемлекет басшысы ретінде дербес сезініп, өз ұлысын жеке дара басқарды. Енді бір орталықтан басқару жүйесі енгізілгеннен кейін бұрынғы ұлыстар облыстарға айналдырылып, оларды әмірлер басқарды... Алтын Орданың саяси дамуының алғашқы жүз жылын қорытындылай келе, Батый тұсындағы қарапайым ғана мемлекеттік құрылым Өзбек хан тұсында орта ғасырлық ірі мемлекетке айналды деп айтуға болады»,- деп жазады [10, 340-341 бб.].

Тарихшының бұл айтқан қорытындысы Жошы Ұлысының оң және сол қанаттарына бірдей қатысты. Жошы Ұлысының сол қанаты, ол – Шығыс Дешті Қыпшақ аумағы екені белгілі. Парсы тарихшысы Муин ад-дин Натанзи Жошы Ұлысының сол қанаттағы билеушісі Ерзен хан туралы «Өзбек ханның жарлығы бойынша ол әкесінен кейін оның орнына келді, ... ол Өзбек ханға бағынуды, оған құлақ асуды қатты ұстады», - деген мәліметі осыны дәлелдейді [11, 129 б.]. Биліктің орталықтанып, жергілікті билік органдарының

ретке келтірілуі – Алтын Ордада да ортақ саяси-құқықтық кеңістікті қалыптастырады. Бұл Өзбек ханның Алтын Орданың саяси өміріндегі бірінші жүзеге асырған ірі көлемдегі реформасы болса, екіншісіне - оның рухани өмірінде жасаған түбегейлі өзгерісі жатты. Басқаша айтқанда, Өзбек ханның ислам дінінің қарсыластарын жойып, оны мемлекеттің ресми дініне айналдыруы – қалың көпшілік тарапынан қолдау табады да, бүкіл Алтын Орда аумағында саяси-құқықтық кеңістік секілді ортақ рухани кеңістікті қалыптастырады. Бұл жолда Өзбек ханды қолдаушылар - әмірлер, бектер, дін басылары, қолбасылар және тағы басқалары ру-тайпасына, әлеуметтік орнына, кәсібіне қарамастан, Өзбек ханның жақтастары, қолдаушылары болды да, олардың бәрі ортақ атаумен «өзбектер» деп атала бастаған. Осылайша, өзбек атауы жаңа мәнге ие бола бастайды. Ол – жинақтаушы саяси мән болатын. Осы жинақтаушы саяси мәнде өзбек атауы ең алғаш рет 1336 жылғы оқиғаларға байланысты жазба деректе қолданылады. Парсы тарихшысы Хамдаллах Казвини (1281 жылы шамасында туылып, 1350 жылы қайтыс болған) Өзбек хан бастаған Алтын Орда әскерінің Иранға қарсы жорығын жаза отырып, бір жерде Өзбек ханның әскерлерін өзбектер (узбекиян) деп, ал мемлекетін Мамлякат-и-узбеки - Өзбек мемлекеті деп атайды [12, 93 б.]. Ал оның ұлы Зайн ад-дин Казвини әкесінің шығармасын жалғастыру барысында Алтын Ордаға қатысты Өзбек ұлысы (улус-и Узбеки) деген терминді қолданады [12, 97 б.].

Терминнің қағаз бетіне түскен жылы – 1336 жыл, Өзбек ханның Алтын Орда тағында отырғанына – 23, исламды ресми дін етіп жариялағанына – 15 жыл болған кез. Осы жылдар ішінде Өзбек ханның барлық бағыттағы жүргізіп отырған саясаты өз нәтижесін беріп, оның атақ-даңқы мен абырой-беделі ең шарықтау шегіне жетеді. Бұл жағдай Алтын Орданың көршілеріне де белгілі болады. Әсіресе, ол Алтын Орданың басты қарсыласы Иранға өте белгілі болса керек. Ирандықтар Алтын Орданың күшеюі мен нығаюын, ондағы барлық оң өзгерістердің бәрін Өзбек ханның есімімен байланыстырып, Алтын Орданы - Өзбектің елі, мемлекеті деп, ал Алтын Орда тұрғындарын жалпылама жиынтық атаумен - өзбектер деп атай бастайды.

Өзбек ханның тұсында саяси-құқықтық және рухани кеңістіктің бүкіл Алтын Ордаға ортақ болуы «өзбек» атауын да оның барлық тұрғындарына ортақ етеді. Жошы Ұлысының шығыс бөлігіндегі немесе сол қанатындағы Ақ Орданың тайпалары да жиынтық саяси-этникалық мәндегі өзбек атауымен аталады. Парсы авторлары өзбек атауын енгізгеннен кейін бұрынғы қыпшақ атауы жойылып кеткен деген ой тумауы керек. XIV ғасырдың ортасында, екінші жартысында және соңында араб авторлары Алтын Орда тұрғындарына қатысты қыпшақ терминін өзбек атауымен қатар қолдануды жалғастыра береді.

Тарихшы Абдараззак Самарқанди (1413-1482) өз еңбегінде Шығыс Дешті Қыпшақтың барлық тұрғындарын жалпылама атаумен «өзбектер», елін – «өзбектер елі», «Өзбек ұлысы», ал билеушілерін – «Өзбек елінің патшасы» деп жиі атайды. 1409-1410 жылы Шахрухқа «Дешті Қыпшақ пен өзбек еліндегі билікті иеленуші Болат ханның, Едіге әмірдің және Иса әмірдің елшілері келді», 1410-1411 жылы «Өзбек елі мен Дешті Қыпшақтан әмір Едіге-бahадүр келді...», 1410 жылы «өзбектер аймағындағы әмір Едігеге барған тавачи Абан қайтып оралды», 1416 жылы «Шахрух Фарс өңірінен Хорасанға оралды... Өзбек ұлысынан Ходжа-Лаканың ұлдары қашып кетіп, Өзбек ұлысында бүліншіліктердің болып жатқандығын жеткізді», 1420 жылы «Өзбек Ұлысынынан қашқан Барақ оғлан, Ұлықбек мырзаның сарайына келіп пана тұтты», 1421/1422 жылы «Дешті Қыпшақтан Өзбек елінің патшасы Мұхаммед ханнан Әлім шейх оғлан мен Болат келді...», 1422/1423 жылы «осы кезде Хорезмнен әмір Шахмеликтің нөкері келіп, Барақ оғланның Мұхаммед хан ордасын басып алғандығын және Өзбек ұлысының көп бөлігінің оған бағынғандығын жеткізді», 1430/1431 жылы – «өзбек әскерінің Хорезмді тонаушылыққа ұшыратқандығы» және «Хорезм әмірлерінің Өзбек ұлысы мен халқына жорық жасағандығы», 1451/1452 жылы «Өзбек ханы Әбілхайыр ханның Әбу Саид мырзамен одақтасуы туралы ойын сарай қызметкері жеткізеді» және тағы осындай сипаттағы

мәліметтер Самарканди еңбегінде жиі кездесіп отырады [13, 192 б.; 198-199 б.; 201 б.]. Самарқандидың өзбектер жөніндегі мәліметтері 1467/1468 жылғы оқиғаларға дейін созылады және оның мәліметтерінен байқағанымыз, ол – Мәуереннахрдың солтүстігінде орналасқан Шығыс Дешті Қыпшақтың барлық тұрғындарын жалпылама жиынтық атаумен – «өзбек» деп атауы жатады.

Алтын Орда аумағында қыпшақтану үдерісінің қалай жүзеге асқанын XIV ғасырдағы араб географы, әрі саяхатшысы әл-Омари өте нақты және тура баяндап береді. Ол былай деп хабарлайды: «... Ежелде бұл мемлекет қыпшақтардың елі болатын. Бірақта татарлар оларды бағындырып, қыпшақтарды, қоластына қаратты. Кейін олар араласып, жақындасып кетті де, олардың жері монғолдардың табиғи және нәсілдік қасиеттерінен асып түсті. Олардың бәрі бір рудың адамдары секілді, қыпшақ болып кетті...» [14, 235 б.].

XVI ғасырда өмір сүрген Мұхаммед Хайдар Дулати мен Фазлаллах ибн Рузбихан Исфахани «өзбектер», «Өзбектер елі» жөнінде, біздің ойымызша, басқа авторларға қарағанда өте дәл және өте анықтау сипаттама береді. Дулати өз еңбегінің көптеген жерінде өзбек атауын Шығыс Дешті Қыпшақ тұрғындарына қатысты қолдана отырып, олардың өмір сүрген аумағын Өзбекстан деп атайды. «Тарих-и Рашидидың» I кітабындағы 39-тарауда Есенбұға ханға әмірлердің қарсылық көрсетуі туралы әңгімесінде «Шорас (Чурас) пен барин тайпаларының әмірлері Исан Тайшының баласы Амасанжы Тайшы қалмаққа кетті. Тағы басқа топ калучи (қалушы), бұлғашы (булгачи) және басқа да бірнеше тайпалар Өзбекстанға Әбілхайырдың қоластына кеткен еді», - деп жазса, осы тараудың соңында Қазақ хандығының құрылуы туралы айта келе, «940 (1533-1534) жылға дейін қазақтар Өзбекстанның көп бөлігіне өз биліктерін толық жүргізген еді», - деп баяндайды [15, 109-110 – б.]. Осы еңбектің екінші кітабындағы 68-тарауда автор Моғолстанға кеңірек географиялық сипаттама беріп: «Моғолстанда Жейһун сияқты, не соған жақын үлкен өзендер көп болған. Мысалы, Іле, Еміл, Ертіс, Шолақ және Нарын сияқты. Бұл өзендердің Жейһун мен Сейхуннан еш кемдігі жоқ. Олардың көпшілігі Көкше теңізге құяды. Көкше теңіз Моғолстан мен Өзбекстан арасын бөліп тұрған көл... ...Қыс мезгілінде Көкше теңізде мұз қататын. Өзбектер мұздың үстінен өтіп, Моғолстанға баратын... Көкше теңізге құятын өзендер көп те, одан ағатын өзен аз. Ағатын өзеннің мөлшері оған құйылатын судың бір бөлігіндей ғана. Ағатын өзен Өзбекстан аумағынан ағып өтіп, Құлзумға (*Каспий теңізі – Б.К.)* құяды. Бұл өзеннің аты Атил деп аталады. Тарихи кітаптарда [Атил, ал өзбектер арасында Идил деген атпен белгілі]»,- деп суреттейді[15, 404 б.].

Бұлардан басқа 73-тарауда Моғол ханы Жүніс ханның Сұлтан Нигар ханым атты қызының қазақ ханы Тахирға: «... Менде Өзбекстанның даласында көшіп-қонып жүретін әл-қуат жоқ», «... Қазір сенің Өзбекстандағы маңғыттардың кесірінен ісің алға баспай тұр», - деген сөзінде, «Ал, Тахир хан Өзбекстанда болатын», - деген дерегінде Өзбекстанның қазіргі Қазақстан аумағы екенін аңғару қиын емес [15, 413 б.; 417 б.].

Ал Ибн Рузбихан болса, өзбектердің қандай аймақтармен шекараласатынын: «Өзбектер иелігінің бір шеті мұхитпен шектеседі (автор бұл жерде мұхит деп Каспий теңізін айтып отыр); екінші шеті Түркістанмен (*XIV-XVI ғасырларда Түркістан деп Сырдария өзенінің орта ағысы бойындағы өңірлер мен қалаларды осылай атаған – Б.К.);* үшіншісі Дербентпен; төртіншісі Хорезммен және бесіншісі – Астрабадпен шектеседі (*Астрабад – Ирандағы провинция және қала атауы – Б.К.*). Бұл [жерлердің] бәрі түгелімен өзбектердің жазғы және қысқы жайылымдары болып есептеледі»,- деп нақты көрсетіп жазады [16, 62 б.].

Осылайша, Қазақстан атауы қалыптасқанға дейін Шығыс Дешті Қыпшақ халқы өзбектер, ал олардың жері Өзбекстан деп парсы тіліндегі деректерде қолданыста болады.

Б.А. Ахмедов «Дешті Қыпшақтың далалық бөлігі өзбек даласы деп аталып, олар Сырдариядан солтүстікке қарай орналасқан бірталай жерді алып жатты», - деп түсіндіреді [17, 15 б.]. Біздің ойымызша, бұл түсіндіру дұрыс, бірақ толық емес. Жоғарыда келтірген дерек мәліметтерінде Тоқтамысты, Едігені, Барақ ханды, Әбілхайыр ханды өзбектердің

билеушісі деп көрсетуі, Балқаш көлі Өзбекстан мен Моғолстанның шекарасындағы көл делінуі - Өзбекстанның шекарасы шығыста Ертіс өзенінен, батыста Еділ, Жайыққа дейін Сырдың орта, төменгі ағысы бойынан, Арал теңізінен солтүстікте Сібірге дейінгі жерлерді алып жатқандығы дәлелдейді.

Енді, Жошы ұлысының шығыс бөлігіндегі этникалық процестерге тоқталып өтелік. Орда Ежен ұлысының негізінде құрылып, Алтын Орданың құрамында болған Ақ Орда хандығының аумағы шамамен алғанда Шығыс Дешті Қыпшақ аумағына сай келеді. XIV ғасырдың ортасына дейінгі Алтын Орда тұрғындарына қатысты айтылған қыпшақ атауының Ақ Орда тұрғындарына да қатысы бар. Одан кейінгі өзбек атауының да сол қанат тұрғындарына қатыстылығын жоғарыдағы дерек мәліметтері дәлелдейді.

Жошы ұлысы құрылғаннан XV ғасырға дейінгі аралық Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында салыстырмалы түрде саяси тұрақтылықтың ұзақ уақыт бойы сақталынуы, қыпшақтану процесінің аяқталуы, дәстүрлі шаруашылық түрлерінің сақталуы, жергілікті тайпалардың бәрінің исламды қабылдауы, осылардың бәрі осы аймақта біртұтас саяси, рухани, этникалық, экономикалық кеңістіктің қалыптасып, дамуына әкеледі. Ал ол өз кезегінде этникалық процестерге оң ықпал жасап, олардың өзара жақындасуына, бірігуіне, сол арқылы ортақ халықтық сана-сезімді туғызды. Ақ Орда аумағының Өзбекстан деп аталуы, оның тұрғындарының жалпылама атаумен өзбек делінуі соның дәлелі.

Өзбек атауы біз қарастырып отырған кезең ішінде жиынтық мәнде болғандықтан, оның құрамына енген ру-тайпаларды анықтаудың маңызы ерекше. Біз сол арқылы қандай тайпалардың жергілікті, қандай тайпалардың түрік, моңғол тілдес екендігін анықтай аламыз.

XVI ғасырдың басында Фазлаллах ибн Рузбихан Исфахани Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында өмір сүретін тұрғындардың бәрін өзбектер дей келе, «Өзбектерге үш тайпа жатқан, олардың бәрі Шыңғыс ханның иеліктеріндегі ең мықтылары болып саналады. Қазіргі кезде [олардың] бірі – шибаниттер, бірнеше аталарынан кейін оларды мәртебелі хан *(Мұхаммед Шайбани ханды айтып отыр – Б.К.)* басқарып отыр. Екінші тайпа – қазақтар, олар бүкіл әлемге күштерімен және ержүректіліктерімен даңқы шыққан, үшінші тайпа – маңғыттар, олардан астрахандық хандар шығады», - деп «көшпелі өзбектер» қауымдастығын үшке жіктеп береді [15, 62 б.]. Рузбиханның осы мәліметіне қатысты алдын ала мынадай ескертпе мен түсініктеме беруді жөн деп есептейміз. Оның тайпа деп айтып отырғаны, қазіргі біздің түсінігіміздегі тайпа емес, одан жоғары және кең мағынадағы ұғым. Қазіргі түсініктер бойынша Рузбихан жазып отырған өзбектерді этноқауымдастық деп санасақ, онда оның тайпа деп отырғанына тайпалық одақтар сай келеді. Сонда біз автордың жоғарыдағы мәліметін өзбектер үш үлкен тайпалар тобынан немесе бірлестігінен тұрады деп қабылдауымыз керек. Келесі бір түсіндірмеге мынау жатады. Автор өз шығармасын 1509 жылы жазып, XV ғасырдың оқиғаларын өткен шақ тұрғысынан баяндап тұр. Қазақ хандығы құрылып, қазақ атауы халықтың атауына берілгенге дейін, яғни XV ғасырдың 50-70 - жылдарына дейін қазақ сөзінің этникалық мәні болған жоқ. Сол себепті де «өзбектердің екінші тайпасы – қазақтар» деген мәліметті дұрыс түсінген жөн.

Осылайша жоғарыда айтылған ойларымызды түйіндей келе, қазақ халқының қалыптасуының аяқталуы Алтын Орда мен Ақ Орда дәуірлеріндегі этносаяси үдерістер барысында жүзеге асып, алтынордалық кезеңде - «өзбек» этноқауымдастығы, ақордалық кезеңде – «көшпелі өзбектер» деп аталады да, оның ыдырауы ордаежендік тайпалар тобының одан бөлініп шығуына әкеледі. Сөйтіп олар «қазақ» деген этникалық мәнге ие болып, жеке саяси құрылымға – Қазақ хандығына этникалық негіз болады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Вамбери Г. История Бохары или Трансаксонии с древнейших времен до настоящего. По восточным обнародованным и необнародованным рукописным историческим источникам. Перевод А.И. Павловского. – СПб., 1873. – Т.II.

2. Ибн ал-Асир. Ал-Камил фи-т-тарих / Полный свод истории. Перевод с арабского языка, примечания и комментарии П.Г. Булгакова. – Ташкент: Узбекистан, 2006.

3. Ибн ал-Асир // СМИЗО. – Т.1. – С. 1-45.

4. Шихаб ад-дин Мухаммад ан-Насави. Жизнеописание султана Джалал ад-дина Манкбурны. – Баку, 1973. – 450 с.

5. Рашид ад-дин. Сборник летописей / Пер. с персидского О.И. Смирновой, ред. А.А. Семенова. – М.-Л., 1952. – Т. I. Кн. 2. –316 с.

6. Рашид ад-дин. Сборник летописей / Пер. с персидского Ю.П. Верховского, примеч. И.П. Петрушевского. – М.-Л., 1960. – Т.2. – 248 с.

7. Стэнли Лень-Пуль. Мусульманские династии. – СПб., 1889.

8. Таварих-и гузида-йи нусрат-наме // МИКХ. – Алма-Ата, 1969. – С. 9-43.

9. Шараф-наме-йи шахи // МИКХ., – Алма-Ата, 1969. – С. 237-312.

10. Сафаргалиев М.Г. Распад Золотой Орды. // В кн.: На стыке континентов и цивилизации... (из опыта образования и распада империй X-XVI вв.) – М., 1996. – С. 277-526.

11. IX Из «Анонима Искендира». // Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. – Т.II. Извлечения из персидских сочинений. Собранные В. Тизенгаузеном и обработанные А.А.Ромаскевичем и С.Л.Волиным. – М.-Л., 1941. –308 с. (одан әрі СМИЗО)

12. Из «Избранной истории» Хамдаллаха Казвини и продолжений к ней. // СМИЗО. – Т.II. – С. 90-98.

13. Из «Места восхода двух счастливых звезд и места слияния двух морей» Абд-ар-Раззака Самарканди // СМИЗО. – Т.II. – С. 190-201.

14. XI. Из соч. Ибнфадлаллаха Эломари // СМИЗО. – Т.I

15. Мұхаммед Хайдар Дулати. Тарих-и Рашиди. (Хақ жолындағылар тарихы). – Алматы, 2003. – 616 б.

16. Фазлаллах ибн Рузбихан Исфахани. Михман-наме-йи Бухара. (Записки Бухарского гостя) /Перевод, предисловие и примечания Р.П.Джалиловой. Под ред. А.К. Арендса. – М., 1976. – 196 с.

17. Ахмедов Б.А. Государство кочевых узбеков. – М., 1965.

МАЗМҰНЫ
СОДЕРЖАНИЕ
CONTENT

Баймырзаев Қ.М.
АЛҒЫ СӨЗ 3

Alikenova K. N., Serdalin A. N., Akylbekova A. B.
V. I. VERNADSKY'S PHILOSOPHICAL IDEAS ABOUT THE NOOSPHERE 4

AlimbekovaA.R., Abdildauly A.
PHILOSOPHICAL ASPECTS OF THE PRINCIPLE OF DEVELOPMENT IN BIOPHYSICS 7

Ashimova M. G., **Albatyr I.**,**Turysbekova A.E**.
POETICS AND IT'S FEATURES 11

Ashimova M. G., **Zhazybekova A.K.**
ORAL FOLKLORE STORIES 15

Begaim Ch. D.
CASH AND NON-CASH PAYMENTS: A CROSS-COUNTRY ANALYSIS OF TURKEY AND KYRGYZSTAN 18

Fadlullah Günaydın
THE EUROPEAN UNION'S SYRIA REFUGEE POLICY 23

Maukebayeva M.A., Yeleussizova Sh.S.
DEVELOPMENT OF GRAMMATICAL SKILLS IN ENGLISH BASED ON LITERARY TEXTS 26

Shengelbayeva A.S.
FORMATION OF PRIMARY SCHOOLCHILDREN INTERCULTURAL COMMUNICATIVE COMPETENCE THROUGH DIGITAL TECHNOLOGIES 31

Turabay G.
THE ROLE OF INTERNET RESOURCES IN FOREIGN LANGUAGE EDUCATION 34

Ummuhan Uzuntash
THE CONCEPT "KUT" IN "KUTADGU BİLİG" (BLESSEDKNOWLEDGE) BY YUSUF HAS HAJIP 40

Yunus Emre TANSÜ, Semra ÇERKEZOĞLU
KAZAN HANLIĞI VE NOGAY HANLIĞI ÜZERİNDE RUS POLİTİKASI 44

Абдилданова А.К.
XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДЫҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ САЯСИ ЖАҒДАЙЫ 50

Абдильдинова Л.Б.
ҰЛЫ ИМПЕРИЯНЫҢ ТІЛІ 54

Абдыкалиева Ж.Ш.
АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ КООПЕРАТИВІНІҢ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУ МОДЕЛІ 57

Абраимов Х. К., Есенбек Ж.Б.
ПРОДОЛЖАЕМ И ПРЕУМНОЖАЕМ ГЕРОИЧЕСКИЕ ТРАДИЦИИ ПРЕДКОВ 64

Айтбай С.З.
АҚЖАН ӘЛ-МАШАНИ ЖӘНЕ ОНЫҢ ФАРАБИТАНУДАҒЫ РӨЛІ 68

Акхожин С.А.
ҚАЗАҚТЫҢ ӘНШІЛІК ӨНЕРІ ЖАЙЛЫ АЙТАТЫН БОЛСАҚ 72

Амирова Б.К.
КӘСІПКЕРЛІК ҚЫЗМЕТ СУБЪЕКТІЛЕРІНІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТІН ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖЕТІЛДІРУ БАҒЫТТАРЫ 76

Анисимова И.В., Челмадинов С.С.
ХЛОПКООЧИСТИТЕЛЬНАЯ ПРОМЫШЛЕННОСТЬ ТУРКЕСТАНА В КОНЦЕ XIX – НАЧАЛЕ XX В.: ОСНОВНЫЕ ТЕНДЕНЦИИ И ОСОБЕННОСТИ РАЗВИТИЯ …..... 83

Асетова А.А.
ТАРИХЫМЫЗДЫҢ АЛТЫН ДӘУІРІ – АЛТЫН ОРДА 90

Ауесханова М.М., Аликенова К.Н.
ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ИДЕЯЛАР МЕН ТҰЖЫРЫМДАМАЛАРДЫҢ АРНАЙЫ ПЕДАГОГИКАДАҒЫ ГУМАНИСТІК БАҒЫТТАРДЫҢ ДАМУЫНА ӘСЕРІ 94

Ахмедиева К.Н., Шеңгелбаева С.Б.
ОТБАСЫНДАҒЫ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ РӨЛІ 98

Ахмет Ғ.Б.
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ШЕТЕЛДІК ИНВЕСТИЦИЯЛАРДЫ ҚОРҒАУ КЕПІЛДІГІ 102

Әбілбай Ә.Б.
КӨШПЕНДІЛЕР ТАРИХЫНДАҒЫ ТАҚ МҰРАГЕРЛІГІ ЖӘНЕ АЛТЫН ОРДАНЫҢ БАТЫЙ, ӨЗБЕК ХАНДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТТЕРІ МЕН ТАРИХТА АЛАР ОРНЫ 106

Әлім О.Т.
АЛТЫН ОРДА – ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІГІНІҢ БАСТАУЫ 114

Байгабатова Н.К., Қашағанова Ә.Б., Битлеуова М. К.
ИЗ ИСТОРИИ ИЗУЧЕНИЯ АРХЕОЛОГИЧЕСКИХ ПАМЯТНИКОВ ЖЕТЫСУ ВО ВТОРОЙ ПОЛОВИНЕ XIX – НАЧАЛЕ XX ВЕКА 117

Байгалиев Ж.Р.
АФАНАСЬЕВТІҢ САРАЙШЫҚ ҚАЛАСЫНДА ЖҮРГІЗГЕН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРІ 122

Бақытов Д.Ә., Исабаева А.Е.
ФИЗИКАДАҒЫ ФУНДАМЕНТАЛДЫ ПАРАДИГМАЛАРДЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ 126

Бейсенбеков М.Б.
ВОССТАНИЕ КАЗАХОВ ЖЕТЫСУЙСКОГО КРАЯ, СУДЬБА ВЫЕХАВШИХ ЗА РУБЕЖ (ТУРЦИЯ) ИЗ-ЗА ПОЛИТИКИ ПРЕСЛЕДОВАНИЯ 1929-1933 г.г... 129

Бекбаева М.Ф.
ҰЛТТЫҚ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ 133

Битлеуов Б., Шынжырбаев С.М.
СПОРТТЫҚ ЖАТТЫҒУ КЕЗІНДЕ БҰЛШЫҚ ЕТ ЖҰМЫСЫНАН ПАЙДА БОЛАТЫН ШАРШАҒАНДЫҚТЫҢ ФИЗИОЛОГИЯЛЫҚ МАЗМҰНЫ 137

Буланов Е.О., Карибжан М.Ә.
ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНА ҚАТЫСТЫ ЖАЗБА ДЕРЕКТЕРДІ ТОПТАУ ЖӘНЕ ЖІКТЕУ МӘСЕЛЕСІ 143

Буланов Е.О., Турсынова А.С.
ЖОШЫ ҰЛЫСЫ АУМАҒЫНДА ҚҰРЫЛҒАН АҚ ОРДА МЕМЛЕКЕТІНІҢ АТАУЫ ХАҚЫНДА 147

Власова А.И.
ОКАЗАНИЕ КРАСНЫМ КРЕСТОМ И ДРУГИМИ ОБЩЕСТВЕННЫМИ ОРГАНИЗАЦИЯМИ ВРАЧЕБНО-ПРОДОВОЛЬСТВЕННОЙ ПОМОЩИ КРЕСТЬЯНАМ-ПЕРЕСЕЛЕНЦАМ В СТЕПНОМ КРАЕ 151

Дюсенбаева М.Н.
ҚАЗАҚ БАТЫРЛАРЫНЫҢ ҚАРУМЕН ШАБУЫЛ ЖАСАУ ЖӘНЕ ҚОРҒАНУ ӘДІСТЕРІ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ДЕРЕКТЕРДЕ 157

Есенғабылов І.Ж., Идрисова А.Е.
ОҚЫТУ САПАСЫН АРТТЫРУ ҮШІН ЭЛЕКТРОНДЫҚ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕНДІ ҚОЛДАНУ 162

Есмолда Е.Қ., Малгеждарова М.Е.
НЕОКЛАССИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАҒЫ АРНАЙЫ ПЕДАГОГИКАНЫҢ РӨЛІ ... 166

Жалел Т.
ПРИЧИНЫ ТРУДНОСТЕЙ В ОБУЧЕНИИ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ 170

Жанайдарова А.Б.
ҚАҺАРМАН ҚАЛАМГЕР ҚАСЫМ ҚАЙСЕНОВТІҢ МЕМУАРЛЫҚ ПРОЗАСЫ 175

Жексембаева Р.
МЕТОДИКА РАЗРАБОТКИ ЭЛЕКТРОННЫХ КУРСОВ 178

Жузжасарова А.М.
АЛТЫН ОРДА МҰРАСЫНЫҢ МУЗЕЙ ТОПТАМАЛАРЫНДАҒЫ КӨРІНІСІ .. 183

Жумагулов Т.Б., Асланқызы А.
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ КӨШІ ҚОН МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ 186

Жунусова Г.Ж.
ФИЛОСОФСКИЕ АСПЕКТЫ В ВОПРОСАХ ЛОГОПЕДИИ 190

Жусупов Д.С., Мәкен Ә.Б.
НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНАЯ ЭКСПЕДИЦИЯ «УЛЫТАУ - КОЛЫБЕЛЬ ЗОЛОТОЙ ОРДЫ» 193

Иманбеков А.М.
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫНЫҢ ЖҰМЫСЫН ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ 201

Имангазинов М.М., Сарсенова Ж.Т.
АЛТЫН ОРДА ДӘУІР КЕЗЕҢІНДЕГІ ӘДЕБИЕТТІҢ ТУУЫ МЕН ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ АЛҒАШҚЫ ӨЛЕҢ–ЖЫРЛАРДЫҢ КӨРКЕМДІК БОЛМЫСЫ 205

Калдыкозова С.Е., Искакова С.А., Дарменова А.
ФОРМИРОВАНИЕ ФУКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ ЧТЕНИЯ В УСЛОВИЯХ ОБНОВЛЕННОЙ ПРОГРАММЫ ОБУЧЕНИЯ 212

Калелова Ж.У.
МЫРЗА ХАЙДАР ДУЛАТИ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІ 218

Карибаев Н.А.
ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР - ТӘРБИЕ НЕГІЗІ 223

Касенкызы А.
«ЖАСЫЛ» ЭКОНОМИКАНЫҢ БАСТЫ МІНДЕТІ – ҚОРШАҒАН ОРТАҒА КЕЛЕТІН ЗИЯНДЫ АЗАЙТУ 226

Касымова Н.Б.
ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ 229

Килевая Л.Т.
ПОЛЬСКОСТЬ В МУЛЬТИКУЛЬТУРНОМ ПРОСТРАНСТВЕ КАЗАХСТАНА 233

Кусаинова Н.А.
ТЕПЕ-ТЕҢДІКТЕР МЕН ТЕҢСІЗДІКТЕРДІ ТУЫНДЫНЫ ҚОЛДАНЫП ДӘЛЕЛДЕУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ 237

Куцина О.А.
МУЗЫКАЛЬНОЕ НАСЛЕДИЕ АБАЯ КУНАНБАЕВА И ЕГО ВОСПИТАТЕЛЬНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ВОЗМОЖНОСТИ 241

Қаратаева Д.Ғ., Рахатова К.О.
АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ БАРЫСЫНДА ТИІМДІЛІГІ 246

Қаратаева Д.Ғ., Туктибаева А.О.
ЕЛ ЕСІНДЕ ҚАЛҒАН АРХЕОЛОГ 249

Митина Н.А.
СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ КОНЦЕРТМЕЙСТЕРСКОГО МАСТЕРСТВА ПЕДАГОГА ДЕТСКОЙ МУЗЫКАЛЬНОЙ ШКОЛЫ 253

Мухамадиева С.С.
«АЛАСАПЫРАН» РОМАНЫНДА АЛТЫН ОРДА КЕЗЕҢІНДЕГІ МОРАЛЬДЫҚ ЖӘНЕ МАТЕРИАЛДЫҚ МӘДЕНИЕТТІҢ СУРЕТТЕЛУІ 257

Мухаметшин Д.Г., Мухаметшин И.Д.
ЗОЛОТООРДЫНСКИЙ БОЛГАР ПО МАТЕРИАЛАМ НУМИЗМАТИКИ И ЭПИГРАФИКИ 261

Назмиев И.М.
ВИДЫ НАСЛЕДИЯ ЗОЛОТОЙ ОРДЫ В МУЗЕЙНОМ СОБРАНИИ ИСТОРИКО-КРАЕВЕДЧСЕКОГО МУЗЕЯ Г. НАБЕРЕЖНЫЕ ЧЕЛНЫ 265

Нуржанов А.А.
ЗОЛОТАЯ ОРДА: УРБАНИСТИЧЕСКИЕ ТРАДИЦИИ И ГОСУДАРСТВОГЕНЕЗ 268

Нұрланова Г.Н.
ЖАҢА ДӘУІРДЕГІ ОСМАН ИПЕРИЯСЫ ЖӘНЕ БАТЫС ӘЛЕМІ 273

Нұркелді П.
ҰЛТАРАЛЫҚ КЕЛІСІМНІҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МОДЕЛІ 277

Омаров Ж.А., Оқап Г.
РЕТТІК ҚАТЫНАСҚА ҚАТЫСТЫ ТӨРТ ЕСЕП 282

Петрова И.С.
ИСПОЛЬЗОВАНИЕ КЕЙС – МЕТОДА НА УРОКАХ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ 285

Рахымбеков А.Ж., Ерназаров М.А., Абайханов Б.А., Әскерберіков Ж.Ө., Нурболатов М.
БИІК ҚАБАТТЫ ҒИМАРАТТАРДАҒЫ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ 288

Рахымбеков А.Ж., Магзумова Е.Е., Орынбасар А. М., Әлиұлы А., Ильясов Р.Р.
ЗІЛЗАЛАДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАР 291

Рахымбеков А.Ж., Канаятов К., Баштыбаев Е., Бекен М., Инирбеков С.Н.
АТМОСФЕРАЛЫҚ АУАНЫ ӨНЕРКӘСІПТІК ЛАСТАНУДАН ҚОРҒАУ 295

Рахымбеков А.Ж., Нарымбаев С.М., Баяхметова А Қ.
ӨМІР СҮРУ ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ НЕГІЗГІ АСПЕКТІЛЕРІ 298

Рустамова Н.М.
АРТ-ТЕРАПИЯ В КОРРЕКЦИИ ДЕТСКИХ СТРАХОВ У ДОШКОЛЬНИКОВ .. 301

Садуакасова Л.Б., Бақытжанұлы Б.
АЖЫРАСУ МӘСЕЛЕСІ ҚОҒАМДЫҚ ІНДЕТ 306

Садық Ә.С.
МЕКТЕП ЖАҒДАЙЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЗИЯТКЕРЛІГІН ДАМЫТУДЫҢ НЕГІЗГІ ШАРТТАРЫ 309

Сейсекенова М.Б., Жұмағұл Ж., Иембекова А., Құттубек Ш., Қанатхан С., Салехова Н.
АКТУАЛЬНОСТЬ ОНЛАЙН ОБУЧЕНИЯ В ВУЗАХ КАЗАХСТАНА: СУЩНОСТЬ, ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ 312

Серикова Л.С.
АДАМГЕРШІЛІК – РУХАНИ ТӘРБИЕ НЕГІЗІ 317

Тауасарова Д.Р., Мирзабекова А.Ұ.
ЖОШЫ ҰЛЫСЫНЫҢ МӘДЕНИЙ МҰРАСЫ 320

Таурбекова А.С.
ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫ КӘСІБИ ДАЙЫНДАУДАҒЫ ӘДІСТЕМЕЛІК ҚОЛДАУ 328

Темирова Ш.Е., Темиров Е.Ш., Темирова М.Ф.
ПУТИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ МУЗЫКАЛЬНО-КОМПЬЮТЕРНЫХ ПРОГРАММ НА ЗАНЯТИЯХ ПО ММО 332

Тойматаев Д.Б., Рахипова С.К.
РЕЛИГИОЗНЫЕ ИСКАНИЯ Ш.КУДАЙБЕРДЫУЛЫ И Л.ТОЛСТОГО КАК ТЕОЛОГИЧЕСКОЕ ОБОСНОВАНИЕ ОЧЕЛОВЕЧИВАНИЯ ЧЕЛОВЕКА 336

Толамисов А.Ғ.
АЛТЫН ОРДАНЫҢ 750 ЖЫЛДЫҒЫН ТОЙЛАУ ТУРАСЫНДА 340

Толамисов А.Ғ., Замзина К.К.
ШЫҒЫС ТҮРКІ ҚАҒАНАТЫНЫҢ БИЛЕУШІЛЕРІ, ОЛАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІ МЕН ЖҮРГІЗГЕН САЯСАТЫ 344

Тулегенова Г. М.
ПУТИ ПОВЫШЕНИЕ ЭФФЕКТИВНОСТИ БУХГАЛТЕРСКОГО УЧЕТА И АУДИТА В УСЛОВИЯХ ЦИФРОВИЗАЦИИ ПРОИЗВОДСТВА 350

Умралинов Б.Б.
ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДАҒЫ ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ ҚАЛАЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ 353

Хуанган Ө.
ҚАЗАҚТАРДЫҢ МОҢҒОЛИЯҒА ҚОНЫС АУДАРУЫ 359

Шаяхмет Э.Р., Аликенова К.Н.
АҚПАРАТТЫҚ ҚОҒАМ ФИЛОСОФИЯСЫ 364

Шыныбаев С.Т.
ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМІНІҢ КӘСІБИ ДАЯРЛЫҒЫ 368

Шыныбекова А.С., Жұмағали Қ.
ҰЛТТЫҚ КОД - ТІЛЕК-БАТА СӨЗДЕРДІҢ ҚАТЫСЫМДЫҚ СИПАТЫ 373

Кәрібаев Б.Б.
ҚАЗАҚ ЭТНОГЕНЕЗІНІҢ АЛТЫН ОРДАЛЫҚ КЕЗЕҢІНЕ СИПАТТАМА 380

Алтын Орда мемлекетінің 750 жылдығына арналған
«АЛТЫН ОРДА – ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІГІНІҢ ҚАЙНАР БАСТАУЫ»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

МАТЕРИАЛЫ
международной научно-практической конференции
«АЛТЫН ОРДА – ОСНОВА КАЗАХСКОЙ ГОСУДАРСТВЕННОСТИ»,
посвященной 750-юбилею государства Алтын Орды

MATERIALS
of the international scientific-practical conference
"GOLDEN HORDE - THE SOURCE OF KAZAKH STATEHOOD"
dedicated to the 750th anniversary of the Golden Horde

Компьютерлік қалыптаушы – Жепенова Г.М.
Мұқабының дизайні – Айдарбеков Р.А.

(Тапсырыс беруші файлынан басылды)

Басуға қол қойылды 10.11.2020 ж.
Әріп түрі «Times New Roman». Қалыбы 60х84/8. SvetoCopy қағазы
Таралымы 85 дана. Ш.т.б. 24.25. Тапсырыс № 00315
І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Баспа бөлімі
040009, Талдықорған, Жансүгіров көшесі, 187а

(Распечатано с файла заказчика)

Подписано в печать 10.11.2020 г.
Гарнитура «Times New Roman». Формат 60х84/8. Бумага SvetoCopy.
Тираж 85 экз. У.п.л. 24.25. Заказ № 00315
Издательский отдел Жетысуского университета им. И. Жансугурова.
040009, Талдыкорган, ул. Жансугурова, 187а

(Printed from the customer's file)

Signed for publishing 10.11. 2020 y.
Fonts «Times New Roman». Format 60x84/8. SvetoCopy paper
Edition 85 copies. C.p.s. 49.25. Order No. 00315
Publishing department Zhetysu University named after Ilyas Zhansugurov
187a Zhansugurov St., 040009, Taldykorgan city